

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Пайдалану
Техникалық қызмет көрсету
Техникалық сипаттамалар

Осы Пайдалану нұсқаулығындағы бүкіл ақпарат жарияланған күнгі жағдайға сәйкес берілген. HYUNDAI компаниясы тұрақты жұмыс істейтін өнімді модернизациялау бағдарламасы шеңберінде кез келген уақытта өзгерістер енгізу құқығын өзінде сақтап қалады

Бұл Нұсқаулық осы автокөліктің барлық үлгілеріне қатысты және қосымша әрі стандартты жабдықтың сипаттамалары мен түсіндірмелерін қамтиды.

Сондықтан бұл Нұсқаулықта автокөлігіңіздің нақты үлгісіне қатысты емес материалдарды табуға болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: HYUNDAI АВТОКӨЛІГІҢІЗДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

HYUNDAI автокөлігінің құрылымын қандай да бір жолмен өзгертуге тыйым салынады. Мұндай модификациялар HYUNDAI автокөлігін пайдалану сипаттамаларына, қауіпсіздігі мен сенімділігіне теріс әсер етуі мүмкін, оған қоса автокөлікке берілген шектеулі кепілдік шарттарын бұзуы мүмкін. Көліктің құрылымына енгізілетін кейбір өзгертулер сондай-ақ еліңіздің Көлік министрлігі және басқа да мемлекеттік мекемелер орнатқан ережелерді бұзуы мүмкін.

ДУПЛЕКСТІ РАДИОБАЙЛАНЫС НЕМЕСЕ ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН ЖҮЙЕЛЕРІН ОРНАТУ

Автокөлігіңіз электрондық отын бүрку жүйесімен және басқа электрондық компоненттермен жабдықталған. Қабылдайтын-тарататын радиостанцияны немесе ұялы телефонды қате орнату/баптау электронды жүйелердің жұмысына теріс әсер етуі мүмкін.

Сол себептен, егер Сіз осындай құрылғылардың бірін орнатуды шешсеңіз, радиостанция өндірушісінің нұсқауларын мұқият орындағаныңыз немесе сақтық шаралары мен ерекше нұсқауларға қатысты HYUNDAI дилерімен кеңескеніңіз жөн.

АВТОКӨЛІКТІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЗАҚЫМДАЛУ ҚАУІПІ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУШІ АҚПАРАТ

Бұл нұсқаулық мынадай белгілері бар ақпаратты қамтиды: ҚАУІПТІ, АБАЙЛАҢЫЗ, НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ және ЕСКЕРТУ.

Бұл белгілер мынаны білдіреді.



ҚАУІПТІ

ҚАУІПТІ — болдырмаудың сәті түспеген жағдайда, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкелетін қауіпті жағдай.



АБАЙЛАҢЫЗ

АБАЙЛАҢЫЗ — болдырмаудың сәті түспеген жағдайда, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін қауіпті жағдай.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ — болдырмаудың сәті түспеген жағдайда, жеңіл немесе орташа жарақаттарға әкелуі мүмкін қауіпті жағдай.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

ЕСКЕРТУ — болдырмаудың сәті түспеген жағдайда, көлік құралының зақымдалуына себеп бола алатын жағдай.

Мазмұны

Алғысөз	1
Автокөлік туралы ақпарат	2
Қауіпсіздік жүйесі	3
Аспаптар тақтасы	4
Жайлылықты қамтамасыз ету функциялары	5
Автокөлікті жүргізу	6
Жүргізушіге көмек жүйесі	7
Төтенше жағдайлар	8
Техникалық қызмет көрсету	9
Пәндік көрсеткіш	1

1. Кіріспе

Кіріспе	1-2
HYUNDAI MOTORS компаниясы	1-2
Осы нұсқаулықты пайдалану жолы	1-3
Қауіпсіздік шараларын орындау туралы хабарламалар	1-3
Отынға қойылатын талаптар	1-4
Бензиндік қозғалтқыш	1-4
Этилдендірілмеген бензин	1-4
Этилдендірілген бензин	1-5
Құрамында этил және метил спирті бар бензин	1-5
Отынның басқа түрлері	1-5
Метил-трет-бутил эфирді (МТБЭ) пайдалану	1-6
Метанолды қолданбаңыз	1-6
Отын қоспалары	1-6
Автокөлік құрылымына өзгерістер енгізу	1-7
Автокөлікті жүргізіп бейімдеу	1-7
Қолданылған автокөліктерді қайтару	1-7

КІРІСПЕ

Құттықтаймыз және HYUNDAI автокөлігін таңдағаныңызға алғыс білдіреміз Сізді артып жатқан HYUNDAI автокөліктері жүргізушілерінің қатарында көруге қуаныштымыз.

Біз өндірген әрбір HYUNDAI автокөлігінің жоғары техникалық деңгейі мен жасалу сапасын аса мақтан етеміз.

Пайдалану нұсқаулығы сізді жаңа HYUNDAI көлігіңіздің құрылымындағы және оны пайдаланудағы ерекшеліктерімен таныстырады. Жаңа HYUNDAI автокөлігіңізбен танысып, толыққанды рахаттану үшін, рульге отырмас бұрын осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз.

Бұл нұсқаулықта қауіпсіздік туралы маңызды ақпарат пен нұсқаулар бар, олардың мақсаты — сізді автокөлікті басқару құралдарымен және автокөлікті қауіпсіз пайдалануға арналған қауіпсіздікті қамтамасыз ету функцияларымен таныстыру.

Оған қоса, бұл нұсқаулықта автокөлікті пайдалану қауіпсіздігін нығайтуға мүмкіндік беретін техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат берілген. Автокөлікке қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын HYUNDAI өнімінің ресми дилерінде жүргізуге кеңес береміз. HYUNDAI өнімі дилерінің персоналы жоғары сапалы сервис, техникалық қызмет көрсету және қажет болуы мүмкін кез келген басқа көмек көрсету бойынша дайындықтан өтеді.

Осы пайдалану нұсқаулығы автокөлігіңіздің ажырамас бөлігі ретінде саналуы тиіс. Оны кез келген уақытта қолдануға болатындай автокөліктің ішінде сақтау керек. Автокөлікті сатқан кезде жаңа көлік иесі пайдалану, қауіпсіздік және техникалық қызмет көрсету туралы маңызды ақпаратпен таныса алуы үшін нұсқаулық автокөлік ішінде қалуы тиіс.

HYUNDAI MOTORS КОМПАНИЯСЫ



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сапасы нашар, HYUNDAI компаниясының талаптарына сәйкес келмейтін отын мен майлау материалдарын қолдану қозғалтқыш пен трансмиссияның ауыр зақымдалуына әкелуі мүмкін. Осы нұсқаулықтың 2-12 бетіндегі «Автокөліктің техникалық сипаттамалары» бөлімінде берілген талаптарға сәйкес келетін, тек жоғары сапалы жанар-жағармай материалдарын қолданыңыз.

HYUNDAI Motors компаниясының авторлық құқықтары, 2020 ж. Барлық құқықтары қорғалған. Осы құжаттың ешбір бөлігін кез келген түрде және кез келген тәсілмен HYUNDAI Motor компаниясының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз көбейтуге, қандай да бір ақпараттық-іздеу жүйесіне орналастыруға немесе байланыс арналары арқылы беруге тыйым салынады.

ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛЫ

Автокөлікті жүргізуден барынша рақат алуыңызды қалаймыз. Бұл тұрғыда осы пайдалану нұсқаулығы сізге жан-жақтан пайдалы болуы мүмкін. Нұсқаулықты толығымен оқып шығуға кеңес береміз. Өлім және жарақаттану ықтималдығын мейлінше төмендету үшін нұсқаулықтағы ЕСКЕРТУ және НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ тақырыптарымен белгіленген тармақтарды оқып шығыңыз.

Суреттер, осы автокөлікті барынша пайдалану жолын жақсырақ түсіндіру мақсатында, мәтіндік сипаттамалармен толықтырылған. Осы нұсқаулықты оқып шығып, сіз автокөліктің сипатты ерекшеліктерімен, қауіпсіздікке қатысты маңызды ақпаратпен және түрлі жол жағдайларында пайдалану кеңестерімен танысасыз.

Нұсқаулықтың жалпы құрылымы мазмұнында берілген. Нақты бөлімдерді іздеу үшін пәндік көрсеткішті қолданыңыз — онда нұсқаулықтағы бүкіл ақпарат тізімі әліпбилік тәртіппен келтірілген.

Бөлімдер. Осы нұсқаулық сегіз бөлім мен пәндік көрсеткіштен тұрады. Әрбір бөлім қысқаша мазмұннан басталады, бұл осы бөлімде қажетті ақпараттың бар-жоғын жылдам білуге мүмкіндік береді.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАЛАР

Сіздің қауіпсіздігіңіз бен басқа адамдардың қауіпсіздігі аса маңызды. Осы пайдалану нұсқаулығында көптеген сақтық шаралары мен жұмыс процедураларды берілген. Бұл ақпарат сізге не басқа адамдарға зиян, сондай-ақ автокөлігіңізге зақым келтіруі мүмкін ықтимал қауіп-қатерлер туралы ескертеді.

Көлік құралының тақтасындағы және осы нұсқаулықтағы ескертпе хабарлар осы қауіптерді, сондай-ақ тәуекелдерді азайту үшін сақтық шараларын түсіндіреді.

Осы нұсқаулықтағы ескертулер мен нұсқаулар сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етуге бағытталған. Қауіпсіздік техникасы бойынша ескертулер мен нұсқауларды орындамау ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Осы нұсқаулықта қауіп-қатерлер жайлы ескертетін ҚАУІПТІ, АБАЙЛАҢЫЗ, НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ және ЕСКЕРТУ, сондай-ақ ТАҢБА белгілері қолданылады.



Бұл — жарақаттану қауіпі туралы хабарландыру үшін қолданылатын қауіп туралы ескертетін таңба. Ықтимал жарақаттарды не өлімді болдырмау үшін осы таңбамен бірге көрсетілген барлық ескерту хабарламаларын орындаңыз. Қауіп туралы ескертетін таңба ҚАУІПТІ, НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ және АБАЙЛАҢЫЗ деген тақырыпшалардың алдында тұрады.



ҚАУІПТІ

ҚАУІПТІ — болдырмаудың сәті түспеген жағдайда, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкелетін қауіпті жағдай.



АБАЙЛАҢЫЗ

АБАЙЛАҢЫЗ — болдырмаудың сәті түспеген жағдайда, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін қауіпті жағдай.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ — болдырмаудың сәті түспеген жағдайда, жеңіл немесе орташа жарақаттарға әкелуі мүмкін қауіпті жағдай.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

ЕСКЕРТУ — болдырмаудың сәті түспеген жағдайда, көлік құралының зақымдалуына себеп бола алатын жағдай.

ОТЫНҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП

Бензиндік қозғалтқыш

Этилдендірілмеген бензин

Еуропа үшін

Автокөліктің оңтайлы жұмыс сипаттамалары үшін RON октандық саны (зерттеу әдісі бойынша октандық сан) 95 немесе AKI (антидетонациялық көрсеткіш) 91 немесе одан жоғары этилдендірілмеген бензинді қолданған жөн. RON октандық саны 91-94 немесе AKI көрсеткіші 87-90 этилдендірілмеген бензинді қолдануға болады, бірақ бұл автокөліктің жұмыс сипаттамаларының аздап төмендеуіне әкелуі мүмкін. (Метанол қоспалары бар отынды қолданбаңыз.)

Еуропадан басқа

Автокөліктің оңтайлы жұмыс сипаттамаларына қол жеткізу үшін RON октандық саны (зерттеу әдісі бойынша) 91/AKI антидетонациялық көрсеткіші 87 немесе одан жоғары этилдендірілмеген бензинді қолдануға кеңес береміз. (Метанол қоспалары бар отынды қолданбаңыз.)

Автокөлік ЭТИЛДЕНДІРІЛМЕГЕН БЕНЗИНДІ қолданған кезде ең жоғары пайдалану сипаттамаларына қол жеткізуге болатындай жасалған, бұл сондай-ақ зиянды заттардың сыртқа шығуын және оталдыру білтелерінің ластануын азайтуға әкеледі.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

ЭТИЛДЕНДІРІЛГЕН ОТЫНДЫ ЕШБІР ЖАҒДАЙДА ҚОЛДАНБАҢЫЗ. Этилдендірілген отынды қолдану каталитикалық бейтараптандырғыштың қызмет ету мерзімін қысқартады және қозғалтқышты басқару жүйесінің оттегі датчигінің бұзылуына әкеледі, ал бұл пайдаланылған газдардың уыттылығын бақылау жүйесінің жұмысына теріс әсер етеді.

Отын жүйесін тазалау үшін отынға автокөлік өндірушісі ұсынғаннан басқа қоспаларды еш уақытта қоспаңыз. (Қосымша ақпаратты HYUNDAI авторландырылған дилерінен алыңыз.)



АБАЙЛАҢЫЗ

- Автокөлікке отын құйған кезде отын құю бағаншасы автоматты түрде өшкеннен кейін отынды отын құю қылтасының жоғарғы жиегіне дейін толтыра құймаңыз.
- Отын құйып болған соң апат жағдайында отын төгіліп кетпеуі үшін тығынның дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Этилдендірілген бензин (бар болса)

Кейбір елдер үшін этилдендірілген бензинмен жүретін автокөлікті пайдалану мүмкіндігі қарастырылған. Этилдендірілген бензинді қолдану жоспарлана, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Этилдендірілген және этилдендірілмеген бензиннің октандық сандары бірдей.

Этил және метил спирті бар бензин

Бензоспирт, бензин мен этанол қоспасы (түйіршікті спирт атауымен де танымал) және бензин немесе құрамында метанол бар бензоспирт (ағаш спирті атауымен де танымал) қазіргі таңда этилдендірілген немесе этилдендірілмеген бензинмен бірге немесе олардың орнына сатылады.

Құрамындағы этанол 10 %-дан асатын бензоспиртті және құрамында метанолдың қандай да бір үлесі бар бензинді не бензоспиртті қолдануға болмайды. Отынның осы түрлері автокөлікті жүргізу кезінде проблемалар туғызып, отын жүйесінің, қозғалтқышты басқару жүйесінің және пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесінің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Автокөлікті жүргізу кезінде қандай да бір проблемалар туындаса, кез келген бензоспиртті қолдануды тоқтатыңыз.

Келесі отын түрлерін қолданудан орын алған жағдайда, автокөліктің зақымдалуына немесе оны жүргізу кезіндегі проблемаларға өндірушінің кепілдігі қолданылмайды.

1. Құрамындағы этил спирті 10 %-дан асатын бензоспирт.
2. Құрамында метил спирті бар бензин немесе бензоспирт
3. Этилдендірілген отын немесе этилдендірілген бензин.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Құрамында метанолы бар бензоспиртті ешқашан қолданбаңыз. Автокөлікті жүргізуге теріс әсер ететін бензоспирт сияқты кез келген өнімді қолдануды тоқтатыңыз.

Отынның басқа түрлері

Отынның келесі қоспа түрлерін:

- Отынға арналған силиконды қоспаны;
- Құрамында ММТ (марганец, Mn) бар отын қоспасын;
- Құрамында ферроцен (темір негізінде) бар отын қоспасын;
- Металдар негізіндегі өзге отын қоспаларын

қолдану жалын өткізуге, жылдамдықтың нашар үдеуіне, қозғалтқыштың тоқтауына, каталитикалық бейтараптандырғыштың зақымдалуына, аса жемірілуге әкелуі және қозғалтқышты зақымдап, қуатты агрегаттың қызмет ету мерзімінің қысқаруына себеп болуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Отынның осы түрлерін пайдаланудан болған отын жүйесінің зақымдалуы немесе жүріс сипаттамаларындағы проблемалар жаңа көлік құралына берілетін Шектеулі кепілдігіңізге қосылмауы мүмкін.

Метил-трет-бутил эфирді (МТБЭ) қолдану

Бұл автокөлікке құрамындағы метилтербутилэфирдің (МТВЕ) көлемдік үлесі 15,0 %-дан (оттегінің салмақтық үлесі — 2,7 %) асатын отынды қолданбаған жөн.

Құрамындағы метил-трет-бутил эфирдің (МТВЕ) көлемдік үлесі 15,0 %-дан (оттегінің салмақтық үлесі — 2,7 %) асатын отынды пайдалану қозғалтқыштың өнімділігін төмендетуі және бу тығындарының түзілуіне немесе оталдыру кезіндегі қиындықтарға әкелуі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жаңа автокөлікке берілетін өндірушінің шектеулі көпілдігі құрамындағы метил-трет-бутил эфирдің (МТВЕ) көлемдік үлесі 15,0 %-дан (оттегінің салмақтық үлесі — 2,7 %) асатын отын түрлерін қолдану нәтижесінде орын алған отын жүйесінің зақымдалуына және пайдалану сипаттамаларының нашарлауына қолданылмауы мүмкін.

Метанолды қолданбаңыз

Осы автокөлікке отын құю үшін құрамында метанол (ағаш спирті) бар отын түрлерін қолданбаған жөн. Отынның мұндай түрлері автокөліктің жұмыс сипаттамаларын төмендетіп, отын жүйесі компоненттерінің, қозғалтқышты басқару жүйесінің және пайдаланылған газдардың ұйыттылығын азайту жүйесінің зақымдалуына себеп болуы мүмкін.

Отынға арналған қоспалар

HYUNDAI компаниясы RON октандық саны (зерттеу әдісі бойынша бензиннің октандық саны) 95 / AKI (детонацияға қарсы көрсеткіш) 91 немесе одан жоғары (Еуропа үшін) немесе RON октандық саны (зерттеу әдісі бойынша бензиннің октандық саны) 91/ AKI (детонацияға қарсы көрсеткіш) 87 немесе одан жоғары (Еуропадан басқа) этилдендірілмеген бензинді қолдануға кеңес береді.

Егер жоғары сапалы бензинді, соның ішінде отын қоспаларын қолданбайтын клиенттерде қозғалтқышты оталдыруда немесе қозғалтқыштың бірқалыпты жұмысында проблемалар туындаса, отын бағына техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес бір бөтелке қоспа құйған жөн («Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі» атты 8-тарауды қараңыз).

Қоспаларды HYUNDAI авторландырылған дилерлік орталығында сатып алуға болады. Сонымен қатар, оларды пайдалану бойынша кеңестер алуға болады. Қоспалардың басқа түрлерін қолданбаңыз.

Осы автокөлікпен өзге елге барғанда, мыналарды қамтамасыз ету қажет.

- Тіркеу мен сақтандыруға қатысты барлық талаптарды орындау;
- Баратын елде қажетті сападағы отынның қолжетімді болатынына көз жеткізіңіз.

АВТОКӨЛІК ҚҰРЫЛЫМЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

- Бұл автокөліктің құрылымына өзгерістер енгізуге болмайды. Құрылымды өзгерту оның техникалық сипаттамаларына, қауіпсіздігіне немесе қызмет ету мерзіміне әсер етіп, тіпті қауіпсіздік және атмосфераға шығарылатын зиянды заттардың нормаларын реттеу бойынша мемлекеттік нормаларды бұзуы мүмкін.
Оған қоса, құрылымның қандай да бір өзгерісіне байланысты сипаттамалардың бұзылуына немесе төмендеуіне кепілдікті міндеттемелер қолданылмайды.
- Рұқсат етілмеген электрондық құрылғыларды пайдалану автокөліктің дұрыс істемеуіне, электр сымдар жүйесінің зақымдалуына, аккумулятор қуатының отыруына және өртке себеп болуы мүмкін. Қауіпсіздік мақсатында рұқсат етілмеген электрондық құрылғыларды қолданбаған жөн.

АВТОКӨЛІКТІ ЖҮРГІЗІП БЕЙІМДЕУ

Жүрістің алғашқы 1000 км ішінде бірнеше қарапайым сақтық шараларын ұстану пайдалану сипаттамаларына, автокөліктің үнемділігі мен қызмет ету мерзіміне оң әсер етуі мүмкін.

- Қозғалтқышты аса жоғары айналымдарда істетпеңіз.
- Қозғалыс барысында қозғалтқыштың айналу жиілігін (айн/мин немесе минутына жасалған айналымдар) 2000-4000 айн/мин шегінде сақтаңыз.
- Тұрақты жылдамдықпен (жоғары не төмен) ұзақ уақыт бойы қозғалуға болмайды. Иінді біліктің айналу жиілігін өзгеруі оны дұрыс жүргізіп бейімдеуге қажет.
- Төтенше жағдайлардан басқа кездерде, тежегіш қалыбымен дұрыс байланысты қамтамасыз ету мақсатында кенет тежеуге болмайды.
- Тіркемені жүріп өткен жолдың алғашқы 2000 км (1200 миль) сүйремеңіз.

ҚОЛДАНЫЛҒАН АВТОКӨЛІКТЕРДІ ҚАЙТАРУ (ЕУРОПА ҮШІН)

HYUNDAI компаниясы ресурсы таусылған автокөліктерді экологиялық тұрғыда қауіпсіз кәдеге жаратуды қолдайды және тиісті Hyundai автокөлігін көлік құралдарын пайдаланудың ақырғы мерзімдері туралы Еуропалық Одақ (ЕО) Директивасына сәйкес қайтаруды ұсынады.

Толық ақпаратты HYUNDAI жергілікті веб-сайтынан алуға болады.

2. Автокөлік туралы ақпарат

Сыртқы түрі (I).....	2-2
Сыртқы түрі (II).....	2-3
Салонның жалпы түрі (I)	2-4
Салонның жалпы түрі (II)	2-5
Мотор бөлігі.....	2-6
Габариттік өлшемдер	2-8
Қозғалтқыштың ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ	2-8
Жарық шамдарының қуаты.....	2-9
Шиналар және доңғалақтар.....	2-10
Ауаны баптау жүйесі	2-11
ШИНАЛАРДЫҢ ЖҮКТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ЖЫЛДАМДЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ.....	2-11
КӨЛЕМ ЖӘНЕ САЛМАҚ.....	2-11
Ұсынылатын майлау материалдары және көлемдер туралы ақпарат	2-12
SAE бойынша ұсынылатын тұтқырлық коэффициенті.....	2-13
Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN).....	2-15
Автокөліктің сертификациялық тақтасы	2-15
Шиналардағы қысымның техникалық сипаттамаларының/ мәндерінің кестесі.....	2-15
Қозғалтқыштың нөмірі	2-16
Ауа баптағыш компрессорының тақтасы	2-16
Отын туралы ақпарат келтірілген заттаңба	2-17
Сәйкестік декларациясы	2-17

СЫРТҚЫ ТҮРІ (I)

■ Алдыңғы көрінісі



Нақты түрі суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

OCN7010001

- | | | | |
|--------------------------------------|------------|--|------|
| 1. Капот | 5-39 | 6. Алдыңғы әйнек тазартқышының щеткалары | 9-32 |
| 2. Фара | 5-48, 9-60 | 7. Терезелер | 5-30 |
| 3. Шиналар және доңғалақтар | 9-39 | 8. Алдыңғы радар | 7-17 |
| 4. Сыртқы артқы көрініс айнасы | 5-27 | | |
| 5. Төбедегі люк | 5-35 | | |


СЫРТҚЫ ТҮРІ (II)

■ Артқы көрінісі



- | | | | |
|-------------------------------------|------|--|-------|
| 9. Есік | 5-14 | 13. Әйнекті жылытқыш / әйнектегі антенна | 5-91 |
| 10. Отын бағы люгінің қақпағы | 5-46 | 14. Қосымша жоғарғы стоп-сигнал | 9-66 |
| 11. Артқы құрама шам | 9-64 | 15. Антенна | 5-101 |
| 12. Жұқсалғыш | 5-41 | 16. Артқы көрініс камерасы | 7-108 |

САЛОННЫҢ ЖАЛПЫ ТҮРІ (I)



Нақты түрі суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

OCN7010003

- | | | | |
|---|------|---|------|
| 1. Есіктің ішкі тұтқасы | 5-16 | 10. Фаралардың көлбеулену бұрышын реттеу құрылғысы..... | 5-55 |
| 2. Жүргізуші орындығының қалпын есте сақтау жүйесі..... | 5-20 | 11. Жолақпен қауіпсіз қозғалуды бақылау түймесі | 7-32 |
| 3. Сыртқы артқы көрініс айнасын жинау ауыстырып қосқышы | 5-29 | 12. Тұрақтылықты электронды бақылау жүйесін өшіру түймесі | 6-42 |
| 4. Сыртқы артқы көрініс айналарын басқару ауыстырып қосқышы | 5-28 | 13. Отын бағы люгін ашу түймесі | 5-46 |
| 5. Орталық құлыпты бұғаттау ауыстырып қосқышы..... | 5-16 | 14. Жұксалғышты ашу түймесі | 5-41 |
| 6. Электрлік әйнек көтергіштер ауыстырып қосқыштары | 5-30 | 15. Капотты ашу иінтірегі | 5-39 |
| 7. Әйнек көтергішті бұғаттау түймесі..... | 5-34 | 16. Жарықтандыруды басқару/ Бұрылыс сигналдары | 5-48 |
| 8. Рульді еңкейту және телескоптық иінтірек..... | 5-24 | 17. Орындықты реттеу ауыстырып қосқышы | 3-5 |
| 9. Руль | 5-23 | 18. Әйнек тазалағыш/әйнек жуғыш ауыстырып қосқышы | 5-60 |

САЛОННЫҢ ЖАЛПЫ ТҮРІ (II)




Нақты түрі суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

OCN7010004


- | | | | |
|--|-------|--|-------|
| 1. Аспаптар тақтасы | 4-5 | 9. Қолғап салатын тартпа | 5-93 |
| 2. Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік көпшігі..... | 3-43 | 10. Автоматты трансмиссия/интеллектуалды сатысыз трансмиссия/механикалық беріліс қорабы..... | 6-13 |
| 3. Қозғалтқышты қосу түймесі | 6-8 | 11. Алға жүру режимінің түймесі | 6-48 |
| 4. Оталдыру жүйесінің құлпы | 6-5 | 12. Тұраққа қою/шолу түймесі..... | 7-108 |
| 5. Аудио/бейне/навигация жүйесі | 5-103 | 13. Қауіпсіз тұраққа қою түймесі | 7-130 |
| 6. Апаттық сигнал беру жүйесінің ауыстырып қосқышы | 8-2 | 14. Электронды тұрақ тежегішінің ажыратқышы | 6-32 |
| 7. Климат-контроль жүйесі | 5-63 | 15. AUTO HOLD (автоматты түрде ұстап тұру) түймесі | 6-37 |
| 8. Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік көпшігі..... | 3-43 | | |

MOTOR БӨЛІГІ

■ Smartstream G2.0 MPI



■ Smartstream G1.6



Автокөліктің нақты мотор бөлігі суретте көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін.

OCN7080064L/OCN7080001

- | | | | |
|---|------|---|------|
| 1. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығына арналған бак..... | 9-25 | 5. Қозғалтқыштың май құю қылтасының қақпағы | 9-23 |
| 2. Ілініс/тежегіштер гидрожетегінің бағы..... | 9-28 | 6. Алдыңғы әйнек жуғыш бағы | 9-29 |
| 3. Ауатазартқыш | 9-30 | 7. Сақтандырғыш блогы..... | 9-48 |
| 4. Қозғалтқыштағы май деңгейінің көрсеткіші..... | 9-23 | 8. Аккумулятор..... | 9-35 |
| | | 9. Радиатор қақпағы..... | 9-23 |

■ 1.6 D-CVVT



Автокөліктің нақты мотор бөлігі суретте көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін.

OCN7080065L

- | | | | |
|---|------|---|------|
| 1. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығына арналған бак..... | 9-25 | 5. Қозғалтқыштың май құю қылтасының қақпағы | 9-23 |
| 2. Ілініс/тежегіштер гидрожетегінің бағы | 9-28 | 6. Алдыңғы әйнек жуғыш бағы..... | 9-29 |
| 3. Ауазартқыш..... | 9-30 | 7. Сақтандырғыш блогы | 9-48 |
| 4. Қозғалтқыштағы май деңгейінің көрсеткіші..... | 9-23 | 8. Аккумулятор | 9-35 |
| | | 9. Радиатор қақпағы | 9-23 |

ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕР

Параметр		ММ
Габариттік ұзындық	Еуропадан басқа	4675
	Еуропа үшін	4650
Габариттік ені		1825
Габариттік биіктік		1430
Алдыңғы доңғалақтардың жолтабаны	195/65 R15	1593
	205/55 R16	1585
	225/45 R17	1579
Артқы доңғалақтардың жолтабаны	195/65 R15	1604
	205/55 R16	1596
	225/45 R17	1590
Доңғалақ базасы		2720

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Элемент	2.0 MPI	Smartstream G1.6	1.6 D-CVVT
Жұмыс көлемі текше см	1999	1598	1591
Диаметр x жүріс мм	81,0 x 97,0	75,6 x 89,0	77,0 X 85,4
Цилиндрлер жұмысының тәртібі	1-3-4-2	1-3-4-2	1-3-4-2
Цилиндрлер саны	4, қатар-қатар	4, қатар-қатар	4, қатар-қатар

ЖАРЫҚ ШАМДАРЫНЫҢ ҚУАТЫ

Шам			Шам типі	Қуат, Вт	
Алдынан	А типі	Фара	Жоғары	НВЗ	60
			Төмен	НВЗ	60
		Күндізгі жүріс жарығы (DRL) / габарит жарығы		W5W	5
	В типі	Фара	Жоғары	НВЗ	60
			Төмен	НВЗ	6
		Күндізгі жүріс жарығы (DRL) / габарит жарығы		Жарықдиод	Жарықдиод
	С типі	Фара	Жоғары	Жарықдиод	Жарықдиод
			Төмен		
Күндізгі жүріс жарығы (DRL) / габарит жарығы		Жарықдиод	Жарықдиод		
Бұрылыс көрсеткішінің шамы			PY21W	21 Вт	
Бұрылыс көрсеткішінің бүйілік қайталағышы (сыртқы артқы көрініс айналарында)			Жарықдиод	Жарықдиод	
Артынан	А типі	Стоп-сигнал		P21W/5W	21
		Артқы габарит жарығы	Ішкі	W5W	5
			Сыртқы	P21/5W	5
	В типі	Стоп-сигнал		P21W/5W	5
		Артқы габарит жарығы		Жарықдиод	Жарықдиод
	С типі	Стоп-сигнал		Жарықдиод	Жарықдиод
		Артқы габарит жарығы		Жарықдиод	Жарықдиод
		Тұман фарасы			Жарықдиод
	Бұрылыс көрсеткішінің шамы			PY21W	21
	Нөмір белгісін жарықтандыру шамы			W5W	5
Артқа жүріс шамы			W16W	16	
Қосымша жоғарғы стоп-сигнал			PY21W	21	
Интерьер	Бағытталған жарық шамы			W10W	10
	Салонды жарықтандыру плафоны			ГИРЛЯНДА	8
	Аксессуарлық айна шамы			ГИРЛЯНДА	5
	Жүксалғышты жарықтандыру шамы			ГИРЛЯНДА	5

ШИНАЛАР ЖӘНЕ ДОҒАЛАҚТАР

Параметр	Шина өлшемі	Доңғалақ өлшемі	Шинадағы қысым, бар (кПа, шаршы дюймге шаққандағы фунт)				Доңғалақ бекітпесінің бұрандамаларын тарту сәті, кгс м (фунт-күш-фут, Н·м)
			Номиналды жүктеме ^{*1}		Ең жоғарғы жүктеме		
			Алдынан	Артынан	Алдынан	Артынан	
Толық өлшемді шина	195/65 R15	6,0Jx15	2,35 (235, 34)	2,15 (215, 31)	2,4 (240, 35)	2,4 (240, 35)	11-13 (79-94, 107-127)
	205/55 R16	6,5Jx16	2,35 (235, 34)	2,15 (215, 31)	2,4 (240, 35)	2,4 (240, 35)	
	225/45 R17	7,0Jx17	2,35 (235, 34)	2,15 (215, 31)	2,4 (240, 35)	2,4 (240, 35)	
Шағын қосалқы шина (бар болса)	T125/80 D15	4Tx15	4,2 (420, 60)	4,2 (420, 60)	4,2 (420, 60)	4,2 (420, 60)	

*1 : Стандартты жүктеме: көп дегенде 3 адам

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Егер жақында күннің суытуы күтілсе, шиналардағы стандартты қысымға 20 кПа қосуға болады. Әдетте қысымның төмендеуі температураның әр 7 °C-на төмендеуінде 7 кПа тең. Температураның төтенше өзгеруі күтілсе, шиналардағы қысымды үнемі тексеріп тұру керек, себебі олар тиісті түрде үрленіп тұруы керек.
- Әдетте қысым теңіз деңгейінен жоғары биіктікте қозғалған кезде азаяды. Осылайша, биік таулы жерлерге барған жағдайда, шиналардағы қысымды алдын ала тексеріңіз. Қажет болғанда қысымды қажетті деңгейге дейін үрлеңіз (ауа қысымының артуы: +10 кПа/1 км биіктік (1 мильға шаққанда +2,4 фунт/шаршы дюйм)).



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөліктің ауыстырылатын шиналарының өлшемі түпнұсқа шиналардың өлшеміне сәйкес келуі тиіс. Өзге өлшемдегі шиналарды пайдалану іргелес бөліктерді зақымдауы немесе олардың тұрақсыз жұмысына әкелуі мүмкін.

АУАНЫ БАПТАУ ЖҮЙЕСІ

Параметр	Көлемдік салмақ	Жіктеме
Суық агент г	500 ± 25 г (17,6 ± 0,9)	R-1234yf R-134a
Компрессорға арналған жағармай г	100 ± 10 г (3,4 ± 0,3)	FD46XG

Толық ақпарат алу үшін HYUNDAI уәкілетті дилеріне хабарласыңыз.

ШИНАЛАРДЫҢ ЖҮКТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ЖЫЛДАМДЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Параметр	Шина өлшемі	Диск өлшемі	Рұқсат етілген жүктеме		Рұқсат етілген жылдамдық		Доңғалақ бекітпесінің бұрандамаларын тарту сәті, кгс м (фунт-күш-фут, Н·м)
			LI*1	кг	SS	км/сағ	
Толық өлшемді шина	195/65 R15	6,0Jx15	91	615	H	210	11~13 (79~94, 107~127)
	205/55 R16	6,5Jx16	91	615	H	210	
	225/45 R17	7,0Jx17	91	615	W	270	
Шағын қосалқы шина (бар болса)	T125/80 D15	4Tx15	95	690	M	130	

*1 LI: ЖҮК КӨТЕРГІШТІК ИНДЕКСІ *2 SS: ЖЫЛДАМДЫҚ ИНДЕКСІ

КӨЛЕМ ЖӘНЕ САЛМАҚ


Параметр	Smartstream G2.0 MPI		Smartstream G1.6		1.6 D-CVVT	
	A/T	M/T	IVT	M/T	A/T	M/T
Автокөліктің толық салмағы кг (фунт)	1770 (3902)	1740 (3836)	1750 (3858)	1720 (3792)	1750 (3858)	1720 (3792)
Жүк бөлігінің көлемі (VDA) л (текше фут)	474 (16,7)					

IVT: интеллектуалды сатысыз трансмиссия, M/T: механикалық трансмиссия, A/T: автоматты трансмиссия

ҰСЫНЫЛҒАН МАЙЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ ЖӘНЕ КӨЛЕМДЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қозғалтқыш пен трансмиссияның оңтайлы жұмыс істеу режиміне қол жеткізу, сондай-ақ олардың қызмет ету мерзімін ұлғайту үшін сапалы майлау материалдарын ғана қолданыңыз. Сапалы майлау материалдары қозғалтқыш жұмысының тиімділігіне әсер етеді және отын шығынын азайтады.

Автокөлігіңізде келесі майлау материалдары мен сұйықтықтарды қолдануға кеңес беріледі.

Майлағыш		Көлем	Жіктеме	
<p>Мотор майы^{*1} (ағызу және құю) Ұсынымдар</p> 	Smartstream G2.0 MPI	4,3 л (4,54 кварта, АҚШ)	Таяу Шығыс елдерінен басқа ^{*3}	0W-20 API SN PLUS/SP немесе ILSAC GF-6 ^{*1}
			Таяу Шығыс елдері үшін ^{*3}	5W-30 (ACEAA5/B5), 0W-30 (API SN PLUS/SP немесе ILSAC GF-6) ^{*1}
	Smartstream G1.6	3,8 л (4,02 кварта, АҚШ)	Таяу Шығыс елдерінен басқа ^{*3}	SAE 0W-20, API SN PLUS/ SP немесе ILSAC GF-6 ^{*2}
			Таяу Шығыс елдері үшін ^{*3}	SAE 5W-30, соңғы API (SN PLUS) немесе ACEAA5/B5 классификациясы ^{*2}
	1.6 D-CVVT	3,6 л (3,80 кварта, АҚШ)	Таяу Шығыс елдерінен басқа ^{*3}	SAE 5W-20 / соңғы API классификациясы (соңғы ILSAC классификациясы) ^{*4 *5}
			Таяу Шығыс елдері үшін ^{*3}	SAE 5W-30 / ACEAA5/B5 ^{*4 *5}
Механикалық беріліс қорабына арналған сұйықтық	Smartstream G2.0 MPI	1,5~1,6 л (1,6–1,7 кварта, АҚШ)	HK SYN MTF 70W (SK) SPIRAX S6 GHME 70W MTF (H.K.SHELL) GS MTF HD 70W (GS CALTEX) (API GL-4, SAE 70W, TGO-9)	
	Smartstream G1.6	1,6~1,7 л (1,7~1,8 кварта, АҚШ)		
	1.6 D-CVVT	1,6~1,7 л (1,7~1,8 кварта, АҚШ)		
АБАҚ арналған сұйықтық		7,5 л (7,9 кварта, АҚШ)	MICHANG ATF SP-IV, SK ATF SP-IV, NOCAATF SP-IV, түпнұсқа HYUNDAI ATF SP-IV	
Интеллектуалды сатысыз трансмиссияға арналған сұйықтық		6,5 л (6.87 кварта, АҚШ)	Түпнұсқа SP-CVT1 Hyundai	
Салқындатқыш сұйықтық	Smartstream G2.0 MPI	7,4 л (7,82 кварта, АҚШ)	Антифриз бен судың қоспасы (алюминий радиаторға арналған фосфат негізіндегі этиленгликольді салқындатқыш сұйықтық)	
	Smartstream G1.6	6,1 л (6,45 кварта, АҚШ)		
	1.6 D-CVVT	7,1 л (7.5 кварта, АҚШ)		
Тежеу жүйесінің/ілінің гидрожетегіне арналған сұйықтық		0,7~0,8 л (0,74–0,85 кварта, АҚШ)	DOT-4 ^{*6}	
Отын		47 л (49,66 кварта, АҚШ)	Алғасөздегі «Отынға қойылатын талаптар» бөлімін қараңыз.	

- *1: Егер жоғарыда көрсетілген сипаттамалары бар май жоқ болса, синтетикалық SAE 0W-20 майын қолдануға болады. Минералды не жартылай синтетикалық майды қолданған кезде мотор майын ауыстырғанда техникалық қызмет көрсетудің әлдеқайда күрделі режимі қажет болады.
- *2: Егер жоғарыда көрсетілген сипаттамалары бар май жоқ болса, синтетикалық SAE 0W-30/5W-30 майын қолдануға болады. Минералды не жартылай синтетикалық майды қолданған кезде, мотор майын ауыстырғанда әлдеқайда күрделі режим қажет болады.
- *3: Таяу Шығысқа Ливия, Алжир, Марокко, Мысыр, Тунис, Судан, Иран және т.б. елдер кіреді.
- *4: Егер ұсынылған мотор майы нақты елде жоқ болса, API SL/ILSAC GF-3 немесе ACEA A3 майын қолдануға болады.
- *5: 14-беттегі SAE бойынша ұсынылған тұтқырлық мәндерін қараңыз.
- *6: Тежеу жүйесі мен тежегіштің бұғатталуға қарсы жүйесінің (ABS) / бағыт тұрақтылығының электронды жүйесінің (ESC) оңтайлы жұмысын қамтамсыз ету үшін техникалық шарттарға сәйкес келетін түпнұсқа тежегіш сұйықтығын қолдануға кеңес береміз. (Стандарт: SAE J1704 DOT-4 LV, ISO4925 CLASS-6 және FMVSS116 DOT-4)

SAE бойынша ұсынылатын тұтқырлық коэффициенті



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Майлау материалының деңгейін тексеру немесе оны ағызу алдында кез келген құю қылтасы, ағызу саңылауы және май сүңгіші қақпағының айналасын міндетті түрде тазартып алыңыз. Бұл ұсыныс әсіресе ауасындағы шаң мен құм деңгейі жоғары аймақтар үшін, сондай-ақ автокөлікті қатты жабынсыз жолдарда пайдаланғанда аса маңызды. Тығындар мен май сүңгішінің айналасын тазалау шаң мен құмның қозғалтқыштың және зақымдалуы мүмкін өзге де механизмдердің ішіне түсуіне жол бермейді.

Мотор майының тұтқырлығы (қоюлығы) суық ауа райында отын шығысына және автокөліктің жұмысына әсер етеді (қозғалтқышты қосу және мотор майының аққыштығы). Тұтқырлығы төмен мотор майларының арқасында суық ауа райында отын үнемделіп, жұмыс көрсеткіштері жоғарырақ болады, алайда қозғалтқышты ыстық ауа райында дұрыс майлау үшін тұтқырлығы жоғарырақ мотор майлары қажет. Қолданылатын майлардың тұтқырлығы ұсынылған мәндерден өзгеше болса, бұл қозғалтқыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Май түрін таңдағанда майды келесі жолы май ауыстырғанға дейін автокөлігіңіз пайдаланылатын температуралар диапазонына назар аударыңыз.

Тұтқырлық коэффициентінің кестедегі ұсынылған мәндерін таңдаңыз.

SAE жіктемесі бойынша тұтқырлық коэффициентінің ұсынылған мәндері үшін температуралар диапазоны										
Температура °C (°F)		-30	-20	-10	0	10	20	30	40	50
		-10	0	20	40	60	80	100	120	
Smartstream G2.0 MPI	Таяу Шығыс елдері үшін	0/5W-30								
	Таяу Шығыс елдерінен басқа	0W-20								
Smartstream G1.6	Таяу Шығыс елдері үшін	0W-20								
	Таяу Шығыс елдерінен басқа	5W-30								
1.6 D-CVVT	Таяу Шығыс елдері үшін	20W-50								
		15W-40								
		10W-30								
	5W-30, 5W-40									
	Таяу Шығыс елдерінен басқа	0W-40, 5W-20, 0/5W-30, 5W-40								

АВТОКӨЛІКТІҢ СӘЙКЕСТЕНДІРУ НӨМІРІ (VIN)




Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі — көлік құралыңызды тіркегенде қолданылатын нөмір және ол автокөлікке меншік құқығы мәселелері бойынша туындаған барлық құқықтық және т.б. жағдайларда пайдаланылады.

Бұл нөмір алдыңғы оң жақ бүйірлік орындықтың астында еденде ойып жазылған. Нөмірді тексеру үшін қаптаманы көтеріңіз.




VIN нөмірі сондай-ақ аспаптар тақтасының жоғарғы бөлігіне бекітілген тақтада көрсетілген. Тақтадағы нөмірді алдыңғы әйнек арқылы автокөліктің сыртынан оңай көруге болады.

АВТОКӨЛІКТІҢ СЕРТИФИКАЦИЯЛЫҚ ТАҚТАСЫ



Автокөліктің сертификациялық тақтасында (жүргізуші не жолаушы жағында ортаңғы бағанада орналасқан) автокөліктің идентификациялық нөмірі (VIN) бар.





ШИНАЛАРДАҒЫ ҚЫСЫМНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫНЫҢ МӘНДЕРІНІҢ КЕСТЕСІ



Автокөлігіңізде орнатылған шиналар автокөліктің үздік басқарылу сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін таңдалған.

Шиналардың техникалық сипаттамаларының кестесі жүргізуші жағындағы ортаңғы тіреудің сыртқы панелінде орналасқан және автокөлігіңіздің шиналарында ұсынылатын қысым туралы ақпаратты қамтиды.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫҢ НӨМІРІ



Қозғалтқыштың нөмірі суретте көрсетілгендей, цилиндрлер блогында ойып жазылған.

АУА БАПТАҒЫШ КОМПРЕССОРЫНЫҢ ТАҚТАСЫ



Компрессор заттаңбасында жеткізуші бөлшегінің үлгісі, нөмірі, сериялық нөмірі, суық агент типі (1) және салқындатқыш май типі (2) көрсетілген.

ОТЫН ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ҚАМТЫЛҒАН ЗАТТАҢБА

Отын туралы ақпарат қамтылған заттаңба отын бағының құю қылтасының люгіне жабыстырылады.



- A. Этилдендірілмеген бензиннің октандық саны
1. RON/ROZ: зерттеу әдісі бойынша бензиннің октандық саны
 2. (R+M)/2, AKI: Детонацияға қарсы көрсеткіш
- B. Бензиндік отын сәйкестендіргіштері
- * Бұл таңбамен қолдануға жарамды отын белгіленген. Басқа отынды қолданбаңыз.
- C. Толығырақ ақпарат 1-бөлімдегі «Отынға қойылатын талаптар» бөлімшесінде келтірілген.

СӘЙКЕСТІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ (БАР БОЛСА)

■ Мысал

CE CE 0678

Көлік құралының радиожиіліктік компоненттері 1995/5/ЕС Директивасының талаптары мен басқа қолданылатын ережелеріне сәйкес келеді.

Толығырақ ақпарат, соның ішінде өндірушінің сәйкестік декларациясы Hyundai веб-сайтында қолжетімді:

<http://service.hyundai-motor.com>

3. Қауіпсіздік жүйесі

Бұл тарау жүргізушінің және жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолы туралы ақпаратты қамтиды. Онда орындықтар мен қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдалану жолдары, сондай-ақ қауіпсіздік жастықтарының қалай жұмыс істейтіні түсіндіріледі. Сонымен бірге бұл тарауда автокөлікте нәрестелер мен балаларды тасымалдау үшін қандай ұстап тұратын құрылғылардың қолданылуы тиістігі айтылады.

Маңызды сақтық шаралары.....	3-2
Қауіпсіздік белбеуін тағу.....	3-2
Баланы ұстап тұрушы жүйені қолдану	3-2
Қауіпсіздік жастығының іске қосылу қаупі	3-2
Жүргізушінің назарын басқа бір нәрсеге аударуы	3-2
Автокөліктің жылдамдығын бақылау	3-2
Автокөлікті қауіпсіз күйде ұстау	3-2
Орындықтар	3-3
Сақтық шаралары	3-4
Алдыңғы орындық.....	3-5
Артқы орындықтар.....	3-10
Бассүйегіш.....	3-13
Жылытқышы мен желдеткіші бар орындықтар.....	3-16
Қауіпсіздік белбеулері	3-20
Қауіпсіздік белбеулерін қолданған кездегі сақтық шаралары.....	3-20
Қауіпсіздік белбеуінің ескерту сигналы	3-21
Қауіпсіздік белбеулері жүйесі.....	3-22
Алдын ала керу құрылғысы бар қауіпсіздік белбеулері	3-24
Қауіпсіздік белбеулерін қолданған кездегі қосымша сақтық шаралары	3-26
Қауіпсіздік белбеулерін тиісті күйде күтіп ұстау.....	3-28
Баланы ұстап тұрушы жүйе (БҰЖ).....	3-29
Біздің кеңесіміз: балаларды тек артқы орындықта ғана тасымалдаңыз.....	3-29
Баланы ұстап тұрушы жүйені (БҰЖ) таңдау	3-30
Баланы ұстап тұрушы жүйені (БҰЖ) орнату	3-31
Қауіпсіздік жастығы — пассивті қауіпсіздік жүйесі	3-40
Қауіпсіздік жастықтарының орналасуы	3-43
Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің жұмыс істеу қағидасы	3-46
Қауіпсіздік жастықтары ашылғаннан кейін орын алатын жағдай.....	3-49
Соқтығысу кезінде неліктен қауіпсіздік жастығы ашылмады?	3-51
Пассивті қауіпсіздік жүйесіне күтім жасау	3-56
Қосымша сақтық шаралары	3-57
Қауіпсіздік жастықтарының бар екенін ескертетін заттаңбалар	3-57

МАҢЫЗДЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Осы бөлімде және бүкіл нұсқаулықта қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша көптеген шаралар мен ұсыныстар келтірілген. Бұл тарауда қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ең маңызды шаралар берілген.

Қауіпсіздік белбеуін тағу

Қауіпсіздік белбеуі апаттардың барлық түрлерінде мейлінше тиімді қорғанышты қамтамасыз етеді. Қауіпсіздік жастықтары жүйесі қауіпсіздік белбеулеріне қосымша ретінде жасалған және оларды алмастырмайды. Сондықтан көлік құралы қауіпсіздік жастықтары жүйесімен жабдықталған болса да, жүргізуші мен жолаушылар ӘРҚАШАН қауіпсіздік белбеулерін тиісті түрде қолдануы тиіс.

Баланы ұстап тұрушы жүйені қолдану

13 жасқа дейінгі балалардың бәрі көлік құралының қозғалысы кезінде әрқашан артқы орындықта отыруы және қауіпсіздік белбеуін тағулары тиіс. Сәбилер мен кішкентай балаларға тиісті баланы ұстап тұрушы жүйе қолданылуы тиіс. Қауіпсіздік белбеуін әдеттегідей қолдана алмайтын болса, жасөспірімдер бел-иық қауіпсіздік белбеуімен бірге қосымша жастықты қолдануы тиіс.

Қауіпсіздік жастығының іске қосылу қаупі

Қауіпсіздік жастықтары апат жағдайында адам өмірін сақтай алады, алайда оларға тым жақын отырғанда немесе қауіпсіздік белбеулерін дұрыс қолданбағанда ауыр жарақаттарға немесе кісі өліміне де алып келуі мүмкін. Сәбилер, кішкентай балалар мен бойы аласа адамдар қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде аса үлкен қауіп-қатерге ұшырайды. Осы нұсқаулықта берілген барлық нұсқаулар мен ескертулер міндетті түрде орындалуы тиіс.

Жүргізушінің басқа бір нәрсеге назарын аударуы

Жүргізушінің басқа бір нәрсеге назарын аударуы елеулі әрі ықтимал өлімге әкелетін қауіп болып табылады, бұл әсіресе тәжірибесіз жүргізушілерге қатысты. Көлікті басқарған кезде қауіпсіздікке көп көңіл бөлу қажет.

Жүргізушілер басқа нәрсеге назар аударудың түрлі ықтимал факторлары туралы білуге міндетті, мысалы, ұйқышылдық, заттарды алу, тамақ ішу, жеке гигиена, басқа жолаушылар және мобильді телефондарды қолдануы.

Басқа нәрсеге назар аудара отырып, жүргізушілер жолдағы жағдайды бақылай алмай қалуы немесе жүргізуден басқа әрекеттерге көңіл бөліп, рульден қолын алуы мүмкін. Өзге нәрсеге алаңдау қаупі мен апатқа ұшырау ықтималдығын төмендету үшін төменде көрсетілген ақпаратқа назар аударыңыз.

- Мобильді құрылғыларды (мысалы, MP3-плеерлер, телефондар, навигациялық блоктар мен т.б.) баптауды ӘРҚАШАН көлік құралы тоқтап тұрған кезде ғана орындау қажет.
- Мобильді құрылғыларды заңмен рұқсат етілген болса және оны қауіпсіз пайдалану жағдайлары болған кезде ҒАНА қолдануға болады.
ЕШБІР ЖАҒДАЙДА қозғалыс кезінде мәтіндік хабарламаларды немесе электрондық поштаны термеңіз және тексермеңіз. Елдердің көбінде жүргізушілерге мәтіндік хабарламаларды теруге немесе тексеруге заңнамалық деңгейде тыйым салынған. Кейбір елдер мен қалаларда жүргізушілерге сондай-ақ қозғалыс кезінде мобильді телефондарды қолдануға тыйым салынады.
- Көлікті жүргізуден көңілді бөлетін мобильді құрылғыларды қолдануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Жүргізуші өз жолаушыларына және жол қозғалысының өзге қатысушыларына жауап береді, сондықтан өз көлік құралын қауіпсіз басқаруға тиісті. Бұл ретте қолдарын рульде ұстауы және жолдағы жағдайды көз жазбай қадағалап отыруы тиіс.


Автокөліктің жылдамдығын бақылау

Жылдамдықты арттыру апат кезінде зақым алудың, соның ішінде өлім-жітімнің негізгі себебі болып табылады. Яғни жылдамдық жоғары болған сайын қауіп те жоғарылайды. Әйтсе де ауыр жарақаттар төмен жылдамдықпен қозғалғанда да келтірілуі мүмкін. Жылдамдық, тіпті егер ол рұқсат етілгеннен төмен болса да, ағымдағы жағдайда сәйкес таңдалуы тиіс.

Автокөлікті қауіпсіз күйде ұстау

Шиналардың тесілуі немесе механикалық ақаулардың болуы төтенше қауіпті болуы мүмкін. Мұндай проблемалар ықтималдығын азайту үшін шиналардағы ауа қысымын және олардың жалпы күйін үнемі тексеріп тұру керек. Жоспарлы техникалық қызмет көрсету шараларының бәрі уақтылы орындалуы тиіс.

ОРЫНДЫҚТАР



Жүргізуші орындығы

- (1) Алға және артқа
- (2) Орындық арқалығының еңкею бұрышы
- (3) Орындық көпшігінің биіктігі
- (4) Орындық көпшігінің еңкею бұрышы
- (5) Бел тіреуі

Алдыңғы жолаушы орындығы

- (1) Алға және артқа
- (2) Орындық арқалығының еңкею бұрышы

Сақтық шаралары

Орындық қауіпсіз отыруға болатындай реттелуі тиіс. Орындықтың жайлы күйі апат жағдайында жүргізуші мен жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады (қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтары жүйесімен қатар).

АБАЙЛАҢЫЗ

Орындық көпшігіне орындық пен жолаушы денесінің арасындағы үйкелісті азайтатын төсемелерді салмаңыз. Соқтығысқан немесе күрт тежеген кезде жолаушының жамбасы қауіпсіздік белбеуінің астыңғы бөлігінен сырғып шығып кетуі мүмкін. Қауіпсіздік белбеуінің дұрыс жұмыс істемеуінің салдарынан ауыр жарақаттар, соның ішінде өлімге душар ететін жарақаттар алу қаупі бар.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесі

Қауіпсіздік жастығы ашылған жағдайда жарақаттану қаупін азайту мақсатында нақты сақтық шараларын қолдануға болады. Қауіпсіздік жастығына тым жақын отыру ол іске қосылған жағдайда жарақат алу қаупін ұлғайтады. Орындықты, көлік құралын басқара отырып, алдыңғы қауіпсіздік жастықтарынан мүмкіндігінше алыстау орналастыру керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіздік жастығы ашылған жағдайда денеге зақым келтіру қаупін азайту үшін келесі шараларды қабылдау керек:

- Жүргізуші орындығын, көлік құралын басқару мүмкіндігін сақтай отырып, мүмкіндігінше артқа жылжыту керек.
- Алдыңғы жолаушының орындығын мүмкіндігінше артқа жылжыту керек.
- Қолға зақым келу қаупін азайту үшін руль сағат тілінің «9» және «3» сағатына сәйкес келетін орындарында тұруы тиіс.
- Қауіпсіздік жастығының алдына ешнәрсені не ешкімді орналастыруға **БОЛМАЙДЫ**.
- Аяққа зақым келу қаупін азайту үшін алдыңғы жолаушыға алдыңғы панельге аяқ қоюға рұқсат бермеу.

Қауіпсіздік белбеулері

Қауіпсіздік белбеулерін әрдайым жолға шықпай тұрып тағу қажет.

Жолаушылар әрқашан тұзу отырып, қауіпсіздік белбеулерін тағулары тиіс. Нәрестелер мен кішкентай балаларға тиісті баланы ұстап тұрушы жүйелер қолданылуы тиіс. Қосымша жастық қолданылатын балалар мен ересектер қауіпсіздік белбеулерін тағулары тиіс.



АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіздік белбеулерін реттеген кезде төменде көрсетілген сақтық шаралары қолданылуы тиіс.

- **ЕШБІР ЖАҒДАЙДА** бір қауіпсіздік белбеуін бірнеше адамға тақпаңыз.
- Қауіпсіздік белбеуінің белдік бөлігімен санды белбеулеп, орындық арқалығын әрқашан тігінен орнату керек.
- Балалар мен сәбилерге қауіпсіздік белбеуінің белдік бөлігін тағуға **БОЛМАЙДЫ**.
- Қауіпсіздік белбеуін мойын, өткір жиектер арқылы өткізуге немесе иық бауын денеден тыс өткізуге болмайды.
- Қауіпсіздік белбеуінің қысылып қалуына жол бермеңіз.

Алдыңғы орындық

Алдыңғы орындық орындық көпшігінің сыртқы жағында орналасқан басқару иінтірегінің немесе ауыстырып қосқыштарының көмегімен реттеледі. Жүрісті бастамай тұрып орындық күйін рульді, педальдарды және аспаптар панеліндегі басқару органдарын қолайлы басқара алатындай етіп реттеп алу керек.



АБАЙЛАҢЫЗ

Орындықты реттеген кезде төменде көрсетілген сақтық шаралары қолданылуы тиіс.


- **ЕШҚАШАН** автокөлік қозғалып бара жатқан кезде орындықты реттеуге тырыспаңыз. Орындық кенет орнынан жылжып кетуі мүмкін, мұның салдарынан автокөлікті жүргізе алмай, апат орын алуы мүмкін.
- Алдыңғы орындықтардың астына қандай да бір заттарды орналастырмаңыз. Жүргізушінің аяқ жағындағы бекітілмеген заттар педальдарды басқаруға кедергі келтіріп, бұл апатқа әкелуі мүмкін.
- Орындық арқалығын қалыпты күйіне орнатып бекітуге ештеңе кедергі келтірмеуі тиіс.
- Еденге немесе орындыққа оттықтарды қоюға болмайды. Орындық жылжыған кезде оттық зақымдалып, ішіндегі газы тұтануы мүмкін.
- Орындық астына не орындық пен орталық консольдің арасына түсіп кеткен ұсақ заттарды шығарғанда сақ болыңыз. Орындықты реттеу механизмінің өткір жиектеріне байқаусызда қолыңызды жарақаттап алуыңыз мүмкін.
- Алдыңғы орындықтардың күйін реттеген кезде, артқы орындықтарда адамдар отырған жағдайда сақтық таныту керек.
- Реттегеннен кейін орындықтың орнына бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Бекітілмеген болса, орындық күтпеген жерден орнынан жылжып кетіп, апатқа алып келуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Жарақаттанбау үшін:

- Қауіпсіздік белбеуі тағылып тұрса, орындықты реттемеңіз. Орындық жастығының алға жылжуы ішке қатты қысым келтіру мүмкін.
- Орындық жылжыған кезде оның механизміне қол мен саусақтар кіріп кетпеуі үшін сақтық танытыңыз.


Қолмен реттеу (бар болса)



Бойлық күйді реттеу

Орындықты алға не артқа жылжыту үшін төменде көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.

1. Орындық бағыттаушының реттеу иінтірегін жоғары тартып, ұстап тұрыңыз.
2. Орындықты қажетті күйге жылжытыңыз.
3. Иінтіректі жіберіп, орындықтың жаңа күйде бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Иінтіректі қолданбай орындықты алға және артқа жылжытып көріңіз. Орындықтың жылжуы оның бекітілмегенін білдіреді.



Орындық арқалығының еңкею бұрышы

Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу үшін төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындаңыз.

1. Алға сәл еңкейіп, арқалықты реттейтін тұтқаны жоғары тартыңыз.
2. Артқа абайлап шалқайып, орындық арқалығын қажетті күйге келтіріңіз.
3. Иінтіректі жіберіңіз де, орындық арқалығының жаңа күйде бекітілгеніне көз жеткізіңіз. (Орындық бекітілуі үшін иінтірек бастапқы күйіне оралуы ТИИС).

Орындық арқалығын қайыру

Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда көлік құралын жүргізу қауіпті болуы мүмкін. Арқалықты қайырған кезде, тіпті қауіпсіздік белбеуі тағылып тұрса да, қауіпсіздік жүйесінің (қауіпсіздік белбеуі мен қауіпсіздік жастықтары) тиімділігі әлдеқайда төмендейді.

АБАЙЛАҢЫЗ

Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда көлік құралын басқаруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.


Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда көлік құралын жүргізу соқтығысу не кенеттен тежеу жағдайында ауыр не өлімге әкелетін жарақат алу ықтималдығын арттырады.

Жүргізуші мен жолаушылар орындықтарда әрқашан тиісті түрде отыруы, қауіпсіздік белбеулерін тағуы тиіс, ал орындықтардың арқалықтары тігінен орнатылып тұруы керек.

Барынша тиімділікті қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік белбеулері сан мен кеуденің үстімен өткізілуі тиіс. Кеудеге жанасып тұрмағандықтан, орындық арқалығы қайырылып тұрғанда иық белбеуі өзінің қызметін орындай алмайды. Оның орнына ол сіздің алдыңызда тұрады.

Апат жағдайында қауіпсіздік белбеуіне қатты соғылу қаупі бар, бұл мойын жарақатына не өзге жарақаттарға әкеледі.

Орындық арқалығы неғұрлым қатты қайырылып тұрса, жолаушы санының белге арналған қауіпсіздік белбеуінің астында қозғалу немесе жолаушы мойнының иық бауына ұрыну ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.



OCN7030004

Орындық көпшігінің биіктігі (жүргізуші орындығында, бас болса)

- Орындық көпшігін түсіру үшін тұтқаны бірнеше рет басу керек.
- Орындық көпшігін көтеру үшін тұтқаны жоғары қарай бірнеше рет тарту керек.

Электржетекпен реттеу (бар болса)


АБАЙЛАҢЫЗ

ЕШБІР ЖАҒДАЙДА балаларды автокөлік ішінде қараусыз қалдырмаңыз. Балалар абайсызда реттеу ауыстырып қосқышын басып қалып, жылжыған орындық механизмі оларды қысып қалуы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Орындықтарды зақымдамау үшін төмендегілерге назар аударыңыз.


- Орындық шеткі алдыңғы не артқы күйге келтірілгенде, реттеуді тоқтату керек.
- Қозғалтқыш өшіп тұрғанда орындық күйін қажетті уақыттан артық реттеуге болмайды. Аккумулятор батареясының заряды отырып қалуы мүмкін.
- Екі немесе одан көп орындықты бір мезгілде реттемеңіз. Бұл электр жабдығының бұзылуына әкелуі мүмкін.



Бойлық күйді реттеу

Орындықты алға не артқа жылжыту үшін төменде көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.

1. Жылжыту реттегішін алға немесе артқа басыңыз.
2. Орындық қажетті күйге келтірілген бойда реттегішті жіберіңіз.



Орындық арқалығының еңкею бұрышы

Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу үшін төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындаңыз.

1. Жылжыту реттегішін алға немесе артқа басыңыз.
2. Орындық арқалығы қажетті күйге келтірілген бойда реттегішті жіберіңіз.

Орындық арқалығын қайыру

Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда көлік құралын жүргізу қауіпті болуы мүмкін. Арқалықты қайырған кезде, тіпті қауіпсіздік белбеуі тағылып тұрса да, қауіпсіздік жүйесінің (қауіпсіздік белбеуі мен қауіпсіздік жастықтары) тиімділігі әлдеқайда төмендейді.

АБАЙЛАҢЫЗ


Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда көлік құралын басқаруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда көлік құралын жүргізу соқтығысу не кенеттен тежеу жағдайында ауыр жарақат алу не өліп кету ықтималдығын арттырады.

Жүргізуші мен жолаушылар орындықтарда әрқашан тиісті түрде отыруы, қауіпсіздік белбеулерін тағуы тиіс, ал орындықтардың арқалықтары тігінен орнатылып тұруы керек.

Барынша тиімділікті қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік белбеулері сан мен кеуденің үстімен өткізілуі тиіс. Кеудеге жанасып тұрмағандықтан, орындық арқалығы қайырылып тұрғанда иық белбеуі өзінің қызметін орындай алмайды. Оның орнына ол сіздің алдыңызда тұрады. Апат жағдайында қауіпсіздік белбеуіне қатты соғылу қаупі бар, бұл мойын жарақатына не өзге жарақаттарға әкеледі.

Орындық арқалығы неғұрлым қатты қайырылып тұрса, жолаушы санының белге арналған қауіпсіздік белбеуінің астында қозғалу немесе жолаушы мойнының иық бауына ұрыну ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.



OCN7030007

Орындықтың биіктігі (1, бар болса)

Орындық көпшігінің алдыңғы бөлігінің еңкею бұрышын өзгерту үшін төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындаңыз.

Орындық көпшігінің алдыңғы жағын көтеру үшін реттегіштің алдыңғы бөлігін жоғары, ал төмен түсіру үшін төмен жылжытыңыз.


Орындық қажетті күйге келтірілген бойда реттегішті жіберіңіз.

Орындықтың биіктігі (2, бар болса)

Орындық көпшігінің биіктігін өзгерту үшін төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындаңыз.

Орындық көпшігін көтеру үшін реттегіштің артқы бөлігін жоғары, ал төмен түсіру үшін төмен жылжытыңыз.

Орындық қажетті күйге келтірілген бойда реттегішті жіберіңіз.




OCN7030008

Бел тіреуі (бар болса)

- Бел тіреуін оның ауыстырып қосқышын басып реттеуге болады.
- Тіреуді арттыру үшін реттегіштің алдыңғы бөлігін (1), тіреуді азайту үшін реттегіштің артқы бөлігін (2) басыңыз.

Орындық арқалығындағы қалта (бар болса)



OCN7030016

Алдыңғы орындықтың арқалығында қалта бар.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Орындық арқалықтарындағы қалталарға ауыр не өткір заттар салмаңыз. Апат жағдайында олар жолаушыларға жарақат келтіруі мүмкін.


Артқы орындықтар

Артқы орындықты жинау (бар болса)

Ұзын заттарды тасымалдау немесе көлік құралының жүксалғышының көлемін ұлғайту үшін артқы орындықтардың арқалықтарын жинауға болады.

⚠ АБАЙЛАҢИЗ

- Ешбір жағдайда автокөлік қозғалып бара жатқанда жолаушылардың артқы орындықтың жиналған арқалығының үстіне отыруға жол бермеңіз: бұл орын отыруға арналмаған; оған қоса мұндай жағдайда қауіпсіздік белбеуін қолдану мүмкін емес. Күрт тежелген немесе жол-көлік оқиғасы орын алған кезде ауыр жарақат алу немесе өліп кету қаупі туындайды.
- Артқы орындықтың жиналған арқалығына қойылған заттар алдыңғы орындықтардың арқалығынан биік тұрмауы тиіс. Күрт тежелгенде мұндай жүк алдыға қарай жылжып кетуі және адамдарға жарақат немесе мүлікке зақым келтіруі мүмкін.



OCN7030019


Артқы орындық арқалығын жинау процедурасы:

1. Алдыңғы орындық арқалығын тік күйге келтіріп алып, қажетінше орындықты алға қарай жылжытыңыз.
2. Артқы бассүйегіштерді шеткі төменгі күйіне түсіріңіз.



OCN7030022

3. Жүксалғыш бөлімде орналасқан орындық арқалығын жинау иіңтірегін (1) тартыңыз.



OCN7030021

4. Орындық арқалығын автокөліктің алдыңғы жағына қаратып жинаңыз.
5. Артқы орындықты қолдану үшін орындық арқалығын көтеріңіз де, автокөліктің артқы жағына қарай тартыңыз. Сырт еткен дыбыспен орнына түсуі үшін орындық арқалығын күш салып тартыңыз. Орындық арқалығының бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Артқы орындық арқалығын жиналған күйден тік күйіне қайта келтірген кезде оны ұстап тұрып, баяу көтеру керек. Орындық арқалығының жоғарғы бөлігін басып, оның тігінен бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Егер орындық арқалығы бекітілмеген болса, онда апат жағдайында не кенеттен тоқтаған кезде жүк едәуір күшпен алға қарай жылжып кетіп, ауыр жарақаттарға не өлімге себеп болуы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Артқы орындыққа заттарды салмаңыз, себебі оларды тиісті түрде бекіту мүмкін емес. Соқтығысу кезінде олар ауыр жарақаттарға не өлімге себеп болуы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ


Жүкті тиер немесе түсірер алдында қозғалтқыштың өшірілгеніне, берілісті ауыстыру иіңтірегінің Р (тұрақ) күйіне келтірілгеніне және тұрақ тежегішінің қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Бұл шарттар орындалмаған жағдайда берілісті ауыстыру иіңтірегі абайсызда басқа күйге ауысып кететін болса, автокөлік орнынан қозғалып кетуі мүмкін.

Шынтақтаяныш (бар болса)



Шынтақтаяныш артқы орындықтың ортасында орналасқан. Қолдану үшін шынтақтаянышты орындық арқалығынан төмен түсіріңіз.

Ұзын өлшемді/жіңішке жүкті тасымалдау (бар болса)



Автокөлікте жабық жүксалғышқа толығымен сыймайтын ұзын өлшемді және жіңішке жүктерге (шаңғы, шаңғы таяқтары және т.б.) арналған қосымша кеңістік қарастырылған.

1. Шынтақтаянышты төмен қарай тартыңыз.
2. Қақпақты төмен қарай тартып, дәл сол сәтте бекіткіш иінтіректі басыңыз.

⚠️ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Көлік құралының ішкі қаптамасын зақымдап алмау үшін, артқы жолаушы орындықтары арқылы жүкті өткізген кезде сақ болу керек.
- Жүк артқы жолаушы орындықтары арқылы тиелген кезде оны қозғалыс кезінде өздігінен жылжып кетпейтіндей етіп бекіту керек.

⚠️ АБАЙЛАҢЫЗ

Соқтығысу кезінде автокөлік салонының ішімен кенет жылжып кетпеуі және жолаушыларға жарақат келтірмеуі үшін жүк әрдайым сенімді түрде бекітілуі тиіс. Артқы орындыққа заттарды салмаңыз, себебі оларды тиісті түрде бекіту мүмкін емес. Соқтығысу кезінде олар алдыңғы жолаушыларға жарақат келтіруі мүмкін.

⚠️ АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлікке жүк тиеу

Жүкті тиер немесе түсірер алдында қозғалтқыштың өшірілгеніне, берілісті ауыстыру иінтірегінің Р (тұрақ) күйіне келтірілгеніне және тұрақ тежегішінің қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Бұл шарттар орындалмаған жағдайда берілісті ауыстыру иінтірегі абайсызда басқа күйге ауысып кететін болса, автокөлік орнынан қозғалып кетуі мүмкін.

Бассүйегіш

Автокөліктің алдыңғы және артқы орындықтары реттелетін бассүйегіштермен жабдықталған.


Бассүйегіштер жолаушылардың жайлылығын қамтамасыз етеді, бірақ олар негізінде жолаушыларды апат жағдайында, әсіресе бағыттас соқтығысу (арттан келетін соққы) кезінде, қамшылық жарақат пен өзге омыртқа не мойын жарақаттарынан қорғайды.



АБАЙЛАҢЫЗ

Ауыр жарақаттар немесе өлім-жітім (апат жағдайында) қаупін азайту үшін бассүйегіштерді реттеген кезде төменде көрсетілген сақтық шараларын қолдану қажет.

- Көлік құралымен жолға шықпас бұрын барлық жолаушы орындықтарының бассүйегіштерін реттеп алу қажет.



- Бассүйегіштерді бассүйегіштің ортаңғы бөлігі көз деңгейінде орналасатындай етіп баптау керек.
- Көлік құралы қозғалып бара жатқанда жүргізуші орындығының бассүйегішін реттеуге БОЛМАЙДЫ.
- Бассүйегіш жолаушының басына мүмкіндігінше жақын орналасуы тиіс. Жолаушының денесін орындық арқалығынан ажыратып тұратын қаптамаларды қолданбаңыз.
- Реттеуді орындап болған соң, бассүйегіштің қажетті күйде бекітіліп тұрғанына көз жеткізіңіз.

МӘЛІМДЕМЕ


Зақымдардың алдын алу үшін бассүйегішті соғып тартпаған дұрыс.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Артқы орындықтарда жолаушылар отырмаса, бассүйегіштерді ең төменгі күйге келтіріңіз. Артқы орындықтың бассүйегіші артқы көріністі нашарлатуы мүмкін.

Алдыңғы орындықтардың бассүйегіштері



OCN7030064L

Жолаушылардың жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін алдыңғы орындықтар реттелетін бассүйегіштермен жабдықталған.



OCN7030010


Биіктігі бойынша реттеу

1. Бассүйегішті қажетті күйге көтеріңіз (1).

Бассүйегішті түсіру үшін төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындаңыз.





1. Бассүйегіш тіреуіндегі бекіткіш түймесін (2) басып ұстап тұрыңыз.
2. Бассүйегішті қажетті күйге түсіріңіз (3).

МӘЛІМДЕМЕ



©HI1038136

Орындық арқалығын алға еңкейткен кезде орындық көпшігі мен бассүйегіш көтеріңкі күйде тұрса, бассүйегіштің күнқағармен немесе көлік құралының өзге интерьер элементтерімен жанасып тұруы әбден мүмкін.



Шешіп алу/орнату

Бассүйегішті шешіп алу үшін төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындаңыз.

1. Орындық арқалығын (2) арқалық еңкіштігін реттеу иінтірегімен немесе ауыстырып қосқышымен (1) еңкейтіңіз.
2. Бассүйегішті мүмкіндігінше жоғары көтеріңіз.
3. Бассүйегіштің бекіткіш түймесін (3) басып, дәл сол уақытта бассүйегішті жоғары қарай тартыңыз (4).

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

ЕШБІР ЖАҒДАЙДА ешкімге бассүйегіші шешіп алынған немесе артқа қаратылған орындықта отырып жол жүруіне рұқсат етпеңіз.

Бассүйегішті орнату үшін төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындаңыз.


Бассүйегішті шешіп алу үшін төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындаңыз.

1. Орындық арқалығын еңкейтіңіз.
2. Бекіткіш түймесін (1) баса отырып, бассүйегіш тіреулерін (2) саңылауларға кигізіңіз.
3. Бассүйегішті қажетті биіктікке келтіріп реттеңіз.
4. Орындық арқалығын (4) арқалық еңкіштігін реттеу иінтірегімен немесе ауыстырып қосқышымен (3) еңкейтіңіз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


Бассүйегішті тиісті түрде қайта орнатып, баптап алған соң, оның өз орнына бекітілетініне көз жеткізіңіз.

Артқы орындықтардың бассүйегіштері



*: бар болса

Жолаушылардың жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін артқы орындықтар бассүйегіштермен жабдықталған.



Биіктігі бойынша реттеу

Бассүйегішті көтеру үшін төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындаңыз.

1. Бассүйегішті қажетті күйге көтеріңіз (1).

Бассүйегішті көтеру үшін төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындаңыз.

1. Бассүйегіш тіреуіндегі бекіткіш түймесін (2) басып ұстап тұрыңыз.
2. Бассүйегішті қажетті күйге түсіріңіз (3).

Жылытқышы мен желдеткіші бар орындықтар

Орындықтардың жылытқыштары (бар болса)

Орындықтардың жылытқыштары суық ауа райында орындықтарды жылытуға арналған.

АБАЙЛАҢЫЗ

Орындықтардың жылытқыштары тіпті төмен температурада, әсіресе ұзақ қолданған жағдайда, АУЫР КҮЙІКТЕРГЕ себеп болуы мүмкін.

Жолаушылар орындықтың тым ыстық болып кеткенін сезе алып, жылытқышты уақытылы өшіріп қоюы тиіс.

Температураның өзгерісін немесе терінің ауырсынуын анықтай алмайтын адамдар ерекше сақтық танытуы тиіс. Бұл әсіресе келесі жолаушыларға қатысты:

- нәрестелер, балалар, қарт адамдар немесе әрекет етуге қабілетсіз тұлғалар, сондай-ақ жақында үйіне шығарылған науқастар;
- терісі сезімтал адамдар;
- қалжыраған адамдар;
- интоксикацияға ұшыраған адамдар;
- қалғу мен ұйқышылдықты туғызатын медициналық препараттардың әсеріндегі адамдар.

АБАЙЛАҢЫЗ

ЕШБІР ЖАҒДАЙДА орындықтарға орындық жылытқышының жылу берілісіне кедергі келтіретін заттар (мысалы, жамылғы немесе жастықтар) қоймаңыз. Бұл орындық жылытқышының қызып кетуіне әкеліп, күйіктің немесе орындықтың зақымдануының себебі болуы мүмкін.

МӘЛІМДЕМЕ

Орындықтар мен орындықтардың жылытқыштары зақымдалмас үшін төменде көрсетілген ақпаратқа назар аударыңыз.

- Орындықтарды тазалау үшін бояу сұйылтқыштарды, бензол, спирт және бензин сияқты еріткіштерді қолдануға тыйым салынады.
- Жылытқышы бар орындыққа ауыр не өткір заттарды қоймаған жөн.
- Орындықтардың қаптарын ауыстырмаған жөн. Бұл орындық жылытқышының немесе желдету жүйесі бөлшектерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.



Қозғалтқыш істеп тұрғанда тиісті ажыратқыштың көмегімен жүргізуші не жолаушы орындығының жылытқышын қосыңыз.

Егер ауа райы жылы болса немесе орындықты жылыту функциясы қажет болмаса, ажыратқыштар «өшірулі» күйіне қойылуы тиіс.

- Температураны қолмен реттеу
Ажыратқышты басқан сайын орындықтың температура режимі төмендегідей өзгереді:
 - Алдыңғы орындық
 - «OFF» (Өшіру) → «HIGH (Жоғары)» (☀️☀️☀️)
 - ↑
 - «LOW (Төмен)» (☀️) ← «MIDDLE (Орташа)» (☀️☀️)
 - ↓
 - Артқы орындық
 - «OFF» → «HIGH (Жоғары)» → «LOW (Төмен)»
 - (Өшіру) (Жоғары) (Төмен)
 - ↑

- Температураның автоматты түрде реттелуі

ON (ҚОСУ) түймесін қолмен қосқан соң, орындық жылытқышы төмен температуралық күйіктердің алдын алу үшін орындық температурасын автоматты түрде басқара бастайды.

- Алдыңғы орындық

«OFF» (Өшіру) → «HIGH (Жоғары)» (☀️☀️☀️☀️)
↑ ↓ 30 МИН

«LOW (Төмен)» (☁️☁️☁️☁️) ← «MIDDLE (Орташа)» (☀️☀️☀️☀️)
60 МИН

- Артқы орындық

«OFF» → «HIGH (☀️☀️☀️☀️)» → «LOW (☁️☁️☁️☁️)»
(Өшіру) (Жоғары) (Төмен)
30 МИН

Орындықтың температурасын жоғарылату үшін ауыстырып қосқышты қолмен басуыңызға болады. Алайда көп ұзамай ол қайтадан автоматты режимге ауысады.

- Егер жылытқыш істеп тұрғанда ауыстырып қосқышты 1,5 секундтан ұзақ басып тұрсаңыз, орындық жылытқышы өшеді.
- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» (Қосу) күйіне ауыстырылған сайын орындықтардың жылытқышы «OFF» (Өшіру) күйіне ауысады. Алайда Auto Comfort Control (Жайлылықты автоматты түрде басқару) функциясы қосулы болса, орындық жылытқышы қоршаған орта температурасына байланысты қосылып, өшіріледі.
- Жайлылық деңгейін автоматты түрде бақылау (жүргізуші орындығында, бар болса)

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда орындықты жылыту функциясы орындық температурасын қоршаған орта температурасына байланысты автоматты түрде реттейді. Орындықты жылыту ауыстырып қосқышы басылып тұрса, жылытуды қолмен басқару қажет. Бұл функцияны пайдалану үшін оны AVN жүйесінің экранындағы «Settings» (Баптаулар) мәзірінде іске қосу қажет. Толығырақ мәлімет автокөліктің ақпараттық-ойын-сауық жүйесіне арналған жеке нұсқаулықта берілген.

Желдету жүйесі бар алдыңғы орындық (бар болса)




Орындықтарды желдету жүйесі орындықтардың көпшіктері мен арқалықтарының бетіндегі шағын желдеткіш саңылаулары арқылы ауа жіберіп, алдыңғы орындықтарды салқындатады.

Егер орындықтарды желдету жүйесінің жұмысы қажет болмаса, онда ауыстырып қосқыштарды ажыратып қою керек.

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының орындығын салқындату үшін ауыстырып қосқышты басыңыз.

- Түймені басқан сайын ауа ағынының күші келесідей өзгереді:

«OFF» (Өшіру) → «HIGH (Жоғары)» 

«LOW (Төмен)»  ← «MIDDLE (Орташа)» 

- Егер орындықтарды желдету жүйесі істеп тұрғанда ауыстырып қосқышты 1,5 с астам уақыт басып тұрса, жүйе өшеді.
- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» (Қосу) күйіне қойылған сайын орындықтардың желдеткіші «OFF» (Өшіру) күйіне ауысады. Алайда Auto Comfort Control (Жайлылықты автоматты түрде басқару) функциясы қосұлы болса, жүргізуші орындығының желдеткіші қоршаған орта температурасына байланысты қосылып, өшіріледі.
- Жайлылық деңгейін автоматты түрде бақылау (жүргізуші орындығында, бар болса) Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда орындықтарды желдету функциясы орындық температурасын қоршаған орта температурасына байланысты автоматты түрде реттейді. Орындықтарды желдету ауыстырып қосқышы басылып тұрса, жылытуды қолмен басқару қажет. Бұл функцияны пайдалану үшін оны ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің экранындағы «Settings» (Баптаулар) мәзірінде іске қосу қажет. Толығырақ мәлімет автокөліктің ақпараттық-ойын-сауық жүйесіне арналған жеке нұсқаулықта берілген.

МӘЛІМДЕМЕ

Орындықтарды желдету жүйесінің зақымдануын болдырмау үшін:

- орындықтарды желдету жүйесін климат-контроль жүйесі қосылып тұрғанда ҒАНА қолданыңыз; орындықтарды желдету жүйесін климат-контроль жүйесі өшіріліп тұрғанда ұзақ уақыт бойы қолдану орындықтарды желдету жүйесінің бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Орындықтарды тазалау үшін бояу сұйылтқыштарды, бензол, спирт және бензин сияқты еріткіштерді қолдануға тыйым салынады.
- Алдыңғы орындықтарға сұйықтық төгуге болмайды, кері жағдайда желдеткіш саңылаулары бітеліп қалып, салдарынан жүйе зақымдалуы мүмкін.
- Орындықтың астына пластик пакеттер немесе газеттер секілді заттарды қоймаңыз. Олар ауаның сорылу жолын бөгеп, желдету жүйесінің тиісінше жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін.
- Орындықтардың қаптарын ауыстырмаған жөн. Бұл орындықтарды желдету жүйесін зақымдауы мүмкін.
- Желдету жүйесі жұмыс істемей тұрса, қозғалтқышты өшіріп, қайта қосыңыз. Ешқандай өзгеріс байқалмаса, көлік құралын тексерту үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

ҚАУІПСІЗДІК БЕЛБЕУЛЕРІ

Бұл тарауда қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдалану сипаттамасы берілген. Оған қоса, қауіпсіздік белбеулерін қолданған кезде рұқсат етілмеген кейбір әрекеттер де келтірілген.

Қауіпсіздік белбеулерін қолданған кездегі сақтық шаралары

Қозғалысты бастамай тұрып әрқашан қауіпсіздік белбеуін тағып, барлық жолаушылардың да қауіпсіздік белбеулерін таққанына көз жеткізу қажет. Қауіпсіздік жастықтары жүйесі (бар болса) қауіпсіздік белбеулеріне тек қосымша болып табылады және қауіпсіздік белбеулерін алмастыра алмайды. Көптеген елдерде көлік құралындағы адамдардың бәрінің қауіпсіздік белбеулерін тағуы талап етіледі.



АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік қозғалып бара жатқанда **БАРЛЫҚ** жолаушылардың қауіпсіздік белбеулері тағылып тұруы тиіс. Қауіпсіздік белбеулерін реттеп, таққан кезде келесі іс-әрекеттер орындалуы тиіс:

- 13 жасқа дейінгі балаларды **ӘРҚАШАН** артқы орындықтарға отырғызып, тиісті ұстап тұру жүйесін тағыңыз.
- **ЕШБІР ЖАҒДАЙДА** балаларға алдыңғы жолаушы орындығына отырып жол жүруге рұқсат етпеңіз. Бала 13 жастан асқан болса, ол алдыңғы орындықта отыруы тиіс, орындық мүмкіндігінше артқа жылжытылып, бала қауіпсіздік белбеуін тағып отыруы тиіс.
- Балалар мен сәбилерге жолаушы орындығының қауіпсіздік белбеуінің бел бөлігін тағуға **БОЛМАЙДЫ**.
- Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда көлік құралын басқаруға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**.
- Бірнеше баланы бір орындыққа отырғызуға немесе оларға бір белбеу тағуға тыйым салынады.

- **Иық** белбеуін қол астынан не арқадан өткізуге тыйым салынады.
- **Ешбір жағдайда** қауіпсіздік белбеуін сынғыш заттардың үстінен өткізіп тақпаңыз. Кенеттен тежеген не соқтығысқан жағдайда олар белбеумен зақымдануы мүмкін.
- Қауіпсіздік белбеуін ширатылған күйінде қолдануға тыйым салынады. Ширатылған қауіпсіздік белбеуі апат жағдайында тиісті қорғаныспен қамтамасыз етпейді.
- Зақымдалған қауіпсіздік белбеуін қолдануға болмайды.
- Қауіпсіздік белбеуінің басын басқа орындықтың тоғасына салуға болмайды.
- Қауіпсіздік белбеуін жүріс барысында ағытуға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**. Өйткені автокөлікті басқару мүмкіндігінен айырылып, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.
- Белбеу басының қауіпсіздік белбеуінің тоғасына бекітілуіне еш нәрсенің кедергі келтірмей тұрғанына көз жеткізіңіз. Бұл бастың тоғаға тиісінше бекітілуіне кедергі келтіруі мүмкін.
- Автокөлік иесіне құрылымға қауіпсіздік белбеулерін керу құрылғыларының қалыпты жұмысына кедергі жасайтын немесе белбеудің керілуін реттеуге кедергі келтіретін өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге тыйым салынады.



АБАЙЛАҢЫЗ

Зақымдалған қауіпсіздік белбеулері мен керу механизмдері тиісті түрде жұмыс істемейді. Мыналарды ауыстыру қажет:

- тозған, ластанған не зақымданған таспаларды;
- зақымданған бөлшектерді.
- Апаттан соң, тіпті көзге көрінетін зақымдар жоқ болса да, жинақтағы бүкіл қауіпсіздік белбеулері жүйесін ауыстыру керек.

Қауіпсіздік белбеуінің ескерту сигналы

Қауіпсіздік белбеулердің тағылмағаны туралы ескерту

- Аспаптар тақтасы (жүргізуші мен алдыңғы жолаушы орындығы)



1GQA2083


Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуінің тағылмағаны туралы ескерту

«Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесі «ON» (Қосу) немесе «START» (Оталдыру) күйіне ауыстырылған сайын қауіпсіздік белбеуінің күйіне қарамастан қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамы жүргізушіге арналған ескерту ретінде жанып тұрады және шамамен 6 секунд бойы ескерту сигналы беріледі. Осы ретте қауіпсіздік белбеуі тағылмаса, 6 секунд бойы ескерту сигналы беріліп тұрады.

Егер «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесі «ON» (Қосу) немесе «START» (Оталдыру) күйіне ауыстырылғаннан кейін ағытылған болса, қауіпсіздік белбеуі тағылмайынша жанып тұратын сигнал шамы жанады.

Егер белбеуді тақтастан қозғалысты бастайтын болсаңыз немесе 20 км/сағ төмен жылдамдықпен қозғалған кезде белбеуді ағытсаңыз, тиісті бақылау шамы қауіпсіздік белбеуі тағылмайынша жанып тұрады.

Егер қауіпсіздік белбеуі тағылмаған болса, ал автокөлік қозғалысының жылдамдығы 20 км/сағ мәнінен асатын болса, шамамен 100 секунд бойы ескерту сигналы беріледі, ал тиісті бақылау шамы жыпылықтап тұрады.



OCN7030059

Артқы қатардағы қауіпсіздік белбеуінің тағылмағанын білдіретін сигнал (бар болса)


«Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесі «ON» (Қосу) немесе «START» (Оталдыру) күйіне ауыстырылған сайын қауіпсіздік белбеуінің күйіне қарамастан артқы орындықтардағы жолаушылардың қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамы жолаушыға арналған ескерту ретінде шамамен 6 секунд бойы жанып тұрады.

Егер «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесі «ON» (Қосу) немесе «START» (Оталдыру) күйіне ауыстырылған кезде жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылмаған болса немесе осы түйме «ON» (Қосу) немесе «START» (Оталдыру) күйіне ауыстырылғаннан кейін ағытылған болса, 70 секундқа сигнал шамы жанады.

Егер қауіпсіздік белбеуін тақпаған күйі қозғалысты бастайтын болсаңыз немесе қозғалыс кезінде қауіпсіздік белбеуін ағытсаңыз және автокөліктің жылдамдығы 20 км/сағ төмен болса, тиісті сигнал шамы 70 секунд бойы жанып тұрады. Егер қауіпсіздік белбеуін тақпай қозғалысты жалғастырсаңыз немесе қозғалыс кезінде қауіпсіздік белбеуін ағытсаңыз және автокөліктің бұл кездегі жылдамдығы 20 км/сағ асатын болса, онда қауіпсіздік белбеуінің тағылмағанын ескертетін дыбыстық сигнал шамамен 35 секундқа қосылып, тиісті сигнал шамы жыпылықтай бастайды.


Қауіпсіздік белбеулері жүйесі

Бел-иық қауіпсіздік белбеуі



Қауіпсіздік белбеуін тағу үшін төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындаңыз.

Белбеуді тартқыш құрылғыдан тартып шығарып, металл басын (1) тоғаға (2) салу қажет. Белбеу басы тоғаға бекітілген кезде сырт еткен дыбыс айқын естіліуі тиіс.



Белбеудің белдік бөлігі (1) сандарға, ал иық бөлігі (2) — кеудеге жанасып тұруы тиіс.

Сандарға тығыз жанасып тұруы үшін белдік бөлігі қолмен реттелгеннен кейін қауіпсіздік белбеуінің ұзындығы автоматты түрде реттеледі. Бірқалыпты, баяу алға қарай еңкейген кезде белбеу ұзындығы сәйкесінше ұзарады.

Кенеттен тежеген не соқтығысқан кезде белбеу ағымдағы күйде бұғатталады. Белбеу тым алға қарай кенеттен еңкейген кезде де бұғатталады.

МӘЛІМДЕМЕ

Егер тартқыш құрылғыдан белбеудің қажетті ұзындығы тартылмаса, белбеуді қатты тартып, жіберу керек.

Жіберген соң, белбеуді қажетті ұзындыққа бірсарынды тартуға болады.



АБАЙЛАҢЫЗ



Қауіпсіздік белбеуін тиісті түрде реттемеу апат жағдайында ауыр жарақат алу қаупін арттырады. Қауіпсіздік белбеулерін реттеген кезде төменде көрсетілген сақтық шаралары орындалуы тиіс

- Қауіпсіздік белбеуінің белдік бөлігін белге емес, жайлы болатындай мүмкіндігінше төменірек санның үстіне орналастырыңыз. Бұның арқасында соқтығысу кезінде мықты жамбас сүйектері соққы күшін қатты сезбей, ішкі жарақаттар ықтималдығы азаяды.
- Суретте көрсетілгендей бір қолыңызды иық белбеуінің астына, ал екіншісін белбеудің үстіне орналастырыңыз.
- Иық бауының бекітпесі тиісті биіктікте бекітілуі тиіс.
- Иық бауын мойын не бет арқылы өткізуге болмайды.

Биіктікті реттеу

Максималды жайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін иық бауын бекіту биіктігін төрт күйдің біріне реттеуге болады.

Иық бау мойыннан емес, кеуде мен иық ортасынан, есік жақтан өтуі керек.




Қауіпсіздік белбеуі бекітпесінің биіктігін реттеу үшін биіктік реттегішті қажетті күйге жылжыту қажет.

Биіктік реттегішті көтеру үшін оны жоғары қарай жылжытыңыз (1). Биіктік реттегішті түсіру үшін реттегіштің түймесін (2) басып тұрып, оны төмен қарай жылжытыңыз (3).

Бекіткішті бекіту үшін түймені жіберіңіз.

Орнында бекітілгеніне көз жеткізу үшін биіктік реттегішті жылжытып көріңіз.




Қауіпсіздік белбеуін ағыту үшін төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындау қажет.

Қауіпсіздік белбеуінің тоғасындағы ағыту түймесін (1) басыңыз.

Ағытылған қауіпсіздік белбеуінің бауы автоматты түрде тартқыш құрылғымен қайта жиналуы тиіс. Егер жиналмаса, белбеудің ширатылып қалмағанын тексеру керек.

Артқы ортаңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуі



06N7030027L

Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінде «CENTER» (Орталық) таңбасы бар тоға қолданылуы қажет.

i Ақпарат

Егер қауіпсіздік белбеуі тартқыш құрылғыдан шығарылмаса, белбеуді күшпен тартып, қайта жіберіңіз. Жіберген соң, белбеуді қажетті ұзындыққа бірсарынды тартуға болады.

Алдын ала керу құрылғысы бар қауіпсіздік белбеулері



0H1038143L

Автокөлік алдын ала кергіштері бар жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеулерімен жабдықталған. Кергіш белгілі бір бетпе-бет соқтығысу жағдайларында белге арналған қауіпсіздік белбеуін жолаушының денесіне тығыз жанастырып, тартып тұру қызметін атқарады. Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала кергіштері маңдайлық соқтығысулар кезінде қауіпсіздік жастықтарымен бірге іске қосылуы мүмкін.

Кенеттен тежеген кезде, не болмаса шұғыл қозғалып алға еңкеюге әрекеттенгенде қауіпсіздік белбеуінің тартқыш құрылғысы ағымдағы күйде бұғатталып қалады.

Алдын ала кергіш белгілі жағдайларда маңдайлық соқтығысу кезінде іске қосылып, қауіпсіздік белбеуін адамның денесіне қысып тартады.

Егер жүйе алдын ала кергіш іске қосылған кезде жүргізушінің немесе жолаушының қауіпсіздік белбеуінің шектен тыс керілуін тіркесе, тартқыш кергіштің ішіндегі жүктеме шектегіші тиісті қауіпсіздік белбеуінің қысымын ішінара азайтады.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Белбеуді әрқашан тағып, орындықта тиісті түрде отыру керек.
- Шиыршықталған немесе денеге тығыз жанасып тұрмайтын қауіпсіздік белбеуін қолдануға тыйым салынады. Шиыршықталған немесе тығыз жанасып тұрмайтын қауіпсіздік белбеуі апат жағдайында тиісті қорғанысты қамтамасыз етпейді.
- Қауіпсіздік белбеуі тоғасының жанына ешнәрсе қоюға болмайды. Бұндай жағдайда тоға тиісті түрде істемеуі мүмкін.
- Қосылғаннан кейін не апат жағдайында алдын ала кергіштерді ауыстыру керек.
- Алдын ала кергіштерге өз бетінше тексеру, қызмет көрсету, жөндеу немесе ауыстыру жұмыстарын жүргізуге **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**. Алдын ала кергіштерді тексеру, оларға қызмет көрсету, жөндеу немесе ауыстыру жұмыстарын ресми HYUNDAI дилерінде орындауға кеңес беріледі.
- Жинақтағы қауіпсіздік белбеуінің механизмін соққыға ұшыратпау керек.




АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала кергіштерін қосылғаннан кейін бірнеше минуттай қолмен ұстамаңыз. Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала кергіштерінің механизмдері іске қосылған кезде жоғары температураға дейін қызып, денені күйдіруі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Көлік құралының алдыңғы бөлігіндегі шанақ жұмыстары қауіпсіздік белбеуінің алдын ала кергіші жүйесінің зақымдалуына әкелуі мүмкін. Сол себепті бұл жүйені тексерту үшін ресми HYUNDAI дилеріне хабарласуға кеңес береміз.



OH1038175L

Алдын кергіштері бар қауіпсіздік белбеулері жүйесі төменде көрсетілген компоненттерден тұрады. Олардың орналасқан жері жоғарыда келтірілген суретте көрсетілген.

- (1) SRS қауіпсіздік жастықтарының ақаулығын білдіретін бақылау шамы
- (2) Тартқыш құрылғының (алдыңғы) алдын ала кергіші
- (3) SRS жүйесінің басқару блогы

МӘЛІМДЕМЕ

SRS қауіпсіздік жастықтары жүйесін іске қосатын датчик қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала кергіштерімен де байланыстырылған. Аспаптар панеліндегі SRS қауіпсіздік жастықтарының бақылау шамы оталдыру жүйесін қосқан кезде шамамен 6 секундқа жанып, содан соң сөнеді.

Алдын ала кергіш ақаулы болған жағдайда бақылау шамы SRS қауіпсіздік жастығы жұмысқа жарамды болса да жанып тұрады. Бақылау шамы жанбаса, сөнбесе не көлік құралы қозғалғанда жанып тұрса, қауіпсіздік белбеулерін алдын ала керу құрылғысын және (немесе) SRS қауіпсіздік жастықтарын мүмкіндігінше тездетіп ресми HYUNDAI дилеріне тексертуге кеңес береміз.

МӘЛІМДЕМЕ

- Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала кергіштері маңдайлық және бүйірлік соқтығысудың белгілі бір жағдайларда іске қосылады.
- Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала керу құрылғысы іске қосылғанда қатты шу шығып, салонда ұсақ шаң-тозаң мен түтін пайда болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай болып саналады және қауіп төндірмейді.
- Улы болмаса да бұл шаң теріге тиген жағдайда теріні тітіркендіреді және онымен ұзақ уақыт дем алмаған жөн. Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала кергіштерінің қосылуына әкелген апаттан кейін шаң басқан теріні сумен жақсылап жуып-шаю қажет.

Қауіпсіздік белбеулерін қолданған кездегі қосымша сақтық шаралары

Жүктілік кезінде қауіпсіздік белбеуін пайдалану

Жүктілік кезінде қауіпсіздік белбеуін әрқашан пайдалану керек. Болашақ баланы қорғаудың үздік тәсілі — қауіпсіздік белбеуін тағып қорғану.

Жүкті әйелдер әрқашан бел-иық қауіпсіздік белбеулерін қолдануы тиіс. Ол үшін иық бауды мойыннан мүмкіндігінше алыстатып, кеуденің үстімен өткізу қажет. Белбеудің белдік бөлігін құрсақтың дөңес бөлігінің астынан сан мен жамбас сүйегін қамтитындай етіп құрсақтан төмен орналастыру қажет.



АБАЙЛАҢЫЗ

Апат жағдайында болашақ баланың ауыр жарақаттану немесе өліп кету қаупін азайту үшін жүкті әйелдер қауіпсіздік белбеуінің белдік бөлігін болашақ бала жатқан құрсақтан жоғары не құрсақ үстінен орналастырмауы тиіс.

Қауіпсіздік белбеуін балаларға тағу

Нәресте және кішкентай бала

Көптеген елдерде заң бойынша балаларды тасымалдау үшін баланы ұстап тұрушы жүйелер мен қосымша жастықтар қолдану талап етіледі. Баланы ұстап тұрушы жүйелердің орнына қауіпсіздік белбеулерін қолдануға болатын жас әртүрлі елдерде әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан нақты елдегі белгілі бір талаптарды білу қажет. Сәбилерге арналған баланы ұстап тұрушы жүйе артқы орындыққа тиісті түрде орнатылуы керек. Толығырақ мәлімет осы тараудың «Баланы ұстап тұрушы жүйе» бөлімінде берілген.



АБАЙЛАҢЫЗ

Нәрестелер мен кішкентай балалар үшін тиісті салмақ топтарындағы баланы ұстап тұрушы құрылғылар қолданылуы ТИІС.

Жол-көлік оқиғасы жағдайында ауыр дене жарақаттарын алу қаупін төмендету үшін ЕШБІР ЖАҒДАЙДА баланы қолыңызға ұстап немесе алдыңызға отырғызып тасымалдамаңыз. Апат кезінде өте үлкен күштер туындайды, сол себепті қолыңыздан шығып кеткен бала автокөліктің ішкі бөлшектеріне соғылуы мүмкін.

Көлік қолданылатын елдің қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін баланы ұстап тұрушы жүйенің көмегімен артқы орындықта қауіпсіздік белбеуін тиісінше таққан кішкентай балалар апат жағдайында жарақат алудан барынша жақсы қорғалады. Баланы ұстап тұрушы жүйені сатып алмас бұрын, оның қолданылатын елдің қауіпсіздік стандарттарына сәйкес сертификатталғанына көз жеткізіңіз. Ұстап тұрушы жүйе баланың бойы мен салмағына сәйкес келуі тиіс. Бұған қатысты мәліметтерді заттаңбадан көруге болады. Осы тараудағы «Баланы ұстап тұрушы жүйе» бөлімін қараңыз.

Үлкен балалар

Қосымша жастықтарды қолдана алмайтын 13 жасқа толмаған балалар әрдайым артқы орындықта отырып, штаттық бел-иық қауіпсіздік белбеулерін қолданулары тиіс. Қауіпсіздік белбеуі баланың денесін тиісті түрде ұстап тұруы үшін санның жоғарғы бөлігін, иық пен кеудені қамтуы керек.

Белбеудің шақталуын жүйелі түрде тексеріп отыру қажет. Бала қозғалған кезде белбеу жылжып кетуі мүмкін. Балаларға тиісті ұстап тұрушы жүйе және (немесе) артқы орындықтағы қауіпсіздік белбеуі тағылса, апат жағдайында оларға қауіп төнбейді.

Егер 13 жастан асқан жасөспірім алдыңғы орындықта отыруы тиіс болса, ол қауіпсіздік белбеуінің штаттық бел және иық бөліктерін сенімді түрде тағып, орындық шеткі артқы күйге келтірілуі тиіс.

Егер белбеудің иық бөлігі баланың мойнына немесе бетіне біраз тиіп тұрса, оны автокөліктің ортасына қарай жылжытып көріңіз. Егер иық бау әлі де баланың бетіне не мойнына тиіп тұрса, тиісті бустер орындықты қолдану қажет.



АБАЙЛАҢЫЗ

- **Әрқашан үлкен балалардың қауіпсіздік белбеуінің тағылғанын және дұрыс реттелгенін тексеру керек.**
- **Иық бау баланың мойнына не бетіне тимей тұруы керек.**
- **Бір қауіпсіздік белбеуін бірнеше балаға тағуға тыйым салынады.**

Қауіпсіздік белбеуін пайдалану және жарақаттанған адамдар

Жарақаттанған адамды тасымалдаған кезде қауіпсіздік белбеуін пайдалану керек.

Нақты кеңестер алу үшін дәрігерге хабарласу керек.

Бір адам — бір белбеу

Бір белбеуді екі адамға (баланы қоса алғанда) тағуға тыйым салынады. Бұл жағдайда апат кезінде ауыр жарақат алу ықтималдығы артады.

Жатуға болмайды

Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда көлік құралын жүргізу қауіпті болуы мүмкін. Арқалықты шалқайтқан кезде, қауіпсіздік белбеуі тағылып тұрса да, қауіпсіздік жүйесінің (қауіпсіздік белбеулері мен жастықтары) тиімділігі айтарлықтай төмендейді.

Барынша тиімділікті қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік белбеулері сан мен кеуденің үстімен өткізілуі тиіс. Апат жағдайында қауіпсіздік белбеуіне қатты соғылу қауіп бар, бұл мойын жарақатына не өзге жарақаттарға әкеледі.

Орындық арқалығы неғұрлым қатты қайырылып тұрса, жолаушы санының белге арналған қауіпсіздік белбеуінің астында қозғалу немесе жолаушы мойнының иық бауына ұрыну ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.



АБАЙЛАҢЫЗ

- **Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда көлік құралын басқаруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**
- **Орындық арқалығы қайырылып тұрғанда көлік құралын жүргізу соқтығысу не кенеттен тежеу жағдайында ауыр жарақат алу не өліп кету ықтималдығын арттырады.**
- **Жүргізуші мен жолаушылар орындықтарда әрқашан тиісті түрде отыруы, қауіпсіздік белбеулерін тағуы тиіс, ал орындықтардың арқалықтары тігінен орнатылып тұруы керек.**

Қауіпсіздік белбеулерін тиісті түрде ұстау

Қауіпсіздік белбеулері жүйесін бөлшектеуге не өзгертуге тыйым салынады. Қауіпсіздік белбеулері мен олардың компоненттерін орындық ілмектерімен, есіктермен және т.б. зақымдап алмау үшін сақтық шараларын орындау қажет.

Мерзімді тексеріс

Барлық қауіпсіздік белбеулерін тозық пен зақымның бар-жоғына мерзімді түрде тексеріп тұру керек. Зақымдалған бөлшектерді мүмкіндік туа салысымен ауыстыру керек.

Белбеулер таза әрі құрғақ болуы тиіс.

Қауіпсіздік белбеулері таза және құрғақ болуы тиіс. Ластанған белбеулерді әлсіз сабын ерітіндісімен және жылы сумен тазалауға болады. Ағартқышты, бояуды, қатты жуғыш заттарды немесе абразивтерді қолдануға болмайды, өйткені олар матаны зақымдап, әлсіретуі мүмкін.

Қауіпсіздік белбеулерін ауыстыру

Апат жағдайында барлық қауіпсіздік белбеулері ауыстырылуы тиіс.

Бұл тіпті көзге көрінетін зақымдар жоқ болса да орындалуы тиіс. Кеңес алу үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласыңыз.

БАЛАНЫ ҰСТАП ТҰРУШЫ ЖҮЙЕ (БҰЖ)

Біздің кеңесіміз: балаларды тек артқы орындыққа отырғызып тасымалдаңыз



АБАЙЛАҢЫЗ

Алдыңғы жолаушы орындығының жастығы өшіп тұрмаса, әрқашан автокөліктің артқы орындықтарындағы балаларға белбеу тағыңыз.

Артқы орындықтарда отырған кез келген жастағы балаларға үлкен қауіп төнбейді. Алдыңғы жолаушы орындығында отырған бала қауіпсіздік жастығы ашылған кезде қатты жарақаттануы мүмкін, бұл АУЫР ЖАРАҚАТҚА НЕМЕСЕ ӨЛІМГЕ себеп болуы мүмкін.

Апат, шұғыл тежеу немесе кенет маневр жасау нәтижесінде жарақаттану қаупін барынша азайту үшін 13 жасқа толмаған балалар әрқашан артқы орындықтарда отырып, әрдайым тиісті түрде белбеу тағулары тиіс. Апаттар статистикасына сәйкес алдыңғы орындықтарда отырған балалармен салыстырғанда артқы орындықтарда белбеу тағып отырған балаларға азырақ қауіп төнеді. Егер баланы ұстап тұрушы жүйені пайдалану үшін бала тым үлкен болса, штаттық қауіпсіздік белбеулері қолданылуы тиіс.

Көптеген елдерде заң бойынша мақұлданған баланы ұстап тұрушы жүйелерді қолдану керек. Баланы ұстап тұрушы жүйелердің орнына қауіпсіздік белбеулері қолданылатын заңнамада белгіленген баланың жасы немесе салмағы/бойы әртүрлі елдерде өзгешеленуі мүмкін, сондықтан нақты елдегі белгілі талаптарды білу қажет.

Баланы ұстап тұрушы жүйе артқы орындыққа тиісті түрде орнатылуы керек. Қолданылатын елдегі қауіпсіздік стандарттарының талаптарына сәйкес келетін, нарықта қолжетімді баланы ұстап тұрушы жүйе пайдаланылуы тиіс.

Баланы ұстап тұрушы жүйелер әдетте көлік құралының орындығына белге арналған қауіпсіздік белбеуімен немесе үш нүктеде бекітілетін белбеудің бел бауымен немесе жоғарғы анкерлік белбеумен және/немесе ISOFIX анкерлік бекіткішімен бекітілуге арналған.

Баланы ұстап тұрушы жүйе әрқашан артқы орындықтарда орнатылады.

Нәрестелер мен кішкентай балалар автокөліктің артқы орындығына қозғалыс бағыты бойынша немесе қозғалыс бағытына қарсы қаратылып орнатылған тиісті баланы ұстап тұрушы жүйелерге таңылған болуы тиіс. Баланы ұстап тұрушы жүйені орнату және пайдалану бойынша өндірушінің нұсқауларын оқып орындау керек.



АБАЙЛАҢЫЗ

- **Орналып пайдаланған кезде әрқашан баланы ұстап тұрушы жүйе өндірушісінің нұсқауларын орындау керек.**
- **Балаға ұстап тұрушы жүйені тиісті түрде тағып қою керек.**
- **Алынбалы бала орындығын немесе орындық арқалығына орнатылатын балаға арналған қауіпсіздік орындығын қолдануға болмайды, себебі олар апат жағдайында тиісті қорғанысты қамтамасыз етпейді.**
- **Апаттан кейін баланы ұстап тұрушы жүйені, қауіпсіздік белбеулерін, ISOFIX анкерлік бекіткіштері мен зәкірлі белбеулердің бекіткіштерін тексерту үшін HYUNDAI дилеріне хабарласқан жөн.**

Баланы ұстап тұрушы жүйені (БҰЖ) таңдау

Баланызға БҰЖ таңдаған кезде мынаны ескерген жөн:

- БҰЖ-дың қолданылатын елдің күші бар қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігін растайтын сертификациялық заттаңбасы болуы керек.
- Баланы ұстап тұрушы жүйе баланың бойы мен салмағына қарай таңдалуы тиіс. Бұл ақпарат әдетте заттаңбаларда және жүйені пайдалану нұсқаулығында беріледі.
- Таңдалған баланы ұстап тұрушы жүйе ол қолданылатын көлік құралының орындықтарына сәйкес келуі керек.
- Орнатқан кезде баланы ұстап тұрушы жүйемен бірге берілген нұсқаулар мен ескертулер орындалуы тиіс.

Баланы ұстап тұрушы жүйелердің түрлері

Баланы ұстап тұрушы жүйелердің үш негізгі түрі бар: артқа қаратылған, алға қаратылған және қосымша жастықтар. Олар баланың жасына, бойына және салмағына сәйкес жіктеледі.



Қозғалыс бағытына қарсы орналасқан баланы ұстап тұрушы жүйе

Қозғалыс бағытына қарсы орналасатын баланы ұстап тұрушы жүйе баланың арқасы сүйенетін беттің көмегімен ұстап тұруды қамтамасыз етеді. Белбеулер жүйесі баланы орнында ұстап тұрады, ал жол-көлік оқиғасы кезінде оны баланы ұстап тұрушы жүйеде ұстап тұрып, мойын мен омыртқаға түсетін салмақты азайтады.

Бір жасқа толмаған балалар қозғалыс бағытына қарсы қаратылған баланы ұстап тұрушы жүйеде ғана орналасуы тиіс. Қозғалыс бағытына қарсы қаратылған баланы ұстап тұрушы жүйелердің көптеген түрлері бар. Сәбилерге арналған баланы ұстап тұрушы жүйелер тек қозғалыс бағытына қарсы орналасуы тиіс. Артқа қаратылған өзгертілетін баланы ұстап тұрушы жүйелер мен 3 әсерлі жүйелер үшін әдетте бой мен салмақ шегі көрсетіледі; бұл артқа қаратылған жүйелерде отырған балаларды ұзақ уақыт бойы тасымалдауға мүмкіндік береді.

Артқа қаратылған баланы ұстап тұрушы жүйелерді балалардың бойы мен салмағы өндіруші тарапынан белгіленген шектен асып кетпейінше қолдана беріңіз.



Алға қаратылған баланы ұстап тұрушы құрылғылар

Қозғалыс бағытына қаратылған балалар автоорындықтары баланы белбеулердің көмегімен ұстап тұрады. Баланың бойы мен салмағы бала автоорындығының өндірушісі тарапынан белгіленген шектеулерге жеткенге дейін белбеулермен жабдықталған қозғалыс бағытына қаратылған бала автоорындығында балаларды тасымалдаңыз.

Баланың бойы қозғалыс бағытына қаратылған бала автоорындығының өлшемдерінен асып кеткенде оны қосымша жастыққа отырғызып тасымалдау қажет.

Бустер орындықтар

Бустер орындық — бұл қауіпсіздік белбеулері жүйесінің жақсырақ бекітілуіне арналған автоорындық. Бустер орындықты пайдаланған кезде қауіпсіздік белбеулері бала денесінің ең берік бөліктеріне жанаса отырып, дұрыс орналасады. Балаларды бойлары қауіпсіздік белбеулері дұрыс орналасатындай жеткілікті деңгейге өскенге дейін бустер орындықта тасымалдау қажет.

Қауіпсіздік белбеуі дұрыс бекітілген жағдайда бел белбеуі іштің үстінде емес, санның жоғарғы бөлігінде жайлы орналасуы тиіс. Иыққа арналған қауіпсіздік белбеуі мойынның не беттің үстімен емес, иық пен кеуде арқылы өтуі тиіс. Апат жағдайында, кенет тежелгенде немесе шұғыл маневр жасағанда жарақат алу қаупін барынша төмендету үшін 13 жасқа толмаған балалар автокөлікте дұрыс бекітілген болуы тиіс.

Баланы ұстап тұрушы жүйені (БҰЖ) орнату



АБАЙЛАҢЫЗ

Баланы ұстап тұрушы жүйені орнатпай тұрып:

бала автоорындығының өндірушісі тарапынан ұсынылған орнату және қолдану бойынша нұсқауларымен танысып, оларды орындаңыз.

Апат жағдайында нұсқаулар мен ескертулерді орындамау АУЫР ЖАРАҚАТТАРҒА немесе ӨЛІМГЕ себеп болуы мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

Егер автокөліктің бассүйегіші бала орындығын дұрыс орнатуға кедергі жасаса, тиісті отыратын орынның бассүйегішін реттеу немесе толығымен шешіп алу керек.

Тиісті баланы ұстап тұрушы жүйені таңдап, артқы орындыққа орнатқаннан кейін өндірушінің нұсқауларына сәйкес оны тиісінше орнатуға арналған іс-әрекеттерді орындаңыз. Баланы ұстап тұрушы жүйені тиісінше орнату үшін төменде келтірілген үш негізгі әрекетті орындау қажет.

- **Баланы ұстап тұрушы жүйені көлік құралында тиісті түрде бекітіңіз.** Барлық баланы ұстап тұрушы жүйелерді көлік құралында қауіпсіздік бел белбеуімен немесе үш нүктеде бекітілетін белбеудің бел бауымен немесе жоғарғы ISOFIX анкерлік белбеуімен және/немесе ISOFIX анкерлік бекіткішімен бекіту керек.

- **Баланы ұстап тұрушы жүйенің дұрыс бекітілгенін тексеріңіз.** Баланы ұстап тұрушы жүйені орнатқаннан кейін сенімді бекітілгенін тексеру үшін оны алға қарай және жан-жаққа еңкейтуге әрекет жасау керек. Қауіпсіздік белбеуінің көмегімен бекітілетін бала автоорындығы барынша сенімді түрде бекітілуі тиіс. Әйтсе де орындық жан-жаққа азын-аулақ қозғалуы мүмкін.
Баланы ұстап тұрушы жүйені орнатқан кезде бала сол жүйеде жайлы отыруы үшін автокөлік орындығын реттеңіз (жоғары/төмен, алға/артқа).
- **Балаға баланы ұстап тұрушы жүйе белбеуін тағыңыз.** Баланың өндірушінің нұсқауларына сәйкес баланы ұстап тұрушы жүйеде бекітілгеніне көз жеткізіңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жабық автокөліктің ішінде баланы ұстап тұрушы жүйе қатты қызуы мүмкін. Күйік шалмауы үшін баланы ұстап тұрушы жүйеге баланы отырғызбай тұрып, орындық пен тоға бетін тексеріп алу керек.


Балаларға арналған ISOFIX төменгі бекіткіші және зәкірлі белбеу бекіткіші (ISOFIX бекіту жүйесі)

ISOFIX бекіткіштері қозғалыс кезінде және апат жағдайында баланы ұстап тұрушы жүйенің бекітілуін қамтамасыз етеді. Жүйе орнату процесін барынша жеңілдету және оның қате орындалу ықтималдығын төмендету үшін жобаланған. ISOFIX жүйесіне автокөлікте қарастырылған баланы ұстап тұрушы жүйенің бекіткіштері мен тетіктері пайдаланылады.

ISOFIX жүйесі баланы ұстап тұрушы жүйені артқы орындыққа бекіту үшін қауіпсіздік белбеулерін қолданудан бас тартуға мүмкіндік береді.

ISOFIX анкерлік бекіткіштері автокөлік шанағына кіріктірілген металл ілмектерден тұрады. ISOFIX жүйесі орнатылатын әрбір орын үшін екі төменгі бекіткіш қарастырылған, олар баланы ұстап тұрушы жүйе бекіткішінің төменгі бөлшектеріне арналған.

Автокөліктің ISOFIX жүйесін пайдалану үшін ISOFIX бекіткіштері бар баланы ұстап тұру жүйесін сатып алу қажет. (ISOFIX бекіткіштері бар баланы ұстап тұрушы жүйе ECE-R44 немесе ECE-R129 талаптарына сәйкес әмбебап қолдануға бекітілген жағдайда ғана орнатыла алады.) Баланы ұстап тұрушы жүйенің өндірушісі баланы ұстап тұрушы жүйені ISOFIX анкерлік бекіткіштеріне бекіту бойынша нұсқаулар беруге міндетті.




OCN7030033

ISOFIX анкерлік бекіткіштері шеткі сол және оң жақ артқы отыратын орындарға кірістірілген. Олардың орналасқан орындары суретте көрсетілген. Артқы ортаңғы орындық үшін төменгі ISOFIX бекіткіштері қарастырылмаған.

АБАЙЛАҢЫЗ

Баланы ұстап тұрушы жүйені ISOFIX анкерлік бекіткіштерімен артқы ортаңғы орындыққа орнатуға әрекеттенбеңіз. Ол ISOFIX анкерлік бекіткіштерімен жабдықталмаған. Ортаңғы орындыққа баланы ұстап тұрушы жүйені орнату үшін артқы шеткі орындықтардың анкерлік бекіткіштерін пайдалану анкерлік бекіткіштердің зақымдалуына алып келуі мүмкін.



OCN7030034

[A]: ISOFIX анкерлік бекіткіші орналасқан орынның көрсеткіші

[B]: ISOFIX анкерлік бекіткіші

ISOFIX анкерлік бекіткіштері орналасқан орындардың көрсеткіштері сол және оң жақ артқы орындықтардың көпшіктерінде көрсетілген (суреттегі көрсеткіні қараңыз).

Шеткі артқы орындықтың екеуі де ISOFIX анкерлік бекіткіштермен, оған қоса артқы орындықтардың арқалықтарының артқы жағындағы жоғарғы анкерлік белбеудің тиісті бекіткіштерімен жабдықталған.

(ECE-R44 немесе ECE-R129 сәйкес бүкіл дүние жүзінде мақұлданған баланы ұстап тұрушы жүйелер артқы орындықтардың арқалықтарының артқы жағына қосылатын жоғарғы анкерлік белбеулермен қосымша бекітілуі тиіс.)

ISOFIX анкерлік бекіткіштері арт жақтағы шеткі сол және оң жақ отыратын орындардың арқалығы мен көпшігінің арасында орналасқан.

ISOFIX анкерлік бекіткіштерін пайдалану үшін ISOFIX анкерлік бекіткіші қақпағының жоғарғы бөлігін басыңыз.

Баланы ұстап тұрушы жүйені «ISOFIX бекіту жүйесі» арқылы бекіту

ISOFIX бекіткіштерімен үйлесімді баланы ұстап тұрушы жүйені артық бүйірлік орындықтардың біріне орнату:

1. Қауіпсіздік белбеуінің ілмегін ISOFIX анкерлік бекіткішінен шетке қарай жылжытыңыз.
2. Баланы ұстап тұрушы жүйені ISOFIX анкерлік бекіткішіне жалғауға кедергі келтіретін барлық заттарды алып тастаңыз.
3. Баланы ұстап тұрушы жүйені көлік құралының орындығына орнатып, баланы ұстап тұрушы жүйе өндірушісінің нұсқауларына сәйкес орындықты ISOFIX анкерлік бекіткіштеріне жалғаңыз.
4. Баланы ұстап тұрушы жүйедегі ISOFIX бекіткіштерін ISOFIX анкерлік бекіткіштеріне дұрыс орнатуға және жалғауға қатысты баланы ұстап тұрушы жүйе өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.




АБАЙЛАҢЫЗ

ISOFIX жүйесін қолданған кезде төменде көрсетілген сақтық шаралары орындалуы тиіс.

- Баланы ұстап тұрушы жүйеге қосымша берілген орнату бойынша нұсқауларды оқып шығыңыз.
- Бала тартылмаған қауіпсіздік белбеулеріне қол жеткізіп, ұстауы мүмкін, сондықтан барлық қолданылмайтын қауіпсіздік белбеулерін тағып, баланың артындағы қауіпсіздік белбеулерінің бауларын тартып қою қажет. Иық бауы баланың мойнына оралып, қауіпсіздік белбеуі керілген жағдайда бала тұншығып қалуы мүмкін.
- Баланы ұстап тұрушы бірнеше жүйені бір анкерлік бекіткішке бекітуге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Бұл анкердің не бекіту тетігінің босауына не сынуына алып келуі мүмкін.
- Апаттан кейін ISOFIX жүйесі міндетті түрде дилерде тексертілуі тиіс. Апат нәтижесінде ISOFIX жүйесі зақымданған болып, баланы ұстап тұрушы жүйені тиісті түрде бекітіп тұра алмауы мүмкін.

Баланы ұстап тұрушы жүйені жоғарғы белбеу арқылы бекіту



OCN7030032

Бала автоорындығы ілмектерінің ұстағыштары аспаптар тақтасындағы ұсақ-түйек заттарға арналған бөлімде орналасқан.



OCN7030031

1. Бала автоорындығының белбеуін орындық арқалығының үстінен өткізіңіз. Автокөлік реттелетін бассүйегіштермен жабдықталған болса, зәкірлі белбеуді бассүйегіштің астынан екі өзегінің арасынан өткізіп алыңыз. Реттелетін бассүйегіштер болмаса, белбеуді орындық арқалығының үстіңгі бөлігі арқылы өткізіңіз.
2. Зәкірлі белбеуді зәкірлі бекітпеге жалғаңыз, содан кейін бала орындығын автокөлік орындығына бекіту үшін зәкірлі белбеуді бала орындығы өндірушісінің нұсқауларына сәйкес тарттырыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


Жоғарғы белбеудің көмегімен бекіткен жағдайда төменде көрсетілген сақтық шаралары орындалуы тиіс.

- Баланы ұстап тұрушы жүйеге қосымша берілген орнату бойынша нұсқауларды оқып шығыңыз.
- Баланы ұстап тұрушы бірнеше жүйені жоғарғы белбеуге арналған бір ISOFIX анкерлік бекіткішіне бекітуге **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**. Бұл анкерлік бекіткіштің не белбеу ілмегінің босауына не сынуына алып келуі мүмкін.
- Жоғарғы белбеуді өзіне арналғаннан өзге анкерлік бекіткіштерге бекітуге тыйым салынады. Сенімді бекітілмеген белбеу сенімді ұстап тұруды қамтамасыз етпеуі мүмкін.
- Бала орындығын бекіту тораптары тек тиісті түрде орнатылған бала орындығының жүктемелерін ғана қабылдауға арналған. Оларды ешбір жағдайда штаттық қауіпсіздік белбеулерін бекіту немесе автокөліктегі өзге заттарды немесе жабдықты бекіту үшін қолдануға рұқсат етілмейді.

Қауіпсіздік белбеулерімен бекітілетін бала автоорындықтарын (CRS) және ISOFIX бекіту жүйесі бар бала автоорындықтарын орналастыруға арналған әрбір отыратын орынның жарамдылығы БҰҰ нормаларына сәйкес анықталады.

(Автокөлік иелері мен бала автоорындықтарының өндірушілеріне арналған ақпарат)

- Иә: Көрсетілген санаттағы БҰЖ орнатуға жарамды
- Жоқ — көрсетілген санаттағы бала автоорындықтарына жарамайды
- «-»: қатысты емес

БҰЖ санаты		Отыратын орындар						Отыратын орын
		1	2	3	4	5	6	
Белбеумен бекітілетін әмбебап БҰЖ		-	-	-	Иә F, R	Иә ¹⁾ F, R	Иә F, R	<p>F: алға қаратылған R: артқа қаратылған</p>  <p>OCN7030068L</p>
і-size стандартындағы бала автоорындықтары	ISOFIX CRF: F2, F2X, R1, R2	—	-	Жоқ	Иә	Жоқ	Иә	
Тасымалы бала кереуеті (көлденеңінен орнатылатын ISOFIX бар БҰЖ)	ISOFIX CRF: L1, L2	-	-	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	
ISOFIX бар нәрестелерге* арналған CRS (*: ISOFIX бар емшектегі балаға арналған CRS)	ISOFIX CRF: R1	—	-	Жоқ	Иә R	Жоқ	Иә R	
Бөбек жасындағы балаларға арналған ISOFIX автоорындықтары — шағын	ISOFIX CRF: F2, F2X, R2, R2X	—	-	Жоқ	Иә F, R	Жоқ	Иә F, R	
Бөбек жасындағы балаларға арналған ISOFIX бар БҰЖ — үлкен өлшемді* (* Бустер орындықтар емес)	ISOFIX CRF: F3, R3	—	-	Жоқ	Иә F, R ²⁾	Жоқ	Иә F, R ²⁾	
Қосымша жастық — жіңішке	ISO CRF: B2	—	-	Жоқ	Иә ³⁾	Жоқ	Иә ³⁾	
Қосымша жастық — толық өлшемді	ISO CRF: B3	—	-	Жоқ	Иә ³⁾	Жоқ	Иә ³⁾	

Жолаушы орнының нөмірі	Автокөліктегі орналасуы	Жолаушы орнының нөмірі	Автокөліктегі орналасуы
1	Алдыңғы сол жақ	4	Екінші қатардағы сол жақ
2	Алдыңғы ортаңғы	5	Екінші қатардағы ортаңғы
3	Алдыңғы оң жақ	6	Екінші қатардағы оң жақ

Ескертпе¹⁾. № 5 отыратын орын тіреу тағаны бар балалар автоорындықтарын орнатуға жарамайды.

Ескертпе²⁾. Бөбек жасындағы балаларға арналған ISOFIX бар артқа қаратылған үлкен балалар автоорындығын орнату үшін

- Жүргізуші орындығы: жүргізуші орындығын орталық күйге жылжыту қажет. (Нөмірі 1 орындық)
- Алдыңғы жолаушы орындығы: орындық тірелгенше алдыға жылжытылған болуы тиіс. (Нөмірі 3 орындық)


Ескертпе³⁾. Қосымша жастықты орнатпас бұрын орындықтың бассүйегішін шешіп алыңыз.

* Қауіпсіздік жастығы өшірілмеген болса, ешбір жағдайда артқа қаратылған балалар автоорындығын алдыңғы жолаушы орындығына орнатпаңыз.

* Жартылай әмбебап немесе автокөліктің нақты моделіне ғана сәйкес келетін CRS (ISOFIX бар немесе белбеумен бекітілетін) үшін CRS нұсқаулығындағы автокөліктердің үйлесімді модельдерінің тізімімен танысыңыз.

Балалар автоорындығын бел/ иық қауіпсіздік белбеуін қолдана отырып бекіту

Егер ISOFIX жүйесі қолданылмаса, кез келген баланы ұстап тұрушы жүйе көлік құралының артқы орындығына белбеудің үш нүктеге бекітілетін белдік бауымен бекітілуі тиіс.




Баланы ұстап тұрушы жүйені үш нүктеге бекітілетін белбеуді қолдану арқылы орнату

Баланы ұстап тұрушы жүйені артқы орындыққа орнату үшін келесіні орындау керек:

1. Баланы ұстап тұрушы жүйені артқы орындыққа орнатыңыз және ұстап тұрушы жүйе өндірушісінің нұсқауларына сәйкес ол арқылы (немесе оны айналдыра) бел-иық қауіпсіздік белбеуін өткізіңіз. Белбеудің шиыршықталмағанына көз жеткізіңіз.

i Ақпарат

Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуін қолданған кезде осы тараудағы «Артқы орталық қауіпсіздік белбеуі» бөліміндегі ақпаратты ескеру қажет.



2. Белбеудің тоғасын тағыңыз. Сырт еткен дыбыс айқын естілуі тиіс.

i Ақпарат

Бекіткіш түймесін төтенше жағдайда оны кедергісіз пайдалана алатындай етіп орналастырыңыз.



3. Баланы ұстап тұрушы жүйені басып, иық бауын тартқыш құрылғыға итере отырып, белбеуді мықтап тартыңыз.
4. Баланы ұстап тұрушы жүйені оның қауіпсіздік белбеуімен нық бекітілгеніне көз жеткізу үшін жан-жаққа жылжытып көріңіз.

Егер БҰЖ өндірушісі бел-иық белбеуімен бірге зәкірлі белбеуді қолдануға нұсқау не кеңес берсе, 3-35-бетті қараңыз.

Баланы ұстап тұрушы жүйені алып тастау үшін қауіпсіздік белбеуі ілмегіндегі түймені басып, бел/иық белбеуін бекіткіштен алып, толығымен тартылуына мүмкіндік беру керек.

Балалар автоорындығының қауіпсіздік белбеуін қолдана отырып отыру үшін жарамдылығы

Әрбір отыратын орынның ЕСЕ ережелеріне сәйкес қауіпсіздік белбеулері бар балалар автоорындығының «әмбебап» санаты үшін жарамдылығы. Балаларыңызға сәйкес келетін ресми түрде бекітілген балалар автоорындықтарын қолданыңыз.

Балалар автоорындықтарын қолданған кезде келесі кестені пайдаланыңыз.

Салмақ санаты	Отыратын Орын		
	АЛДЫҢҒЫ жолаушы орындығы	АРТҚЫ шеткі орындық	АРТҚЫ ортаңғы орындық
0: 10 кг дейін (0–9 ай)	X	U	U
0+: 13 кг дейін (0–2 жас)	X	U	U
I: 9-18 кг (9 ай - 4 жас)	X	U	U
II және III : 15–36 кг (4–12 жас)	X	U	U


U: Осы салмақ санатында қолдануға мақұлданған балалар автоорындықтарының «әмбебап» санатына жарайды

UF: Осы салмақ тобында қолдануға мақұлданған алдыға қаратылған қауіпсіздік жүйелерінің «әмбебап» санатына жарайды

X: Орындықтың күйі осы салмақ санатындағы балаларға жарамайды

ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ — ПАССИВТІ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІ

■ Сол жақ руль




Автокөліктегі қауіпсіздік жастықтары суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

OCN7030060L

1. Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы
2. Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы
3. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы
4. Қауіпсіздік пердесі

■ Оң жақ руль



Автокөліктегі қауіпсіздік жастықтары суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

OCN7030060R

1. Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы
2. Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы
3. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы
4. Қауіпсіздік пердесі

Көлік құралдары жүргізуші мен алдыңғы жолаушының пассивті қауіпсіздік жастықтары жүйесімен жабдықталған.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары үш нүктелі қауіпсіздік белбеулеріне қосымша ретінде әзірленген. Қауіпсіздік жастықтарын қолданған кезде барынша қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік белбеулері әрдайым тағулы болуы тиіс.

Егер қауіпсіздік белбеулері тағылмаған болса, апат жағдайында автокөлік ішіндегі адамдар ауыр жарақат алуы және тіпті өліп кетуі мүмкін. Қауіпсіздік жастықтары жүйесі қауіпсіздік белбеулеріне қосымша ретінде жасалған және оларды алмастырмайды. Сонымен бірге қауіпсіздік жастықтары кейбір соқтығысулар кезінде іске қосылмайды. Кейбір апаттарда қауіпсіздік белбеулері ғана қорғаныс жүйесі болып табылады.



АБАЙЛАҢЫЗ

ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҚТАРЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Сапарға шыққан сайын, автокөлікте отырған әрбір адам үшін қауіпсіздік белбеулерін және балаларды ұстап тұрушы жүйелерді қолданыңыз! Қауіпсіздік жастықтары болғанның өзінде, соқтығысу кезінде қауіпсіздік жастықтары іске қосылған сәтте қауіпсіздік белбеулері тиісті түрде қолданылмаған болса, ауыр не кісі өліміне әкелетін жарақаттар келтірілуі мүмкін.

ЕШБІР ЖАҒДАЙДА баланы алдыңғы жолаушы орындығындағы кез келген баланы ұстап тұрушы жүйеге немесе қосымша жастықтың үстіне отырғызбаңыз. Ашылған қауіпсіздік жастығы балаға қатты соғылуы және ауыр немесе өлімге жетелейтін жарақаттар келтіруі мүмкін.

13 жасқа толмаған балалар әрдайым артқы орындыққа отырып, қауіпсіздік белбеуін тағулары тиіс. Бұл кез келген жастағы балаларды тасымалдауға арналған ең қауіпсіз орын болып табылады. 13 жастағы және одан үлкен баланы алдыңғы орындыққа отырғызу қажет болса, оған қауіпсіздік белбеуін тағу керек, ал орындық барынша артқа жылжытылуы тиіс.

Көлік құралы тұраққа қойылып, қозғалтқыш өшірілгенше барлық жолаушылар мен жүргізуші қауіпсіздік белбеулерін тағулары, арқалығы тік орналасқан орындық көпшігінде тігінен отыруы, аяқтарын ыңғайлы созып, табандарын еденге тіреп отыруы тиіс. Апат кезінде кез келген біреу өзге күйде отырса, қауіпсіздік жастықтары ашылғанда ол ауыр не өлімге әкелетін жарақат алуы мүмкін.

Жүргізуші мен жолаушылар ешқашан қауіпсіздік жастықтарына тым жақын отырмауы не еңкеймеуі немесе есікке не орталық консольге сүйенбеуі керек.

Орындықты, көлік құралын басқара отырып, алдыңғы қауіпсіздік жастықтарынан мүмкіндігінше алыстау орналастыру керек.

Қауіпсіздік жастықтарының орналасуы


Жүргізуші мен жолаушының қауіпсіздік жастықтары (бар болса)

■ Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы



©CN7030036

■ Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы



©CN7030038

Бұл көлік құралы жүргізуші мен жолаушы орындықтарына арналған пассивті қауіпсіздік жүйесімен (SRS) және бел-иық қауіпсіздік белбеулерімен жабдықталған.

SRS жүйесі рульдің ортасындағы және жолаушы жақтағы аспаптар панеліндегі (ұсақ-түйек тартпасының үстінде) қақпақтардың астына орнатылған қауіпсіздік жастықтарынан тұрады.

Қауіпсіздік жастықтарының жұмсақ қақпақтарында AIR BAG бедерлі жазуы бар.

Қауіпсіздік белбеулері жүйесінен басқа, пассивті қауіпсіздік жүйесі аса ауыр мандайлық соқтығысу кезінде көлік құралының жүргізушісі мен алдыңғы жолаушыны қосымша қорғаныспен қамтамасыз ету үшін арналған.





АБАЙЛАҢЫЗ

Алдыңғы қауіпсіздік жастығы ашылған кезде денеге зақым келтіру қаупін азайту үшін келесі шараларды орындау керек:

- Қауіпсіздік белбеулері адамдарды тиісті күйде ұстап тұруы үшін ылғи тағылып тұруы керек.
- Орындықты, көлік құралын басқара отырып, алдыңғы қауіпсіздік жастықтарынан мүмкіндігінше алыстау орналастыру керек.
- Есікке немесе орталық консольге сүйенбеген жөн.
- Алдыңғы жолаушыға аяқтарын аспаптар панеліне қоюға рұқсат бермеу керек.
- Рульдегі қауіпсіздік жастығы модульдерінің жанында, аспаптар панелінде, алдыңғы әйнектің жанында және ұсақ-түйек тартпасының үстіңгі жағындағы алдыңғы жолаушы панелінде ешқандай заттар (мысалы, алдыңғы панельдің қақпағы, мобильді телефонды ұстағыш, стақан қойғыш, ауа сергітуші немесе жапсырмалар) болмауы тиіс. Қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде мұндай заттар жарақат алудың себебі болуы мүмкін.
- Алдыңғы әйнекке және ішкі айнаға ешқандай заттарды бекітпеңіз.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары (бар болса)

■ Алдыңғы орындық



Бұл автокөліктің алдыңғы орындықтары бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған.

Қауіпсіздік белбеулерінен басқа, қауіпсіздік жастықтары жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қосымша қорғанысын қамтамасыз етеді.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары белгілі бір бүйірлік соқтығысулар кезінде ғана (ауырлық дәрежесіне байланысты) ашылады.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары кейбір бүйірлік соқтығысу не аударылу жағдайларында ашылмайды.





АБАЙЛАҢЫЗ

Бүйірлік қауіпсіздік жастығы ашылған кезде денеге зақым келтіру қаупін азайту үшін келесі шараларды орындау керек:

- Қауіпсіздік белбеулері адамдарды тиісті күйде ұстап тұруы үшін ылғи тағылып тұруы керек.
- Жолаушыларға баспен не денемен есікке сүйенуге, қолды есікке қоюға, қолды терезеден шығаруға немесе қандай да бір заттарды есіктер мен орындықтар арасына қоюға рұқсат бермеу керек.
- Жарақаттану қаупін төмендету үшін қолдарыңызды рульдегі 3 және 9 сағатқа сәйкес келетін жерде ұстаңыз.
- Орындықтарға арналған қосымша тысқақтарды қолданбаңыз. Бұл жүйенің тиімділігін төмендеуі мүмкін.
- Қауіпсіздік жастықтарына немесе өзіңіз бен қауіпсіздік жастығының арасына қандай да бір заттарды қоюға тыйым салынады. Сонымен бірге қауіпсіздік жастықтары ашылатын аймақтың айналасына, мысалы, есіктің, есік терезелерінің, сондай-ақ алдыңғы және артқы тіреудің жанына қандай да бір заттарды қоюға тыйым салынады.

- Есік пен орындық арасына ешқандай заттар қойылмауы тиіс. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы ашылған жағдайда олар ауыр жарақат келтіруі мүмкін.
- Қауіпсіздік жастығының бүйір жағына не қасына қандай да бір қосымша жабдықты қоюға болмайды.
- Қандай да бір заттарды бүйірлік қауіпсіздік жастығының жапсырмасы мен қауіпсіздік жастығының арасына қоюға болмайды. Қауіпсіздік жастығы ашылғанда бұл жарақат алудың себебіне айналуы мүмкін.
- Оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда есіктерді соқпаңыз, бұлай істеген жағдайда бүйірлік қауіпсіздік жастықтары ашылып кетуі мүмкін.
- Орындық не орындықтың қақпағы зақымданған жағдайда қызмет көрсету жұмыстарын ресми HYUNDAI дилері жүргізгені дұрыс.

Қауіпсіздік пердесі (бар болса)



Қауіпсіздік перделері алдыңғы және артқы есіктердің үстіндегі төбенің екі арқалығының бойында екі жағынан орналасқан.

Олар белгілі бір бүйірлік соқтығыстар кезінде алдыңғы және артқы бүйірлік орындықтардағы адамдардың бастарын қорғауға арналған.

Қауіпсіздік перделері тек белгілі бір бүйірлік соқтығысулар кезінде ғана (ауырлық дәрежесіне байланысты) іске қосылады.


Қауіпсіздік перделері бүйірлік соқтығысу не аударылу жағдайларының бәрінде бірдей ашыла бермейді.

АБАЙЛАҢЫЗ

Алдыңғы қауіпсіздік жастығы ашылған кезде денеге зақым келтіру қаупін азайту үшін келесі шараларды орындау керек:

- Тиісті күйде ұсталып тұрулары үшін адамдардың бәрі қауіпсіздік белбеулерін үнемі тағып отырулары керек.
- Баланы ұстап тұрушы жүйе тиісті түрде есіктен мүмкіндігінше алыстау бекітіліп тұруы тиіс.
- Қауіпсіздік жастықтары ашылатын аймаққа заттарды қоймаңыз. Сонымен бірге қауіпсіздік жастықтары ашылатын аймақтың айналасына, мысалы, есіктің, есік терезелерінің, алдыңғы және артқы тіреудің, төбе арқалығының жанына қандай да бір заттарды қоюға тыйым салынады.
- Ілмектерге киімнен өзге ешқандай заттарды, әсіресе ауыр және сынғыш заттарды ілмеңіз. Апат жағдайында олар жарақат келтіруі немесе автокөлікті зақымдауы мүмкін.
- Жолаушыларға баспен не денемен есікке сүйенуге, қолды есікке қоюға, қолды терезеден шығаруға немесе қандай да бір заттарды есіктер мен орындықтар арасына қоюға рұқсат бермеу керек.
- Қауіпсіздік перделерін ашуға немесе жөндеуге тыйым салынады.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің жұмыс істеу қағидасы



OCN7030061L

Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне төменде көрсетілген элементтер кіреді.

- (1) Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығының модулі.
- (2) Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының модулі.
- (3) Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының модульдері.
- (4) Қауіпсіздік пердесінің модульдері
- (5) Тартқыш құрылғыдағы алдын ала кергіш жиынтығы
- (6) Қауіпсіздік жастықтарының ақаулығын білдіретін бақылау шамы
- (7) SRS (SRSCM) қауіпсіздік жастықтары жүйесін басқару блогы
- (8) Маңдайлық соққы датчиктері
- (9) Бүйірлік соққы датчиктері (бар болса)

Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда SRSCM жүйесі тұрақты түрде (ал оталдыру жүйесі өшірілгеннен кейін — үш минут бойы) соққы күшінің қауіпсіздік жастықтарының ашылуы немесе қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала кергіштерінің іске қосылуы үшін жеткілікті не жеткілікті еместігін уақтылы анықтау үшін SRS жүйесінің барлық компоненттерін қадағалайды.



SRS бақылау шамы

SRS қауіпсіздік жастықтары жүйесінің бақылау шамы суретте көрсетілген символ түрінде аспаптар тақтасында көрсетіледі. Жүйе электрлік компоненттердің дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексереді. Индикатордың іске қосылуы алдыңғы және бүйірлік қауіпсіздік жастықтарын/перделерін қоса алғанда, қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ықтимал ақаулығын білдіреді.



АБАЙЛАҢЫЗ

Егер пассивті қауіпсіздік жүйесі ақаулы болса, қауіпсіздік жастықтары апат жағдайында дұрыс ашылмай, ауыр жарақат алу не кісі өлімі қаупін арттырады.

Келесі жағдайлардың кез келгені SRS ақаулығын көрсетеді:

- Оталдыру жүйесін қосқанда жарық индикаторы шамамен 3–6 секунд бойы қосылмайды.
- Индикатор шамамен 3–6 секунд бойы жанып тұрады.
- Индикатор көлік құралы қозғалып бара жатқанда жана береді.
- Сигнал шамы қозғалтқыш істеп тұрғанда жыпылықтайды.

Жоғарыда көлтірілген жағдайлардың кез келгені орын алған жағдайда SRS жүйесін мүмкіндігінше тездетіп ресми HUNDAI дилерінде тексерткен жөн.

Маңдайлық соқтығысу жағдайында датчиктер көлік құралының баяулауын тіркейді. Егер баяулау дәрежесі аса жоғары болса, онда басқару блогы алдыңғы қауіпсіздік жастықтарын қажетті күшпен іске қосады.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары жеткілікті қорғаныс тек жалғыз қауіпсіздік белбеулерімен қамтамасыз етіле алмайтын маңдайлық соқтығысу жағдайында жүргізуші мен алдыңғы жолаушыны қорғау үшін арналған. Қажет болған жағдайда бүйірлік қауіпсіздік жастықтары бүйір соқтығысу жағдайында қосымша қорғанышты қамтамасыз етеді.

- Қауіпсіздік жастықтары жүйесі тек оталдыру жүйесі қосулғы тұрғанда ғана немесе оталдыру жүйесі өшірілгеннен кейін үш минуттың ішінде ғана қосылады (және де жастықтар қажет болған жағдайда ашылуға дайын).
- Қауіпсіздік жастықтары жүргізуші мен жолаушыларды ауыр жарақаттардан қорғау мақсатында нақты маңдайлық не бүйірлік соқтығыстар кезінде іске қосылады.
- Жастықтар әдетте соққының күші мен бағытына байланысты ашылады. Датчик қауіпсіздік құралдарын қолданудың электронды сигналын екі факторға негізделіп шығарады.
- Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары лезде толығымен үрленіп, кейін ішіндегі ауасы шығады. Қауіпсіздік жастықтарының апат кезінде қалай үрленетінін іс жүзінде көру мүмкін емес. Соқтығысудан кейін ашылған қауіпсіздік жастықтарының өз модульдерінен салбырап тұрғанын көру ықтималдығы әлдеқайда жоғары.

- Тиісті қорғанысты қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік жатықтары өте тез үрленуі тиіс. Соқтығысу кезінде адамдар көлік құралының құрылымына соғылмауы үшін қауіпсіздік жастығы қас қағым сәтте ашылады. Мұндай жылдамдықпен ашылу ауыр және адам өміріне қауіпті жарақаттар алу қаупін төмендетеді және қауіпсіздік жастығы жұмысының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.
- Алайда қауіпсіздік жастығының жылдам ашылуы бет жарақаттарын, соғылған жерлер мен сынған сүйектер сияқты жарақаттар келтіруі мүмкін, себебі жастық мұндай жылдамдықпен ашылғанда қауіпсіздік жастығынан келетін соққы қатты болуы мүмкін.
- Кейбір жағдайларда, әсіресе қауіпсіздік жастығына тым жақын отырған жағдайда, қауіпсіздік жастығымен жанасу кісі өліміне ұласатын жарақаттарға әкелуі мүмкін.

Қауіпсіздік жастығы ашылған жағдайда жарақаттану қаупін азайту мақсатында нақты сақтық шараларын қолдануға болады. Аса қауып төндіретін жағдай — қауіпсіздік жастығына тым жақын отыру. Қауіпсіздік жастығының ашылуына біраз кеңістік қажет. Жүргізушіге автокөлікті жүргізе отырып, рульдің ортасынан мүмкіндігінше алысырақ отыруға кеңес беріледі.



Қауіпсіздік жастықтарын басқару блогы көлік құралының алдыңғы бөлігіне келген соққының айтарлықтай ауыр екенін анықтаған кезде, ол автоматты түрде алдыңғы қауіпсіздік жастықтарын үрлейді.



Іске қосылғаннан кейін қауіпсіздік жастықтары кеңейген кездегі қысымнан бөлектенетін жұмсақ қақпақ тігістері жыртылады. Қақпақтардың осыдан кейінгі ашылуы қауіпсіздік жастықтарының толығымен ашылуына мүмкіндік береді.

Толығымен ашылған қауіпсіздік жастықтары тиісті түрде тағылған қауіпсіздік белбеулерімен бірге жүргізушінің не алдыңғы жолаушының алға қарай жылжуын баяулатады және бас не кеуде қуысының жарақаттану қаупін азайтады.

■ Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы (3)



■ Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы



Толықтай ашылған жастықтың ішіндегі жел бірден шығып, жүргізушіге көру және қажет болғанда көлік құралын жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.



АБАЙЛАҢЫЗ

Жолаушының қауіпсіздік жастығы ашылған кезде заттар жарақат келтірмеуі үшін төменде көрсетілген сақтық шараларын орындау қажет.

- Жолаушыға арналған қауіпсіздік жастығы орналасқан ұсақ-түйек тартпасының үстіндегі алдыңғы жолаушы панеліне қандай да бір заттарды (стақан қойғыш, компакт-дискілер ұстағышы, заттаңбалар және т.б.) қоймаңыз.
- Ауа сергіткіші бар сауытты аспаптар тақтасының жанына не аспаптар панелінің бетіне орнатпаңыз.

Қауіпсіздік жастықтары ашылғаннан кейін орын алатын жағдай

Ашылған алдыңғы не бүйірлік қауіпсіздік жастығының ішіндегі ауа тез арада шығады. Қауіпсіздік жастығының жазылуы жүргізушінің алдыңғы әйнек арқылы көру немесе көлік құралын басқару мүмкіндігіне кедергі келтірмейді. Ашылған бүйірлік қауіпсіздік жастықтары біраз уақыт жартылай үрленіп тұруы мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіздік жастықтары іске қосылғаннан кейін төменде көрсетілген сақтық шаралары қолданылуы тиіс.

- Соқтығысудан кейін қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде туындаған түтін мен ұнтақтың өсер ету ұзақтығын азайту мақсатында мүмкіндігінше тездетіп терезелер мен есіктерді ашыңыз.
- Қауіпсіздік жастығы ашыла салысымен оның модулінің ішкі компоненттерін қолмен ұстамаған жөн. Қауіпсіздік жастығы ашылған соң бұл бөлшектер тым ыстық болуы мүмкін.
- Әсерге ұшыраған тері аймақтарын әрдайым салқын сумен және әлсіз сабын ерітіндісімен жуыңыз.
- Ашылған қауіпсіздік жастықтарын мүмкіндік пайда болған сәтте HYUNDAI авторландырылған дилерінде ауыстырған жөн. Қауіпсіздік жастықтары тек бір рет қолдануға арналған.

Қауіпсіздік жастығы ашылған кездегі шу мен түтін

Қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде қатты дауыс шығады, автокөлік салонында түтін мен ауаға таралған ұнтақ қалуы мүмкін. Бұл үрмелі қауіпсіздік жастығы модулінің газ генераторы іске қосылған кездегі қалыпты жағдай болып табылады. Қауіпсіздік жастығы ашылғаннан кейін кеуде қуысының қауіпсіздік белбеуімен және қауіпсіздік жастығымен жанасуынан дем алған кезде түтінмен және ұнтақпен дем алғандағыдай жайсыздық сезілуі мүмкін. Кейбір адамдарда ұнтақ демікпе ұстамасын тудыруы мүмкін. Қауіпсіздік жастығы ашылғаннан кейін тыныс алу қиынға соқса, дереу дәрігерге қаралу керек.

Түтін мен ұнтақ улы болмаса да, теріні, көзді, мұрынды, көмейді және т.б. тітіркендіруі мүмкін. Мұндай жағдайда тітіркенген жерді дереу суық сумен жуып шаю қажет. Егер тітіркену белгілері жойылмаса, медициналық көмек алу керек.


Баланы ұстап тұрушы құрылғының алдыңғы жолаушының орындығына орнатпаған жөн

■ А типі



OH1038169L

■ B типі



OH1038170L

Баланы ұстап тұрушы жүйені алдыңғы жолаушы орындығына орнатуға тыйым салынады. Ашылған қауіпсіздік жастығы балаға қатты соғылып, ауыр немесе өлімге жетелейтін жарақаттар келтіруі мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Аса сақ болыңыз! Автокөлік алдыңғы қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған болса, баланы ұстап тұрушы жүйені алдыңқы орындыққа қозғалыс бағытына теріс қаратып орнатпаңыз.
- Артқа қаратылған баланы ұстап тұрушы құрылғыны алдында БЕЛСЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ орналасқан орындыққа орнатуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Бұл БАЛАНЫҢ АУЫР ЖАРАҚАТТАНУЫНА немесе ӨЛІМІНЕ әкелуі мүмкін.
- Ешбір жағдайда баланы ұстап тұрушы жүйені алдыңғы жолаушы орындығына орнатпаңыз. Ашылу барысында қауіпсіздік жастығы балаға соғылып, оның ауыр жарақаттануына не өліміне әкелуі мүмкін.

Соқтығысу кезінде неліктен қауіпсіздік жастығы ашылмады?

Кейбір апаттар кезінде қауіпсіздік жастықтары ашылғандықтан қосымша қорғаныш қажет болмайды. Оларға арт жақтан келген соққы, бірнеше көлік құралының қатысуымен болған апаттар кезіндегі екінші мәрте соқтығысу, сондай-ақ төмен жылдамдықпен келе жатқандағы соқтығысулар жатады. Автокөліктің зақымдануы соқтығысу кезіндегі соққы күшінің жұтылуын білдіреді және қауіпсіздік жастығының ашылуы тиіс екенін білдірмейді.


Қауіпсіздік жастықтарына арналған соқтығыс датчиктері



АБАЙЛАҢЫЗ

Нәтижесінде ауыр жарақат келтірілуі немесе кісі өлімі орын алуы мүмкін қауіпсіздік жастықтарының өздігінен ашылу қаупін төмендету үшін төменде көрсетілген сақтық шараларын орындау қажет.

- Қауіпсіздік жастықтары не датчиктер орналасқан жерлерді соққыға ұшыратпау керек.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің датчиктеріне немесе оларға жақын жерде техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізуге әрекет жасамаңыз. Датчиктерді орнату бұрыштары бұзылған жағдайда қауіпсіздік жастығы орынсыз ашылып кетуі немесе қажетті сәтте ашылмай қалуы мүмкін.
- Бамперге тек Hyundai түпнұсқа немесе осыған ұқсас ұсынылған бөлшектері бар қыстырмаларды ғана орнатыңыз. Олай болмаған жағдайда бамперлердің тиімділігі төмендеуі және соқтығысу кезінде қауіпсіздік жастықтарының жұмысы нашарлауы мүмкін.
Қауіпсіздік жастықтары жүйесі дұрыс жұмыс істеуі үшін бамперді Hyundai түпнұсқа бөлшегіне немесе автокөлігіңізге арнап ұсынылған балама (түпнұсқа бөлшекке балама) бөлшекке ауыстыру қажет.
- Автокөлікті тіркеп сүйреген кезде қауіпсіздік жастықтары іске қосылмауы үшін оталдыру кілтін LOCK/ OFF немесе ACC күйіне келтіріңіз.
- Жөндеу жұмыстарының бәрін ресми HYUNDAI дилері жасағаны жөн.



OCN7030067L/OCN7030046/OCN7030047/OCN7030048



1. SRS жүйесінің басқару блогы
2. Маңдайлық соқтығысу датчигі
3. Бүйірлік соққы датчигі, В бағаны (бар болса)

Қауіпсіздік жастықтарының ашылу күйі



Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары маңдайлық соқтығысу (қарқындылығына байланысты) кезінде ашылады.



Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перделері

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перделері соқтығысу бүйірлік соққы датчиктері арқылы тіркелген кезде (соқтығысу қарқындылығына қарай) іске қосылады.

Жолаушы мен жүргізушіге арналған алдыңғы қауіпсіздік жастықтары маңдайлық соқтығысу кезінде ғана ашылуға арналып жасалғанына қарамастан, олар алдыңғы датчиктер күші жеткілікті соқтығысуды тіркегенде өзге соқтығысулар кезінде де ашылып кетуі мүмкін.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перделері тек бүйірлік соққы кезінде ашылуға арналып жасалған, алайда бүйірлік датчиктерге күшті әсер тиген жағдайда олар өзге соқтығысулар кезінде де ашылып кетуі мүмкін. Ойлы-қырлы жол жабынынан болатын соққылар автокөлік шассиіне әсер ететін болса, қауіпсіздік жастықтары ашылып кетуі мүмкін. Тегіс емес жолдарда немесе автокөлікпен жүруге арналмаған жерлерде қозғалып келе жатқанда қауіпсіздік жастықтары күтпеген жерден ашылып кетпеуі үшін аса сақ болыңыз.

Қауіпсіздік жастықтары ашылмайтын жағдайлар



Төмен жылдамдықпен келе жатқандағы белгілі бір соқтығысулар кезінде қауіпсіздік жастықтары ашылмауы мүмкін. Қауіпсіздік жастықтары мұндай жағдайларда ашылатындай етіп жасалмаған, себебі олар қауіпсіздік белбеулері қамтамасыз ететін қорғаныстан басқа қосымша қорғанысты қамтамасыз етпейді.



Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары арттан келетін соққы кезінде ашылатындай етіп жасалмаған, өйткені жүргізуші мен жолаушылар соқтығысу күшінің әсерінен артқа жылжиды. Бұл жағдайда қауіпсіздік жастығының ашылуы қосымша қорғанысты қамтамасыз етпейді.




Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары бүйірлік соқтығысулар кезінде көлік құралының ішіндегі адамдардың соқтығысу бағытына қарай жылжуына байланысты ашылмауы мүмкін, осылайша бүйірлік соқтығысулар кезінде ашылатын алдыңғы қауіпсіздік жастықтары қосымша қорғанысты қамтамасыз етпейді.

Алайда соқтығысу қарқынына байланысты бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перделері іске қосылуы мүмкін.




Бұрыштық соқтығысу кезінде соқтығысу күшінен адамдар қауіпсіздік жастықтары қосымша қорғанысты қамтамасыз етпейтін бағытпен жылжуы мүмкін, осылайша датчиктер қауіпсіздік жастықтарын ашу пәрменін бермеуі мүмкін.



OCN7030054

Соқтығысудың дәл алдында жүргізушілер көп жағдайда тежегіш педалін қатты күш салып басады. Мұндай тежеу кезінде автокөліктің алдыңғы бөлігі төмен түсіп, ол жол саңылауы биігірек көлік құралының астына «кіріп кетуі» мүмкін. Мұндай жағдайда қауіпсіздік жастықтары ашылмауы мүмкін, себебі датчиктер тіркеген баяулау қарқыны әлдеқайда төмен болуы мүмкін.




OCN7030056

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары автокөлік аударылған жағдайда үрленбейді, өйткені олар мұндай апат кезінде жолаушылардың қорғанысын қамтамасыз етпейді.

i Ақпарат

- Аударылу датчигімен жабдықталмаған автокөліктер

Бүйірлік жастықтар және (немесе) қауіпсіздік перделері көлік құралы бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен және (немесе) қауіпсіздік перделерімен жабдықталған жағдайда көлік құралы бүйірлік соқтығыстан кейін аударылған кезде ашылуы мүмкін.



OCN7030055

Көлік құралы бағанаға не ағашқа соғылған жағдайда, соққы бір орынға шоғырланған кезде және соқтығысу күші көлік құралының құрылымымен жұтылған кезде қауіпсіздік жастықтары ашылмауы мүмкін.

Пассив қауіпсіздік жүйесіне күтім жасау

Пассивті қауіпсіздік жүйесі іс жүзінде қызмет көрсетуді қажет етпейді, сондай-ақ оның пайдаланушы өзі қызмет көрсете алатын бөлшектері жоқ. Егер SRS қауіпсіздік жастықтарының бақылау шамы оталдыру жүйесін қосқан кезде жанбаса немесе үздіксіз жанып тұрса, жүйені мүмкіндігінше тездетіп ресми HYUNDAI дилерінде тексертуге кеңес береміз.

SRS қауіпсіздік жастықтары жүйесімен байланысты кез келген жұмыстарды, соның ішінде рульдегі, аспаптар тақтасындағы, алдыңғы орындықтар мен төбе рельестеріндегі жұмыстарды HYUNDAI авторландырылған дилері жасағаны жөн. SRS жүйесін дұрыс пайдаланбау ауыр дене жарақатына әкелуі мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУ немесе ӨЛІМ-ЖІТІМ қауіпін азайту үшін төменде көрсетілген сақтық шараларын орындау қажет.

- Пассивті қауіпсіздік жүйесінің компоненттерін не электр сымдарын өзгертуге немесе ажыратуға, соның ішінде кез келген белгішелерді жұмсақ қақпақтарға жабыстыруға немесе шанақ құрылымына өзгерістер енгізуге тыйым салынады.
- Рульдегі қауіпсіздік жастықтары модульдерінің жанында, аспаптар панелінде және ұсақ-түйек тартпасының үстіндегі алдыңғы жолаушы панелінде ешқандай нысандар болмауы тиіс.
- Қауіпсіздік жастықтары модульдерінің қақпақтарын тазалау үшін тек таза суға малынған жұмсақ матаны ғана қолданыңыз. Еріткіштерді немесе тазартқыштарды пайдалану қауіпсіздік жастықтары модульдеріндегі қақпақтардың күйіне кері әсер етуі және жүйе жұмысының бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Ашылған қауіпсіздік жастықтарын ресми HYUNDAI дилерінде ауыстырған жөн.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің компоненттерін немесе автокөлікті тұтастай кәдеге жаратқан кезде кейбір сақтық шараларын орындау қажет. Қосымша ақпарат алу үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласуға кеңес береміз. Айтылған сақтық шараларын орындамау жарақат алу қауіпін арттырады.

Қосымша сақтық шаралары

Көлік құралы қозғалып келе жатқан кезде жолаушылар бір орындықтан екіншісіне отырмауы тиіс. Қауіпсіздік белбеуін тақпаған жолаушы соқтығысу не апаттық тоқтау кезінде көлік құралының ішкі бөліктеріне, салондағы басқа адамдарға соғылуы немесе көлік құралынан ұшып кетуі мүмкін.

Қауіпсіздік белбеулеріне арналған қосымша құралдарды қолданбаған жөн. Жолаушының жайлылығын арттыруға немесе қауіпсіздік белбеуінің күйін өзгертуге арналған құрылғылар апат жағдайында қауіпсіздік белбеуінің қызметін нашарлатуы және ауыр жарақат алу қаупін жоғарылатуы мүмкін.

Алдыңғы орындықтарды өзгертпеңіз. Алдыңғы орындықтардың құрылымын өзгерткен жағдайда пассивті қауіпсіздік жүйесінің немесе бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының датчиктері қате істеуі мүмкін.


Алдыңғы орындықтардың астына қандай да бір заттарды орналастырмаңыз. Алдыңғы орындықтардың астында орналастырылған заттар қосымша қауіпсіздік жүйесі датчиктерінің қалыпты жұмысына кедергі келтіріп, өткізгіш сымдар жүйесінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Есіктерді соқпаңыз. Оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда есіктерге тиген соққы бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының ашылуына әкелуі мүмкін.

Көлік құралының қауіпсіздік жастықтары жүйесінің жабдығын қосу не өзгерту

Егер раманы, бамперді, шанақтың алдыңғы не бүйірлік элементтерін ауыстыру арқылы немесе жол саңылауын өзгерту арқылы автокөлікке өзгертулер енгізілсе, бұл қауіпсіздік жастықтары жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін.

Қауіпсіздік жастықтарының бар екенін ескертетін заттаңбалар (бар болса)



Қауіпсіздік жастықтарының бар екенін ескертетін заттаңбалар жүргізуші мен жолаушыларға қауіпсіздік жастықтары жүйесі іске қосылған кездегі ықтимал қауіп туралы ескерту үшін арналған.

Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы автокөлігіңізде орнатылған қауіпсіздік жастықтары туралы бүкіл ақпаратты міндетті мүрде оқып шығыңыз.

4. Аспаптар тақтасы

Аспаптар тақтасы	4-5
Аспаптар тақтасын басқару	4-5
Аспаптар панелінің көмескі жарығы	4-6
Датчиктер мен өлшеу аспаптары	4-6
Спидометр.....	4-6
Тахометр	4-7
Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы температурасының көрсеткіші	4-7
Отын деңгейінің көрсеткіші	4-8
Сыртқы температура көрсеткіші.....	4-9
Одометр	4-10
Отын таусылғанға дейінгі жүріс қоры.....	4-10
Берілістерді ауыстыру индикаторы	4-11
Механикалық беріліс қорабының берілістерін ауыстыру индикаторы	4-11
АБАҚ берілістерін ауыстыру индикаторы	4-12
Интеллектуалды сатысыз трансмиссия индикаторы.....	4-12
Сигнал шамдары мен индикаторлары	4-13
Қауіпсіздік көпшіктері ақауының индикаторы	4-13
Қауіпсіздік белбеуінің ескертуші сигналы	4-13
Тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығының индикаторы	4-13
Тежегіштің бұғатталуға қарсы жүйесінің индикаторы	4-14
Тежеу күшін электронды түрде бөлу жүйесінің индикаторы	4-14
Электрондық тұрақ тежегішінің сигнал шамы (EPB).....	4-15
AUTO HOLD жарық индикаторы (автоматты түрде ұстап тұру)	4-16
Рульді электрлік күшейту жүйесінің индикаторы	4-16
Ақау индикаторы.....	4-16
Маңдайлық соқтығысудың алдын алудың қосалқы функциясының жарық индикаторы.....	4-17
Жолақты ұстап тұру жүйесінің жарық индикаторы	4-17
Зарядтау жүйесінің индикаторы	4-17
Майдың төмен қысымының индикаторы	4-18
Отынның төмен деңгейінің индикаторы.....	4-18
Жылдамдықты асырудың сигнал шамы	4-19
Басты индикатор.....	4-19
Шиналардағы төмен қысым индикаторы	4-19
Динамикалық тұрақтандыру жүйесінің индикаторлық шамы	4-20
Динамикалық тұрақтандыру жүйесін өшірудің индикаторлық шамы.....	4-20

Имобилайзердің индикаторлық шамы (интеллектуалдық кілтсіз)	4-21
Имобилайзердің индикаторлық шамы (электронды кілтпен)	4-21
Бұрылыс сигналдарының индикаторы	4-21
Таяу жарықтың индикаторлық шамы	4-21
Шалғай жарық индикаторы	4-22
Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесінің индикаторлық шамы	4-22
Сыртқы жарықтандыру аспаптарының жарық индикаторы	4-22
Жарықдиодты фаралар индикаторы	4-22
Жарықтандыру аспаптарын қосудың индикаторлық шамы	4-23
Артқы тұман фараларының индикаторлық шамы	4-23
Круз-контрольдің индикаторлық шамы	4-23
Спорт режимі индикаторы	4-23
Үнемді режимнің индикаторлық шамы	4-23
«SMART» режимінің индикаторы (интеллектуалды)	4-23
Жолдағы көктайғақ туралы ескертудің сигнал шамы	4-24
СК дисплейдегі хабарламалар	4-24
«Key not in vehicle» [Кілт машинада емес] (интеллектуалды кілт жүйесі үшін)	4-24
«Key not detected» [Кілт анықталмады] (интеллектуалды кілт жүйесі үшін)	4-24
«START» түймесін кілтпен басыңыз (интеллектуалды кілт жүйесі үшін)	4-24
«START» түймесін тағы бір рет басыңыз (интеллектуалды кілт жүйесі үшін)	4-24
«Low Key Battery» (Кілт аккумуляторының қуаты таусылды) (интеллектуалды қол жеткізу жүйесі үшін)	4-25
Иініркті «P» (тұраққа қою) қалпына келтіріңіз (интеллектуалды кілт жүйесі мен автоматты трансмиссия / интеллектуалды сатысыз трансмиссия үшін)	4-25
Қозғалтқышты оталдыру үшін тежегіш педалін басыңыз (интеллектуалды кілт жүйесі мен автоматты трансмиссия / интеллектуалды сатысыз трансмиссия үшін)	4-25
«Press clutch pedal to start engine» (Қозғалтқышты оталдыру үшін ілініс педалін қатты басыңыз) (интеллектуалды қол жеткізу жүйесі мен механикалық беріліс қорабы үшін)	4-25
«START» түймесін тағы бір рет басыңыз (интеллектуалды кілт жүйесі үшін)	4-25


4. Аспаптар тақтасы

«Check BRAKE SWITCH fuse» («BRAKE SWITCH» сақтандырғышын тексеріңіз) (интеллектуалды кілт жүйесі мен автоматты трансмиссия / интеллектуалды сатысыз трансмиссия үшін)	4-25
Қозғалтқышты оталдыру үшін интіректі «Р» (тұраққа қою) немесе «N» (бейтарап) қалпына келтіріңіз (интеллектуалды кілт жүйесі мен автоматты трансмиссия / интеллектуалды сатысыз трансмиссия үшін)	4-25
Сыртқы электр құрылғылары себебінен аккумулятор қуатының таусылуы	4-26
Есіктің, капоттың, жүксалғыштың ашылу индикаторы	4-26
Жабылмаған люк индикаторы	4-26
Аспаптар панелінің көмескі жарығы	4-27
Жарықтандыру режимі	4-27
Әйнек тазалағыштар режимдері	4-27
Төмен қысым	4-28
Руль жылытқышы өшірулі	4-28
Жуғыш сұйықтығының төмен деңгейі	4-28
«Low fuel» (Отынның төмен деңгейі)	4-28
«Engine Overheated» (Қозғалтқыш қызып кетті)	4-28
«Check headlight» (Фараларды тексеріңіз);	4-28
«Check headlight (Low)» (Фараларды тексеріңіз (таяу жарық));	4-29
«Check turn signal» (Бұрылыс сигналын тексеріңіз);	4-29
«Check brake light» (Стоп-сигналды тексеріңіз)	4-29
«Check daytime running light» (Күндізгі жүріс жарығын тексеріңіз)	4-29
«Check high mounted stop lamp» (Қосымша жоғарғы стоп-сигналды тексеріңіз)	4-29
«Check headlight LED» (Алдыңғы фаралардың жарықдиодты шамдарын тексеріңіз)	4-29
«Check Forward Collision-Avoidance Assist system» (Маңдайлық соқтығысу туралы қосалқы ескерту жүйесін тексеріңіз)	4-30
Жол белгісін ұстап тұру жүйесі	4-30
Көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі	4-30
«Check Driver Attention Warning system» (Жүргізуші назарын бақылау жүйесін тексеріңіз)	4-30
Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесін тексеріңіз	4-30
Интеллектуалды круиз-контроль жүйесін тексеріңіз	4-30


СК дисплей (А типі)	4-31
СК дисплейді басқару	4-31
СК дисплей режимі	4-32
Бағдар компьютерлерінің тобы	4-33
Бұрылыстар бойынша навигациясы бар режим тобы (ТВТ)	4-33
Жүргізу кезіндегі көмек тобы	4-33
Жалпы ескертулер тобы	4-34
Баптаулар режимі	4-35
Бағдар компьютері	4-42
Қозғалыс режимдері	4-42
Отын үнемділігі	4-42
Қолмен нөлдеу	4-43
Автоматты түрде нөлдеу	4-43
Отынның мезеттік шығыны (2)	4-43
Жиынтық ақпаратты көрсету	4-43
Қозғалыс туралы ақпаратты көрсету	4-44
Цифрлық спидометр	4-45
«Smart Shift» берілістерді ауыстыру индикаторы	4-45
СК дисплей (В типі)	4-46
СК дисплейді басқару	4-46
Қарау режимдері	4-47
Сервистік ақпарат тобы	4-48
Сервистік ақпарат	4-48
Жүргізу кезіндегі көмек тобы	4-49
Навигация тобы	4-49
Сапар туралы ақпарат тобы	4-49
Ескерту хабарламалары тобы	4-50
Баптаулар режимі	4-50

АСПАПТАР ТАҚТАСЫ

■ Стандартты тақта (А типі)



■ Толықтай СК тақта (В типі)




Көлік құралына орнатылған аспаптар тақтасы суреттегіден өзгеше болуы мүмкін. Толық ақпарат осы тараудағы «Датчиктер мен өлшеу аспаптары» бөлімінде берілген.

OCN7040001/OCN7040002

- | | |
|--|--|
| 1. Тахометр | 4. Отын деңгейінің көрсеткіші |
| 2. Спидометр | 5. Сигнал шамдары мен индикаторлар |
| 3. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы температурасының датчигі | 6. СК экран (соның ішінде бағдар компьютері) |

Аспаптар тақтасын басқару

Аспаптар панелінің көмескі жарығы



Аспаптар тақтасының көмескі жарығы оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда СК дисплейдегі баптаулар режимінде реттеледі («Жарықтандыру → Көмескі жарық»). Автокөліктің басты жарығының тұрақ жарығы немесе фаралары жапыр тұрғанда, ішкі ауыстырып қосқыштардың көмескі жарығының және фондық көмескі жарықтың қарқындығы өзгереді.

Автокөлігің қосымша навигация жүйесі бар болса, толық ақпаратты бөлек жеткізілетін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығынан қараңыз.


АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалыс барысында аспаптар панелін реттеуге болмайды. Бұл басқару мүмкіндігінен айырып, өлімге, елеулі жарақатқа және автокөліктің зақымына әкелетін апаттық жағдайға себеп болуы мүмкін. Мұның салдарынан көлікті жүргізе алмай, өлімге жетелейтін, ауыр жарақатқа немесе автокөліктің зақымдалуына әкелетін апат орын алуы мүмкін.

- Аспаптар панелінің көмескі жарығының жарық деңгейі көрсетіледі.
- Көмескі жарықтың ең жоғарғы және ең төменгі деңгейіне жеткенде дыбыс сигналы беріледі.


Датчиктер мен өлшеу аспаптары

Спидометр



Спидометр автокөліктің жылдамдығын көрсетеді және сағатына километрмен (км/сағ) және сағатына мильмен (миль/сағ) калибренген.

Тахометр




Тахометрде қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі минутына айналыммен (айн/мин) көрсетіледі.

Тахометр берілістерді ауыстырудың оңтайлы режимін таңдау үшін және иінді біліктің айналу жиілігі жұлқымауы және (немесе) күрт берілмеуі үшін пайдаланылады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Тахометрдің ҚЫЗЫЛ АЙМАҒЫНДА қозғалтқыштың жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Бұл қозғалтқыштың қатты зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы температурасының көрсеткіші



Бұл датчик оталдыру жүйесінің құлпындағы кілт «ON» (қос.) қалпында тұрғанда қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температурасын көрсетеді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Датчик көрсеткішінің қалыпты мәндер диапазонынан тыс «130» немесе «Н» (Ыстық) бағытына қарай жылжуы қозғалтқыштың зақымдалуына себеп бола алатын қызып кетуін білдіреді.

Қызып кеткен қозғалтқышпен сапарды жалғастыруға болмайды. Автокөлік қызып кетсе, 6-тараудағы «Қозғалтқыштың қызып кетуі» бөлімін қараңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалтқыш ысып тұрғанда радиатор қақпағын немесе салқындатқыш сұйықтық бағының қақпағын ашпаңыз. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы қысым бар болғандықтан, ауыр күйік шалуыңыз мүмкін. Салқындатқыш сұйықтықты баққа қоспас бұрын, қозғалтқышты суытып алыңыз.

Отын деңгейінің көрсеткіші

■ А типі

• Еуропадан басқа



OCN7040010


• Еуропа үшін



OCN7040010L


■ В типі

• Еуропадан басқа



OCN7040011

• Еуропа үшін



OCN7040011L

Бұл көрсеткіш отын бағындағы отынның шамалас мөлшерін көрсетеді.

4-бөлімдегі «Шолу режимдерін» қараңыз.

Ақпарат

- Отын бағының көлемі бойынша деректер 2-тарауда берілген.
- Отын деңгейінің көрсеткі бақ босағанға дейін біраз уақыт бұрын жанатын төмен отын деңгейінің индикаторымен толықтырылады.
- Еңістер мен бұрылыстарда бактағы отын шайқалатындықтан, отын деңгейі көрсеткішінің көрсеткісі тербелуі немесе төмен отын деңгейінің индикаторы әдеттегіден ерте жаңуы мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

Отын таусылғанда жүргізуші мен жолаушыларға қауіп төнуі мүмкін.

Төмен отын деңгейінің сигнал шамы қосылғанда немесе отын деңгейі көрсеткішінің көрсеткісі «0» немесе «E» (бос) нүктесіне жақындағанда, отынды толтыра қуу үшін мүмкіндігінше тездетіп тоқтау керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Отын деңгейі тым төмен болғанда жол жүруге болмайды. Отынды толық тауысу оталдыру жүйесінің ақауына және каталикалық бейтараптандырғыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.


Сыртқы температура көрсеткіші

Бұл индикатор сырттағы ауаның қазіргі температурасын Цельсий (°C) немесе Фаренгейт (°F) градустарымен көрсетеді.

- Температура диапазоны:
 - -40 °C – 60 °C (-40 °F ~ 140 °F) аралығында

Дисплейдегі сыртқы ауа температурасы жүргізуші назарын бөлмеу үшін (әдеттегі термометрдегідей) бірден өзгермеуі мүмкін.

Температураны өлшеу бірліктері арасында ауысу (°C бірлігінен °F бірлігіне немесе °F бірлігінен °C бірлігіне) былайша орындалады:



- Аспаптар тақтасындағы пайдаланушы баптауларының режимі: температура өлшеу бірліктерін «Температураны өлшеу бірліктерін өзгерту» бөлімінде өзгертуге болады.
- Автоматты түрде басқарылатын климат-контроль жүйесі: «OFF» (өшір.) түймесін басылған күйде ұстап тұрып, «AUTO» (Авто) түймесін 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

Температураны өлшеу бірліктері аспаптар тақтасы мен климат-контроль жүйесі үшін бірге өзгереді.

Одометр

■ А типі



OIG046114

■ В типі




OCN7040015

Одометрде көлік құралының толық жүріп өткен жолы көрсетіледі, ол кезекті техникалық қызмет көрсету мерзімін анықтау үшін пайдаланылады.

Отын таусылғанға дейінгі жүріс қоры

■ А типі



OJS048328

■ В типі



OCN7040016


- Отын таусылғанға дейінгі жүріс қоры — автокөлік қалған отынмен жүріп өте алтын арақашықтық.
- Егер қалған арақашықтық 1 км-ден кем болса, бағдар компьютері отын таусылғанға дейінгі жүріс қоры ретінде «—» көрсете бастайды.

i Ақпарат

- Егер автокөлік көлденең бетте тұрмаса және аккумулятордан алатын қуаты ажырап қалса, отын таусылғанға дейінгі жүріс қоры функциясы дұрыс істемеуі мүмкін.
- Отын таусылғанға дейінгі жүріс қоры жүріп өткен қашықтықтан өзгешеленуі мүмкін, себебі бұл жүріс қашықтығының есептік көрсеткіші болып табылады.
- Автокөлік бағына құйылған отын мөлшері 6 литрден кем болса, бағдар компьютері отын деңгейінің артуын анықтамауы мүмкін.
- Қалдық отынмен автокөлік жүріп өткен қашықтық жолдағы жағдайларға, жүргізу мәнеріне және автокөліктің жай-күйіне қарай айтарлықтай өзгеруі мүмкін.

Берілістерді ауыстыру индикаторы

Механикалық беріліс қорабының берілістерді ауыстыру индикаторы (бар болса)



Бұл индикатор қозғалыс барысында отынды үнемдеу үшін таңдауға ұсынылған берілісті көрсетеді.

- Берілістің артуы: ▲2, ▲3, ▲4, ▲5, ▲6
- Берілістің төмендеуі: ▼1, ▼2, ▼3, ▼4, ▼5

Мысалы


↑3 Үшінші беріліске ауысу ұсынылатынын көрсетеді (қазіргі сәтте берілістерді ауыстыру иінтірегі екінші не бірінші берілісте тұр).

↓3 Үшінші беріліске ауысу ұсынылатынын көрсетеді (қазіргі сәтте берілістерді ауыстыру иінтірегі төртінші, бесінші не алтыншы берілісте тұр).

Егер жүйе қате істесе, индикатор көрсетілмейді.


АБАҚ-тың берілістерді ауыстыру индикаторы (бар болса)

■ А типі



OIG046112

■ В типі




©CN7040013

Бұл индикатор ауыстыру иіңтірегінің таңдалған қалпын көрсетеді.


Интеллектуалды сатысыз трансмиссия индикаторы (бар болса)

■ А типі



OIG046112

■ В типі



©CN7040013

Бұл индикатор ауыстыру иіңтірегінің таңдалған қалпын көрсетеді.

Сигнал шамдары мен индикаторлар

Ақпарат

Қозғалтқышты қосқаннан кейін барлық индикаторлардың сөнгеніне көз жеткізіңіз. Қандай да бір шам әлі де жанып тұрса, бұл тиісті жүйеге назар аудару қажеттілігін білдіреді.

Қауіпсіздік көпшіктері ақауының индикаторы



Бұл ескерту шамы келесі жағдайларда қосылады:

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «ENGINE START/STOP» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін «ON» (Қосу) қалпына келтіргеннен кейін.
 - Шам шамамен 6 секундқа жанады да, артынша сөніп қалады.
- Пассивті қауіпсіздік жүйесінің (SRS) жұмысында ақау болғанда.
- Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Қауіпсіздік белбеуінің ескертуші сигналы



Бұл индикатор жүргізушіге қауіпсіздік белбеуінің тағылмағаны туралы ескертеді.

Толық ақпаратты 3-тараудың «Қауіпсіздік белбеулері» бөлімінде қараңыз.

Тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығының индикаторы



Бұл ескерту шамы келесі жағдайларда қосылады:

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «ENGINE START/STOP» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін «ON» (Қосу) қалпына келтіргеннен кейін.
 - Индикатор шамамен 3 секундқа жанады.
 - Индикатор тұрақ тежегіші қосылып тұрса, жанып тұра береді.
- Тұрақ тежегішін қосқан кезде.
- Тежегіш сұйықтығына арналған бакта сұйықтықтың деңгейі төмен болған кезде.
 - Тұрақ тежегіші жіберілген кезде индикатор жанып тұрса, бактағы тежегіш сұйықтығының төмен болғаны.

Бактағы тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болса, бірнеше әрекетті орындау керек.

1. Жақын маңдағы қауіпсіз жерге абайлап жүріп барыңыз да, автокөлікті тоқтатыңыз.
2. Қозғалтқышты сөндіріңіз, тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз, қажет болғанда қосымша құйыңыз **(Толық ақпарат 9-тараудың «Тежегіш сұйықтығы» бөлімінде берілген)**. Тежегіш сұйықтығын қосымша құйғаннан кейін тежеу жүйесінің барлық тораптарынан сұйықтықтың ағып жатпағанын тексеріңіз. Тежегіш сұйықтығының ағып жатқаны анықталса, не болмаса индикатор әлі де жанып тұрса, немесе тежегіш дұрыс істемей тұрса автокөлікті жүргізуге тыйым салынады. Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Контурлары диагональ түрінде бөлінген екі контурлы тежеу жүйесі

Автокөлік контурлары диагональ түрінде бөлінген екі контурлы тежеу жүйесімен жабдықталған. Бұл жүйе контурларының бірі істемей қалғанның өзінде тежеу күші екі доңғалаққа үлестірілетінін білдіреді.

Жүйенің тек бір контуры істесе, автокөлікті тоқтату үшін тежегіш педаліне көбірек күш салып, педалды тірелгенше басу керек.

Оған қоса, тежеу жүйесінің тек бір контуры істесе, автокөліктің тоқтау ізі артады.

Қозғалыс кезінде тежегіштер істен шықса, қозғалтқышпен қосымша тежеу үшін ең төменгі беріліске ауысып, қауіпсіз тоқтау мүмкіндігі туған бойда автокөлікті тоқтатыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығының бақылау шамы

Сигнал шамы жанып тұрған автокөлікті қолдану қауіпті. Егер қосылып тұрған тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығының төмен деңгейінің бақылау шамы тұрақ тежегіші өшіп тұрған кезде жанып тұрса, бактағы тежегіш сұйықтығының төмен болғаны.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Тежегіштің бұғатталуға қарсы жүйесінің индикаторы



Бұл ескерту шамы келесі жағдайларда қосылады:

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «ENGINE START/ STOP» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін «ON» (Қосу) қалпына келтіргеннен кейін.
 - Шам шамамен 3 секундқа жанады да, артынша сөніп қалады.
- ABS жүйесінде ақау болған кезде (әдетте тежеу жүйесі тежегіштің бұғатталуға қарсы жүйесінсіз жұмыс істей береді).

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Тежеу күшін электронды түрде бөлу жүйесінің индикаторы



Егер қозғалыс кезінде екі сигнал шамы бір уақытта жанса:

- ABS жүйесі мен әдепкі тежеу жүйесі ақаулы болуы мүмкін.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.



АБАЙЛАҢЫЗ

Тежеу күшін электронды түрде бөлу жүйесінің индикаторы.

ABS жүйесінің сигнал шамы мен тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығының сигнал шамы бір уақытта жанса, тежеу жүйесі ақаулы болуы мүмкін, кенеттен тежегенде қауіпті жағдай орын алуы мүмкін.

Бұл жағдайда кенет тежеуден және жоғары жылдамдықпен қозғалудан аулақ болыңыз.

Көлік құралын тексерту үшін мүмкіндігінше тезірек HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.



Ақпарат

Тежеу күшін электронды түрде бөлу жүйесінің индикаторы. ABS сигнал шамы жанса немесе ABS сигнал шамы мен тұрақ тежегішінің және тежегіш сұйықтығының сигнал шамы бір уақытта жанса, спидометр, одометр және жол есептеуіші жұмыс істемеуі мүмкін. Сонымен бірге, бұл жағдайда EPS сигнал шамы жанып, руль күші артуы не азаюы мүмкін.

Бұл жағдайда автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Электронды тұрақ тежегішінің сигнал шамы (EPB) (бар болса)

EPB

Бұл ескерту шамы келесі жағдайларда қосылады:

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «ENGINE START/STOP» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін «ON» (Қосу) қалпына келтіргеннен кейін.
 - Шам шамамен 3 секундқа жанады да, артынша сөніп қалады.
- EPB ақаулы болса.
 - Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.



Ақпарат

Электронды тұрақ тежегішінің бақылау шамы (EPB) ESC жүйесінің тиісінше жұмыс істеп тұрмағанын білдіретін тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесінің (ESC) индикаторлық шамы жанған кезде жануы мүмкін (Бұл EPB ақаулығын білдірмейді).

AUTO HOLD жарық индикаторы (автоматты түрде ұстап тұру) (бар болса)

AUTO HOLD

Индикаторлық шам жанады:

- [Ақ]: Автоматты түрде ұстап тұру жүйесін «AUTO HOLD» (автоматты түрде ұстап тұру) түймесін басып қосқан кезде.
- [Жасыл]: Автоматты түрде ұстап тұру жүйесі қосылғанда автокөлікті тежегіш педалін басып тоқтатқан кезде.
- [Сары] Автоматты түрде ұстап тұру жүйесінде ақау болған жағдайда.
- Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Толық ақпарат 6-тараудың «Auto Hold (Автоматты түрде ұстап тұру)» бөлімінде берілген.

Рульді электрлік күшейту жүйесінің индикаторы



Бұл ескерту шамы келесі жағдайларда қосылады:

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «ENGINE START/ STOP» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін «ON» (Қосу) қалпына келтіргеннен кейін.
 - Шам шамамен 3 секундқа жанады да, артынша сөніп қалады.
 - EPS жүйесінің жұмысында ақау болғанда.
- Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Ақаулық индикаторы



Бұл ескерту шамы келесі жағдайларда қосылады:

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «ENGINE START/ STOP» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін «ON» (Қосу) қалпына келтіргеннен кейін.
 - Шам шамамен 3 секундқа жанады да, артынша сөніп қалады.
 - Шығарылған заттардың ұйтытылығын азайту жүйесінің ақаулығы анықталған кезде.
- Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Ақаулық индикаторы жанып тұрғанда қозғалысты жалғастыру шығарылған заттардың ұйтытылығын азайту жүйесінің зақымдалуына алып келуі, ал бұл көлікті жүргізуге және (немесе) отын шығынына әсер етуі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер MIL жыпылықтап тұрса, бұл бүркілетін отын мөлшерін реттеу жүйесіндегі қатені білдіруі мүмкін, ал бұл қозғалтқыш қуатының төмендеуіне, шудың артуына және атмосфераға зиянды заттардың шығарылуына әкелуі мүмкін.

Бұл жағдайда қозғалтқышты басқару жүйесін тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Маңдайлық соқтығысудың алдын алудың қосалқы функциясының жарық индикаторы (бар болса)



Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «Engine Start/ Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін «ON» (Қосу) қалпына келтіргеннен кейін.
 - Шам шамамен 3 секундқа жанады да, артынша сөніп қалады.
- FCA жүйесінің жұмысында ақау болғанда.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Толық ақпарат 7-тараудың «Маңдайлық соқтығысу туралы қосалқы ескерту жүйесі (FCA)» бөлімінде берілген.

Жолақты ұстап тұру жүйесінің жарық индикаторы (бар болса)



Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- [Жасыл] Функция жұмысының шарттары орындалған.
- [Ақ] Функция жұмысының шарттары орындалмаған.
- [Сары]: LKA (Қозғалыс жолағында ұстап тұру жүйесі) ақаулы.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Қосымша мәліметті 7-тараудың «Жолақты ұстап тұру жүйесі (LKA)» бөлімінен қараңыз.

Зарядтау жүйесінің индикаторы



Бұл ескерту шамы келесі жағдайларда қосылады:

- Генератор немесе зарядтау жүйесі ақаулы болғанда.

Генератор немесе зарядтау жүйесі ақаулы болғанда бірнеше әрекетті орындау керек.

1. Жақын маңдағы қауіпсіз жерде абайлап тоқтау қажет.
2. Қозғалтқышты сөндіріп, генератордың жетекті белбеуінің босап және зақымдалып қалмағанын тексеріңіз.

Егер белбеу тиісінше реттелген болса, онда зарядтау жүйесі ақаулы болуы мүмкін.

Бұл жағдайда қозғалтқышты басқару жүйесін тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Майдың төмен қысымының индикаторы

Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- Қозғалтқыштағы май қысымы төмен болған жағдайда.

Қозғалтқыштағы май қысымы төмен болғанда бірнеше әрекетті орындау керек.

1. Жақын маңдағы қауіпсіз жерге абайлап жүріп барыңыз да, автокөлікті тоқтатыңыз.
2. Қозғалтқышты сөндіріп, май деңгейін тексеріңіз (**Толық ақпарат 9-тараудың «Мотор майы» бөлімінде берілген**). Май деңгейі төмен болса, майды қосымша құю керек.

Сигнал шамы май құйылғаннан кейін де сөнбесе немесе май құю мүмкіндігі жоқ болса, автокөлікті мүмкіндігінше тездетіп HYUNDAI компаниясының ресми дилерінде тексертіңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Қозғалтқыштағы май қысымының бақылау шамы қосылған бойда қозғалтқышты сөндірмеген жағдайда, қозғалтқыш қатты зақымдалуы мүмкін
- Индикатор қозғалтқыш істеп тұрғанда жанып тұрса, бұл қозғалтқыштың қатты зақымдалғанын немесе ақаулы болуын білдіреді. Бұл жағдайда бірнеше әрекетті орындаңыз.
 1. Көлік құралын қауіпсіз сәтте дереу тоқтатыңыз.
 2. Қозғалтқышты сөндіріп, май деңгейін тексеріңіз. Егер қозғалтқыштағы май деңгейі төмен болса, қажетті май мөлшерін қосымша құйыңыз.
 3. Қозғалтқышты қайта оталдырыңыз. Индикатор қозғалтқышты оталдырғаннан кейін де сөнбесе, қозғалтқышты дереу сөндіріңіз. Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Төмен отын деңгейінің индикаторы

Бұл сигнал шамы мына жағдайларда жанады:

- Отын бағы босауға жақын болғанда. Мүмкіндігінше тез отын құю керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Төмен отын деңгейінің сигнал шамы жанып тұрғанда немесе отын деңгейі «0» шамасынан төмен болғанда көлікті жүргізу қозғалтқыш цилиндрлеріндегі жалын өткізуге және каталитикалық бейтараптандырығыштың (бар болса) зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Жылдамдықты асырудың сигнал шамы (бар болса)

120
km/h

Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- Автокөлік жылдамдығы 120 км/сағ асқан жағдайда.
 - Бұл шам аса жоғары жылдамдықпен қозғалудың алдын алуға арналған.
 - Оған қоса, шамамен 5 секунд ішінде ескертуші дыбыс сигналы естіледі.

Басты индикатор



Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- Төмендегі жүйелердің кез келгенінде ақау болған жағдайда.
 - Мандайлық соқтығысу туралы қосалқы ескерту жүйесінің ақаулығы (бар болса).
 - Мандайлық соқтығысу туралы қосалқы ескерту жүйесінің радары (бар болса) бұғатталды.
 - «Көзден таса аймақта» соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесінің (бар болса) ақаулығы.
 - «Көзден таса аймақта» соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесінің радары (бар болса) бұғатталды. Интеллектуалды круиз-контроль (SCC) жүйесінің (бар болса) ақаулығы
 - Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің радары (бар болса) бұғатталды
 - Алдыңғы жарықдиодты фаралар (бар болса) ақаулығы
 - Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесінің (бар болса) ақаулығы

Бұл ескерту бойынша толық ақпарат СК дисплейде көрсетіледі.

Шиналардағы төмен қысым индикаторы



Бұл ескерту шамы келесі жағдайларда қосылады:

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «Engine Start/ Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін «ON» (Қосу) қалпына келтіргеннен кейін.
 - Шам шамамен 3 секундқа жанады да, артынша сөніп қалады.
- Бір не бірнеше шинадағы қысым нормадан әлдеқайда төмен болған жағдайда (Қысымы төмен шиналардың орналасуы СК дисплейде көрсетіледі).

Толық ақпаратты «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)» атты 8-бөлімнен қараңыз.

Индикатор шамамен 60 секунд жыпылықтаған соң жанып тұрады немесе 3 секундтық аралықпен тұрақты түрде жанып-сөніп тұрады.

- TPMS жүйесі ақаулы болған кезде. Бұл жағдайда қозғалтқышты басқару жүйесін тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Толық ақпаратты «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)» атты 8-бөлімнен қараңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіз тоқтау

- Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі сыртқы факторлардан болған шиналардың күтпеген жерден орын алған қатты зақымы туралы ескерте алмайды.
- Автокөліктің тұрақсыздығы байқалса, акселератор педалінен аяғыңызды дереу алып, тежегіш педалін абайлап басып, жолдың қауіпсіз жеріне ақырындап шығып кетіңіз.

Динамикалық тұрақтандыру жүйесінің индикаторлық шамы



Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «ENGINE START/ STOP» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін «ON» (Қосу) қалпына келтіргеннен кейін.
 - Шам шамамен 3 секундқа жанады да, артынша сөніп қалады.
- ESC жүйесінің жұмысында ақау болғанда.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- Егер ESC жүйесі істеп тұрса.

Толық ақпарат 6-тараудың «Тұрақтылықты электронды бақылау (ESC)» бөлімінде берілген.

Динамикалық тұрақтандыру жүйесін өшірудің индикаторлық шамы



Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- Оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын немесе «ENGINE START/ STOP» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін «ON» (Қосу) қалпына келтіргеннен кейін.
 - Шам шамамен 3 секундқа жанады да, артынша сөніп қалады.
- ESC жүйесін аспаптар панеліндегі «ESC OFF» (ESC өшіру) түймесін таңдап өшіргенде.

Толық ақпарат 6-тараудың «Тұрақтылықты электронды бақылау (ESC)» бөлімінде берілген.

Имобилайзердің индикаторлық шамы (интеллектуалды кілтсіз) (бар болса)



Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- Автокөлік оталдыру жүйесін «ON» (Қосу) қалпына келтіргенде кілттегі имобилайзерді анықтаған кезде.
 - Бұл кезде қозғалтқышты оталдыруға болады.
 - Индикаторлық шам қозғалтқыш оталған соң сөнеді.

Бұл индикаторлық шам келесі жағдайларда жыпылықтайды:

- Имобилайзер жүйесінің жұмысында ақау болғанда.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Имобилайзердің индикаторлық шамы (электронды кілтпен) (бар болса)



Бұл жарық индикаторы келесі жағдайларда 30 секундқа дейін жанады.

- «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесі ACC» (Қосымша құрылғылар) немесе «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда көлік құралы автокөлік ішінде электронды кілтті анықтаса.
 - Бұл кезде қозғалтқышты оталдыруға болады.
 - Индикаторлық шам қозғалтқыш оталған соң сөнеді.

Жарық индикаторы келесі жағдайларда бірнеше секунд бойы жыпылықтайды.

- Электронды кілт салон ішінде болмағанда.
 - Бұл жағдайда қозғалтқышты оталдыру мүмкін емес

Бұл жарық индикаторы келесі жағдайларда 2 секундқа жанып сөнеді.

- Электронды кілт көлік құралының ішінде, ал «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрса, бірақ автокөлік электронды кілтті анықтамаса.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- Имобилайзер жүйесінің жұмысында ақау болғанда.

Бұл жағдайда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Бұрылыс сигналдарының индикаторы



Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- Бұрылыс көрсеткішін қосқан кезде.

Келесі жағдайлардың кез келгені орын алғанда, бұрылыс көрсеткіштері жүйесінде ақау пайда болуы мүмкін.

- Бұрылыс сигналдарының индикаторы жанады, бірақ жыпылықтамайды.
- Бұрылыс сигналдарының индикаторы жылдам жыпылықтайды.
- Бұрылыс сигналдарының индикаторы жанбайды.

Келесі жағдайларда көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Таяу жарықтың индикаторлық шамы (бар болса)



Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- Фаралар қосулы.

Шалғай жарық индикаторы



Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- Фаралардың шалғай жарығы қосылған кезде.
- Бұрылыс көрсеткіштерінің тұтқасы фаралар жарығымен жыпылықтау қалпына ауыстырылған.

Шалғай жарық фараларын автоматта түрде ауыстырып қосу жүйесінің индикаторлық шамы (бар болса)



Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- Жарық ажыратқышы AUTO (Автоматты қосылу) қалпына орнатылып, фаралардың шалғай жарығы қосылған кезде.
- Жүйе қарсы бағыттағы не ыңғайлас бағыттағы автокөлікті анықтағанда, фараларды автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі шалғай жарықты таяу жарыққа ауыстырып қосады.

Толық ақпарат 5-тараудың «Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі (HBA)» бөлімінде берілген.

Сыртқы жарықтандыру аспаптарының жарық индикаторы (бар болса)



Бұл сигнал шамы мына жағдайларда жанады:

- Сыртқы жарықтандыру аспаптары (фаралар, күндізгі жүріс жарығы, бұрылыс көрсеткіштері, стоп-сигналдар және т.б.) шамдарының бірі тиісінше істемей тұрса. Шамдардың бірін ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Жарықдиодты фаралар индикаторы (бар болса)



Бұл сигнал шамы мына жағдайларда жанады:

- «Engine Start/ Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін «ON» (Қосу) қалпына келтіргеннен кейін.
 - Жарықдиодты фаралар индикаторы шамамен 3 секунд бойы жанып, артынан сөнеді.
- Жарықдиодты фаралар ақаулы болғанда.

Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексерткен жөн.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Жарықдиодты фаралардың индикаторы жанып не жыпылықтап тұрғанда ұзақ уақыт жүру жарықдиодты фаралардың қызмет ету мерзімін қысқартуы мүмкін.

Ақпарат

Күйіп кеткен шамды ауыстырған кезде номиналды қуаты тура сондай жаңа шамды орнатыңыз.

Жарықтандыру аспаптарын қосудың индикаторлық шамы



Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- Артқы габарит жарығы немесе негізгі жарық фаралары қосылып тұрғанда.

Артқы тұман фараларының индикаторлық шамы (бар болса)



Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- Артқы тұман фаралары қосылып тұрғанда.

Круиз-контрольдің индикаторлық шамы



Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- Круиз-контроль жүйесі қосылып тұрғанда.

Толық ақпарат 6-тараудың «Круиз-контроль жүйесі» бөлімінде берілген.

Спорт режимі индикаторы (бар болса)



Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- «SPORT» режимін таңдағанда (спорттық қозғалыс режимі).

Толық ақпарат «Қозғалыс режимін басқарудың кіріктірілген жүйесі» атты 6-тарауда берілген.

Үнемді режимнің индикаторлық шамы (бар болса)



Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- «ECO» (Эко) қозғалыс режимі ретінде таңдағанда.

Толық ақпарат «Қозғалыс режимін басқарудың кіріктірілген жүйесі» атты 6-тарауда берілген.

«SMART» режимінің индикаторы (Интеллектуалды) (бар болса)



Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

- «SMART» (интеллектуалды) режимін таңдағанда.

Толық ақпарат 6-тараудың «Жүргізу режимін басқарудың біріктірілген жүйесі» бөлімінде берілген.

Жолдағы көктайғақ туралы ескертудің сигнал шамы (бар болса)



Бұл индикатор мына жағдайларда қосылады.

Бұл индикатор жүргізушіге жолдағы көктайғақ туралы ескертуге арналған.

Сырттағы температура көрсеткішіндегі температура 4 °C-тан төмен түскенде, «Icy Road» (Тайғанақ жол) индикаторы мен сыртқы ауа температурасының көрсеткіші жыпылықтап жанады. Сонымен бірге ескертуші дыбыс сигналы бір рет беріледі.

Жолдағы көктайғақ туралы ескерту функциясын аспаптар панелінің СК дисплейіндегі «User Settings» (Пайдаланушы баптаулары) режимінде қосуға не өшіруге болады.

i Ақпарат

Қозғалыс кезінде жолдағы көктайғақ туралы ескерту индикаторы жанса, жылдамдықты аса арттырмай, кенеттен үдетпей, тежемей, шұғыл бұрылыстар мен т.б. әрекеттерді жасамай автокөлікті мұқият әрі аса сақтықпен жүргізу керек.

СК дисплейдегі хабарламалар

«Key not in vehicle» [Кілт машинада емес] (интеллектуалды кілт жүйесі үшін)

Бұл ескерту хабарламасы интеллектуалды кілт автокөлік ішінде болмаса, ал сіз қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ACC» (Қосымша құрылғылар) не «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда есікті ашып жапқан жағдайда көрсетіледі. Есікті интеллектуалды кілт автокөлік ішінде болмағанда жапсаңыз, ескертуші дыбыс сигналы беріледі.

Автокөлікті оталдыру әрекеті кезінде интеллектуалды кілт өзіңізбен бірге болуы керек.

«Key not detected» [Кілт анықталмады] (интеллектуалды кілт жүйесі үшін)

Бұл ескерту хабарламасы электронды кілт анықталмағанда қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі басылған кезде көрсетіледі.

«START» түймесін кілтпен басыңыз (интеллектуалды кілт жүйесі үшін)

Бұл ескерту хабарламасы дисплейде «Key not detected» (Кілт анықталмады) хабарламасы көрсетілгенде қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі басылған кезде көрсетіледі.

Бұл кезде имобилайзердің жарық индикаторы жыпылықтайды.

«START» түймесін тағы бір рет басыңыз (интеллектуалды кілт жүйесі үшін)

Хабарлама қозғалтқышты «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесінің көмегімен оталдыру мүмкін болмаған кезде көрсетіледі.

Дисплейде бұл хабарлама пайда болса, қозғалтқышты қайта оталдырып көріңіз.

Бұл хабарлама қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесін басқан сайын көрсетілсе, жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

«Low Key Battery» (Кілт аккумуляторының қуаты таусылды) (интеллектуалды қол жеткізу жүйесі үшін)

Бұл ескерту хабарламасы қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесін OFF (Өшірулі) қалпына келтіргенде электронды кілттегі аккумулятор батареясы зарядының таусылғаны анықталған жағдайда қосылады.

Иінтіректі «P» (тұраққа қою) қалпына келтіріңіз (интеллектуалды кілт жүйесі мен автоматты трансмиссия / интеллектуалды сатысыз трансмиссия үшін)

Бұл ескерту хабарламасы берілістерді ауыстыру иінтірегін «P» (тұраққа қою) қалпына келтірмей қозғалтқышты сөндіру әрекеті жасалғанда пайда болады.

Бұл кезде «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесі «ACC» (Қосымша құрылғылар) қалпына келтіріледі (бұл түймені қайта басқанда ол «ON» (Қосу) қалпына орнатылады).

Қозғалтқышты оталдыру үшін тежегіш педалін басыңыз (интеллектуалды кілт жүйесі мен автоматты трансмиссия / интеллектуалды сатысыз трансмиссия үшін)

Бұл ескерту хабарламасы тежегіш педалін баспай, қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесін екі рет басқан соң пайда болады (ACC режимі қосылған).

Автокөлік қозғалтқышын тежегіш педалін басып оталдыруға болады.

«Press clutch pedal to start engine» (Қозғалтқышты оталдыру үшін ілініс педалін қатты басыңыз) (интеллектуалды қол жеткізу жүйесі мен механикалық беріліс қорабы үшін)

Бұл ескерту хабарламасы ілініс педалін баспай, қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесін екі рет басқан соң пайда болады (ACC режимі қосылған).

Қозғалтқышты оталдыру үшін ілініс педалін тірелгенше басу керек.

«START» түймесін тағы бір рет басыңыз (интеллектуалды кілт жүйесі үшін)

Хабарлама қозғалтқышты «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесінің көмегімен оталдыру мүмкін болмаған кезде көрсетіледі.

Дисплейде осы хабарлама пайда болса, қозғалтқышты «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін қайта басып оталдырып көріңіз.

Бұл хабарлама қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесін басқан сайын көрсетілсе, жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

«Check BRAKE SWITCH fuse» («BRAKE SWITCH» сақтандырғышын тексеріңіз) (интеллектуалды кілт жүйесі мен автоматты трансмиссия / интеллектуалды сатысыз трансмиссия үшін)

Бұл ескерту хабарламасы тежегіш ауыстырып қосқышының сақтандырғышы ағылтылған жағдайда пайда болады. Сақтандырғышты жаңасына ауыстыру керек. Мүмкін болса, қозғалтқышты «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесі «ACC» (Қосымша құрылғылар) қалпында тұрғанда 10 секундқа басып тұрып қосуға болады.

Қозғалтқышты қосу оталдыру иінтіректі «P» (тұраққа қою) немесе «N» (Бейтарап) қалпына келтіріңіз (интеллектуалды кілт жүйесі мен автоматты трансмиссия / интеллектуалды сатысыз трансмиссия үшін)

Бұл ескерту хабарламасы берілістерді ауыстыру иінтірегін «P» (тұраққа қою) немесе «N» (Бейтарап) қалпына келтірмей қозғалтқышты оталдыру әрекеті жасағанда пайда болады.



Ақпарат


Қозғалтқышты берілістерді ауыстыру иінтірегі «N» (Бейтарап) қалпында тұрғанда оталдыруға болады. Алайда қауіпсіздік мақсатында қозғалтқышты иінтірек «P» (Тұраққа қою) қалпында тұрғанда қосқаныңыз жөн.

Сыртқы электр құрылғылары себебінен аккумулятор қуатының таусылуы (бар болса)

Бұл хабарлама автокөлік құрылымдарына жарамайтын электр құрылғыларын (мысалы, бейнетіркегіш) қолдану салдарынан аккумулятор батареясының кернеуі төмендегенде көрсетіледі. Аккумулятор батареясының қуатын отырғызып алмаңыз.

Хабарлама автокөлік құрылымдарына жарамайтын электр құрылғылары алынғаннан кейін көрсетілсе, автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексерткен жөн.

Есіктің, капоттың, жүксалғыштың ашылу индикаторы




Бұл ескерту есік, капот не жүксалғыш ашық тұрғанда көрсетіледі.

⚠️ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сапарға шықпай тұрып есіктердің, капот пен жүксалғыштың толығымен жабық тұрғанын тексеріңіз. Сонымен бірге аспаптар панелінде есіктердің/капоттың/жүксалғыштың ашық тұрғанын білдіретін хабарламаның немесе бақылау шамының жанып тұрмағанын тексеріп алыңыз.

Жабылмаған люк индикаторы (бар болса)



Бұл ескерту қозғалтқыштың төбедегі люк ашық тұрғанда сөнуі кезінде пайда болады. Автокөлікті қараусыз қалдырғанда, төбедегі люкті жақсылап жабыңыз.


Аспаптар панелінің көмескі жарығы



Аспаптар тақтасының көмескі жарығы оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда СК дисплейдегі баптаулар режимінде реттеледі («Жарықтандыру → Көмескі жарық». Автокөліктің тұрақ жарықтары немесе негізгі жарық фаралары жанғанда, ішкі ауыстырып қосқыштар мен фондық көмескі жарық қарқындылығы өзгереді.


Автокөлігің қосымша навигация жүйесі бар болса, толық ақпаратты бөлек жеткізілетін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығынан қараңыз.

Жарықтандыру режимі




Бұл индикатор жарықтандыруды басқару режимінде таңдалған сыртқы жарықтандыру шамын көрсетеді.

Әйнек тазалағыштар режимдері



Бұл индикатор әйнек тазалағыштарды басқару режимінде таңдалған әйнек тазалағыштардың жылдамдығын көрсетеді.

Төмен қысым (бар болса)



Бұл хабарлама шиналардағы қысым төмен болғанда көрсетіледі. Автокөліктің тиісті шинасы көрсетіледі.

Толық ақпаратты «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)» атты 8-бөлімнен қараңыз.

Руль жылытқышы өшірулі (бар болса)

Бұл хабарлама руль жылытқышын өшірген кезде пайда болады.

Толық ақпарат 5-тараудың «Жылытылатын руль» бөлімінде берілген.

Жуғыш сұйықтығының төмен деңгейі (бар болса)

Бұл ескерту әйнек жуғыш сұйықтығының бағы босауға жақын болғанда көрсетіледі.

Әйнек жуғыш бағына сұйықтық құйыңыз.

«Low fuel» (Отынның төмен деңгейі)

Бұл хабарлама отын бағы босауға жақын қалғанда көрсетіледі.

Бұл хабарламамен бірге аспаптар тақтасындағы төмен отын деңгейінің индикаторы да жанады.

Жақын маңдағы жанармай құю станциясын тауып алып, отын құю керек.

«Engine Overheated» (Қозғалтқыш қызып кетті) (бар болса)

Бұл хабарлама қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температурасы 120 °C-тан асып түскенде көрсетіледі. Бұл қозғалтқыштың қызып кеткенін және зақымдалу ықтималдығын білдіреді.

Автокөлік қызып кетсе, 8-тараудағы «Қызып кету» бөлімін қараңыз.

Check headlight (Фараларды тексеру); бар болса

Бұл ескерту хабарламасы фаралар дұрыс істемеген жағдайда көрсетіледі.

Оған қоса, шамдардың бірі (бұрылыс көрсеткішінің шамы және т.б.) дұрыс істемей тұрса, сол шамға қатысты ескерту хабарламасы көрсетіледі. Мұндай шамды ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Күйіп кеткен шамды ауыстырған кезде номиналды қуаты тура сондай жаңа шамды орнатыңыз.

«Check headlight (Low)» (Фараларды тексеріңіз (таяу жарық)); бар болса

Бұл ескерту хабарламасы алдыңғы фара шамы (таяу жарық) дұрыс істемеген жағдайда көрсетіледі.

Оған қоса, шамдардың бірі (бұрылыс көрсеткішінің шамы және т.б.) дұрыс істемей тұрса, сол шамға қатысты ескерту хабарламасы көрсетіледі. Мұндай шамды ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Күйіп кеткен шамды ауыстырған кезде номиналды қуаты тура сондай жаңа шамды орнатыңыз.

«Check turn signal» (Бұрылыс сигналын тексеріңіз); бар болса

Бұл ескерту хабарламасы бұрылыс көрсеткіштерінің шамдары дұрыс істемеген жағдайда көрсетіледі. Шамды ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Күйіп кеткен шамды ауыстырған кезде номиналды қуаты тура сондай жаңа шамды орнатыңыз.

«Check brake light» (Стоп-сигналды тексеріңіз) (бар болса)

Бұл ескерту хабарламасы стоп-сигнал дұрыс істемей тұрғанда көрсетіледі. Шамды ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Күйіп кеткен шамды ауыстырған кезде номиналды қуаты тура сондай жаңа шамды орнатыңыз.

«Check daytime running light» (Күндізгі жүріс жарығын тексеріңіз) (бар болса)

Бұл ескерту хабарламасы күндізгі жүріс жарығы дұрыс істемей тұрған жағдайда көрсетіледі. Шамды ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Күйіп кеткен шамды ауыстырған кезде номиналды қуаты тура сондай жаңа шамды орнатыңыз.

«Check high mounted stop lamp» (Қосымша жоғарғы стоп-сигналды тексеріңіз) (бар болса)

Бұл ескерту хабары қосымша жоғарғы стоп-сигнал дұрыс істемей тұрған жағдайда көрсетіледі. Шамды ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Күйіп кеткен шамды ауыстырған кезде номиналды қуаты тура сондай жаңа шамды орнатыңыз.

«Check headlight LED» (Алдыңғы фаралардың жарықдиодты шамдарын тексеріңіз) (бар болса)

Бұл ескерту хабарламасы жарықдиодты фара ақаулы болғанда көрсетіледі. Автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексерткен жөн.

«Check Forward Collision-Avoidance Assist system» (Маңдайлық соқтығысу туралы қосалқы ескерту жүйесін тексеріңіз) (бар болса)

Бұл ескерту хабарламасы маңдайлық соқтығысу туралы қосалқы ескерту функциясының жұмысында ақау орын алғанда көрсетіледі. Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Толық ақпарат 6-тараудың «Маңдайлық соқтығысу туралы қосалқы ескерту жүйесі (FCA)» бөлімінде берілген.

Жол белгісін ұстап тұру жүйесі (бар болса)

Бұл ескерту жолақты ұстап тұру функциясының жұмысында ақау орын алғанда көрсетіледі. Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

* Толық ақпарат 6-тараудың «Жолақты ұстап тұру жүйесі» бөлімінде берілген.

Көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі (бар болса)

Бұл ескерту көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту функциясының жұмысында ақау орын алғанда көрсетіледі. Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Қосымша мәліметтерді 6-тараудың «Көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту функциясы (BCW)» бөлімінде қараңыз.

«Check Driver Attention Warning system» (Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесін тексеріңіз) (бар болса)

Бұл ескерту зейінді бақылау жүйесінде ақау орын алғанда көрсетіледі. Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Толық ақпарат 6-тараудың «Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі (DAW)» бөлімінде берілген.

Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесін тексеріңіз (бар болса)

Бұл ескерту шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу функциясының жұмысында ақау орын алғанда көрсетіледі. Көлік құралын тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Толық ақпарат 5-тараудың «Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі (HBA)» бөлімінде берілген.


Интеллектуалды круиз-контроль жүйесін тексеріңіз (бар болса)

Бұл ескерту интеллектуалды круиз-контроль функциясының жұмысында ақау орын алғанда көрсетіледі. Автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексерген жөн.

Қосымша мәліметті 6-тараудың «Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі (SCC)» бөлімінен қараңыз.



СК ДИСПЛЕЙ (А ТИПІ)

СК дисплейді басқару



OCN7040023L

СК дисплей режимдерін ауыстырып қосқыштардың көмегімен өзгертуге болады.

- (1) : Дисплей режимін өзгертуге арналған «MODE» (Режим) түймесі
- (2) : Элементтерді өзгертуге арналған «MOVE» (Жылжу) түймесі
- (3) OK: таңдалған элементті баптауға және бастапқы қалпына келтіруге арналған «SELECT/RESET» (Таңдау/бастапқы қалпына келтіру) түймесі

Ақпарат


Ақпараттық-ойын-сауық жүйесін қолданғанда баптау режиміне ақпараттық-ойын-сауық жүйесінде ғана қолдау көрсетіледі, бұл режимге аспаптар тақтасында қолдау көрсетілмейді.

СК дисплей режимдері

Режимдер	Таңба	Сипаттамасы
Бағдар компьютері		Бұл режим жол есептеуіші, отын шығыны және т.б. сияқты жол ақпаратын көрсетеді. Толық ақпарат осы тараудың «Бағдар компьютері» бөлімінде берілген.
Бұрылыстарда навигациясы бар режим (ТВТ)		Бұл режимде навигация күйі көрсетіледі.
Жүргізу кезіндегі көмек		<ul style="list-style-type: none"> – Интеллектуалды круиз-контроль функциясы (SCC) – Жолақты ұстап тұру функциясы (LKA) – Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі (LFA) – Жүргізуші зейінін бақылау функциясы (DAW)
Баптаулар		Бұл режимде есіктердің, шамдардың және т.б. баптауларын өзгертуге болады.
Абайлаңыз		<ul style="list-style-type: none"> – Бұл режимде шамдар мен т.б. ақаулығымен байланысты ескерту хабарламалары көрсетіледі. – Шиналардағы қысым туралы ақпарат

Көрсетілген ақпарат автокөлігіңіз үшін қарастырылған функцияларға байланысты өзгешеленуі мүмкін.

Бағдар компьютерлерінің тобы




OCN7040040L

Бағдар компьютерлерінің тобында автокөлік қозғалысының параметрлерімен байланысты ақпарат көрсетіледі, мысалы, отын шығыны, одометр көрсеткіштері және автокөлік жылдамдығы.

Толық ақпарат осы тараудың «Бағдар компьютері» бөлімінде берілген.


Бұрылыстарда навигациясы бар режим тобы (ТВТ)



OCN7060149

Бұл топта навигация күйі көрсетіледі.

Жүргізу кезіндегі көмек тобы




OCN7060074

SCC/LKA

Бұл топта интеллектуалды круиз-контроль және жолақты ұстап тұру жүйелерінің күйі көрсетіледі.

Қосымша мәліметті 7-тараудағы тиісті жүйелер сипаттамасынан қараңыз.




OIG059288L

Зейінді бақылау жүйесі

Бұл топта зейінді бақылау жүйесімен байланысты ақпарат көрсетіледі.

Толық ақпарат 7-тараудың «Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі (DAW)» бөлімінде берілген.



Жалпы ескертулер тобы




Бұл сигнал шамы келесі жағдайларда жанады.

- Маңдайлық соқтығысу туралы қосалқы ескерту жүйесінің ақаулығы (бар болса).
- Маңдайлық соқтығысу туралы қосалқы ескерту жүйесінің радары (бар болса) бұғатталды
- «Көзден таса аймақта» соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесінің (бар болса) ақаулығы.
- Көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесінің радары (бар болса) бұғатталды
- Шамдардың ақаулығы (бар болса) Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесінің ақаулығы (бар болса)
- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің (SCC) ақаулығы (бар болса)
- Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ақаулығы (бар болса)

Негізгі сигнал шамы берілген жағдайлардың бірі не бірнешеуі орын алған кезде жанады.

Бұл кезде СК дисплейде пайдаланушы баптаулары белгішесінен () кейін жалпы ескерту () белгішесі пайда болады.

Ескертуге себеп болған жағдай шешілсе, басты индикатор сөнеді, ал жалпы ескерту белгішесі жоқ болады.




Шиналардағы қысым

Бұл режимде шиналардағы қысым күйі туралы ақпарат көрсетіледі.

Толық ақпарат 8-тараудың «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі» бөлімінде берілген.

Баптаулар режимі



Бұл режимде аспаптар тақтасының, есіктердің, шамдардың және т.б. баптауларын өзгертуге болады.

1. Жүргізу кезіндегі көмек жүйесі
2. Есік
3. Жарық
4. Дыбыс сигналдары
5. Жайлылық
6. Қызмет көрсету аралығы
7. Тақырыпты таңдау
8. Қос.функциялар
9. Тіл
10. Бастапқы қалпына келтіру

Көрсетілген ақпарат автокөлігіңіз үшін қарастырылған функцияларға байланысты өзгешеленуі мүмкін.

Параметрлерді беріліс Р қалпында тұрғанда реттеңіз / Параметрлерді тұрақ тежегіші қосылып тұрғанда реттеңіз

Бұл ескерту қозғалыс кезінде User Settings (Пайдаланушы баптаулары) режимінде мәзір тармағын таңдағанда пайда болады.

- Автоматты трансмиссия / интеллектуалды сатысыз трансмиссия
Қауіпсіздік мақсатында, «Пайдаланушы баптаулары» мәзіріндегі баптауларды автокөлікті тұраққа қойып, тұрақ тежегішін қосып, иініректі «Р» (тұраққа қою) қалпына ауыстырғаннан кейін өзгертуге болады.
- Механикалық беріліс қорабы
Қауіпсіздік мақсатында, «User Settings» (Пайдаланушы баптаулары) мәзіріндегі баптауларды тұрақ тежегішін қосқан соң өзгертуге болады.

Қысқаша нұсқаулық (Анықтама)

Мұнда пайдаланушы баптаулары режимін пайдалану бойынша нұсқаулар ұсынылады. Элементті таңдап, ОК түймесін басып ұстап тұрыңыз.

Әр жүйе туралы қосымша мәліметті осы пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.



Ақпарат

Ақпараттық-ойын-сауық жүйесін қолданғанда баптау режиміне ақпараттық-ойын-сауық жүйесінде ғана қолдау көрсетіледі, бұл режимге аспаптар тақтасында қолдау көрсетілмейді.

1. Жүргізу кезіндегі көмек жүйесі

Параметр	Түсіндірме
Жүргізу кезіндегі көмек	<ul style="list-style-type: none"> Автодаңғылмен жүрген кездегі көмекші жүйе: бұл функция жүргізушіге магистральда жүргенде орнатылған жылдамдықты ұстануға, алда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі қауіпсіз арақашықтықты сақтап отыруға және автокөлікті қозғалыс жолағында ұстап отыруға көмектеседі. <p>Толық ақпарат 7-тараудың «Магистральмен жүрген кездегі көмек жүйесі (HDA)» бөлімінде берілген.</p>
Ескертуді құру уақыты	<p>Жүргізушіге көмек жүйесінің ескерту уақытын өзгертуге мүмкіндік береді.</p> <ul style="list-style-type: none"> Стандартты / Кеш
Ескертулердің дыбыс қаттылығы	<p>Жүргізушіге көмек жүйесінің ескерту уақытын өзгертуге мүмкіндік береді.</p> <ul style="list-style-type: none"> Жоғары / Орташа / Бәсең / Өшіру
Жүргізуші зейінін бақылау жүйесі	<ul style="list-style-type: none"> Алда тұрған автокөліктің кетуін бақылау функциясы <p>Алда тұрған автокөліктің орнынан жүріп кетуі туралы хабарландыруды қосу не өшіру.</p> <ul style="list-style-type: none"> Зейінсіз жүргізу туралы ескерту жүйесі <p>Зейінді бақылау жүйесін қосу не өшіру.</p> <p>Толық ақпарат 7-тараудың «Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі (DAW)» бөлімінде берілген.</p>
Алдағы қауіпсіздік	<p>Жолақты ұстап тұру функциясын баптау үшін төмендегі әрекеттерді орындаңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> Белсенді көмек Тек ескерту Off (Өшіру) <p>Толық ақпарат 7-тараудың «Маңдайлық соқтығысу туралы қосалқы ескерту жүйесі (FCA)» бөлімінде берілген.</p>
Жолақпен қауіпсіз жүруді бақылау	<p>Жолақты ұстап тұру функциясын баптау үшін төмендегі әрекеттерді орындаңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> Жолақты ұстап тұру жүйесі Қозғалыс жолағынан тыс жүру туралы ескерту Off (Өшіру) <p>Толығырақ 7-тараудың «Жолақты ұстап тұру жүйесі (LKA)» бөлімінен қараңыз.</p>

Параметр	Түсіндірме
Көзден таса аймақтағы қауіпсіздік	<ul style="list-style-type: none"> • Қауіпсіз шығысты бақылау жүйесі (SEW) <p>Қауіпсіз шығуды бақылау жүйесін қосу не өшіру үшін.</p> <p>Толық ақпаратты 7-тараудың «Қауіпсіз шығу жүйесі (SEW)» бөлімінен қараңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Белсенді көмек • Тек ескерту • Off (Өшіру) <p>Қосымша мәлімет 7-тараудың «Көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі (BCW)» немесе «Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алудың қосалқы жүйесі (BCA)» бөлімінде берілген.</p>
Қауіпсіз тұрақ	<ul style="list-style-type: none"> • Тұраққа қойған кездегі арақашықтық туралы ескерту — автоматты режим қосуды • Артқа жүрген кездегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету <p>Rear Cross-Traffic Collision-Avoidance Assist (Автокөліктің артында көлденең бағытта жүріп бара жатқан нысандармен соқтығысудың алдын алу) функциясын қосу не өшіру үшін</p> <ul style="list-style-type: none"> • Белсенді көмек. • Тек ескерту • Off (Өшіру) <p>Толық ақпарат 7-тараудың «Автокөліктің артында көлденең бағытта жүріп бара жатқан нысандармен соқтығысудың алдын алу жүйесі» бөлімінде берілген.</p>

2. Есік

Тармақтар	Сипаттамасы
Автоматты түрде құлыпталу	<ul style="list-style-type: none"> • «БҚ ауыстырып қосқан кезде»: автоматтық беріліс қорабының иінтірегін P (тұраққа қою) қалпынан R (артқа жүру), N (бейтарап) немесе D (алға жүру) қалпына ауыстырғанда барлық есіктер автоматты түрде құлыпталады. (Қозғалтқыш оталып тұрғанда ғана) • Қозғалыс кезінде қосу (Enable on Speed): жылдамдықты 15 км/сағ (9,3 миль/сағ) шамасынан асырғанда барлық есіктер автоматты түрде құлыпталады. • Өшіру: есіктердің автоматты түрде құлыпталу функциясы өшіріледі.
Құлыптың автоматты түрде ашылуы	<ul style="list-style-type: none"> • «“P” қалпына келтіру»: АБАҚ иінтірегін P (тұраққа қою) қалпына келтіргенде барлық есіктердің құлпы автоматты түрде ашылады. (Қозғалтқыш оталып тұрғанда ғана) • Кілт шығарылған/оталд.жүйесі өшірілген: оталдыру жүйесінің құлпынан кілтті шығарғанда немесе «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін OFF» (Өшіру) қалпына ауыстырғанда барлық есіктердің құлпы автоматты түрде ашылады. • Өшіру: есік құлыптарының автоматты түрде ашылуы функциясы өшеді.

Тармақтар	Сипаттамасы
Екі рет басып құлыпты ашу	<ul style="list-style-type: none"> • Off (Өшіру): екі рет басып құлыпты ашу функциясы өшеді. Осылайша, құлыпты ашу түймесін басқанда барлық есіктер ашылады. • On (Қосу): құлыпты ашу түймесін басқанда тек жүргізушінің есігі ашылады. 4 секунд ішінде құлыпты ашу түймесі қайта басылса, қалған есіктердің бәрі ашылады.
«Horn Feedback» (Дыбыс сигналынан келетін кері байланыс)	Дыбыс сигналынан келетін кері байланыс функциясын қосу және өшіру. Дыбыс сигналынан келетін кері байланыс функциясы қосылып тұрса, қашықтан басқару кілтіндегі тиісті түймені басып есікті құлыптағаннан кейін және 4 секунд ішінде оны қайта басқаннан кейін барлық есіктердің құлыпталғанын білдіретін бір дыбыс сигналы беріледі (қашықтан басқару кілті бар болса).
Жүксалғышты ашудың интеллектуалды жүйесі	Жүксалғыш қақпағын ашудың интеллектуалды жүйесін қосу немесе өшіру. Толық ақпаратты 5-тараудың «Жүксалғышты ашудың интеллектуалды жүйесі» бөлімінен қараңыз.

3. Жарық

Тармақтар	Түсіндірме
Illumination (Көмескі жарық)	Көмескі жарық деңгейін реттеу. – 1~20 деңгейі
Бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтау саны	<ul style="list-style-type: none"> • «Off» (Өшіру): бұрылыстың жыпылықтау саны функциясы өшірулі. • «3, 5, 7 Flashes» (3, 5, 7 жыпылықтау): бұрылыс көрсеткіштерін қосу иінтірегін сәл жылжытқанда бұрылыс сигналы 3, 5, не 7 рет жыпылықтайды. Қосымша ақпарат 5-тараудың «Жарықтандыру» бөлімінде берілген.
Қоса жүретін көмескі жарық	Қоса жүретін көмескі жарық функциясын қосу және өшіру. Қосымша ақпарат 5-тараудың «Жарықтандыру» бөлімінде берілген.
HBA (Шалғай жарықтың автоматты түрде ауыстырылуы)	<ul style="list-style-type: none"> • Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу функциясын қосу және өшіру. Толық ақпарат 5-тараудың «Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі (HBA)» бөлімінде берілген.

4. Дыбыс сигналдары

Тармақтар	Түсіндірме
«Cluster Voice Guidance Volume» (Аспаптар тақтасының дауыстық нұсқауларының дыбыс қаттылығы)	Аспаптар тақтасының дауыстық нұсқауларының дыбыс қаттылығын реттеу.
Қарсы алу дыбыс сигналы	Қарсы алу дыбыс сигналын қосу немесе өшіру.

5. Жайлылық

Тармақтар	Сипаттамасы
Орындық қалпын есте сақтау (Seat Easy Access)	<ul style="list-style-type: none"> Өшіру: орындық қалпын есте сақтау функциясы өшірулі. «Normal/Extended» (Қалыпты/Кеңейтілген): қозғалтқышты сөндірген кезде жүргізуші орындығы аз (әдепкі режим) немесе үлкен (ұзартылған режим) қашықтыққа артқа автоматты түрде жылжиды, бұл автокөлікке/автокөліктен жайлы отыруға/шығуға мүмкіндік береді. <p>Толық ақпарат 5-тараудың «Жүргізуші орындығының қалпын есте сақтау жүйесі» бөлімінде берілген.</p>
Артқы орындықта жолаушының бар екені туралы ескерту жүйесі	<ul style="list-style-type: none"> Артқы орындықта жолаушының бар екені туралы ескерту жүйесін қосу немесе өшіру. <p>Толық ақпарат 5-тараудың «Артқы орындықта жолаушының бар екені туралы ескерту жүйесі (ROA)» бөлімінде берілген.</p>
Қарсы алу / қарсы алу жарығы функциясы бар айна	<ul style="list-style-type: none"> «Есіктердің құлпын ашқан кезде»: сыртқы артқы көрініс айналары автоматты түрде жайылады және есіктердің құлпы ашылғанда қарсы алу көмескі жарығы қосылады. «Жүргізуші жақындаған кезде»: сыртқы артқы көрініс айналары автоматты түрде жайылады және автокөлікке интеллектуалды қол жеткізу кілтімен жақындағанда қарсы алу көмескі жарығы қосылады. <p>Толық ақпарат 5-тараудың «Қарсы алу жүйесі» бөлімінде берілген.</p>
Сымсыз зарядтау жүйесі (Wireless Charging System)	Алдыңғы орындықтағы сымсыз зарядтау жүйесін қосу немесе өшіру. Толық ақпаратты 5-тараудың «Смартфонды сымсыз зарядтау жүйесі» бөлімінен қараңыз.
Әйнек тазалағыштардың / жарықтандырудың жұмыс режимін көрсету	Әйнек тазалағыштардың/жарықтандырудың жұмыс режимін қосу не өшіру. Бұл функция қосылып тұрса, әйнек тазалағыштардың/жарықтандырудың жұмыс режимі ауысқан сайын тандалған режим СК дисплейде көрсетіледі.
Жолдағы көктайғақ туралы ескерту	Жолдағы көктайғақ туралы ескерту функциясын қосу немесе өшіру.

6. Қызмет көрсету аралығы

Тармақтар	Сипаттамасы
Қызмет көрсету аралығы	Қызмет көрсету аралығы функциясын қосу немесе өшіру үшін.

Ақпарат

Қызмет көрсету аралықтары мәзірін қолдануға қатысты қосымша ақпаратты алу үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласыңыз.

Қызмет көрсету аралығы функциясы қосылып, уақыт пен қашықтық орнатылған болса, келесі жағдайларда автокөлікті қосқан сайын хабарламалар пайда болады.

– Техқызмет көрсету туралы еске салу

: жүргізушіге жүріп өткен жол мен техқызмет көрсетуге дейін қалған күндер санын хабарлайды.

– Техникалық қызмет көрсету қажет

: жүргізушіге белгіленген жүріп өткен жолға жеткенін немесе одан асқанын немесе техникалық қызмет көрсетуге дейін қалған күндер санын хабарлайды.

Ақпарат

Төмендегі жағдайлардың кез келгенінде жүріп өткен жол мен техникалық қызмет көрсетуге қалған күндер саны туралы ақпарат қате болуы мүмкін.

- Аккумулятор кабелі ажыратылған.
- Сақтандырғышы бар ауыстырып қосқыш өшірулі.
- Аккумулятор заряды отырған.

7. Тақырыпты таңдау

Аспаптар тақтасы мен параметрлерді көрсетудің графикалық стилін таңдау.

- А тақырыбы / В тақырыбы / С тақырыбы

8. Қос.функциялар

Параметр	Түсіндірме
«Fuel Econ.» (Отын шығыны) Бастапқы қалпына келтіру	<ul style="list-style-type: none"> • Off (Өшіру): отынның орташа шығыны отын құйғанда автоматты түрде бастапқы қалпына келтірілмейді. • «After ignition» (Оталдыру жүйесін қосқаннан кейін): қозғалтқыш 4 сағат не одан ұзақ уақыт бойы өшіп тұрса, отынның орташа шығыны автоматты түрде қайта орнатылады. • «After Refueling» (Отын құйғаннан кейін): отынның орташа шығыны 6 литр не одан көбірек отын құйылған соң және автокөлік жылдамдығы 1 км/сағ шамасынан асқанда автоматты түрде қайта орнатылады. <p>Толық ақпаратты осы тараудың «Бағдар компьютері» бөлімінен қараңыз.</p>
Жылдамдықты өлшеу бірліктері (бар болса)	Жылдамдықты өлшеу бірліктерін таңдау (км/сағ, миль/сағ)
«Fuel Econ.» (Отын шығыны) Unit» (Отын шығынының бірліктері)	Отын шығынын өлшеу бірліктерін таңдау (км/л, л/100 км, миль/галлон)
Температураны өлшеу бірліктері	Температураны өлшеу бірлігін таңдау үшін (°C, °F)
Қысымды өлшеу бірліктері (Tire Pressure Unit)	Шиналардағы қысымды өлшеу бірліктерін таңдау (ш. дюймге шаққандағы фунт, кПа, бар)

9. «Language» (Тіл) (бар болса)

Тармақтар	Сипаттамасы
Тіл	Тілді таңдау. Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің тілін таңдауға болады (бар болса).

10. Бастапқы қалпына келтіру

Тармақтар	Сипаттамасы
Бастапқы қалпына келтіру	Пайдаланушы баптауларының режимінде мәзірдегі ақпаратты нөлдеуге болады. Тіл мен қызмет көрсету аралығынан басқа, пайдаланушы баптауларының режиміндегі барлық мәзірлер зауыттық параметрлерге дейін нөлденеді.


Бағдар компьютері

Бағдар компьютері — жүргізушіге ақпарат беретін микропроцессорлық жүйе, ол келік құралын жүргізуге қатысты ақпаратты көрсетеді.

i Ақпарат

Бағдар компьютерінде сақталатын жүргізу туралы кейбір ақпарат (мысалы, автокөліктің орташа жылдамдығы) аккумуляторды ажыратқан соң нөлденеді.


Қозғалыс режимдері



OCN7040079L

Қозғалыс режимін рульдегі ауыстырып қосқышты « \wedge », « \vee » жылжыту арқылы өзгертуге болады.

Отын үнемділігі



OCN7040045L

Отынның орташа шығыны (1)

- Орташа отын шығыны орташа отын шығынының мәні соңғы рет ысырылған сәттен жалпы жүрілген қашықтық пен жалпы отын тұтыну негізінде есептеледі.
- Отынның орташа шығынының көрсеткіштерін автоматты түрде не қолмен нөлдеуге болады.

Қолмен нөлдеу.

Отынның орташа шығынын нөлдеу үшін отынның орташа шығыны көрсетілгенде рульдегі [OK] түймесін басып, 1 секундтан астам уақыт ұстап тұру керек.

Автоматты түрде нөлдеу

Отынның орташа шығынының көрсеткіштері отынды үстеп құйған кезде автоматты түрде нөлденуі үшін СК дисплейдегі «User Settings» (Пайдаланушы баптаулары) мәзірінен «Fuel Econ. Reset» (Отын шығынының көрсеткіштерін автоматты түрде нөлдеу) режимін таңдаңыз.

- «After Ignition» (Оталдыру жүйесін қосқаннан кейін): отынның орташа шығыны қозғалтқышты сөндірген соң 4 сағат өткеннен кейін автоматты түрде нөлденеді.
- «After Refueling» (Отын құйғаннан кейін): отынның орташа шығыны автокөлік жылдамдығы 1 км/сағ шамасынан асқанда немесе 6 литр не одан көбірек отын құйылғанда автоматты түрде қайта орнатылады.



Ақпарат


«Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін «ON» (Қосу) қалпына келтіргеннен кейін автокөлік 300 метрден аз жол жүрген жағдайда отынның орташа шығыны нақты болмауы мүмкін.

Отынның мезеттік шығыны (2)

- Бұл режимде автокөлік жылдамдығы 10 км/сағ шамасынан асатын болса, соңғы бірнеше секундтағы отын шығынының ағымдағы мәні көрсетіледі.


Жиынтық ақпаратты көрсету

■ А типі



OIG059021L

■ В типі



ODN8059272L

Дисплейде жалпы өткен қашықтық (1), орташа отын шығыны (2) және жолдағы жалпы уақыт (3) көрсетіледі.

Ақпарат деректер соңғы рет нөлденген сәттен бастап жиналады.

Деректерді қолмен нөлдеу үшін дисплейде жиынтық ақпарат көрсетілген кезде «OK» түймесін басып ұстап тұрыңыз. Жалпы жүрілген қашықтық, отынның орташа шығыны мен жолдағы жалпы уақыт туралы деректер бір уақытта нөлденеді.


Жолдығы жалпы уақыт әрдайым қозғалтқыш істеп тұрған кезде есептеледі (мысалы, кептелісте тұрғанда немесе бағдаршамды күткенде).

Ақпарат


Отынның орташа шығыны есептеле бастау үшін қозғалтқышты соңғы рет оталдырған сәттен бастап автокөлік кем дегенде 300 метр жүріп өтуі қажет.

Жүру туралы ақпаратты көрсету

■ А типі



■ B типі



Дисплейде жалпы өткен қашықтық (1), орташа отын шығыны (2) және жолдағы жалпы уақыт (3) көрсетіледі.

Ақпарат оталдыру жүйесін қосып-өшірудің әр циклі үшін қиыстырылған. Алайда қозғалтқыш 4 немесе одан көп сағат бойы сөніп тұрғанда «Сапар туралы ақпарат» экраны автоматты түрде қайта орнатылады.

Деректерді қолмен нөлдеу үшін дисплейде сапар туралы ақпарат көрсетілген кезде «OK» түймесін басып ұстап тұрыңыз.

Жалпы жүрілген қашықтық, отынның орташа шығыны мен жолдағы жалпы уақыт туралы деректер бір уақытта нөлденеді.


Жолдығы жалпы уақыт әрдайым қозғалтқыш істеп тұрған кезде есептеледі (мысалы, кептелісте тұрғанда немесе бағдаршамды күткенде).



Ақпарат

Отынның орташа шығыны есептеле бастау үшін қозғалтқышты соңғы рет оталдырған сәттен бастап автокөлік кем дегенде 300 метр жүріп өтуі қажет.

Цифрлық спидометр



Бұл хабарламада автокөлік жылдамдығы (км/сағ, миль/сағ) көрсетіледі.

«Smart Shift» берілістерді ауыстыру индикаторы (бар болса)




Бұл режимде қазіргі қозғалыс режимі көрсетіледі.

Толық ақпарат 6-тараудың «Жүргізу режимін басқарудың біріктірілген жүйесі» бөлімінде берілген.

СК ДИСПЛЕЙ (В ТИПИ)

СК дисплейді басқару



OCN7040023L

СК дисплей режимдерін ауыстырып қосқыштардың көмегімен өзгертуге болады.

Ауыстырып қосқыш	Әрекет	Функция
	Түртіңіз	«MODE» (Режим) түймелері қарау режимдерін өзгертуге арналған
	Түртіңіз	«MOVE» (Жылжу) түймелері элементтерді өзгертуге арналған
OK	Түртіңіз	«SELECT/RESET» (Таңдау/Нөлдеу) түймелері таңдалған элементті баптауға арналған
	Қосалқы ақпаратты іздеу немесе	таңдалған элементті нөлдеу үшін «SELECT/RESET» (Таңдау/нөлдеу) түймесін басып ұстап тұрыңыз

Ақпарат

Ақпараттық-ойын-сауық жүйесін қолданғанда баптау режиміне ақпараттық-ойын-сауық жүйесінде ғана қолдау көрсетіледі, бұл режимге аспаптар тақтасында қолдау көрсетілмейді.

Қарау режимдері

Қарау режимдері	Түсіндірме
Сервистік ақпарат тобы	Сервистік ақпарат тобында сапар қашықтығы, отын шығыны және т.б. сияқты сапар туралы мәліметтер көрсетіледі.
Жүргізу кезіндегі көмек тобы	«Driving Assist» (Жүргізу кезіндегі көмек) режимі жүргізу күйін көрсетеді.
Навигация тобы	Бұл режимде навигация күйі көрсетіледі.
Сапар туралы ақпарат тобы	«IGN ON» (Оталдыру жүйесін қосу) режимінен «OFF» (Өшіру) режиміне ауысқан кезде 4 секунд бойы көрсетіледі.

Көрсетілген ақпарат автокөлігіңіз үшін қарастырылған функцияларға байланысты өзгешеленуі мүмкін.

Сервистік ақпарат тобы

Сервистік ақпарат тобында автокөлік қозғалысының параметрлерімен байланысты ақпарат көрсетіледі, мысалы, отын шығыны және сапар қашықтығы.

Сервистік ақпарат

Сервистік ақпарат сервистік ақпаратты қарау режимінде де, жүргізу және бұрылыстарды көрсету режимдерінде де көрсетіледі. Сервистік ақпаратты қарау режимінде сервистік ақпарат аспап тақтасының ортасында, ал басқа режимдерде — аспаптар тақтасының оң жағында көрсетіледі.

Көрсетілген ақпарат автокөлігіңіз үшін қарастырылған функцияларға байланысты өзгешеленуі мүмкін.

Жүргізу туралы ақпарат

Оталдыру жүйесін қосып-өшірудің әр циклі үшін жүріп өткен қашықтық, отын шығыны (отынды үнемдеу режимінде қозғалыс жылдамдығы көрсетілмейді), сапар уақыты көрсетіледі. Баптауды бастау үшін «OK» түймесін басып ұстап тұрыңыз. Қозғалтқыш 4 сағат не одан сағат бойы сөніп тұрса, отынның орташа шығыны автоматты түрде қайта орнатылады.

Отын құйғаннан кейінгі ақпарат

Автокөлік туралы ақпарат, атап айтқанда жүріп өткен қашықтық, отын шығыны (отынды үнемдеу режимінде қозғалыс жылдамдығы көрсетілмейді) және отын құйғаннан кейінгі сапар уақыты көрсетіледі. Баптауды бастау үшін «OK» түймесін басып ұстап тұрыңыз.

Жиынтық ақпарат

Автокөлік туралы ақпарат, атап айтқанда жүріп өткен қашықтық, отын шығыны (отынды үнемдеу режимінде қозғалыс жылдамдығы көрсетілмейді) және қолмен белсенді күйге келтіргеннен кейінгі сапар уақыты көрсетіледі.

Цифрлық спидометр

Автокөліктің ағымдағы жылдамдығын көрсетеді.


Зейінді бақылау жүйесі

Жүргізуші зейінін бақылау жүйесінің күйін көрсетеді. Қозғалтқышты сөндіргенде немесе автокөлікті тоқтатқанда жүйе деректері нөлденеді. Баптауды бастау үшін «OK» түймесін басып ұстап тұрыңыз.

Шиналардағы қысым

«Smart shift» берілістерді ауыстыру индикаторы

Жүргізу кезіндегі көмек тобы




OCN7040041

SCC / LFA / HDA

Бұл топта интеллектуалды круиз-контроль, қозғалыс жолағын қадағалау және автомагистральда жүрген кездегі көмек жүйелерінің күйі көрсетіледі.

Қосымша мәліметті 7-тараудағы тиісті жүйелер сипаттамасынан қараңыз.


Навигация тобы



OCN7040023L

Навигация жүйесіне қатысты ақпаратты көрсетеді.

Сапар туралы ақпарат тобы



OCN7040035

Көлікті жүргізу туралы жиынтық ақпарат (1)

Круиз-контроль, интеллектуалды круиз-контроль және жоғары жылдамдықпен жүру кезіндегі көмек жүйелерінің ағымдағы күйі көрсетіледі. Бұл ақпарат көлікті жүргізу кездегі көмек жүйесі істеп тұрғанда көрсетілмейді.



OCN7040042L

Көлікті жүргізу туралы жиынтық ақпарат (2)

Круиз-контроль, интеллектуалды круиз-контроль және жоғары жылдамдықпен жүру кезіндегі көмек режимдері жұмысының ағымдағы шарттары.

Ескерту хабарламалары тобы

Ескерту хабарламасы пайда болғанда және сигнал шамы жанғанда, толық ақпаратты ескерту хабарларының тобында нақтылаңыз.

Баптаулар режимі

Бұл режимде аспаптар тақтасының, есіктердің, шамдардың және т.б. баптауларын өзгертуге болады.

1. Жүргізу кезіндегі көмек жүйесі
2. Есік
3. Жарық
4. Дыбыс сигналдары
5. Жайлылық
6. Қызмет көрсету аралығы
7. Тақырыпты таңдау
8. Қос.функциялар
9. Тіл
10. Бастапқы қалпына келтіру

Көрсетілген ақпарат автокөлігіңіз үшін қарастырылған функцияларға байланысты өзгешеленуі мүмкін.

Параметрлерді беріліс Р қалпында тұрғанда реттеңіз / Параметрлерді тұрақ тежегіші қосылып тұрғанда реттеңіз

Бұл ескерту қозғалыс кезінде User Settings (Пайдаланушы баптаулары) режимінде мәзір тармағын таңдағанда пайда болады.

- Автоматты трансмиссия / интеллектуалды сатысыз трансмиссия
Қауіпсіздік мақсатында, «Пайдаланушы баптаулары» мәзіріндегі баптауларды автокөлікті тұраққа қойып, тұрақ тежегішін қосып, иінтіректі «Р» (тұраққа қою) қалпына ауыстырғаннан кейін өзгертуге болады.
- Механикалық беріліс қорабы
Қауіпсіздік мақсатында, «User Settings» (Пайдаланушы баптаулары) мәзіріндегі баптауларды тұрақ тежегішін қосқан соң өзгертуге болады.

Қысқаша нұсқаулық (Анықтама)

Мұнда пайдаланушы баптаулары режимін пайдалану бойынша нұсқаулар ұсынылады. Элементті таңдап, ОК түймесін басып ұстап тұрыңыз.

Әр жүйе туралы қосымша мәліметті осы пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.



Ақпарат

Ақпараттық-ойын-сауық жүйесін қолданғанда баптау режиміне ақпараттық-ойын-сауық жүйесінде ғана қолдау көрсетіледі, бұл режимге аспаптар тақтасында қолдау көрсетілмейді.

1. Жүргізу кезіндегі көмек жүйесі

Параметр	Түсіндірме
Жүргізу кезіндегі көмек	<ul style="list-style-type: none"> Автодаңғылмен жүрген кездегі көмекші жүйе: бұл функция жүргізушіге магистральда жүргенде орнатылған жылдамдықты ұстануға, алда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі қауіпсіз арақашықтықты сақтап отыруға және автокөлікті қозғалыс жолағында ұстап отыруға көмектеседі. <p>Толық ақпарат 7-тараудың «Магистральмен жүрген кездегі көмек жүйесі (HDA)» бөлімінде берілген.</p>
Ескертуді құру уақыты	<p>Жүргізушіге көмек жүйесінің ескерту уақытын өзгертуге мүмкіндік береді.</p> <ul style="list-style-type: none"> Стандартты / Кеш
Ескертулердің дыбыс қаттылығы	<p>Жүргізушіге көмек жүйесі ескертулерінің дыбыс қаттылығын өзгертуге мүмкіндік береді.</p> <ul style="list-style-type: none"> Жоғары / Орташа / Бәсең / Өшіру
Жүргізуші зейінін бақылау жүйесі	<ul style="list-style-type: none"> Алда тұрған автокөліктің кетуін бақылау функциясы Алда тұрған автокөліктің орнынан жүріп кетуі туралы хабарландыруды қосу не өшіру Зейінсіз жүргізу туралы ескерту жүйесі Зейінді бақылау жүйесін қосу не өшіру. <p>Толық ақпарат 7-тараудың «Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі (DAW)» бөлімінде берілген.</p>
Алдағы қауіпсіздік	<p>Маңдайлық соқтығысудың алдын алу (FCA) функциясын баптау үшін.</p> <ul style="list-style-type: none"> Белсенді көмек Тек ескерту Off (Өшіру) <p>Толық ақпарат 7-тараудың «Маңдайлық соқтығысу туралы қосалқы ескерту жүйесі (FCA)» бөлімінде берілген.</p>
Жолақпен қауіпсіз жүруді бақылау	<p>Жолақты ұстап тұру функциясын баптау үшін төмендегі әрекеттерді орындаңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> Жолақты ұстап тұру жүйесі Қозғалыс жолағынан тыс жүру туралы ескерту Off (Өшіру) <p>Толығырақ 7-тараудың «Жолақты ұстап тұру жүйесі (LKA)» бөлімінен қараңыз.</p>

Параметр	Түсіндірме
Көзден таса аймақтағы қауіпсіздік	<ul style="list-style-type: none"> • Қауіпсіз шығысты бақылау жүйесі (SEW) Қауіпсіз шығуды бақылау жүйесін қосу не өшіру үшін. <p>Толық ақпаратты 7-тараудың «Қауіпсіз шығу жүйесі (SEW)» бөлімінен қараңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Белсенді көмек • Тек ескерту • Off (Өшіру) <p>Қосымша мәлімет 7-тараудың «Көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі (BCW)» немесе «Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алудың қосалқы жүйесі (BCA)» бөлімінде берілген.</p>
Қауіпсіз тұрақ	<ul style="list-style-type: none"> • Артқа жүрген кездегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету Rear Cross-Traffic Collision-Avoidance Assist (Автокөліктің артында көлденең бағытта жүріп бара жатқан нысандармен соқтығысудың алдын алу) функциясын қосу не өшіру үшін <ul style="list-style-type: none"> • Белсенді көмек • Тек ескерту • Off (Өшіру) <p>Толық ақпарат 7-тараудың «Автокөліктің артында көлденең бағытта жүріп бара жатқан нысандармен соқтығысудың алдын алу жүйесі» бөлімінде берілген.</p>

2. Есік

Тармақтар	Сипаттамасы
Автоматты түрде құлыпталу	<ul style="list-style-type: none"> • «БҚ ауыстырып қосқан кезде»: автоматтық беріліс қорабының иінтірегін Р (тұраққа қою) қалпынан R (артқа жүру), N (бейтарап) немесе D (алға жүру) қалпына ауыстырғанда барлық есіктер автоматты түрде құлыпталады. (Қозғалтқыш оталып тұрғанда ғана) • Қозғалыс кезінде қосу (Enable on Speed): жылдамдықты 15 км/сағ (9,3 миль/сағ) шамасынан асырғанда барлық есіктер автоматты түрде құлыпталады. • Өшіру: есіктердің автоматты түрде құлыпталу функциясы өшіріледі.
Құлыптың автоматты түрде ашылуы	<ul style="list-style-type: none"> • ««Р» қалпына келтіру»: АБАҚ иінтірегін Р (тұраққа қою) қалпына келтіргенде барлық есіктердің құлпы автоматты түрде ашылады. (Қозғалтқыш оталып тұрғанда ғана) • Кілт шығарылған/оталд.жүйесі өшірілген: оталдыру жүйесінің құлпынан кілтті шығарғанда немесе «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін OFF» (Өшіру) қалпына ауыстырғанда барлық есіктердің құлпы автоматты түрде ашылады. • Өшіру: есік құлыптарының автоматты түрде ашылуы функциясы өшеді.

Тармақтар	Сипаттамасы
Екі рет басып құлыпты ашу	<ul style="list-style-type: none"> • Off (Өшіру): екі рет басып құлыпты ашу функциясы өшеді. Осылайша, құлыпты ашу түймесін басқанда барлық есіктер ашылады. • On (Қосу): құлыпты ашу түймесін басқанда тек жүргізушінің есігі ашылады. 4 секунд ішінде құлыпты ашу түймесі қайта басылса, қалған есіктердің бәрі ашылады.
Дыбыс сигналынан келетін кері байланыс	Дыбыс сигналынан келетін кері байланыс функциясын қосу және өшіру. Дыбыс сигналынан келетін кері байланыс функциясы қосылып тұрса, қашықтан басқару кілтіндегі тиісті түймені басып есікті құлыптағаннан кейін және 4 секунд ішінде оны қайта басқаннан кейін барлық есіктердің құлыпталғанын білдіретін бір дыбыс сигналы беріледі (қашықтан басқару кілті бар болса).
Жүксалғышты ашудың интеллектуалды жүйесі	Жүксалғыш қақпағын ашудың интеллектуалды жүйесін қосу немесе өшіру. Толық ақпаратты 5-тараудың «Жүксалғышты ашудың интеллектуалды жүйесі» бөлімінен қараңыз.

3. Жарық

Тармақтар	Түсіндірме
Көмескі жарық	Көмескі жарық деңгейін реттеу. – 1~20 деңгейі
Бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтау саны	<ul style="list-style-type: none"> • «Off» (Өшіру): бұрылыстың жыпылықтау саны функциясы өшірулі. • «3, 5, 7 Flashes» (3, 5, 7 жыпылықтау): бұрылыс көрсеткіштерін қосу иінірегін сәл жылжытқанда бұрылыс сигналы 3, 5, не 7 рет жыпылықтайды. Қосымша ақпарат 5-тараудың «Жарықтандыру» бөлімінде берілген.
Қоса жүретін көмескі жарық	<ul style="list-style-type: none"> • Қоса жүретін көмескі жарық функциясын қосу және өшіру. Қосымша ақпарат 5-тараудың «Жарықтандыру» бөлімінде берілген.
НВА (Шалғай жарықтың автоматты түрде ауыстырылуы)	<ul style="list-style-type: none"> • Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу функциясын қосу және өшіру. Толық ақпарат 5-тараудың «Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі (НВА)» бөлімінде берілген.

4. Дыбыс

Параметр	Түсіндірме
«Cluster Voice Guidance Volume» (Аспаптар тақтасының дауыстық нұсқауларының дыбыс қаттылығы)	Аспаптар тақтасының дауыстық нұсқауларының дыбыс қаттылығын реттеу.
Қарсы алу дыбыс сигналы	Қарсы алу дыбыс сигналын қосу немесе өшіру.

5. Жайлылық

Тармақтар	Сипаттамасы
Орындық қалпын есте сақтау (Seat Easy Access)	<ul style="list-style-type: none"> Өшіру: орындық қалпын есте сақтау функциясы өшірулі. «Normal/Extended» (Қалыпты/Кеңейтілген): қозғалтқышты сөндірген кезде жүргізуші орындығы аз (әдепкі режим) немесе үлкен (ұзартылған режим) қашықтыққа артқа автоматты түрде жылжиды, бұл автокөлікке/автокөліктен жайлы отыруға/шығуға мүмкіндік береді. <p>Толық ақпарат 5-тараудың «Жүргізуші орындығының қалпын есте сақтау жүйесі» бөлімінде берілген.</p>
Артқы орындықта жолаушының бар екені туралы ескерту жүйесі	<ul style="list-style-type: none"> Артқы орындықта жолаушының бар екені туралы ескерту жүйесін қосу немесе өшіру. <p>Толық ақпарат 5-тараудың «Артқы орындықта жолаушының бар екені туралы ескерту жүйесі (ROA)» бөлімінде берілген.</p>
Қарсы алу / қарсы алу жарығы функциясы бар айна	<ul style="list-style-type: none"> «Есіктердің құлпын ашқан кезде»: сыртқы артқы көрініс айналары автоматты түрде жайылады және есіктердің құлпы ашылғанда қарсы алу көмескі жарығы қосылады. «Жүргізуші жақындаған кезде»: сыртқы артқы көрініс айналары автоматты түрде жайылады және автокөлікке интеллектуалды қол жеткізу кілтімен жақындағанда қарсы алу көмескі жарығы қосылады. <p>Толық ақпарат 5-тараудың «Қарсы алу жүйесі» бөлімінде берілген.</p>
Сымсыз зарядтау жүйесі (Wireless Charging System)	Алдыңғы орындықтағы сымсыз зарядтау жүйесін қосу немесе өшіру. Толық ақпаратты 5-тараудың «Смартфонды сымсыз зарядтау жүйесі» бөлімінен қараңыз.
«Traffic information» (Қозғалыс туралы ақпарат)	Қозғалыс туралы ақпаратты қосу не өшіру. Осы функцияны қосқан кезде қозғалыс туралы ақпарат СК дисплейге шығарылады (B типіндегі аспаптар тақтасы үшін).
«Tunnel Entry Assist» (Туннельге кірген кездегі көмек)	Туннельге кірген кезде климат-контрольді автоматты түрде реттейді.
Жолдағы көктайғақ туралы ескерту	Жолдағы көктайғақ туралы ескерту функциясын қосу немесе өшіру.

6. Қызмет көрсету аралығы

Тармақтар	Сипаттамасы
Қызмет көрсету аралығы	Қызмет көрсету аралығы функциясын қосу немесе өшіру үшін.

Қызмет көрсету аралықтары мәзірін қолдануға қатысты қосымша ақпаратты алу үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласыңыз.

Қызмет көрсету аралығы функциясы қосылып, уақыт пен қашықтық орнатылған болса, келесі жағдайларда автокөлікті қосқан сайын хабарламалар пайда болады.

– Техқызмет көрсету туралы еске салу

: жүргізушіге жүріп өткен жол мен техқызмет көрсетуге дейін қалған күндер санын хабарлайды.

– Техникалық қызмет көрсету қажет

: жүргізушіге белгіленген жүріп өткен жолға жеткенін немесе одан асқанын немесе техникалық қызмет көрсетуге дейін қалған күндер санын хабарлайды.



Ақпарат

Төмендегі жағдайлардың кез келгенінде жүріп өткен жол мен техникалық қызмет көрсетуге қалған күндер саны туралы ақпарат қате болуы мүмкін.

- Аккумулятор кабелі ажыратылған.
- Сақтандырғышы бар ауыстырып қосқыш өшірулі.
- Аккумулятор заряды отырған.

7. Тақырыпты таңдау

Аспаптар тақтасы мен параметрлерді көрсетудің графикалық стилін таңдау.

- А тақырыбы / В тақырыбы / С тақырыбы

8. Қос.функциялар

Параметр	Түсіндірме
«Fuel Econ.» (Отын шығыны) Бастапқы қалпына келтіру	<ul style="list-style-type: none"> Off (Өшіру): отынның орташа шығыны отын құйғанда автоматты түрде бастапқы қалпына келтірілмейді. «After ignition» (Оталдыру жүйесін қосқаннан кейін): қозғалтқыш 4 сағат не одан ұзақ уақыт бойы өшіп тұрса, отынның орташа шығыны автоматты түрде қайта орнатылады. «After Refueling» (Отын құйғаннан кейін): отынның орташа шығыны 6 литр не одан көбірек отын құйылған соң және автокөлік жылдамдығы 1 км/сағ шамасынан асқанда автоматты түрде қайта орнатылады. <p>Толық ақпаратты осы тараудың «Бағдар компьютері» бөлімінен қараңыз.</p>
Жылдамдықты өлшеу бірліктері (бар болса)	Жылдамдықты өлшеу бірліктерін таңдау (км/сағ, миль/сағ)
«Fuel Econ.» (Отын шығыны) Unit» (Отын шығынының бірліктері)	Отын шығынын өлшеу бірлігін таңдау (км/л, л/100 км, миль/галлон)
Температураны өлшеу бірліктері	Температураны өлшеу бірлігін таңдау үшін (°C, °F)
Қысымды өлшеу бірліктері (Tire Pressure Unit)	Шиналардағы қысымды өлшеу бірліктерін таңдау (ш. дюймге шаққандағы фунт, кПа, бар)

9. «Language» (Тіл) (бар болса)

Тармақтар	Сипаттамасы
Тіл	Тілді таңдау. Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің тілін таңдауға болады (бар болса).

10. Бастапқы қалпына келтіру

Тармақтар	Сипаттамасы
Бастапқы қалпына келтіру	Пайдаланушы баптауларының режимінде мәзірдегі ақпаратты нөлдеуге болады. Тіл мен қызмет көрсету аралығынан басқа, пайдаланушы баптауларының режиміндегі барлық мәзірлер зауыттық параметрлерге дейін нөлденеді.

5. Жайлылықты қамтамасыз ету функциялары

Көлік құралына кіру.....	5-5
Қашықтан басқару кілті.....	5-5
Интеллектуалды кілт	5-8
Иммобилайзер	5-13
Есік құлыптары.....	5-14
Есік құлыптарын автокөлік сыртынан басқару.....	5-14
Есік құлыптарын автокөлік ішінен басқару.....	5-16
Есіктерді автоматты түрде құлыптау және құлпын ашу функциялары	5-17
Балаға артқы есіктерді ашуға жол бермейтін құлыптарды бұғаттау құрылғысы	5-18
Артқы орындықтағы жолаушы туралы ескерту (ROA).....	5-18
Ұрлап әкетуден қорғау жүйесі.....	5-19
Жүргізуші орындығының қалпын есте сақтау жүйесі.....	5-20
Қалыптарды есте сақтау	5-20
Жадта жазылған қалыптарды қалпына келтіру	5-20
Жүргізуші орындығының қалпын есте сақтау жүйесін нөлдеу.....	5-21
Оңай кіру функциясы	5-22
Руль	5-23
Рульдің электрлік күшейткіші (EPS).....	5-23
Реттелетін / телескопиялық руль бағаны.....	5-24
Жылытылатын руль.....	5-24
Дыбыс сигналы	5-25
Айналар	5-26
Ішкі артқы көрініс айнасы	5-26
Сыртқы артқы көрініс айналары	5-27
Терезелер	5-30
Әйнек көтергіштер	5-30
Төбедегі люк.....	5-35
Төбедегі люктің ашылуы және жабылуы.....	5-36
Төбедегі люкті белгілі бір бұрышта орнату	5-37
Күннен қорғайтын перде.....	5-37
Төбедегі люк параметрлерін нөлдеу	5-38
Төбедегі люктің жабылмағаны туралы ескерту	5-38
Капот.....	5-39

Жүксалғыш.....	5-41
Жүксалғыш қақпағының төтенше ашу.....	5-42
Жүксалғыш есігін интеллектуалды түрде ашу функциясы	5-43
Отын бағы қылтасының люгі	5-46
Жарық.....	5-48
Сыртқы жарық аспаптары.....	5-48
Қарсы алу жүйесі	5-56
Ішкі жарық	5-57
Әйнек тазалағыштар мен жуғыштар	5-60
Алдыңғы әйнекті тазалағыштар	5-60
Алдыңғы әйнекті жуғыш	5-62
Қолмен басқарылатын климат-контроль жүйесі.....	5-63
Ауаны жылыту және баптау.....	5-64
Жүйенің жұмысы.....	5-69
Жүйеге техникалық қызмет көрсету.....	5-71
Автоматты түрде басқарылатын климат-контроль жүйесі	5-74
Ауаны жылыту мен баптаудың автоматты жүйесі	5-75
Ауаны жылыту мен баптаудың қолмен басқарылатын жүйесі	5-76
Жүйенің жұмысы.....	5-83
Жүйеге техникалық қызмет көрсету.....	5-85
Алдыңғы әйнектегі қырауды және буды кетіру.....	5-87
Қолмен басқарылатын климат-контроль жүйесі.....	5-87
Автоматты басқарылатын климат-контроль жүйесі.....	5-88
Алдыңғы әйнектегі буды кетіру жүйесінің жұмыс алгоритмі	5-89
Буды кетірудің автоматты жүйесі (тек автоматты түрде басқарылатын климат-контроль жүйесі үшін).....	5-90
Әйнекті жылытқыш	5-91
Климат-контроль жүйесінің қосымша функциялары	5-92
Люк жабық тұрғандағы ауа айналымы	5-92
Жайлылық деңгейін автоматты түрде бақылау (жүргізуші орындығы үшін)	5-92
Автоматты желдету.....	5-92
Сақтау бөлімі	5-93
Орталық консольдегі сақтау бөлімі	5-93
Қолғап салатын тартпа	5-93


5. Жайлылықты қамтамасыз ету функциялары

Салонның ішкі әрлеу элементтері	5-94
Күлсалғыш	5-94
Стақан қойғыш	5-94
Күнқағар	5-95
Электр розеткасы	5-96
USB зарядтағыш құрылғысы	5-97
Ұялы телефонды сымсыз зарядтау жүйесі	5-97
Сағат	5-97
Шылымтұтатқыш	5-99
Киімге арналған ілгек	5-100
Ақпараттық ойын-сауық жүйесі	5-101
USB порты	5-101
Антенна	5-101
Аудиожүйені рульден басқару	5-102
Ақпараттық ойын-сауық жүйесі	5-103
Дауысты тану жүйесі	5-103
Bluetooth® сымсыз технологиясы негізіндегі гарнитура	5-103
Автокөлік радиостанциясы жұмыс істеу принципі	5-104
Аудиожүйе (сенсорлық экрансыз)	5-107
Жүйе құрылымы — басқару тақтасы	5-107
Жүйе құрылымы — рульден қашықтан басқару	5-109
Аудиожүйені қосу және өшіру	5-111
Дисплейді қосу және өшіру	5-111
Жұмыс істеу принципімен танысу	5-112
Radio (Радио)	5-113
Радионы қосу	5-113
Радионың толқындық диапазонын өзгерту	5-116
Қолжетімді радиостанцияларды сканерлеу	5-116
Радиостанцияларды іздеу	5-116
Радиостанцияларды сақтау	5-117
Сақталған радиостанцияларды тыңдау	5-117
Медиаплеер	5-118
Медиаплеерді қолдану	5-118
USB режимін пайдалану	5-118

Bluetooth	5-122
Bluetooth құрылғыларын қосу	5-122
Bluetooth аудиоқұрылғысын пайдалану	5-125
Bluetooth технологиясы бар телефонды пайдалану	5-127
Еуропалық шұғыл қоңыраулар жүйесі	5-132
«ЭРА-ГЛОНАСС» шұғыл қоңырауы	5-133
Жүйе күйінің белгілері	5-134
Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің техникалық сипаттамалары	5-135
USB	5-135
Bluetooth	5-136
Тауарлық белгілер	5-136
Сәйкестік декларациясы	5-137
CE	5-137
УкрСЕПРО	5-138
STB	5-138
EAC	5-138

КӨЛІК ҚҰРАЛЫНА КІРУ

Қашықтан басқару кілті (бар болса)



HYUNDAI автокөлігінде қашықтан басқару кілті пайдаланылады; онымен есіктерді (және жүксалғышты) құлыптауға және құлып ашуға болады.

1. Есік құлпы
2. Есіктердің құлпын ашу
3. Жүксалғыш құлпын ашу

Құлыптау

Құлыптау процедурасы

1. Барлық есікті, капотты және жүксалғышты жабу.
2. Қашықтан басқару кілтіндегі есікті құлыптау түймесін (1) басу.
3. Есіктер құлыптанады. Апаттық сигнал беру шамдары жыпылықтайды. Оған қоса, СК дисплейдегі баптаулар режимінде Convenience» (Жайлылық) → «Welcome mirror / light» (Айналар/жарық арқылы қарсы алу) → «On door unlock» (Есіктердің құлпын ашқанда) тармақтарын таңдаған кезде сыртқы артқы көрініс айналары жиылады.
Толық ақпарат 4-тараудың «СК дисплей» бөлімінде берілген.
4. Көлік құралының ішіндегі есік құлпын өшіру түймелерінің қалпына қарап есіктердің құлыптанғанына көз жеткізу.

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлікте балалар қараусыз қалатын болса, кілтті автокөлік ішінде қалдыруға болмайды. Қараусыз қалған балалар кілтті оталдыру жүйесінің құлпына салып, әйнек көтергіштерді немесе басқа реттеу элементтерін басқаруы мүмкін не болмаса тіпті автокөлікті жүргізіп жіберіп, соның салдары ауыр жарақатқа немесе өлімге алып келуі мүмкін.

Құлыпты ашу

Құлыпты ашу үшін:

1. Қашықтан басқару кілтіндегі есіктің құлпын ашу түймесін (2) басу.
2. Есіктердің құлпы ашылады. Апаттық сигнал беру шамдары екі рет жыпылықтайды. Оған қоса, СК дисплейдегі баптаулар режимінде Convenience» (Жайлылық) → «Welcome mirror / light» (Айналар/жарық арқылы қарсы алу) → «On door unlock» (Есіктердің құлпын ашқанда) тармақтарын таңдаған кезде сыртқы артқы көрініс айналары жазылады.
Толық ақпарат 4-тараудың «СК дисплей» бөлімінде берілген.

Ақпарат

30 секунд ішінде есіктердің біреуі ашылмайтын болса, есіктер автоматты түрде құлыптанады.

Жүксалғыш құлпын ашу

Құлыпты ашу үшін:

1. Қашықтан басқару кілтіндегі жүксалғыш құлпын ашу түймесін (3) бір секундтан астам басып ұстап тұру керек.
2. Апаттық сигнал беру шамдары екі рет жыпылықтайды. Жүксалғыш қақпағының құлпын ашып, кейін жапқан соң жүксалғыш қақпағы автоматты түрде құлыптанады.

i Ақпарат

- Жүксалғыш қақпағының құлпын ашқан соң ол автоматты түрде құлыптанады.
- Түймеде «HOLD» (ұстап тұру) сөзі жазылған, бұл түймені бір секундтан артық басып ұстап тұру керектігін көрсетеді.

Оталдыру

Толық ақпарат «Оталдыру жүйесінің ажыратқышы» атты б-тарауда берілген.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Қашықтан басқару кілті зақымдалмас үшін мына ережелерді ұстаныңыз:

- **Қашықтан басқару кілтін су мен басқа сұйықтықтардың, сондай-ақ оттың әсеріне ұшыратпаңыз.** Егер қашықтан басқару кілтiнiң iшкi жағы су болса (iшiне сұйықтықтың не ылғалдың кiрiп кетуi салдарынан) немесе қызып кетсе, iшкi тiзбегi ақаумен iстеп, автокөлiктiң кепiлден шығарылуына себеп болуы мүмкiн.
- **Қашықтан басқару кілтін құлатып алмаңыз және лақтырмаңыз.**
- **Қашықтан басқару кілтін жоғары температуралардың әсеріне ұшыратпаңыз.**

Механикалық кілт



Егер қашықтан басқару кілті тиісінше жұмыс істемесе, есіктердің құлыптарын механикалық кілтпен жабуға және ашуға болады.

Кілтті жазу үшін бекіткіш түймесін басыңыз. Кілт автоматты түрде жазылады. Бекіткіш түймесін басып тұрып, кілтті қолмен жию керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Бекіткіш түймесін баспай кілтті жиюға әрекет жасамаңыз. Өйткені кілт зақымдалуы мүмкін.

Қашықтан басқару кілтін қолдану кезіндегі сақтық шаралары.

Қашықтан басқару кілті төмендегі кез келген жағдайда жұмыс істемейді:

- Кілт оталдыру жүйесінің құлпына салынған.
- Жұмыс қашықтығы (шамамен 10 м) асып кетті.
- Қашықтан басқару кілтiнiң батареясының қуаты таусылған.
- Сигнал басқа көлік құралдарымен немесе нысандармен бөгелген.
- Өте төмен ауа температурасы.
- Қашықтан басқару кілті радиотаратқыштың қасында, радиостанцияның немесе әуежайдың қасында тұрған жағдайда, мұндай жерде қашықтан басқару кілтiнiң қалыпты жұмысына кедергілер келуі мүмкін.

Қашықтан басқару кілті дұрыс істемесе, есікті кәдімгі кілтпен ашып жабыңыз. Қашықтан басқару кілтінде ақау болса, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн. Егер қашықтан басқару кілті мобильді телефонның қасында тұрса, кілт сигналын мобильді телефон сигналы бөгеуі мүмкін. Бұл әсіресе телефон жұмыс істеп тұрғанда (қоңырау шалу немесе қабылдау, мәтіндік хабарламаларды немесе электрондық хаттарды жіберу немесе қабылдау) орын алуы ықтимал.

Қашықтан басқару кілті мен мобильді телефонды бір қалтаға салмаңыз. Екі құрылғы арасында жеткілікті қашықтықты сақтаған жөн.

i Ақпарат

Талаптарға сәйкестікті сақтауға жауапты ұйым мақұлдамаған өзгертулер мен түрлендірулерді енгізу пайдаланушыны осы жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін. Талаптарға сәйкестікті сақтауға жауапты ұйым мақұлдамаған өзгертулерді немесе толықтыруларды енгізу салдарынан туындаған кілтсіз қашықтан басқару жүйесінің ақаулығына көлік құралы өндірушісінің кепілдігі қолданылмайды.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Қашықтан басқару кілтін электр магнитті толқындардың кілтке берілуіне жол бермейтін материалдардан алыс ұстаңыз.

Батареяны ауыстыру



Батарея түрі: CR2032

1. Жұқа аспапты ойыққа салып, қақпақты абайлап ашу керек.
2. Ескі батареяны шығарып алып, жаңасын салыңыз. Батареяның дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
3. Қашықтан басқару кілтінің артқы қақпағын орнына орнату керек.

Қашықтан басқару кілті зақымдалса немесе ол дұрыс істемесе, ресми HYUNDAI дилеріне жолығу керек.

i Ақпарат



Кәдеге дұрыс жаратылмаған аккумулятор батареясы қоршаған орта мен адам денсаулығына зиянды әсерін тигізуі мүмкін. Аккумуляторды жергілікті заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес кәдеге жарату керек.

Интеллектуалды кілт (бар болса)




OCN7050005L

HYUNDAI автокөлігінде интеллектуалды кілт қолданылады, онымен есіктерді (және жүксалғышты) құлыптауға немесе құлпын ашуға, және де қозғалтқышты оталдыруға болады.

1. Есік құлпы
2. Есіктердің құлпын ашу
3. Жүксалғыш құлпын ашу
4. Қашықтан оталдыру (бар болса)

Құлыптау



OCN7050078

Құлыптау процедурасы

1. Барлық есікті, капотты және жүксалғышты жабу.
2. Электронды кілт өзіңізбен бірге болуы керек.
3. Не есік тұтқасындағы құлыптау түймесін, не электронды кілттегі есіктерді құлыптау түймесін (1) басу керек.
4. Апаттық сигнал беру шамдары жыпылықтайды. Оған қоса, СК дисплейдегі баптаулар режимінде Convenience» (Жайлылық) → «Welcome mirror/ light» (Айналар/жарық арқылы қарсы алу) → «On door unlock» (Есіктердің құлпын ашқанда) тармақтарын таңдаған кезде сыртқы артқы көрініс айналары жиылады.
Толық ақпарат 4-тараудың «СК дисплей» бөлімінде берілген.
5. Сыртқы есік тұтқасын тартып, есіктердің құлыптанғанын тексеріңіз.

Ақпарат

Есік тұтқасындағы түйме тек электронды кілт есіктің сыртқы тұтқасынан 0,7 ~ 1 м (28 ~ 40 дюйм) қашықтықта болғанда ғана жұмыс істейді.

Төменде көрсетілген жағдайлардың кез келгенінде тіпті сыртқы тұтқадағы түймені басқанда да есіктер құлыптанбайды және үш секунд бойы дыбыс сигналы беріліп тұрады:


- Электронды кілт автокөлік ішінде болғанда.
- Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесі ACC немесе ӨШІРУ қалпында тұрғанда.
- Жұқсалғыштан басқа есіктердің бірі ашық тұрғанда.



АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік ішінде балалар қараусыз қалатын болса, электронды кілтті автокөлікте қалдыруға болмайды. Қараусыз қалған балалар «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін, әйнек көтергіштерді басқару түймесін басып қалуы мүмкін, сондай-ақ олар көлік құралын жүргізіп жіберіп, соның салдары ауыр жарақатқа немесе өлімге алып келуі мүмкін.

Құлыпты ашу



Құлыптау процедурасы

1. Электронды кілт өзіңізбен бірге болуы керек.
2. Не есік тұтқасындағы түймені, не электронды кілттегі есіктердің құлпын ашу түймесін (2) басу керек.
3. Есіктердің құлпы ашылады. Апаттық сигнал беру шамдары екі рет жыпылықтайды. Оған қоса, СК дисплейдегі баптаулар режимінде Convenience» (Жайлылық) →

«Welcome mirror/ light» (Қарсы алу айнасы/жарығы) → «On door unlock» (Есіктер құлпын ашқанда) тармақтарын таңдаған кезде сыртқы артқы көрініс айналары жазылады. **Толық ақпарат 4-тараудың «СК дисплей» бөлімінде берілген.**

Жұқсалғыш құлпын ашу

Құлыпты ашу үшін:

1. Интеллектуалды кілтті өзіңізбен бірге алып жүріңіз.
2. Жұқсалғыштағы эмблема ішіндегі түймені басыңыз және интеллектуалды кілттегі жұқсалғыш құлпын ашу түймесін (3) бір секундтан артық басып ұстап тұрыңыз.
3. Апаттық сигнал беру шамдары екі рет жыпылықтайды.

Жұқсалғыш қақпағының құлпын ашып, кейін жапқан соң жұқсалғыш қақпағы автоматты түрде құлыптанады.



Ақпарат

Құлпы ашылған жұқсалғыш 30 секунд ішінде ашылмайтын болса, ол автоматты түрде құлыптанады.

Қашықтан оталдыру (бар болса)

Көлік құралының сыртынан қашықтан қосу кілтіндегі түймені (4) басып, қозғалтқышты оталдырып, ауа баптағышты қосуға болады.

Қозғалтқышты қашықтан оталдыру және сөндіру үшін:

1. Есіктерді құлыптау түймесін (1) басыңыз, содан соң сізге ескерту жасайтын апаттық сигнал беру жүйесінің шамдары жыпылықтайды.
2. Есіктерді құлыптау түймесін (1) басқаннан кейін қозғалтқышты 4 секунд ішінде оталдыру үшін қашықтан қосу түймесін (4) 2 секундтан артық басып ұстап тұрыңыз.
3. Қозғалтқышты сөндіргіңіз келсе, қашықтан қосу түймесін (4) қайта басыңыз.

Қолмен басқарған кезде автокөлік қозғалтқышы сөніп тұрса да климат-контроль жүйесінің баптаулары сақталады. Автоматты басқару кезінде температура 22° C (72° F) мәніне орнатылады.

Егер біреу автокөлігіңізде қашықтан қосу кезінде тағайындалмаған смарт-кілтсіз келе жатса, қауіпсіздік мақсатында қозғалтқыш автоматты түрде сөнеді.

Ақпарат

Қозғалтқышты қашықтан оталдырғаннан кейін автокөлік жүре бастамаған жағдайда ол 10 минуттан кейін автоматты түрде сөнеді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қашықтан қосу жұмыс қашықтығынан (шамамен 10 метр) асып кеткен жағдайда жұмыс істемейді.
- Еліңізде қолданылатын зиянды заттардың шығарылуын шектеу бойынша талаптарды орындау мақсатында қозғалтқышты ұзақ уақыт бойы бос істепіп қоймаңыз.
- Еліңіздің заңдары қашықтан оталдыру жүйесін пайдалануды шектеуі мүмкін. Қашықтан оталдыру жүйесін қолданар алдында заңнаманы оқып шыққаныңыз жөн.
- Қозғалтқышты қашықтан қосу мүмкін болу үшін берілістерді ауыстыру иінтірегі «Р» (тұраққа қою) қалпында тұруы тиіс.
- Капот не жүксалғыш ашық тұрған жағдайда сіз қозғалтқышты қашықтан оталдыра алмайсыз.

Оталдыру

Қозғалтқышты кілтті салмай оталдыруға болады. Толық мәліметті «Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі» атты 6-тарауан қараңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Электронды кілт зақымдалмауы үшін:


- Интеллектуалды кілтті су мен басқа сұйықтықтардың, сондай-ақ оттың әсеріне ұшыратпаңыз. Егер интеллектуалды кілттің ішкі жағы су болса (ішіне сұйықтықтың не ылғалдың кіріп кетуі салдарынан) немесе қызып кетсе, ішкі тізбегі ақаумен істеп, автокөліктің көпілден шығарылуына себеп болуы мүмкін.
- Электронды кілтті құлатып алмау керек.
- Электронды кілтті экстремалды температуралардың әсерінен қорғау керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөліктен шығарда әрдайым электронды кілтті өзіңізбен бірге алып шығыңыз. Электронды кілт автокөлік маңында қалса, автокөліктің аккумулятор батареясының заряды таусылып қалуы мүмкін.

Механикалық кілт

Егер электронды кілт тиісінше жұмыс істемесе, есіктердің құлыптарын механикалық кілтпен жабуға және ашуға болады.



OCN7050008

Құлыпты ашу түймесін (1) басып ұстап тұрып, механикалық кілтті (2) шығарып алыңыз. Механикалық кілтті есіктегі кілт саңылауына салыңыз.

Механикалық кілтті қайта салу үшін кілтті саңылауға салып, сырт еткенше басыңыз.

Электронды кілтті жоғалту

Бір автокөлікке ең көбі екі интеллектуалды кілт тіркелуі мүмкін. Интеллектуалды кілт жоғалған жағдайда, автокөлік пен екінші кілтті HYUNDAI ресми дилеріне дереу жеткізу керек (автокөлікпен жүріп бару немесе, қажет болса, тіркеп апару керек).

Электронды кілтті қолдану кезіндегі сақтық шаралары.

Электронды кілт төмендегі кез келген жағдайда жұмыс істемейді.

- Интеллектуалды кілт радиотаратқыштың (радиостанция немесе әуежай) қасында болғанда, ол интеллектуалды кілттің қалыпты жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.
- Интеллектуалды кілт мобильді қабылдағыш-таратқыш радиоқондырғының немесе мобильді радиотелефонның қасында болғанда.
- Көлік құралының қасында басқа автокөліктің электронды кілті пайдаланылып тұрғанда.

Интеллектуалды кілт дұрыс істемесе, онда есікті кәдімгі кілтпен ашып жабыңыз. Интеллектуалды кілтте ақау болса, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Егер электронды кілт мобильді телефонның қасында тұрса, кілттің сигналын мобильді телефон сигналы бөгеуі мүмкін.

Бұл әсіресе телефон жұмыс істеп тұрғанда (қоңырау шалу немесе қабылдау, мәтіндік хабарламаларды немесе электрондық хаттарды жіберу немесе қабылдау) орын алуы ықтимал.

Интеллектуалды кілт пен мобильді телефонды бір қалтаға салмау керек. Екі құрылғы арасында жеткілікті қашықтықты сақтаған жөн.

i Ақпарат

Талаптарға сәйкестікті сақтауға жауапты ұйым мақұлдамаған өзгертулер мен түрлендірулерді енгізу пайдаланушыны осы жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін. Талаптарға сәйкестікті сақтауға жауапты ұйым мақұлдамаған өзгертулерді немесе толықтыруларды енгізу салдарынан туындаған кілтсіз қашықтан басқару жүйесінің ақаулығына көлік құралы өндірушісінің кепілдігі қолданылмайды.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Электронды кілтті электрмагнитті материалдардан алшақ ұстау керек, ол материалдар кілт бетіне электрмагнит толқындарының өтуіне кедергі келтіруі мүмкін.

Батареяны ауыстыру

Электронды кілт тиісінше істемей тұрса, батареяны ауыстыру керек.



OCN7050006



OCN7050007

Бұрауышты (-) саңылауға қойып, сағат тілі бағытымен бұрап, интеллектуалды кілттің қақпағын шешіп алыңыз.

Батарея түрі: CR2032

1. Механикалық кілтті шығарыңыз.
2. Жұқа құралдың көмегімен интеллектуалды кілттің артқы қақпағын ашыңыз.
3. Ескі батареяны шығарып алып, жаңасын салыңыз. Батареяның дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
4. Электронды кілттің артқы қақпағын орнына орнатыңыз.

Электронды кілт зақымдалса немесе дұрыс істемесе, HYUNDAI ресми дилеріне жолығу керек.

i Ақпарат

Кәдеге дұрыс жаратылмаған аккумулятор батареясы қоршаған орта мен адам денсаулығына зиянды әсерін тигізуі мүмкін. Аккумуляторды жергілікті заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес кәдеге жарату керек.

Имобилайзер

Имобилайзер автокөлігіңізді тонаудан сақтайды. Коды қате кілтті (немесе басқа құрылғыны) пайдаланған жағдайда қозғалтқыштың отын жүйесі өшеді. Оталдыру жүйесін қосқанда имобилайзер индикаторы қысқа уақытқа жанып қалып, сөнуі тиіс. Индикатор жыпылықтай бастаса, жүйенің кодты анықтамай тұрғаны.

Оталдыру жүйесінің кілтін «LOCK/OFF» (Бұғатталды/өшірілді) қалпына келтіріп, оны қайта «ON» (Қосу) қалпына келтіріңіз.

Кілттің жанында имобилайзердің басқа кілті немесе басқа металл зат (мысалы, кілттерге арналған бау) жатса, жүйе кілттіңіздің кодын анықтамауы мүмкін. Қозғалтқыш оталмауы мүмкін, себебі металл заттар транспондер сигналының қалыпты берілуіне кедергі келтіруі мүмкін.

Егер жүйе кілттің кодын кейде танымай қалатын болса, HYUNDAI дилеріне жолығу керек.

Бұл жүйеге өзгерістер енгізуге немесе оған басқа құрылғыларды қосуға тыйым салынады. Электр жабдықпен байланысты проблемалар бүкіл автокөліктің ақаулығына себеп болуы мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлікті ұрлап әкетуге жол бермеу үшін қосалқы кілттерді автокөлік ішінде қалдырмаңыз. Имобилайзердің құпия сөзі тапсырыс берушінің бірегей құпия сөзі болып табылады және құпия сақталуы тиіс.


МӘЛІМЕТ ҮШІН

Кілттегі транспондер имобилайзер жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Ол көп жылдар бойы үздіксіз жұмыс істейтіндей етіп жасалған, алайда оны ылғалдан, статикалық электр тогынан және ұқыпсыз пайдаланудан қорғау керек. Бұл имобилайзер жүйесінің ақаулығына әкелуі мүмкін.

ЕСІК ҚҰЛЫПТАРЫ

Есік құлыптарын автокөліктің сыртынан басқару

Механикалық кілт



1. Механикалық кілт қақпағының астындағы иінтіректі басыңыз. (1)
2. Механикалық кілт қақпақтағы саңылаудан түсіп қалмайтындай иінтіректі баса отырып, автокөліктің артқы жағына қарай баяу үстінен басып, қақпақты шешіп алыңыз. (2)
3. Механикалық кілтпен қақпақты шешіп алған соң, жүргізушінің есігін ғана құлыптауға немесе құлпын ашуға болады.
4. Есікті құлыптау үшін кілтті автокөліктің артқы жағына қарай бұраңыз, ал есік құлпын ашу үшін автокөліктің алдыңғы жағына қарай бұраңыз. (3)

Жүргізуші есігін кілттің көмегімен құлыптағанда/құлпын ашқанда жүргізушінің есігі автоматты түрде құлыптанады/құлпы ашылады.

Есік ашық тұрғанда, оны тұтқасынан тартып ашуға болады.

Есікті қолмен итеріп жабу керек. Есіктің дұрыс жабылғанын тексеру керек.

i Ақпарат

- Есікті Механикалық кілтпен жапқан кезде абай болыңыз, механикалық кілтпен тек жүргізушінің есігін құлыптауға/құлпын ашуға болады.
- Барлық есік механикалық кілтпен жабылғанда, оларды автокөлік салонындағы орталық құлып түймесімен құлыптаңыз. Жүргізуші есігінің ішкі тұтқасымен есікті ашыңыз, содан кейін есікті жауып, оны механикалық кілтпен құлыптаңыз.
- Автокөлік ішінде отырып есік құлыптарын басқару жол дарын «Есік құлыптарын автокөліктің ішінен басқару» атты 5-тараудан қараңыз.

i Ақпарат

- Қақпақты шешкен кезде оны жоғалтып алмас үшін және автокөлікті сырып алмас үшін абай болыңыз.
- Кілт қақпағы мұздап ашылмаса, оны ақырын соғып жіберу немесе абайлап жылыту керек (мысалы, қол жылуымен).
- Есікке және есік тұтқасына қатты күш түсіруге болмайды Олар зақымдалуы мүмкін.

Қашықтан басқару кілті



Есіктерді құлыптау үшін қашықтан басқару кілтіндегі есіктерді құлыптау түймесін (1) басу керек.

Есіктердің құлпын ашу үшін қашықтан басқару кілтіндегі есіктердің құлпын ашу түймесін (2) басу керек.


Құлыптары ашылған есіктерді тұтқадан ұстап ашуға болады.

Есікті қолмен итеріп жабу керек. Есіктің дұрыс жабылғанын тексеру керек.

i Ақпарат

- Салқын әрі ылғалды климаттық жағдайларда есік құлыптары мен механизмдері мұздап қалатындықтан, нашар жұмыс істеуі мүмкін.
- Аз уақыт ішінде кілттің көмегімен және құлыптағыш көмегімен бірнеше рет құлыптаған/құлыпты ашқан кезде электр тізбегін қорғау мақсатында және жүйе элементтерінің зақымдалуына жол бермеу үшін жүйе өз жұмысын уақытша тоқтатуы мүмкін.

Электронды кілт



Есіктерді құлыптау үшін есіктің сыртқы тұтқасындағы түйме (бұл кезде өзіңізбен бірге электронды кілт болуы қажет) немесе электронды кілттегі есіктерді құлыптау түймесі пайдаланылады.

Есіктердің құлпын ашу үшін есіктің сыртқы тұтқасындағы түйме (бұл кезде өзіңізбен бірге электронды кілт болуы қажет) немесе электронды кілттегі есіктердің құлпын ашу түймесі пайдаланылады.

Құлыптары ашылған есіктерді тұтқадан ұстап ашуға болады.


Есікті қолмен итеріп жабу керек. Есіктің дұрыс жабылғанын тексеру керек.

i Ақпарат

- Салқын әрі ылғалды климаттық жағдайларда есік құлыптары мен механизмдері мұздап қалатындықтан, нашар жұмыс істеуі мүмкін.
- Аз уақыт ішінде кілттің көмегімен және құлыптағыш көмегімен бірнеше рет құлыптаған/құлыпты ашқан кезде электр тізбегін қорғау мақсатында және жүйе элементтерінің зақымдалуына жол бермеу үшін жүйе өз жұмысын уақытша тоқтатуы мүмкін.

Есік құлыптарын автокөліктің ішінен басқару

Есіктерді құлыптау түймесінің көмегімен



Алдыңғы есік

Құлыптанған есіктің ішкі тұтқасынан тартса, есік құлпы ағытылып, есік ашылады.

Артқы есік

Құлыптаулы есіктің ішкі тұтқасын тартқанда, есіктің құлпы ашылады. Есіктің ішкі тұтқасын қайта тартқан кезде есік ашылады.

i Ақпарат

Электр жетекті есіктің құлпы істен шыққанда, автокөлік ішінде отырған адам келесі сыртқа шығу тәсілдерінің бірін немесе бірнешеуін пайдалана алады:

- Есік құлпын бірнеше рет ашып көруге тырысып (электр жетегінің көмегімен де, қолмен де), сонымен бір мезгілде есік тұтқасын өзіне қарай тарту.
- Басқа алдыңғы және артқы есіктердің құлыптары мен тұтқаларын пайдалану.
- Алдыңғы есік терезесінің әйнегін түсіріп, есікті сырттан ашу үшін кілтті пайдалану. Есік құлыптарын автокөліктің ішінен басқару

Есік құлыптарын орталықтан басқару ауыстырып қосқышының көмегімен



- Ауыстырып қосқыштың (T) бөлігін (1) басқанда, автокөліктің барлық есіктері құлыптанады.
 - Кілт оталдыру жүйесінің құлпына салынып, кез келген есік ашық тұрса, есік құлыптарын орталықтан басқару ауыстырып қосқышының түймесі (1) басылса да, есіктер құлыптанбайды.
 - Егер электронды кілт салонда болып, есіктердің біреуі ашық тұрса, есік құлыптарын орталықтан басқару ауыстырып қосқышының түймесі (1) басылса да, есіктер құлыптанбайды.
- Ауыстырып қосқыштың (T) бөлігі (2) басылғанда автокөліктің барлық есіктерінің құлпы ашылады.
- «Doors» (Есіктер) жарық индикаторы (3)
Автокөліктің барлық есіктері құлыптанғанда, жүргізуші мен жолаушының есіктерінде жарық индикаторлары қосылады. Егер кез келген есіктің құлпы ашылса, индикаторлар сөнеді.

! АБАЙЛАҢЫЗ

- Автокөлік жүріп келе жатқанда барлық есіктер жабық болып, құлыптанып тұруы керек. Егер есіктердің құлпы ашық болса, жолкөлік апаты кезінде автокөліктен ұшып кету қаупі артады.
- Автокөлік жүріп келе жатқанда жүргізуші немесе жолаушы есігінің ішкі тұтқасын тартуға болмайды.



АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік ішінде балаларды немесе жануарларды еш уақытта қараусыз қалдыруға болмайды. Жабық автокөлік қатты қызып кетіп, салонында қараусыз әрі одан шығу мүмкіндігінсіз қалдырылған балалар немесе жануарлар өлімге ұшырауы немесе ауыр жарақат алуы мүмкін.

Оған қоса, балалар автокөлікті басқару құралдарын қосып жіберіп, жарақаттануы, не болмаса автокөлікке бөтен адамдар кіріп кетіп, оларға зақым келтіруі мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

Көлік құралын тұраққа әрдайым дұрыс қою керек.

Ашық тұрған автокөлікке қаскүнемдер кіріп кетуі мүмкін.

Автокөліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тежегішті басыңыз, берілістерді ауыстыру иінірегін Р (Тұраққа қою) қалпына келтіріңіз, тұрақ тежегішін қосыңыз, оталдыру жүйесін өшіріңіз, баралық терезелерді жабыңыз, барлық есіктерді жабыңыз және әрқашан кілтті әрдайым кілтті өзіңізбен бірге алып жүріңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Ыстық немесе суық ауа райында автокөлік ішінде ұзақ болсаңыз, денсаулығыңызға немесе тіпті өміріңізге қауіп төнеді. Автокөлік ішінде адам отырғанда есіктерді сырттан құлыптамаңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлікке басқа нысан жақындаған кезде есікті ашқанда автокөлік зақымдалуы немесе денсаулыққа зиян келуі мүмкін. Есіктерді ашқанда сақтық танытыңыз, ашық есіктің өзге автокөліктердің, мотоциклдердің немесе жаяу жүргіншілердің жолында болмағанын қадағалаңыз.

Есіктерді автоматты түрде құлыптау және құлпын ашу функциялары

Соқтығысу кезінде есіктердің құлпын ашу жүйесі (бар болса)

Соқтығысу кезінде үрленетін қауіпсіздік көпшіктері іске қосылып, барлық есіктердің құлыптары ашылады.

Қозғалыс кезінде есіктерді құлыптау жүйесі (бар болса)

Көлік құралының жылдамдығы 15 км/сағ. (9 миль/сағ.) шамасынан артқан кезде барлық есіктер автоматты түрде құлыптанады.

Есіктерді автоматты түрде құлыптау/құлпын ашу функциясын қосу немесе өшіру СК дисплейдері User Settings (Пайдаланушы баптаулары) режимінде мүмкін болады. **Толық ақпарат 4-тараудың «СК дисплей» бөлімінде берілген. Автокөлігіңіз қосымша навигация жүйесімен жабдықталған болса, толық мәліметті бөлек жеткізілетін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығынан қараңыз.**

Балаларға артқы есіктерді ашуға жол бермейтін құлыптарды бұғаттау құрылғысы (бар болса)



Балаларды қорғауға арналған құлып артта отырған балалар артқы есіктерді кездейсоқ ашып қалмауы үшін арналған.

Оны автокөлікте балалар отырған кезде қолдану керек.

Балаларды қорғауға арналған құлып артқы есіктердің шеткі жағында орналасқан. Балаларды қорғауға арналған құлып бұғатталған соң, автокөлікті ішкі тұтқа арқылы ішінен ашу мүмкін болмайды.

Ішкі тұтқаны бұғаттау үшін кілтті (немесе бұрауышты) саңылауға салып (1), бұғаттау қалпына бұру керек.

Артқы есіктерді ішінен ашу үшін құрылғының бұғаттауы алынуы керек.

АБАЙЛАҢЫЗ


Егер бала автокөліктің қозғалысы кезінде есікті кенеттен ашып жіберсе, ол сыртқа құлап кетуі мүмкін.

Артқы есіктердегі балаларды қорғауға арналған құлыптарды автокөлікте балалар отырған сайын қолдану керек.

Артқы орындықтағы жолаушы туралы ескерту (ROA) (бар болса)

Бұл функция жүргізушіге жолаушыны артқы орындықтарда қалдырып кетуге мүмкіндік бермейді.

Автокөлігіңіз қосымша навигация жүйесімен жабдықталған болса, толық мәліметті бөлек жеткізілетін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығынан қараңыз.



МӘЛІМЕТ ҮШІН

Жүргізуші қозғалтқышты сөндіріп, артқы есік ашылып, жабылғаннан кейін жүргізуші есігін ашқанда, «Check rear seats» (Артқы орындықтарды тексеріңіз) ескертуші хабары пайда болады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Сигнал беру жүйесі жүргізушіге артқы орындықтарда жолаушының немесе қандай да бір заттың жоқтығына көз жеткізу керектігін ескертеді.

Автокөліктен шығар кезде әрдайым артқы орындықтарды тексеріңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер жүргізуші қозғалтқышты сөндіріп, автокөлік есіктерін құлыптаса, есіктердің ашылуы және жабылуы турлы деректер сақталады. Артқы есік қайта ашылмаса да, деректің жазылуымен байланысты сигнал берілуі мүмкін. Мысалы, жүргізуші автокөлік есігін құлыптамай, дыбыс сигналы берілгеннен кейін көліктен шығу үшін есікті ашса, сигнал беру жүйесі істеп кетуі мүмкін.

ҰРЛАП ӘКЕТУДЕН ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ

Бұл жүйе көлік құралын және құнды заттарды қорғауға арналған. Келесі жағдайларда дыбыс сигналы үздіксіз беріліп, апаттық сигнал беру жүйесінің шамдары жыпылықтайды:

- Есік қашықтан басқару таратқышынсыз немесе интеллектуалды кілтсіз ашылғанда.
- Жүксалғыш қашықтан басқару кілтінсіз не интеллектуалды кілтсіз ашылғанда.
- Капот ашық болғанда.

Сигнал беру жүйесі ескертуші сигналдарды 30 секунд бойы беріп, содан кейін өшіп қалады. Сигнал беру жүйесін өшіру үшін, есіктерді қашықтан басқару кілтімен немесе интеллектуалды кілтпен ашыңыз.

Ұрлап әкетуден қорғау сигнализациясы есіктер мен жүксалғыш құлыптанған соң 30 секундтан кейін автоматты түрде қосылады. Жүйені іске қосу үшін есіктер мен жүксалғыш автокөлік сыртынан қашықтан басқару кілтімен немесе интеллектуалды кілтпен немесе интеллектуалды кілт жақын маңда болғанда есіктердің сыртқы тұтқаларындағы түймені басу арқылы құлыпталуы керек.

Апаттық сигнал беру жүйесінің шамдары бір рет жыпылықтайды және дыбыс сигналының үні беріледі, бұл күзет жүйесінің қосылғанын білдіреді.

Күзет жүйесін қосқан соң қашықтан басқару не интеллектуалды кілтсіз есіктердің кез келгені, жүксалғыш қақпағы не капот ашылса, дабыл сигналы беріледі. Капот, жүксалғыш қақпағы не есіктердің кез келгені аяғына дейін жабылмаса, ұрлап әкетуден қорғау жүйесі қосылмайды. Жүйе қосылмаса, капоттың, жүксалғыш қақпағының не есіктердің аяғына дейін жабылғанына көз жеткізіңіз.

Бұл жүйеге өзгерістер енгізуге немесе оған басқа құрылғыларды қосуға тыйым салынады.

i Ақпарат

- Барлық жолаушылар автокөліктен шықпағанша есіктерді құлыптамаңыз. Автокөлікте қалған жолаушы автокөлік күзетке қойылған соң шықса, жүйе істеп кетеді.
- Егер автокөлік қашықтан басқару кілтімен немесе электронды кілтпен күзет режимінен шығарылмаса, есікті механикалық кілтпен ашып, оталдыру жүйесін қосу (қашықтан басқару кілті үшін) немесе қозғалтқышты оталдырып (электронды кілт үшін), 30 секунд күту керек.
- Егер жүйе өшіріліп, бірақ 30 секунд ішінде есіктердің біреуі немесе капот ашылмаса, жүйе қайта қосылады.

i Ақпарат



Ұрлап әкетуден қорғау сигнализациясымен жабдықталған автокөліктердің мынадай жазулары бар жапсырмасы болады:

1. АБАЙЛАҢЫЗ
2. SECURITY SYSTEM (Қауіпсіздік жүйесі)

ЖҮРГІЗУШІ ОРЫНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛПЫН ЕСТЕ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ (БАР БОЛСА)



Driver Position Memory System (Жүргізуші қалпын есте сақтау жүйесі) түймені жай ғана басу арқылы төмендегі сақталған параметрлерді сақтауға және қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

- Жүргізуші орындығының қалпы
- Аспаптар тақтасының көмескі жарығының жарық деңгейі

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөліктің қозғалысы кезінде ешбір жағдайда жүргізуші орындығының қалпын есте сақтау жүйесін пайдаланбаңыз

Өйткені көлікті жүргізе алмай, жол-көлік апатына ұшырауыңыз мүмкін, соның салдарынан адамдар қазаға ұшырап, ауыр дене жарақатын алуы немесе мүлікке зиян көлуі мүмкін.

Ақпарат

- Аккумулятор батареясын ажыратқан кезе бұрын есте сақталған барлық қалыптар жадтан өшіп қалады.
- Жүргізуші орындығының қалпын есте сақтау жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне баруға кеңес береміз.

Қалыптарды есте сақтау

1. «Engine Start/ Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін «ON» (Қосу) қалпына келтіріп, берілістерді ауыстыру иінтірегін «P» (тұраққа қою) қалпына ауыстырыңыз.
2. Өз ыңғайыңызға қарай жүргізуші орындығының қалпын, сондай-ақ аспаптар тақтасының көмескі жарығының қарқындылығын реттеңіз.
3. «SET» (Орнату) түймесін басыңыз. Жүйе бір рет дыбыс сигналын береді, аспаптар тақтасының СК дисплейінде «Press button to save settings» (Баптауларды сақтау үшін түймені басыңыз) хабарламасы көрсетіледі.
4. Есте сақтау түймелердің бірін (1 немесе 2) 4 секунд бойы басып тұрыңыз. Қалып жадқа сақталған кезде, жүйе қос дыбыс сигналын береді.
5. СК экранда Settings 1 (or 2) saved» (1 (немесе 2) баптаулары сақталды) деген хабарлама пайда болады.

Жадта жазылған қалыптарды қалпына келтіру

1. Оталдыру жүйесінің кілті «ON» (Қосу) қалпында тұр.
2. Қажетті есте сақтау түймесін (1 немесе 2) басыңыз. Жүйе бір рет дыбыс сигналын беріп, жүргізуші орындығының қалпы және аспаптар тақтасы көмескі жарығының қарқындылығы сақталған баптауларға сәйкес автоматты түрде реттеледі.
3. СК экранда Settings 1 (or 2) applied» (1 (немесе 2) баптаулары сақталды) деген хабарлама пайда болады.

Автокөлігіңіз қосымша навигация жүйесімен жабдықталған болса, толық мәліметті бөлек жеткізілетін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығынан қараңыз.

i Ақпарат

- Есте сақтау жүйесінен «1» қалпының реттеулерін қалпына келтірген кезде «SET» (Орнату) немесе 1 түймесін басу реттеуді сақталған параметрлерге сәйкес уақытша тоқтатады. 2 түймесін басу есте сақтау жүйесінен «2» қалпының баптауларын қалпына келтіреді.
- Есте сақтау жүйесінен «2» қалпының реттеулерін қалпына келтірген кезде «SET» (Орнату) немесе 2 түймесін басу реттеуді сақталған параметрлерге сәйкес уақытша тоқтатады. 1 түймесін басу есте сақтау жүйесінен «1» қалпының баптауларын қалпына келтіреді.
- Сақталған баптауларды қалпына келтірген кезде жүргізуші орындағының қалын немесе аспаптар тақтасының көмескі жарығын басқару түймелерінің бірін басқан кезде тиісті компоненттің ағымдағы жылжуы тоқтатылып, басылған басқару түймесінің бағытымен жылжиды.

Жүргізуші орындығының қалпын есте сақтау жүйесін нөлдеу

Eger Driver position memory system (Жүргізуші қалпын есте сақтау жүйесі) дұрыс істемей тұрса, жүйе инициализациясын келесі тәсілмен орындаңыз.

Инициализацияны орындау тәртібі:

1. Автокөлікті тоқтатып, жүргізуші есігін ашыңыз, осы кезде оталдыру жүйесінің кілті «ON» (Қосу) қалпында, ал беріліс қорабының иінтірегі «P» (Тұраққа қою) қалпында тұруы керек.
2. Жүргізуші орындығының алдыңғы/артқы қалпын реттеу ауыстырып қосқышымен және орындық арқалығы бұрышының (еңкіштігінің) ауыстырып қосқышымен жүргізуші орындығын мүмкіндігінше алға қарай алыстау жылжытып, орындық арқалығын барынша тігінен қойыңыз.
3. «SET» (Орнату) түймесі мен орындықты алға жылжыту түймесін бір уақытта басып, 2 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

Инициализация процесі.

1. Инициализация апаттық сигнал берілгенде басталады
2. Орындық арқалығымен бірге автоматты түрде артқа жылжиды. Дыбыс сигналы жүйе істеп тұрған кезде беріледі.
3. Орындық пен орындық арқалығы ортаңғы қалыпқа келіп, дыбыс сигналы берілгенде инициализация толығымен аяқталады. Алайда, инициализация процесі мен дыбыс сигналы төмендегідей жағдайларда тоқтайды.
 - Жүргізуші орындығының қалпын есте сақтау жүйесінің түймесін басқанда
 - Жүргізуші орындығының биіктігін реттеу ауыстырып қосқышын басқанда
 - Беріліс қорабының иінтірегін «P» (Тұраққа қою) қалпынан басқа қалыпқа ауыстырғанда
 - Қозғалыс жылдамдығы 3 км/сағ. шамасынан асқан кезде
 - Жүргізушінің есігі жабық тұрғанда

Оңай кіру функциясы (бар болса)

Жүйе келесідей тәртіппен жүргізуші орындығын автоматты түрде жылжытады:

- Интеллектуалды қол жеткізу жүйесінсіз
 - Оталдыру жүйесінің кілтін шығарғанда және жүргізуші есігін ашқанда, жүргізуші орындығы артқы қалпына жылжиды.
 - Оталдыру жүйесінің кілті «ACC» (Қосымша жабдық) немесе «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, жүргізуші орындығы алдыңғы қалпына жылжиды.
- Интеллектуалды қол жеткізу жүйесімен
 - «Engine Start/ Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін «OFF» (Өшіру) қалпына келтіріп, жүргізуші есігін ашқанда, жүргізуші орындығы, артқы қалпына жылжиды.
 - Қозғалтқышты «ON» (Қосу) қалпына келтіргеннен кейін немесе жүргізуші есігін интеллектуалды кілтпен жапқаннан кейін жүргізуші орындығы алдыңғы қалпына жылжиды.

Easy Access (Жылдам қол жеткізу функциясын) СК дисплейдің панеліндегі «User Settings» (Пайдаланушы баптаулары) режимінде қосуға не өшіруге болады.

Толық ақпарат 4-тараудың «СК дисплей» бөлімінде берілген. Автокөлігіңіз қосымша навигация жүйесімен жабдықталған болса, толық мәліметті бөлек жеткізілетін ақпараттық-ойынсауық жүйесінің нұсқаулығынан қараңыз.

РУЛЬ

Рульдің электрлік күшейткіші (EPS)

Жүйе автокөлікті жолда басқаруға көмектеседі. Егер қозғалтқыш сөніп тұрса немесе рульдің электр күшейткіші жүйесі істемесе, автокөлікті басқару мүмкіндігі сақталады, бірақ оған көбірек күш жұмсау қажет болады.

Оған қоса, рульді оңтайлы басқару үшін көлік құралының жылдамдығы артқан кезде руль қатайды да, жылдамдық төмендегенде руль жұмсара түседі.

Рульдің жұмысында нормадан қандай да бір ауытқу байқалса, жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Егер рульдің электрлік күшейткіші жүйесі дұрыс істемесе, аспаптар панелінде тиісті сигнал шамы (⚡) жанады. Рульді бұру қиынға соғуы немесе ол қате істеуі мүмкін. Жүйені дереу тексеріңіз. **Автокөлікті барынша тезірек HYUNDAI ресми дилеріне жеткізіп, жүйені тексерту керек.**

Ақпарат

Көлік құралын қалыпты жағдайда пайдаланғанда, төменде көрсетілген белгілер байқалуы мүмкін:

- Оталдыру жүйесін қосқаннан кейін рульді бұру үшін көбірек күш жұмсау керек болуы мүмкін. Мұндай жағдай EPS жүйесі диагностиканы орындағанда орын алады. Диагностика аяқталған соң, рульді бұру күші қалпына келеді.
- Аккумулятор батареясының кернеуі төмен болғанда, рульді бұру үшін көбірек күш жұмсау керек болуы мүмкін. Алайда бұл уақытша жағдай және аккумулятор батареясын зарядтағаннан кейін жоғалады.
- Оталдыру жүйесін қосқаннан немесе өшіргеннен кейін EPS релесі сырт етуі мүмкін.
- Автокөлік тоқтағанда немесе төмен жылдамдықпен жүргенде, электр қозғалтқышының жұмыс істеген дыбысы естілуі мүмкін.
- Төмен температурада рульді бұру кезінде шуылдар естілуі мүмкін. Температура жоғарылағанда, шуылдар жоғалады. Бұл қалыпты жағдай.
- Егер автокөлік қозғалыссыз тұрып, рульді үнемі оңға не солға тірелгенше бұра берсе, рульді бұру күші артады. Бұл жүйе ақаулығын білдірмейді. Біраз уақыт өткен соң, рульді бұру күші қалыпты күйге келеді.

Реттелетін / телескопиялық руль бағаны (бар болса)

АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалыс барысында руль қалпын реттеуге тыйым салынады. Көлікті жүргізе алмай, ауыр жарақатқа, өлімге немесе жол-көлік апатына ұшырауыңыз мүмкін.

Ақпарат

Кейбір жағдайларда реттеуді орындағаннан кейін, бұғаттауды ажырату иінтірегі рульді бұғаттамауы мүмкін.

Бұл ақаулық емес. Мұндай жағдай екі тістегершік тиісті түрде ілінбеген кезде орын алуы мүмкін. Бұл жағдайда руль қалпын қайта реттеп бекітіңіз.



Руль қалпының бұрышы мен биіктігін өзгерту процедурасы:

1. Бекіткіштің ығыстырма иінтірегін жіберіңіз (1).
2. Рульдің еңкею бұрышы (2) мен биіктігін (3) реттеңіз (мүмкін болса). Руль бетке емес, кеуде тұсына бағыттталып тұруы керек. Аспаптар тақтасындағы сигнал шамдары мен көрсеткілердің көрініп тұрғанын тексеріңіз.
3. Рульді бекіту үшін бекіткіштің ығыстырма иінтірегін көтеріңіз.

Рульдің нық бекітілгенін тексеру үшін оны жоғары және төмен қозғалтып көріңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Рульдің биіктігін реттегенде, бекітпесін зақымдап алмас үшін оны қатты баспаңыз және тартпаңыз.

Жылытылатын руль (бар болса)



Руль жылытқышын қосу үшін оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда немесе қозғалтқыш істеп тұрғанда түймені басу керек. Түймедегі индикатор жанады.

Рульдің жылытқышын өшіру үшін түймені тағы бір рет басу керек. Түймедегі индикатор сөнеді.

- Өдепкіде оталдыру жүйесінің кілтін ON» (Қосу) қалпына ауыстырғанда руль жылытқышы өшіп тұрады. Алайда Auto Comfort Control (Жайлылықты автоматты түрде басқару) функциясы қосылып тұрса, руль жылытқышы даладағы температураға байланысты қосылады және өшеді.
- Жайлылық деңгейін автоматты түрде бақылау (жүргізуші орындығы үшін, бар болса)

Жылытқышы бар рульдің температурасы қозғалтқыш істеп тұрғанда сыртқы температураға байланысты автоматты түрде реттеледі. Руль жылытқышының ауыстырып қосқышын басқан кезде руль жылытқышын басқару қолмен орындалады.

Бұл функцияны пайдалану үшін оны ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің экранындағы «Settings» (баптаулар) мәзірінде қосу керек. **Толық мәліметтерді автокөлікпен бірге жеткізілетін бөлек нұсқаулықтан қараңыз.**


Ақпарат

Руль жылытқышы қосылғаннан кейін шамамен 30 минуттан соң автоматты түрде өшеді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Рульге қосымша қап не керек-жарақтар орнатпаңыз. Олар руль жылытқышы жүйесінің жұмысын бұзуы мүмкін.

Дыбыс сигналы



OCN7050016

Дыбыс сигналын беру үшін рульде зуылдақ таңбасымен белгіленген жерді басыңыз (суретті қараңыз). Дыбыс сигналы сол жерді басқанда ғана беріледі.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Сигналды қатты ұрмаңыз және жұдырықпен ұрмаңыз. Дыбыс сигналын өткір заттармен баспаңыз.

АЙНАЛАР

Ішкі артқы көрініс айнасы

Автокөлікті жүргізбес бұрын айнаны артқы терезедегі көрініс айнаның ортасында болатындай реттеңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Тіке көрінетін сызықтың бойында кедергілердің жоқ болуын тексеріңіз. Артқы орындықтарға, жүксалғышқа немесе артқы орындықтардың бассүйегіштеріне артқы терезеден көруге кедергі келтіретін заттарды орналастырмаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Жол-көлік апаты кезінде немесе қауіпсіздік көпшігі ашылғанда ауыр жарақаттар алмау үшін артқы көрініс айнасын түрлендіруге немесе панорамалық айна орнатуға болмайды.


АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалыс барысында айна қалпын реттеуге **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**. Өйткені автокөлікті жүргізу мүмкіндігінен айырылып, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Айнаны тазалаған кезде қағаз сүлгіні немесе айналарға арналған тазалағыш құралға суланған ұқсас материалды қолданыңыз. Айналарды тазалауға арналған құралды тікелей айнаға сеуіп, жақпаңыз, себебі тазалағыш сұйықтық айна корпусының ішіне кіріп кетуі мүмкін.

Күндізгі/түнгі артқы көрініс айнасы (бар болса)



[A]: иіңтірек, [B]: күн, [C]: түн

Артқы көрініс айнасының қалпын қозғалысты бастамай тұрып және күндізгі/түнгі жұмыс режимін ауыстырып қосу иіңтірегі күндізгі режим қалпында тұрғанда реттеу керек.

Бұл иіңтіректі автокөлікпен түнде жүргенде арттағы автокөліктер фараларының көз қарықтыратын әсерін бәсеңдету үшін өзіңізге қарай тартыңыз.

Түнгі жұмыс режимінде артқы көрініс айнасындағы бейне ондай анық болмайтынын естен шығармаңыз.

Электрхромды айна (ECM) (бар болса)



OCN7050018

Түнгі уақытта немесе жарық деңгейі жеткіліксіз болғанда, артта келе жатқан автокөлік фараларының қатты түсетін жарығын электрлік артқы көрініс айнасы автоматты түрде реттейді.

Қозғалтқыш қосулы тұрғанда, көз қарықтыратын жарықты артқы көрініс айнасының ішіне орнатылған датчик (1) автоматты түрде реттеп тұрады. Датчик автокөлік айналасындағы жарық деңгейін анықтап, артта келе жатқан автокөліктердің көз шағылыстыратын жарығын автоматты түрде реттейді.

Селектор түймесін R (артқа жүру) қалпына ауыстырғанда, айна автоматты түрде ең жарық баптауға өтіп, жүргізушіге арттағы тиімді көріністі қамтамасыз етеді.

Сыртқы артқы көрініс айналары



©CN7050019

Қозғалысты бастамас бұрын айналардың еңкею бұрыштарын реттеп алыңыз.

Көлік құралының екі жағында сыртқы артқы көрініс айналары орнатылған.

Айнаны қашықтан басқару ауыстырып қосқышы арқылы қашықтан реттеуге болады.

Автоматты көлік жуу бекетінде көлікті тазалау немесе тар көшелермен жүру кезінде айнаның корпусын жиып қойып, зақымдардың алдын алуға болады.

Егер автокөліктің жылдамдығы 15 км/сағ. шамасынан жоғары болса, сыртқы артқы көрініс айнасы жиылмайды.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Оң жақтағы сыртқы артқы көрініс айнасы дөңес көледі. Кейбір елдерде сол жақтағы сыртқы артқы көрініс айнасы дөңес пішінді болуы мүмкін. Айнадан көрінетін нысандар сіз ойлағаннан жақынырақ көрінуі мүмкін.
- Басқа жолаққа ауыспай тұрып, ішкі артқы көрініс айнасы арқылы артқа қарау немесе артта келе жатқан көлік құралына дейінгі қашықтықты бағалау үшін басты бұрып қарау керек.


АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөліктің қозғалысы кезінде сыртқы артқы көрініс айналарын реттеуге немесе жиюға тыйым салынады. Өйткені автокөлікті жүргізу мүмкіндігінен айырылып, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Айнадағы мұзды қырмау керек, себебі айнаның беті зақымдануы мүмкін.
- Егер айна мұз боп қатып тұрса, оны күш салып реттеуге болмайды. Еріту үшін мұздауға қарсы бүріккішті (салқындату жүйесіне арналған антифриз емес) немесе ыстық суға суланған жұмсақ матаны немесе ысқышты қолданған жөн. Сонымен бірге, автокөлікті жылы жерге қойып, мұз ерігенше күте тұруға болады.

Сыртқы артқы көрініс айнасын реттеу



1. «L» (сол жақ) немесе «R» (оң жақ) түймесін (1) басыңыз да, реттелетін артқы көрініс айнасын таңдаңыз.
2. Таңдалған айнаны жоғары, төмен, солға не оңға жылжыту үшін айнаны реттегішті (2) пайдаланыңыз.
3. Реттеуді орындап болған соң, қалып абайсызда өзгеріп кетпеуі үшін түймені бейтарап (орталық) қалыпқа келтіріңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Ең жоғарғы реттеу бұрыштарына жеткенде айналар қозғалмай қалады, бірақ электр қозғалтқыш ауыстырып қосқыш басылып тұрғанша істеп тұра береді. Электр қозғалтқышты зақымдап алмау үшін ауыстырып қосқышты қажетті уақыттан ұзақ басып тұрмаңыз.
- Сыртқы артқы көрініс айналарының қалпын қолмен реттеуге болмайды, өйткені электр қозғалтқыш зақымдалуы мүмкін.

Сыртқы артқы көрініс айнасын жию



©CN7050022

Механикалық беріліс қорабы (бар болса)

Сыртқы артқы көрініс айнасын жию үшін оның корпусынан ұстап, артқа тартыңыз.



©CN7050021

Электр жетегі бар түрі (бар болса)

Сыртқы артқы көрініс айнасы ауыстырып қосқышты басқанда жиылып, жазылады. Автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ. шамасынан жоғары болса, сыртқы артқы көрініс айнасы ауыстырып қосқышты басқанның өзінде жиылмайды. Алайда ауыстырып қосқышты басқанда сыртқы артқы көрініс айнасы ашылуы мүмкін.

- СК дисплейдегі баптаулар режимінде «Convenience (Жайлылық) → «Welcome mirror/ light» (Айналар/жарық арқылы қарсы алу) → «On door unlock» (Есіктердің құлпын ашқанда) таңдалса, айна келесі жағдайларда автоматты түрде жиылады және жазылады:
 - Есік смарт-кілтпен жабылғанда немесе ашылғанда айна жиылады немесе бастапқы күйіне оралады;
 - Есік есіктің сыртқы тұтқасындағы түйме көмегімен жабылғанда немесе ашылғанда айна жиылады немесе бастапқы күйіне оралады.
- Баптаулар режимінде Convenience» (Жайлылық) → «Welcome mirror/ light» (Айналар/жарық арқылы қарсы алу) → «On door unlock» (Есіктердің құлпын ашқанда) таңдаған жағдайда.

Автокөлігіңіз қосымша навигация жүйесімен жабдықталған болса, толық мәліметті бөлек жеткізілетін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығынан қараңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Электр жетекті сыртқы артқы көрініс айнасы оталдыру жүйесінің құлпы «OFF» (Өшіру) қалпында тұрса да істейді. Алайда, аккумулятордың қажетсіз қуатсыздануын болдырмау үшін қозғалтқыш істеп тұрғанда айналардың қалпын қажеттіден артық реттемеңіз.


МӘЛІМЕТ ҮШІН

Электр жетекті сыртқы артқы көрініс айнасын қолмен жиюға болмайды. Бұл жағдайда жетек зақымдалуы мүмкін.

ТЕРЕЗЕЛЕР

Әйнек көтергіштер


■ Сол жақ руль



OCN7050025

- (1) Жүргізуші есігіндегі әйнек көтергіштің ауыстырып қосқышы
- (2) Жолаушы есігіндегі әйнек көтергіштің ауыстырып қосқышы
- (3) Артқы сол жақ есіктің әйнек көтергішінің ауыстырып қосқышы
- (4) Артқы оң жақ есіктің әйнек көтергішінің ауыстырып қосқышы
- (5) Терезені ашу және жабу
- (6) Автоматты электрлік әйнек көтергіштер
- (7) Электрлік әйнек көтергіштерді бұғаттау ауыстырып қосқышы

■ Оң жақ руль



OCN7050025AU

- | | |
|---|---|
| <p>(1) Жүргізуші есігіндегі әйнек көтергіштің ауыстырып қосқышы</p> <p>(2) Жолаушы есігіндегі әйнек көтергіштің ауыстырып қосқышы</p> <p>(3) Артқы сол жақ есіктің әйнек көтергішінің ауыстырып қосқышы</p> | <p>(4) Артқы оң жақ есіктің әйнек көтергішінің ауыстырып қосқышы</p> <p>(5) Терезені ашу және жабу</p> <p>(6) Автоматты электрлік әйнек көтергіштер</p> <p>(7) Электрлік әйнек көтергіштерді бұғаттау ауыстырып қосқышы</p> |
|---|---|

Терезелерді көтеру не түсіру үшін оталдыру жүйесінің құлпындағы кілт «ON» (Қосу) қалпында тұруы тиіс. Әрбір есікте әйнектерді басқаруға арналған әйнек көтергіштің ауыстырып қосқышы бар. Жүргізушіде жолаушылар терезелерінің әйнек көтергіштерін бұғаттауға арналған ажыратқыш бар. Оталдыру жүйесінің кілтін «ACC» (Қосымша құрылғылар) немесе «LOCK» (Бұғаттау) қалпына бұрғанда, электрлік әйнек көтергіштерді тағы шамамен 3 минут басқаруға болады. Автокөліктің алдыңғы есіктері ашық тұрса, электрлік әйнек көтергіштерді тіпті осы үш минуттық кезеңде басқару мүмкін болмайды.

АБАЙЛАҢЫЗ


Ауыр жарақатқа немесе өлімге ұшырамас үшін көлік қозғалысы кезінде басты, қолды немесе денені терезеден шығаруға болмайды.

Ақпарат

- Салқын әрі ылғалды климаттық жағдайларда әйнек көтергіштер мұздап қалатындықтан, тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.
- Автокөлік артқы есіктердің әйнектері түсірілген не болмаса төбедегі люгі (бар болса) толығымен не жартылай ашық күйінде қозғалғанда, желден болған діріл немесе лүпілді шуыл сезілуі мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс болғандықтан, оны азайтуға не жоюға болады. Артқы есіктердің бірінің не екеуінің әйнектері түсірілгенде шуыл естілсе, алдыңғы есіктердің әйнектерін шамамен 2,5 см-ге түсіріңіз.

Егер шуыл люк ашық тұрғанда пайда болса, оны сәл жауып қойыңыз.

Терезелерді ашу және жабу



Ашу:

Терезенің ауыстырып қосқышын бірінші бекітілу қалпына (5) дейін төмен қарай басыңыз. Әйнек қалаған биіктікке жеткенде ауыстырып қосқышты жіберіңіз.

Жабу:

Терезенің ауыстырып қосқышын бірінші бекітілу қалпына (5) дейін жоғары қарай тартыңыз. Әйнек қалаған биіктікке жеткенде ауыстырып қосқышты жіберіңіз.

Автоматты түрде көтерілетін/түсетін терезе (бар болса)

Әйнек көтергіштің ауыстырып қосқышын басып қалғанда немесе оны екінші бекітілу қалпына (6) дейін тартқанда, ауыстырып қосқыш жіберіліп тұрса да, терезе толығымен түседі немесе көтеріледі. Әйнек көтергіш істеп тұрғанда терезені қалаған қалыпта тоқтату үшін ауыстырып қосқышты тартыңыз немесе басып, содан соң босатып жіберіңіз.

Электрлік әйнек көтергіштерді басқару жүйесін қайта жүктеу.

Егер электрлік әйнек көтергіштер дұрыс істемесе, автоматты басқару жүйесі қайта жүктелуі тиіс. Ол үшін төменде көрсетілген әрекеттерді жасау керек.

1. Оталдыру жүйесін қосу.
2. Терезені жауып, электрлік әйнек көтергіштің ауыстырып қосқышын кемінде тағы 1 секунд тартып тұру.

Егер қайта жүктелгеннен кейін электрлік әйнек көтергіштер әлі де дұрыс істемесе, HYUNDAI ресми дилерінде жүйені тексерту керек.




АБАЙЛАҢЫЗ

Әйнек көтергіш жүйесінің параметрлерін нөлдеген кезде қозғалыс бағытын автоматты түрде өзгерту функциясы істемейді.

Жарақаттанбай, автокөлікке зақым келтірмеу үшін әйнектерді жаппай тұрып, бұған денеңіздің ешқандай бөлігінің не заттардың кедергі келтіріп тұрмағанына көз жеткізіңіз.

Қысып қалудан қорғау (бар болса)



Егер терезенің автоматты түрде жабылуы кезінде оның жүріс жолында кедергілер болса, терезе тоқтап, затты алып тастауға мүмкіндік беру үшін шамамен 30 см-ге (12 дюймге) төмен түседі.

Әйнек көтергіш пернесін ұзақ уақыт басып тұрғанда кедергі анықталатын болса, әйнек көтерілуін тоқтатып, шамамен 2,5 см-ге төмен түседі.

Автоматты түрде кері жүру нәтижесінде әйнекті түсіргеннен кейін әйнек көтергішті басқару ауыстырып қосқышын қайта жоғары қарай 5 секунд бойы үнемі тартса, автоматты кері жүру функциясы орындалмайды.



Ақпарат

Автоматты реверс функциясы ауыстырып қосқышты екінші қалыпқа дейін көтеру арқылы іске қосылатын автоматты көтеру функциясын қолдану кезінде ғана белсенді болады.



АБАЙЛАҢЫЗ

Әйнекті жаппай тұрып, оның жүретін жолында денеңіздің бөлігі немесе заттар кедергі келтіріп тұрмағанын тексеріп алу керек.

Әйтпесе жарақат алуыңыз немесе автокөлік зақымдануы ықтимал. Әйнек пен жоғарғы тығыздауыш арасындағы диаметрі 4 мм-ден аз заттарды қысып қалудан қорғайтын жүйе анықтамай қалуы мүмкін және әйнек төмен түспейді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Терезеге ешқандай керек-жарақтарды орнатпаңыз. Қысып қалудан қорғау функциясы істемеуі мүмкін.

Әйнек көтергішті бұғаттау түймесі



Жүргізуші әйнек көтергішті бұғаттау ауыстырып қосқышын жылжытып, артқы жолаушы есіктеріндегі әйнек көтергіштердің ауыстырып қосқыштарын өшіре алады.

Электрлік әйнек көтергіштерді бұғаттау ауыстырып қосқышы бұғаттау қалпында тұрғанда:

- Жүргізушінің негізгі басқару пультімен барлық әйнек көтергіштерді басқаруға болады.
- Алдыңғы жолаушы пультімен алдыңғы жолаушы есігінің әйнек көтергішін басқаруға болады.
- Артқы жолаушы есіктерінің пультімен артқы жолаушы есіктерінің әйнек көтергіштерін басқару мүмкін емес.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Әйнек көтергіштер жүйесінің ықтимал зақымдалуына жол бермеу үшін екі не одан көп терезені бір уақытта ашпаңыз немесе жаппаңыз. Бұның арқасында сақтандырғыштың қызмет ету мерзімі де артады.
- Жүргізуші есігіндегі негізгі пультпен және нақты есіктегі пультпен ауыстырып қосқыштарды бір уақытта баса отырып және әйнек қозғалысының қарама-қарсы бағытын белгілей отырып, әйнек көтергішті қоспаңыз. Бұл жағдайда әйнек тоқтап, оны ашу не жабу мүмкін емес.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда, қараусыз қалған балалар отырған автокөлік ішінде кілттерді ЕШБІР ЖАҒДАЙДА қалдырмаңыз.
- Автокөлік ішінде балаларды қараусыз қалдыруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Тіпті өте кішкентай балалардың өздері автокөлікті байқаусызда жүргізіп жіберуі, терезелерге қысылып қалуы немесе өзіне не басқа адамдарға зақым келтіріп алуы мүмкін.
- Терезені жабар алдында қолдың, бастың немесе өзге заттың қысылып қалу қаупінің жоқтығына әрдайым көз жеткізіңіз.
- Балалардың электрлік әйнек көтергіштермен ойнауына жол бермеңіз. Жүргізуші есігіндегі әйнек көтергішті бұғаттау ауыстырып қосқышы «LOCK» (Бұғаттау) қалпында (басылған қалпында) тұруы тиіс. Бала әйнек көтергішті абайсызда қосып қалса, ауыр жарақат келуі мүмкін.
- Қозғалыс кезінде терезеден басты, қолды немесе дененің басқа да бөліктерін шығаруға тыйым салынады.

ТӨБЕДЕГІ ЛЮК (БАР БОЛСА)



Автокөлігіңізде люк болса, оны төбе консоліндегі люкті басқару ауыстырып қосқышымен артқа жылжытуға не көтеріп қоюға болады. Люкті тек оталдыру жүйесінің құлпы «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда ғана ашуға, жабуға немесе қайыруға болады.

Оталдыру жүйесінің кілтін «ACC» (Қосымша құрылғылар) «LOCK» (Бұғаттау) қалпына орнатқаннан кейін люкті әлі 3 минуттай басқаруға болады.

Дегенмен, автокөліктің алдыңғы есігі тіпті 3 минут бойы ашық тұрса да бұны орындау мүмкін болмай қалады.

Ақпарат

- Салқын әрі ылғалды климаттық жағдайларда люк мұздап қалатындықтан істемеуі мүмкін.
- Автокөлікті жуғаннан кейін немесе жаңбырдан соң люктің қалпын өзгертпей тұрып, оны міндетті түрде құрғатып сүртіңіз.


АБАЙЛАҢЫЗ

- Қозғалыс кезінде люкті реттеуге болмайды. Бұл көлікті жүргізу мүмкіндігінен айырып, өлімге, ауыр жарақатқа және мүліктің зақымдануына әкелетін апаттық жағдайға себеп болуы мүмкін.
- Жоғарғы люкті пайдаланбас бұрын оның басқа, дененің басқа да бөліктеріне немесе заттарға тимейтінін тексеріп алу қажет.
- Қозғалыс кезінде ауыр жарақат алмау үшін люктен басты, қолды немесе дененің басқа да бөліктерін шығаруға тыйым салынады.
- Қозғалтқышы оталып тұрған автокөлікте қараусыз қалған балалар болса, көліктің ішінде электронды кілтті қалдыруға болмайды. Қараусыз қалған балалар төбедегі люкті қосып жіберіп, ауыр жарақаттануы мүмкін.
- Автокөліктің төбесіне отыруға тыйым салынады. Өйткені жарақат алу қаупі бар немесе автокөлік зақымдалуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Люк толығымен ашық, жабық немесе қайырылған күйде болғанда, люкті басқару иінтірегін жіберіңіз. Егер оны баса бәрсе, электр қозғалтқыш немесе жүйенің басқа элементтері зақымдалуы мүмкін.
- Автокөліктен шығарда люктің толығымен жабылғанын тексеріңіз. Бұл автокөлігіңізді ұрлап әкетуден қорғап, салон ішіне жаңбыр мен қар кірмейтін болады.

Төбедегі люкті ашу және жабу



Төбедегі люкті ашу немесе жабу үшін (қолмен жылжыту функциясы) люкті басқару интірегін бірінші бекітілу қалпына дейін артқа не алға қарай басыңыз.

Төбедегі люкті ашу үшін (автоматты жылжыту функциясы) люкті басқару интірегін екінші бекітілу қалпына дейін артқа қарай басыңыз.

Төбедегі люк барынша ашық қалпына дейін ұсынылатын арақашықтықта ашылады.


Люк қозғалысын, люкті басқару интірегін жылдам жылжытып, кез келген сәтте тоқтатуға болады.

Төбедегі люкті барынша ашық қалпына дейін ашу үшін интіректі автокөліктің артқы жағына қарай бағыттап қайта басып, люк ұзындығы бойымен жылжып болғанша ұстап тұрыңыз.

Ақпарат

Қозғалыс кезінде желден болған шуылды азайту үшін көлікті төбедегі люкті барынша ашық қалпында ашып қойып айдаған жөн.

Қысып қалудан қорғау (бар болса)



Егер төбедегі люктің әйнек панелі автоматты түрде жабылған кезде қандай да бір зат немесе дене мүшесі анықталған болса, жүйе бағытын кері өзгертіп, қозғалысты тоқтатады.


Люктің қозғалмалы әйнек панелі мен рамасының арасында аса шағын кедергі бар болса, бағытты автоматты өзгерту функциясы істемейді. Люкті жаппай тұрып, оның жолаушыларға немесе қандай да бір заттарға тиіп кетпейтініне көз жеткізіңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Бағытты автоматты өзгерту функциясы люктің қозғалмалы әйнек панелі мен рамасының арасында тұрып қалған ұсақ заттарды анықтамауы мүмкін. Мұндай жағдайларда люк датчигі затты анықтамайды және қозғалыс бағытын өзгертпейді.

Төбедегі люкті белгілі бір бұрышта орнату



Төбедегі люкті ашып, оны белгілі бір бұрышта орнату үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.

Төбедегі люкті басқару интірегін жоғары қарай көтеріп, люк қажетті қалыпқа жылжығанша сол күйде ұстап тұрыңыз.

Төбедегі люкті жабу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.

Төбедегі люкті басқару интірегін алға қарай басып, люк қажетті қалыпқа жылжығанша сол күйде ұстап тұрыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Жүйелі түрде люктің бағыттауыштарындағы немесе люк пен төбе панелі арасында жиналатын жердегі кірді тазалап тастау керек, әйтпесе люк қозғалысы кезінде шуыл естілуі мүмкін.
- Нөлден төмен температурада немесе төбені қар не мұз басқанда электр қозғалтқышты зақымдап алмау үшін люкті ашуға әрекет жасамаңыз. Суық және ылғалды климаттық жағдайларда люк нашар жұмыс істеуі мүмкін.

Күннен қорғайтын перде



©CN7050029

Күннен қорғайтын перде әйнек панель қозғалғанда төбедегі люкпен бірге автоматты түрде ашылады. Күннен қорғайтын пердені қалауыңызша қолмен жабуыңызға болады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Төбедегі люк күннен қорғайтын пердемен бірге жылжитындай етіп жасалған. Төбедегі люк ашық тұрғанда, күннен қорғайтын пердені жабық күйінде қалдырмаңыз.

Төбедегі люк параметрлерін нөлдеу

Келесі жағдайларда люкті басқару жүйесінің баптауларын нөлдеу қажет болуы мүмкін.

- Аккумулятор ажыратылғанда немесе оның заряды отырғанда, не болмаса люк сақтандырғышы ауыстырылғанда не өшірілгенде;
 - Люкті басқару иінтірегін дұрыс істемегенде.
1. Оталдыру жүйесінің кілтін «ON» (Қосу) қалпына бұраңыз немесе қозғалтқышты оталдырыңыз. Төбедегі люк параметрлерін қозғалтқыш істеп тұрғанда нөлдеген жөн.
 2. Төбедегі люк ашық тұрса, оны толығымен жабыңыз.
 3. Төбедегі люкті басқару иінтірегін жіберіңіз.
 4. Люкті басқару иінтірегін люк көтерілгенше жабылу бағытымен алға қарай жылжытыңыз. Содан кейін иінтіректі жіберіңіз.
 5. Люкті басқару иінтірегін люк төмендегі әрекеттерді орындағанша жабылу бағытымен алға қарай жылжытыңыз.
Еңкею → Ашылу → Жабылу

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Иінтіректі операция аяқталмағанша жібермеңіз. Иінтіректі операция барысында жіберіп қалсаңыз, процедураны 2-қадамнан бастап қайта орындаңыз.


6. Операция аяқталған соң көбедегі люкті басқару иінтірегін жіберіңіз. (Төбедегі люкті басқару жүйесі бастапқы қалпына келді.)

Ақпарат

- Төбедегі люк параметрлері автокөлік аккумуляторы ажыратылғаннан немесе оның заряды отырғаннан кейін немесе тиісті сақтандырғыш жанып кеткеннен кейін нөлденбеген болса, люк дұрыс істемеуі мүмкін.
- Толық ақпаратты алу үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.


Төбедегі люктің жабылмағаны туралы ескерту (бар болса)

- Төбедегі люк толығымен жабылмай тұрғанда оталдыру жүйесінің құлпынан кілтті алған кезде (қозғалтқышты интеллектуалды кілтпен өшіру), бірнеше секунд бойы ескерту сигналы беріліп, СК дисплейде тиісті хабарлама пайда болады.
Автокөлікті қараусыз қалдырғанда, төбедегі люкті нық жабыңыз.




КАПОТ

Капотты ашу



1. Автокөлікті тоқтатып, тұрақ тежегішін қосыңыз.
2. Капотты ашу үшін иінтіректі тартыңыз. Капот сәл көтерілуі тиіс.



3. Автокөліктің алдына жақындап, капотты көтеріңкіреп, капоттың ішкі жағында дәл ортасында орналасқан екінші ысырманы (1) жоғары тартып, капотты көтеріп ашыңыз (2).
4. Тіреу бағанасын шығарып алыңыз.



5. Капотты тіреу бағанасымен (3) ашық күйде ұстап тұрыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Тіреу бағанасы

- Көлік жүргізгеннен кейін мотор бөлігі мен тіреу бағанасы ыстық болады. Күйіп қалмау үшін тіреу бағанасын резеңке оқшаулағышпен жабық тұрған жерінен ұстаңыз.
- Мотор бөлігін тексеруді тіреу бағанасы тиісті саңылауға толығымен салынған жағдайда ғана орындау керек. Кері жағдайда капот кенеттен жабылып, жарақаттануыңыз мүмкін.

Капотты жабу

1. Капотты жаппай төменде көрсетілген шарттардың орындалғанына көз жеткізіңіз.
 - Қозғалтқыш бөлігіндегі барлық құю қыталарының қақпақтары дұрыс орнатылып тұруы тиіс.
 - Қолғаптар, шүберек немесе басқа да тұтанғыш материалдар мотор бөлігінен алынып тасталуы керек.
2. Тіреу бағанасын тоқылдамайтындай өз қысқышына қайта қойыңыз.
3. Капотты жартылай төмен түсіріп (шамамен 30 см-ге көтеріліп тұруы керек), толығымен сарт еткізіп жабыңыз. Капоттың нық бекітіліп тұрғанын тағы бір рет тексеріңіз.

Капотты сәл көтеріңкіреу мүмкін болса, бұл оның дұрыс жабылмағанын білдіреді. Оны көбірек күш салып қайта ашып жабу керек.




АБАЙЛАҢЫЗ

- Капотты жаппай тұрып, оның жылжуына еш нәрсе кедергі келтіріп тұрмағанын тексеріп алыңыз.
- Қозғалысты бастамай тұрып, әрдайым капоттың сенімді жабылғанын тексеріңіз. Аспаптар тақтасында капоттың ашық тұрғанын білдіретін хабарламаның жоқ екенін немесе сигнал шамының жанып тұрмағанын тексеріп алыңыз. Ашық капотпен жүру салдарынан көру мүмкіндігі толығымен жоғалып, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.
- Капоты көтеріліп тұрған автокөлікті жүргізбеңіз. Көру мүмкіндігі жоқ болса, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін, оған қоса, капот құлауы немесе зақымдалуы мүмкін.

ЖҮКСАЛҒЫШ

Жүксалғышты ашу

1. Берілісті ауыстыру интірегінің «Р» («тұраққа қою», автоматты трансмиссия / интеллектуалды сатысыз трансмиссия үшін) қалпында не бірінші берілісте немесе «R» («артқа жүру», механикалық трансмиссия үшін) тұрғанына және тұрақ тежегішінің қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.



- Шұғыл ашу интірегін пайдаланыңыз.

3. Жүксалғыш қақпағын көтеріңіз.

Жүксалғышты жабу

Жүксалғыш қақпағын түсіріп, жүксалғыш жабылатындай үстінен басыңыз. Қақпағын жоғары тартып, жүксалғыштың нық жабылғанын әрдайым тексеріңіз.

2. Онда келесі әрекеттерді орындаңыз:
 - Қашықтан басқару кілтіндегі немесе интеллектуалды кілттегі жүксалғыш қақпағының құлып ашу түймесін басып, оны 1 секундтан артық ұстап тұрыңыз.
 - Интеллектуалды кілті бар автокөліктер үшін қосымша.
 - Автокөліктің барлық есіктерінің құлпы ашылған кезде жүксалғышты ашу үшін жүксалғыштағы ауыстырып қосқышты басыңыз (интеллектуалды кілттің бар-жоғына қарамастан).
 - Есіктердің бірі немесе барлығы құлыптанып тұрса, сізде интеллектуалды кілт бар болса да бұл ауыстырып қосқышты жүксалғышты ашу үшін қолдануға болады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік қозғалғысы кезінде жүксалғыш қақпағы әрдайым жабық тұруы тиіс. Егер оны ашық не тығыз жабылмаған күйде қалдырса, салонға құрамында иісті газы (CO) бар улы пайдаланылған газдар кіріп кетіп, ауыр сырқатқа немесе өлімге ұшыратуы мүмкін.


Ақпарат

Жүксалғыш қақпағының көтеретін цилиндрлерін және бекіту бөлшектерін зақымдап алмас үшін автокөлікті жүргізбей тұрып, жүксалғышты әрдайым жауып қойыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Салқын әрі ылғалды климаттық аймақтарда жүксалғыштың құлпы мен механизмдерінің жұмысы бұзылуы мүмкін, ол мұз қатып қалуға байланысты.

Жүксалғыш қақпағының төтенше ашу




Автокөлігіңіз жүксалғыш қақпағын төтенше ашу иінтірегімен жабдықталған. Егер адам жүксалғыш ішінде кездейсоқ қамалып қалса, онда иінтіректі көрсеткі бағытына қарай жылжытып тұрып, жүксалғыш қақпағын итеріп ашуына болады.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Жүргізуші және оның жолаушылары жүксалғыш қақпағының құлпын төтенше ашу иінтірегінің орналасқан жерін және жүксалғыш ішінде кездейсоқ қамалып қалғанда оны ашу тәртібін білулері керек.
- Жүксалғышта адамның жатуына **ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН**. Егер жүксалғыш құлыптанып қалып, ішінде қалған адам сыртқа шыға алмаса, ол ауыр жарақат алуы ықтимал немесе ауаның жеткіліксіз болуынан, пайдаланылған газдардың кіріп кетуінен немесе экстремалды температуралардың әсерінен өліп кетуі мүмкін. Жүксалғыш апат жағдайында деформацияға ұшырайтын және ішінде орналасу аса қауіпті болатын көлік құралы шанағының аймағы болып табылады.
- **Автокөлігіңіз құлыптаулы болуы, ал электронды кілт балалардың қолдары жетпейтін жерде тұруы керек. Ата-аналар балаларына жүксалғыш ішінде болу қауіптілігін түсіндіруі тиіс.**
- Ашу иінтірегін тек төтенше жағдайларда ғана пайдаланыңыз.

Жүксалғыш қақпағын интеллектуалды түрде ашу (бар болса)



Жүксалғыш қақпағын интеллектуалды кілті бар автокөлікте жүксалғыш қақпағын интеллектуалды түрде ашу жүйесімен қашықтан ашуға болады.

Жүксалғыш қақпағын интеллектуалды түрде ашу жүйесін пайдалану жолы

Жүксалғыш қақпағын төмендегі шарттардың барлығы орындалған жағдайда қашықтан ашуға болады.

- Барлық есіктер құлыпталып жабылған соң 15 секундтан кейін.
- Кілт анықтау аймағында 3 секундтан ұзақ тұр.

i Ақпарат

Жүксалғышты ашудың интеллектуалды жүйесі келесі жағдайларда істемейді.


- Жүйе есіктер құлыпталып жабылғаннан кейін 15 секунд ішінде интеллектуалды кілттің барын анықтайды, содан соң кілт үнемі анықталады.
- Жүйе есіктер құлыпталып жабылғаннан кейін 15 секунд ішінде интеллектуалды кілттің барын анықтайды, бұл кезде кілт есік тұтқаларынан 1,5 м қашықта тұр (отырғызу кезінде жарықтандыру функциясы бар автокөліктер үшін).
- Есік құлыпталмаған не ашық тұр.
- Интеллектуалды кілт автокөлік ішінде болғанда.

1. Баптау

Жүксалғышты ашудың интеллектуалды жүйесін қосу үшін User Setting Mode (Пайдаланушы баптаулары режимі) режиміне өтіп, СК дисплейде «Smart Trunk» (Жүксалғышты ашудың интеллектуалды жүйесі) тармағын таңдаңыз.

Толық ақпарат осы тараудың «СК дисплей» бөлімінде берілген.

Автокөлігіңіз қосымша навигация жүйесімен жабдықталған болса, толық мәліметті бөлек жеткізілетін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығынан қараңыз.




2. Анықтау және ескерту

Анықтау аймағында (автокөлік артында 50~100 см) болсаңыз және қолыңызда интеллектуалды кілт бар болса, апаттық сигнал беру жүйесі жыпылықтап, дыбыс сигналы беріліп, сізге жүйенің интеллектуалды кілті анықтағаны және жүксалғыш ашылатыны туралы ескертеді.

i Ақпарат

Жүксалғышты ашудың қажеті болмаса, анықтау аймағына кірмеңіз. Егер анықтау аймағына байқаусызда кіріп, апаттық жарық сигналын беру жүйесі істен, дыбыс сигналы берілсе, интеллектуалды кілтпен бірге анықтау аймағынан шығыңыз. Жүксалғыш жабық күйінде қалады.



3. Автоматты түрде ашылу

Апаттық шамдар жыпылықтайды және дыбыс сигналы 6 рет беріледі, содан соң жүксалғыш қақпағы ашылады.

! АБАЙЛАҢЫЗ

- Орныңыздан қозғалмай тұрып жүксалғыш қақпағының жабық тұрғанын тексеріңіз.
- Жүксалғышты ашпай не жаппай тұрып, оның қасында адамдардың және бөгде заттардың тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Автокөлік еңісі бар жерде тұрғанда жүксалғыш қақпағы ашылған кезде жүксалғыш ішіндегі заттардың автокөліктен құлап кетпейтініне көз жеткізіңіз. Бұл ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін.
- Жүксалғыш қақпағын интеллектуалды түрде ашу функциясын автокөлікті жуар алдында өшіріңіз. Кері жағдайда жүксалғыш қақпағы өздігінен ашылып кетуі мүмкін.

- Кілтті балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек. Балалар автокөліктің артқы жағында ойнап жүргенде жүксалғышты ашудың интеллектуалды жүйесін абайсызда қосып жіберуі мүмкін.

Жүксалғышты интеллектуалды түрде ашу функциясын өшіру жолы



1. Есіктерді бұғаттау
2. Есіктердің құлпын ашу
3. Жүксалғышты ашу
4. Қашықтан оталдыру (бар болса)

«Detect» (Анықтау) және «Alert» (Ескерту) кезеңінде интеллектуалды кілттің кез келген түймесін басқанда жүксалғыш қақпағын интеллектуалды түрде ашу функциясы өшеді.


Жүксалғыш қақпағын интеллектуалды түрде ашу функциясын өшіру процедурасымен танысыңыз, бұл сізге төтенше жағдайларда қажет болуы мүмкін.



Ақпарат

- Есіктердің құлпын ашу түймесін (2) басқанда жүксалғыш қақпағын интеллектуалды түрде ашу функциясы уақытша өшеді. Жүксалғышты автоматты түрде ашу функциясы өшкеннен кейін 30 секунд ішінде кез келген есік ашылмаса, ол қайта іске қосылады.
- Жүксалғышты ашу түймесін (3) 1 секундтан ұзақ уақыт басып ұстап тұрса, жүксалғыш ашылады.
- Жүксалғыш қақпағын интеллектуалды түрде ашу функциясы «Detect» (Анықтау) және «Alert» (Ескерту) кезеңінде тұрмағанда есікті құлыптау түймесін (1) немесе жүксалғыш қақпағын ашу түймесін (3) басқан кезде бұл функция өшпейді.
- Жүксалғышты интеллектуалды түрде ашу функциясын интеллектуалды кілт түймесімен өшіргеннен және есікті ашқаннан кейін оны барлық есіктерді құлыптап жабу арқылы қайта қосуға болады.

Анықтау аймағы



- Жүксалғыш қақпағын ашудың интеллектуалды жүйесі интеллектуалды кілтті жүксалғыштан 50~100 см қашықтықта анықтағанда сигнал береді.
- Интеллектуалды кілт анықтау ауқымынан тыс болса, сигнал өшеді.



Ақпарат

- Жүксалғыш қақпағын ашудың интеллектуалды жүйесі функциясы келесі жағдайларда істемейді.
 - Интеллектуалды кілт радиотаратқыштың (радиостанция немесе әуежай) жанында орналасқандықтан, ол таратқыштың қалыпты жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.
 - Электронды кілт мобильді екіжақты байланыс станциясының немесе мобильді телефонның жанында орналасқанда;
 - Автокөлік маңында басқа автокөліктің электронды кілті пайдаланылғанда.
- Анықтау диапазоны келесі жағдайларда кішіреюі не ұлғаюы мүмкін:
 - Автокөліктің бір жағы шинаны ауыстыру және автокөлікті тексеру үшін сәл көтеріліп тұрғанда.
 - Автокөлік есікте, қара жолда және т.с.с. еніс жолда тұраққа қойылғанда.


ОТЫН БАГЫ ҚЫЛТАСЫНЫҢ ЛЮГІ

Отын багы құю қылтасының қақпағын ашу



Отын багы қылтасының қақпағы көлік құралының ішіндегі тұтқадан ашылады.

1. Қозғалтқышты сөндіріңіз.
2. Отын багы қылтасының қақпағын тартып ашыңыз.



3. Отын багы қылтасының люгін (1) толығымен ашу үшін тартыңыз.
4. Отын багының қақпағын (2) шешіп алу үшін оны сағат тіліне қарсы бағытпен бұраңыз. Бақтағы қысым түзелгенде, ысылдаған дыбыс естілуі мүмкін.
5. Отын багы қылтасының люгіне тығынды орналастырыңыз.

Ақпарат

Отын багы қылтасының люгі мұздап қалып, ашылмаса, мұзды сындырып, люкті ашу үшін оның бетін ақырын соққылап жіберу немесе басу керек. Люкті нінтірек түріндегі қандай да бір аспаппен іліп алуға болмайды. Қажет болғанда мұзды ерітуге арналған сұйықтықты (қозғалтқышты салқындату жүйесінің антифризін қолдануға болмайды) пайдаланыңыз немесе автокөлікті жылы жерге қойыңыз.

Отын багының құю қылтасының қақпағын жабу

1. Отын багы құю қылтасының қақпағын орнына орнату үшін оны сағат тілі бойымен сырт еткенше бұраңыз.
2. Отын багы құю қылтасының люгін бекітілгенше жабыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Бензин — оңай тұтанғыш және жарылу қаупі бар зат. Осы нұсқауларды орындамау АУЫР ЖАРАҚАТТАРҒА ЖӘНЕ ӨЛІМГЕ әкелуі мүмкін.

- Жанармай құю бекеттеріндегі барлық ескертулерді оқып, ұстаныңыз.
- Отын құяр алдында апаттық жағдайда бензин ағынын жабу клапанының орналасқан жерін анықтап алыңыз (жанармай құю бекеттерінде бар болса).
- Отын құю пистолетін ұстамас бұрын, отын багының қылтасынан, отын құю пистолетінен немесе бензин буларын шығаратын басқа көзден қауіпсіз қашықтықта автокөліктің металл бөлігін ештеңемен жабылмаған қолмен ұстап, денедегі ықтимал қауіпті статикалық электр зарядын жою керек.
- Отын құйған кезде мобильді телефонды қолдануға болмайды. Мобильді телефон тудыратын электр тогы және (немесе) кедергілер отын буларының тұтануына және өртке әкелуі мүмкін.

- Автокөлікке отын құя бастағанда автокөлік салонына отыруға болмайды. Бұл статикалық зарядты жинай алатын кез келген затпен не матамен жанасу, үйкелу немесе сырғу нәтижесінде статикалық зарядтың түзілуіне әкелуі мүмкін. Статикалық электр разряды отын буларын тұтатып, өрт тудыруы мүмкін. Егер автокөлікке міндетті түрде отыру қажет болса, отын бағының қылтасынан, отын құю пистолетінен немесе бензин буларын шығаратын өзге көзден қауіпсіз қашықтықта автокөліктің металл бөлігін ештеңемен жабылмаған қолмен ұстап, статикалық электр зарядын қайтадан жою керек.
- Автокөлікке отын құйғанда беріліс қорабының иінтірегін «Р» (Тұраққа қою) қалпына келтіріңіз, тұрақ тежегішін қосыңыз және оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын «LOCK/OFF» (Бұғаттау/өшіру) қалпына келтіріңіз.
Қозғалтқышпен байланысқан электр компоненттер істеп тұрғанда туындайтын ұшқындар отын буларын тұтатып, өрт тудыруы мүмкін.
- Егер қолдануға рұқсат етілген тасымалды отын канистрін қолдансаңыз, отын құяр алдында оны жерге қойыңыз. Канистрде жиналған статикалық электр заряды отын буларын тұтатып, өрт тудыруы мүмкін. Автокөлікпен байланыс отын құйыла бастаған кезден бастап құйылып болғанға дейін сақталуы тиіс.
- Бензинді тасымалдау және сақтау үшін арнайы сол мақсаттарға арналған қолдануға рұқсат етілген отын канистрлерін ғана қолдануға болады.
- Жанармай құю бекеттерінің аумағында болғанда, әсіресе отын құйған кезде, сіріңкені немесе оттықты қолдануға, шылым шегуге немесе автокөлік ішінде тұтанған шылымды қалдыруға тыйым салынады.
- Отынды құю қылтасының шетінен асыртып құюға болмайды: бұл отынның ағып кетуіне әкелуі мүмкін.
- Отын құйған кезде тұтану орын алса, автокөліктен алыс кетіп, жанармай құю бекетінің мөенджеріне дереу жолығып, жергілікті өрт қызметіне хабарласыңыз. Одан алған қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды орындаңыз.
- Қысыммен берілетін отын ағып кеткенде, ол киімге не теріге тиіп, тұтану және күйіп қалу қаупіне әкеледі. Отын бағы қылтасының қақпағын абайлап әрі баяу шешіп алу керек. Қақпақтың астынан отын шықса немесе быжыл естілсе, қақпақты толығымен шешпей тұрып жағдайдың түзелгенін күте тұрыңыз.
- Отын құйып болған соң апат жағдайында отынның төгілуіне жол бермес үшін тығынның дұрыс орнатылғанын тексеру керек.

i Ақпарат

Автокөлікке отынды «Кіріспе» тарауының «Отынға қойылатын талаптар» тармағындағы нұсқауларға сәйкес құйыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Автокөліктің сыртқы беттеріне отынды төгіп алмаңыз. Боялған беттерге төгілген кез келген отын лак-бояу жабынды зақымдауы мүмкін.
- Отын бағы қылтасының қақпағын ауыстыру қажет болса, автокөлігіңіз үшін көрсетілген түпнұсқа HYUNDAI қақпағын не оның баламасын ғана қолданыңыз. Отын бағы қылтасының қате таңдалған қақпағы отын жүйесінің немесе пайдаланылған заттардың уыттылығын азайту жүйесінің ауыр ақаулығының себебіне айналуы мүмкін.

ЖАРЫҚ

Сыртқы жарық аспаптары

Жарық аспаптарын басқару

■ Сол жақ руль



ODN8059200


■ Оң жақ руль



ODN8059200L

Фараларды басқару үшін иінтірек шетіндегі түймені келесі қалыптардың біріне бұраңыз:

- (1) өшіру (O)
- (2) жарық аспаптарының автоматты түрде қосылуы (AUTO) (бар болса)
- (3) габарит шамының қалпы
- (4) Басты фаралардың қалпы



Жарық аспаптарының автоматты түрде қосылуы (AUTO) (бар болса)

Жарық ауыстырып қосқышы жарық аспаптарының автоматты түрде қосылуы (AUTO) қалпында тұрса, фаралар мен габарит шамдары жолдың жарықтандырылуына байланысты автоматты түрде қосылады және өшеді.

Жарық аспаптарының автоматты түрде қосылу жүйесін пайдаланғанда, көлікті түнде, тұманда жүргізгенде, туннель немесе жабық тұрақ ғимараттары сияқты жарығы жеткіліксіз аймаққа кіргенде жарық аспаптарын қолмен қосқан жөн.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Аспаптар тақтасында орналасқан датчикті (1) әлдебір нәрсемен жабуға немесе оған сұйықтық төгуге болмайды.
- Датчикті әйнек тазалағышпен тазалауға болмайды, бұл кезде датчикте үлдір түзіліп, оның дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін.
- Егер автокөлікте күңгірттелген әйнек немесе алдыңғы әйнектің басқа түрдегі металды жабыны пайдаланылса, жарық аспаптарының автоматты түрде қосылу жүйесінің қалыпты жұмысы бұзылуы мүмкін.



ODN8059202

Габарит шамының қалпы (DRL)

Габарит шамдары, номер белгісінің жарығы және аспаптар тақтасы мен түймелердің көмескі жарығы қосылып тұр.



ODN8059203

Фараның қалпы (D)

Фаралар, габарит шамдары, номер белгісінің жарығы және аспаптар тақтасы мен түймелердің көмескі жарығы қосылып тұр.

i Ақпарат

Фараларды қосу үшін оталдыру жүйесі құлпындағы кілтті «ON» (Қосу) қалпына бұраңыз.

Фаралардың шалғай жарығын басқару



ODN8059205

Шалғай жарық фараларын қосу үшін иінтіректі өзіңізден ары қарай жылжытыңыз. Иінтірек бастапқы қалпына келеді.

Шалғай жарықты қосқан кезде аспаптар тақтасында шалғай жарықтың қосылған бақылау шамы жанады.

Шалғай жарық фараларын өшіру үшін иінтіректі өзіңізге қарай жылжытыңыз. Таяу жарық қосылады.



АБАЙЛАҢЫЗ

Қарсы бағыттан басқа автокөліктер жақындағанда, шалғай жарық фараларын қоспаңыз. Бұл басқа жүргізушілердің жолды көруіне кедергі келтіреді.



ODN8059204

Шалғай жарық фараларын жыпылықтату үшін иінтіректі өзіңізге қарай тартып, жіберіп қалу керек. Иінтірек жіберілмейінше, шалғай жарық қосулы қалады.

Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауысып қосу функциясы (бар болса)



ODN8059206

Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу функциясы — бұл, басқа көлік құралдары фараларының және жол жағдайларының жарық деңгейіне байланысты фаралар жарығының алыстығын автоматты түрде реттейтін жүйе (таяу және шалғай жарық фаралары режимдерін ауыстырып қосады).

Функцияны баптау

Жүргізуші оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын «ON» (Қосу) қалпына келтіріп және төмендегі тармақты таңдап HBA жүйесін қоса алады: «User Settings» (Баптаулар) → «Lights» (Жарық) → «High Beam Assist» (Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу). Егер бұл параметрді өшірсе, шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі істемейді.


Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесінің таңдалған баптаулары қозғалтқышты қайта қосқанда сақталады.

Жұмыс шарттары

1. Жарық ауыстырып қосқышын AUTO (Автоматты режимге) қалпына орнатыңыз.
2. Шалғай жарық фараларын қосу үшін иінтіректі өзіңізден ары қарай жылжытыңыз.
3. Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесінің индикаторлық шамы (☀️) қосылады.
4. Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі автокөлік жылдамдығы 40 км/сағ. (25 миль/сағ.) шамасынан асқан кезде қосылады.
 - Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі істеп тұрғанда фараларды басқару иінтірегін өзіңізден ары қарай жылжытқан кезде жүйе өшіп, шалғай жарық фаралары қате жанады.
 - Шалғай жарық өшіп тұрғанда ауыстырып қосқышты өзіңізге қарай тартсаңыз, ол шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосудан бас тартпай қайта іске қосылады. Ауыстырып қосқышты жібергенде, иінтірек ортаңғы қалпына келіп, фаралардың шалғай жарығы сөнеді.
 - Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу функциясымен шалғай жарық қосылған кезде ауыстырып қосқышты өзіңізге қарай тартсаңыз, таяу жарық қайта қосылып, шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу функциясы өшеді.
 - Жарық ауыстырып қосқышы шалғай жарық фараларының қалпында тұрса (☀️), шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі автоматты түрде өшеді, ал шалғай жарық фаралары қате жанады.

Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу функциясы істеп тұрғанда, шалғай жарық фаралары келесі шарттарда таяу жарыққа ауысып қосылады.

- Қарсы келе жатқан көлік құралы фараларының қосылып тұрғанын анықтаған кезде.
- Алда келе жатқан көлік құралының артқы габарит жарығының қосылып тұрғанын анықтаған кезде.
- Мотоциклдің/велосипедтің алдыңғы фарасы не артқы шамы анықталған жағдайда.
- Сыртқы жарық аса жарық болып, шалғай жарық қажетсіз болған кезде.
- Көшедегі жарық не басқа жарық түрі анықталған кезде.
- Жарық ауыстырып қосқышын AUTO (Автоматты режимге) қалпына орнатыңыз.
- Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесін өшірген кезде.
- Автокөлік жылдамдығы 30 км/сағ. (19 миль/сағ.) шамасынан төмен болғанда.



OIG059097L

Ескертуші жарық сигналы және хабарлама

Егер шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі тиісінше жұмыс істемесе, бірнеше секундтай ескерту көрсетіледі. Хабарлама жойылған соң негізгі сигнал шамы (▲) жанады.

Автокөлікті HYUNDAI ресми дилеріне жеткізіп, жүйені тексерту керек.



НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Төмендегі жағдайларда функция дұрыс істемеуі мүмкін.

1. Қарсы келе жатқан немесе алда көтіп бара жатқан автокөліктің жарығы көмескі болса. Мұндай мысалға мыналар кіреді:
 - Қарсы келе жатқан автокөліктің фараларын не алда келе жатқан автокөліктің габарит жарығын балшық, қар не су басқан.
 - Қарсы келе жатқан автокөліктің негізгі фаралары өшірілген, бірақ тұман фаралары қосұлы.
2. Сырттағы жағдай шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу функциясы камерасының жұмысына әсер еткенде. Мұндай мысалға мыналар кіреді:
 - Автокөлік фаралары зақымдалған немесе дұрыс жөнделмеген
 - Автокөлік фаралары дұрыс бағытталмаған
 - Автокөлік иректелген тар жолмен немесе тегіс емес жолмен жүріп келеді
 - Автокөлік өрге шығып барады немесе өрден түсіп келеді
 - Жол қиылысында немесе иректелген жолда алда жүріп бара жатқан көлік құралының бір бөлігі ғана көрінгенде
 - Бағдаршам, жарық шағылыстыратын белгі, жыпылықтайтын белгі немесе айналы бет бар болғанда
 - Су немесе қар басқан жол сияқты нашар жол жағдайы
 - Көлік құралы бұрылыстан шыға келгенде


- Көлік құралы шинасының желі шығып кеткендіктен қисайған немесе тіркеуге алынған
 - Жолақта ұстап тұру жүйесінің (LKA) бақылау шамы жанып тұр
 - Қарсы не алда келе жатқан көлік құралы фараларының жарығы пайдаланылған газдардың, түтіннің, тұманның, қардың және т.б. салдарынан көрінбейді
 - Алдыңғы әйнек мұз, шаң, тұман тамшылары сияқты бөгде заттармен жабылған немесе зақымдалған
3. Алда көру мүмкіндігі нашар болған жағдайда. Мұндай мысалға мыналар кіреді:
- Қарсы не алда келе жатқан көлік құралының фаралары көшеде көру мүмкіндігі нашар болғандықтан (тұмша, түтін, шаң, тұман, нөсер жауын, қар және т.б.) көрінбейді
 - Алдыңғы әйнектен көру мүмкіндігі нашар болған жағдайда.
- Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу функциясы құрылғысына су тимеуі үшін абай болыңыз; шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу функциясы компоненттерін алмаңыз және зақымдалуына жол бермеңіз.
 - Амортизациялайтын қаптамаға, айналар, ақ қағаз және т.с.с. сияқты жарық шағылыстыратын заттарды қоймаңыз. Функция датчикке шағылысқан күн сәулесі түскенде дұрыс істемеуі мүмкін.
 - Шалғай жарық фараларын автоматты түрде ауыстырып қосу жүйесі кейде тиісті түрде істемеуі мүмкін. Бұл функция сіздің қолайлылығыңызға ғана арналған. Жүргізуші қауіпсіз жүргізу әдістеріне жауап беретіндіктен, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жолдағы жағдайды үнемі қадағалап отыруға міндетті.
 - Егер функция дұрыс істемей тұрса, шалғай жарық пен таяу жарықты қолмен ауыстырып қосыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Функция автокөлікті оталдырып, автокөліктің алдыңғы камера жүйесін қосқан не қайта жүктеген соң 15 секундтай істемеуі мүмкін.
- Алдыңғы көрініс камерасын HYUNDAI ресми дилерінің техникалық маманы немесе техникалық қызмет көрсету бекетінің білікті технигі болмаса бөлшектемеңіз.
- Егер алдыңғы көрініс камерасы қандай да бір себеппен шешіп алынған болса, функцияны қайта калибрлеу керек. Жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.
- Автокөліктің алдыңғы әйнегін ауыстырған кезде алдыңғы көрініс камерасын қайта калибрлеу қажет болуы мүмкін. Бұл жағдайда автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексертіп, функцияны қайта калибрлеген жөн.

Бұрылыс және қозғалыс қатарын ауыстыру көрсеткіштері



ODN8059207

Бұрылыс бағытын көрсету үшін, солға бұрылу үшін иінтіректі төмен қарай (А) қалпына немесе оңға бұрылу үшін жоғары қарай жылытыңыз. Қозғалыс жолағын ауыстыру туралы ескерту үшін бұрылыс сигналдарын қосу иінтірегін сәл бұрап, В қалпында ұстап тұрыңыз.

Бұрылыс аяқталған соң ауыстырып қосқыш иінтірегі автоматты түрде «өшірілі» қалпына қайтады.

Егер индикатор тұрақты жанып, жыпылықтамаса немесе әдеттегіден тыс жыпылықтаса, бұрылыс көрсеткіштерінің электр шамдарының біреуі күйіп кеткен және оны ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Бұрылыс сигналын бір түртіп қосу функциясы

Бұрылыс сигналын қосу функциясын бір түртіп белсенді күйге келтіру үшін бұрылыс көрсеткіштерін қосу иінтірегін сәл жылжытып, жібере салыңыз. Жолақты ауыстыру туралы сигналдар 3, 5 не 7 рет жыпылықтайды.

Бұрылыс сигналын қосу функциясын түртіп қалып белсенді күйге келтіруді немесе өшіруді, сондай-ақ жыпылықтау жиілігін (3, 5 немесе 7 рет) таңдауды СК дисплейде «User Settings Mode» (Пайдаланушы баптауларының режимі) мәзірі арқылы орындауға болады. **Толық ақпарат 4-тараудың «СК дисплей режимдері» бөлімінде берілген. Автокөлігіңіз қосымша навигация жүйесімен жабдықталған болса, толық мәліметті бөлек жеткізілетін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығынан қараңыз.**

Артқы тұман шамдары (бар болса)



ODN8059280L

Артқы тұман шамдарын қосу:

Жарық ауыстырып қосқышын (1) алдымен фаралардың қалпына, одан кейін артқы тұман шамдарының қалпына орнатыңыз.

Артқы тұман шамдарын өшіру үшін төмендегі әрекеттердің бірін жасаңыз:

- Фара ауыстырып қосқышын өшіріңіз.
- Жарық ауыстырып қосқышын артқы тұман шамдары қалпына тағы бір рет орнатыңыз.

Аккумулятор батареясының зарядын үнемдеу функциясы

Бұл функция аккумулятор батареясының қуатсыздануын болдырмауға арналған. Жүргізуші қозғалтқышты сөндіріп, есікті ашқанда жүйе автоматты түрде габарит шамын өшіреді.

Осы функцияның арқасында қараңғы уақытта жолдың шетіне тоқтаған кезде габарит шамдары автоматты түрде өшеді.

Жарық аспаптары қозғалтқыш өшіп тұрғанда жанып тұруы қажет болса, келесі әрекеттерді орындаңыз:

- (1) Жүргізуші есігін ашыңыз.
- (2) Габарит шамдарын руль бағанындағы ауыстырып қосқышпен өшіріп, қайта қосыңыз.

«Head Lamp Delay» (Алдыңғы фаралардың кешігіп өшуі) (бар болса)

Алдыңғы фаралар қосылып тұрғанда («ON») оталдыру жүйесінің ауыстырып қосқышын «ACC» (Қосымша жабдық) немесе «OFF» (Өшіру) қалпына келтіргенде, алдыңғы фаралар (және (немесе) габарит жарығының шамдары) шамамен 5 минут бойы жанып тұрады. Алайда егер жүргізушінің есігін ашып жапса, алдыңғы фаралар (және (немесе) габарит жарығы) 15 секундтан соң сөнеді.

Алдыңғы фараларды (және (немесе) габарит жарығын) таратқыштағы (немесе интеллектуалды кілттегі) құлыптау түймесін екі рет басып немесе жарық ауыстырып қосқышын «OFF» (Өшіру) немесе «AUTO» (Авто) қалпына ауыстырып өшіруге болады. Бұл кезде далада қараңғы болғанда жарық ауыстырып қосқышын «AUTO» (Авто) қалпына келтірсе, алдыңғы фаралар өшпейді.

«Headlamp Delay» (Алдыңғы фаралардың кешігіп өшуі) функциясын СК дисплейдегі «User Settings» (Пайдаланушы баптаулары) режимінде қосуға не өшіруге болады.

Толық ақпарат 4-тараудың «СК дисплей режимдері» бөлімінде берілген. Автокөлігіңіз қосымша навигация жүйесімен жабдықталған болса, толық мәліметті бөлек жеткізілетін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығынан қараңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Жүргізуші басқа есіктерден (жүргізуші есігінен басқа) шыққанда, аккумулятор қуатын үнемдеу функциясы істемейді, ал фаралардың кешігіп өшуі функциясы автоматты түрде өшіруді орындамайды.

Бұның салдарынан аккумулятор заряды отыруы мүмкін. Аккумулятор заряды отырмауы үшін автокөліктен шықпай тұрып фаралар ауыстырып қосқышының көмегімен фараларды қолмен өшіріңіз.

Күндізгі жүріс жарығы (DRL) (бар болса)

Күндізгі жүріс жарығын (DRL) пайдалану жол қозғалысының басқа қатысушыларына әсіресе күн батқан соң немесе күн шығар алдында автокөліктің алдыңғы бөлігін жақсырақ көруге мүмкіндік береді. Кейбір күндізгі жүріс жарығы келесі жағдайларда өшеді:

1. Тұрақ тежегіші қосылып тұрғанда.
2. Қозғалтқыш сөндірілген кезде.

Бас фаралардың еңкею бұрышын реттегіш (бар болса)



Жолаушылар саны мен жүксалғыштағы жүктің салмағына қарай фаралар жарығының деңгейін реттеу үшін жарықты туралау ауыстырып қосқышын бұраңыз.

Ауыстырып қосқыш қалпының нөмірі неғұрлым жоғары болса, фаралар жарығының деңгейі соғұрлым төмен болады. Фаралар жарығын туралаудың дұрыс қалпын әрдайым сақтаңыз, кері жағдайда фаралар жол қозғалысының басқа қатысушыларының көздерін қарықтыруы мүмкін.

Төменде әр түрлі жүктеме үшін ауыстырып қосқыш қалпының мысалдары берілген. Көрсетілгеннен өзгеше жүктеме шарттары үшін ауыстырып қосқыш қалпын ұқсас жағдайға қарай реттеңіз.

Жүктеме шарттары	Түсірілгендегі басымдылық
Driver Only (тек жүргізуші үшін)	0
Жүргізуші + алдыңғы жолаушы	0
Барлық жолаушылар (жүргізушіні қоса алғанда)	1
Барлық жолаушылар (жүргізушіні қоса алғанда) + ең жоғарғы рұқсат етілген жүктеме	2
Жүргізуші + ең жоғарғы рұқсат етілген жүктеме	3




АБАЙЛАҢЫЗ

Функция дұрыс істемесе, жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне жолығу керек. Сымдарды өзіңіз тексеруге немесе ауыстыруға тырыспаңыз.

Қарсы алу жүйесі (бар болса)

Шамдармен қарсы алу жүйесі



Есік тұтқасындағы шам (бар болса)

Барлық есіктер (соның ішінде жүксалғыш қақпағы) жабық әрі құлыптаулы тұрса, есік тұтқасындағы шам келесі әрекеттердің кез келгенін орындағанда шамамен 15 секунд жанады.

- Қашықтан басқару таратқышында не интеллектуалды кілтте есіктердің құлып ашу түймесі басылғанда.
- Есіктің сыртқы тұтқасындағы түйме басылғанда.
- Автокөлікке интеллектуалды қол жеткізу кілтімен жақындағанда.

Алдыңғы және габарит фаралары

Фаралар (жарық ауыстырып қосқышы фараларды қосу қалпында немесе AUTO қалпында) қосулы тұрып, барлық есіктер (және жүксалғыш) құлыптанып, жабық тұрғанда келесі шарттардың кез келгені орындалса, фаралар мен габарит жарығы 15 секунд жанып тұрады:

- Қашықтан басқару таратқышында не интеллектуалды кілтте есіктердің құлып ашу түймесі басылғанда.

Егер бұл кезде есіктерді құлыптау не құлып ашу түймесін басып қалса, фаралар мен габарит жарығы дереу өшеді.

Қарсы алу сигналын СК дисплейдері User Settings (Пайдаланушы баптаулары) режимінде қосуға немесе өшіруге болады. **Толық ақпарат 4-тараудың «СК дисплей» бөлімінде берілген. Автокөлігіңіз қосымша навигация жүйесімен жабдықталған болса, толық мәліметті бөлек жеткізілетін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығынан қараңыз.**

Салон жарығының шамы

Салон жарығының ауыстырып қосқышы DOOR қалпында тұрса және барлық есіктер (және жүксалғыш) құлыптанып, жабық тұрса, салонды жарықтандыратын плафон келесі шарттардың кез келгені орындалғанда 30 секунд қосылып тұрады:

- Қашықтан басқару таратқышында не интеллектуалды кілтте есіктердің құлып ашу түймесі басылғанда.
- Есіктің сыртқы тұтқасындағы түйме басылғанда.

Егер осы кезеңде есікті құлыптау немесе құлып ашу түймесін басса, салонды жарықтандыратын плафон дереу өшеді.

Ішкі жарық


МӘЛІМЕТ ҮШІН

Ішкі жарықты ұзақ уақыт қосулы қалдыруға болмайды, себебі бұл кезде аккумулятор батареясының заряды таусылып қалады.

Ішкі жарықтың автоматты түрде өшуі

Ішкі жарық қозғалтқыш сөндіріліп, есіктер жабылған соң шамамен 20 минуттан кейін автоматты түрде сөніп қалады. Есіктерің бірі ашық тұрса, шам қозғалтқыш сөнгеннен соң 40 минуттан кейін сөнеді. Есіктер қашықтан басқару кілтпен немесе интеллектуалды кілтпен құлыптанған, ал автокөлік ұрлап әкетуге қарсы сигнал беру жүйесі режиміне келтірілген болса, шамдар бес секундтан соң сөнеді.

Алдыңғы жарық



- (1) Бағытталған жарықтың алдыңғы шамы
- (2) Салонды жарықтандыратын алдыңғы плафон
- (3) Алдыңғы есік шамы ҚОСУ
- (4) Алдыңғы есік шамы ӨШІРУ



Бағытталған жарықтың алдыңғы шамы:

Картаның көмескі жарық шамын қосу не өшіру үшін осы шашыратқыштардың кез келгенін басыңыз. Шам картаның көмескі жарық шамын түнгі шам немесе жүргізушіге не алдыңғы жолаушыға арналған шам ретінде ыңғайлы қолдану үшін жарық шоғын береді.

Салонды жарықтандыратын алдыңғы плафон (☞):


Қозғалтқыштың қосылып не қосылмай тұрғанына қарамастан, алдыңғы және артқы есіктер ашылғанда салонның алдыңғы және артқы бөліктерін жарықтандыру шамдары қосылады. Есіктер қашықтан басқару кілтпен не интеллектуалды кілтпен ашылғанда, салонның алдыңғы және артқы шамдары есіктердің кез келгені ашылғанша шамамен 30 секундқа қосылады. Салонның алдыңғы және артқы бөліктеріндегі шамдар есіктер жабылған соң шамамен 30 секундтан кейін сөнеді. Алайда оталдыру жүйесі қосылып тұрса немесе барлық есіктер құлыптанып тұрса, алдыңғы және артқы салон шамдары өшеді. Салонның алдыңғы және артқы бөліктеріндегі жарықтандыру шамдары есік ашық тұрса, оталдыру жүйесі құлыптағы кілт «ACC» (Қосымша құрылғылар) немесе «OFF» (Өшіру) қалпында болса шамамен 20 минут жанып тұрады.

Алдыңғы есік шамы

- : Алдыңғы/артқы орындықтарды жарықтандыру үшін салон шамын қосу түймесін басыңыз.
- : Алдыңғы/артқы орындықтарды жарықтандыру үшін салон шамын өшіру түймесін басыңыз.

Артқы шамдар




Салонды жарықтандыратын артқы плафонның ауыстырып қосқышы ():

Салонды жарықтандыру плафондарын қосу не өшіру үшін осы түймені басыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Қозғалтқыш өшіп тұрғанда жарықты ұзақ уақыт қосуды қалдыруға болмайды.

Жүксалғышты жарықтандыру шамы




OCN7050059

Жүксалғышты жарықтандыру плафоны жүксалғышты ашқанда қосылады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Жүксалғышты жарықтандыру шамы жүксалғыш ашық тұрғанда жанып тұрады. Батареяның заряды таусылып қалмас үшін жүксалғышты пайдаланып болған соң оның қақпағын мықтап жабу керек.

Күнқағардағы айнаны жарықтандыру шамы (бар болса)



OCN7050058



Шамды қосу не өшіру үшін ауыстырып қосқышты басыңыз.

- : осы түймені басқанда шам жанады.
- : осы түймені басқанда шам сөнеді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Күнқағардағы айнаны жарықтандыру шамын қолданбағанда, ажыратқышты әрдайым өшіру керек. Күнқағарды шамды өшірмей жауып қойса, аккумулятор заряды таусылуы немесе күнқағар зақымдалуы мүмкін.

ӘЙНЕК ТАЗАЛАҒЫШТАР ЖӘНЕ ӘЙНЕК ЖУҒЫШТАР



- A. Әйнек тазалағыш жылдамдығын бақылау
- «MIST / 1x» (Тұман / 1x) — бір рет тазалау
 - OFF / O — өшірулі
 - «INT / —» — әйнек тазалағыштың үзіліспен жұмыс істеуі
AUTO* — әйнек тазалағышты автоматты түрде басқару
 - LO/1 — әйнек тазалағыштың төмен жылдамдығы
 - HI/2 — әйнек тазалағыштың жоғары жылдамдығы
- *: бар болса
- B. Әйнек тазалағыштың үзіліспен жұмыс істеуін реттеу / әйнек тазалағыш жұмысының уақытын реттеуді автоматты түрде басқару*
- C. Қысқа қимылдармен тазалау

Алдыңғы әйнекті тазалағыштар

Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілт «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда келесідей жұмыс істейді.

«MIST» (1x): бір рет сұрту циклі үшін интiрeктi жоғары басып, жіберіңіз. Интiрeктi осы қалпында ұстап тұрса, әйнек тазалағыштар тұрақты режимде істейді.

«OFF» (O): әйнек тазалағыш өшірулі.

«INT»/(---): Әйнек тазалағыштар тұрақты жиілікпен үзіліспен жұмыс істейді. Әйнек тазалағыштар жұмысының жиілігін өзгерту үшін жылдамдықты басқару тұтқасын бұраңыз.

«AUTO»: Алдыңғы әйнектің жоғарғы жағында орналасқан жаңбыр датчигі жауын-шашын мөлшерін анықтап, әйнекті тазалау циклінің аралығын реттейді. Жауын-шашын неғұрлым қалың болса, әйнек тазалағыш соғұрлым жылдам жұмыс істейді. Жауын-шашын тоқтағанда, әйнек тазалағыш та тоқтайды. Әйнек тазалағыштар жұмысының жиілігін өзгерту үшін жылдамдықты басқару тұтқасын бұраңыз.

LO (1): әйнек тазалағыш төмен (бірінші) жылдамдықпен жұмыс істейді.

HI (2): әйнек тазалағыш жоғары (екінші) жылдамдықпен жұмыс істейді.

Ақпарат

Алдыңғы әйнекте қалың қар не мұз болса, әйнек тазалағыштарды пайдаланбас бұрын олардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жылытқышты шамамен 10 минутқа немесе қар және/немесе мұз еріп кеткенше қосып қойыңыз.

Егер әйнек тазалағышты және әйнек жуғышты пайдаланар алдында қарды және (немесе) мұзды кетірмесе, әйнек тазалағыш және әйнек жуғыш жүйесі зақымдалуы мүмкін.

AUTO (Авто) реттегіші (бар болса)

Алдыңғы әйнектің жоғарғы жағында орналасқан жаңбыр датчигі жауын-шашын мөлшерін анықтап, әйнекті тазалау циклінің аралығын реттейді. Әйнек тазалағыш жұмыс істеп тұрғанда жауын-шашын мөлшеріне байланысты автоматты түрде бақыланады.

Жауын-шашын тоқтағанда, әйнек тазалағыш та тоқтайды.

Әйнек тазалағыштар жұмысының жиілігін өзгерту үшін жылдамдықты басқару тұтқасын бұраңыз.

Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті «ON» (Қосу) қалпына бұрғанда әйнек тазалағыштың ауыстырып қосқышы автоматты режимге орнатылса, жүйе өзін-өзі тексеруі үшін әйнек тазалағыш бір рет қосылады. Әйнек тазалағыш қолданылмағанда, оны «OFF» (Өшіру) қалпына келтіріп, өшіріңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ


Қозғалтқыш оталып тұрғанда әйнек тазалағыштан зақым алмас үшін, алдыңғы әйнек тазалағыш ауыстырып қосқышы автоматты жұмыс режиміне орнатылып тұрғанда:

- Алдыңғы әйнектің жоғарғы бөлігіндегі жауын-шашын датчигі орнатылған жерге қолыңызды апармаңыз.
- Алдыңғы әйнектің жоғарғы бөлігін дымқыл немесе сулы шүберекпен сүртпеңіз.
- Алдыңғы әйнектің үстінен баспаңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- **Автокөлікті жуған кезде әйнек тазалағыш ауыстырып қосқышын өшірілген қалыпқа (O) қойып, оның автоматты жұмысын тоқтату керек. Автокөлікті жуған кезде ауыстырып қосқыш автоматты режимге орнатылған болса, әйнек тазалағыш қосылып кетіп, зақымдалуы мүмкін.**
- **Жолаушы жақтағы алдыңғы әйнектің жоғарғы жағындағы датчиктің қақпағын шешпеңіз. Бұл кепілдік қолданылмайтын жүйе элементтерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.**

Алдыңғы әйнекті жуғыш



Иінтірек (O) өшірулі қалпында тұрғанда оны өзіңізге қарай тартып қалып, алдыңғы әйнекке жуғыш сұйықтықты бүркіп, әйнек тазалағыштардың 1-3 циклін қосыңыз. Бүрку мен әйнек тазалағыштардың жұмысы иінтіректі жібергенше жалғаса береді. Әйнек жуғыш пен әйнек тазалағыш жұмысы иінтіректі жібермейінше жұмыс істеп тұратын болады. Егер әйнек жуғыш жұмыс істемесе, әйнек жуғыш бағына жуғыш сұйықтық құю қажет болуы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ


Төмен температурада ӘРДАЙЫМ алдыңғы әйнекті дефростердің көмегімен жылытып алу керек, сол кезде жуғыш сұйықтық әйнекке мұз боп қатып қалмайды. Егер қатып қалса, көру мүмкіндігін нашарлатып, ауыр жарақатқа немесе өлімге алып келуі ықтимал жол-көлік апатына ұшыратуы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Әйнек тазалағыш немесе алдыңғы әйнек зақымдалмауы үшін алдыңғы әйнек құрғақ кезде әйнек тазалағыштарды қоспаңыз.
- Алдыңғы әйнек жуғыш сорғысын зақымдап алмас үшін, әйнек жуғыш бағында сұйықтық жоқ кезде оны қоспаңыз.
- Әйнек тазалағыштардың иінтірегі және басқа элементтер зақымдалмас үшін әйнек тазалағыштарды қолмен жылжытпаңыз.
- Қыс мезгілінде және суық ауа райында әйнек тазалағыш пен әйнек жуғыштың жүйесіне ықтимал зақым келтірмеу үшін қатып қалмайтын жуғыш сұйықтығын пайдалану керек.

ҚОЛМЕН БАСҚАРЫЛАТЫН КЛИМАТ-КОНТРОЛЬ ЖҮЙЕСІ (БАР БОЛСА)

■ А типі





■ В типі



OCN7050100 / OCN7050101


- | | |
|--------------------------------------|---------------------------------------|
| 1. Желдеткіш жылдамдығының реттегіші | 4. Алдыңғы әйнек жылытқышының қалпы |
| 2. Температура реттегіші | 5. Артқы әйнекті жылыту түймесі |
| 3. Режимді таңдау реттегіші | 6. Таза ауаның кіруін басқару түймесі |
| | 7. A/C (ауаны баптау) түймесі |

Ауаны жылыту және баптау


1. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
2. Режимді басқару тұтқасын өз ыңғайыңызға қарай орнатыңыз.
Жылыту және салқындату тиімділігін арттыру үшін;
 - Жылыту: 
 - Салқындату: 

3. Ауа температурасын басқару тұтқасын өз ыңғайыңызға қарай орнатыңыз.
4. Ауа беру режимдерінің ауыстырып қосқышын таза ауа режиміне орнатыңыз.
5. Желдеткіштің айналу жылдамдығын өз ыңғайыңызға қарай реттеңіз.
6. Қажет болса, ауа баптау жүйесін қосыңыз.

Режимді таңдау




OCN7050134



©CN7050102

Режимді таңдау тұтқасы желдету жүйесі арқылы ауа ағынының бағытын басқарады.


Ауаны еденге, аспаптар тақтасының саңылауларына немесе алдыңғы әйнекке бағыттауға болады. «Face» (Бет), «Bi-Level» (Қос деңгей), «Floor» (Еден), «Floor-Defrost» (Еден-еріту) және «Defrost» (Еріту) ауа бағыты қалыптарын ұсыну үшін бес таңба қолданылады.

 Ауаның алдыңғы панелдегі желдету саңылаулары арқылы берілуі — сопалар (B, D, F)

Ауа ағыны дененің жоғарғы бөлігіне және бетке бағытталады. Оған қоса, ауа беру бағытын әрбір желдету саңылауының қалпын баптау арқылы өзгертуге болады.

 «Bi-Level» (Қос деңгей) (B, D, E, C, F)


Ауа ағыны адамның бетіне және салонның төменгі жағына бағытталады.


 «Floor» (Еден) деңгейі (A, C, D, E, F)

Ауаның негізгі бөлігі салонның төменгі жағына бағытталады, ал оның шамалы мөлшері алдыңғы әйнекке және бүйірлік әйнектердің жылытқыштарына беріледі.

 «Floor-Defrost» (Еден-еріту) деңгейі (A, C, D, E, F)

Ауаның негізгі бөлігі салонның төменгі жағына және алдыңғы әйнекке бағытталады, ал оның шамалы мөлшері бүйірлік әйнектердің жылытқыштарына беріледі.

 Ауаның алдыңғы әйнекке берілуі — сопалар (A, D)




Ауаны баптаудың ЕҢ МАКС. деңгейі (B, D) (бар болса)


«MAX A/C» (МАКС A/C) режимі автокөлік салонын жылдам салқындату үшін пайдаланылады. Ауа ағыны дененің жоғарғы бөлігіне және бетке бағытталады.

Бұл режимде ауа баптағыш және ауаны рециркуляциялау қалпын таңдау мүмкін емес. Реттеу үшін желдеткіш жылдамдығын басқару режимін қосыңыз.

Аспаптар тақтасындағы дефлекторлар



■ Артқы (бар болса)




Аспаптар тақтасындағы дефлекторлар

Желдетуді реттеу иінтірегі арқылы аспаптар панелінің желдету саңылауларынан келетін ауа ағыны жоғары/төмен немесе солға/оңға бағытталуы мүмкін.

Желдету саңылауларын жабу үшін желдету иінтірегін жолаушыға қарама-қарсы бағытпен басып қалыңыз. Желдету саңылауларын ашу үшін желдету иінтірегін жолаушы бағытында басып қалыңыз.


Температураны реттеу



Температураны жоғарылату үшін реттегішті оңға бұраңыз.

Температураны төмендету үшін реттегішті солға бұраңыз.

Ауа беру режимдерінің ауыстырып қосқышы



Ауа беру режимдерін ауыстырып қосу түймесі таза ауа (сыртқы ауа) немесе рециркуляция (салондағы ауа) режимін таңдау үшін қолданылады.

Рециркуляция режимі



Рециркуляция режимін таңдағанда, жолаушы салонындағы ауа жүйе арқылы айналып, таңдалған функцияға сәйкес жылыды не салқындайды.

Таза ауа беру режимі

■ А типі Таза ауа режимін таңдағанда, ол көлік құралына сырттан келеді және таңдалған функцияға сәйкес жылыды не салқындайды.



■ В типі



i Ақпарат

Жүйені негізінде таза ауа беру режимінде қолданған жөн. Рециркуляция режимін қажет болған кезде ғана уақытша қосыңыз.


Жылытқыш рециркуляция режимінде және ауа баптағышты қоспай ұзақ уақыт істеп тұрса, алдыңғы әйнек булануы мүмкін.

Оған қоса, ауа баптағыш рециркуляция режимінде ұзақ істегенде, салондағы ауа тым қатты кеуіп, құрғап кетеді де, ауаның тұрып қалуына байланысты желдету саңылауларынан көгерген заттың иісі пайда болуы мүмкін.

! АБАЙЛАҢЫЗ

- Климат-контроль жүйесін рециркуляция режимінде ұзақ уақыт пайдаланғанда, салондағы жолаушылардың ұйқысын келтіріп жібереді. Бұл автокөліктің бақылаудан шығып, соның салдарынан апатқа ұшырауға алып келуі мүмкін.
- Климат-контроль жүйесін ауа баптағыш өшірулі кезде ұзақ уақыт бойы рециркуляция режимінде пайдаланса, салонда ылғал көбейіп кетеді.
- Бұның салдарынан алдыңғы әйнекте конденсат жиналып, көру мүмкіндігі нашарлап кетеді.
- Терезелері жабық және жылытқышы не ауа баптағышы істеп тұрған тұраққа қойылған автокөлік ішінде ұйықтамаңыз және ұзақ уақыт бойы қалмаңыз. Бұның салдарынан салонда көмірқышқыл газының деңгейі көбейіп, денсаулыққа ауыр зиян тигізуі немесе өлімге алып келуі мүмкін.

Желдеткіштің айналу жылдамдығын баптау




Желдеткіштің айналу жылдамдығын арттыру және ауа ағынын күшейту үшін тұтқаны солға бұраңыз. Желдеткіштің айналу жылдамдығын азайту және ауа ағынын басу үшін тұтқаны оңға бұраңыз.

Желдеткіш жылдамдығының реттегішін «0» қалпына қойғанда желдеткіш өшеді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілт «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда желдеткішті қолдану аккумулятор зарядының отыруына әкелуі мүмкін. Желдеткішті қозғалтқыш оталып тұрғанда қолданған жөн.

Ауа баптау жүйесі (бар болса)




OCN7050109


Ауа баптау жүйесін қосу үшін «A/C» (Ауа баптағыш) түймесін басыңыз (индикаторлық шам жанады). Ауа баптау жүйесін өшіру үшін сол түймені тағы да басыңыз.



Жүйе жұмысы

Желдету

1. Ауаны алдыңғы панельдің желдету саңылаулары арқылы беру режимін таңдаңыз .
2. Ауа беру режимдерінің ауыстырып қосқышын таза ауа режиміне орнатыңыз.
3. Ауа температурасын басқару тұтқасын өз ыңғайыңызға қарай орнатыңыз.
4. Желдеткіштің айналу жылдамдығын өз ыңғайыңызға қарай реттеңіз.

Жылыту

1. Еден деңгейі режимін таңдаңыз.
2. Ауа беру режимдерінің ауыстырып қосқышын таза ауа режиміне орнатыңыз .
3. Ауа температурасын басқару тұтқасын өз ыңғайыңызға қарай орнатыңыз.
4. Желдеткіштің айналу жылдамдығын өз ыңғайыңызға қарай реттеңіз.
5. Қалауыңызға қарай, ауа баптағышты ауа салонға кірмей тұрып құрғауы үшін жылытуға реттелген температура реттегішімен қосуға болады.


Алдыңғы әйнек буланса, салонның төменгі жағына және алдыңғы әйнекке ауа беру  режимін  таңдаңыз немесе режимді таңдау тұтқасын ауаны алдыңғы әйнекке беру қалпына бұраңыз.

Пайдалану жөніндегі кеңестер


- Желдету жүйесі арқылы салон ішіне шаң не жағымсыз иістер кірмеуі үшін ауа беру режимдерінің ауыстырып қосқышын рециркуляция режиміне уақытша орнатыңыз. Салонда таза ауаның сақталуы үшін жолдың түтін не шаң басқан бөлігінен өткен соң ауыстырып қосқышты міндетті түрде таза ауа беру қалпына қайтарыңыз. Бұл салондағы жайлылықты сақтап, жүргізушіге өзін сергек сезінуге мүмкіндік береді.
- Алдыңғы әйнектің булануына жол бермеу үшін ауа баптау жүйесін қосып, ауыстырып қосқышты таза ауа беру режиміне орнатыңыз және желдеткіштің қалаған айналу жылдамдығы мен ауа температурасын таңдаңыз.

Ауа баптау жүйесі

HYUNDAI ауаны баптау жүйесінде R-134a немесе R1234yf сұйық агенті пайдаланылады.

1. Автокөлікті оталдырыңыз.
2. Ауаны баптау жүйесінің түймесін басыңыз
3. Ауаны алдыңғы панельдің желдету саңылаулары арқылы беру режимін таңдаңыз .
4. Салон тез салқындауы үшін ауа беру ауыстырып қосқышын уақытша рециркуляция режиміне орнатыңыз. Кабинадағы температура қажетті деңгейге жеткенде, қайтадан таза ауа беру режиміне ауысыңыз.
5. Желдеткіштің ең жайлы жылдамдығы мен температураны орнатыңыз.

i Ақпарат



Автокөлік өндірілген сәтте еліңізде қолданылатын нормативтік ережелерге байланысты автокөлікке R-134a немесе R-1234yf суық агенті құйылады. Ауа баптау жүйесінің суық агенті туралы ақпарат автокөлік капотының астындағы жапсырмада көрсетілген.

МӘЛІМЕТ ҮШІН


- Салқындату жүйесі дұрыс әрі қауіпсіз жұмыс істеуі үшін оған тек арнайы оқыған және сертификаты бар техникалық қызметкерлер ғана қызмет көрсетуі керек.
- Суық агент айналымы жүйесіне қызмет көрсеткенде, үй-жай жақсы желдетілуі тиіс.
- Ауа баптау жүйесінің буландырғышын (салқындату иректүтігін) жөндемеген немесе пайдаланылған не ЖКО-ға ұшыраған автокөліктен шешіп алынған басқа буландырғышқа алмастырмаған дұрыс; жаңа МАС буландырғыштары SAE J2842 стандартының нормаларына сәйкес келетінін растау үшін сертификациядан өтуі (таңбаланған болуы) тиіс.

i Ақпарат

- Ауа баптау жүйесін қолданған кезде, сыртқы ауа температурасы жоғары болғанда тауға шыққанда не тығыз көлік легінде жүргенде температура датчигінің көрсеткіштерін мұқият қадағалап отырыңыз. Ауа баптау жүйесінің жұмысы қозғалтқыштың қызып кетуіне алып келуі мүмкін. Айдайтын желдеткішті қосулы күйінде қалдыруға болады, бірақ температура индикаторы қозғалтқыштың қызып кеткенін көрсеткен жағдайда ауа баптау жүйесін өшіріп қойған жөн.
- Ауа ылғалдығы жоғары болған күндері терезені ашқанда ауаны баптау салдарынан автокөлік салонында су тамшылары пайда болуды мүмкін. Аса көп мөлшерде жиналған тамшылар электр жабдықты зақымдауы мүмкін болғандықтан, ауа баптау жүйесін терезелер жабық тұрғанда ғана пайдаланған жөн.


Ауа баптау жүйесін пайдалану бойынша пайдалы кеңестер

- Автокөлік ыстық ауа райында тікелей күн сәулелерінің астында тұрақта тұрса, автокөліктің терезесін аз уақытқа ашып қойып, салондағы ыстық ауаны шығарып жіберу керек.
- Салон жеткілікті түрде салқындатылған соң рециркуляция режимінен таза ауа режиміне ауысыңыз.
- Жаңбырлы күндері немесе ауа ылғалдығы жоғары болған күндері әйнектің ішкі жақ бетінде пайда болатын ылғалды азайту үшін терезелерді және төбедегі люкті жауып, ауа баптау жүйесін қосыңыз.

- Ауа баптау жүйесі жұмыс істеп тұрғанда, жүйе компрессорының қосылуына байланысты қозғалтқыштың айналу жиілігінің шамалы өзгергенін байқауға болады. Бұл жүйе жұмысының қалыпты режимі болып табылады.
- Ауа баптау жүйесінің барынша өнімділігін сақтау үшін оны айына бір рет бірнеше минутқа қосып қойыңыз.
- Ауа баптау жүйесін пайдаланғанда, жолаушы қақтан автокөлік астындағы жерде таза су тамшыларын (немесе тіпті шалшықшаларды) байқауға болады. Бұл жүйе жұмысының қалыпты режимі болып табылады.
- Ауа баптағышты аса жиі қолданғанда сыртқы ауа температурасы мен алдыңғы әйнек температурасының айырмашылығы алдыңғы әйнектің сыртқы бетін буландырып, көру мүмкіндігін нашарлатып жіберуі мүмкін. Бұл жағдайда режимді таңдау түймесін  қалпына орнатып, желдеткіш жылдамдығын басқару тұтқасын ең төменгі мәнге сәйкес келетін қалыпқа келтіріңіз.

Жүйеге техникалық қызмет көрсету

Климат-контроль жүйесінің ауа сүзгісі



- [A]: Сыртқы ауа, [B]: Рециркуляцияланатын ауа,
 [C]: Климат-контроль жүйесінің ауа сүзгісі,
 [D]: Желдеткіш, [E]: Буландырғыш өзекшесі,
 [F]: Жылытқыш өзекшесі

Бұл сүзгі ұсақ-түйек тартпасының артында орнатылған. Ол автокөлік ішіне ауаны жылыту және баптау жүйесі арқылы кіретін шаң мен басқа да ластағыш заттарды сүзіп тұрады.

Климат-контроль жүйесінің сүзгісін ауыстыру үшін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек. Автокөлік шаң басқан қара жолдар сияқты ауыр жағдайларда пайдаланылса, климат-контроль жүйесінің ауа сүзгісін жиірек тексеріп, ауыстырып тұру керек.

Ауа шығыны күрт төмендеп кеткенде, жүйені HYUNDAI ресми дилерінде тексерту керек.

i Ақпарат

- Ауа сүзгісін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстырыңыз.
- Автокөлік ауыр жағдайларда пайдаланылғанда (мысалы, шаң басқан және ойлы-қырлы жолда), климат-контрольдің ауа сүзгісін жиірек тексеріп, ауыстырып тұру керек.
- Ауа шығыны күрт төмендеп кеткенде, жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилерінде тексерту керек.

Ауа баптағыштағы суық агенттің және компрессордағы майдың мөлшерін тексеру

Суық агент деңгейі төмен болғанда, ауа баптау жүйесінің өнімділігі төмендейді. Суық агентті тым артық толтыру да ауа баптау жүйесінің жұмысына кері әсерін тигізеді.

Демек, ауытқулар анықталғанда жүйені тексерту үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласқан жөн.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Маркасы дұрыс және тиісті мөлшердегі суық агентті қолданған маңызды. Кері жағдайда компрессор зақымдалуы және жүйе жұмысы бұзылуы мүмкін. Зақымдардың алдын алу үшін ауа баптағышқа қызмет көрсету жұмыстарын тиісті дайындықтан өткен білікті техникалық мамандар ғана орындауы тиіс.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

R-134a суық агенті бар автокөліктер



Суық агент өте жоғары қысыммен пайдаланылатындықтан, ауа баптау жүйесіне қызмет көрсетуді тек білікті және сертификатталған мамандарға сеніп тапсырған жөн.

Маркасы дұрыс және тиісті мөлшердегі суық агентті қолданған маңызды.

Кері жағдайда автокөлік зақымдалып, адамдар жарақаттануы мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

R-1234yf суық агенті бар көлік құралдары




Суық агент жанғыш зат болғандықтан, әрі өте жоғары қысыммен пайдаланылатындықтан, ауа баптау жүйесіне қызмет көрсетуді тек тиісті дайындықтан өткен білікті техникалық мамандарға сеніп тапсырған жөн. Маркасы дұрыс және тиісті мөлшердегі суық агентті қолданған маңызды.

Барлық суық агенттерді тиісті жабдықтың көмегімен қосу керек.

Суық агенттердің атмосфераға тікелей түсуі адамға да, қоршаған ортаға да қауіп төндіреді. Осы ескертулерді елемей ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.

Ауа баптау жүйесін тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.




Ауа баптау жүйесінің суық агенті туралы ақпараты бар затбелгі

Ауа баптау жүйесінің суық агенті туралы ақпарат автокөлік капотының астындағы жапсырмада көрсетілген.

■ Мысал

• А типі



ОНҮК059004

• В типі



ОНҮК059001

Төменде суық агент көрсетілген тақтайшадағы таңбалар мен техникалық сипаттамалар берілген:

1. Суық агент класы
2. Суық агент көлемі
3. Компрессор жағармайының класы
4. Назар аударыңыз
5. Өрт қаупі бар суық агент
6. Ауа баптау жүйесіне қызмет көрсетуді тіркелген техник маман жүргізуі тиіс.
7. Қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық

АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ БАСҚАРЫЛАТЫН КЛИМАТ-КОНТРОЛЬ ЖҮЙЕСІ



OCN7050110L


1. Жүргізуші жақтағы температура реттегіші
2. Жолаушы жақтағы температура реттегіші
3. «AUTO» (Автоматты басқару) түймесі
4. SYNC түймесі
5. «OFF» (Өшіру) түймесі
6. Алдыңғы әйнекті жылыту түймесі
7. Ауа баптағыш түймесі
8. Таза ауаның кіруін басқару түймесі
9. Артқы әйнекті жылыту түймесі
10. Желдеткіш жылдамдығын реттеу түймесі
11. Режимді ауыстырып қосу түймесі
12. Климаттық қондырғының ақпараттық экраны

Ауаны жылыту және баптау жүйесін автоматты басқару



1. «AUTO» (Авто) түймесін басыңыз.

Жұмыс режимдерін, желдеткіштің айналу жылдамдығын, ауа беру режимін және ауа баптау жүйесінің жұмысын басқару белгіленген температура мәндеріне сәйкес автоматты түрде жүзеге асатын болады.



Автоматты режимде «AUTO» (Авто) түймесін басып, желдету қарқындылығын орнатуға болады (үш мәні бар).


- ЖОҒАРЫ: Қарқынды желдетумен жылдам кондициялау және жылыту
- ОРТАША: Қарқындығы орташа желдетумен баптау және жылыту
- ТӨМЕН: төмен желдетуді қалайтын жүргізушілер үшін.

Егер автоматты режимде температура үшін «HI» (жоғары) немесе «LO» (төмен) мәндері орнатылса, қарқындылығы жоғары желдету режимі таңдалады.



2. Температура реттегішінің тұтқасын бұрап, қажетті мәнді таңдау керек. Егер температура ең төмен мәнге (Lo) орнатылған болса, ауаны баптау жүйесі үздіксіз істейді.

- Автоматты режимді өшіру үшін келесі түймелер мен ауыстырып қосқыштардың кез келгенін іске қосыңыз:
 - Режимді ауыстырып қосу түймесі
 - Алдыңғы әйнекті жылыту түймесі
(Алдыңғы әйнекті жылыту функциясын өшіру үшін, түймені тағы бір рет басыңыз. Ақпараттық экранда «AUTO» (автоматты режим) жазуы қайта пайда болады.
 - Желдеткіш жылдамдығын ауыстырып қосқыш Таңдалған функция қолмен басқарылады, ал қалған функциялар автоматты түрде басқарылады.
- Барынша жайлылықты қамтамасыз ету үшін «AUTO» (Авто) түймесін қолданып, температураны 22 °C-қа (71 F) орнатыңыз.





i Ақпарат


Жылыту және салқындату жүйесін жақсы басқару үшін датчиктің қасына әлденені орналастыруға тыйым салынған.

Ауаны жылыту және баптау жүйесін қолмен басқару


Ауаны жылыту және салқындату жүйесін (AUTO түймесінен басқа) түймелер арқылы қолмен де басқаруға болады. Бұл жағдайда жүйе түймелерді басу тәртібіне сәйкес рет-ретімен істейді. Автоматты режимде «AUTO» (Автоматты) түймесінен басқа кез келген түймені басқанда (немесе кез келген реттегішті бұрғанда), қолмен таңдалмаған функциялар автоматты түрде басқарылатын болады.

1. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
2. Режимді басқару тұтқасын өз ыңғайыңызға қарай орнатыңыз.
Жылыту және салқындату тиімділігін жақсарту үшін келесіге сәйкес келетін режимді таңдаңыз:
 - Жылыту: 
 - Салқындату: 
3. Ауа температурасын басқару тұтқасын өз ыңғайыңызға қарай орнатыңыз.
4. Ауа беру режимдерінің ауыстырып қосқышын таза ауа режиміне орнатыңыз.
5. Желдеткіштің айналу жылдамдығын өз ыңғайыңызға қарай реттеңіз.
6. Қажет болса, ауа баптау жүйесін қосыңыз.
7. Автоматты басқару режиміне өту үшін «AUTO» түймесін басыңыз.

Режимді таңдау




OCN7050103



Режимдерді ауыстырып қосқыш желдету жүйесі арқылы ауа ағынының бағытын басқарады.

Ауаның кезеңділікпен берілуі мына жүйелілікпен өзгереді.




 Ауаның алдыңғы панелдегі желдету саңылаулары арқылы берілуі — соплолар (B, D, F)

Ауа ағыны дененің жоғарғы бөлігіне және бетке бағытталады. Оған қоса, ауа беру бағытын әрбір желдету саңылауының қалпын баптау арқылы өзгертуге болады.

 «Bi-Level» (Қос деңгей)
(B, C, D, E, F)


Ауа ағыны бетке және салонның төменгі жағына бағытталады.

 «Floor» (Еден) деңгейі
(A, C, D, E, F)

Ауаның негізгі бөлігі салонның төменгі жағына және алдыңғы әйнекке бағытталса, оның аздаған мөлшері әйнекке мұз қатпауы үшін бүйірлік соплоларға беріледі.


 Еден және әйнекті жылыту
(A, C, D, E, F)

Ауаның негізгі бөлігі салонның төменгі жағына және алдыңғы әйнекке бағытталады, ал оның шамалы мөлшері бүйірлік әйнектердің жылытқыштарына беріледі.




Ауаның алдыңғы әйнекке берілуі — соплалар (A, D)

Ауаның негізгі бөлігі алдыңғы әйнекке бағытталады, ал оның аз мөлшері әйнекке мұз қатпауы үшін бүйірлік соплаларға жіберіледі.



©CN7050106



©CN7050126

Аспаптар тақтасындағы дефлекторлар

Желдетуді реттеу иінтірегі арқылы аспаптар панелінің желдету саңылауларынан келетін ауа ағыны жоғары/төмен немесе солға/оңға бағытталуы мүмкін.

Желдету саңылауларын жабу үшін желдету иінтірегін жолаушыға қарама-қарсы бағытпен басып қалыңыз. Желдету саңылауларын ашу үшін желдету иінтірегін жолаушы бағытында басып қалыңыз.

Температураны реттеу



Температураны жоғарылату үшін реттегішті оңға бұраңыз.

Температураны төмендету үшін реттегішті солға бұраңыз.

Температура әрбір келесі қалып үшін 0,5 °C-қа артады не азаяды.

Температураның ең төменгі деңгейін орнатқанда, ауа баптау жүйесі үнемі істеп тұрады.



Жүргізуші мен жолаушы жақтағы температураны бір уақытта реттеу

- Жүргізуші мен жолаушы жақтағы температураны реттеу үшін «SYNC» түймесін басыңыз.

Жолаушы жақта орнатылатын температура жүргізуші жақтағы температурамен бірдей болады.

- Жүргізуші жақтағы температура реттегішінің тұтқасын бұраңыз. Жүргізуші мен жолаушы жақтағы температура бірдей өзгереді.
- Жолаушы үшін температураны басқару тұтқасын бұрғанда «SYNC» (Синхрондау) түймесі өшеді және жолаушы жақтағы температураны қолмен реттеуге болады.

Жүргізуші мен жолаушы жақтағы температураны жеке реттеу

Жүргізуші мен жолаушы жақтағы температураны жеке реттеу үшін «SYNC» түймесін тағы бір рет басыңыз. Түймедегі индикатор сөнеді.

Температураларды ауыстыру

Аккумулятор заряды таусылса немесе ол ажыратылса, температура Цельсий градусымен көрсетіледі.

Температураның өлшем бірліктерін өзгерту (°C-ден °F-ке немесе °F-тен °C-ге):

- автоматты түрде басқарылатын климат-контроль жүйесі

«AUTO» (Авто) түймесін 3 секунд бойы басып ұстап тұрып, «OFF» (Өшіру) түймесін басыңыз.

- Аспаптар тақтасы Автоматты басқарылатын климат-контроль жүйесі

«User Settings» (Пайдаланушы баптаулары) → «Other» (Басқа) → «Temperature Unit» (Температураның өлшем бірлігі) мәзіріне өтіңіз.

СК дисплейдегі және климат-контроль жүйесінің экранындағы температураның өлшем бірліктері өзгереді.

Ауа беру режимдерінің ауыстырып қосқышы

Ауа рециркуляциясының қалпы



Рециркуляция қалпын таңдағанда, салондағы ауа жылыту жүйесіне беріліп, таңдалған функцияға қарай жылиды не суиды.

Сыртқы (таза) ауа алу қалпы



Ауыстырып қосқыш осы қалыпта тұрғанда, жылыту және желдету жүйесіне сыртқы ауа беріледі; ол жерде ол жүйе жұмысының таңдалған режиміне байланысты жылиды не суиды.

Ақпарат

Жүйені негізінде таза ауа беру режимінде қолданған жөн. Рециркуляция режимін қажет болған кезде ғана уақытша қосыңыз.


Жылытқыш рециркуляция режимінде және ауа баптағышты қоспай ұзақ уақыт істеп тұрса, алдыңғы әйнек булануы мүмкін.

Оған қоса, ауа баптағыш рециркуляция режимінде ұзақ істегенде, салондағы ауа тым қатты кеуіп, құрған кетеді де, ауаның тұрып қалуына байланысты желдету саңылауларынан көгерген заттың иісі пайда болуы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Климат-контроль жүйесін рециркуляция режимінде ұзақ уақыт пайдаланғанда, салондағы жолаушылардың ұйқысын келтіріп жібереді. Бұл автокөліктің бақылаудан шығып, соның салдарынан апатқа ұшырауға алып келуі мүмкін.
- Климат-контроль жүйесін ауа баптағыш өшірулі кезде ұзақ уақыт бойы рециркуляция режимінде пайдаланса, салонда ылғал көбейіп кетеді. Бұның салдарынан алдыңғы әйнекте конденсат жиналып, көру мүмкіндігі нашарлап кетеді.
- Терезелері жабық және жылытқышы не ауа баптағышы істеп тұрған тұраққа қойылған автокөлік ішінде ұйықтамаңыз және ұзақ уақыт бойы қалмаңыз. Бұның салдарынан салонда көмірқышқыл газының деңгейі көбейіп, денсаулыққа ауыр зиян тигізуі немесе өлімге алып келуі мүмкін.

Желдеткіштің айналу жылдамдығын баптау



Желдеткіштің айналу жылдамдығын бөлек ауыстырып қосқышпен орнатуға болады.


Желдеткіштің жоғарырақ жылдамдығында ауа көбірек беріледі.

«OFF» (Өшіру) түймесін басқанда, желдеткіш өшеді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілт «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда желдеткішті қолдану аккумулятор зарядының отыруына әкелуі мүмкін. Желдеткішті қозғалтқыш оталып тұрғанда қолданған жөн.


Ауа баптау жүйесі



Ауа баптау жүйесін қолмен басқару режимінде қосу үшін A/C түймесін басыңыз (бұл кезде ондағы индикатор жанады).

Осы түймені қайта басқанда, ауа баптау жүйесі өшіп қалады.


Өшіру режимі




Климат-контроль жүйесін өшіру үшін алдыңғы «OFF» (Өшіру) түймесін басыңыз. Алайда оталдыру жүйесінің ажыратқышы «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, режимді таңдау және ауа алу түймелерімен бұрынғыдай жұмыс істей аласыз.



Жүйе жұмысы

Желдету

1. Ауаны алдыңғы панельдің желдету саңылауы арқылы беру режимін таңдаңыз .
2. Ауа беру режимдерінің ауыстырып қосқышын таза ауа режиміне орнатыңыз.
3. Ауа температурасын басқару тұтқасын өз ыңғайыңызға қарай орнатыңыз.
4. Желдеткіштің айналу жылдамдығын өз ыңғайыңызға қарай реттеңіз.

Жылыту

1. Еден деңгейі режимін таңдаңыз .
2. Ауа беру режимдерінің ауыстырып қосқышын таза ауа режиміне орнатыңыз.
3. Ауа температурасын басқару тұтқасын өз ыңғайыңызға қарай орнатыңыз.
4. Желдеткіштің айналу жылдамдығын өз ыңғайыңызға қарай реттеңіз.
5. Қалауыңызға қарай, ауа баптағышты ауа салонға кірмей тұрып құрғауы үшін жылытуға реттелген температура реттегішімен қосуға болады.


Егер алдыңғы әйнек буланса, алдыңғы әйнекке ауа беру  режимін  таңдаңыз немесе алдыңғы әйнекке ауа беру түймесін басыңыз.

Пайдалану жөніндегі кеңестер


- Желдету жүйесі арқылы салон ішіне шаң не жағымсыз иістер кірмеуі үшін ауа беру режимдерінің ауыстырып қосқышын рециркуляция режиміне уақытша орнатыңыз. Салонда таза ауаның сақталуы үшін жолдың түтін не шаң басқан бөлігінен өткен соң ауыстырып қосқышты міндетті түрде таза ауа беру қалпына қайтарыңыз. Бұл салондағы жайлылықты сақтап, жүргізушіге өзін сергек сезінуге мүмкіндік береді.
- Алдыңғы әйнектің булануына жол бермеу үшін ауа баптау жүйесін қосып, ауыстырып қосқышты таза ауа беру режиміне орнатыңыз және желдеткіштің қалаған айналу жылдамдығы мен ауа температурасын таңдаңыз.

Ауа баптау жүйесі

HYUNDAI ауаны баптау жүйесінде R-134a немесе R1234yf суық агенті пайдаланылады.

1. Автокөлікті оталдырыңыз.
2. Ауа баптау жүйесінің түймесін басыңыз.
3. Ауаны алдыңғы панельдің желдету саңылаулары арқылы беру режимін таңдаңыз .
4. Салон тез салқындауы үшін ауа беру ауыстырып қосқышын уақытша рециркуляция режиміне орнатыңыз. Кабинадағы температура қажетті деңгейге жеткенде, қайтадан таза ауа беру режиміне ауысыңыз.
5. Желдеткіштің ең жайлы жылдамдығы мен температураны орнатыңыз.

Ақпарат



Автокөлік өндірілген сәтте еліңізде қолданылатын нормативтік ережелерге байланысты автокөлікке R-134a немесе R-1234yf суық агенті құйылады. Автокөліктің ауа баптау жүйесінде суық агенттің нақты қай түрі қолданылатынын оның қозғалтқыштың алдыңғы бөлігінде орналасқан тақтайшадағы атауын оқып білуге болады.


МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Салқындату жүйесі дұрыс әрі қауіпсіз жұмыс істеуі үшін оған тек арнайы оқыған және сертификатты бар техникалық қызметкерлер ғана қызмет көрсетуі керек.
- Суық агент айналымы жүйесіне қызмет көрсеткенде, үй-жай жақсы желдетілуі тиіс.
- Ауа баптау жүйесінің буландырғышын (салқындату иректүтігін) жөндемеген немесе пайдаланылған не ЖКО-ға ұшыраған автокөліктен шешіп алынған басқа буландырғышқа алмастырмаған дұрыс; жаңа MAC буландырғыштары SAE J2842 стандартының нормаларына сәйкес келетінін растау үшін сертификациядан өтуі (таңбаланған болуы) тиіс.

Ақпарат


- Ауа баптау жүйесін қолданған кезде, сыртқы ауа температурасы жоғары болғанда тауға шыққанда не тығыз көлік легінде жүргенде температура датчигінің көрсеткіштерін мұқият қадағалап отырыңыз. Ауа баптау жүйесінің жұмысы қозғалтқыштың қызып кетуіне алып келуі мүмкін. Айдайтын желдеткішті қосулы күйінде қалдыруға болады, бірақ температура индикаторы қозғалтқыштың қызып кеткенін көрсеткен жағдайда ауа баптау жүйесін өшіріп қойған жөн.
- Ауа ылғалдығы жоғары болған күндері терезені ашқанда ауаны баптау салдарынан автокөлік салонында су тамшылары пайда болуы мүмкін. Аса көп мөлшерде жиналған тамшылар электр жабдықты зақымдауы мүмкін болғандықтан, ауа баптау жүйесін терезелер жабық тұрғанда ғана пайдаланған жөн.

Ауа баптау жүйесін пайдалану бойынша пайдалы кеңестер

- Автокөлік ыстық ауа райында тікелей күн сәулелерінің астында тұрақта тұрса, автокөліктің терезесін аз уақытқа ашып қойып, салондағы ыстық ауаны шығарып жіберу керек.
- Салон жеткілікті түрде салқындатылған соң рециркуляция режимінен таза ауа режиміне ауысыңыз.
- Жаңбырлы күндері немесе ауа ылғалдығы жоғары болған күндері әйнектің ішкі жақ бетінде пайда болатын ылғалды азайту үшін терезелерді және төбедегі люкті жауып, ауа баптау жүйесін қосыңыз.
- Ауа баптау жүйесі жұмыс істеп тұрғанда, жүйе компрессорының қосылуына байланысты қозғалтқыштың айналу жиілігінің шамалы өзгергенін байқауға болады. Бұл жүйе жұмысының қалыпты режимі болып табылады.
- Ауа баптау жүйесінің барынша өнімділігін сақтау үшін оны айына бір рет бірнеше минутқа қосып қойыңыз.
- Ауа баптау жүйесін пайдаланғанда, жолаушы қақтан автокөлік астындағы жерде таза су тамшыларын (немесе тіпті шалшықшаларды) байқауға болады. Бұл жүйе жұмысының қалыпты режимі болып табылады.
- Ауа баптағышты аса жиі қолданғанда сыртқы ауа температурасы мен алдыңғы әйнек температурасының айырмашылығы алдыңғы әйнектің сыртқы бетін буландырып, көру мүмкіндігін нашарлатып жіберуі мүмкін. Бұл жағдайда режимді таңдау түймесін  қалпына орнатып, желдеткіш жылдамдығын басқару тұтқасын ең төменгі мәнге сәйкес келетін қалыпқа келтіріңіз.

Жүйеге техникалық қызмет көрсету

Климат-контроль жүйесінің ауа сүзгісі



[A]: Сыртқы ауа, [B]: Рециркуляцияланатын ауа

[C]: Климат-контроль жүйесінің ауа сүзгісі,

[D]: Желдеткіш, [E]: Буландырғыш өзекшесі,

[F]: Жылытқыш өзекшесі

Ұсақ-түйек тартпасының артында орнатылған климат-контроль жүйесінің ауа сүзгісі ауаны жылыту және баптау жүйесі арқылы қоршаған ортадан автокөлік ішіне кіретін шаң мен өзге ластағыштарды сүзеді.

Егер шаң не өзге ластағыштар сүзгіде белгілі бір уақыт ішінде жиналса, желдету саңылауларынан кіретін ауа ағыны басылады. Бұл сыртқы (таза) ауа қалпы таңдалғанның өзінде, алдыңғы әйнектің ішкі жағында ылғалдың жиналуына әкеледі. Мұндай жағдай туындағанда, біз климат-контроль жүйесінің ауа сүзгісін HYUNDAI ресми дилерінде ауыстыруға кеңес береміз.

i Ақпарат

- Ауа сүзгісін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстырыңыз.

Автокөлік ауыр жағдайларда пайдаланылғанда (мысалы, шаң басқан және ойлы-қырлы жолда), климат-контрольдің ауа сүзгісін жиірек тексеріп, ауыстырып тұру керек.

- Ауа шығыны күрт төмендеп кеткенде, жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилерінде тексерту керек.

Ауа баптағыштағы суық агенттің және компрессордағы майдың мөлшерін тексеру

Суық агент деңгейі төмен болғанда, ауа баптау жүйесінің өнімділігі төмендейді. Артық болуы да ауа баптау жүйесінің өнімділігін төмендетеді. Демек, ауытқулар анықталғанда жүйені тексерту үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласқан жөн.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Маркасы дұрыс және тиісті мөлшердегі суық агентті қолданған маңызды. Кері жағдайда компрессор зақымдалуы және жүйе жұмысы бұзылуы мүмкін. Зақымдардың алдын алу үшін ауа баптағышқа қызмет көрсету жұмыстарын тиісті дайындықтан өткен білікті техникалық мамандар ғана орындауы тиіс.



АБАЙЛАҢЫЗ

R-134a суық агенті бар автокөліктер



Суық агент өте жоғары қысыммен пайдаланылатындықтан, ауа баптау жүйесіне қызмет көрсетуді тек білікті және сертификатталған мамандарға сеніп тапсырған жөн.

Барлық суық агенттерді тиісті жабдықтың көмегімен қосу керек.

Суық агенттердің атмосфераға тікелей түсуі адамға да, қоршаған ортаға да қауіп төндіреді. Осы ескертулерді елемей ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ


R-1234yf суық агенті бар көлік құралдары



Суық агент жанғыш зат болғандықтан, әрі өте жоғары қысыммен пайдаланылатындықтан, ауа баптау жүйесіне қызмет көрсетуді тек тиісті дайындықтан өткен білікті техникалық мамандарға сеніп тапсырған жөн. Маркасы дұрыс және тиісті мөлшердегі суық агентті қолданған маңызды.

Барлық суық агенттерді тиісті жабдықтың көмегімен қосу керек.

Суық агенттердің атмосфераға тікелей түсуі адамға да, қоршаған ортаға да қауіп төндіреді. Осы ескертулерді елемей ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.



Ауа баптау жүйесінің суық агенті туралы ақпараты бар затбелгі

Автокөліктің ауа баптау жүйесінде суық агенттің нақты қай түрі қолданылатынын оның қозғалтқыштың бөлігінде орналасқан тақтайшадағы атауын оқып білуге болады.

■ Мысал

• А типі



OHYK059004

• B типі



OHYK059001

Төменде суық агент көрсетілген тақтайшадағы таңбалар мен техникалық сипаттамалар берілген:



1. Суық агент класы
2. Суық агент көлемі
3. Компрессор жағармайының класы
4. Назар аударыңыз
5. Өрт қаупі бар суық агент
6. Ауа баптау жүйесіне қызмет көрсетуді тіркелген техник маман жүргізуі тиіс.
7. Қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық


АЛДЫҢҒЫ ӘЙНЕКТЕГІ ҚЫРАУДЫ ЖӘНЕ БУДЫ КЕТІРУ



АБАЙЛАҢЫЗ

Алдыңғы әйнекті жылыту


Қоршаған ауа ылғалдылығы жоғары болғанда салқындату режимінде  немесе  қалпын қолданбаңыз.

Сыртқы ауа температурасы мен алдыңғы әйнек температурасының айырмашылығы алдыңғы әйнектің сыртқы бетін буландырып, көру мүмкіндігін нашарлатып жіберуі мүмкін. Бұл жағдайда режим реттегішін не түймесін  қалпына, ал желдеткіш жылдамдығын басқару түймесін ең төмен мәнге орнатыңыз.




- Алдыңғы әйнекке барынша ауа берілуі үшін температура реттегішін ең жоғарғы мәнге қойып (шеткі оң жақ қалпына) қойып, желдеткіш жылдамдығының реттегішін ең жоғарғы қалыпқа орнатыңыз.
- Әйнектегі қырауды немесе буды кетіру кезінде ауаны салонның төменгі жағына беру қажет болса, ауаны салонның төменгі жағына және алдыңғы әйнекке беру режимін орнатыңыз.
- Қозғалысты бастамас бұрын алдыңғы әйнектен, артқы әйнектен, сыртқы артқы көрініс айналарынан және барлық бүйірлік әйнектерден қар мен мұзды толығымен алып тастаңыз.
- Салон жылытқышының және әйнек жылытқыштың жұмыс тиімділігін арттыру үшін, сондай-ақ алдыңғы әйнектің ішкі бетінің булану ықтималдығын азайту үшін капоттағы және ауа тартқыш торындағы қар мен мұзды толығымен алып тастаңыз.

Қолмен басқарылатын климат-контроль жүйесі

Алдыңғы әйнектің ішкі жағынан булануды кетіру




[A]: «А» типі, [B]: «В» типі


1. «0» қалпынан басқа, желдеткіштің кез келген айналу жылдамдығын орнатыңыз.
2. Қажетті температураны таңдаңыз.
3. немесе  или  қалпын таңдаңыз
4. Таза ауа беру режимі автоматты түрде таңдалады. Оған қоса,  қалпы таңдалса, ауа баптағыш (бар болса) та автоматты түрде таңдалады.

Егер таза ауаны баптау және алу режимі автоматты түрде таңдалмаса, тиісті түймені қолмен басыңыз.

Алдыңғы әйнектің сыртқы жағын еріту





[A]: «А» типі, [B]: «В» типі

1. Желдеткіш айналымының ең жоғарғы жылдамдығын орнатыңыз (реттегіш тұтқасы шеткі оң жақ қалыпта орналасқан).
2. Температура реттегішін ең жоғары температура қалпына орнатыңыз.
3. Қалпын таңдаңыз .
4. Таза ауа алу және ауа баптағыш режимі автоматты түрде таңдалады (бар болса).


Автоматты түрде басқарылатын климат-контроль жүйесі

Алдыңғы әйнектің ішкі жағынан булануды кетіру




1. Желдеткіш айналымының қажетті жылдамдығын таңдаңыз.
2. Қажетті температураны таңдаңыз.
3. Жылытқыш түймесін  басыңыз.
4. Өлшенген қоршаған ауа температурасына сәйкес ауа баптау жүйесі мен таза ауа алу режимі автоматты түрде қосылады.

Егер ауа баптау жүйесі, таза ауа алу режимі және желдеткіштің жоғарырақ айналу жылдамдығы автоматты түрде таңдалмаса, оларды тиісті түйменің немесе тұтқаның көмегімен қолмен баптаңыз.

Егер  қалпы таңдалса, желдеткіш төмен айналу жылдамдығынан үлкен жылдамдыққа ауысады.

Алдыңғы әйнектің сыртқы жағын еріту



1. Желдеткіштің ең жоғарғы айналу жылдамдығын орнатыңыз.
2. Температураның ең жоғарғы мәнін орнатыңыз (HI).
3. Жылытқыш түймесін (🌀) басыңыз.
4. Өлшенген қоршаған орта температурасына байланысты ауа баптағыш қосылып, таза ауа алу режимі автоматты түрде таңдалады.

Егер 🌀 қалпы таңдалса, желдеткіш төмен айналу жылдамдығынан үлкен жылдамдыққа ауысады.

Алдыңғы әйнектің булануын кетіру жүйесінің жұмыс алгоритмі (бар болса)

Алдыңғы әйнектің ішкі жағынан булану ықтималдығын азайту үшін ауа тартқыш пен ауа баптағышты басқару 🌀 немесе 🌀 қалыптары сияқты нақты жағдайларға байланысты автоматты түрде орындалады. Алдыңғы әйнектің булануын кетіру жүйесінің жұмысын тоқтату не қалпына келтіру үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.

Қолмен басқарылатын климат-контроль жүйесі

1. Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» (Қосу) қалпына ауыстырыңыз.
2. Әйнек жылытқышын (🌀) қосыңыз.
3. Таза ауаның берілуін реттеу түймесін 3 секунд ішінде кем дегенде 5 рет басыңыз. Әйнекті жылыту режимін (🌀) орнатқан соң шамамен 10 секунд қажет болады.

Ауа беру режимдерінің ауыстырып қосқышы түймесіндегі жарықдиодты индикатор 3 рет жыпылықтап, булануды кетіру жүйесі жұмысының алгоритмі өшірулі екенін көрсетеді.

Жүйе жұмысының алгоритмін қайта қосу үшін осы қадамдарды қайталаңыз.

Аккумулятор батареясының заряды таусылғанда немесе оны ажыратқанда, булануды кетіру жүйесінің жұмыс алгоритмі бастапқы күйге қайтады.

Автоматты түрде басқарылатын климат-контроль жүйесі


1. Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» (Қосу) қалпына ауыстырыңыз.
2. Жылытқыш түймесін (🌀) басыңыз.
3. Ауа баптау жүйесін қосу (A/C) түймесін басып тұрып, ауа беру режимдерін ауыстырып қосу түймесін 3 секунд ішінде кем дегенде 5 рет басыңыз.

Автоматты климат-контроль жүйесінің ақпараттық экраны 3 рет жыпылықтап, булануды кетіру жүйесі жұмысының алгоритмі өшірулі екенін көрсетеді.

Жүйе жұмысының алгоритмін қайта қосу үшін осы қадамдарды қайталаңыз.

Аккумулятор батареясының заряды таусылғанда немесе оны ажыратқанда, булануды кетіру жүйесінің жұмыс алгоритмі бастапқы күйге қайтады.

Автоматты булануды кетіру жүйесі (тек автоматты басқарылатын климат-контроль жүйесі үшін) (бар болса)



Автоматты булануды кетіру жүйесі алдыңғы әйнектің ішкі бетіндегі ылғалды автоматты анықтай отырып, алдыңғы әйнектің ішкі бетінің булану ықтималдығын азайтады.

Буланған әйнекті автоматты түрде тазалау жүйесі жылытқыш немесе ауа баптағыш қосылып тұрғанда жұмыс істейді.



«Auto Defogging System» (Автоматты булануды кетіру жүйесі) істеп тұрғанда, индикатор жанады.

Автокөлік ішінде ылғал деңгейінің жоғары болғаны анықталғанда, буланудың алдын алу үшін алдыңғы әйнекті автоматты түрде жылыту жүйесі қосылады.

Келесі қадамдар автоматты түрде орындалады:

- 1-қадам «A/C» (Ауа баптағыш) түймесі қосылады («ON»).
- 2-қадам Сыртқы температура төмен болғанда ауа алу жүйесі «Fresh» (Таза) режиміне ауыстырады.
- 3-қадам Жылыту режиміне ауысу орындалып, ауа ағыны алдыңғы әйнекке бағытталады.
- 4-қадам Желдеткіш жылдамдығы артады.

Автоматты булануды кетіру жүйесінің параметрлерін өшіру немесе нөлдеу

Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда алдыңғы әйнекті жылыту түймесін басып қалып, 3 секунд ұстап тұрыңыз.

Auto Defogging System (Автоматты булануды кетіру жүйесі) жұмысынан бас тартқанда, жылыту түймесіндегі индикатор 3 рет жыпылықтайды.

Auto Defogging System (Автоматты булануды кетіру жүйесі) баптауларын нөлдегенде, алдыңғы әйнекті жылыту түймесіндегі индикатор сигналсыз 6 рет жыпылықтайды.

Ақпарат

- Автоматты булануды кетіру жүйесі ауа баптау жүйесін қосқанда, ауа баптағышта өшіруге әрекет жасағанда индикатор 3 рет жыпылықтап, ауа баптағыш өшпейді.
- Auto Defogging System (Автоматты булануды кетіру жүйесінің) тиімділігін қамтамасыз ету үшін жүйе істеп тұрғанда «Recirculation» (Рециркуляция) режимін таңдамаңыз.
- Auto Defogging System (Автоматты булануды кетіру жүйесі) істеп тұрғанда, желдеткіш жылдамдығын реттеу тұтқасы, температураны реттеу тұтқасы және ауа алуды басқару түймесі өшіп тұрады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Жүргізуші жақтағы алдыңғы әйнектің жоғарғы жағындағы датчик қақпағын шешпеңіз. Жүйе бөліктері зақымдалуы орын алуы мүмкін; оларды жөндеу жұмыстарына автокөлікке берілген көпілдік қолданылмайды

Әйнек жылытқыш


МӘЛІМЕТ ҮШІН

Артқы әйнектің ішкі бетіндегі өткізгіштерді зақымдап алмау үшін оны өткір аспаптармен немесе абразивті құралдармен ешқашан тазаламаңыз.

i Ақпарат

Алдыңғы әйнекті жібіту және булануды жою туралы ақпарат осы тараудың «Алдыңғы әйнекті жібіту және булануды жою» параграфында берілген.

Артқы әйнек жылытқышы



OCN7050136L

Қозғалтқыш қосулы тұрғанда, жылытқыш артқы әйнекті ішінен де, сыртынан да қыздырып, қырауды, булануды және мұз қабатын жояды.

- Артқы әйнек жылытқышын қосу үшін ауыстырып қосқыштардың орталық панеліндегі тиісті түймені басыңыз. Жылытқышты қосқанда, ол түймедегі сигнал шамы жанады.
- Жылытқышты өшіру үшін түймені тағы бір рет басыңыз.

i Ақпарат

- Егер артқы әйнекті қалың қар қабаты жауып тұрса, жылытқышты қоспай тұрып, қарды щеткамен сыпырып тастаңыз.
- Артқы әйнек жылытқышы шамамен 20 минут жұмыс істегеннен кейін немесе оталдыру жүйесінің кілтін «LOCK/OFF» (Бұғаттау/өшіру) қалпына бұрғанда автоматты түрде өшеді.

Сыртқы артқы көрініс айналарының жылытқышы (бар болса)

Автокөлік сыртқы айналарды жылыту жүйесімен жабдықталған болса, ол артқы әйнек жылытқышымен бірге істейді.

КЛИМАТ-КОНТРОЛЬ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚОСЫМША ФУНКЦИЯЛАРЫ

Люк жабық тұрғандағы ауа айналымы (бар болса)

Егер төбедегі люк ашық тұрса, сыртқы (таза) ауа беру режимі автоматты түрде таңдалады. Бұл кезде ауа беру режимдерін ауыстырып қосқыш түймесін бассаңыз, рециркуляция режимі таңдалады, бірақ 3 минуттан кейін ол қайта сыртқы (таза) ауа алу режиміне ауысады. Төбедегі люкті жапқанда, ауа беру режимі бастапқы таңдалған қалыпқа оралады.

Жайлылық деңгейін автоматты түрде бақылау (жүргізуші орындығы үшін, бар болса)

Қозғалтқыш істеп тұрғанда, жүргізуші орындығы жылытқышының, ауамен желдетілетін орындықтың және жылытылатын рульдің температурасы ішкі және сыртқы температураға байланысты автоматты түрде реттеледі.

Бұл функцияны пайдалану үшін оны ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің экранындағы «Settings» (баптаулар) мәзірінде қосу керек. Таңдаңыз:


- «All menus» (Барлық мәзір) → «Setup» (Баптау) → «Vehicle» (Автокөлік) → «Heated / Ventilated Features» (Жылыту/желдету функциялары)

Жайлылықты автоматты түрде басқару туралы қосымша мәлімет 3-тараудың «Орындықтардың жылытқыштары» және «Ауамен желдетілетін орындықтар» бөлімінде және 5-тараудың «Жылытылатын руль» бөлімінде берілген.

Автоматты желдету (бар болса)

Климат-контроль жүйесі рециркуляция режимінде төмен температурада белгілі бір уақыт ішінде (шамамен 30 минут) істеп тұрғанда, автоматты түрде таза ауа беру режимін таңдайды.

Автоматты желдету параметрлерінен бас тарту немесе қосу

Ауа баптау жүйесі қосылып тұрғанда, «Бет деңгейінде»  режимін таңдап, «A/C» (Ауа баптау) түймесін басып тұрып, рециркуляция түймесін 3 секунд ішінде бес реттен артық басыңыз.

Автоматты желдетуден бас тартқанда, индикатор 3 рет жыпылықтайды. Автоматты желдетуді қосқанда, индикатор 6 рет жыпылықтайды.

САҚТАУ БӨЛІМДЕРІ

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік ішінде оттықтарды, пропан баллондарын немесе басқа оңай тұтанғыш немесе жарылу қаупі бар заттарды сақтауға тыйым салынған. Олар автокөлікке жоғары температура ұзақ әсер еткенде жанып және/немесе жарылып кетуі мүмкін.


АБАЙЛАҢЫЗ

Көлік жүргізгенде, сақтау бөлімінің қақпағы ӨРДАЙЫМ жабық болуы керек. Автокөлік ішіндегі заттар автокөлік сияқты жылдам қозғалады. Егер дереу тоқтау не бұрылу керек болса, не болмаса соқтығыс орын алса, заттар бөлімінен ұшып кетіп, жүргізушіге не жолаушыға соғылып, жарақаттауы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Ұрлық жасау ықтималдығына жол бермеу үшін бағалы заттарды сақтау бөлімдерінде қалдырмаңыз.


Орталық консольдегі сақтау бөлімі



Ашу:

Шынтақтаяныштағы ысырма түймесін басып тұрып, қақпақты көтеріңіз.

Ұсақ-түйек тартпасы



Ашу:

Іінтіректі тартыңыз (1).

АБАЙЛАҢЫЗ

Ұсақ-түйек тартпасының есігі пайдаланылып болған соң ҮНЕМІ жабық күйде тұруы керек.

Жол-көлік апаты орын алғанда, ұсақ-түйек тартпасының ашық есігі жолаушыға, қауіпсіздік белбеуін тағып отырса да, ауыр жарақат келтіруі мүмкін.

САЛОННЫҢ ІШКІ ӘРЛЕУ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Күлсалғыш (бар болса)



Күлсалғышты қолдану үшін, қақпағын ашыңыз.

Күлсалғышты тазалау:

Күлсалғыш астауын шешіп алу керек. Ол үшін қақпақты саға тіліне қарсы бұрап, шығарып алыңыз және астауды жоғары көтеріңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ


Егер тұтатылған темекіні немесе сіріңкелерді күлсалғышқа басқа да жанғыш материалдармен бірге салса, өрт шығуы мүмкін.

Стақан қойғыш (бар болса)

Алдынан



Артынан



Ыдыстарды немесе кішкене банкарды сусындарға арналған ұстағышқа орнатуға болады.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Сусын төгілмес үшін, сусындарға арналған ұстағыш қолданылғанда автокөлік жылдамдығын күрт үдетуге және тежеуге болмайды. Ыстық сұйықтық төгілсе, күйік шалуы мүмкін. Жүргізушіні осындай күйік шалғанда, ол көлікті жүргізе алмай, жол-көлік апатына ұшырауы мүмкін.
- Автокөлік қозғалысы кезінде сусындарға арналған ұстағышқа ішінде ыстық сұйықтығы бар ыдыстарды, бөтелкелерді, банкаларды және т.б. ашық күйінде қоюға болмайды. Кенеттен тоқтау не соқтығысу кезінде жарақат келтіруі мүмкін.
- Сусындарға арналған ұстағыштарға тек жұмсақ материалдардан жасалған стақандарды қою керек. Жол-көлік апаты орын алған жағдайда, қатты заттар жарақат келтіруі мүмкін.




АБАЙЛАҢЫЗ

Банкалар мен бөтелкелерді тікелей күн сәулесінің әсерінен алшақ ұстаңыз және салон температурасы жоғарылауы мүмкін автокөлік ішінде оларды қалдырмаңыз. Олар жарылуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Сусындар шашырамауы үшін, оларды қозғалыс кезінде ашпаңыз. Төгілген сұйықтық автокөліктің электрлік/электронды жабдығы жүйесіне кіріп, компоненттерін зақымдауы мүмкін.
- Стақан қойғышты төгілген сұйықтықтардан тазалағанда, оны жоғары температураларда кептіруге болмайды. Бұл стақан қойғыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Күнқағар



Күнқағарды пайдалану үшін оны төмен тартып түсіру керек.

Күнқағарды бүйірлік терезеге қолдану үшін оны төмен тартып, бекітпесінен (1) шығарып, бүйірлік әйнекке бұрып қою керек (2).

Күнқағардағы айнаны пайдалану үшін күнқағарды түсіріп, айна қақпағын (3) ысыру керек.

Қажет болғанда, күнқағарды алға не артқа жылжытып, (4, бар болса), реттеңіз. Түбіртектерді сақтау үшін ұстағышты (5) қолданыңыз.

Жапқыш айнасын толығымен жауып, күнқағарды қолданып болған соң бастапқы қалпына келтіріңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін күнқағарды пайдаланғанда көру мүмкіндігін жаппау керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Талондарға арналған ұстағышқа бірнеше талонды бір уақытта салмаңыз.

Бұл ұстағыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Электр розеткасы



Розетка мобильді телефондарды немесе автокөліктің электрлік жүйесінен қуаттанатын басқа электр құралдарды қосуға арналған.

Қозғалтқыш оталып тұрғанда электр құралдар 180 Вт кем электр қуатын тұтынуы тиіс.



АБАЙЛАҢЫЗ

Электр тогының соғуынан сақтану керек. Розеткаларға саусақтарды немесе басқа да заттарды (мысалы, түйреуіштерді) салуға немесе розеткаларды су қолмен ұстауға тыйым салынады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Қуаттау розеткасы зақымдалмас үшін:

- Электр құралдарды қозғалтқыш істеп тұрғанда ғана қосып, қолданып болған соң бірден өшіру керек. Қозғалтқыш істемей тұрғанда розетканы ұзақ уақыт бойы пайдалану аккумулятордың қуатсыздануына әкелуі мүмкін.
- Тек 12 В кернеуіне есептелген, тұтынатын қуаты 180 Вт кем электр құрылғыларын ғана қосу керек.
- Электр розеткасын пайдаланғанда, ауаны баптау немесе жылыту жүйесінің ең төменгі жұмыс режимін орнату керек.
- Розетка пайдаланылмайтын болса, қақпақты жабыңыз.
- Розеткаға қосқан кезде кейбір электр құралдар электр кедергілерді тудыруы, сондай-ақ автокөліктің электронды жүйелері мен құрылғыларының жұмысын бұзуы мүмкін.
- Ашаны тірелгенше сұғыңыз. Түйісу нашар болса, аша қызып кетуі және сақтандырғыш қосылуы мүмкін.
- Аккумулятор батареясымен жабдықталған кері токтан қорғайтын электрлік/электронды құрылғыларды қосыңыз. Аккумулятор батареясының тогы автокөліктің электрлік/электронды жүйесіне өтіп, жүйе жұмысындағы ақауға себеп болуы мүмкін.

USB зарядтағыш құрылғысы (бар болса)



USB зарядтағыш құрылғысы жүргізуші мен алдыңғы жолаушы орындықтарының арасындағы консольдің ішінде орналасқан. USB зарядтағыш құрылғысының кабелін қосымша қуаттау үшін смартфонның немесе планшеттік ДК-дің USB портына қосыңыз.

- Заряд күйі/зарядтаудың аяқталғаны туралы хабарлама смартфон немесе планшеттік ДК экранында көрсетіледі.
- Қайта зарядтау барысында смартфон немесе планшеттік компьютер қызуы мүмкін. Бұл зарядтау жүйесінің қандай да бір ақаулығын білдірмейді.
- Басқа қайта зарядтау әдісі қолданылатын смартфон не планшеттік компьютер дұрыс зарядталмауы мүмкін. Бұл жағдайда құрылғыңыздың эксклюзивті зарядтау құрылғысын пайдаланыңыз.
- Зарядтау модулі құрылғыларды зарядтауға ғана арналған. Зарядтау модулін аудионы және ақпараттық-ойын-сауық жүйесінде мультимедианы ойнату үшін қолдануға болмайды.

Ұялы телефонды сымсыз зарядтау жүйесі (бар болса)



[A]: Зарядтау панелі

Алдыңғы консольдің ішінде ұялы телефондарды зарядтауға арналған сымсыз қуаттау құрылғысы бар.

Жүйе барлық есіктер жабық, ал оталдыру жүйесі құлпындағы кілт «ACC» (Қосымша құрылғылар) немесе «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда қолжетімді болады.

Ұялы телефонды зарядтау

Ұялы телефондарды сымсыз зарядтау жүйесі Qi (☼) стандартын қолдайтын ұялы телефондарды ғана зарядтайды. Ұялы телефон керек-жарағының қақпағындағы заттаңбаны оқыңыз немесе ұялы телефон өндірушісінің веб-сайтына кіріп, телефоныңыз Qi технологиясын қолдайтынын не қолдамайтынын анықтап алыңыз.

Сымсыз зарядтау процесі Qi қолдайтын мобильді телефонды сымсыз зарядтау модулінің үстіне қойғанда басталады.

1. Сымсыз зарядтау блогынан электронды кілтпен қоса басқа заттарды алып тастаңыз. Әйтпесе сымсыз зарядтау процесі үзіледі. Ұялы телефонды зарядтау панелінің ортасына қойыңыз.

2. Ұялы телефон зарядталғанда, индикатор қызғылт сары болып жанады. Телефон зарядталып болғанда, индикатор жасыл болып жанады.
3. Сымсыз зарядтау функциясын аспаптар тақтасындағы «User Settings» (Пайдаланушы баптаулары) мәзірін таңдап қосуға не өшіруге болады. Толық ақпаратты осы тараудың «СК дисплей режимдері» бөлімінен қараңыз.

Егер ұялы телефон зарядталмаса:

- Зарядтау панеліндегі ұялы телефонды сәл қозғалтып көріңіз;
- Сигнал шамының қызғылт сары болып жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Сымсыз зарядтау жүйесі ақаулы болған жағдайда, сигнал шамы қызғылт сары түспен 10 секунд жыпылықтайды.

Бұл жағдайда зарядтау процесін уақытша тоқтатып, ұялы телефонды сымсыз зарядтау жүйесі арқылы қайта зарядтап көріңіз.

Егер қозғалтқышты сөндіріп, алдыңғы есікті ашқан соң ұялы телефон әлі де сымсыз зарядтау құрылғысында жатса, жүйе СК дисплейдегі хабарлама арқылы сізге ескерту жасайды. Кейбір өндірушілердің ұялы телефондары үшін, ұялы телефон тіпті сымсыз зарядтау құрылғысының үстінде тұрса да, жүйеден ескерту берілмеуі мүмкін. Бұл нақты мобильді телефонның сипаттамаларына байланысты және сымсыз зарядтау функциясының ақаулығын білдірмейді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Ұялы телефондарды сымсыз зарядтау жүйесі Qi (Qi) сипаттамасына сәйкестік тексерісінен өтпеген кейбір телефондармен істемеуі мүмкін.
- Ұялы телефонды зарядтау панеліне салғанда, зарядтау өнімділігі оңтайлы болу үшін оны панельдің ортасына орналастырыңыз. Ұялы телефоныңыз шетке жылып кетсе, зарядтау жылдамдығы төмен болуы мүмкін, ал кейбір жағдайларда оның жылу өткізгіштігі артуы мүмкін.
- Кейбір жағдайларда сымсыз зарядтау процесі қашықтан басқару немесе интеллектуалды кілтті қолданғанда уақытша тоқтап қалуы мүмкін: Автокөлікті оталдырғанда немесе есіктерді құлыптағанда/ құлпын ашқанда және т.б.
- Кейбір ұялы телефондарды зарядтағанда, аккумулятор зарядының индикаторы құрылғы толығымен зарядталған кезде жасыл түске ауыспауы мүмкін.
- Сымсыз зарядтау процесі ұялы телефонды сымсыз зарядтау жүйесінің температурасы нормадан ауытқып артқанда уақытша тоқтап қалуы мүмкін. Сымсыз зарядтау процесі температура нақты деңгейге дейін түскенде қалпына келеді.
- Мобильді телефон мен сымсыз зарядтау жүйесінің арасында тиын сияқты металл зат тұрып қалса, сымсыз зарядтау процесі уақытша тоқтап қалуы мүмкін.
- Өзін қорғау функциясы бар кейбір ұялы телефондарды зарядтағанда, сымсыз зарядтау жылдамдығы төмендеп, сымсыз зарядтау процесі тоқтап қалуы мүмкін.
- Ұялы телефонның қақпағы қалың болса, сымсыз зарядтау процесін орындау мүмкін болмайды.
- Ұялы телефон зарядтау панеліне толық тимей тұрса, сымсыз зарядтау функциясы дұрыс істемеуі мүмкін.

- Кейбір магнитті заттар (кредит карталары, телефон карталары, банк кітапшалары мен билеттер), сымсыз қуаттау кезінде құрылғының жанында қалдырған жағдайда зақымдалуы мүмкін.
- Зарядтау панеліне сымсыз зарядтау функциясы жоқ ұялы телефонды немесе кез келген металл затты қойса, әлсіз шу естілуі мүмкін. Дыбыс автокөлік жүйесі зарядтау панеліне қойылған заттың үйлесімдігін анықтағандықтан туындайды. Бұдан автокөліктің немесе ұялы телефонның жұмысына ешқандай кері әсер болмайды.

Ақпарат

Зарядтау процесі оталдыру жүйесінің кілті «LOCK/OFF» (Бұғаттау/өшіру) қалпында тұрса да тоқтайды.

Сағат

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік жүріп келе жатқанда, сағатты баптауға болмайды. Себебі автокөлікті жүргізу мүмкіндігінен айырылып, соның салдарынан ауыр жарақаттар келуі немесе жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.

Толық мәлімет автокөлікпен жеткізілетін нұсқаулықта берілген.

Шылымтұтатқыш (бар болса)



OON7050140L

Шылымтұтатқышты қолдану үшін оталдыру жүйесінің кілті «ACC» (Қосымша құрылғылар) немесе «ON» (Қосу) қалпында болуы керек.

Шылымтұтатқышты қолдану үшін оны тірелгенше ұясына қарай қатты басыңыз. Қыздыру элементі қажетті температураға дейін қызып болғанда, шылымтұтатқыш автоматты түрде дайындық қалпына оралады.

Ауыстыру үшін HYUNDAI дилерінен бөлшектерді сатып алған жөн.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Шылымтұтатқыш қызған соң, оны басылған күйінде ұстамаңыз, себебі ол қызып кетуі мүмкін.
- Осы себепті, шылымтұтатқыш қосылғаннан кейін 30 секундтан соң бастапқы қалпына автоматты түрде оралмаса, оны ұясынан шығарып алу керек.
- Шылымтұтатқыш ұясына бөгде заттарды салмаңыз. Бұл оның зақымдалуына әкелуі мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Шылымтұтатқыш ұясында түпнұсқа HYUNDAI шылымтұтатқышын немесе автокөлігіңіз үшін көрсетілген баламасын ғана қолданған жөн. Қосымша құрылғыларды (мысалы, электр ұстара, қолмен басқарылатын шаңсорғыш немесе кофепісіргіш) қосуға арналған ұяны пайдалану оның зақымдалуына немесе электр жүйесінің бұзылуына себеп болуы мүмкін.


Киімге арналған ілгек (бар болса)



©TM048095

Бұл ілгектер габаритті үлкен және ауыр заттарға арналмаған.

АБАЙЛАҢЫЗ



©CN7050071

Ілгекке киімнен басқа ештеңе ілмеңіз (соның ішінде иықағашты немесе қатты заттарды). Сонымен қатар, киім қалталарына ауыр, өткір немесе сынғыш заттарды салуға болмайды. Апат орын алғанда немесе қауіпсіздік пердесі ауаға толған жағдайда, бұл заттар автокөлікті зақымдауы немесе жарақаттарға әкелуі мүмкін.

АҚПАРАТТЫҚ ОЙЫН-САУЫҚ ЖҮЙЕСІ

i Ақпарат

- Егер конструкцияда қарастырылмаған газразрядты фараларды орнатса, автокөліктің аудиожүйесі мен электронды аспаптары дұрыс істемейі мүмкін.
- Салон элементтеріне иісу, косметикалық май, күннен қорғайтын жақпамай, қол тазалайтын зат пен ауа сергіткіш сияқты химиялық заттардың түсуіне жол бермеңіз, өйткені олар салон бетін зақымдауы немесе түссіздендіруі мүмкін.

USB порты




USB портын USB құрылғыларын қосу үшін пайдалануға болады.

i Ақпарат

Қуат ағытпасына қосылған тасымалданатын аудиоқұрылғыны пайдаланған кезде, ойнату кезінде шуыл естілуі мүмкін. Мұндай кезде тасымалданатын аудиоқұрылғының қуат көзін пайдаланыңыз.

Антенна



«Акуланың арқа қанаты» антеннасы (1, бар болса)

«Акуланың арқа қанаты» антеннасы таратылатын деректерді қабылдайды (мысалы, USB сигналы).


Әйнектегі антенна (2)

Автокөлік АМ және FM жиіліктеріндегі радиостанциялар сигналдарын қабылдау үшін әйнектегі антеннамен жабдықталған.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Артқы терезенің әйнегіндегі антеннаны зақымдап алмау үшін оны өткір құралдармен немесе абразивті құралдармен ешқашан тазаламаңыз. Артқы терезе әйнегінің ішкі бетін жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.
- Артқы терезе әйнегінің ішкі бетіне ескертуші белгілер жапсырғанда, антеннаны зақымдап алмау үшін абай болыңыз.
- Металл жабынды (мысалы, никель, кадмий және басқасын) пайдаланудан аулақ болыңыз.
- Бұл АМ және FM диапазондарында тарату сигналдарын қабылдауға кедергі келтіруі мүмкін.
- Артқы терезе әйнегіндегі антеннаның жанына өткір құралдарды қоймаңыз.
- Артқы әйнекті күңгірттеу антеннаның жұмысына әсер етуі мүмкін.

Аудиожүйені рульден басқару



Ыңғайлылық үшін рульге аудиожүйені басқару ауыстырып қосқыштары орнатылған.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Қашықтан басқару пультінің бірнеше түймесін бір уақытта басуға болмайды.

ДЫБЫС ҚАТТЫЛЫҒЫ (VOL + / VOL-) (1)

- Дыбыс қаттылығын жоғарылату үшін «VOLUME» (Дыбыс қаттылығы) ауыстырып қосқышын жоғары жылжытыңыз.
- Дыбыс қаттылығын азайту үшін «VOLUME» (Дыбыс қаттылығы) ауыстырып қосқышын төмен жылжытыңыз.

«SEEK/PRESET» (Іздеу/ Алдын ала орнату) (↖↗) (2)

«SEEK» (Іздеу) түймесін жоғары қарай жылжытып, 0,8 с не одан ұзағырақ ұстап тұрғанда, мына режимдер пайдаланылады.

- «**RADIO**» (Радио) режимі
«**AUTO SEEK**» (Автоіздеу) таңдау түймесі ретінде жұмыс істейді. «**SEEK**» (Іздеу) функциясы ауыстырып қосқышты жібергенше орындалады.
- «**MEDIA**» (Тасығыш) режимі
«**FF/REW**» (АЛҒА/АРТҚА АЙНАЛДЫРУ) түймесі ретінде істейді.
«**SEEK**» (Іздеу) ауыстырып қосқышын жоғары не төмен қарай жылжытқанда, мына режимдер пайдаланылады.
- «**RADIO**» (Радио) режимі
«**PRESET STATION UP/DOWN**» (алдын ала реттелген станция, жоғары/төмен) ауыстырып қосқышы ретінде істейді.
- «**MEDIA**» (Тасығыш) режимі
«**TRACK UP/DOWN**» (келесі/алдыңғы жазба) ауыстырып қосқышы сияқты істейді.

«**MODE**» (Режим) (⊙) (3)

Радионы таңдау үшін «**MODE**» (Режим) түймесін басыңыз.

«**MUTE**» (Үнсіз) (🔇) (4)

- Дыбысты өшіру үшін түймені басыңыз.
- Дыбысты қосу үшін түймені тағы бір рет басыңыз.


i Ақпарат

Аудиожүйені басқару түймелерінің толық сипаттамасы осы тарауда берілген.

Ақпараттық-ойын-сауық жүйесі (бар болса)

Автокөлігіңіз қосымша навигация жүйесімен жабдықталған болса, толық мәліметті бөлек жеткізілетін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығынан қараңыз.


Дауысты тану жүйесі (бар болса)



Көптеген ақпараттық-ойын-сауық функцияларын дауысты тану жүйесімен басқаруға болады.

Автокөлігіңіз қосымша навигация жүйесімен жабдықталған болса, толық мәліметті бөлек жеткізілетін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің нұсқаулығынан қараңыз.

Bluetooth® сымсыз технологиясы негізіндегі гарнитура (бар болса)




Телефонды Bluetooth® сымсыз байланыс технологиясы арқылы қолдануға болады.

- (1) «Қоңырау шалу және қабылдау» түймесі
 - (2) Қоңырауды аяқтау түймесі
 - (3) Сол жақ микрофон
 - (4) Оң жақ микрофон
- Аудиожүйе: толық ақпарат осы тараудың «Аудиожүйе» бөлімінде берілген.
 - Навигация: Bluetooth® технологиясы бар дауыстап сөйлесу жүйесін пайдалану туралы толық ақпаратты бөлек жеткізілетін нұсқаулықтан табуға болады.

Автокөлік радиостанциясының жұмыс істеу принципі

FM-радио қабылдау




AM және FM диапазондарындағы радиосигналдарды елді мекендердің айналасында орналасқан ретрансляциялық мұнаралар таратады. Бұл сигналдар автокөліктің радиоантеннасымен қабылданады. Содан кейін сигнал радиоқұрылғыға беліріп, автокөлік бағаналарынан естіледі.

Автокөлікке қатты радиосигнал берілгенде, автокөліктің мұқият тексерілген аудиожүйесі аса жоғары сапалы ойнатуды қамтамасыз етеді. Алайда кейбір жағдайларда автокөлікке берілетін сигнал әлсіз әрі анық емес болуы мүмкін.


Бұл радиостанцияның алыстығы, сигналы қатты басқа радиостанциялардың жанында болу немесе ғимараттар, көпірлер мен өзге ірі құрылымдардың орналасуы сияқты факторларға байланысты болуы мүмкін.

AM-радио (MW-, LW-радио) қабылдау




AM диапазонындағы радиосигналдарды FM диапазонындағы радиосигналдармен салыстырғанда алыс қашықтықтан қабылдауға болады. Бұл AM-радиотолқындардың төмен жиіліктерде берілуімен байланысты. Ұзын, жиілігі төмен радиотолқындар тікелей берілмей, жер бетінің иілген профилінен ереді. Сонымен бірге, олар қамту аймағын кеңейтуді қамтамасыз ететіндей, кедергілерден айналып өтеді.

FM-радиостанция




FM-радиосигналдар жоғары жиіліктерде беріледі және жер бетінің профилінен ермейді. Сол себептен FM-сигналдар радиостанциядан алыс емес қашықтықта жойыла бастайды. Оған қоса, FM-сигналдардың сапасына ғимараттар, төбелер мен өзге кедергілер әсер етуі мүмкін.

Бұл радио тыңдаудың нақты жағдайларын жасап, пайдаланушы радиоқабылдағыш ақаулы деп санауы мүмкін. Келесі жағдайлар стандартты болып табылады және радиоқабылдағыштың ақаулығын білдіреді:



- Басылу — автокөлік радиостанциядан алшақтаған сайын сигнал әлсіреп, дыбыс жайырақ болады. Бұл жағдайда сигналы қаттырақ радиостанцияны таңдаған жөн.
- Діріл/шуыл кедергілері — таратқыш пен радиоқабылдағыш арасындағы әлсіз FM-сигналдар немесе үлкен бөгеттер шуыл кедергілердің пайда болуына және дірілдеген дыбыстардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Жоғары жиіліктер деңгейін азайту кедергілер жойылғанша осы әсерді кетіруге көмектесуі мүмкін.



- Станцияны ауыстыру — FM-сигнал әлсіреген сайын жақын жиілікте орналасқан, сигналы қаттырақ станция ойнатыла бастауы мүмкін. Бұл радиоқабылдағыштың аса нақты сигналды таңдауымен байланысты. Бұл жағдайда сигналы қаттырақ радиостанцияны таңдаған жөн.
- Толқындарды қарсы басу — түрлі бағыттағы радиосигналдарды қабылдау кедергі жасап, дыбыстың дірілдеуіне әкелуі мүмкін. Бұл бір станциядан тікелей және шағылысқан сигналды қабылдаумен немесе жақын жиілікте істейтін екі станциядан сигналдар қабылдаумен байланысты болуы мүмкін. Бұл жағдайда проблема жойылғанша, басқа станцияны іздеп көріңіз.

Ұялы телефонды немесе дуплексті радиобайланысты пайдалану

Автокөлік ішінде ұялы телефонды пайдаланғанда аудиожүйеден шуыл естілуі мүмкін. Бұл аудиожүйенің ақаулығын білдірмейді. Бұл жағдайда ұялы телефонды аудиожабдықтан мүмкіндігінше алыс пайдаланыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөлік ішінде байланыс жүйесін (мысалы, ұялы телефонды немесе радиостанцияны) пайдаланғанда, бөлек сыртқы антеннаны орнату керек. Егер ұялы телефонды немесе радиостанцияны тек ішкі антеннамен қолданса, автокөліктің электр жүйесінің жұмысында кедергілер пайда болып, автокөлікті қауіпсіз пайдалануға теріс әсер етуі мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлікті жүргізген кезде ұялы телефонды қолданбаңыз. Ұялы телефонды пайдалану үшін қауіпсіз жерге алдын ала барып тоқтаңыз.

АУДИОЖҮЙЕ (СЕНСОРЛЫҚ ЭКРАНСЫЗ)

Жүйе құрылымы — басқару тақтасы



(Bluetooth® сымсыз байланыс технологиясымен)

AAJ4L0000RU

(1) **AUDIO (Аудио) түймесі**

- Радио/аудиотасығыш режимін таңдау терезесін көрсету үшін басыңыз.
- Режимді таңдау терезесі көрсетілгеннен кейін, **[TUNE]** (Баптау) реттегішін қалаған режимді таңдау үшін бұрап, реттегішті басыңыз.
- Қалқыма терезе режимі **[MENU/CLOCK]** (Мәзір/сағат) → «Mode pop up» (Режимнің қалқыма терезесі) мәзірінен таңдалмаса, басқару тақтасындағы **[AUDIO]** (Аудио) түймесін басып, радио режимін ауыстырыңыз. Басқару тақтасындағы **AUDIO** (Аудио) түймесін басқан сайын, жұмыс режимі біртіндеп радио ► мультимедиа арасында ауысып қосылады.

(2) **PHONE (Телефон) түймесі**

- Мобильді телефон Bluetooth арқылы қосыла бастауы үшін басыңыз.
- Телефон Bluetooth арқылы қосылған соң, телефонның Bluetooth мәзіріне қол жеткізу үшін басыңыз.

(3) **FAV түймесі**

- Радионы тыңдап отырғанда алдын ала орнатылған станциялар тізімінің келесі бетіне өту үшін басыңыз.

(4) **POWER (Қуат) түймесі / VOL реттегіші (Дыбыс қаттылығы)**

- Жүйені қосу немесе өшіру үшін басыңыз.
- Бас құрылғының дыбыс қаттылығын реттеу үшін солға не оңға бұраңыз.

* Автокөліктің үлгісі мен техникалық сипаттамаларына байланысты белгішелердің сыртқы көрінісі мен орналасуы өзгешеленуі мүмкін.



(Bluetooth® сымсыз байланыс технологиясымен)

AAJ4L0001RU

(5) SEEK/TRACK (Іздеу/трек) түймесі

- Станцияны/өлеңді/файлды ауыстыру.
- Радионы тыңдап отырғанда станцияны таңдау үшін басып ұстап тұрыңыз.
- Медиафайлдар ойнатылған кезде артқа не алға қарай айналдыру үшін басып ұстап тұрыңыз (Bluetooth аудио режимінен басқа).

(6) MENU (Мәзір) түймесі / CLOCK (Сағат) түймесі

- Ағымдағы режим мәзіріне өту үшін басыңыз.
- Баптауларға өту үшін басып ұстап тұрыңыз.

(7) TUNE (Баптау) реттегіші / FILE (Файл) реттегіші / ENTER (Енгізу) түймесі


- Радионы тыңдаған кезде жиілікті реттеу үшін бұраңыз.
- Медиафайлдар ойнатылған кезде, тректі/файлды іздеу үшін бұраңыз (Bluetooth аудио режимінен басқа).
- Реттегішті бұрап іздеген кезде ағымдағы тректі/файлды таңдау үшін басыңыз (Bluetooth аудио режимінен басқа).

(8) Цифрлық түймелер (1 RPT~ 4 BACK)

- Радионы тыңдап отырғанда сақталған радиостанцияны таңдау үшін басыңыз.
- Радионы тыңдап отырғанда ағымдағы радиостанцияны алдын ала орнатуларда сақтау үшін басып ұстап тұрыңыз.
- USB/Bluetooth аудиорежимдерінде қайталап ойнату режимін өзгерту үшін [1 RPT] (Қайталау) түймесін басыңыз. Кездейсоқ тәртіппен ойнату режимін өзгерту үшін [2 SHFL] (Кездейсоқ тәртіппен) түймесін басыңыз.
- Алдыңғы экранға оралу үшін [4 BACK] (Артқа) түймесін басыңыз (алдын ала орнатылған станциялар тізімінен басқа).

* Автокөліктің үлгісі мен техникалық сипаттамаларына байланысты белгішелердің сыртқы көрінісі мен орналасуы өзгешеленуі мүмкін.

Жүйе құрылымы — рульден қашықтан басқару



(Bluetooth® қолдайтын үлгі)

* Автокөліктің үлгісі мен техникалық сипаттамаларына байланысты белгішелердің сыртқы көрінісі мен орналасуы өзгешеленуі мүмкін.

(1) MUTE (Үнсіз) түймесі

- Тыныш режимді қосу және өшіру үшін басыңыз.
- Телефонмен сөйлескен кезде микрофонды қосу немесе өшіру үшін басыңыз.
- Медиафайлды ойнатқанда басып қалып, файлды кідіруге немесе ойнатуды жалғастыруға мүмкіндік береді (бар болса).

(2) MODE түймесі (Режим)

- Радио және тасығыштан ойнату режимдерінің арасында ауысу үшін басыңыз.
- Жүйені қосу/өшіру үшін басып ұстап тұрыңыз.

(3) Дыбыс қаттылығын реттеу иінтірегі

- Дыбыс қаттылығын реттеу үшін жоғары не төмен басыңыз.

(4) Up/Down (Жоғары/төмен) иінтірегі

- Станцияны/өлеңді/файлды ауыстыру.
- Радионы тыңдап отырғанда алдыңғы/келесі сақталған радиостанцияны таңдау үшін басыңыз да, жіберіңіз.

- Радионы тыңдап отырғанда станцияны таңдау үшін басып ұстап тұрыңыз.
- Медиафайлдар ойнатылған кезде артқа не алға қарай айналдыру үшін басып ұстап тұрыңыз (Bluetooth аудио режимінен басқа).

(5) Call/Answer (Қоңырау шалу/қабылдау) түймесі

- Мобильді телефон Bluetooth арқылы қосыла бастауы үшін басыңыз.
- Телефонды Bluetooth арқылы қосқан соң, осы түймені соңғы қоңыраулар тізімін көру үшін басыңыз. Соңғы телефон нөміріне қоңырау шалу үшін басып ұстап тұрыңыз. Кіріс қоңырауы кезінде, қоңырауға жауап беру үшін басыңыз.
- Телефонмен сөйлескен кезде ағымдағы және кідірілген қоңырау арасында ауысу үшін басыңыз. Қоңырауды жүйелік құрылғыдан мобильді телефонға және керісінше ауыстырып қосу үшін басып ұстап тұрыңыз.

(6) Қоңырауды аяқтау түймесі

- Біреу қоңырау шалғанда — қоңыраудан бас тарту.
- Қоңырау кезінде — қоңырауды аяқтау.



ЕСКЕРТУ — көлік жүргізу туралы

- Қозғалыс кезінде жүйені басқармаңыз. Автокөлікті жүргізу кезінде басқа нәрсеге алаңдау салдары автокөлікті жүргізу мүмкіндігінен айырып, апатқа, ауыр жарақаттарға немесе өлімге себеп болуы мүмкін. Жүргізушінің негізгі міндеті — жол қозғалысының барлық ережелерін сақтай отырып, автокөлікті қауіпсіз түрде басқару. Қозғалыс кезінде мобильді құрылғыларды, жүргізуші зейінін сол міндетті орындаудан бөлетін автокөлік жабдығын не жүйелерін қолдануға тыйым салынады.

- **Автокөлікті жүргізген кезде экранға қарамаңыз.** Көлік жүргізген кезде зейінді басқа нәрсеге бөлу апатқа әкелуі мүмкін. Бір уақытта бірнеше әрекеттің орындалуын талап ететін функцияларды қолданбай тұрып автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтату керек.
- **Мобильді телефонды қолданбас бұрын, автокөлікті тоқтатыңыз.** Автокөлікті жүргізген кезде мобильді телефонды қолдану апаттың орын алуына әкелуі мүмкін. Қажет болғанда, қоңырау шалу үшін Bluetooth арқылы дауыстап сөйлеуді пайдаланыңыз және телефонмен сөйлесу ұзақтығын қысқартыңыз.
- **Дыбыс қаттылығы айналадағы дыбыстардың естілуін қамтамасыз етуі керек.** Айналадағы дыбыстарды есту мүмкін болмағанда апат орын алуы мүмкін. Ұзақ уақыт бойы дыбысты қатты шығарып тыңдау есту органдарының зақымдалуына әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ — аудиожүйені қолдану ережесі

- **Аудиожүйені бөлшектеуге не түрлендіруге болмайды.** Мұндай әрекеттер жазатайым оқиғаға, өртке не ток соғуға әкелуі мүмкін.
- **Аудиожүйенің ішіне сұйықтықтың не бөгде заттардың түсуіне жол бермеңіз.** Сұйықтықтар немесе бөгде заттар зиянды газдардың түзілуіне, өртке немесе жүйенің қате жұмысына әкелуі мүмкін.
- **Жүйе жұмысында ақаулықтар (мысалы, аудиосигналдың не көрсетілімнің болмауы) болғанда, оны пайдалануды тоқтатыңыз.** Егер ақаулы аудиожүйені пайдалана берсеңіз, өрт шығуы, ток соғуы және жүйе өшуі мүмкін.
- **Найзағай кезінде антеннаны ұстауға болмайды, себебі мұндай әрекеттерді орындағанда найзағай салдарынан ток соғуы мүмкін.**

Ақпарат — аудиожүйені пайдалану туралы мәлімет

- **Аудиожүйені қозғалтқыш істеп тұрғанда пайдаланыңыз.** Қозғалтқыш істемей тұрғанда аудиожүйені ұзақ уақыт қолдану салдарынан аккумулятор батареясының заряды отыруы мүмкін.
- **Рұқсат етілмеген жабдықты орнатпаңыз.** Рұқсат етілмеген жабдықты пайдалану аудиожүйені пайдаланған кездегі қателікке әкелуі мүмкін. Рұқсат етілмеген жабдықты орнатумен байланысты аудиожүйе жұмысындағы қателерге кепілдік қолданылмайды.

Ақпарат — аудиожүйені пайдалану ережелері

- **Аудиожүйені шамадан тыс әсерлерге ұшыратпаңыз.** Аудиожүйеге түсетін артық қысым СК дисплейдің немесе сенсорлық панельдің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- **Экран мен түймелік панельді тазалаған кезде қозғалтқышты сөндіріп, жұмсақ құрғақ матаны қолдану керек.** Экранды не түймелерді қатты шүберекпен сүрту немесе еріткіштерді (спирт, бензин, бояулар сұйылтқышы және т.б.) пайдалану сызаттардың пайда болуына немесе беттің химиялық зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- **Сұйық ауа балғындатқышты желдеткіш торына орнату ауа ағынының әсерінен тор бетінің деформациясына әкелуі мүмкін.**
- **Құрылғының орналасқан жерін өзгерту керек болса, сатушыға немесе техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласу керек.** Құрылғыны орнату не демонтаждау үшін, кәсіби техникалық білім мен дағдылар қажет.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Жүйеде қандай да бір ақаулықтар пайда болғанда, сатушыға не дилерге хабарласыңыз.
- Ақпараттық-ойын-сауық жүйесін электромагниттік өріс әсері бар орынға орналастыру шу кедергілерінің пайда болуына әкелуі мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Өндіруші: HYUNDAI MOBIS Co., Ltd.
203, Teheran-ro, Gangnam-gu, Seoul,
06141, Korea (Корея).
Тел.: +82-31-260-2707

Аудиожүйені қосу және өшіру

Аудиожүйені қосу үшін қозғалтқышты оталдырыңыз.

- Автокөлікті жүргізу барысында аудиожүйені қолданғыңыз келмесе, оны басқару тақтасындағы **[POWER]** (Қуат) түймесімен өшіре аласыз. Жүйені қайта қосу үшін **[POWER]** (Қуат) түймесін тағы бір рет басыңыз.

Қозғалтқыш сөнгеннен немесе есік ашылғаннан кейін біраз уақыт өткен соң, жүйе автоматты түрде өшеді.

- Автокөліктің үлгісі мен техникалық сипаттамаларына байланысты жүйе қозғалтқыш сөнген соң бірден өшуі мүмкін.
- Аудиожүйені қайта қосқанда соңғы режим мен баптаулар сақталады.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Автокөлік қозғалғанда кейбір функциялар қауіпсіздік мақсатында қолжетімсіз болуы мүмкін. Олар автокөлік қозғалмай тұрғанда ғана істейді. Осы функциялардың кез келгенін қолдану алдында автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойыңыз.
- Жүйе жұмысында ақаулықтар (мысалы, аудиосигналдың не көрсетілімнің болмауы) болғанда, оны пайдалануды тоқтатыңыз. Егер ақаулы аудиожүйені пайдалана берсеңіз, өрт шығуы, ток соғуы және жүйе өшуі мүмкін.



Ақпарат

Аудиожүйені оталдыру жүйесінің құлпы «ACC» (Қосымша құрылғылар) немесе «ON» (Қосу) қалпында болғанда ғана қосуға болады. Қозғалтқыш сөніп тұрғанда аудиожүйені ұзақ уақыт бойы пайдалану салдарынан аккумулятор заряды отырады. Жүйені ұзақ уақыт бойы пайдалануды жоспарласаңыз, қозғалтқышты оталдырыңыз.

Дисплейді қосу және өшіру

Бликтерді болдырмау үшін дисплейді өшіріп қоюға болады. Дисплейді аудиожүйе істеп тұрғанда ғана өшіруге болады.

1. Басқару тақтасындағы **[MENU/CLOCK]** (Баптау/сағат) түймесін басыңыз.
2. Опцияны таңдау терезесі көрсетілген соң **[TUNE]** (Баптау) реттегішін «**Display off**» (Дисплейді өшіру) тармағын таңдау үшін бұрап, ауыстырып қосқышты басыңыз.
 - Дисплей қайта қосу үшін, басқару тақтасындағы кез келген түймені басыңыз.


Жұмыс істеу принципімен танысу

Басқару тақтасындағы цифрлық түймелермен және [TUNE] (Баптау) реттегішімен элементті таңдауға немесе баптауларды өзгертуге болады.

Элементті таңдау

Нөмірленген элементтер

Саны бар тиісті түймені басыңыз.



Нөмірленбеген элементтер


Қажетті элементті таңдау үшін [TUNE] (Баптау) реттегішін бұрап, сол реттегішті басыңыз.



Баптауларды өзгерту

Мәнді өзгерту үшін [TUNE] (Баптау) реттегішін бұрап, өзгерістерді сақтау үшін реттегішті басыңыз.

Мәнді ұлғайту үшін [TUNE] (Баптау) реттегішін оңға, ал азайту үшін солға қарай бұраңыз.




RADIO (РАДИО)

Радионы қосу

1. Басқару тақтасындағы **[AUDIO]** (Аудио) түймесін басыңыз.
2. Режимді таңдау терезесі көрсетілген соң қалаған радио режимін таңдау үшін **[TUNE]** (Баптау) реттегішін бұрап, басыңыз.

FM/AM режимі



- (1) Ағымдағы радио режимі
- (2) Радиостанция деректері
- (3) Алдын ала орнатылған станциялар тізімі

Мәзірдің келесі тармақтарын пайдалану үшін басқару тақтасындағы **[MENU/CLOCK]** (Мәзір/сағат) түймесін басыңыз:


- **«Autostore»** (Автосақтау): радиостанцияны алдын ала орнатылған станциялар тізімінде сақтайды.
- **«Scan»** (Сканерлеу): жүйе радиосигналы қатты радиостанцияны іздей бастап, олардың әрбіреуін шамамен бес секунд бойы ойнатады.
- **«Sound Settings»** (Дыбыстық баптаулар): дыбыс баптауларын (мысалы, дыбыс шоғырланатын аймақтағы) және әрбір жиіліктер ауқымы үшін шығыс деңгейді өзгертуге болады.
 - **«Balance»** (Теңгерім): автокөліктегі дыбыс шоғырланатын аймақты таңдаңыз. **«Balance»** (Теңгерім) тармағын таңдаңыз, қалаған аймақты таңдау үшін **«[TUNE]»** (Баптау) реттегішін бұраңыз, содан кейін реттегішті басыңыз. Дыбыс автокөліктің ортасында шоғырлануы үшін **«Centre»** (Орта) тармағын таңдаңыз.

- **«Equaliser»** (Эквалайзер): әр дыбыстық үн үшін шығыс деңгейін реттеңіз.
- **«Speed dependent vol.»** (Жылдамдыққа байланысты дыбыс қаттылығын реттеу): автокөліктің қозғалыс жылдамдығына байланысты дыбыс деңгейін автоматты түрде реттеуді орнатыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- **Автокөлік үлгісіне немесе оның техникалық сипаттамаларына байланысты, қолжетімді опциялар тізімі өзгешеленуі мүмкін.**
- **Жүйенің техникалық сипаттамаларына немесе автокөлігіңіздің күшейткішіне байланысты, қолжетімді опциялар тізімі өзгешеленуі мүмкін.**
- **«Mode pop up»** (Режимнің қалқыма терезесі). Басқару тақтасындағы **[AUDIO]** (Аудио) түймесін басқанда экранда режимді таңдау терезесі көрсетіледі.
- **«Date/Time»** (Күн/уақыт): жүйе дисплейінде көрсетілген уақыт пен күнді өзгертуге болады.
 - **«Set date»** (Күнді орнату): жүйе дисплейінде көрсетілетін күнді орнатыңыз.
 - **«Set time»** (Уақытты орнату): жүйе дисплейінде көрсетілетін уақытты орнатыңыз.
 - **«Time format»** (Уақыт форматы): 12 немесе 24 сағаттық форматтағы уақытты көрсетуді таңдаңыз.
 - **«Display (Power Off)»** (Көрсету [дисплей өшіп тұрғанда]): аудиожүйенің қуаты өшіп тұрғандағы сағат көрінісін орнатыңыз.
- **«Language»** (Тіл): жүйе тілін өзгертуге болады.

FM/AM (RDS-пен) режимі



- (1) Ағымдағы радио режимі
- (2) Радиостанция деректері
- (3) Алдын ала орнатылған станциялар тізімі


Мәзірдің келесі тармақтарын пайдалану үшін басқару тақтасындағы [MENU/CLOCK] (Мәзір/сағат) түймесін басыңыз:

- **«Traffic announcement» (Жол хабарламалары):** жол хабарламалары функциясын қосады не өшіреді. Хабарламалар мен бағдарламалар (бар болса), автоматты түрде қабылданады.
- **«Autostore» (Автосақтау):** радиостанцияны алдын ала орнатылған станциялар тізімінде сақтайды.
- **«Scan» (Сканерлеу):** жүйе радиосигналы қатты радиостанцияны іздей бастап, олардың әрбіреуін шамамен бес секунд бойы ойнатады.
- **«Sound settings» (Дыбыстық баптаулар):** дыбыс баптауларын (мысалы, дыбыс шоғырланатын аймақтағы) және әрбір жиіліктер ауқымы үшін шығыс деңгейді өзгертуге болады.
 - **«Balance» (Теңгерім):** автокөліктегі дыбыс шоғырланатын аймақты таңдаңыз. **«Balance» (Теңгерім)** тармағын таңдаңыз, қалаған аймақты таңдау үшін [«TUNE»] (Баптау) реттегішін бұраңыз, содан кейін реттегішті басыңыз. Дыбыс автокөліктің ортасында шоғырлануы үшін **«Centre» (Орта)** тармағын таңдаңыз.
 - **Equaliser (Эквалайзер):** әр дыбыстық үн үшін шығыс деңгейін реттеңіз.
 - **«Speed dependent vol.» (Жылдамдыққа байланысты дыбыс қаттылығын реттеу):** автокөліктің қозғалыс жылдамдығына байланысты дыбыс деңгейін автоматты түрде реттеуді орнатыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- **Автокөлік үлгісіне немесе оның техникалық сипаттамаларына байланысты, қолжетімді опциялар тізімі өзгешеленуі мүмкін.**
- **Жүйенің техникалық сипаттамаларына немесе автокөлігіңіздің күшейткішіне байланысты, қолжетімді опциялар тізімі өзгешеленуі мүмкін.**
- **«Mode pop up» (Режимнің қалқыма терезесі).** Басқару тақтасындағы [AUDIO] (Аудио) түймесін басқанда экранда режимді таңдау терезесі көрсетіледі.
- **«Date/Time» (Күн/уақыт): жүйе дисплейінде көрсетілген уақыт пен күнді өзгертуге болады.**
 - **«Set date» (Күнді орнату):** жүйе дисплейінде көрсетілетін күнді орнатыңыз.
 - **«Set time» (Уақытты орнату):** жүйе дисплейінде көрсетілетін уақытты орнатыңыз.
 - **«Time format» (Уақыт форматы):** 12 немесе 24 сағаттық форматтағы уақытты көрсетуді таңдаңыз.
 - **«Display (Power Off)» (Көрсету [дисплей өшіп тұрғанда]):** аудиожүйенің қуаты өшіп тұрғандағы сағат көрінісін орнатыңыз.
- **«Language» (Тіл):** жүйе тілін өзгертуге болады.

DAB режимі



- (1) Ағымдағы радио режимі
- (2) Радиостанция деректері
- (3) Алдын ала орнатылған станциялар тізімі

Мәзірдің келесі тармақтарын пайдалану үшін басқару тақтасындағы [MENU/CLOCK] (Мәзір/сағат) түймесін басыңыз:

- **«Traffic announcement» (Жол хабарламалары):** жол хабарламалары функциясын қосады не өшіреді. Хабарламалар мен бағдарламалар (бар болса), автоматты түрде қабылданады.
- **«List» (Тізім):** барлық қолжетімді радиостанциялар көрсетіледі.
- **«Scan» (Сканерлеу):** жүйе радиосигналы қатты радиостанцияны іздей бастап, олардың әрбіреуін шамамен бес секунд бойы ойнатады.
- **«Sound settings» (Дыбыстық баптаулар):** дыбыс баптауларын (мысалы, дыбыс шоғырланатын аймақтағы) және әрбір жиіліктер ауқымы үшін шығыс деңгейді өзгертуге болады.
 - **«Balance» (Теңгерім):** автокөліктегі дыбыс шоғырланатын аймақты таңдаңыз. **«Balance» (Теңгерім)** тармағын таңдаңыз, қалаған аймақты таңдау үшін [«TUNE»] (Баптау) реттегішін бұраңыз, содан кейін реттегішті басыңыз. Дыбыс автокөліктің ортасында шоғырлануы үшін **«Centre» (Орта)** тармағын таңдаңыз.
 - **Equaliser (Эквалайзер):** әр дыбыстық үн үшін шығыс деңгейін реттеңіз.
 - **«Speed dependent vol.» (Жылдамдыққа байланысты дыбыс қаттылығын реттеу):** автокөліктің қозғалыс жылдамдығына байланысты дыбыс деңгейін автоматты түрде реттеуді орнатыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- **Автокөлік үлгісіне немесе оның техникалық сипаттамаларына байланысты, қолжетімді опциялар тізімі өзгешеленуі мүмкін.**
- **Жүйенің техникалық сипаттамаларына немесе автокөлігіңіздің күшейткішіне байланысты, қолжетімді опциялар тізімі өзгешеленуі мүмкін.**
- **«Mode pop up» (Режимнің қалқыма терезесі):** Басқару тақтасындағы **AUDIO** (Аудио) түймесін басқанда экранда режимді таңдау терезесі көрсетіледі.
- **«Date/Time» (Күн/уақыт): жүйе дисплейінде көрсетілген уақыт пен күнді өзгертуге болады.**
 - **«Set date» (Күнді орнату):** жүйе дисплейінде көрсетілетін күнді орнатыңыз.
 - **«Set time» (Уақытты орнату):** жүйе дисплейінде көрсетілетін уақытты орнатыңыз.
 - **«Time format» (Уақыт форматы):** 12 немесе 24 сағаттық форматтағы уақытты көрсетуді таңдаңыз.
 - **«Display (Power Off)» (Көрсету [дисплей өшіп тұрғанда]):** аудиожүйенің қуаты өшіп тұрғандағы сағат көрінісін орнатыңыз.
- **«Language» (Тіл):** жүйе тілін өзгертуге болады.

Радионың толқындық диапазонын өзгерту

1. Басқару тақтасындағы **[AUDIO]** (Аудио) түймесін басыңыз.
2. Режимді таңдау терезесі көрсетілген соң қалаған радио режимін таңдау үшін **[TUNE]** (Баптау) реттегішін бұрап, басыңыз.
 - Рұльдегі **[MODE]** (Режим) түймесін басқан сайын радио жұмысы режимі біртіндеп FM ► AM арасында ауысады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Егер режимнің қалқыма терезесі **[MENU/CLOCK]** (Мәзір/сағат) ► «Mode рорир» (Режимнің қалқыма терезесі) мәзірінен таңдалмаса, басқару тақтасындағы **[AUDIO]** (Аудио) түймесін басып, радио режимін ауыстырыңыз.

Басқару тақтасындағы **[AUDIO]** (Аудио) түймесін басқан сайын радио жұмысы режимі біртіндеп FM ► DAB (бар болса) ► AM арасында ауысады.

Қолжетімді радиостанцияларды сканерлеу

Қабылдау сапасын бағалау және қалағанын таңдау үшін әрбір радиостанцияны бірнеше секунд бойы тыңдай аласыз.

1. Радио экраны көрсетіліп тұрғанда басқару тақтасындағы **[MENU/CLOCK]** (Мәзір/сағат) түймесін басыңыз.
2. Опцияны таңдау терезесі көрсетілген соң «**Scan**» (Сканерлеу) тармағын таңдау үшін **[TUNE]** (Баптау) ауыстырып қосқышын бұрап, басыңыз.
 - Жүйе радиосигналы қатты радиостанцияны іздей бастап, олардың әрбіреуін шамамен бес секунд бойы ойнатады.
3. Тыңдағыңыз келетін радиостанцияны тапқан соң **[TUNE]** (Баптау) реттегішін басыңыз.
 - Таңдалған радиостанцияны тыңдай беруіңізге болады.

Радиостанцияларды іздеу

Алдыңғы не келесі қолжетімді радиостанцияны іздеу үшін **[< SEEK]** / **[TRACK >]** (Іздеу/трек) түймелерін басыңыз.

- Жіліліктерді жылдам іздеу үшін де **[< SEEK]** / **[TRACK >]** (Іздеу/трек) түймелерін басып ұстап тұруға болады. Түймені жібергенде сигналы қатты радиостанция автоматты түрде таңдалады.

Тыңдағыңыз келетін радиостанцияның нақты жиілігі белгілі болса, басқару тақтасындағы **[TUNE]** (Баптау) реттегішін жиілікті өзгерту үшін бұраңыз.

Радиостанцияларды сақтау

Сүйікті радиостанцияларды сақтап, алдын ала орнатылғандар тізімінен таңдап, тыңдай аласыз.

Ағымдағы радиостанцияны сақтау

Радионы тыңдау кезінде басқару тақтасындағы саны бар қажетті түймені басып ұстап тұрыңыз.

- Сіз тыңдап отырған радиостанция таңдалған нөмірмен қосылады.
- Алдын ала орнатылған станциялар тізімінің келесі берін сақтау үшін **[FAV]** (Таңдаулылар) түймесін басыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Өрбір жиіліктік диапазонда көп дегенде 12 радиостанцияны сақтауға болады.
- Егер таңдалған нөмірмен радиостанция сақталған болса, ол радиостанция сіз тыңдап отырған радиостанцияға алмастырылады.

Автосақтау функциясын пайдалану

Жақсы қабылдау аймағында радиостанцияларды іздеуге болады. Іздеу нәтижелері алдын ала орнатылған радиостанциялар тізімінде автоматты түрде сақталуы мүмкін.

1. Радио экраны көрсетіліп тұрғанда басқару тақтасындағы **[MENU/CLOCK]** (Мезір/сағат) түймесін басыңыз.
2. Опцияны таңдау терезесі көрсетілген соң «Autostore» (Автосақтау) опциясын таңдау үшін **[TUNE]** (Баптау) реттегішін бұрап, басыңыз.

Сақталған радиостанцияларды тыңдау

FM/AM режимі

1. Тыңдағыңыз келетін радиостанцияның алдын ала орнатылған нөмірін растаңыз.
 - Алдын ала орнатылған станциялар тізімінің келесі бетін қарау үшін **[FAV]** (Таңдаулылар) түймесін басыңыз.
2. Басқару тақтасындағы саны бар қажетті түймені басыңыз.
 - Станциялар арасында ауысу үшін сондай-ақ рульдегі иінтіректі жоғары не төмен қарай басуға болады.

МЕДИАПЛЕЕР

Медиаплеерді қолдану

USB жинағыштар, смартфондар сияқты деректерді тасушыларда сақталатын аудиофайлдарды тыңдауға болады.

1. Құрылғыңызды автокөліктің USB портына қосыңыз.
 - Аудиожүйеге қосылған құрылғының түріне байланысты ойнату дереу басталуы мүмкін.
2. Басқару тақтасындағы [AUDIO] (Аудио) түймесін басыңыз.
3. Режимді таңдау терезесі көрсетілгеннен кейін қалаған режимді таңдау үшін [TUNE] (Баптау) реттегішін бұрап, басыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- **Медиа ойнатқышты қосу үшін басқару тақтасындағы [AUDIO] (Аудио) түймесін басыңыз.**
- **Режимдерді рульдегі [MODE] (Режим) түймесін қайталап басу арқылы ауыстыруға болады.**
- **Сыртқы USB құрылғыларын қоспай не өршімей тұрып, жүйенің өшіріліп тұрғанына көз жеткізіңіз.**
- **Қалқыма терезе режимі [MENU/CLOCK] (Мәзір/сағат) ► «Mode rorip» (Режимнің қалқыма терезесі) мәзірінен таңдалмаса, медиаплеер режимін ауыстыру үшін басқару тақтасындағы [AUDIO] (Аудио) түймесін басыңыз.**

Басқару тақтасындағы [AUDIO] (Аудио) түймесін басқан сайын мультимедиа режимі біртіндеп келесі тәртіппен ауысып қосылады: USB ► Bluetooth.
- **Автокөліктің үлгісі мен сипаттамасына байланысты автокөлігіңіздегі қажетті түймелердің бар болуы және USB портының сыртқы көрінісі мен орналасуы сипатталғаннан өзгеше болуы мүмкін.**

- **Смартфонды немесе MP3 құрылғыны жүйеге бір уақытта бірнеше әдіспен (мысалы, USB және Bluetooth арқылы) қоспаңыз. Бұл жүйе жұмысында кедергілердің немесе ақаулардың пайда болуына әкелуі мүмкін.**
- **Қосылған құрылғыдағы эквалайзер функциясын және аудиожүйенің «Tone» (Тембр) баптауларын бір уақытта белсенді күйге келтіргенде, олар бір біріне кедергі жасауы және дыбыс сапасы нашарлап, бұрмалануы мүмкін. Мүмкіндігінше құрылғыдағы эквалайзер функциясын өшіріп қойыңыз.**

USB режимін пайдалану

USB жинағыштар мен Mp3 плеерлер сияқты тасымалданатын құрылғыларда сақталатын медиафайлдарды ойната аласыз. USB режимін қолданар алдында USB жинағыштар мен қолданатын файлдардың сипаттамасы арасындағы үйлесімділікті тексеріңіз.

USB құрылғысын автокөліктің USB портына қосыңыз.

- Ойнату бірден басталады.
- Режимді таңдау терезесін көрсету үшін басқару тақтасындағы [AUDIO] (Аудио) түймесін басып, **USB**-ді таңдау үшін [TUNE] (Үн) тұтқасын бұрап, басыңыз.



- (1) Ағымдағы файл нөмірі және файлдарың жалпы саны
- (2) Ойнату уақыты
- (3) Қазір ойнап жатқан өлең туралы ақпарат

Мәзірдің келесі тармақтарын пайдалану үшін басқару тақтасындағы [MENU/CLOCK] (Мәзір/сағат) түймесін басыңыз:

- **«List» (Тізім):** файлдар тізіміне өту.
- **«Folder List» (Папкалар тізімі):** папкалар тізіміне қолжетімділік.
- **«Information» (Ақпарат):** қазір ойнап жатқан өлең туралы ақпарат.
- **«Sound settings» (Дыбыстық баптаулар):** дыбыс баптауларын (мысалы, дыбыс шоғырланатын аймақтағы) және әрбір жиіліктер ауқымы үшін шығыс деңгейді өзгертуге болады.
 - **«Balance» (Теңгерім):** автокөліктегі дыбыс шоғырланатын аймақты таңдаңыз. **«Balance» (Теңгерім)** тармағын таңдаңыз, қалаған аймақты таңдау үшін [«TUNE»] (Баптау) реттегішін бұраңыз, содан кейін реттегішті басыңыз. Дыбыс автокөліктің ортасында шоғырлануы үшін **«Centre» (Орта)** тармағын таңдаңыз.
 - **Equaliser (Эквалайзер):** әр дыбыстық үн үшін шығыс деңгейін реттеңіз.
 - **«Speed dependent vol.» (Жылдамдыққа байланысты дыбыс қаттылығын реттеу):** автокөліктің қозғалыс жылдамдығына байланысты дыбыс деңгейін автоматты түрде реттеуді орнатыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- **Автокөлік үлгісіне немесе оның техникалық сипаттамаларына байланысты, қолжетімді опциялар тізімі өзгешеленуі мүмкін.**
- **Жүйенің техникалық сипаттамаларына немесе автокөлігіңіздің күшейткішіне байланысты, қолжетімді опциялар тізімі өзгешеленуі мүмкін.**
- **«Song information» (Өлең туралы ақпарат):** MP3 файлдарды ойнатқанда көрсетілетін ақпаратты таңдау, мысалы, **«Folder/File» (Папка/файл)** немесе **«Artist/ Title/Album» (Орындаушы/аты/альбом).**
- **«Mode pop» (Режимнің қалқыма терезесі):** Басқару тақтасындағы **AUDIO** (Аудио) түймесін басқанда экранда режимді таңдау терезесі көрсетіледі.
- **«Date/Time» (Күн/уақыт):** жүйе дисплейінде көрсетілген уақыт пен күнді өзгертуге болады.
 - **«Set date» (Күнді орнату):** жүйе дисплейінде көрсетілетін күнді орнатыңыз.
 - **«Set time» (Уақытты орнату):** жүйе дисплейінде көрсетілетін уақытты орнатыңыз.
 - **«Time format» (Уақыт форматы):** 12 немесе 24 сағаттық форматтағы уақытты көрсетуді таңдаңыз.
 - **«Display (Power Off)» (Көрсету [дисплей өшіп тұрғанда]):** аудиожүйенің қуаты өшіп тұрғандағы сағат көрінісін орнатыңыз.
- **«Language» (Тіл):** жүйе тілін өзгертуге болады.

Артқа/алға айналдыру

Басқару тақтасындағы [**< SEEK >**] / [**TRACK >**] (Іздеу/трек) түймесін басып ұстап тұрыңыз.

- Рульдегі «Up/Down» (Жоғары/төмен) интірегін басып тұруға да болады.

Ағымдағы өлеңді ойнату

Ағымдағы өлең 2 секундтан ұзақ ойнатылғанда, басқару тақтасындағы [**< SEEK >**] (Іздеу) түймесін басыңыз.

- Рульдегі интіректі жоғары қарай жылжыта аласыз.

Алдыңғы немесе келесі өлеңді ойнату

Алдыңғы өлеңді ойнату үшін жаңа өлең ойнатыла бастағаннан кейін 2 секунд ішінде басқару тақтасындағы [**< SEEK >**] (< Іздеу) түймесін басыңыз. Келесі өлеңді ойнату үшін басқару тақтасындағы [**TRACK >**] (Трек) түймесін басыңыз.

- 2 секундтан ұзақ уақыт өтсе, алдыңғы өлеңді ойнату үшін басқару тақтасындағы [**< SEEK >**] (< Іздеу) түймесін басыңыз.
- Рульдегі «Up/Down» (Жоғары/төмен) интірегін де қолдануға болады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Режимді таңдау терезесін көрсету үшін басқару тақтасындағы [**MENU**] (Мәзір) түймесін басып, қалаған өлеңді таңдау үшін [**TUNE**] реттегішін бұрап, файлды ойнату үшін сол реттегішті басыңыз.

Қайта ойнату

Басқару тақтасындағы [**1 RPT**] түймесін басыңыз. Қайта ойнату режимі түймені басқан сайын өшеді. Экранда тиісті режим белгісі пайда болады.

Кездейсоқ тәртіппен ойнату.

Басқару тақтасындағы [**2 SHFL**] (Кездейсоқ тәртіппен) түймесін басыңыз. Кездейсоқ тәртіппен ойнату режимі түймені басқан сайын қосылады және өшеді. Кездейсоқ тәртіппен ойнату режимі қосылып тұрғанда, экранда тиісті режимнің белгісі көрсетіледі.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Қосылып тұрған құрылғыға немесе Bluetooth технологиясы бар мобильді телефонға байланысты бұрылыс және кездейсоқ тәртіппен ойнату функциялары істемеуі мүмкін.

Папкаларды іздеу

1. Басқару тақтасындағы [MENU/CLOCK] (Баптау/сағат) түймесін басыңыз.
2. Опцияны таңдау терезесі көрсетілген соң «Folder list» (Папкалар тізімі) тармағын таңдау үшін [TUNE] (Баптау) ауыстырып қосқышын бұрап, реттегішті басыңыз.
3. Қалаған «Folder list» (Папкалар тізімі) папкасын тауып, [TUNE] (Баптау) реттегішін басыңыз.
 - Таңдалған папкадағы бірінші файл ойнатыла бастайды.



Ақпарат

- USB құрылғысын жүйеге қоспай тұрып, автоколіктің қозғалтқышын оталдырыңыз. Қозғалтқышты жүйеге құрылғы қосылып тұрғанда оталдыру USB құрылғысының істен шығуына әкелуі мүмкін.
- USB құрылғысын қосқанда және өшіргенде статикалық электр тоғынан сақтаныңыз. Статикалық разряд жүйеде ақау тудыруы мүмкін.
- USB портына дене мүшелеріңізді немесе басқа заттарды тигізбеңіз. Бұл жазатайым оқиғаға немесе жүйе жұмысындағы ақауларға әкелуі мүмкін.
- Қысқа уақыт ішінде USB коннекторды бірнеше рет жалған-ажыратуға болмайды Себебі құрылғы жұмысында қате орын алуы немесе жүйе жұмысында ақау туындауы мүмкін.
- USB құрылғысын файлдарды орнатудан басқа мақсаттарда қолдануға болмайды. Қуаттау немесе жылыту үшін USB керек-жарақтарын пайдалану салдары жүйенің дұрыс істемеуіне немесе ақаулығына алып келуі мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- USB жинағышты қосқанда ұзартқыш кабельді пайдалануға болмайды. Оны тікелей USB портына жалғаңыз. USB тармақтағышты немесе ұзартқыш кабельді пайдалансаңыз, құрылғы анықталмауы мүмкін.
- USB коннекторды толығымен USB портына салу керек. Бұны орындамаған жағдайда байланыс үзілуі мүмкін.
- USB жинағышты ажыратқанда, кедергілер орын алуы мүмкін.
- Жүйе тек пішімі стандартты файлдарды ойната алады.
- USB құрылғыларының келесі түрлері анықталмауы немесе дұрыс істемеуі мүмкін:
 - Дәректі шифрлау функциясы бар MPG плеерлер
 - Алынатын дискілер ретінде анықталмайтын USB құрылғылары
- USB құрылғысы күйіне қарай анықталмауы мүмкін.
- Кейбір USB құрылғылары жүйемен үйлесімсіз болуы мүмкін.
- Сыртқы USB құрылғысының түріне, сыйымдылығына немесе файлдар форматына қарай анықтау процесі ұзақ уақыт алуы мүмкін.
- Суреттер көрсету және бейне ойнату функциялары істемейді.

BLUETOOTH

Bluetooth технологиясы бар құрылғыларды қосу

Bluetooth — шағын радиуста қолданылатын сымсыз байланыс технологиясы. Bluetooth сымсыз технологиясы арқылы қосылып тұрған құрылғылар арасында дерек жіберу және алу үшін жақын орналасқан мобильді құрылғыларды қосуға болады. Бұл құрылғыларды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Bluetooth сымсыз технологиясын пайдалану үшін алдымен мобильді телефон не Mp3 плеер сияқты Bluetooth технологиясы бар құрылғыны жүйеге қосу керек. Қосылатын құрылғының Bluetooth сымсыз технологиясын қолдайтынына көз жеткізіңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Bluetooth құрылғыларын қоспай тұрып автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойыңыз. Автокөлікті жүргізген кезде басқа нәрсеге алаңдамаңыз — бұл апат нәтижесінде жарақаттануға немесе өлімге әкелуі мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН


- Жүйеңізде тек Bluetooth және Bluetooth Аудио арқылы дауыстап сөйлесу функциялары қолданылады. Осы екі функцияны қолдайтын мобильді құрылғыны қосыңыз.
- Bluetooth сымсыз технологиясы бар кейбір құрылғылар кедергі келтіріп, ақпараттық ойын-сауық жүйесі жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін. Ақауды жою үшін, құрылғыны басқа жерге қойып көріңіз.
- Қосылған құрылғыға немесе Bluetooth технологиясы бар мобильді телефонға байланысты кейбір функциялар істемеуі мүмкін.
- Егер Bluetooth сымсыз технологиясы бар құрылғы мен автокөлік арасындағы байланыстың қате орнатылу себебінен жүйе тұрақсыз жұмыс істесе, байланыстырылған құрылғыларды жойып тастап, Bluetooth құрылғыларды қайта қосып көріңіз.

- Bluetooth байланыс тұрақсыз болса, келесілерді орындап, әрекетті қайталап көріңіз.
 1. Құрылғыдағы Bluetooth функциясын өшіріп, қайта қосыңыз Содан кейін құрылғымен қайта байланыс орнатыңыз.
 2. Құрылғыны өшіріп қосыңыз. Содан кейін онымен қайта байланыс орнатыңыз.
 3. Құрылғыдан батареяны шығарып, қайта салыңыз. Содан кейін құрылғыны қосып, онымен қайта байланыс орнатыңыз.
 4. Жүйедегі және құрылғыдағы Bluetooth сымсыз байланысын жойып, содан кейін қайтадан байланыс орнату керек.
- Құрылғыдағы Bluetooth сымсыз технологиясы функциясы өшіп тұрса, Bluetooth сымсыз байланысын орнату мүмкін болмайды. Құрылғыдағы Bluetooth функциясының қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Құрылғыларды жүйемен байланыстыру

Bluetooth сымсыз технологиясы арқылы қосылу үшін алдымен құрылғы мен жүйенің арасында байланыс орнатып, оны жүйенің Bluetooth құрылғылары тізіміне қосыңыз. Көп дегенде бес құрылғыны тіркей аласыз.

1. Басқару тақтасында **[PHONE]** (Телефон) түймесін басыңыз, содан кейін **«Phone settings»** (Телефон баптаулары) ► **«Add new device»** (Жаңа құрылғыны қосу) тармағын таңдаңыз.
 - Егер құрылғы мен жүйе арасында байланысты алғаш рет орнатып отырсаңыз, рульдегі «Call/ Answer» (Қоңырау шалу/қабылдау) түймесін басуыңызға да болады.
2. Қосылатын құрылғыдағы Bluetooth сымсыз байланыс технологиясын қосып, автокөлігіңіздің жүйесін тауып, таңдаңыз.
 - Жүйе экранындағы тіркеудің жаңа қалқыма терезесінде көрсетілетін Bluetooth құрылғының атын тексеріңіз.



3. Байланысты растау үшін құпия сөзді енгізіңіз не растаңыз.
- Егер Bluetooth құрылғысының экранында құпия сөз енгізу терезесі көрсетілсе, жүйе экранында көрсетілетін «0000» құпия сөзін енгізіңіз.
 - Егер Bluetooth құрылғысының экранында 6 таңбалы құпия сөз көрсетілсе, құрылғыда көрсетілген Bluetooth құпия сөзінің жүйе экранындағы құпия сөзбен сәйкес келетініне көз жеткізіп, құрылғымен байланысты растаңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Осы нұсқаулықтағы экрандағы сурет мысал ретінде келтірілген. Жүйе экранындағы автокөліктің нақты құпия сөзі мен Bluetooth құрылғысының атын тексеріңіз.
- Әдепкі құпия сөз — «0000».
- Жүйенің құрылғыда пайдаланылуына рұқсат берген соң жүйе құрылғыға қосылуы үшін біраз уақыт қажет болуы мүмкін. Байланыс орнатылғаннан кейін экранның жоғарғы бөлігінде Bluetooth сымсыз байланысы күйінің белгісі пайда болады.
- Рұқсаттар баптауларын мобильді телефондағы Bluetooth сымсыз байланысының баптаулары мәзірінен өзгертуге болады. Қосымша ақпаратты мобильді телефонды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.
- Жаңа құрылғыны тіркеу үшін 1–3 қадамдарын қайталаңыз.
- Егер Bluetooth сымсыз технологиясы арқылы автоматты байланыс орнату функциясын пайдалансаңыз, қозғалтқышы оталып тұрған автокөліктің жанында қоңырауға жауап берген жағдайда, қоңырау автокөліктің дауыстап сөйлесу жүйесіне ауысуы мүмкін. Егер жүйенің құрылғыға автоматты түрде қосылуын қаламасаңыз, құрылғыдағы Bluetooth сымсыз технологиясы арқылы байланысты өшіріп қойыңыз.
- Құрылғы жүйеге Bluetooth арқылы қосылып тұрғанда, құрылғы батареясының жылдам қуатсыздануы байқалуы мүмкін.

Байланыстырылған құрылғыны жалғау

Аудиожүйеңізде Bluetooth құрылғысын пайдалану үшін жүйеге байланыстырылған құрылғыны қосыңыз. Жүйе кез келген сәтте бір ғана құрылғымен байланыстырылуы мүмкін.

1. Басқару тақтасында [**PHONE**] (Телефон) түймесін басыңыз, содан кейін «**Phone settings**» (Телефон баптаулары) ► «**Paired devices**» (Байланыстырылған құрылғылар) тармағын таңдаңыз.
 - Қосылған құрылғы жоқ болса, рульдегі «Call/Answer» (Қоңырау шалу/қабылдау) түймесін басыңыз.
2. Қосылатын құрылғыны таңдау үшін [**TUNE**] (Баптау) реттегішін бұрап, содан соң басыңыз.
 - Егер жүйеңізге басқа құрылғы қосылып тұрса, оны ажыратыңыз. Ажыратылуы тиіс қосылып тұрған құрылғыны таңдаңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Егер байланыс құрылғы қол жеткізу аймағынан тыс жерде болғандықтан үзілсе, не болмаса құрылғы жұмысында қате орын алса, құрылғы қол жеткізу аймағында болғанда немесе қате жойылғанда байланыс автоматты түрде қайта орнатылады.
- Автоматты қосылымның белгіленген кезегіне байланысты құрылғының қосылуы біраз уақыт алуы мүмкін.

Құрылғыны ажырату

Bluetooth құрылғыларын қолданғыңыз келмесе немесе басқа құрылғыны қосуды қаласаңыз, қазір қосылып тұрған құрылғыны ажыратыңыз.

1. Басқару тақтасында [**PHONE**] (Телефон) түймесін басыңыз, содан кейін «**Phone settings**» (Телефон баптаулары) ► «**Paired devices**» (Байланыстырылған құрылғылар) тармағын таңдаңыз.
2. Қосылып тұрған құрылғыны таңдау үшін [**TUNE**] (Баптау) реттегішін бұрап, басыңыз.
3. «**Yes**» (Иә) мәнін таңдау үшін [**1 RPT**] түймесін басыңыз.

Байланыстырылған құрылғыларды жою

Егер байланыс орнатылған Bluetooth құрылғысы бұдан былай қажет болмаса немесе жаңа құрылғыны қосқыңыз келсе, ал Bluetooth құрылғыларының тізімі толы болса, байланыстырылған құрылғыларды жойыңыз.

1. Басқару тақтасында [**PHONE**] (Телефон) түймесін басыңыз, содан кейін «**Phone settings**» (Телефон баптаулары) ► «**Delete devices**» (Құрылғыларды жою) тармағын таңдаңыз.
2. Жойылатын құрылғыны таңдау үшін [**TUNE**] (Баптау) реттегішін бұрап, басыңыз.
3. «**Yes**» (Иә) мәнін таңдау үшін [**1 RPT**] түймесін басыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Байланыстырылған құрылғыны жойған кезде жүйеде сақталған қоңыраулар тарихы мен байланыстар да жойылады.
- Жойылған құрылғыны қайтадан қолдану үшін байланысты қайта орнату керек.

Bluetooth технологиясы бар аудиоқұрылғыны пайдалану

Bluetooth сымсыз технологиясы бар құрылғыда сақталған аудиофайлдарды автокөліктің дауыс зорайтқыштары арқылы тыңдауға болады.

1. Басқару тақтасындағы [AUDIO] (Аудио) түймесін басыңыз.
2. Режимді таңдау терезесі көрсетілген соң [TUNE] реттегішін **Bluetooth audio** (Bluetooth- аудио) тармағын таңдау үшін бұрап, басыңыз.



(1) Қазір ойнап жатқан өлең туралы ақпарат

1. Мәзірдің келесі тармағын пайдалану үшін басқару тақтасындағы [MENU/CLOCK] (Мәзір/сағат) түймесін басыңыз:
2. [TUNE] (Баптау) реттегішін бұрап, опцияны таңдаңыз да, реттегішті басыңыз.
 - **«Sound settings»** (Дыбыстық баптаулар): дыбыс баптауларын (мысалы, дыбыс шоғырланатын аймақтағы) және әрбір жиіліктер ауқымы үшін шығыс деңгейді өзгертуге болады.
 - **«Balance» (Теңгерім):** автокөліктегі дыбыс шоғырланатын аймақты таңдаңыз. **«Balance» (Теңгерім)** тармағын таңдаңыз, қалаған аймақты таңдау үшін [«TUNE»] (Баптау) реттегішін бұраңыз, содан кейін реттегішті басыңыз. Дыбыс автокөліктің ортасында шоғырлануы үшін **«Centre» (Орта)** тармағын таңдаңыз.
 - **Equaliser (Эквалайзер):** әр дыбыстық үн үшін шығыс деңгейін реттеңіз.

- **«Speed dependent vol.» (Жылдамдыққа байланысты дыбыс қаттылығын реттеу):** автокөліктің қозғалыс жылдамдығына байланысты дыбыс деңгейін автоматты түрде реттеуді орнатыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- **Автокөлік үлгісіне немесе оның техникалық сипаттамаларына байланысты, қолжетімді опциялар тізімі өзгешеленуі мүмкін.**
- **Жүйенің техникалық сипаттамаларына немесе автокөлігіңіздің күшейткішіне байланысты, қолжетімді опциялар тізімі өзгешеленуі мүмкін.**
- **«Mode pop up»** (Режимнің қалқыма терезесі). Басқару тақтасындағы [AUDIO] (Аудио) түймесін басқанда экранда режимді таңдау терезесі көрсетіледі.
- **«Date/Time» (Күн/уақыт): жүйе дисплейінде көрсетілген уақыт пен күнді өзгертуге болады.**
 - **«Set date» (Күнді орнату):** жүйе дисплейінде көрсетілетін күнді орнатыңыз.
 - **«Set time» (Уақытты орнату):** жүйе дисплейінде көрсетілетін уақытты орнатыңыз.
 - **«Time format» (Уақыт форматы):** 12 немесе 24 сағаттық форматтағы уақытты көрсетуді таңдаңыз.
 - **«Display (Power Off)» (Көрсету [дисплей өшіп тұрғанда]):** аудиожүйенің қуаты өшіп тұрғандағы сағат көрінісін орнатыңыз.
- **«Language» (Тіл):** жүйе тілін өзгертуге болады.

Пауза және ойнатуды жалғастыру

Ойнатуды тоқтата тұру үшін басқару тақтасындағы [TUNE] реттегішін басыңыз. Ойнатуды қайта жалғастыру үшін [TUNE] реттегішін тағы бір рет басыңыз.

- Рутьдегі қашықтан басқару пультіндегі Mute (Дыбысты өшіру) түймесін де басуға болады.

Қайта ойнату

Басқару тақтасындағы [1 RPT] түймесін басыңыз. Қайта ойнату режимі түймені басқан сайын өшеді. Экранда тиісті режим белгісі пайда болады.

Кездейсоқ тәртіппен ойнату.

Басқару тақтасындағы [2 SHFL] (Кездейсоқ тәртіппен) түймесін басыңыз. Кездейсоқ тәртіппен ойнату режимі түймені басқан сайын қосылады және өшеді. Кездейсоқ тәртіппен ойнату режимі қосылып тұрғанда, экранда тиісті режимнің белгісі көрсетіледі.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Қосылып тұрған құрылғыға немесе Bluetooth технологиясы бар мобильді телефонға байланысты бұрылыс және кездейсоқ тәртіппен ойнату функциялары істемеуі мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Bluetooth құрылғысының қайсысы (мобильді телефон не аудиоплеер) қолданылатынына байланысты ойнатуды басқару өзгешеленуі мүмкін.
- Сіз пайдаланатын аудиоплеерге байланысты ағындық аудио функциясы істемеуі мүмкін.
- Қосылған құрылғыға немесе Bluetooth технологиясы бар мобильді телефонға байланысты кейбір функциялар істемеуі мүмкін.
- Bluetooth сымсыз технологиясы арқылы қосылған және музыка ойнату үшін қолданылатын телефон арқылы кіріс қоңырауы қабылданса немесе қоңырау шалынса, музыка ойнату тоқтатылады.
- Bluetooth аудио режимінде ойнату кезінде кіріс қоңырауын қабылдау немесе қоңырау шалу дыбыстық кедергілердің пайда болуына әкелуі мүмкін.
- Bluetooth Audio-ны пайдаланған кезде Bluetooth сымсыз технологиясы арқылы телефон режимін қолдансаңыз, қосылып тұрған мобильді телефон үлгісіне байланысты телефонмен сөйлесіп болғаннан кейін ойнату автоматты түрде жалғаспауы мүмкін.
- Кейбір мобильді телефондарда аудионы Bluetooth арқылы ойнатқан кезде өлеңдерді ауыстырған кезде тарсылдаған шуыл пайда болуы мүмкін.
- Аудионы Bluetooth арқылы ойнату режимінде артқа/алға айналдыру функциясы істемейді.
- Bluetooth аудио режимінде ойнату тізімі функциясы істемейді.
- Bluetooth құрылғысын ажыратқанда Bluetooth аудио режимінің жұмысы тоқтатылады.

Bluetooth технологиясы бар телефонды пайдалану

Дауыстап сөйлесу жүйесі арқылы телефонмен сөйлесу үшін Bluetooth функциясын қолдануға болады. Аудиожүйе экранында қоңырау туралы ақпаратты қараңыз, автокөліктегі кіріктірілген дауыс зорайтқыштары мен микрофон арқылы қауіпсіз әрі қолайлы түрде қоңырау шалып, қабылдаңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Bluetooth құрылғыларын қоспай тұрып автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойыңыз. Автокөлікті жүргізген кезде басқа нәрсеге алаңдамаңыз — бұл апат нәтижесінде жарақаттануға немесе өлімге әкелуі мүмкін.
 - Автокөлікті жүргізген кезде телефон арқылы нөмір термеңіз және қоңырауға жауап бермеңіз. Мобильді телефонды қолдану назарыңызды басқаға аударып, сыртқы орта жағдайларын бағалауды қиындатып, күтпеген жағдайларда әрекет ету мүмкіндігін шектеп, жазатайым оқиғаға әкелу мүмкін. Қажет болғанда, қоңырау шалу үшін Bluetooth арқылы дауыстап сөйлеуді пайдаланыңыз және телефонмен сөйлесу ұзақтығын қысқартыңыз.
- МӘЛІМЕТ ҮШІН**
- Мобильді телефон жүйеге қосылмаған болса, Phone (Телефон) мәзіріне қол жеткізу мүмкін емес. «Bluetooth phone» (Bluetooth бар телефон) функциясын пайдалану үшін жүйеге мобильді телефонды қосыңыз.
 - «Bluetooth Handsfree» (Bluetooth арқылы дауыстап сөйлесу) функциясы автокөлік мобильді оператор қамтылған аймақтан тыс жерде болғанда істемейді, мысалы, туннельдерде, жерасты құрылыстарында немесе таулы жерлерде.
 - Келесі жағдайларда телефонмен сөйлесу сапасы нашарлауы мүмкін:
 - Мобильді телефонның сигналды қабылдау сапасы қанағаттанарлық болмаса
 - Автокөлік салонында у-шу болғанда
 - Мобильді телефон сусындарға арналған металл құты сияқты металл нысандардың жанында болғанда.
 - Қосылып тұрған мобильді телефонның үлгісіне байланысты Bluetooth арқылы дауыстап сөйлесу жүйесінің дыбыс қаттылығы мен сапасы өзгешеленуі мүмкін.

Қоңырау шалу

Мобильді телефон жүйеге қосылып тұрса, қоңыраулар тарихынан не байланыстар тізімінен атты таңдап, қоңырау шалуға болады.

- Басқару тақтасындағы **[PHONE]** (Телефон) түймесін басыңыз.
 - Не болмаса рульдегі «Call/Answer» (Қоңырау шалу/қабылдау) түймесін басыңыз.
- Телефон нөмірін таңдаңыз.
 - Таңдаулылар тізімінен телефон нөмірін таңдау үшін «**Favourites**» (Таңдаулылар) тармағын таңдаңыз.
 - Қоңыраулар тарихынан телефон нөмірін таңдау үшін «**Call history**» (Қоңыраулар тарихы) тармағын басыңыз.
 - Қосылып тұрған мобильді телефоннан жүктелген байланыстар тізімінен нөмірді таңдау үшін «**Contacts**» (Байланыстар) тармағын таңдаңыз.
- Қоңырауды аяқтау үшін басқару тақтасындағы **[2 SHFL]** (Кездейсоқ тәртіппен) түймесін басыңыз.
 - Не болмаса рульдегі «Call end» (Қоңырауды аяқтау) түймесін басыңыз.


Таңдаулылар тізімін тіркеу

Bluetooth-ті қолдануды және телефонмен қолсыз сөйлесуді оңайлату үшін телефон нөмірлерін таңдаулылар тізіміне қосуға болады.

- «Phone» (Телефон) экранын ашыңыз, «**Favourites**» (Таңдаулылар) тармағын таңдау үшін басқару тақтасындағы **[TUNE]** реттегішін бұрап, басыңыз.
- [MENU/CLOCK]** (Мәзір/сағат) ► «**Add new favourites**» (Таңдаулыларға жаңа нөмірлерді қосу) тармағын таңдаңыз.
- [1 RPT]** (Қайталау) түймесін басып, қалаған телефон нөмірін таңдаңыз.

Таңдаулылар тізімін пайдалану

- «Phone» (Телефон) экранын ашыңыз, «**Favourites**» (Таңдаулылар) тармағын таңдау үшін басқару тақтасындағы **[TUNE]** реттегішін бұрап, басыңыз.
- Қажетті байланысты таңдау үшін **[TUNE]** (Баптау) реттегішін бұрап, сол реттегішті қоңырау шалу үшін басыңыз.



Мәзірдің келесі тармақтарын пайдалану үшін басқару тақтасындағы **[MENU/CLOCK]** (Мәзір/сағат) түймесін басыңыз:


- «**Add new favourites**» (Таңдаулыға жаңа элементтерді қосу): жиі қолданылатын нөмірлерді таңдаулыға қосу.
- «**Delete items**» (Элементтерді жою): таңдалған элементтерді таңдаулыдан жою.
- «**Delete all**» (Бәрі жою): таңдаулыдағы барлық элементтерді жою.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Әрбір құрылғы үшін көп дегенде 20 таңдаулыны тіркеуге болады.
- Таңдаулы нөмірді тіркеу үшін алдымен байланыстарды жүйеге жүктеу керек.
- Мобильді телефонда сақталған таңдаулылар тізімі жүйеге жүктелмеген.
- Мобильді телефондағы байланыстар туралы ақпарат өңделмеген болса да, таңдаулылар тізімі жүйеде автоматты түрде өңделмейді. Элементті таңдаулылар тізімінен жойып, қайта қосыңыз.
- Жаңа мобильді телефонды қосқанда, алдыңғы мобильді телефон үшін таңдаулы нөмірлер тізімі көрсетілмейді, бірақ олар алдыңғы телефонды құрылғылар тізімінен жойғанша жүйеде сақталады.

Қоңыраулар тарихын пайдалану

1. «Phone» (Телефон) экранын ашыңыз, «Call history» (Қоңыраулар тарихы) тармағын таңдау үшін басқару тақтасындағы [TUNE] (Баптау) реттегішін бұрап, басыңыз.
2. Қажетті жазбаны таңдау үшін [TUNE] (Баптау) реттегішін бұрап, сол реттегішті қоңырау шалу үшін басыңыз.



Мәзірдің келесі тармақтарын пайдалану үшін басқару тақтасындағы [MENU/CLOCK] (Мәзір/сағат) түймесін басыңыз:

- **Download (Жүктеп алу):** қоңыраулар тарихын жүктеу.
- **All calls (Барлық қоңыраулар):** барлық қоңыраулар деректерін қарап шығу.
- **Dialed calls (Шығыс қоңыраулар):** тек шығыс қоңырауларды қарап шығу.
- **Received calls (Қабылданған қоңыраулар):** тек қабылданған қоңырауларды қарап шығу.
- **Missed calls (Қабылданбаған қоңыраулар):** тек қабылданбаған қоңырауларды қарап шығу.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Кейбір мобильді телефондарда жүктеу функциясы істемеуі мүмкін.
- Қоңыраулар тарихын мобильді телефонды жүйеге қосқан кезде қоңыраулар тарихын жүктеп болған соң ғана қарауға болады.
- Жасырын нөмірлерден шалынған қоңыраулар тарихта сақталмайды.
- Әрбір жеке тізімге көп дегенде 50 қоңырау жазбасы жүктелуі мүмкін.

- Қоңырау ұзақтығы мен қоңырау шалу уақыты жүйе экранында көрсетілмейді.
- Мобильді телефоннан қоңыраулар тарихын жүктеп алу үшін рұқсат керек. Деректерді жүктеуге әрекет жасағанда, сізден мобильді телефонға жүктеу рұқсаты талап етілуі мүмкін. Егер жүктеу орындалмаса, мобильді телефон экранында қандай да бір хабарламаның немесе телефонды белсендіру баптауларының көрсетілгенін тексеріңіз.
- Қоңыраулар тарихын жүктегенде, барлық ескі деректер жойылады.

Байланыстар тізімін пайдалану

1. «Phone» (Телефон) экранын ашыңыз, «Contacts» (Байланыстар) тармағын таңдау үшін басқару тақтасындағы [TUNE] (Баптау) реттегішін бұрап, басыңыз.
2. Қажетті әріптік-сандық таңбалар тобын таңдау үшін [TUNE] (Баптау) реттегішін бұраңыз да, содан кейін басыңыз.
3. Қажетті байланысты таңдау үшін [TUNE] (Баптау) реттегішін бұрап, сол реттегішті қоңырау шалу үшін басыңыз.



Мәзірдің келесі тармағын пайдалану үшін басқару тақтасындағы [MENU/CLOCK] (Мәзір/сағат) түймесін басыңыз:

- «Download» (Жүктеп алу): мобильді телефоныңыздан байланыстарды жүктеу.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Байланыстарды Bluetooth құрылғысы қосылып тұрғанда ғана қарауға болады.
- Байланыстарды Bluetooth құрылғысынан тек қолданатын форматта ғана жүктеуге балады. Кейбір қолданбалардағы байланыстар қосылмайды.
- Құрылғыдан ең көбі 2000 байланысты жүктеуге болады.
- Кейбір мобильді телефондарда жүктеу функциясы істемеуі мүмкін.
- Жүйе сипаттамаларына байланысты жүктелген байланыстардың кейбіреуі жоғалуы мүмкін.
- Телефон жадында және SIM картада сақталатын байланыстар жүктеледі. Телефондардың кейбір үлгілерінен SIM картада сақталатын байланыстар жүктелмеуі мүмкін.
- Байланыс атында қолданылатын арнайы белгілер мен сандар дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- Мобильді телефоннан байланыстарды жүктеп алу үшін рұқсат керек. Деректерді жүктеуге әрекет жасағанда, сізден мобильді телефонға жүктеу рұқсаты талап етілуі мүмкін. Егер жүктеу орындалмаса, мобильді телефон экранында қандай да бір хабарламаның немесе телефонды белсендіру баптауларының көрсетілгенін тексеріңіз.
- Мобильді телефонның үлгісі мен күйіне байланысты жүктеу көбірек уақыт алуы мүмкін.
- Байланыстарды жүктеген кезде барлық ескі деректер жойылады.
- Жүйедегі байланыстарды өңдеу не жою мүмкін емес.
- Жаңа мобильді телефонды қосқанда, алдыңғы мобильді телефон үшін байланыстар көрсетілмейді, бірақ олар алдыңғы телефонды құрылғылар тізімінен жойғанша жүйеде сақталады.

Қоңырауларға жауап беру

Кіріс қоңырауы келіп түскенде жүйе экранында хабарландыруы бар қалқыма терезе пайда болады.



Қоңырауға жауап беру үшін басқару тақтасындағы [1 RPT] (Қайталау) түймесін басыңыз.

- Не болмаса рульдегі «Call/Answer» (Қоңырау шалу/қабылдау) түймесін басыңыз.

Қоңырауды қабылдамау үшін басқару тақтасындағы [2 SHFL] (Кездейсоқ тәртіппен) түймесін басыңыз.


- Не болмаса рульдегі «Call end» (Қоңырауды аяқтау) түймесін басыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Мобильді телефон түріне байланысты қоңырауды қабылдамау функциясы істемеуі мүмкін.
- Мобильді телефонды жүйеге қосқаннан кейін қоңырау дыбысы автокөліктен шыққаннан кейін де (бұл кезде телефон қосылым аймағында болса) аудиожүйенің дауыс зорайтқыштары арқылы шығуы мүмкін. Қосылымды аяқтау үшін құрылғыны аудиожүйеден ажыратыңыз немесе құрылғыдағы Bluetooth сымсыз функциясын өшіріңіз.

Телефонмен сөйлескен кезде түрлі опцияларды пайдалану

Қоңырау кезінде төмендегі экран көрсетіледі. Қажетті функцияны пайдалану үшін түймені басыңыз.



Қоңырауды мобильді телефонға ауыстыру үшін басқару тақтасындағы [1 RPT] (Қайталау) түймесін басыңыз.

- Не болмаса рұльдегі «Call/Answer» (Қоңырау шалу/қабылдау) түймесін басып ұстап тұрыңыз.

Қоңырауды аяқтау үшін басқару тақтасындағы [2 SHFL] (Кездейсоқ тәртіппен) түймесін басыңыз.

- Не болмаса рұльдегі «Call end» (Қоңырауды аяқтау) түймесін басыңыз.

Мәзірдің келесі тармағын пайдалану үшін басқару тақтасындағы [MENU/CLOCK] (Мәзір/сағат) түймесін басыңыз:

- **«Microphone Volume (Outgoing Volume)» (Микрофонның дыбыс қаттылығы (шығыс қоңырауының қаттылығы)):** микрофонның дыбыс қаттылығын абонент сізді ести алмайтындай етіп реттеңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Егер қоңырау шалған абоненттің деректері байланыстар тізімінде сақталса, онда оның аты мен телефон нөмірі көрсетіледі. Егер қоңырау шалған абоненттің деректері байланыстар тізімінде болмаса, оның телефон нөмірі ғана көрсетіледі.
- Bluetooth арқылы телефонмен сөйлескенде, ешқандай экранға (мысалы, аудио экраны немесе баптаулар экраны) ауысу мүмкін емес.
- Мобильді телефонның үлгісіне айланысты телефон қоңырауының сапасы ерекшеленуі мүмкін. Телефондардың кейбір үлгілерін пайдаланғанда абонент сіздің дауысыңызды анық естімеуі мүмкін.
- Мобильді телефонның үлгісіне айланысты телефон нөмірі көрсетілмеуі мүмкін.
- Мобильді телефонның түріне айланысты қоңырауды ауыстырып қосу функциясы істемеуі мүмкін.

ЕУРОПАЛЫҚ ШҰҒЫЛ ҚОҢЫРАУЛАР ЖҮЙЕСІ (БАР БОЛСА)

Ran-European eCall жүйесі — жол-көлік оқиғасы немесе жолдағы басқа оқиғалар жағдайында орындалатын автоматты шұғыл қоңыраулар қызметі.

SOS

Қажетті апаттық қызметтерді шақыру үшін жүргізуші немесе жолаушы SOS түймесін басып, арнайы диспетчерлік қызметке қолмен шұғыл қоңырау шала алады.

- Дыбыс өшеді де, экранда SOS хабарламасы көрсетіледі.

SOS Test (*Tecm SOS*)

Еуропалық шұғыл қоңыраулар жүйесі қызметінің сынақ режимін SOS TEST (SOS сынағы) түймесін басып белсенді күйге келтіруге болады.

- Дыбыс өшеді де, экранда SOS TEST (SOS сынағы) хабарламасы көрсетіледі.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Қосымша ақпаратты нұсқаулықтағы «Төтенше жағдайлар» бөлімінен қараңыз.
- Аймаққа байланысты қызмет көрсетілмеуі мүмкін.
- Аймаққа немесе автокөлік үлгісіне байланысты түйменің атауы әртүрлі болуы мүмкін.

«ЭРА-ГЛОНАСС» ШҰҒЫЛ ҚОҢЫРАУЫ (БАР БОЛСА)

«ЭРА-ГЛОНАСС» жүйесі — жол-көлік оқиғасы немесе жолдағы басқа оқиғалар жағдайында белсенді күйге келтірілу үшін жасалған автоматты шұғыл қоңырау қызметі.

SOS

Қажетті апаттық қызметтерді шақыру үшін жүргізуші немесе жолаушы SOS түймесін басып, арнайы диспетчерлік қызметке қолмен шұғыл қоңырау шала алады.

- Дыбыс өшеді де, экранда SOS хабарламасы көрсетіледі.

SOS Test (Тест SOS)

ERA-GLONASS қызметінің сынақ режимін SOS TEST (SOS сынағы) түймесін басып белсенді күйге келтіруге болады.

- Дыбыс өшеді де, экранда SOS TEST (SOS сынағы) хабарламасы көрсетіледі.


МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Қосымша ақпаратты нұсқаулықтың «Апаттық жағдайлардағы әрекеттер» бөлімінен қараңыз.
- Аймаққа байланысты қызмет көрсетілмеуі мүмкін.
- Аймаққа немесе автокөлік үлгісіне байланысты түйменің атауы әртүрлі болуы мүмкін.

ЖҮЙЕНІҢ КҮЙІН БІЛДІРЕТІН БЕЛГІЛЕР

Жүйе күйін білдіретін белгілер экранның жоғарғы бөлігінде пайда болып, жүйенің ағымдағы күйін көрсетеді.

Нақты әрекеттерді не функцияларды орындағанда пайда болатын белгілермен танысыңыз және олардың қызметін біліп алыңыз.



МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Экранда көрсетілетін батарея зарядының деңгейі қосылып тұрған құрылғыда көрсетілетін деңгейден өзгешеленуі мүмкін.
- Экранда көрсетілетін телефон сигналының деңгейі қосылып тұрған мобильді телефонда көрсетілетін деңгейден өзгешеленуі мүмкін.
- Автокөліктің үлгісі мен техникалық сипаттамаларына байланысты кейбір белгілер көрсетілмеуі мүмкін.

Bluetooth

Белгі	Сипаттамасы
	Қосылған Bluetooth құрылғысындағы аккумулятор зарядының деңгейі
	Bluetooth арқылы қосылған мобильді телефон не аудиоқұрылғы
	Bluetooth арқылы қоңырау шалу
	Bluetooth арқылы қоңырау шалу кезінде микрофон өшіп тұр
	Жүйеге Bluetooth арқылы қосылған мобильді телефоннан қоңыраулар тарихын жүктеу
	Жүйеге Bluetooth арқылы қосылған мобильді телефоннан байланыстарды жүктеу

Сигнал деңгейі

Белгі	Сипаттамасы
	Bluetooth арқылы қосылған мобильді телефонның сигнал деңгейі

АҚПАРАТТЫҚ-ОЙЫН-САУЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

USB

Қолданатын аудио пішімдері

- Аудиофайл сипаттамасы
 - WAVeform аудио пішімі
 - MPEG1/2/2,5 Audio Layer3
 - 7.X және 8.X нұсқалы Windows Media Audio пішімі
- Битрейт
 - MPEG1 (Layer3):
32/40/48/56/64/80/96/112/128/
160/192/224/256/320 кбит/с
 - MPEG2 (Layer3):
8/16/24/32/40/48/56/64/80/96/
112/128/144/160 кбит/с
 - MPEG2,5 (Layer3):
8/16/24/32/40/48/56/64/80/96/
112/128/144/160 кбит/с
 - WMA (Жоғарғы диапазон):
48/64/80/96/128/160/192 кбит/с
- Разрядтылық
 - WAV (PCM (Стерео)): 24 бит
 - WAV (IMA ADPCM): 4 бит
 - WAV (MS ADPCM): 4 бит
- Дискреттеу жиілігі
 - MPEG1: 44 100/48 000/32 000 Гц
 - MPEG2: 22 050/24 000/16 000 Гц
 - MPEG2.5: 11 025/12 000/8000 Гц
 - WMA: 32 000/44 100/48 000 Гц
 - WAV: 44 100/48 000 Гц

- Папка/файл атауындағы таңбалардың ең көп саны (Юникод кодтауы): Ағылшын не корей әліпбиінің 40 таңбасы
- Папка/файл атаулары үшін қолданылатын таңбалар (Юникод кодтауы): Корей әліпбиінің 2604 таңбасы, 94 әріптік-сандық таңба, қытай әліпбиінің кеңінен қолданылатын 4888 таңбасы, 986 арнайы таңба
- Папкалардың ең көп саны: 1000
- Файлдардың ең көп саны: 5000

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Пішімі қолданылмайтын файлдар анықталмауы немесе ойнатылмауы мүмкін немесе файл атауы сияқты олар туралы ақпарат дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- Жүйе .mp3/, wma/, wav пішіміндегі файлдарды ғана анықтайды. Егер файл пішімі қолданылмаса, заманауи түрлендіру бағдарламаларының көмегімен пішімді өзгертіңіз.
- Құрылғы DRM (авторлық құқықтарды қорғауға арналған техникалық құралдар) көмегімен қорғалған файлдарды қолдамайды.
- Сығылған MP3/ WMA және WAV файлдары үшін битрейтке байланысты дыбыстың естілу сапасында айырмашылық болуы мүмкін. (Битрейті жоғарырақ музыкалық файлдар аса жоғары дыбыс сапасын қамтамасыз етеді.)
- Папкалар мен файлдардың атауларындағы жапон әліпбиінің немесе жеңілдетілген қытай әліпбиінің таңбалары дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.

Қолданатын USB жинағыштар

- Байт/сектор: 64 кбайт немесе одан кем
- Файлдық жүйе: FAT12/16/32 (ұсынылады), exFAT/NTFS

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Корпусы металл, коннекторы істікшелі келетін USB жинағыштардың жұмысына ғана кепілдік беріледі.
 - Пластик істікшесі бар USB жинағыштар анықталмауы мүмкін.
 - CF немесе SD сияқты жад карталары бар USB адаптерлері анықталмауы мүмкін.
- USB қатты дискілері анықталмауы мүмкін.
- Бірнеше логикалық дискілері бар сыйымдылығы үлкен USB жинағышты қолданғанда, бірінші дискідегі файлдар ғана анықталады.
- USB жинағышқа қолданбалы бағдарлама жүктелген болса, тиісті медиафайлдар ойнатылмауы мүмкін.
- Үйлесімдікті жақсарту үшін USB 2.0 интерфейсі бар құрылғыларды пайдалану керек.

Bluetooth

- Bluetooth 2 қуат класы: -6 – 4 дБм аралығында
- Антенна қуаты: ең көбі. 3 мВт
- Жиілік диапазоны: 2400–2483,5 МГц
- Bluetooth patch RAM бағдарламалық құралының нұсқасы: 1

ТАУАРЛЫҚ БЕЛГІЛЕР

Басқа тауарлық белгілер мен саудалық атаулар олардың тиісті иелерінің меншігіне жатады.

- Сөздік тауарлық белгі мен Bluetooth® логотипі — Bluetooth SIG, Inc. компаниясына тиесілі тіркелген тауарлық белгілер. HYUNDAI компаниясы мұндай белгілерді лицензиялық келісімшартқа сәйкес пайдаланады.



СӘЙКЕСТІК ДЕКЛАРАЦИЯ

CE

EU Declaration of Conformity ^[1]

HYUNDAI
MOBIS

Product details ^[2]

Product ^[3] DIGITAL CAR AUDIO SYSTEM

Model ^[4] ACB120AEP, ACB100AGG, ACB110AGG, ACB100AGN, ACB110AGN, ACB100AGP, ACB100AGL, ACB100AMG, ACB100AEG, ACB110AEG, ACB100AEP, ACB110AEP, ACB100ARP, ACB100ABB

We hereby declare, that the product above is in compliance with the essential requirements of the Directive 2014/53/EU by application of ^[5]

Applied Standards ^[6]

Article ^[7] **3.2** EN 300 328 V2.1.1 (2016-11), Final draft EN 303 345 V1.1.7 (2017-03)
Radio ^[8]

Article ^[7] **3.1b** EN 301 489-1 V2.2.3(2019-11), EN 301 489-17 V3.1.1 (2017-02), EN 55032:2015,
EMC ^[9] EN 55035:2017

Article ^[7] **3.1a** EN 60065:2014, EN 62311:2008
Safety ^[10], **Health** ^[11]

Manufacturer ^[12]

HYUNDAI MOBIS Co., Ltd.

203, Teheran-ro, Gangnam-gu,

Seoul, 06141, Korea

Tel: +82-31-260-2707

Representative in the EU ^[13]

MOBIS Parts Europe N.V.

Wilhelm-Fay-Strabe 51,

Frankfurt Main, 65936, Germany

Tel: +49-69-85096-5011

Notified Body ^[14]

SGS United Kingdom Limited

Unit 12A & 12B, Bowburn South Industrial Est.

Bowburn, Durham, DH6 5AD

Notified Body Identification ^[17] 0890

Reference ^[18] 19/0238/KR

Signed By ^[15]

20/12/2019

This declaration of conformity is issued under the sole responsibility of the manufacturer. ^[16]



Seunghoon Choe

Representative

Hyundai MOBIS Co., Ltd.

Additional information ^[19]

SW: 1.0, HW: 1.0

УкрСЕПРО

Санат	Элемент	Сипаттама
Өндіруші		HYUNDAI MOBIS Co., Ltd. 203, Teheran-ro, Gangnam-gu, Seoul, 06141, Korea (Корея)
	Жиілік диапазоны	2400–2483,5 МГц
	Bluetooth сипаттамасы	4.1
	Қолданатын пішімдер	HFP (1.7), A2DP (1.3), AVRCP (1.6), PBAP (1.2)
Bluetooth	Антенна қуаты	2,5 мВт (ең үлкен мәні)
	Арналар саны	79
	Bluetooth patch RAM бағдарламалық құралының нұсқасы	1

STB



EAC

Санат	Сипаттама
Үлгісі	ACB100AGP, ACB100AEP, ACB100ARP
Өндіруші	HYUNDAI MOBIS Co., Ltd. 203, Teheran-ro, Gangnam-gu, Seoul, 06141, Korea (Корея)
Өндірілген күні	Құрылғыдағы күнді тексеру



6. Автокөлікті жүргізу

Жол жүру алдында	6-4
Автокөлікке отырмас бұрын	6-4
Қозғалтқышты оталдыру алдында.....	6-4
Оталдыру жүйесінің құлпы.....	6-5
Кілті бар оталдыру жүйесінің құлпы	6-5
«Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесі	6-8
Механикалық беріліс қорабы	6-13
Механикалық беріліс қорабының жұмысы	6-13
Дұрыс жүргізу амалдары	6-15
Интеллектуалды сатысыз трансмиссия	6-16
Интеллектуалды сатысыз трансмиссияны басқару	6-16
Тұраққа қою	6-21
Дұрыс жүргізу амалдары	6-22
Автоматты беріліс қорабы	6-23
Автоматты беріліс қорабын басқару	6-23
Тұраққа қою	6-27
Дұрыс жүргізу амалдары	6-28
Тежеу жүйесі	6-29
Тежегіш күшейткіші	6-29
Дискілік тежегіштер тозуының индикаторы	6-29
Артқы барабанды тежегіштер	6-30
Тұрақ тежегіші	6-30
Электрлік тұрақ тежегіші (EPB)	6-32
Автоматты түрде ұстап тұру	6-37
Тежеудің бұғатталуға қарсы жүйесі (ABS).....	6-40
Тұрақтылықты электронды бақылау (ESC)	6-42
Көлік құралын тұрақтандыруды басқару жүйесі (VSM)	6-44
Еңісте қозғалған кездегі көмек жүйесі (HAC)	6-46
Апаттық аялдау туралы ескерту жүйесі (ESS).....	6-46
Рұқсат етілген тежеу амалдары.....	6-47

Жүргізу режимін басқарудың біріктірілген жүйесі (2WD)	6-48
Қозғалыс режимі	6-48
Бағдар компьютерінде интеллектуалды түрде ауыстыру	6-52
Көлік жүргізудің ерекше жағдайлары	6-53
Көлік жүргізудің қауіпті жағдайлары	6-53
Автокөлікті тербелту	6-53
Бірқалыпты бұрылу	6-54
Автокөлікті түнгі уақытта жүргізу	6-54
Автокөлікті жауында жүргізу	6-54
Су басқан жерлермен жүру	6-55
Автомагистральда жүру	6-55
Көлікті қыста жүргізу	6-56
Көлікті қар мен мұзда жүргізу	6-56
Қыс мезгіліндегі сақтық шаралар	6-58
Тіркемені сүйреу	6-60
Тіркемені сүйрейтін болсаңыз	6-61
Тіркемені сүйреуге арналған жабдық	6-65
Тіркемесі бар автокөлікті жүргізу	6-66
Тіркемені сүйреген кездегі техникалық қызмет көрсету	6-69
Автокөлік салмағы	6-70
Шамадан артық жүк тиеу	6-70



АБАЙЛАҢЫЗ

Иіс газы (CO) улы болып табылады. Иіс газымен дем алу естен тануға және өлімге әкелуі мүмкін.

Пайдаланылған газдардың құрамында түссіз және иіссіз тұншықтырғыш газ бар.

Пайдаланылған газдармен дем алмаңыз.

Автокөлік салонының ішінде пайдаланылған газ иісі сезілген жағдайда дереу терезені ашыңыз. Иіс газымен дем алу тұншығудан естен тандыруы және өлімге әкелуі мүмкін.

Пайдаланылған газды шығару жүйесінен газдың шығып жатпағанына көз жеткізіңіз.

Пайдаланылған газ шығару жүйесін май ауыстыру немесе өзге мақсаттарда автокөлікті көтерген сайын тексеріп тұру керек. Пайдаланылған газдарды шығару жүйесі жұмысының дыбысы өзгерген кезде немесе автокөліктің астын әлдебір жерге соғып алғанда пайдаланылған газдарды шығару жүйесін дереу арада HYUNDAI ресми дилерінде тексерту керек.

Жабық үй-жайларда қозғалтқышты істеп тұрған күйінде қалдырмаңыз.

Қозғалтқышты гараж есігі ашық тұрғанның өзінде бос жүрісте істетіп қою қауіпті болады. Автокөлікті гараждан шығару үшін қозғалтқышты аз уақыт оталдырып қойыңыз.

Автокөлік салонында адамдар отырғанда, қозғалтқышты бос жүрісте ұзақ істетпеңіз.

Автокөлік салонында адамдар отырғанда қозғалтқышты бос жүрісте тек ашық ауада ғана ұзақ істетіп қоюға болады. Бұл жағдайда ауа кірісін реттегішті таза ауаны беру қалпына, ал желдеткіш реттегішінің қуатын салонға таза ауа кіруі үшін ең жоғары қалыпқа келтіру керек.

Ауа тартқыш саңылаулардың бітелуіне жол бермеңіз.

Желдету жүйесі қалыпты істеуі үшін алдыңғы әйнек алдында орналасқан ауа тартқыш саңылаулардың қармен, мұзбен, жапырақтармен және т.б. бітелмеуін қадағалаңыз.

Ашық жүксалғышпен жүру қажет болса:

Терезелердің бәрін жабыңыз.

Аспаптар панелінің ауа жапқыштарын ашыңыз.

Ауа кірісін реттегішті таза ауа беру қалпына, ауа ағынын басқару реттегішін «FLOOR» (Еден) немесе «FACE» (Бет) қалпына, ал желдеткіш реттегішінің қуатын ең жоғары қалыпқа келтіріңіз.

ЖОЛ ЖҮРУ АЛДЫНДА

Автокөлікке отырмас бұрын

- Балық терезелер, сыртқы айналар және сыртқы жарық аспаптары таза әрі кірлемеген болуы тиіс.
- Қыраудан, қардан не мұздан тазалаңыз.
- Шиналардың тозбағанын және зақымдалмағанын тексеріңіз.
- Автокөлік астында еш нәрсенің ағып тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Артқа жүрмей тұрып, автокөліктің артында ешқандай бөгеттердің жоқ екенін тексеріп алыңыз.

Қозғалтқышты оталдыру алдында

- Капоттың, жүксалғыштың және есіктердің нық жабылғанын тексеру керек.
- Орындық пен рульдің қалпын реттеп алыңыз.
- Ішкі айна мен сыртқы артқы көрініс айналарының қалыптарын реттеп алыңыз.
- Сыртқы жарық аспаптарының жұмысын тексеріңіз.
- Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз. Барлық жолаушылардың қауіпсіздік белбеулерін таққанына көз жеткізіңіз.
- Оталдыру кілтін «ON» (Қосу) қалпына бұрап, аспаптар панелінің көрсеткіштері мен индикаторларын, сондай-ақ аспаптар панелінің дисплейіндегі хабарламаларды тексеріңіз.
- Бүкіл жүктің нық орналасып, бекітілгеніне көз жеткізіңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ

АУЫР ЖАРАҚАТ немесе ӨЛІМ ықтималдығын азайту үшін келесі сақтық шараларын сақтаңыз.

- **ӘРДАЙЫМ** қауіпсіздік белбеуін тағыңыз. Барлық жолаушылар автокөлік жүрмей тұрып қауіпсіздік белбеулерін дұрыс тағулары тиіс. Толық ақпаратты 3-тараудың «Қауіпсіздік белбеулері» тармағынан қараңыз.

- Қозғалыс барысында әрқашан сақ болыңыз. Қозғалыстың басқа қатысушыларының немесе жаяу жүргіншілердің зейінін аздау болып, қателіктер жіберуі мүмкін екендігін ойластырыңыз.
- Назарыңыз үнемі автокөлікті жүргізуге бағытталған болуы керек. Жүргізуші назарын басқа нәрсеге аударғанда, апат орын алуы мүмкін.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралдарына дейін қауіпсіз арақашықтықты сақтаңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Көлікті алкогольдік не есірткілік масаю күйінде жүргізуге **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**. Көлікті мұндай күйде жүргізу **АУЫР ЖАРАҚАТ** немесе **ӨЛІМ** себебіне айналуы мүмкін.

Мас күйде көлік жүргізу — жыл сайын жолдарда адамдардың қаза табуының басты себебі. Тіпті алкогольдің аз мөлшері Сіздің рефлекстеріңізге, әрекет ету мүмкіндігіңізге және жағдайды бағалау дәлдігіне әсер етеді. Спирттік ішімдіктің бір порциясының өзі жағдай өзгергенде және төтенше жағдайларда әрекет ету жылдамдығы ішімдіктің әрбір келесі порциясымен төмендей береді.

Есірткілік масаю күйінде көлік жүргізу мас күйде көлік жүргізу сияқты немесе тіпті одан гөрі қауіптірек болады. Арақ-шарап ішіп немесе медициналық дәрі-дәрмек не есірткі қабылдап көлік жүргізсеңіз, ауыр жол-көлік апатының орын алу ықтималдығы анағұрлым артады. Егер сіз арақ-шарап ішіп, не болмаса есірткі қабылдасаңыз, көлік жүргізбеңіз. Ішімдік ішкен немесе есірткі қабылдаған жүргізушінің көлігіне отырмаған жөн. Мас емес жүргізушіге хабарласыңыз немесе такси шақыртыңыз.


ОТАЛДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰЛПЫ

АБАЙЛАҢЫЗ

АУЫР ЖАРАҚАТ немесе **ӨЛІМ** ықтималдығын азайту үшін келесі сақтық шараларын сақтаңыз.

- Балаларға және осы автокөліктің жұмыс істеу қағидаттарымен таныс емес адамдарға оталдыру жүйесінің құлпына немесе тиісті бөліктеріне тиісуге рұқсат етпеңіз. Автокөлік кенеттен жүріп кетуі мүмкін.
- Оталдыру жүйесінің құлпына немесе кез келген басқа басқару элементтеріне қол жеткізу үшін автокөлік жүріп бара жатқан кезде қолды рульге ЕШҚАШАН сұқпаңыз. Қолыңыз осы аймақта болғанда автокөлікті жүргізу мүмкіндігі жоғалып, салдарынан апат орын алуы мүмкін.

Кілті бар оталдыру жүйесінің құлпы (бар болса)



Оталдыру құлпындағы кілт «ON» (Қосу) қалпында тұрмаса, алдыңғы есікті ашқан сайын оталдыру жүйесінің құлпы жарықтанып тұрады. Есік жабылғаннан кейін 30 секунд өткен соң оталдыру жүйесін қосқан немесе өшірген бойда көмескі жарық сөніп қалады (бар болса).

АБАЙЛАҢЫЗ

- Төтенше жағдайлардан басқа кезде, автокөлік жүріп бара жатқанда оталдыру жүйесінің кілтін ЕШҚАШАН «LOCK» (Бұғаттау) немесе «ACC» (Қосымша құрылғылар) қалыптарына келтірмеңіз. Бұл қозғалтқыштың сөніп қалуына және руль мен тежеу жүйесі күшейткіштерінің ажыратылуына әкеледі. Бұның салдарынан қозғалыс бағытын және тежеу функциясын басқара алмай, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.
- Жүргізуші орнынан шықпай тұрып, берілістерді ауыстыру иінтірегі «P» (Тұраққа қою) қалпында тұрғанын тексеріңіз; тұрақ тежегішін қосып, оталдыру жүйесінің кілтін «LOCK» (Бұғаттау) қалпына ауыстырыңыз. Осы сақтық шараларын орындамаған жағдайда, автокөлік кенеттен жүріп кетуі мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Оталдыру жүйесінің құлпына қосымша қаптамаларды пайдаланбаңыз. Бұл байланыстың үзілуі салдарынан қозғалтқышты оталдырған кезде проблемалардың туындауына әкелуі мүмкін.

Кілтті бар оталдыру жүйесі құлпының қалыптары

Оталдыру жүйесі құлпының қалыптары	Әрекет	Мәлімет үшін
<p>«LOCK» (Бұғатталды)</p>	<p>Оталдыру жүйесінің кілтін LOCK қалпында ғана шығаруға болады. Руль автокөлікті ұрлап әкетуден қорғау мақсатында бұғатталады (бар болса).</p>	
<p>«ACC» (Қосымша құрылғылар)</p>	<p>Кейбір электрлік жабдық қосылады. Руль бұғаттан шығарылады.</p>	<p>Егер оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті «ACC» (Қосымша құрылғылар) қалпына ауыстыру қиынға соқса, механизм жүрісін жеңілдету үшін рульді оңға-солға айналдырып кілтті бұраңыз.</p>
<p>ON (Қосу)</p>	<p>Бұл кілттің қозғалтқыш іске қосылатын қалыпты жұмыс күйі болып табылады. Бұл күйде автокөліктің барлық негізгі және қосалқы жүйелері істейді. Оталдыру жүйесінің кілтін ACC қалпынан ON қалпына ауыстырған кезде барлық бақылау шамдарын тексеруге болады.</p>	<p>Қозғалтқыш өшіп тұрғанда, АКБ заряды таусылмас үшін оталдыру жүйесінің кілтін ON қалпында қалдырмаңыз.</p>
<p>«START» (Оталдыру)</p>	<p>Қозғалтқышты оталдыру үшін оталдыру құлпындағы кілтті «START» (Оталдыру) қалпына бұраңыз. Құлыптағы кілтті жіберген кезде кілт «ON» (Қосу) қалпына қайтады.</p>	<p>Қозғалтқыш сіз кілтті жібергенше айналып тұрады.</p>

Қозғалтқышты оталдыру



АБАЙЛАҢЫЗ

- **Автокөлікті жүргізген кезде тиісті аяқ киім кию керек. Автокөлікті биік өкшелі туфлиді, шаңғы аяқ киімін, сандалды немесе жағажайда киетін шөркейді және т.с.с. киіп жүргізуге болмайды. Мұндай аяқ киіммен тежегіш пен акселератор педальдерін басқан ыңғайсыз.**
- **Акселератор педальін басып тұрып, қозғалтқышты оталдыруға болмайды. Автокөлік жүріп кетіп, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.**
- **Қозғалтқыш қалыпты жиілікпен айналғанша күте тұру керек. Қозғалтқыштың айналу жиілігі жоғары болғанда тежегіш педальін жіберген кезде автокөлік кенеттен жүріп кетуі мүмкін.**

Механикалық беріліс қорабы бар автокөлік

1. Тұрақ тежегішінің қосылғанына көз жеткізіңіз.
2. Берілістерді ауыстыру иінтірегі бейтарап қалыпта тұруы тиіс.
3. Ілініс және тежегіш педальдерін басыңыз.
4. Оталдыру жүйесі құлпындағы кілтті «START» (Оталдыру) қалпына бұраңыз. Кілтті (көп дегенде 10 секунд) қозғалтқыш оталғанша басып тұрыңыз, содан соң жіберіңіз.



Ақпарат

Ілініс және тежегіш педальдерін қозғалтқыш оталғанша басып тұрыңыз.

Автоматты трансмиссиясы / интеллектуалды сатысыз трансмиссиясы бар автокөлік

1. Тұрақ тежегішінің қосылғанына көз жеткізіңіз.
2. Берілістерді ауыстыру иінтірегі Р (Тұраққа қою) қалпында тұр.
3. Тежегіш педальін басыңыз.

4. Оталдыру жүйесі құлпындағы кілтті «START» (Оталдыру) қалпына бұраңыз. Кілтті (көп дегенде 10 секунд) қозғалтқыш оталғанша басып тұрыңыз, содан соң жіберіңіз.



Ақпарат

- **Автокөлік қозғалысыз күйде тұрғанда, қозғалтқыштың қызғанын күтпеңіз. Қозғалтқыштың кішкентай айналымдарында қозғала бастаңыз. (жылдамдықты кенеттен үдетпеген және тежемеген жөн).**
- **Автокөлікті әрдайым тежегіш педальін басып тұрып оталдырыңыз. Автокөлікті оталдырғанда акселератор педальін басаңыз. Қозғалтқышты қыздыру кезінде оны жоғары айналымда жұмыс істетпеңіз.**

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөліктің жүйелерін зақымдамас үшін мына ақпаратқа назар аударыңыз.

- **Оталдыру жүйесінің кілтін «START» (Оталдыру) қалпында 10 секундтан артық уақыт ұстамаңыз. Қозғалтқышты оталдыру әрекетін қайталағанға дейін 5-10 секунд күте тұрыңыз.**
- **Қозғалтқыш оталып тұрғанда оталдыру жүйесінің құлпын «START» (Оталдыру) қалпына ауыстырмаңыз. Бұл стартердің зақымдалуына себеп болуы мүмкін.**
- **Жолдағы жағдайлар мүмкіндік берсе, автокөлік жүріп келе жатқанда берілістерді ауыстыру иінтірегін «N» (бейтарап) қалпына ауыстырып, оталдыру жүйесінің құлпын «START» (Оталдыру) қалпына бұрап, қозғалтқышты қайта оталдыру әрекетін жасауға болады.**
- **Автокөлікті сүйреу не итеру арқылы қозғалтқышты оталдыруға әрекет жасамаңыз.**

«Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/ сөндіру) түймесі (бар болса)



Алдыңғы есікті ашқан кезде «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесі жанады. Есікті жапқан соң, ол әлі 30 секунд жанып тұрады (бар болса).

АБАЙЛАҢЫЗ

Төтенше жағдайда қозғалтқышты сөндіру үшін:

Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін екі секундтан астам уақыт басып ұстап тұрыңыз **НЕМЕСЕ** осы түймені үш рет басып, жіберіңіз (үш секунд ішінде).

Автокөлік тоқтамаса, қозғалтқышты тежегіш педалін баспай қайта оталдыруға болады. Ол үшін берілістерді ауыстыру иінтірегін «N» бейтарап қалпына ауыстырып, қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басуға болады.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Төтенше жағдайлардан басқа кезде, автокөліктің қозғалысы кезінде «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін **ЕШҚАШАН** баспаңыз. Бұл қозғалтқыштың сөніп қалуына және руль мен тежеу жүйесі күшейткіштерінің ажыратылуына әкеледі. Бұның салдарынан қозғалыс бағытын және тежеу функциясын басқара алмай, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.
- Автокөліктен шықпас бұрын берілістерді ауыстыру иінтірегін міндетті түрде «P» (Тұраққа қою) қалпына ауыстырып, тұрақ тежегішін қосып, қозғалтқышты сөндіру үшін «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін басыңыз да, автокөліктен шығарда интеллектуалды кілтті алып кетіңіз. Осы сақтық шараларын орындамаған жағдайда, автокөлік кенеттен жүріп кетуі мүмкін.

«Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесінің қалпы

– Механикалық беріліс қорабы бар автокөлік

Түйменің қалпы	Әрекет	Ескертпелер
«OFF» (Өшіру)	Қозғалтқышты сөндіру үшін автокөлікті тоқтатыңыз да, қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басыңыз. Руль автокөлікті ұрлап әкетуден қорғау мақсатында бұғатталады (бар болса).	Егер руль тиісті түрде бұғатталмаған болса, жүргізушінің есігін ашқанда ескерту сигналы беріледі.
«ACC» (Қосымша құрылғылар)	Ілініс педалін баспай, түйме OFF қалпында тұрғанда қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басыңыз. Кейбір электрлік жабдық қосылады. Руль бұғаттан шығарылады.	«Engine Start/ Stop» (Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру) түймесін «ACC» (Қосымша құрылғылар) қалпында қалдырсаңыз, онда бір сағаттан кейін аккумулятордан келетін қуат автоматты түрде ажырап, аккумулятор заряды таусылмайды. Руль тиісті түрде бұғаттан шығарылмаса, «ENGINE START/STOP» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесі жұмыс істемейді. Рульді бұғаттан шығару үшін «Engine Start/ Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін басып тұрып, рульді оңға және солға қарай бұру керек.
ON (Қосу)	Ілініс педалін баспай, ACC қалпындағы қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басыңыз. Қозғалтқышты оталдырмай тұрып, индикаторларды тексеруге болады.	Қозғалтқыш оталып тұрмаса, аккумулятор заряды таусылмас үшін «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру) түймесін «ON» (Қосу) қалпында қалдырмаңыз.
«START» (Оталдыру)	Қозғалтқышты оталдыру үшін ілініс педалі мен тежегіш педалін басып, содан соң қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басыңыз. Берілістерді ауыстыру интірегі бейтарап қалпында тұруы керек.	Тежегіш педалін баспай, қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басқан кезде қозғалтқыш қосылмайды. Бұл жағдайда қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесі былайша жұмыс істейді: «OFF» (Өшіру) → «ACC» (Қосымша құрылғылар) → «ON» (Қосу) → «OFF» (Өшіру) немесе «ACC» (Қосымша құрылғылар).

«Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесінің қалпы

– Автоматты трансмиссиясы / интеллектуалды сатысыз трансмиссиясы бар автокөлік

Түйменің қалпы	Әрекет	Ескертпелер
<p>«OFF» (Өшіру)</p>	<p>Қозғалтқышты сөндіру үшін берілістерді ауыстыру инітірегін «P» (Тұраққа қою) қалпына ауыстырып, «ENGINE START/STOP» (Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру) түймесін басыңыз. Руль автокөлікті ұрлап әкетуден қорғау мақсатында бұғатталады. (бар болса)</p>	<p>Жүргізуші есігі ашылғанда рульдің бұғатталуы қандай да бір себеппен іске қосылмаса, ескерту сигналы беріледі.</p>
<p>«ACC» (Қосымша құрылғылар)</p>	<p>Тежегіш педалін баспай, «OFF» (Өшіру) қалпында тұрған «Engine Start/ Stop» (Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру) түймесін басыңыз. Кейбір электрлік жабдықты әлі де пайдалануға болады. Руль бұғаттан шығарылады.</p>	<p>«Engine Start/ Stop» (Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру) түймесін «ACC» (Қосымша құрылғылар) қалпында қалдырсаңыз, онда бір сағаттан кейін аккумулятордан келетін қуат автоматты түрде ажырап, аккумулятор заряды таусылмайды. Руль тиісті түрде бұғаттан шығарылмаса, «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесі жұмыс істемейді. Қажетті күшті азайту үшін «Engine Start/ Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін басып тұрып, рульді оңға және солға қарай бұру керек.</p>
<p>ON (Қосу)</p>	<p>Тежегіш педалін баспай, «ACC» (Қосалқы құрылғылар) күйінде тұрған «Engine Start/ Stop» (Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру) түймесін басыңыз. Қозғалтқышты оталдырмай тұрып, индикаторларды тексеруге болады.</p>	<p>Қозғалтқыш оталып тұрмағанда, аккумулятор заряды таусылмас үшін «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру) түймесін «ON» (Қосу) қалпында қалдырмаңыз.</p>
<p>«START» (Оталдыру)</p>	<p>Қозғалтқышты оталдыру үшін тежегіш педалін басып, қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басыңыз. Берілістерді ауыстыру инітірегі «P» (Тұраққа қою) немесе «N» (Бейтарап) қалпында тұруы керек). Қауіпсіздік мақсатында қозғалтқышты берілістерді ауыстыру инітірегі «P» (Тұраққа қою) қалпында тұрғанда оталдыру керек.</p>	<p>Тежегіш педалін баспай «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін басқанда қозғалтқыш қосылмайды. Бұл жағдайда қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесі былайша жұмыс істейді: «OFF» (Өшіру) → «ACC» (Қосымша құрылғылар) → «ON» (Қосу) → «OFF» (Өшіру) немесе «ACC» (Қосымша құрылғылар).</p>

Қозғалтқышты оталдыру



АБАЙЛАҢЫЗ


- **Автокөлікті жүргізу үшін әрдайым тиісті аяқ киім кюю керек. Автокөлікті биік өкшелі туфлиді, шаңғы аяқ киімін, сандалды, жағажайда киетін шәркейді және т.с.с. киіп жүргізуге болмайды. Мұндай аяқ киіммен тежегіш, акселератор және ілініс педальдерін басқан ыңғайсыз.**
- **Акселератор педальін басып тұрып, қозғалтқышты оталдыруға болмайды.**

Автокөлік жүріп кетіп, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.

- **Қозғалтқыш қалыпты жиілікпен айналғанша күте тұру керек. Қозғалтқыштың айналу жиілігі жоғары болғанда тежегіш педальін жіберген кезде автокөлік кенеттен жүріп кетуі мүмкін.**



Ақпарат

- **«Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін басқанда, автокөлік электронды кілт автокөлік ішінде болған жағдайда ғана оталады.**
- **Егер электронды кілт автокөлік ішінде, бірақ жүргізушіден алыс болса, қозғалтқыш оталмауы мүмкін.**
- **«Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесі «ACC» (Қосымша құрылғылар) немесе «ON» (Қосу) қалпында тұрса, кез келген есікті ашқанда жүйе интеллектуалды кілттің барын тексереді. Электронды кілт салон ішінде болмаса  индикаторы жыпылықтап, «Key not in vehicle» (Кілт машинада жоқ) ескертуі жанады. Барлық есіктер жабық тұрса, дыбыс сигналы да шамамен 5 секунд ішінде беріледі. Электронды кілт салоңда болуы тиіс.**

Механикалық беріліс қорабы бар автокөлік

1. Электронды кілтті әрқашан өзіңізбен бірге алып жүріңіз.
2. Тұрақ тежегішінің қосылғанына көз жеткізіңіз.
3. Берілістерді ауыстыру иіңтірегі бейтарап қалыпта тұруы тиіс.
4. Ілініс және тежегіш педальдерін басыңыз.
5. «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін басыңыз.



Ақпарат

Ілініс және тежегіш педальдерін қозғалтқыш оталғанша басып тұрыңыз.

Автоматты трансмиссиясы / интеллектуалды сатысыз трансмиссиясы бар автокөлік

1. Электронды кілтті әрқашан өзіңізбен бірге алып жүріңіз.
2. Тұрақ тежегішінің қосылғанына көз жеткізіңіз.
3. Берілістерді ауыстыру иіңтірегі Р (Тұраққа қою) қалпында тұр.
4. Тежегіш педальін басыңыз.
5. «Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін басыңыз.



Ақпарат

- **Автокөлік қозғалысыз күйде тұрғанда, қозғалтқыштың қызғанын күтпеңіз. Қозғалтқыштың кішкентай айналымдарында қозғала бастаңыз. (жылдамдықты кенеттен үдетпеген және тежемеген жөн).**
- **Автокөлікті әрдайым тежегіш педальін басып тұрып оталдырыңыз. Автокөлікті оталдырғанда акселератор педальін баспаңыз. Қозғалтқышты қыздыру кезінде оны жоғары айналымда жұмыс істетпеңіз.**

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөліктің жүйелерін зақымдамас үшін мына ақпаратқа назар аударыңыз.

- Қозғалтқыш жүріс кезінде сөніп қалса, берілістерді ауыстыру интірегін «Р» (Тұраққа қою) қалпына ауыстырмаңыз.

Егер көлік легі мен жолдағы жағдай мүмкіндік берсе, автокөлік жүріп келе жатқанда берілістерді ауыстыру интірегін «N» (бейтарап) қалпына ауыстырыңыз да, қозғалтқышты қайта оталдыру үшін қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басыңыз.

- Автокөлікті сүйреу не итеру арқылы қозғалтқышты оталдыруға әрекет жасамаңыз.


МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөліктің жүйелерін зақымдамас үшін мына ақпаратқа назар аударыңыз.

Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін 10 секундтан артық басып тұрмаңыз, себебі тоқтату шамының сақтандырғышы күйіп кетуі мүмкін.

Тежегіш ажыратқышының сақтандырғышы күйіп кетсе, қозғалтқышты қалыпты режимде оталдыру мүмкін болмайды. Сақтандырғышты жаңасына ауыстырыңыз. Сақтандырғышты ауыстыру мүмкіндігі болмаса, «Engine Start/ Stop» (Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру) түймесін 10 секунд бойы басып ұстап тұрып қозғалтқышты оталдыруға болады, бұл кезде ол түйме «ACC» (Қосымша құрылғылар) қалпында тұруы керек.


Қауіпсіздік мақсатында қозғалтқышты оталдырған кезде әрдайым тежегіш педалін басу керек.



i Ақпарат

Егер АКБ заряды таусылса немесе электронды кілт қалыпты жұмыс істемесе, қозғалтқышты оталдыру және сөндіру түймесін басып және электронды кілтті жоғарыда берілген суретте көрсетілген бағытта бұра отырып, қозғалтқышты оталдыруға болады.

МЕХАНИКАЛЫҚ БЕРІЛІС ҚОРАБЫ (БАР БОЛСА)



OCN7080009

- ⇒ Берілістерді ауыстыру иінтірегін түймені (1) басып жылжытуға болады.
- ➔ Берілістерді ауыстыру иінтірегін жылжыту үшін түймені (1) басу керек.

Механикалық беріліс қорабының жұмысы

Механикалық беріліс қорабының 6 алға жүру берілісі бар. Қораптағы барлық алға жүру берілісі синхрондалған, сондықтан жоғарырақ не төменірек беріліске ауысу еш қиындықсыз орындалады.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Егер автокөлікті ылдида тұраққа қойғанда ол өрге қарай бағытталып тұрса, берілісті ауыстыру иінтірегін 1-беріліске қойыңыз немесе автокөлік еңіске қаратылып тұрса, «R» артқа жүру берілісіне қойып, автокөліктен шығар кезде міндетті түрде тұрақ тежегішін іске қосыңыз немесе оталдыру жүйесінің кілтін «LOCK/OFF» (Бұғаттау/өшіру) қалпына келтіріңіз. Осы сақтық шараларын орындамаған жағдайда, автокөлік кенеттен жүріп кетуі мүмкін.
- Еңісте тұраққа қойғанда автокөлік теңселмес үшін оның доңғалақтарын бұғаттап қойыңыз.

Артқа жүру берілісін «R» қосу үшін автокөлікті толықтай тоқтату керек. Осыдан кейін берілістерді ауыстыру иінтірегін алдымен бейтарап қалыпқа, содан соң «R» (артқа жүру) қалпына ауыстыру керек.

Автокөлік толықтай тоқтап, алайда иінтіректі 1-беріліске немесе артқа жүру берілісіне «R» қосу қиын болса, келесі әрекеттерді орындаңыз.

1. Берілістерді ауыстыру иінтірегін бейтарап қалыпқа орнатып, ілініс педальін басыңыз.
2. Ілініс педальін тірелгенше басып, бірінші берілісті немесе артқа жүру берілісін (R) қосыңыз.

i Ақпарат

Салқын ауа райында берілістер қорабындағы май қызбайынша берілістер ауыр қосылуы мүмкін.

Ілініс педальін пайдалану

Ілініс педальі келесі әрекеттерді орындамай тұрып тірелгенше басылып тұруы керек.

- Қозғалтқышты оталдыру
Ілініс педальі басылмай тұрса, қозғалтқыш оталмайды.
- Қажетті беріліске ауысу, келесі жоғарырақ беріліске ауысу, келесі төменірек беріліске ауысу.

Ілініс педальін баяу жіберу керек. Қозғалыс барысында ілініс педальі әрдайым толығымен жіберіліп тұруы керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Ілінісу механизмінің қатты тозуына және зақымдалуына жол бермеу үшін:

- Қозғалыс барысында аяғыңызды ілініс педаліне қойып отырмаңыз.
- Бағдаршамның рұқсат ететін сигналын және т.с.с. күту кезінде автокөлікті еңісте ілініс педалімен ұстап тұруға әрекеттенбеңіз.
- Ілінісу механизмінде шу пайда болмауы әрі ол зақымдалмауы үшін ілініс педалін әрдайым тірелгенше басыңыз.
- Қозғалысты тайғақ жолда бастайтын жағдайларды қоспағанда, автокөлікті 2-берілісте оталдырмаңыз.
- Автокөлікті рұқсат етілген ең жоғарғы жүк көтергіштігінен артық жүк тиеп жүргізбеңіз.
- Ілініс педалін міндетті түрде қозғалтқыш толық оталғанша тірелгенше басып тұру керек. Ілініс педалін ерте жіберсе, қозғалтқыш сөніп қалуы мүмкін.

Берілісті төмендету

Баяу қозғалатын көлік легінде немесе тік өрге шығып келе жатқанда, қозғалтқышқа күш түсірмес үшін төменірек беріліске ауысыңыз.

Төменірек беріліспен жүргенде қозғалтқыштың сөніп қалу ықтималдығы төмен болады. Онымен бірге, қажет болған кезде жылдамдықты төмен берілістен үдету оңайырақ болады. Еңістен түскенде төменірек берілісті қосу қозғалтқышпен тежеу есебінен қауіпсіз жылдамдықты сақтауға мүмкіндік береді, нәтижесінде тежегіштер азырақ тозады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Қозғалтқыш, ілінісу механизмі және трансмиссия зақымдалмас үшін төменде берілген ұсыныстарды орындаңыз.

- Бесінші берілістен төртінші беріліске ауысқан кезде берілістерді ауыстыру интірегiнiң шетке итеріліп, екінші берілістің қосылып кетпеуін қадағалаңыз. Беріліс осылайша күрт төмендетілетін болса, қозғалтқыштың иінділі білігінің айналу жиілігі тахометрдің қызыл аймағына дейін жоғарылап кетуі мүмкін. Салдарынан қозғалтқыш істен шығуы мүмкін.
- Берілісті бірден екіден артық сатыға төмендетуге, сондай-ақ бұл әрекетті қозғалтқыш жоғары жиілікпен (5000 айн/мин және одан жоғары) айналып тұрғанда орындауға болмайды. Берілісті осылай төмендеткен кезде қозғалтқыш, ілінісу механизмі және беріліс қорабы зақымдалуы мүмкін.

Дұрыс жүргізу амалдары

- Еңістен түсер кезде автокөлік берілісін ажыратпаңыз: автокөлік төмен қарай өз инерциясымен сырғымауы керек. Бұл өте қауіпті.
- Жүріс кезінде аяқты тежегіш педальіне қоймаңыз. Себебі тежегіштер мен оған байланысты жүйелер істен шығуы мүмкін.

Еңіс ұзақ болған кезде жылдамдықты төмендетіп, төменірек беріліске ауысыңыз. Автокөлік қозғалтқышпен тежелу есебінен баяулайды.

- Берілісті азайтпас бұрын, жылдамдықты төмендетіп алу керек. Осының арқасында қозғалтқыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін қозғалтқыштың рұқсат етілген айналымын шектен асырудан сақтануға болады.
- Қапталдан жел соққанда жылдамдықты төмендетіңіз. Бұл амал автокөлікті жақсырақ жүргізуге мүмкіндік береді.
- Трансмиссияны зақымдап алмас үшін артқа жүру берілісін («R» қалпы) қоспай тұрып міндетті түрде автокөлікті толықтай тоқтатып алыңыз.
- Тайғақ төсемнің үстінде жүргенде өте сақ болыңыз. Тежеу, жылдамдықты үдету немесе берілістерді ауыстыру кезінде де аса сақ болу керек. Автокөлік тайғақ жермен жүріп келе жатқанда жылдамдықты күрт өзгерту салдарынан жетекші дөңгелектер жолмен ілінісуін жоғалтып, автокөлікті жүргізу мүмкін болмай, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

Тайғақ жолда қозғалтқышпен күрт тежеуді (жоғары берілістен төменірек беріліске ауысу) қолданбаңыз. Автокөлік сырғып кетіп, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.




АБАЙЛАҢЫЗ

АУЫР ЖАРАҚАТ алу немесе **ӨЛІМ** қауіпін азайтуға мүмкіндік беретін сақтық шаралары төменде көрсетілген.


- **ӘРДАЙЫМ** қауіпсіздік белбеуін тағыңыз. Соқтығысу жағдайында қауіпсіздік белбеуін тақпаған адамның жарақат алу немесе өліп кету ықтималдығы аса жоғары.
- **Бұрылыстарда** немесе **айналымдарда** қауіпсіз жылдамдықты арттыруға болмайды.
- **Қозғалыс жолағын өзгерткен кезде** немесе **шұғыл, қауіпті айналымдарда** рульді күрт айналдырмаңыз
- **Жоғары жылдамдықпен жүретін жолдарда** көлікті жүргізе алмай қалғанда **аударылу қаупі тым жоғары** болады.
- **Екі не одан да көп доңғалақ жолдан шығып кеткен кезде, жүргізуші жолға оралу үшін рульді күрт артқа бұруға әрекет жасағанда** көлікті басқара алмай қалады.
- **Автокөлік жолдан шығып кетіп жатса, рульді күрт айналдырмаңыз. Оның орнына жылдамдықты төмендетіп, содан кейін қозғалыс жолағына оралу керек.**
- **HYUNDAI жылдамдық шектеуін көрсететін жол белгілерін ұстануға кеңес береді.**

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ САТЫСЫЗ ТРАНСМИССИЯ (БАР БОЛСА)

■ Сол жақ руль



■ Оң жақ руль



/// Тежегіш педалін тірелгенше басып, берілістерді ауыстыру иінтірегін басып тұрып, иінтіректі жылжытыңыз.

➡ Берілістерді ауыстыру түймесін басып, иінтіректі жылжытыңыз

⇨ Берілістерді ауыстыру иінтірегін қосымша әрекеттерсіз жылжытуға болады.

Интеллектуалды сатысыз трансмиссияны басқару

Интеллектуалды сатысыз трансмиссияның алты алға жүру берілісі мен бір артқа жүру берілісі бар.

Жеке жылдамдықтар «D» (алға жүру) қалпында автоматты түрде таңдалады.



АБАЙЛАҢЫЗ

Ауыр жарақат алу немесе өлім қаупін азайтуға мүмкіндік беретін сақтық шаралары төменде көрсетілген.

- Беріліс қорабын «D» (алға жүру) немесе «R» (артқа жүру) қалпына ауыспас бұрын автокөлік маңында адамдардың, әсіресе балалардың жоқ екенін ӨРДАЙЫМ тексеру керек.
- Жүргізуші орнынан шықпай тұрып, берілістерді ауыстыру иінтірегі «P» (тұраққа қою) қалпында тұрғанын тексеріңіз; содан кейін тұрақ тежегішін қосып, оталдыру жүйесінің кілтін «LOCK/OFF» (Бұғаттау/өшіру) қалпына бұраңыз. Осы сақтық шаралары орындалмаса, автокөлік кенеттен жүріп кетуі мүмкін.
- Тайғақ жолда берілістерді қолмен ауыстырған кезде қозғалтқышпен күрт тежеуді орындамаңыз (жоғарырақ берілістен төменірек беріліске ауысу). Автокөлік сырғып кетіп, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.

Берілістерді ауыстыру диапазондары

Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, берілістерді ауыстыру иінтірегінің қалпын аспаптар панеліндегі индикатор арқылы анықтауға болады.

P (тұраққа қою)

Берілістерді ауыстыру иінтірегін «P» (тұраққа қою) қалпына ауыстырмас бұрын, автокөлікті толықтай тоқтатып алу керек.

«P» (тұраққа қою) қалпынан ауысу үшін тежегіш педалін қатты басып, аяқтың акселератор педалінде тұрмағанына көз жеткізу керек.

Егер жоғарыда көрсетілген әрекеттердің барлығын орындағаннан кейін сіз әлі де иінтіректі «P» (Тұраққа қою) қалпына ауыстыра алмасаңыз, осы тараудың «Берілістерді ауыстыруды бұғаттау функциясын өшіру» тармағын қараңыз.

Қозғалтқышты сөндіру алдында берілістерді ауыстыру иінтірегі «P» (тұраққа қою) қалпында тұруы керек.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Автокөлік жүріп келе жатқанда берілістерді ауыстыру иінтірегін «P» (тұраққа қою) қалпына ауыстыру салдарынан автокөлікті жүргізе алмай қаласыз.
- Автокөлікті тоқтатқаннан кейін берілістерді ауыстыру иінтірегі «P» (тұраққа қою) қалпында тұрғанын әрдайым тексеріп алу керек, сондай-ақ тұрақ тежегішін тартып, қозғалтқышты сөндіру қажет.
- Еңісте тұраққа қойғанда автокөлік теңселмес үшін оның доңғалақтарын бұғаттап қойыңыз.
- Тұрақ тежегішінің орнына беріліс қорабының «P» (тұраққа қою) қалпын қолдануға болмайды.
- Интеллектуалды сатысыз трансмиссия (IVT) өз-өзіне диагностика жасағанда қозғалтқыштың айналу жиілігі жоғарылауы не төмендеуі мүмкін.

«R» (артқа жүру)

Берілістерді ауыстыру иінтірегiнiң бұл қалпы автокөлікті артқа жүргізу үшін қолданылады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Беріліс иінтірегін «R» қалпына (артқа жүру) немесе осы қалыптан ауыстырмас бұрын, автокөлікті толығымен тоқтату керек, өйтпесе автокөлік қозғалысы кезінде «R» (артқа жүру) қалпына ауысқан кезде беріліс қорабына зақым келуі мүмкін.

«N» (Бейтарап)

Дөңгелектер трансмиссиямен бекітілуден шығарылған.

«N» (бейтарап) қалпын өшіп қалған қозғалтқышты қайта оталдыру қажет болған кезде немесе қозғалтқыш оталып тұрған кезде аялдау қажет болған кезде қолдану керек. Автокөліктен кез келген себеппен шығу қажет болғанда иінтіректі «P» (тұраққа қою) қалпына ауыстыру керек.

«N» қалпынан (бейтарап) кез келген басқа жылдамдыққа ауысқан кезде тежегіш педалін әрдайым тірелгенше басу керек.

АБАЙЛАҢЫЗ


Аяғыңыз тежегіш педалінде болмаса жылдамдықты ауыстыруға болмайды. Қозғалтқыш жоғары жылдамдықта істеп тұрғанда жылдамдықты ауыстыру автокөліктің кенеттен тез жүріп кетуіне әкеп соғуы мүмкін. Автокөлікті басқара алмай, адамдарды немесе нысандарды қағып кетуіңіз мүмкін.

«D» (алға жүру)

Бұл — алға қарай қалыпты қозғалу күйі. Беріліс қорабы 6 берілістің біреуін автоматты түрде таңдап, отын мен қуаттың оңтайлы шығынын қамтамасыз етеді. Басқа көлікті басып озу кезінде немесе өрге қарай жүргенде тарту күшін арттыру үшін акселератор педалін тірелгенше басыңыз. Трансмиссия берілісті бір немесе бірнеше сатыға автоматты түрде төмендетеді.


Жүргізуші консольде берілістерді ауыстыру иінтірегiмен бірге орналасқан «DRIVE MODE» (Жүргізу режимі) ауыстырып қосқышының көмегімен «NORMAL» (Қалыпты), «ECO» (Үнемді) және «SPORT» (Спорттық) (бар болса) режимдері арасында ауыса алады.

Толық ақпарат осы тараудың «Жүргізу режимін басқарудың біріктірілген жүйесі» бөлімінде берілген.



DS (Спорттық режим) режимі

- Ds режиміне ауысу үшін берілістерді ауыстыру иінірегін «D» (Алға жүру) қалпынан ортаңғы қалыпқа (Қолмен ауыстыру режимі) ауыстырыңыз. Қозғалтқышты және трансмиссияны басқарудың логикалық схемасы спорттық мәнерде жүргізу үшін автоматты түрде бейімделеді.
- Ds режимінде тұрғанда берілістерді ауыстыру иінірегін «+» (жоғары не төмен) бағытына жылжытқанда берілістерді қолмен ауыстыру режимі қосылады. Егер иініректі «D» (Алға жүру) қалпына қайтарса, тиісті жүру режимі қалпына келеді. Автокөлік жүрісі таңдалған режимге сәйкес болады (NORMAL, ECO, SPORT, SMART).



Берілістерді қолмен ауыстыру режимі

Автокөліктің тұрғанына немесе жүріп келе жатқанына қарамастан, берілістерді ауыстыру иінірегін «D» (Алға жүру) қалпынан қолмен басқару ойығына түсіріп, қол режимін таңдауға болады. Иініректі «D» (алға жүру) қалпына қайтару үшін, оны қайтадан негізгі ойыққа жылжытыңыз. Қол режимінде берілістерді ауыстыру иінірегін алға және артқа жылжыту осы жағдайларда қажетті берілістер диапазонын таңдауға мүмкіндік береді.

- + (Жоғарылату): Берілісті бір сатыға жоғарылату үшін иініректі бір рет алға жылжытыңыз.
- (Төмендету): берілісті бір сатыға төмендету үшін иініректі бір рет артқа тартыңыз.

i Ақпарат

- Таңдауды тек алты алға жүру жылдамдығының арасынан жасауға болады. Артқа жүру режиміне ауысу немесе автокөлікті тұраққа қою үшін берілістерді ауыстыру иінтірегін тиісінше «R» (артқа жүру) немесе «P» (тұраққа қою) қалпына ауыстырыңыз.
- Беріліс автокөлік жылдамдығы төмендегенде автоматты түрде төмендейді. Автокөлікті тоқтатқан кезде автоматты түрде бірінші беріліс таңдалады.
- Қозғалтқыштың бір минут ішіндегі айналым мәні қызыл аймаққа жеткенде трансмиссия автоматты түрде жоғарғы жылдамдыққа ауысады.
- Егер жүргізуші иінтіректі «+» (Жоғары) немесе «-» (Төмен) басса, онда келесі жылдамдық қозғалтқыштың минут ішіндегі айналымының рұқсат етілген мәнінен артық болса, трансмиссия сұралған жылдамдыққа ауыса алмайды. Жүргізуші жолдағы жағдайды ескере отырып, қозғалтқыштың айналу жиілігі қызыл аймаққа жетпеуін қадағалай отырып, берілісті арттыруы тиіс.
- Тайғақ жолмен жүргенде берілістерді ауыстыру иінтірегін «+» (жоғары) қалпына ауыстырыңыз. Нәтижесінде беріліс қорабы тайғақ жолмен орнықты жүруге өте қолайлы болып табылатын 2-беріліске ауысады. Қайтадан бірінші беріліске ауысу үшін берілістерді ауыстыру иінтірегін «-» (төмен) қалпына ауыстырыңыз.
- Берілістерді қолмен ауыстыру режимінде жүргенде төменгі беріліске ауыспай тұрып жылдамдықты төмендетіп алу қажет. Кері жағдайда қозғалтқыштың айналу жиілігі рұқсат етілген шектен тыс болса, төмен беріліс қосылмайды.

Берілістерді ауыстыруды бұғаттау жүйесі


Қауіпсіздік мақсатында интеллектуалды сатысыз трансмиссия берілістерді ауыстыруды бұғаттау жүйесімен жабдықталған, ол тежегіш педалі басылмаса «P» (Тұраққа қою) қалпынан «R» (Артқа жүру) қалпына ауысуға жол бермейді.

Берілістерді ауыстыру иінтірегін «P» (тұраққа қою) қалпынан «R» (артқа жүру) қалпына ауыстыру үшін мына әрекеттерді орындаңыз.

1. Тежегіш педалін басып ұстап тұрыңыз.
2. Қозғалтқышты оталдырыңыз немесе оталдыру жүйесінің кілтін «ON» қалпына келтіріңіз.
3. Берілістерді ауыстыру иінтірегін ауыстырыңыз.

Берілістерді ауыстыру жүйесін бұғаттан шығару

Берілістерді ауыстыру иінтірегін «P» (Тұраққа қою) қалпынан «R» (Артқа жүру) қалпына тежегішті басып тұрып ауыстыру мүмкін болмаса, тежегіш педалін басып тұрып, келесі әрекеттерді орындаңыз.



1. Оталдыру жүйесінің кілтін «LOCK/OFF» (Бұғаттау/өшіру) қалпына ауыстырыңыз.

2. Тұрақ тежегішін қосыңыз.
3. Берілістерді ауыстыру иінтірегінің тозаңдықтарын абайлап шешіп алыңыз.
4. Селектор иінтірегін жылжытып, бекіткіш түймесін (1) құралдың (мысалы, оймакілтекті бұрауышпен) көмегімен ұстап тұрыңыз.

Егер берілістерді ауыстыру үшін бұғаттауды өшіру түймесін пайдалану қажет болса, дереу арада HYUNDAI ресми дилерлік орталығына барып автокөлікті тексертіңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Берілістерді ауыстыру иінтірегінің тозаңдықтарын шешкен кезде иінтіректің жанындағы қаптаманы зақымдап алмас үшін абай болыңыз.

Оталдыру жүйесінің кілтін бұғаттау жүйесі (бар болса)

Оталдыру жүйесінің кілтін берілістерді ауыстыру иінтірегі «Р» (тұраққа қою) қалпында тұрғанда ғана құлыптан шығаруға болады.

Тұраққа қою

Тежегіш педалін жібермей, автокөлікті толықтай тоқтатыңыз. Берілістерді ауыстыру иінтірегін «Р» (Тұраққа қою) қалпына ауыстырыңыз, тұрақ тежегішін қосып қойып, оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті «LOCK/OFF» (Бұғаттау/өшіру) қалпына бұраңыз. Автокөліктен шығарда, кілтті өзіңізбен бірге алып кетіңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Қозғалтқышы оталып тұрған автокөлікте отырғанда акселератор педалін тым ұзақ баспаңыз. Қозғалтқыш немесе пайдаланылған газдарды шығару жүйесі қызып, тұтанып кетуі мүмкін.
- Пайдаланылған газдар мен пайдаланылған газдарды шығару жүйесі өте ыстық болады. Бұл жүйенің бөлшектерін қолмен ұстамаңыз.
- Автокөлікті тұтанып кетуі мүмкін, мысалы, құрғақ шөп, қағаз не жапырақ сияқты заттар жатқан жерде тоқтатуға және тұраққа қоюға тыйым салынады. Бұның салдарынан өрт шығуы мүмкін.

Дұрыс жүргізу амалдары

- Акселератор педалі басылып тұрса, ешбір жағдайда берілістерді ауыстыру иінітірегін»Р» (тұраққа қою) немесе «N» (бейтарап) қалпынан кез келген басқа қалыпқа ауыстыруға болмайды.
- Берілістерді ауыстыру иінітірегін автокөлік жүріп келе жатқанда «Р» (тұраққа қою) қалпына ауыстыруға болмайды.
- Берілістерді ауыстыру иінітірегін «R» (артқа жүру) немесе «D» (алға жүру) қалпына ауыстырмай тұрып автокөліктің толықтай тоқтағанына көз жеткізіңіз.
- Берілістерді ауыстыру иінітірегін қозғалыс кезінде «N» (бейтарап) қалпына ауыстыруға болмайды. Өйткені қозғалтқышпен тежеу мүмкіндігінен айырылу салдарынан жол-көлік апаты орын алып, беріліс қорабы зақымдалуы мүмкін.
- Еңіс жолда келе жатқанда берілістерді ауыстыру қорабын алға жүргенде әрдайым «D» (алға жүру) қалпына, ал артқа жүргенде «R» (артқа жүру) қалпына ауыстырыңыз, сондай-ақ жүрісті бастамай тұрып берілістерді ауыстыру иінітірегіннің қалпын аспаптар панеліндегі индикатордан тексеріңіз. Таңдалған беріліске қарсы бағытта жүру қауіпті болады, себебі қозғалтқыш өшіп қалып, тежегіштер жұмысы нашарлауы мүмкін.
- Жүріс кезінде аяғыңызды тежегіш педаліне қоймаңыз. Педальді тіпті аздап, бірақ бірізді басып тұрудың өзі тежегіштердің қызып кетуіне, тозуына және тіпті істен шығуына алып келуі мүмкін.
- Автокөлікті өрде акселератор педалінің көмегімен ұстап тұруға тырыспаңыз. Бұл трансмиссияның қызып кетуіне әкеп соғуы мүмкін. Әрдайым тежегіш педалін немесе тұрақ тежегішін қолданыңыз.
- Автокөліктен шығар кезде әрдайым тұрақ тежегішін қосып қойыңыз. Автокөліктің жүріп кетуінің алдын алу үшін берілістер қорабының «Р» (тұраққа қою) қалпына ауысатынына сенім артпаңыз.

- Тайғақ төсемнің үстінде жүргенде өте сақ болыңыз. Тежеу, жылдамдықты үдету немесе берілістерді ауыстыру кезінде де аса сақ болу керек. Автокөлік тайғақ жермен жүріп келе жатқанда жылдамдықты күрт өзгерту салдарынан жетекші дөңгелектер жолмен ілінісуін жоғалтып, автокөлікті жүргізу мүмкін болмай, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.
- Автокөліктің оңтайлы сипаттамалары мен үнемділігіне қол жеткізу үшін акселератор педалін бірқалыпты басу керек.




АБАЙЛАҢЫЗ

АУЫР ЖАРАҚАТ алу немесе **ӨЛІМ** қаупін азайтуға мүмкіндік беретін сақтық шаралары төменде көрсетілген.

- **ӘРДАЙЫМ** қауіпсіздік белбеуін тағыңыз. Соқтығысу жағдайында қауіпсіздік белбеуін тақпаған адамның жарақат алу немесе өліп кету ықтималдығы аса жоғары.
- **Бұрылыстарда** немесе **айналымдарда** қауіпсіз жылдамдықты арттыруға болмайды.
- **Қозғалыс жолағын** өзгерткен кезде немесе **шұғыл**, қауіпті айналымдарда **рульді күрт айналдырмаңыз**
- **Жоғары жылдамдықпен** жүретін жолдарда **көлікті жүргізе алмай қалғанда** аударылу қаупі тым жоғары болады.
- **Екі не одан да көп доңғалақ жолдан шығып кеткен кезде**, жүргізуші жолға оралу үшін **рульді күрт артқа бұруға әрекет жасағанда** көлікті басқара алмай қалады.
- **Автокөлік жолдан шығып кетіп жатса**, **рульді күрт айналдырмаңыз. Оның орнына жылдамдықты төмендетіп, содан кейін қозғалыс жолағына оралу керек.**
- **HYUNDAI** жылдамдық шектеуін көрсететін жол белгілерін ұстануға кеңес береді.

АВТОМАТТЫ БЕРІЛІС ҚОРАБЫ (БАР БОЛСА)



- ▤ Тежегіш педалін тірелгенше басып, берілістерді ауыстыру иінтірегін басып тұрып, иінтіректі жылжытыңыз.
- ➡ Берілістерді ауыстыру түймесін басып, иінтіректі жылжытыңыз.
- ⇨ Берілістерді ауыстыру иінтірегін қосымша әрекеттерсіз жылжытуға болады.

Автоматты беріліс қорабын басқару

Автоматты беріліс қорабының алты алға жүру жылдамдығы және бір артқа жүру жылдамдығы бар.

Жеке жылдамдықтар «D» (алға жүру) қалпында автоматты түрде таңдалады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Ауыр жарақат алу немесе өлім қаупін азайтуға мүмкіндік беретін сақтық шаралары төменде көрсетілген.

- Беріліс қорабын «D» (алға жүру) немесе «R» (артқа жүру) қалпына ауыспас бұрын автокөлік маңында адамдардың, әсіресе балалардың жоқ екенін ӘРДАЙЫМ тексеру керек.
- Жүргізуші орнынан шықпай тұрып, берілістерді ауыстыру иінтірегі «P» (тұраққа қою) қалпында тұрғанын тексеріңіз; содан кейін тұрақ тежегішін қосып, оталдыру жүйесінің кілтін «LOCK/OFF» (Бұғаттау/өшіру) қалпына бұраңыз. Осы сақтық шаралары орындалмаса, автокөлік кенеттен жүріп кетуі мүмкін.
- Тайғақ жолда берілістерді қолмен ауыстырған кезде қозғалтқышпен күрт тежеуді орындамаңыз (жоғарырақ берілістен төменірек беріліске ауысу). Автокөлік сырғып кетіп, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.

Берілістерді ауыстыру диапазондары

Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, берілістерді ауыстыру иінтірегінің қалпын аспаптар панеліндегі индикатор арқылы анықтауға болады.

P (тұраққа қою)

Берілістерді ауыстыру иінтірегін «P» (тұраққа қою) қалпына ауыстырмас бұрын, автокөлікті толықтай тоқтатып алу керек.

«P» (тұраққа қою) қалпынан ауысу үшін тежегіш педалін қатты басып, аяқтың акселератор педалінде тұрмағанына көз жеткізу керек.

Егер жоғарыда көрсетілген әрекеттердің барлығын орындағаннан кейін сіз әлі де иінтіректі «P» (Тұраққа қою) қалпына ауыстыра алмасаңыз, осы тараудың «Берілістерді ауыстыруды бұғаттау функциясын өшіру» тармағын қараңыз.

Қозғалтқышты сөндіру алдында берілістерді ауыстыру иінтірегі «P» (тұраққа қою) қалпында тұруы керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Автокөлік жүріп келе жатқанда берілістерді ауыстыру иінтірегін «P» (тұраққа қою) қалпына ауыстыру салдарынан автокөлікті жүргізе алмай қаласыз.
- Автокөлікті тоқтатқаннан кейін берілістерді ауыстыру иінтірегі «P» (тұраққа қою) қалпында тұрғанын әрдайым тексеріп алу керек, сондай-ақ тұрақ тежегішін тартып, қозғалтқышты сөндіру қажет.
- Еңісте тұраққа қойғанда автокөлік теңселмес үшін оның доңғалақтарын бұғаттап қойыңыз.
- Тұрақ тежегішінің орнына беріліс қорабының «P» (тұраққа қою) қалпын қолдануға болмайды.

«R» (артқа жүру)

Берілістерді ауыстыру иінтірегінің бұл қалпы автокөлікті артқа жүргізу үшін қолданылады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Беріліс иінтірегін «R» қалпына (артқа жүру) немесе осы қалыптан ауыстырмас бұрын, автокөлікті толығымен тоқтату керек, әйтпесе автокөлік қозғалысы кезінде «R» (артқа жүру) қалпына ауысқан кезде беріліс қорабына зақым келуі мүмкін.

«N» (бейтарап)

Доңғалақтар мен трансмиссия арасындағы байланыс үзілді.

«N» (бейтарап) қалпын өшіп қалған қозғалтқышты қайта оталдыру қажет болған кезде немесе қозғалтқыш оталып тұрған кезде аялдау қажет болған кезде қолдану керек. Автокөліктен кез келген себеппен шығу қажет болғанда иінтіректі «P» (тұраққа қою) қалпына ауыстыру керек.

«N» қалпынан (бейтарап) кез келген басқа жылдамдыққа ауысқан кезде тежегіш педалін әрдайым тірелгенше басу керек.



АБАЙЛАҢЫЗ


Аяғыңыз тежегіш педалінде болмаса жылдамдықты ауыстыруға болмайды. Қозғалтқыш жоғары жылдамдықта істеп тұрғанда жылдамдықты ауыстыру автокөліктің кенеттен тез жүріп кетуіне әкеп соғуы мүмкін. Автокөлікті басқара алмай, адамдарды немесе нысандарды қағып кетуіңіз мүмкін.

«D» (алға жүру)

Бұл — алға қарай қалыпты қозғалу күйі. Беріліс қорабы 6 берілістің біреуін автоматты түрде таңдап, отын мен қуаттың оңтайлы шығынын қамтамасыз етеді. Басқа көлікті басып озу кезінде немесе өрге қарай жүргенде тарту күшін арттыру үшін акселератор педалін тірелгенше басыңыз. Трансмиссия берілісті бір немесе бірнеше сатыға автоматты түрде төмендетеді.

Жүргізуші консольде берілістерді ауыстыру иінтірегімен бірге орналасқан «DRIVE MODE» (Жүргізу режимі) ауыстырып қосқышының көмегімен «NORMAL» (Қалыпты), «ECO» (Үнемді) және «SPORT» (Спорттық) (бар болса) режимдері арасында ауыса алады.


Толық ақпарат осы тараудың «Қозғалыс режимін басқарудың кіріктірілген жүйесі» тарауында берілген.



OCN7060007

DS (Спорттық режим) режимі

- Ds режиміне ауысу үшін берілістерді ауыстыру иінтірегін «D» (Алға жүру) қалпынан ортаңғы қалыпқа (Қолмен ауыстыру режимі) ауыстырыңыз. Қозғалтқышты және трансмиссияны басқарудың логикалық схемасы спорттық мәнерде жүргізу үшін автоматты түрде бейімделеді.
- Ds режимінде тұрғанда берілістерді ауыстыру иінтірегін «+» (жоғары) не «-» (төмен) бағытына жылжытқанда қолмен ауыстыру режимі қосылады. Иінтіректі «D» (Алға жүру) қалпына қайтарса, тиісті жүру режимі қалпына келеді. Автокөлік жүрісі таңдалған режимге сәйкес болады (NORMAL, ECO, SPORT, SMART).



Берілістерді қолмен ауыстыру режимі

Автокөліктің тұрғанына немесе жүріп келе жатқанына қарамастан, берілістерді ауыстыру иінтірегін «D» (Алға жүру) қалпынан қолмен басқару ойығына түсіріп, қол режимін таңдауға болады. Иінтіректі «D» (алға жүру) қалпына қайтару үшін, оны қайтадан негізгі ойыққа жылжытыңыз. In manual shift mode, moving the shift lever backwards and forwards will allow you to select the desired range of gears for the current driving conditions.

+ (Up / Жоғары): Берілісті бір сатыға жоғарылату үшін иінтіректі бір рет алға жылжытыңыз.

– (Down / Төмен): Берілісті бір сатыға төмендету үшін иінтіректі бір рет артқа жылжытыңыз.

i Ақпарат

- Таңдауды тек алты алға жүру жылдамдығының арасынан жасауға болады. Артқа жүру режиміне ауысу немесе автокөлікті тұраққа қою үшін берілістерді ауыстыру иінтірегін тиісінше «R» (артқа жүру) немесе «P» (тұраққа қою) қалпына ауыстырыңыз.
- Беріліс автокөлік жылдамдығы төмендегенде автоматты түрде төмендейді. Автокөлікті тоқтатқан кезде автоматты түрде бірінші беріліс таңдалады.
- Қозғалтқыштың бір минут ішіндегі айналым мәні қызыл аймаққа жеткенде трансмиссия автоматты түрде жоғарғы жылдамдыққа ауысады.
- Егер жүргізуші иінтіректі «+» (Жоғары) немесе «-» (Төмен) басса, онда келесі жылдамдық қозғалтқыштың минут ішіндегі айналымының рұқсат етілген мәнінен артық болса, трансмиссия сұралған жылдамдыққа ауыса алмайды. Жүргізуші жолдағы жағдайды ескере отырып, қозғалтқыштың айналу жиілігі қызыл аймаққа жетпеуін қадағалай отырып, берілісті арттыруы тиіс.
- Тайғақ жолмен жүргенде берілістерді ауыстыру иінтірегін «+» (жоғары) қалпына ауыстырыңыз. Нәтижесінде беріліс қорабы тайғақ жолмен орнықты жүруге өте қолайлы болып табылатын 2-беріліске ауысады. Қайтадан бірінші беріліске ауысу үшін берілістерді ауыстыру иінтірегін «-» (төмен) қалпына ауыстырыңыз.
- Берілістерді қолмен ауыстыру режимінде жүргенде төменгі беріліске ауыспай тұрып жылдамдықты төмендетіп алу қажет. Кері жағдайда қозғалтқыштың айналу жиілігі рұқсат етілген шектен тыс болса, төмен беріліс қосылмайды.

Берілістерді ауыстыруды бұғаттау жүйесі


Қауіпсіздік мақсатында автоматты беріліс қорабы берілістерді ауыстыруды бұғаттау жүйесімен жабдықталған, ол тежегіш педалі басылмаса «Р» (тұраққа қою) қалпынан «R» (артқа жүру) қалпына ауысуға жол бермейді.

Берілістерді ауыстыру иінтірегін «Р» (тұраққа қою) қалпынан «R» (артқа жүру) қалпына ауыстыру үшін мына әрекеттерді орындаңыз.

1. Тежегіш педалін басып ұстап тұрыңыз.
2. Қозғалтқышты оталдырыңыз немесе оталдыру жүйесінің кілтін «ON» қалпына келтіріңіз.
3. Берілістерді ауыстыру иінтірегін ауыстырыңыз.

Берілістерді ауыстыру жүйесін бұғаттан шығару

Берілістерді ауыстыру иінтірегін «Р» (Тұраққа қою) қалпынан «R» (Артқа жүру) қалпына тежегішті басып тұрып ауыстыру мүмкін болмаса, тежегіш педалін басып тұрып, келесі әрекеттерді орындаңыз.



1. Оталдыру жүйесінің кілтін «LOCK/OFF» (Бұғаттау/өшіру) қалпына ауыстырыңыз.
2. Тұрақ тежегішін қосыңыз.
3. Берілістерді ауыстыру иінтірегін тозаңдықтарын абайлап шешіп алыңыз.
4. Селектор иінтірегін жылжытып, бекіткіш түймесін (1) құралдың (мысалы, оймакілтекті бұрауышпен) көмегімен ұстап тұрыңыз.

Егер берілістерді ауыстыру үшін бұғаттауды өшіру түймесін пайдалану қажет болса, дереу арада HYUNDAI ресми дилерлік орталығына барып автокөлікті тексертіңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Берілістерді ауыстыру иінтірегін тозаңдықтарын шешкен кезде иінтіректің жанындағы қаптаманы зақымдап алмас үшін абай болыңыз.

Оталдыру жүйесінің кілтін бұғаттау жүйесі (бар болса)

Оталдыру жүйесінің кілтін берілістерді ауыстыру иінтірегі «Р» (тұраққа қою) қалпында тұрғанда ғана құлыптан шығаруға болады.

Тұраққа қою

Тежегіш педалін жібермей, автокөлікті толықтай тоқтатыңыз. Берілістерді ауыстыру иінтірегін «Р» (Тұраққа қою) қалпына ауыстырыңыз, тұрақ тежегішін қосып қойып, оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті «LOCK/OFF» (Бұғаттау/өшіру) қалпына бұраңыз. Автокөліктен шығарда, кілтті өзіңізбен бірге алып кетіңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Қозғалтқышы оталып тұрған автокөлікте отырғанда акселератор педалін тым ұзақ баспаңыз. Қозғалтқыш немесе пайдаланылған газдарды шығару жүйесі қызып, тұтанып кетуі мүмкін.
- Пайдаланылған газдар мен пайдаланылған газдарды шығару жүйесі өте ыстық болады. Бұл жүйенің бөлшектерін қолмен ұстамаңыз.
- Автокөлікті тұтанып кетуі мүмкін, мысалы, құрғақ шөп, қағаз не жапырақ сияқты заттар жатқан жерде тоқтатуға және тұраққа қоюға тыйым салынады. Бұның салдарынан өрт шығуы мүмкін.

Дұрыс жүргізу амалдары

- Акселератор педалі басылып тұрса, ешбір жағдайда берілістерді ауыстыру иінітірегін»Р» (тұраққа қою) немесе «N» (бейтарап) қалпынан кез келген басқа қалыпқа ауыстыруға болмайды.
- Берілістерді ауыстыру иінітірегін автокөлік жүріп келе жатқанда «Р» (тұраққа қою) қалпына ауыстыруға болмайды.
- Берілістерді ауыстыру иінітірегін «R» (артқа жүру) немесе «D» (алға жүру) қалпына ауыстырмай тұрып автокөліктің толықтай тоқтағанына көз жеткізіңіз.
- Берілістерді ауыстыру иінітірегін қозғалыс кезінде «N» (бейтарап) қалпына ауыстыруға болмайды. Өйткені қозғалтқышпен тежеу мүмкіндігінен айырылу салдарынан жол-көлік апаты орын алып, беріліс қорабы зақымдалуы мүмкін.
- Еңіс жолда келе жатқанда берілістерді ауыстыру қорабын алға жүргенде әрдайым «D» (алға жүру) қалпына, ал артқа жүргенде «R» (артқа жүру) қалпына ауыстырыңыз, сондай-ақ жүрісті бастамай тұрып берілістерді ауыстыру иінітірегіннің қалпын аспаптар панеліндегі индикатордан тексеріңіз. Таңдалған беріліске қарсы бағытта жүру қауіпті болады, себебі қозғалтқыш өшіп қалып, тежегіштер жұмысы нашарлауы мүмкін.
- Жүріс кезінде аяғыңызды тежегіш педаліне қоймаңыз. Педальді тіпті аздап, бірақ бірізді басып тұрудың өзі тежегіштердің қызып кетуіне, тозуына және тіпті істен шығуына алып келуі мүмкін.
- Автокөлікті өрде акселератор педалінің көмегімен ұстап тұруға тырыспаңыз. Бұл трансмиссияның қызып кетуіне әкеп соғуы мүмкін. Әрдайым тежегіш педалін немесе тұрақ тежегішін қолданыңыз.
- Автокөліктен шығар кезде әрдайым тұрақ тежегішін қосып қойыңыз. Автокөліктің жүріп кетуінің алдын алу үшін берілістер қорабының «Р» (тұраққа қою) қалпына ауысатынына сенім артпаңыз.

- Тайғақ төсемнің үстінде жүргенде өте сақ болыңыз. Тежеу, жылдамдықты үдету немесе берілістерді ауыстыру кезінде де аса сақ болу керек. Автокөлік тайғақ жермен жүріп келе жатқанда жылдамдықты күрт өзгерту салдарынан жетекші доңғалақтар жолмен ілінісуін жоғалтып, автокөлікті жүргізу мүмкін болмай, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.
- Автокөліктің оңтайлы сипаттамалары мен үнемділігіне қол жеткізу үшін акселератор педалін бірқалыпты басу керек.



АБАЙЛАҢЫЗ

АУЫР ЖАРАҚАТ алу немесе **ӨЛІМ** қаупін азайтуға мүмкіндік беретін сақтық шаралары төменде көрсетілген.

- **ӘРДАЙЫМ** қауіпсіздік белбеуін тағыңыз. Соқтығысу жағдайында қауіпсіздік белбеуін тақпаған адамның жарақат алу немесе өліп кету ықтималдығы аса жоғары.
- **Бұрылыстарда** немесе **айналымдарда** қауіпсіз жылдамдықты арттыруға болмайды.
- **Қозғалыс жолағын** өзгерткен кезде немесе **шұғыл**, қауіпті айналымдарда **рульді күрт айналдырмаңыз**
- **Жоғары жылдамдықпен** жүретін жолдарда **көлікті жүргізе алмай қалғанда** аударылу қаупі тым жоғары болады.
- **Екі не одан да көп доңғалақ жолдан шығып кеткен кезде**, жүргізуші **жолға оралу үшін рульді күрт артқа бұруға әрекет жасағанда** көлікті басқара алмай қалады.
- **Автокөлік жолдан шығып кетіп жатса**, **рульді күрт айналдырмаңыз. Оның орнына жылдамдықты төмендетіп, содан кейін қозғалыс жолағына оралу керек.**
- **HYUNDAI жылдамдық шектеуін** көрсететін жол белгілерін **ұстануға кеңес береді.**

ТЕЖЕУ ЖҮЙЕСІ

Тежегіш күшейткіші

Автокөлігіңіз қалыпты пайдалану барысында автоматты реттелетін күшейткіші бар тежегішпен жабдықталған.

Қозғалыс кезінде қозғалтқыш оталмаса немесе өшіп тұрса, тежегіш күшейткіші жұмыс істемейді. Тежегіш педалін әдеттегіден қаттырақ басып, автокөлікті бәрібір тоқтатуға болады. Алайда тежеу жолы тежегіш күшейткішімен басқандағыдан қарағанда әлдеқайда ұзақ болады.

Қозғалтқыш жұмыс істемесе, онда жүйеде сақталған тежеу күші тежегіш педалін басқан сайын біртіндеп азаятын болады. Тежегіш күшейткіші жұмыс істемесе, тежегіш педалін жиі баспаған жөн.

Тежегіш педалін тайғақ жолда автокөлікті жүргізу мүмкіндігін сақтау үшін ғана басу керек.



АБАЙЛАҢЫЗ

Төменде көрсетілген сақтық шараларын орындаңыз.

- Жүріс кезінде аяғыңызды тежегіш педаліне қоймаңыз. Бұл тежегіштердің қызып кетуіне, тежегіш қаптамалары мен қыспақтарының қатты тозып кетуіне, сондай-ақ тежеу ізінің артуына әкеп соғуы мүмкін.
- Ұзақ не шұғыл еңістерде жылдамдықты тежегіш педалін тым артық пайдаланбастан бақылау үшін берілісті қолмен төмендетіңіз. Тұрақты түрде тежеу салдарынан тежегіш қызып кетіп, тежеу тиімділігі уақытша төмендеп кетуі мүмкін.

- Тежегіштер суланып қалса, автокөлікті қауіпсіз баяулату сипаттамалары нашарлайды; сондай-ақ тежегішті басқанда, автокөлік бір жаққа лақтырылуы мүмкін. Тежегішті ақырын әрі жеңіл басып, тежеу жүйесінің осындай күйін анықтауға болады. Терең судан өткен сайын тежегіштердің жұмысын әрдайым осылай тексеріп тұрыңыз. Тежегіштерді кептіру үшін қауіпсіз жылдамдықпен қозғала отырып, тежегіш педалін басыңқырап, қайта жіберіп, тежегішті қыздырыңыз; бұл операцияны тежегіш қалыпты жұмыс істегенше қайталаңыз. Тежегіштер қалыпты жұмыс істемейінше жоғары жылдамдықпен жүрмеген жөн.

Дискілік тежегіштер тозуының индикаторы

Тежегіш қыспақтары тозып, жаңа қыспақтар қажет болғанда, алдыңғы не артқы тежегіштен жоғарғы тондағы ескерту сигналы беріледі. Бұл дыбыс бірде естіліп, бірде жоғалып кетуі мүмкін немесе ол тежегіш педалін басқанда пайда болуы мүмкін.

Белгілі бір көлік жүргізу және климат жағдайларында тежегіш педалін бірінші рет басқанда (не сәл басыңқырағанда) тежегіш шиқылдауы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және тежегіштің ақаулығын білдірмейді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Тежегішті қымбатқа жөндетудің алдын алу үшін автокөлікті тежегіш қыспақтары тозғанша пайдаланбаңыз.



Ақпарат


Тежегіш қыспақтары алдыңғы және артқы белдік жинақтарымен ғана ауыстырылады.

Артқы барабанды тежегіштер (бар болса)

Артқы барабанды тежегіштердің тозу индикаторы жоқ. Сондықтан артқы барабанды тежегіштердің үйкелген дыбысын естіген кезде оларды тексеріңіз. Сонымен бірге шинаны ауыстырғанда және алдыңғы тежегіштерді ауыстырғанда әрдайым артқы тежегіштердің күйін тексеріп тұрыңыз.

Тұрақ тежегіші (бар болса)

Тұрақ тежегішін іске қосу



Автокөліктен шықпас бұрын, міндетті түрде тұрақ тежегішін іске қосыңыз. Тұрақ тежегішін іске қосу үшін:


тежегіш педалін қатты басыңыз.

Тұрақ тежегішінің иіңтірегін барынша жоғары тартыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

ДЕНЕ ЖАРАҚАТЫН АЛУ немесе **ӨЛІМ қаупін азайту үшін, тұрақ тежегішін төтенше жағдайда ғана пайдаланыңыз және оны автокөліктің қалыпты жүрісі кезінде пайдаланбаңыз. Бұл тежеу жүйесінің зақымдалуына және ауыр апатқа әкелуі мүмкін.**

Тұрақ тежегішін жіберу



Ажырату үшін төменде көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.

тежегіш педалін қатты басыңыз.

Бұғаттан шығару түймесін (1) басып тұрып алдымен тұрақ тежегішінің иіңтірегін жоғары тартыңыз да, содан соң төмен (2) түсіріңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Автокөліктен шықпас бұрын немесе тұраққа қою кезінде тежегіш педалін жіберместен, автокөліктің толық тоқтағанын күтіңіз. Берілістерді ауыстыру иінтірегін 1-беріліске (МБАҚ бар көлік құралдары үшін) немесе «Р» (тұраққа қою) қалпына келтіріңіз (автоматты беріліс қорабы/қос ілінісу механизмі бар автокөліктер үшін), одан кейін тұрақ тежегішін іске қосып, оталдыру жүйесінің кілтін «LOCK/OFF» (Бұғаттау/өшіру) қалпына бұраңыз. Тұрақ тежегіші толық тартылмаған автокөліктер кездейсоқ жүріп кетіп, сізге және басқа адамдарға жарақат келтіруі мүмкін.
- Автокөліктің құрылысымен таныс емес басқа адамдарға тұрақ тежегішіне тиюіне ЕШБІР ЖАҒДАЙДА рұқсат етпеңіз. Тұрақ тежегішін кездейсоқ жіберу ауыр жарақат алу себебіне айналуы мүмкін.
- Тұрақ тежегішін өшірген кезде тежегіш педалін аяқпен қатты басып ұстап тұру керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Тұрақ тежегіші қосылып тұрғанда акселератор педалін басушы болмайды. Тұрақ тежегіші қосылып тұрғанда акселератор педалін басқан кезде дыбыс сигналы естіледі. Тұрақ тежегіші зақымдалуы мүмкін.
- Тұрақ тежегіші қосуды автокөлікті жүргізу салдарынан тежеу жүйесі қызып кетуі, тежегіш бөлшектері ерте тозуы және зақымдалуы мүмкін. Жүрісті бастамас бұрын тұрақ тежегіші толықтай жіберілгенін, тежегіштің сигнал шамы жанып тұрмағанын тексеріп алыңыз.



Тұрақ тежегішінің сигнал шамын тексеру үшін оталдыру құлпындағы кілтті «ON» (Қосу) қалпына келтіріңіз (қозғалтқышты оталдырмаңыз).

Тұрақ тежегіші қосылып тұрса, бұл шам оталдыру жүйесінің START немесе ON қалыптарында жанады.

Жүрісті бастамас бұрын тұрақ тежегіші жіберілгенін және тежегіштің бақылау шамы жанып тұрмағанын тексеріп алыңыз.

Тежегіштің сигнал шамы тұрақ тежегіші жіберілген соң жанып тұратын болса, тежеу жүйесінде ақау орын алған болуы мүмкін. Бұндай жағдайға дереу назар аудару керек.

Мүмкіндігінше автокөлікті дереу тоқтатыңыз. Көлікті тоқтату мүмкін болмаса, автокөлікті жүргізген кезде аса сақ болып, қауіпсіз жерге дейін жүріп барыңыз.

Электрлік тұрақ тежегіші (EPB) (бар болса)

Тұрақ тежегішін іске қосу



EPB-ді (электрлік тұрақ тежегішін) қосу

1. Тежегіш педалін басыңыз.
2. Электрлік тұрақ тежегішінің ажыратқышын жоғары тартыңыз.

Тұрақ тежегішінің бақылау шамының жанғанына көз жеткізіңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ

АУЫР ЖАРАҚАТ немесе **ӨЛІМ** қаупін азайту үшін, төтенше жағдайлардан басқа кезде, автокөлік қозғалып бара жатқанда EPB қолдануға тыйым салынады. Бұл тежеу жүйесінің зақымдалуына және апатқа әкелуі мүмкін.

Тұрақ тежегішін жіберу



EPB-ді (электрлік тұрақ тежегішін) ажырату үшін EPB ауыстырып қосқышын келесі шарттарды сақтай отырып басыңыз.

- Оталдыру жүйесінің кілтін «ON» (Қосу) қалпына бұраңыз.
- Тежегіш педалін басыңыз.

Тұрақ тежегішінің бақылау шамының сөнгеніне көз жеткізіңіз.

EPB автоматты түрде жіберілуі үшін төменде берілген әрекеттерді орындаңыз.

- Автоматты беріліс қорабы
 1. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
 2. Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуін тағыңыз.
 3. Жүргізушінің есігін, қозғалтқыш капотын және жүксалғышты жабыңыз.
 4. Берілістерді ауыстыру интірегін «R» (Артқа жүру), «D» (Алға жүру) қалпына келтіріп, акселератор педалін басыңыз.

Тұрақ тежегішінің бақылау шамының сөнгеніне көз жеткізіңіз.



Ақпарат

- Қауіпсіздік мақсатында EPB тежегішін, тіпті оталдыру жүйесінің құлпындағы кілт «OFF» (Өшіру) қалпында тұрса да қоса аласыз, бірақ оны мұндай жағдайларда өшіру мүмкін болмайды.
- Еңістен түскенде немесе артпен жүргенде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тежегіш педалін басып, электронды тұрақ тежегішінің ажыратқышын пайдаланып, тұрақ тежегішін қолмен жіберіңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Тұрақ тежегішінің бақылау шамы EPB-дің жіберілгеніне қарамастан жанып тұрса, ж.йені тексерту үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласыңыз.
- EPB тежегіші қосылған автокөлікті жүргізбеңіз. Бұдан тежегіш қыспақтары мен дискілер қатты тозады.

Электронды тұрақ тежегіші автоматты түрде қолданылатын жағдайлар:.

- Басқа жүйелердің сұраулары
- Жүргізуші қозғалтқышты «Auto Hold» (Автоматты түрде ұстап тұру) функциясы жұмыс істеп тұрғанда сәндіреді.

Ескерту хабарламалары



EPB жіберу үшін, қауіпсіздік белбеулерін тағып, есікті, капотты, жүксалғышты жабу керек

- EPB қосылып тұрған кезде қозғалғанда ескертуші дыбыс сигналы беріледі және тиісті хабарлама көрсетіледі.
- Егер жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылмаса және капот не жүксалғыш қақпағы ашық тұрса, ескертуші дыбыс сигналы беріледі және тиісті хабарлама көрсетіледі.
- Автокөліктің ақаулары бар болғанда, ескертуші дыбыс сигналы беріліп, дисплейге тиісті хабарлама шығарылады.

Жоғарыда айтылған жағдай орын алса, тежегіш педалін басып, EPB ажыратқышын басу арқылы электронды тұрақ тежегішін жіберіңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ


- **Автокөліктен шықпас бұрын немесе тұраққа қою кезінде тежегіш педалін жіберместен, автокөліктің толық тоқтағанын күтіңіз.**
Берілістерді ауыстыру иінтірегін «Р» (Тұраққа қою) қалпына қойып, ЕРВ тұрақ тежегішінің ауыстырып қосқышын басып, оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті «OFF» (Өшіру) қалпына бұраңыз. Автокөліктен шығарда, кілтті өзіңізбен бірге алып кетіңіз.
Тұрақ тежегіші қосылмай тұраққа қойылған көлік құралдары кенеттен жүріп кетіп, сізді және айналаңыздағы адамдарды жарақаттауы мүмкін.
- **Автокөліктің құрылысымен таныс емес басқа адамдарға ЕРВ ауыстырып қосқышын ұстауға РҰҚСАТ ЕТПЕҢІЗ.** Электрлік тұрақ тежегішін кездейсоқ жіберу ауыр жарақат алу себебіне айналуы мүмкін.
- **ЕРВ жіберген кезде автокөлік ішінен тежегіш педалін қатты басу керек.**

МАЛІМЕТ ҮШІН

- **Тұрақ тежегіші қосылып тұрғанда акселератор педалін басушы болмайды.** Электрлік тұрақ тежегіші іске қосылған кезде акселератор педалін басқанда ескертуші дыбыс сигналы беріліп, тиісті хабарлама шығарылады. Тұрақ тежегіші зақымдалуы мүмкін.
- **Қосылып тұрған тұрақ тежегішімен қозғалғанда, тежеу жүйесі қызып кетуі және тежегіш бөлшектері ерте тозуы немесе зақымдалуы мүмкін.** Жүрісті бастамас бұрын электрлік тұрақ тежегіші жіберілгенін, ал тұрақ тежегішінің сигнал шамы жанып тұрмағанын тексеріп алыңыз.


Ақпарат

- **ЕРВ жұмыс істеп тұрғанда немесе жіберілгенде сырт еткен дыбыс естілуі мүмкін.** Бұл қалыпты жағдай және ЕРВ тиісті түрде жұмыс істейтінін білдіреді.
- **Тұраққа қоюшыға не көмекшіге кілтті қалдырған кезде, оған ЕРВ пайдаланылатындығын міндетті түрде ескертіңіз.**



«AUTO HOLD turning Off! Тежегішті басыңыз


Егер автоматты түрде ұстап тұру режимінен электрлік тұрақ тежегішін қолдануға өту тиісінше орындалмаса, ескертуші дыбыс сигналы беріліп, хабарлама көрсетіледі.



Тұрақ тежегішінің автоматты түрде қосылады

Егер EPB жүйесі автоматты түрде ұстап тұру функциясы істеп тұрғанда қосылса, дыбыс сигналы беріліп, дисплейде тиісті хабарлама пайда болады.

EPB ақаулығы



Егер EPB ақаулығының индикаторы жанып тұра берсе, қозғалыс барысында жанса немесе оталдыру жүйесінің кілтін «ON» (Қосу) қалпына келтіргенде қосылмаса, бұл EPB жүйесінің ақаулы болуы мүмкін екенін білдіреді.

Мұндай жағдайларда ақаулықты жою үшін дереу HYUNDAI авторландырылған дилеріне жолығу керек.

EPB ақаулығының индикаторы ESC жүйесінің жұмысындағы қатені білдіретін ESC индикаторы қосылғанда жануы мүмкін, бірақ бұл EPB жүйесінде ақаулықтың барын білдірмейді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Егер EPB бақылау шамы әлі жанып тұрса, жүйені тексеру үшін HYUNDAI уәкілетті дилеріне хабарласқан дұрыс.
- Егер тұрақ тежегішінің бақылау шамы EPB ажыратқышы көтеріліп тұрғанда да жанбаса және жыпылықтамаса, электрлік тұрақ тежегіші қосылмаған.
- Егер EPB жүйесінің сигнал шамы үздіксіз жанып тұрғанда тұрақ тежегішінің сигнал шамы жыпылықтаса, иінтіректі басып, оны жоғары көтеріңіз. Осы операцияны тағы бір рет қайталаңыз. EPB сигнал шамы өшпесе, жүйені HYUNDAI ресми дилерінде тексерту керек.

Апаттық тежеу

Қозғалыс кезінде тежегіш педалінде проблема туындаса, электрлік тұрақ тежегішінің (EPB) ажыратқышын жоғары тартып ұстап тұрып, төтенше тежеуді орындауға болады. Тежеу электрлік тұрақ тежегішінің (EPB) ажыратқышын ұстап тұрғанда ғана мүмкін болады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Тұрақ тежегішін төтенше жағдайда ғана пайдаланыңыз. Автокөліктің қалыпты жүрісі кезінде оны іске қоспаңыз. Бұл тежеу жүйесінің зақымдалуына және ауыр апатқа әкелуі мүмкін.

Ақпарат

Жедел тежеу кезінде жүйенің жұмысын көрсететін тұрақ тежегішінің бақылау шамы жанады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Электрлік тұрақ тежегішін апаттық тежеу мақсатында пайдаланғанда әрдайым шу естіліп, ыс иісі сезілсе, автокөлікті HYUNDAI авторландырылған дилеріне барып тексертіңіз.

Электрлік тұрақ тежегіші түспесе

Электрлік тұрақ тежегіші (EPB) қалыпты режимде түспесе, автокөлікті эвакуаторға тиеу керек және жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Тұрақ тежегішінің сигнализаторы



Тұрақ тежегішінің сигнал шамын тексеру үшін оталдыру құлпындағы кілтті «ON» (Қосу) қалпына келтіріңіз (қозғалтқышты оталдырмаңыз).

Тұрақ тежегіші қосылып тұрса, бұл шам оталдыру жүйесінің START немесе ON қалыптарында жанады.

Жүрісті бастамас бұрын тұрақ тежегіші жіберілгенін және тежегіштің бақылау шамы жанып тұрмағанын тексеріп алыңыз.

Тежегіштің сигнал шамы тұрақ тежегіші жіберілген соң жанып тұратын болса, тежеу жүйесінде ақау орын алған болуы мүмкін. Бұндай жағдайға дереу назар аудару керек.

Мүмкіндігінше автокөлікті дереу тоқтатыңыз. Көлікті тоқтату мүмкін болмаса, автокөлікті жүргізген кезде аса сақ болып, қауіпсіз жерге дейін жүріп барыңыз.


Автоматты түрде ұстап тұру (бар болса)

Автоматты түрде ұстап тұру жүйесі автокөлікті тежегіш педалінің көмегімен толығымен тоқтатқаннан кейін жүргізуші сол педальді жібергеннің өзінде автокөлікті қозғалыссыз күйде ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Іске қосу үшін төменде көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.



1. Жүргізуші есігін, қапотты және жүксалғышты жабыңыз, тежегіш педалін басыңыз, содан соң [AUTO HOLD] (Автоматты түрде ұстап тұру) түймесін басыңыз. Ақ түсті «AUTO HOLD» (Автоматты түрде ұстап тұру) индикаторы жанады да, жүйе күту режиміне өтеді.



2. Автокөлікті тежегіш педалін басып толық тоқтатқан кезде «AUTO HOLD» индикаторының түсі ақ түстен жасыл түске өзгереді.

3. Автокөлік тежегіш педалі жіберілгенде де қозғалыссыз тұрады.
4. Электрлік тұрақ тежегішін қосқанда автоматты түрде ұстап тұру жүйесі өшеді, ал индикатор түсі ақ түске өзгереді.

Ажырату үшін төменде көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.

- Акселератор педалін басқанда және берілістерді ауыстыру иінтірегін «D» (Алға жүру), «R» (Артқа жүру) қалпына немесе берілістерді қолмен ауыстыру режиміне ауыстырғанда, автоматты түрде ұстап тұру жүйесі ажыратылып, автокөлік орнынан қозғалады. Индикатор түсі жасылдан аққа өзгереді.
- Круиз-контроль жүйесін басқару ауыстырып қосқышын («+» немесе «-») (бар болса) жылжитқанда, «Auto Hold» (Автоматты түрде ұстап тұру) түймесі пайдаланылып, круиз-контроль басқарылып тұрғанда «Auto Hold» (Автоматты түрде ұстап тұру) функциясы акселератор педалінің пайдаланылуына қарамастан өшеді. «Auto Hold» (Автоматты түрде ұстап тұру) индикаторының түсі жасылдан аққа өзгереді.



АБАЙЛАҢЫЗ

Егер AUTO HOLD (автоматты түрде ұстап тұру) функциясы акселератор педалі басылғанда автоматты түрде өше, міндетті түрде автокөліктің айналасындағы аймақты тексеріп шығыңыз.

Орыннан жаймен қозғалу үшін акселератор педалін баяу басыңыз.

Бас тарту үшін төменде көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.



1. Тежегіш педалін басыңыз.
2. [AUTO HOLD] (автоматты түрде ұстап тұру) ауыстырып қосқышын басыңыз.

«AUTO HOLD» (Автоматты түрде ұстап тұру) индикаторы жанады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік күтпеген жерден кенет қозғалып кетпеуі үшін келесі жағдайларда автоматты түрде ұстап тұру функциясын тоқтату үшін аяқты **ӘРДАЙЫМ** тежегіш педалінде ұстаңыз.

- Еңісте жүргенде.
- Артқа жүргенде.
- Автокөлікті тұраққа қойғанда.

Ақпарат

- Автоматты түрде ұстап тұру жүйесі мына жағдайларда істемейді.
 - жүргізушінің есігі ашық болғанда;
 - Автокөлік капоты ашық, «D» (Алға жүру) немесе «N» (Бейтарап) қалпы қосылып тұрғанда.
 - Берілістерді ауыстыру интірегі «P» (Тұраққа қою) қалпында тұрғанда
 - «R» (Артқа жүру) режимінде жүксалғыш ашық тұрғанда.
 - EPB тежегіші қосылып тұрғанда.
 - Автокөлік 30 минуттан астам уақыт қозғалыссыз тұрғанда;

- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін автоматты түрде ұстап тұру функциясы төменде көрсетілген жағдайларда автоматты түрде EPB қосады.
 - Жүргізуші есігі ашық, «D» (Алға жүру) немесе «N» (Бейтарап) қалпы қосылып тұрғанда.
 - Капот ашық болғанда.
 - «R» (Артқа жүру) режимінде жүксалғыш ашық тұрғанда.
 - Көлік құралы 10 минуттан астам уақыт қозғалыссыз тұрғанда
 - Автокөлік тік еңісте тұрғанда.
 - Автокөлік бірнеше рет орнынан жылжығанда.
 - Автокөлік жалпы алғанда 30 минуттан астам уақыт қозғалыссыз тұрғанда.

Мұндай жағдайларда тежегіштің бақылау шамы жанады, «AUTO HOLD» (Автоматты түрде ұстап тұру) индикаторының түсі жасылдан аққа өзгереді, дыбыс сигналы беріледі, ал дисплейде жүргізушіге электронды тұрақ тежегішінің (EPB) автоматты түрде қосылғаны туралы хабар көрсетіледі. Қайта қозғалмас бұрын тежегіш педалін аяқпен басып, айналану тексеріп шығыңыз да тұрақ тежегішін EPB ауыстырып қосқышымен қолмен ажыратыңыз.

- Автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосылып тұрғанда механикалық шу естіледі. Бұл қалыпты жағдай.



АБАЙЛАҢЫЗ


- Автокөлік қозғала бастағанда акселератор педалін ақырын басыңыз.
- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін еңісте қозғалғанда, автокөлікпен артқа қарай жүргенде немесе автокөлікті тұраққа қойғанда Auto Hold жүйесінің жұмысын тоқтатып қойыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Жүргізушінің есігі, капот немесе жүксалғыш ақаулы болса, ақаулықтарды анықтау жүйесін ашыңыз, Auto Hold жүйесі тиісінше істемей тұруы мүмкін.

Жүйені тексерту үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласыңыз.


Ескерту хабарламалары



OCN7060153L

Тұрақ тежегішінің автоматты түрде қосылады

Автоматты түрде ұстап тұру күйінен электрлік тұрақ тежегішін қолданғанда СК дисплейде хабарлама көрсетіледі. Оған қоса, бір рет ескертуші қоңырау шылдырайды.




OCN7060152L

«AUTO HOLD turning Off! Тежегішті басыңыз

Егер автоматты түрде ұстап тұру режимінен электрлік тұрақ тежегішін қолдануға өту тиісінше орындалмаса, ескертуші дыбыс сигналы беріліп, хабарлама көрсетіледі.

МӘЛІМЕТ ҮШІН


Бұл хабар көрсетілгенде, автоматты түрде ұстап тұру және электрондық тұрақ тежегіші іске қосылмайды. Қауіпсіздік мақсатында тежегіш педалін басыңыз.



OCN7060154L

«Press brake pedal to deactivate AUTO HOLD» («AUTO HOLD» (Автоматты түрде ұстап тұру) өшіру үшін тежегішті басыңыз)

[AUTO HOLD] ажыратқышын басып автоматты түрде ұстап тұру функциясын өшіргенде тежегіш педалін баспаса, СК дисплейде хабарлама көрсетіледі. Оған қоса, бір рет ескертуші қоңырау шылдырлайды.



OCN7060155L

«AUTO HOLD» қосылған жоқ.

Есіктерді, капотты және жүксалғышты жабыңыз.

Жүргізуші есігі, капот және жүксалғыш жабық тұрмаған кезе [AUTO HOLD] (Автоматты түрде ұстап тұру) ауыстырып қосқышын басса, ескертуші сигнал естіледі, ал аспаптар панелінің СК дисплейінде хабарлама көрсетіледі.

Жүргізуші есігі, капот және жүксалғыш жабылған соң [AUTO HOLD] (Автоматты түрде ұстап тұру) ауыстырып қосқышын басыңыз.

Тежеудің бұғатталуға қарсы жүйесі (ABS)



АБАЙЛАҢЫЗ

Тежеудің бұғатталуға қарсы жүйесі (ABS) де, тұрақтылықты электронды бақылау жүйесі (ESC) де қате немесе қауіпті маневр салдарынан болатын апаттың алдын ала алмайды. Автокөліктің шұғыл тежеу кезінде жақсы басқарылу мүмкіндігіне қарамастан, алда орналасқан нысандарға дейінгі қауіпсіз қашықтықты әрдайым сақтап отырыңыз. Төтенше жол жағдайларында автокөліктің жылдамдығын міндетті түрде төмендету керек. Төменде көрсетілген жол жағдайларында ABS немесе ESC жүйесімен жабдықталған автокөліктердің тежеу жолы осындай жүйелері жоқ автокөліктермен салыстырғанда үлкенірек болуы мүмкін. Төменде көрсетілген жағдайларда жылдамдықты төмендетіңіз.

- Ойлы-қырлы, қиыршық тасты немесе қар басқан жолдармен жүргенде.
- Ойықтары не шұңқырлары бар, не болмаса жол жабынының биіктігі әр түрлі жолдармен жүргенде.
- Егер автокөлік сырғытпайтын шынжырлармен жабдықталған болса.

Жоғары жылдамдықпен жүріп келе жатқанда немесе кілт бұрылғанда ABS немесе ESC жүйесімен жабдықталған автокөліктің қауіпсіздік функциясының қызметін тексеруге болмайды. Өйткені өзіңізді және басқаларды қауіп-қатерге ұшыратуыңыз мүмкін.

ABS — бұл тежеу кезінде сырғымауға көмектесетін электронды тежеу жүйесі. ABS жүргізушіге автокөлікті бір уақытта жүргізіп, тежеуге мүмкіндік береді.

ABS жүйесін пайдалану

Төтенше жағдайда ABS жүйесі барынша тиімді жұмыс істеуі үшін, тежеу жүйесіне түсетін қысымды реттеуге тырыспаңыз және тежегіш педалін қайта-қайта басаңыз. Тежегіш педалін мүмкіндігінше қатты басыңыз.

Тежегіштерді доңғалақтар бұғатталып қалуы мүмкін жағдайларда пайдаланғанда тежегіштер дыбыс шығаруы немесе тежегіш педалінің тиісті дірілін сезуіңіз мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және ABS жүйесінің жұмыс істейтінін білдіреді.


ABS жүйесі тоқтап тұру уақыты мен тежеу жолын қысқартпайды.

Әрқашан алда келе жатқан автокөлікке дейінгі қауіпсіз қашықтықты сақтап жүріңіз.

ABS жүйесі қозғалыс бағыты кенеттен өзгерген кездегі сырғудың алдын алмайды, мысалы, тым тез айналымдар немесе қозғалыс жолақтарының кенет ауысуы кезінде. Жол және ауа райы жағдайларын ескере отырып, әрқашан қауіпсіз жылдамдықты таңдаңыз.


ABS тұрақтылықты жоғалтудың алдын ала алмайды. Күрт тежеген кезде рульді шұғыл бұрмаңыз. Рульді күрт не шұғыл бұру салдарынан автокөлік қарсы бағыттағы жолаққа шығып кетуі немесе жолдан шығып кетуі мүмкін.

Тығыз емес немесе тегіс емес жолдарда тежеудің бұғатталуға қарсы жүйесінің жұмысы, осы жүйемен жабдықталмаған автокөліктермен салыстырғанда, тежеу жолының ұлғаюына әкелуі мүмкін.


ABS жүйесінің индикаторы () оталдыру жүйесіндегі кілтті «ON» (Қосу) қалпына бұрғаннан кейін бірнеше секунд жанып тұрады. Осы уақыт ішінде ABS жүйесі өзіне-өзі диагностика жүргізеді: Барлығы дұрыс болса, шам сөніп қалады. Егер индикатор жанып тұра берсе, ABS жүйесінің жұмысында ақаулық туындаған болуы мүмкін. Дереву арада HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

ABS жүйесінің индикаторы () жанып, сөнбей тұрса, ABS жүйесінің жұмысында ақаулық туындаған болуы мүмкін. Бұл жағдайда тежегіш күшейткіші қалыпты жұмыс істейтін болады. Ауыр жарақат алу немесе өлім ықтималдығын азайту үшін дереу HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Егер нашар ілінісетін жолмен (мысалы, көктайғақпен) жүріп бара жатып, тежегішті үнемі пайдаланып отырсаңыз, ABS () жүйесі тұрақты түрде істейді де, ABS жүйесінің индикаторы жануы мүмкін. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатып, қозғалтқышты сөндіріңіз.

Қозғалтқышты қайта оталдырыңыз. Егер ABS жүйесінің индикаторы жанбаса, ABS жүйесі дұрыс істеп тұрғаны.

Олай болмаса, ABS жүйесінде ақаулық туындаған болуы мүмкін. Дереву арада HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласыңыз.

i Ақпарат

Аккумулятор заряды төмен болғандықтан автокөлік сыртқы қуат көзінен оталдырылса, ABS (ABS) жүйесінің индикаторы жануы мүмкін. Бұл аккумулятор заряды төмен болғандықтан орын алады. Мұндай жағдай ABS жүйесінің ақаулы екендігін білдірмейді. Автокөлікпен жүрмей тұрып, аккумуляторды зарядтап алыңыз.

Тұрақтылықты электронды бақылау (ESC)



Динамикалық тұрақтандырудың электронды жүйесі (ESC) бұрылыс кезінде автокөліктің тұрақтылығын сақтап отырады.

ESC жүйесі руль бұрылатын бағытты және автокөлік нақты қозғалып келе жатқан бағытты тексереді.

ESC жүйесі автокөліктің бір немесе бірнеше тежегішіне қысым түсіреді және жүргізушіге автокөлікті белгілі траекторияда ұстауға көмектесу үшін қозғалтқышты басқару жүйесіне араласады. Ол қауіпсіз жүргізу дағдылары мен әдістерінің орнын баса алмайды. Жылдамдықты және басқару мәнерін таңдаған кезде әрдайым жол жағдайын ескеріп отырыңыз.

! АБАЙЛАҢЫЗ

Рұқсат етілген жол жағдайларында және бұрылыстарда тым жылдам қозғалмаңыз. ESC жүйесі апаттардың алдын алмайды.

Бұрылыстарда жылдамдықты арттыру, кенеттен маневр жасау және сулы жолдағы аквакалку ауыр жол-көлік оқиғасының себебіне айналуы мүмкін.

ESC жүйесінің жұмысы

ESC жүйесі қосулы

Оталдыру жүйесінің кілтін «ON» (Қосу) қалпына ауыстырғанда аспаптар тақтасында шамамен үш секундқа «ESC» және «ESC OFF» (ESC өшіру) индикаторлары жанады. Индикатордың екеуі де сөнген соң, ESC жүйесі қосылады.

Жұмыс барысында



ESC жүйесі жұмыс істеп тұрғанда «ESC» индикаторы жыпылықтайды:

- Тежегіштерді доңғалақтар бұғатталып қалуы мүмкін жағдайларда пайдаланғанда тежегіштер дыбыс шығаруы немесе тежегіш педалінің тиісті дірілін сезуіңіз мүмкін. Бұл ESC жүйесінің істеп тұрғанын білдіретін қалыпты жағдай.
- ESC жүйесін қосқанда, кейбір жағдайларда қозғалтқыш акселератор педалі басылғанда еш әрекет жасамауы мүмкін.
- ESC қосылғанда круиз-контроль қолданылса, ол автоматты түрде өшеді. Круиз-контрольді жол жағдайлары мүмкіндік бергенде қайта қосуға болады. **Осы тараудағы «Круиз-контроль жүйесі» бөлімін қараңыз** (бар болса).

- Балшықты жолдан шыққанда немесе тайғақ жолмен жүргенде қозғалқыштың айналу жиілігі акселератор педалін қатты басқанда да жоғарыламауы мүмкін. Мұндай әрекет автокөліктің қажетті тұрақтылығы мен жолмен ілінісуін қамтамасыз етеді және ақаулықты білдірмейді.

ESC жүйесі өшірулі



ESC жұмысын тоқтату

- 1-күй

«ESC OFF» (ESC өшіру) түймесін басып қалыңыз. «ESC OFF» (ESC өшіру) индикаторы және/немесе «Traction Control disabled» (Бос айналу сақтау жүйесі өшірулі) хабарламасы жанады. Бұл жағдайда ESC (қозғалқышты басқару) бос айналу сақтау жүйесі өшірілген, бірақ ESC (тежегішті басқару) жүйесінің тежегіштерді бақылау функциясы жұмыс істейді.

- 2-күй

«ESC OFF» (ESC өшіру) түймесін басып, 3 секундтан артық ұстап тұрыңыз. «ESC OFF» (ESC өшіру) индикаторы және/немесе «Traction & Stability Control disabled» (Бос айналу сақтау жүйесі және тұрақтылықты электронды бақылау жүйесі) хабарламасы жанып, ескертуші дыбыс сигналы беріледі. Бұл жағдайда ESC (қозғалқышты басқару) бос айналу сақтау жүйесі де, ESC (тежегішті басқару) жүйесінің тежегіштерді бақылау функциясы да өшеді. ESC жүйесі өшіп тұрғанда оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK/ OFF» (Бұғаттау/Өшіру) қалпына ауыстырса, ESC жүйесі өшірулі күйде қалады. Автокөлікті қайта қосқанда ESC жүйесі автоматты түрде қосылады.

Индикаторлар

- «ESC» индикаторы (жыпылықтайды)



- «ESC OFF» (ESC өшіру) индикаторы (қосылады)



Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті «ON» (Қосу) қалпына ауыстырғанда, «ESC» индикаторы жанады. Кейін ол ESC жүйесі тиісті түрде істеп тұрса сөнеді.

Егер «ESC» индикаторы сөнбесе, ESC жүйесі ақаулы болуы мүмкін.

Егер ESC жүйесінің индикаторы сөнбесе, бұл ESC жүйесінің ақаулығын білдіруі мүмкін. Егер осы сигнал шамы жанып тұрса, тез арада автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.

ESC OFF (ESC өшіру) индикаторы ESC жүйесі түймемен өшірілгенде жанады.



АБАЙЛАҢЫЗ

«ESC» индикаторының жыпылықтауы ESC жүйесінің белсенді жұмысын көрсетеді:

Қозғалысты баяулатыңыз және жылдамдықты үдетуге әрекет ЖАСАМАҢЫЗ. «ESC OFF» түймесін (ESC өшіру) «ESC» индикаторы жыпылықтап тұрғанда БАСПАҢЫЗ. Бұдан автокөлікті басқара алмай, апат орын алуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөлікті өлшемдері әр түрлі доңғалақтар мен шиналарды орнатып жүргізу салдарынан ESC жүйесінде ақаулық пайда болуы мүмкін. Шиналарды ауыстырмай тұрып, барлық төрт доңғалақтың және шиналардың өлшемдері бірдей екеніне көз жеткізіңіз. Өлшемдері әр түрді доңғалақтар мен шиналар орнатылған автокөлікті жүргізбеңіз.

ESC жүйесін өшіру мақсаты

Қозғалыс барысында

ESC жүйесін қарға не балшыққа батып қалған жағдайда, доңғалақтарының айналу сәтін сақтай отырып, автокөліктің шығуын жеңілдету мақсатында ғана аз уақытқа өшіру керек.

Жүріс кезінде ESC жүйесін өшіру үшін тұзу жолмен қозғала отырып, «ESC OFF» (ESC өшіру) түймесін басыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Беріліс қорабын зақымдап алмау үшін төменде көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.

- ESC, ABS жүйелерінің және тұрақ тежегішінің индикаторлары жанып тұрғанда бір осьтегі доңғалақты (доңғалақтарды) көп айналдырмаңыз. Мұндай жағдайларда жөндеу жұмыстарына автокөлік кепілдігі қолданылмайды. Қозғалтқыштың қуатын төмендетіп, осы индикаторлар жанып тұрғанша доңғалақты (доңғалақтарды) көп айналдырмаңыз.
- Автокөлікті динамометрде тексерген кезде ESC жүйесін өшіру керек (ESC OFF бақылау шамы жанып тұруы тиіс).

Ақпарат

ESC жүйесін өшіру ABS пен тежеу жүйесінің жұмысына әсер етпейді.

Көлік құралын тұрақтандыруды басқару жүйесі (VSM)

Көлік құралын тұрақтандыруды басқару (VSM) тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесінің (ESC) функциясы болып табылады. Ол сулы, тайғанақ және тегіс емес жолдарда кенеттен жылдамдықты үдеткен немесе тежеген кезде доңғалақтардың жолмен ілінісі кенеттен бірқалыпсыз бола алатын жағдайда автокөліктің тұрақтылығын сақтауға көмектеседі.



АБАЙЛАҢЫЗ

Көлік құралын тұрақтандыруды басқару жүйесін (VSM) қолданған кезде келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- **ӨРҚАШАН** жылдамдық пен алда келе жатқан автокөліктерге дейінгі арақашықтықты бақылап отырыңыз. VSM қауіпсіз жүргізу дағдылары мен әдістерінің орнын баса алмайды.
- Рұқсат етілген жол шектеуінде көлікті ым жылдам жүргізбеңіз. VSM жүйесі апаттардың алдын алмайды. Қолайсыз ауа райында, тайғанақ не ойлы-қырлы жолда жылдамдықты арттыру ауыр жол-көлік оқиғасының себебіне айналуы мүмкін.

VSM жүйесінің жұмысы

VSM жүйесі қосулы

VSM жүйесі мына жағдайларда жұмыс істейді.

- Динамикалық тұрақтандырудың электронды жүйесі (ESC) қосулы болғанда.
- ABS жүйесі үйкеліс коэффициенті әр түрлі жолдарда белгілі бір жылдамдықта жұмыс істейді.

VSM жүйесі қандай жағдайда істемейді

- Автокөлік шыр айналғанда.

Жұмыс барысында

Тежегіштерді ESC жүйесі қосылуы мүмкін жағдайларда пайдаланғанда тежегіштің тықылдаған дыбысын естуіңіз немесе тежегіш педалінің тиісті дірілін сезуіңіз мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және ESC жүйесінің қосылғанын білдіреді.



Ақпарат

VSM жүйесі қандай жағдайда істемейді

- Өрге көтеріліп немесе еңіске түсіп келе жатқанда.
- Артқа жүргенде.
- «ESC OFF» (ESC өшіру) индикаторы жанып тұрғанда.
- EPS (Рульдің электрлік күшейткіші) (⚠️) жүйесінің сигнал шамы жанып немесе жыпылықтап тұрғанда;



АБАЙЛАҢЫЗ

ESC (⚠️) жүйесінің немесе EPS (⚠️) жүйесінің сигнал шамы сөнбесе немесе жыпылықтаса, VSM жүйесі ақауды болуы мүмкін. Егер осы сигнал шамы жанып тұрса, тез арада автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөлікті өлшемдері әр түрлі доңғалақтар мен шиналарды орнатып жүргізу салдарынан ESC жүйесінде ақаулық пайда болуы мүмкін. Шиналарды ауыстырмай тұрып, барлық төрт доңғалақтың және шиналардың өлшемдері бірдей екеніне көз жеткізіңіз. Өлшемдері әр түрлі шиналар мен доңғалақтар орнатылған автокөлікті жүргізбеңіз.

Еңісте қозғалған кездегі көмек жүйесі (НАС)

Еңісте қозғалған кездегі көмек жүйесі әрде тоқтағаннан кейін орыннан қозғалар кезде автокөліктің қарсы бағыттағы қозғалысын тоқтатуға көмектеседі. Жүйе тежегіштерді шамамен 2 секундқа автоматты түрде қосады және 2 секунд өткен соң немесе акселератор педалі басылғанда жібереді.



АБАЙЛАҢЫЗ

Өрге қарай жүргенде кез келген сәтте акселератор педалін басуға дайын болыңыз. НАС жүйесі шамамен 2 секундқа ғана қосылады.



Ақпарат

- Берілістерді ауыстыру түймесі «P» (Тұраққа қою) немесе «N» (Бейтарап) қалпында тұрғанда, НАС жүйесі жұмыс істемейді.
- НАС жүйесі ESC жүйесі (Динамикалық тұрақтандырудың электронды жүйесі) өшіп тұрғанда да қосылады. Алайда, егер ESC тиісінше жұмыс істеп тұрмаса, ол қосылмайды.

Апаттық аялдау туралы ескерту жүйесі (ESS) (бар болса)

Төтенше тоқтату туралы ескерту жүйесі жүргізушіге күрт тежеу кезінде жыпылықтайтын стоп-сигналдардың көмегімен хабар береді.

Жүйе төменде көрсетілген жағдайларда қосылады.

- Автокөлік кенет тоқтағанда. (Баяулау мәні 7 м/с^2 шамасынан артық, ал қозғалыс жылдамдығы 55 км/сағ. артық.)
- ABS жүйесі қосулы болғанда.

Стоп-сигналдар жыпылықтағаннан кейін төменде көрсетілген жағдайларда апаттық жарық сигналын беру жүйесі автоматты түрде қосылады.

- Қозғалыс жылдамдығы 40 км/сағ. шамасынан аспаған жағдайда
- ABS өшірулі болғанда.
- Күрт тежеу аяқталғанда.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі төменде көрсетілген жағдайларда өшеді.

- Егер автокөлік белгілі бір уақыт ішінде баяу жүрсе.

Жүргізуші апаттық жарық сигналын беру жүйесін түймені басып қолмен өшіре алады.



Ақпарат

Апаттық аялдау туралы ескерту апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосылып тұрғанда жұмыс істемейді.

Рұқсат етілген тежеу амалдары



АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөліктен шықпас бұрын немесе тұраққа қою кезінде тежегіш педалін жіберместен, автокөліктің толық тоқтағанын күтіңіз. Берілістерді ауыстыру түймесін «Р» (Тұраққа қою) қалпына ауыстырыңыз, тұрақ тежегішін қосып қойып, оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті «LOCK/OFF» (Бұғаттау/өшіру) қалпына бұраңыз.

Егер тұрақ тежегішін қоспаса немесе оны толық қоспаса, автокөлік өздігінен жүріп кетіп, жүргізуші мен басқа адамдарға зақым келтіруі мүмкін. Автокөліктен шықпас бұрын **ӘРДАЙЫМ** тұрақ тежегішін қосып қойыңыз.

Суланған тежегіштер қауіп төндіреді! Тоспа сумен жүргенде немесе автокөлікті жуғанда, тежегіштер сулануы мүмкін.

Тежегіштері суланған автокөлік тез тоқтай алмайды. Тежегіштері суланған автокөлік тежеген кезде шетке кетіп қалуы мүмкін.

Тежегіштерді кептіру үшін тежегіштер қалыпты жұмыс істегенше сәл тежеңкіреп отырыңыз. Егер тежеу күші қалыпқа келмесе, мүмкіндік туған бойда көлікті тоқтатып, HYUNDAI ресми дилеріне көмекке жүгініңіз.

Жүріс кезінде аяғыңызды тежегіш педаліне ҚОЙМАҢЫЗ. Тежегіш педалін сәл, бірақ үнемі басқанның өзі тежегіштердің қызуына, тозуына және істен шығу ықтималдығына әкелуі мүмкін.

Жүріс кезінде шинаның желі шығып кетсе, тежегішті ақырын басыңыз: баяулату кезінде автокөлікті тура алға жүру бағытында ұстауға тырысу керек. Жылдамдық қолайлы болған кезде автокөлікті жолдың шетіне шығарып, қауіпсіз жерге тоқтаңыз.

Автокөлік тоқтағанда, ол алға қарай тербеліп кетпеуі үшін аяғыңызды тежегіш педалінде мықтап ұстап отырыңыз.

ЖҮРГІЗУ РЕЖИМІН БАСҚАРУДЫҢ БІРІКТІРІЛГЕН ЖҮЙЕСІ (2WD)

Қозғалыс режимі




Қозғалыс режимі жүргізушінің қалауына немесе жол жағдайларына байланысты таңдалады.

i Ақпарат

Аспаптар тақтасы ақаулы болғанда, **NORMAL** (қалыпты) қозғалыс режимі қосылады, ал **ECO** (үнемді) және **SPORT** (спорттық) режимдерін ауыстырып қосу мүмкін болмауы ықтимал.

«COMFORT» (Жайлы) режимі көлікті бірқалыпты жүргізуді және жайлы жүргізу мәнерін қамтамасыз етеді.



ҚАЛЫПТЫ режимін таңдау аспаптар тақтасында ешқалай көрсетілмейді.

- «ECO» (Үнемдеу) режимі
«ECO» (Үнемдеу) режимі көлікті экологиялық түрде жүргізуді қамтамасыз ету үшін отын шығынының тиімділігін арттыруға көмектеседі.
- «NORMAL» (Қалыпты) режимі
«NORMAL» (Қалыпты) режимі көлікті бірқалыпты жүргізуді және жайлы жүргізу мәнерін қамтамасыз етеді.
- «SPORT» (Спорттық) режимі
«SPORT» (Спорттық) режимі автокөлікті тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, спорттық көлік жүргізу стилін сақтауға мүмкіндік береді.

Қозғалтқышты қайта оталдырғанда, автокөліктің қозғалыс режимі «NORMAL» (Қалыпты) режиміне ауысады. Бұл жағдай «ECO» (Үнемдеу) және «SMART» (Интеллектуалды) режимдеріне қолданылмайды. Қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін «ECO» (Үнемдеу) және «SMART» (Интеллектуалды) режимдері таңдауға сәйкес сақталады.

«ECO» (Үнемдеу) режимі

ECO Қозғалыс режимін ECO режиміне орнатқанда, қозғалтқышты және трансмиссияны басқарудың логикалық схемасы отынды пайдаланудың барынша тиімділігін қамтамасыз ету үшін өзгереді.

- «DRIVE MODE» (Қозғалыс режимі) түймесін басып «ECO» (Үнемдеу) режимін таңдағанда ECO индикаторы жанады.
- Қозғалтқышты қайта қосқанда қозғалыс режимі «ECO» (Үнемдеу) режимінде қалады.



Ақпарат

Отынды пайдалану тиімділігі жүргізушінің көлікті жүргізу мәнеріне және жолдағы жағдайға байланысты болады.

«ECO» (Үнемдеу) режимін іске қосқанда

- Жылдамдықты үдетуге реакция акселератор педалін бірқалыпты басқан кезде аздап төмендеуі мүмкін.
- Ауаны баптау жүйесінің жұмыс параметрлері шектеулі болуы мүмкін.
- Автоматты беріліс қорабының ауыстырып қосу схемасы өзгеруі мүмкін.
- Қозғалтқыш қаттырақ шу шығаруы мүмкін.

Жоғарыда келтірілген жағдайлар отын шығынының тиімділігін жақсарту үшін ECO режимі қосылған кезде қалыпты болып саналады.

«ECO» (Үнемдеу) режимінің шектеулері

«ECO» (Үнемдеу) режимі қосылып тұрғанда кезде келесі жағдайлар орын алса, жүйенің жұмысы «ECO» индикаторының күйі өзгермесе де шектеулі болуы мүмкін.

- Салқындатқыш сұйықтық температурасы төмен болғанда:
Жүйе қозғалтқыш жұмысы қалпына келгенше шектеулі болады.
- Өрге жоғары қозғалғанда:
Жүйе қозғалтқыштың айналу сәтін шектейтіндіктен, автокөлік өрге қарай жүрген кезде қозғалтқыштың қуатын арттыру мақсатында жүйе жұмысы шектеледі.
- Егер газ педалі бірнеше секунд тірелгенше басылып тұрса:
Жүргізуші жылдамдықты арттырғысы келетіндіктен жүйенің жұмысы шектеледі.

«SPORT» (Спорттық) режимі

SPORT

«SPORT» (Спорттық) режимі қозғалыс динамикасын басқарады, рульге түсетін күшті және жүргізушінің өнімділігін арттыру үшін қозғалтқыш пен трансмиссияны басқарудың логикалық схемасын автоматты түрде реттейді.

- «DRIVE MODE» (Қозғалыс режимі) түймесін басқанда «SPORT» (Спорттық) режимі таңдалса, «SPORT» (Спорттық) индикаторы жанады.
- Қозғалтқышты қайта қосқанда қозғалыс режимі «SPORT» (Спорттық) режимінде қалады.
- «SPORT» (Спорттық) режимі қосулы тұрса, жүйе жұмысында кейбір ерекшеліктер пайда болады.
 - Қозғалтқыш акселератор педалі жіберілгеннің өзінде белгілі бір уақыт бойы жоғары жиілікпен айналып тұрады.
 - Жоғарырақ беріліске ауыстыру жылдамдықты үдеткен кезде шамалы кідіріспен орындалады.

Ақпарат

«SPORT» (Спорттық) режимінде отынды пайдалану тиімділігі төмендейді.

«SMART» (Интеллектуалды) режимі

SMART

«SMART» (Интеллектуалды) режимі жүргізушінің көлік жүргізу мәнерін (яғни, «Economic» (Үнемді) немесе «Aggressive (Sportive)» (Агрессивті (спорттық)), тежегіш педалін басу немесе рульді басқару мәнерін ескере отырып, «ECO» (Үнемді), «NORMAL» (Қалыпты) және «SPORT» (Спорттық) режимдері арасында тиісті қозғалыс режимін таңдайды.

- «SMART» (Интеллектуалды) режимін таңдау үшін «DRIVE MODE» (Қозғалыс режимі) түймесін ауыстырыңыз. «SMART» (Интеллектуалды) режимі таңдалғанда, аспаптар панелінде индикатор жанады.
- «SMART» (Интеллектуалды) режимі көлік жүргізу мәнеріне сәйкес автоматты түрде автокөліктің қозғалысын бақылайды, мысалы, берілістерді ауыстыру схемалары мен қозғалтқыштың айналымдарын.
- Қозғалтқышты қайта қосқанда қозғалыс режимі «SMART» (Интеллектуалды) режимінде қалады.

Ақпарат

- Автокөлік «SMART» (Интеллектуалды) режимінде бірқалыпты мәнерде жүргенде жүргізу режимі «ECO» (Үнемді) режиміне ауысып, отынды пайдалану тиімділігін арттырады. Алайда, отынды пайдаланудың нақты тиімділігі нақты жол жағдайларына байланысты болады (яғни, өр/ылди, автокөлікті тежеу/үдету).
- Көлік құралын «SMART» (Интеллектуалды) режимінде қозғалысты күрт баяулатып немесе бұрылыстарда рульді шұғыл бұрып динамикалық түрде жүргізгенде, көлік жүргізу режимі «SPORT» (Спорттық) режиміне ауысады. Алайда бұл отын шығынына теріс әсер етуі мүмкін.

«SMART» (Интеллектуалды) режимінде тап болуыңыз мүмкін түрлі жол жағдайлары

- Жүргізу режимі белгілі бір уақыт өткеннен кейін, акселератор педалін жаймен басқан кезде автоматты түрде «ECO» (Үнемдеу) режиміне ауысады (жүргізу мәнеріңіз үнемді деп анықталады).
- Акселератор педалін күрт немесе бірнеше рет басқан кезде, жүргізу режимі белгілі бір уақыт өткеннен кейін «SMART ECO» (Интеллектуалды үнемді режим) режимінен «SMART NORMAL» (Интеллектуалды қалыпты) режиміне ауысады.
- Автокөлік өрге белгілі бір бұрышпен көтеріле бастағанда, дәл сол жүргізу мәнерінде жүргізу режимі автоматты түрде «SMART NORMAL» (Интеллектуалды қалыпты) күйіне ауысады. Көлік тегіс жолға шыққан кезде жүргізу режимі автоматты түрде «SMART ECO» (Интеллектуалды үнемді режим) режиміне оралады.
- Көлік жылдамдығын күрт үдеткенде немесе рульді бірнеше рет қозғағанда, жүргізу режимі автоматты түрде «SMART SPORT» (Интеллектуалды спорттық) режиміне ауысады (сіздің жүру мәнеріңіз спорттық деп сипатталады). Бұл режимде автокөлігіңіз күрт үдеумен/тежелумен төмен беріліспен жүреді және қозғалтқышпен тежеу тиімділігін арттырады.
- Сіз акселератор педалін «SMART SPORT» (Интеллектуалды спорттық) режимінде жіберген кезде де қозғалтқышпен тежеу тиімділігін сезе аласыз. Бұл автокөлігіңіз келесі үдетуге дейін белгілі бір уақыт ішінде төмен беріліспен жүретіндіктен болады. Осылайша, бұл жүргізу кезіндегі қалыпты жағдай және қандай да бір ақаулықты білдірмейді.


- Жүргізу режимі тек ауыр жол жағдайларында ғана «SMART SPORT» (ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ СПОРТТЫҚ) режиміне автоматты түрде ауысады. Кәдімгі жағдайлардың көпшілігінде жүргізу режимі «SMART ECO» (ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҮНЕМДІ) немесе «SMART NORMAL» (ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҚАЛЫПТЫ) режиміне орнатылады.


«SMART» (ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ) режимінің қойылатын шектеулері

«SMART» (Интеллектуалды) режимі келесі жағдайларда шектеулі болуы мүмкін. (Ондай жағдайларда «OFF» (Өшіру) индикаторы жанады)

- Круиз-контроль қосулы болғанда. Автокөлікті интеллектуалды круиз-контроль жүйесінде орнатылған жылдамдықпен жүргізгенде, круиз-контроль жүйесі SMART (Интеллектуалды) режимін өшіруі мүмкін. («SMART» (Интеллектуалды) режимі круиз-контроль жүйесін қосқанда ғана өшепіді.)
- Трансмиссиялық май температурасы тым төмен немесе тым жоғары. «SMART» (Интеллектуалды) режимін көлікті қалыпты жүргізу жағдайларының көбісінде қосуға болады. Алайда, трансмиссиялық майының тым жоғары/төмен температурасы интеллектуалды режимді уақытша өшіруі мүмкін, себебі трансмиссия жағдайы қалыпты пайдалану жағдайларына сәйкес келмейді.



Бағдар компьютерінде интеллектуалды түрде ауыстыру (бар болса)

СК дисплейдің аспаптар панелінде «Trip Computer» (Бағдар компьютері)  режимін таңдап, интеллектуалды ауыстыру экранына өтіңіз. Жүргізуші таңдалған қозғалыс режимін және «SMART» (Интеллектуалды) режимі автоматты түрде ауыстырған қозғалыс режимін көре алады.



Экранда жүргізуші таңдаған қозғалыс режимі (1) және жүргізушінің жүргізу мәнерінің датчигі (2) көрсетіледі.

«SMART» (Интеллектуалды) режиміндегі жүргізушінің көлік жүргізу мәнерінің датчигі



Стандартты көлік жүргізу мәнері ортада, датчиктің сол жағында «Econ.» (Үнемдеу) мәнері, ал оң жағында «Dynamic» (Динамикалық) мәнері көрсетіледі.

Көлік жүргізу мәнері датчигінің сол жақ бөлігі толғанда, біраз уақыттан кейін «SMART ECO» (Интеллектуалды үнемді) режимі автоматты түрде қосылады. Датчиктің оң жақ бөлігі толғанда және спорттық мәнерде көлік жүргізу шарттары анықталғанда, «SMART SPORT» (Интеллектуалды спорттық) режимі қосылады.

Отын шығыны тиімді «SMART ECO» режимін сақтау үшін автокөлікті жүргізу мәнері датчигінің сол жағы толған күйде жүргізіңіз.

КӨЛІК ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Көлік жүргізудің қауіпті жағдайлары

Қауіпті жағдайларда, мысалы, судан өту, қардың, мұздың, лайдың, құмның және т.б. үстімен жүріп өту қажет болғанда төменде көрсетілген сақтық шараларын орындаңыз.

- Абайлап қозғалыңыз, тежеу жолының артатынын есте сақтаңыз.
- Кенет тежемеңіз не рульді қатты айналдырмаңыз.
- Егер автокөлік қарда, балшықта немесе құмда тұрып қалса, екінші беріліске ауысыңыз. Доңғалақтар бос айналмауы үшін жылдамдықты баяу үдетіңіз.
- Автокөлік дөңгелегі мұзда, қарда немесе балшықта айналып кеткен жағдайда бетпен қосымша ілінісу қамтамасыз ету үшін құм, тас тұзы, дөңгелек шынжырлары немесе дөңгелектер астындағы сырғуды азайтатын басқа құралдарды қолданыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Тайғақ жолда жүргенде автоматтық беріліс қорабымен төмен беріліске ауысу жол-көлік апатының себебіне айналуы мүмкін. Жылдамдықты кенеттен өзгерту салдарынан автокөлік екі жаққа лақтырылуы мүмкін. Тайғақ жолда берілісті төмендеткенде абай болыңыз.

Автокөлікті тербелту

Автокөлікті қардан, құмнан немесе балшықтан шығару үшін оны тербелту қажет болғанда, алдымен рульді оңға-солға бұрып, алдыңғы доңғалақтардың маңайын тазартыңыз. Одан кейін «R» (артқа жүру) және алға жүру режимдерін кезек-кезек ауыстырып қосыңыз.

Доңғалақтардың айналуына жол бермеңіз және қозғалтқышқа күш түсірмеңіз.

Беріліс қорабы тозбауы үшін берілістерді ауыстырмай тұрып доңғалақтардың тоқтауын күтіңіз. Берілістерді ауыстырған кезде акселератор педалін жіберіп, беріліс қосылғанда акселератор педалін ақырын басыңыз. Доңғалақтардың алға және артқа баяу айналуы автокөлікті тербелтіп, оның босап шығуына жағдай жасайды.



АБАЙЛАҢЫЗ

Егер автокөлік батып қалып, доңғалақтар тым тез айналса, шиналардағы температура тез көтеріліп кетуі мүмкін. Зақымдалған шиналардың желі шығуы немесе жарылуы мүмкін. Бұл қауіпті: өзіңіз бен басқа адамдар жарақаттануы мүмкін. Автокөліктің жанында адамдар немесе қандай да бір нысандар тұрса, бұл маневрді жасамаңыз.

Егер автокөлікті босатуға әрекет жасасаңыз, ол тез қызып кетуі мүмкін; бұл жағдайда мотор бөлігінде өрт шығуы немесе басқа да зақымдар келуі мүмкін. Шиналар немесе қозғалтқыш қызып кетпеуі үшін доңғалақтардың айналуына жол бермеңіз. Доңғалақтарды жылдамдық 56 км/сағ. шамасынан жоғары болғанда АЙНАЛДЫРМАҢЫЗ.

i Ақпарат

Автокөлікті тербелтпей тұрып ESC жүйесін (бар болса) өшіріп қою керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Егер автокөлікті бірнеше әрекеттен кейін босатып ала алмасаңыз, қозғалтқыш қызып кетпеуі, беріліс қорабы мен шиналар зақымдалмауы үшін сүйреуішті қолданған жөн. 6-тараудағы «Сүйреу» бөлімін қараңыз.

Бірқалыпты бұрылу

Бұрылыстарда, әсіресе сулы жол жабындарында тежемегеніңіз не берілістерді ауыстырмағаныңыз жөн. Бұрылғанда жылдамдықты шамалы үдету керек.

Автокөлікті түнгі уақытта жүргізу

Автокөлікті түнгі уақытта жүргізу күндіз жүргізуге қарағанда біршама қауіпті.

Мұнда есте сақтайтын бірнеше кеңес берілген.

- Жылдамдықты төмендетіп, өзіңіздің және басқа автокөліктің арасындағы қашықтықты сақтап отырыңыз, себебі түнде, әсіресе көше жарығы жоқ жерлерде көру қабілеті төмендейді.
- Басқа автокөліктер фараларының шағылысуын азайту үшін айналарды реттеп алыңыз.
- Фаралардың таза болуын және дұрыс реттелуін қадағалаңыз. Кірлеген немесе дұрыс реттелмеген фаралар түнгі уақытта көру мүмкіндігін біршама нашарлатып жібереді.
- Қарсы бағыттағы автокөліктердің фараларына тікелей қарамауға тырысыңыз. Себебі, бұдан көзіңіз уақытша қарығып, қараңғыға қайта үйрену үшін бірнеше секунд қажет болады.

Автокөлікті жауында жүргізу

Жаңбыр мен сулы жолдар көлік жүргізуді қауіпті етеді. Көлікті жаңбырлы ауа райында немесе тайғанақ жол жабынында жүргізген кезде кейбір жағдайларды ескерген жөн.

- Жылдамдықты төмендетіп, қашықтықты алшақтатыңыз. Нөсер жауын көру мүмкіндігін біршама нашарлатып, тежеу жолының артуына алып келеді, сондықтан жылдамдықты төмендетіңіз.
- Круиз-контрольді (бар болса) өшіріп қойыңыз.
- Алдыңғы әйнекте сызықтар қалдыратын немесе бос орын қалдыратын алдыңғы әйнек тазалағыш щеткаларын ауыстырыңыз.
- Шиналардың тозуын қадағалаңыз. Шиналар қатты тозса, сулы жол жабынында автокөлікті күрт тоқтату шиналардың бос айналып кетуіне және жол-көлік апатының орын алуына әкеп соғуы мүмкін. **8-тараудағы «Шиналарды ауыстыру» бөлімін қараңыз.**
- Автокөлік басқа қозғалыс қатысушыларына жақсы көрінуі үшін алдыңғы фараларды қосып қойыңыз.
- Үлкен шалшықтарда тым жылдам қозғалу тежеу жүйесіне теріс әсер етуі мүмкін, сондықтан автокөлігіңіздің жылдамдығын төмендетіңіз.
- Егер тежегіштер су боп қалса, тежегіштердің қалыпты жұмысы қалпына келгенше қозғалғанда сәл тежеп жүріңіз.

Аквақалқу

Егер жол аса сулы, ал жылдамдық үлкен болса, автокөлік жол бетімен жанасуын ішінара не толығымен жоғалтып, су бетінде тайғанауы мүмкін. Сулы жолда **ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ТӨМЕНДЕТКЕН ЖӨН.**

Шина протекторының тереңдігі азайғанда аквақалқу қатері артады, 8-тараудың «Шиналарды ауыстыру» бөлімін қараңыз.

Су басқан жерлермен жүру

Су доңғалақ күпшегінің төменгі бөлігінен аспайтынына сенімсіз болсаңыз, жолдың су басқан жерлерінен өтуге тырыспаңыз. Су кедергілерінен баяу өтіңіз. Жеткілікті тежеу жолын қамтамасыз ету қажеттілігін ескеріңіз, өйткені су тежеу жүйесінің тиімділігін төмендетуі мүмкін.

Судан өткен соң тежегіштерді құрғату үшін төмен жылдамдықта бірнеше рет тежеу керек.

Автомагистральдарда жүру

Шиналар

Шиналардағы қысымды нұсқаулықта көрсетілгендей реттеңіз. Шиналардағы қысымның жеткіліксіз болуы шиналардың қызып кетуіне немесе зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Тозған не зақымдалған шиналарды орнатпаңыз. Бұл тарту күшін төмендетуі не тежеуді нашарлатуы мүмкін.



Ақпарат

Шиналардағы көрсетілген ең жоғарғы қысымынан асырмаңыз.

Отын, қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы және мотор майы.

Автомагистральдарда жоғары жылдамдықпен жүру, орташа жылдамдықпен жүргенмен салыстырғанда, отын шығынының артуына әкеледі. Отынды үнемдеу мақсатында автомагистральдарда орташа жылдамдықпен жүрген жөн.

Жол жүрмей тұрып қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының деңгейі мен мотор майының деңгейін тексеру керек.

Жетекті белдік

Әлсіз не зақымдалған жетекті белдік қозғалтқыштың қызуына әкелуі мүмкін.

КӨЛІКТІ ҚЫСТА ЖҮРГІЗУ

Қыстағы қолайсыз ауа райы жағдайлары шиналардың жылдам тозуына және өзге проблемаларға әкеледі. Қыста жүргенде қауіпті азайту үшін келесі кеңестерді ұстану керек.

Қар мен мұзда көлік жүргізу

Алдағы және жаныңыздағы автокөліктерге дейін қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.

Тежегішті абайлап басыңыз. Жоғары жылдамдықпен жүру, жылдамдықты күрт үдету және тежеу, сондай-ақ шұғыл бұрылыстар үлкен қауіп төндіреді. Жылдамдықты төмендету үшін қозғалтқышпен тежеуді пайдаланыңыз. Қарлы және тайғақ жолда күрт тежеу көліктің сырғуына әкелуі мүмкін.

Терең қарда жүру үшін қысқы шиналарды немесе сырғытпайтын шынжырларды орнату қажет болуы мүмкін.

Автокөлікте апаттық жинақты әрдайым алып жүріңіз. Сапар барысында басқасынан бөлек доңғалақ шынжырлары, сүйреу сымарқандары немесе шынжырлары, қолшам, сигнал ракеталары, құм, күрек, жалғау кабельдері, терезе қырғыш, қолғаптар, брезент, комбинезондар, көрпелер және т.б. болуы тиіс.

Қысқы шиналар



АБАЙЛАҢЫЗ

Қысқы шиналардың өлшемдері мен түрі автокөліктің стандартты шиналарының өлшемдері мен түріне сай болуы керек. Бұл ережені сақтамау салдары автокөлікті жүргізу мен оның қауіпсіздігіне теріс әсер етуі мүмкін.

Қысқы шиналарды орнатқан кезде бұл радиалды шиналардың өлшемдері мен жүктеме диапазоны түпнұсқа шиналардың өлшемдері мен диапазонындай екеніне көз жеткізіңіз. Кез келген ауа райында автокөлікті бірқалыпты жүргізу үшін қысқы шиналарды барлық төрт доңғалаққа орнатыңыз. Қысқы шиналардың құрғақ жолмен ілінісу күші түпнұсқа шиналармен салыстырғанда төмен болуы мүмкін. Қысқы шиналармен жүруге ұсынылатын ең жоғарғы жылдамдықты шина сатушыларынан нақтылап алуға болады.



Ақпарат

Тікенекті шиналарды, оларды қолданудағы ықтимал шектеулерге қатысты жергілікті және мемлекеттік ережелермен алдын ала танысып алғанша, орнатпаңыз.

Доңғалақ шынжырлары



Радиалды шиналардың бүйірлері басқа шиналарға қарағанда жұқалау болғандықтан, оларға сырғытпайтын шынжырдың кейбір түрлерін орнатқан кезде зақымдалуы мүмкін. Сондықтан сырғытпайтын шынжырлардың орнына қысқы шиналарды қолданған жөн. Алюминий дискілері бар автокөліктерге доңғалақ шынжырларын орнатпаңыз, қатты қажет болса, сымды синтетикалық сырғытпайтын шынжырларды пайдаланыңыз. Сырғытпайтын шынжырларды пайдалану қажет болса, HYUNDAI түпнұсқа қосалқы бөлшектерін немесе сіздің автокөлігіңіз үшін көрсетілген олардың балама түрлерін пайдаланыңыз. Сырғытпайтын шынжырларды орнатпай тұрып, оларға берілген нұсқаулықтармен танысып шығыңыз. Тиісті емес сырғытпайтын шынжырларды орнату салдарынан болған автокөлік ақауларына өндірушінің кепілдік міндеттемелері қолданылмайды.



АБАЙЛАҢЫЗ

Шынжырларды орнату автокөліктің басқарылу мүмкіндігіне теріс әсер етуі мүмкін:

- 30 км/сағ. шамасындағы жылдамдықпен немесе өндіруші ұсынған жылдамдықпен, яғни қай жылдамдықтың төмен екеніне байланысты жүріңіз.
- Автокөлікті сақтықпен жүргізіңіз, кедір-бұдыр және шұңқыр жолмен жүрмеңіз, шұғыл бұрылыс жасамаңыз және тұрақтылықтың жоғалуына әкелуі ықтимал қауіптерден аулақ болыңыз.
- Шұғыл бұрылыс жасамай, сырғып тежемеңіз.



Ақпарат

- Шынжырларды тек алдыңғы доңғалақтарға орнатыңыз. Сырғытпайтын шынжырларды орнату қозғау күшін арттыратындығын, бірақ сырғудан сақтамайтынын ескеріңіз.
- Тікенекті шиналарды, оларды қолданудағы ықтимал шектеулерге қатысты жергілікті және мемлекеттік ережелермен алдын ала танысып алғанша, орнатпаңыз.

Шынжырларды орнату

Сырғытпайтын шынжырларды орнатқан кезде өндірушінің нұсқаулығын орындап, оларды мүмкіндігінше мықтап орнатыңыз. Шынжырлар орнатылып тұрғанда көлікті баяу жүргізіңіз (30 км/сағ. төмен).

Шынжырлардың автокөліктің шаңағына немесе рамасына тигенін естісеңіз, оларды тартып қойыңыз. Шынжырлар әлі де тие берсе, дыбыс жоғалғанша жылдамдықты төмендетіңіз. Таза жолға шыққанда сырғытпайтын шынжырларды шешіп алу керек.

Сырғытпайтын шынжырларды орнату үшін автокөлікті көлік құралдары өтіп бара жатқан жерден алшақтау, тегіс алаңға қойыңыз. Автокөліктің апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосып, автокөліктің артына апаттық аялдаманы білдіретін үшбұрыш белгісін (бар болса) қойыңыз. Сырғытпайтын шынжырларды орнатпай тұрып, беріліс қорабының иінтірегін «Р» (тұраққа қою) қалпына ауыстырыңыз, тұрақ тежегішін қосып, қозғалтқышты сөндіріңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Сырғытпайтын шынжырларды пайдаланғанда төменде көрсетілген ақпаратты ескеріңіз.

- Шиналардың өлшемін қате таңдау немесе шынжырлардың қате орнатылуы тежеу сызықтарының, шаңақ пен доңғалақтардың зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- SAE «S» класына жататын шиналарды не сырғытпайтын шынжырларды қолданыңыз.
- Егер шынжырлар шаңаққа тиіп жатса, жанасуды болдырмау үшін оларды тартып қойыңыз.
- Шаңақ зақымдалмауы үшін шынжырларды әр 0,5~1,0 км сайын тартып отырыңыз.
- Алюминий дискілері бар автокөліктерге шынжырды орнатпаңыз. Міңдетті түрде шынжыр қолдану керек болса, сым түріндегі шынжырларды пайдаланыңыз.
- Шынжыр қосылыстары зақымдалмас үшін сырғытпайтын шынжырлардың түйіндерінің ені 12 мм-ден артық болмауы тиіс.

Қыс мезгіліндегі сақтық шаралары

Салқындатқыш сұйықтығы ретінде жоғары сапалы этиленгликольді қолданыңыз

Автокөлігіңіз салқындату жүйесіндегі жоғары сапалы этиленгликольді салқындатқыш сұйықтықпен жеткізіледі. Бұл пайдаланылуы тиіс салқындатқыш сұйықтықтың жалғыз түрі, өйткені ол салқындату жүйесінде коррозияның пайда болуының алдын алып, су сорғысын майлайды және қатып қалмайды. 9-бөлімде берілген техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес салқындатқыш сұйықтықты ауыстырып, толықтырып құйып тұруды ұмытпаңыз. Қыс басталмай тұрып салқындатқыш сұйықтықты қыс мезгілінде күтілетін температурадан төмен температурада қатып қалатынына көз жеткізу үшін тексеріп көріңіз.

Аккумуляторды және электр сымдар жүйесін тексеру

Төмен температура аккумулятордың жұмыс істеу уақытына теріс әсерін тигізеді.

**** АКБ мен кабельдерді 9-тарауда көрсетілгендей тексеріңіз.** АКБ зарядының деңгейін HYUNDAI ресми дилерінде немесе техникалық қызмет көрсету станциясында тексеруге болады.

Қысқы майды құю

Кейбір аймақтарда қыс мезгілінде тұтқырлығы аздау қысқы майды пайдалануға кеңес беріледі. ** Қосымша мәліметтерді 9-тараудан қараңыз. Қыста қандай май құю керектігін білмесеңіз HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.

Оталдыру бітелері мен оталдыру жүйесін тексеріңіз.

Оталдыру бітелерін 8-тарауда көрсетілгендей тексеріңіз. Қажет болғанда, оларды ауыстырыңыз. Оған қоса, сымдар жүйесі мен оталдыру жүйесі шынжырының басқа компоненттерінде жарықтардың, тозудың және зақымдардың бар-жоғын тексеріңіз.

Есіктердің құлыптарын мұздатпау

Құлыптар мұздамауы үшін кілт саңылауына мақұлданған мұз қатырмайтын сұйықтықты немесе глицеринді себіңіз. Егер құлып саңылауын мұз басса, оны жою үшін мақұлданған мұз қатырмайтын сұйықтықты себіңіз. Құлыптың ішкі бөлігін мұз басса, оны қыздырылған кілтпен жібітіп көріңіз. Күйіп қалмас үшін қыздырылған кілтті абайлап пайдаланыңыз.

Әйнек жуғыш жүйесіне қолдануға рұқсат етілген антифриз

Әйнек жуғыш қатып қалмауы үшін әйнек жуғыш бағында көрсетілген мақұлданған антифриз ерітіндісін қосыңыз. Әйнек жуғыштың қатуына жол бермейтін ерітіндіні HYUNDAI ресми дилер орталығынан және көптеген автодүкендерден сатып алуға болады. Лак-бояу жабынын бүлдіріп алмас үшін қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығын немесе антифриздің басқа түрлерін пайдаланбаңыз.

Тұрақ төжегішінің қатып қалуына жол бермеңіз

Кейбір жағдайларда тұрақ төжегіші қосылып тұрған қалпында қатуы мүмкін. Бұл көбінесе артқы төжегіштің аймағында мұз не қар жиналып қалғанда немесе төжегіштер суланғанда орын алады. Тұрақ төжегішінің қатып қалу қаупі болса, оны түймені «Р» (Тұраққа қою) бағытында басып, уақытша қосу керек. Оған қоса, автокөлік жүріп кетпес үшін артқы доңғалақтарды алдын ала бұғаттап қойыңыз. Содан соң тұрақ төжегішін жіберіңіз.

Автокөлік түбіне қар мен мұздың жиналуына жол бермеңіз

Кейбір жағдайларда автокөлік қанаттарының астында рульді басқаруға кедергі жасайтын қар мен мұз жиналуы мүмкін. Көлікті қыс мезгілінде жүргенде үнемі автокөлік астын тексеріп, алдыңғы доңғалақтар мен руль жүйесінің бұғатталып қалмағанына көз жеткізу керек.

Апаттық жабдық

Ауа райы жағдайларына сәйкес келетін апаттық жабдық әрдайым автокөлігіңізде болуы тиіс. Сапар барысында басқасынан бөлек доңғалақ шынжырлары, сүйреу сымарқандары немесе шынжырлары, қолшам, сигнал шырақтары, құм, күрек, жалғау кабельдері, терезе қырғыш, қолғаптар, брезент, комбинезондар, көрпелер және т.б. болуы тиіс.

Мотор бөлігіне бөгде заттарды не материалдарды қоймаңыз

Мотор бөлігіндегі бөгде заттар не материалдар қозғалтқыштың ақаулығына немесе тұтануына әкелуі мүмкін, себебі олар қозғалтқыштың салқындауына кедергі келтіруі ықтимал. Өндірушінің кепілдігі мұндай зақымдарға қолданылмайды.

ТІРКЕМЕНІ СҮЙРЕУ

Автокөлікті тіркемені сүйреу үшін пайдаланбақ болсаңыз, алдымен тиісті заң талаптарын нақтылап алыңыз.

Тіркемені, автокөліктерді немесе көлік құралының және жабдықтың басқа да түрлерін сүйреуге қатысты талаптары заңда әртүрлі болуы мүмкін. Сүйреу алдында толық ақпарат алу үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқаныңыз жөн. Тіркемесі бар автокөлікті жүргізу тіркемесіз автокөлікті жүргізуден ерекшеленуі мүмкін екенін ескеріңіз. Сүйреу кезінде жүргізу мүмкіндігі, сапар ұзақтығы және отын шығыны өзгереді. Тіркемені қауіпсіз сүйреу үшін дұрыс пайдаланылуы тиіс тиісті жабдық қажет. Өндірушінің келілдік міндеттемелері дұрыс сүйремеу салдарынан болған автокөлік зақымдарына қолданылмайды.

Бұл бөлімде уақытпен тексерілген тіркемені сүйреу бойынша кеңестер мен қауіпсіздік ережелері берілген. Бұл кеңестер сіздің және жолаушыларыңыздың қауіпсіздігі үшін маңызды. Тіркемені сүйремес бұрын осы бөліммен мұқият танысып шығыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Төменде көрсетілген сақтық шараларын орындаңыз.

- Егер сүйреу кезінде сіз дұрыс таңдалмаған сүйреу жабдығын немесе жүргізудің қате тәсілдерін пайдалансаңыз, онда тіркемені сүйреу кезінде автокөлікті жүргізе алмай қалуыңыз мүмкін. Мысалы, тіркеме тым ауыр болса, тежеу тиімділігі төмендеп кетеді. Сіз және жолаушыларыңыз ауыр немесе өлімге жетелейтін жарақат алуыңыз мүмкін. Тіркемені сүйреуге осы бөлімде сипатталған барлық әрекетті орындағаннан кейін ғана кірісіңіз.
- Тіркемені сүйретпес бұрын тіркеменің жалпы салмағы, GCW (Тіркемесі бар автокөліктің толық салмағы), GVW (Автокөліктің толық салмағы), GAW (Оське түсетін толық жүктеме) және тіркеменің тертесіне түсетін жүктеме рұқсат етілген шекте тұрғанын тексеріп алыңыз.



Еуропа елдеріне арналған ақпарат


- Артқы оське (осьтерге) түсетін техникалық тұрғыда рұқсат етілген ең жоғарғы жүктемені көп дегенде 15 %-ға асыруға болады, ал техникалық тұрғыда рұқсат етілген автокөлікті жүктеу салмағын, қай мәнінің төменірек екеніне байланысты, көп дегенде 10 %-ға немесе 100 кг-ға асыруға болады. Бұл жағдайда M1 санатындағы автокөлік үшін жылдамдықты 100 км/сағ. немесе N1 санатындағы автокөлік үшін 80 км/сағ. мәнінен асырмаңыз.
- M1 санатындағы автокөлік тіркемені сүйреткен кезде, тарту-тіркеу құрылғысына түсетін қосымша жүктеме 15%-дан аспауы тиіс артқы шиналарға түсетін ең жоғарғы номиналды жүктемеден асып кетуі мүмкін. Бұл жағдайда жылдамдықты 100 км/сағ. мәнінен асырмай, шиналардағы қысымды кемінде 0,2 барға арттырыңыз.

Тіркеме сүйрейтін болсаңыз

Төменде тіркемені сүйреу кезінде ескерілуі тиіс кейбір маңызды кеңестер берілген:


- Көлденең тұрақтылықты қамтамасыз ететін құралдарды қарастырыңыз. Көлденең тұрақтылықты қамтамасыз ететін құралдарды тарту-тіркеу құрылғысының сатушысынан сұрастырыңыз.
- Тіркемені автокөліктің алғашқы 2000 км жүріп өткен жолында сүйреуге болмайды, алдымен қозғалтқышты сынап тексеріп алу қажет. Бұл сақтық шарасын орындамау салдарынан қозғалтқыш немесе беріліс қорабы қатты зақымдалуы мүмкін.
- Тіркемені қолдануды жоспарлай отырып, HYUNDAI ресми дилер орталығынан сүйреу жиынтығын пайдалану және т.с.с. қосымша талаптар туралы ақпарат алып алыңыз.
- Өрдайым орташа жылдамдықпен (100 км/сағ. төмен) немесе сүйреу жылдамдығының рұқсат етілген шегімен жүріңіз.
- Ұзақ өрлерде 70 км/сағ. жылдамдығынан немесе жол белгісіндегі ең жоғарғы сүйреу жылдамдығынан (қай мәннің кем екеніне қарай) асырмаңыз.
- Келесі беттерде берілген салмақ пен жүктеме бойынша шектеулер туралы ақпаратты мұқият оқып шығыңыз.

Тіркеме салмағы



Тіркеменің ең жоғарғы қауіпсіз салмағы қандай? Ол тіркеме тежегіштері ұстап тұра алатын ең жоғарғы салмақтан аспауы керек. Тіпті осы жағдайда да салмақ тым ауыр болуы мүмкін. Барлығы тіркемені қолдану жоспарларына байланысты. Мысалы, мынандай параметрлер маңызды: қозғалыс жылдамдығы, теңіз деңгейінен жоғары биіктік, жол еңістігі, қоршаған орта температурасы және тіркемені сүйреу үшін автокөліктің қолданылу жиілігі. Тіркеменің оңтайлы салмағы автокөлікке орнатылған арнайы жабдықтың параметрлеріне де байланысты болады.

Тарту-тіркеу құрылғысына түсетін жүктеме



Тарту-тіркеу құрылғысына түсетін жүктеме маңызды параметр болып табылады, ол автокөліктің жалпы ең жоғарғы салмағына (GVW) әсер ететіндіктен оны білу қажет. Тарту-тіркеу құрылғысына түсетін жүктеме тіркеменің толық салмағының 10 %-ынан аспауы керек және тарту-тіркеу құрылғысына түсетін рұқсат етілген ең жоғарғы жүктемесі шегінде болуы керек. Тіркемеге жүк тиеген соң оның салмағын анықтап алу, сондай-ақ тарту-тіркеу құрылғысына түсетін жүктемені, олардың нормативтік мәндерге сәйкес келетінін бөлек анықтау қажет. Егер осы көрсеткіштер мөлшерден асса, онда оларды жүкті тіркеменің ішінде қайта үлестіріп түзетуге болады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Төменде көрсетілген сақтық шараларын орындаңыз.

- Тіркемеге жүк тиеу кезінде салмақтың көп бөлігін тіркеменің артқы жағына үлестіруге болмайды. Жүктің жалпы салмағының шамамен 60 %-ы тіркеменің алдыңғы бөлігіне орналасуы керек, артқы бөлігінде — жүктің жалпы салмағының 40 %-ы.
- Тіркемеге тиелетін жүктің ең жоғарғы шекті салмағын немесе тіркеменің тарту-тіркеу құрылғысына түсетін жүктемені шектен асырмаңыз. Дұрыс тиелмеген жүк автокөліктің зақымдалуына әкелуі немесе адам денсаулығына зиян келтіруі мүмкін. Салмақ пен жүктемені өнеркәсіптік таразыларда немесе таразымен жабдықталған жол-патрульдік қызметтің бекетінде тексеруге болады.

Тіркемені сүйреу кезіндегі салмақ пен қашықтықтың анықтамалық мәндері

Еуропа елдерінен және рулі оң жақта орналасқан автокөліктерден басқа

Поз.		Бензиндік қозғалтқыш					
		1.6 D-CVVT		2.0 MPI		Smartstream 1.6 MPI	
		МБАҚ	А/Т	МБАҚ	А/Т	МБАҚ	IVT
Тіркеменің ең жоғарғы салмағы	Тежеу жүйесі жоқ	610	610	610	610	610	610
	Тежеу жүйесі бар	1200	1100	1200	1100	1200	1100
Тарту-тіркеу құрылғысына түсетін рұқсат етілген ең жоғарғы статикалық тік жүктеме		75					
Артқы доңғалақтың ортасынан ілініс нүктесіне дейінгі ұсынылған арақашықтық		1160					
		ММ					

М/Т механикалық беріліс қорабы

А/Т автоматты трансмиссия

IVT: интеллектуалды сатысыз трансмиссия

Шығыс Еуропа елдері үшін

Поз.		Бензиндік қозғалтқыш					
		1.6 D-CVVT		2.0 MPI		Smartstream 1.6 MPI	
		МБАҚ	А/Т	МБАҚ	А/Т	МБАҚ	IVT
Тіркеменің ең жоғарғы салмағы	Тежеу жүйесі жоқ	610	610	610	610	610	610
	Тежеу жүйесі бар	1200	1200	1300	1300	1200	1200
Тарту-тіркеу құрылғысына түсетін рұқсат етілген ең жоғарғы статикалық тік жүктеме		75					
Артқы доңғалақтың ортасынан ілініс нүктесіне дейінгі ұсынылған арақашықтық		1135					
		ММ					

М/Т механикалық беріліс қорабы

А/Т автоматты трансмиссия

IVT: интеллектуалды сатысыз трансмиссия

Батыс Еуропа елдері үшін

Поз.		Бензиндік қозғалтқыш					
		1.6 D-CVVT		2.0 MPI		Smartstream 1.6 MPI	
		МБАҚ	А/Т	МБАҚ	А/Т	МБАҚ	IVT
Тіркеменің ең жоғарғы салмағы	Тежеу жүйесі жоқ	300	300	300	300	300	300
	Тежеу жүйесі бар	300	300	300	300	300	300
Тарту-тіркеу құрылғысына түсетін рұқсат етілген ең жоғарғы статикалық тік жүктеме		75					
Артқы доңғалақтың ортасынан ілініс нүктесіне дейінгі ұсынылған арақашықтық		1135					


М/Т механикалық беріліс қорабы

А/Т автоматты трансмиссия

IVT: интеллектуалды сатысыз трансмиссия

Тіркемені сүйреуге арналған жабдық

Тарту-тіркеу құрылғылары



OCN7060156L

i Ақпарат

Фаркопты бекітуге арналған монтаждық саңылаулар артқы доңғалақтардың артындағы шанақ астының екі жағында орналасқан.

Тіркеу құрылғысын дұрыс таңдау аса маңызды. Бүйірден соғатын жел, жанынан өтетін ауыр жүк тасығыш самосвалдар — тиісті ілініс құрылғысын таңдау қажеттігінің кейбір себептері ғана. Төменде көрсетілген ережелерді сақтаңыз.

- Егер фаркопты орнату үшін автокөлік шанағында саңылаулар жасау қажет болса, осы құрылғыны шешіп алған соң саңылауларды мықтап бітеуді ұмытпаңыз.

Кері жағдайда, салонға газ шығаратын түтіктен өмірге қауіпті иіс газы (CO), сондай-ақ балшық пен су кіріп кетуі мүмкін.

- Автокөлік бамперлері ілініс құрылғыларын бекітуге арналмаған. Оған уақытша немесе басқа фаркоптарды бекітпеңіз. Бамперге емес, рамаға бекітілетін фаркоптарды пайдаланыңыз.
- HYUNDAI тіркемелерін сүйреуге арналған керек-жарақтарды HYUNDAI ресми дилерлік орталығынан сатып алуға болады.

Сақтандырғыш шынжырлар

Автокөлік пен тіркемені әрдайым шынжырмен жалғау керек.

Шынжырларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқауларды тарту-тіркеу құрылғысының өндірушісі немесе тіркемені өндіруші зауыт ұсынады. Сақтандырғыш шынжырларды бекіткен кезде өндірушінің ұсыныстарын орындаңыз. Шынжырды тіркемемен бұрылу мүмкін болуы үшін жеткілікті мөлшерде салбыратып қойыңыз. Бұған қоса, сақтандырғыш шынжырды еш уақытта жолда сүйретіп жүрмеңіз.

Тіркеменің тежегіштері

Егер тіркеме тежеу жүйесімен жабдықталған болса, оның ұлттық заңнамаға сәйкестігін, дұрыс орнатылғанын және жарамдылығын тексеріңіз.

Егер тіркеменің салмағы тиелген тежеу жүйесі жоқ тіркеменің рұқсат етілген ең жоғарғы салмағынан асып кетсе, тіркеме үшін өзінің сипаттамалары бойынша бөлек әрі жеткілікті тежеу жүйесін қарастыру қажет. Тіркеменің тежеу жүйесін дұрыс орнатуды, реттеуді және техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін оған қоса берілген нұсқаулармен танысып, оларды бұлжытпай орындау қажет. Көліктің тежеу жүйесіне өзгерістер енгізбеңіз Тіркеме тежегіштері автокөліктің тежеу жүйесінен бөлек қолданылуы керек.

! АБАЙЛАҢЫЗ

Автономды тежеу жүйесі бар тіркемені дұрыс бапталғанына сенімді болсаңыз ғана пайдаланыңыз. Тежеу жүйесін тәжірибелі және білікті мамандар баптауы тиіс. Ол үшін тіркемелерді жөндеумен айналысатын арнайы шеберханаға хабарласыңыз.

Тіркемесі бар автокөлікті жүргізу

Тіркемені сүйреу үшін белгілі бір дағдылар болуы қажет. Ортақ жолға шықпай тұрып, тіркеме құрылысын зерттеп алу керек. Қосымша тіркеме салмағымен көлік жүргізу және тежеу ерекшеліктерімен танысыңыз. Сіз жүргізетін көлік құралы енді ұзынырақ және автокөліктің өзін ғана пайдаланған кездегідей жүргізуге сезімтал емес екенін ұмытпаңыз.

Қозғалмас бұрын ілініс құрылғысы мен тіркеме платформасын, сақтандырғыш шынжырларды, электрлік қосылыстарды, жарық аспаптарын, шиналар мен тежегіштерді тексеріңіз.

Сапар барысында жүктің сенімді бекітілгенін, сондай-ақ тіркеменің жарық аспаптары мен тежеу жүйесінің жұмысын ара-тұра тексеріп тұрыңыз.

Арақашықтық

Алда келе жатқан автокөлікке дейінгі арақашықтықты тіркемесіз жүрген кезде сақталуы тиіс арақашықтықтан екі есеге ұлғайтыңыз. Бұл кенеттен тежеуді және шұғыл бұрылуды қажет ететін жағдайлардан аулақ болуға мүмкіндік береді.

Басып озу

Тіркемені сүйреген кезде автокөлік алдындағы басып озуға қажетті қашықтық көбірек болуы тиіс. Сонымен қатар, көлік құралы ұзындығының артуы салдарынан өз жолағыңызға оралмай тұрып, басып озған көліктің алдынан әлдеқайда ұзақ арақашықтықты өтуіңіз керек.

Артқа қарай жүру

Рульді бір қолмен астынан ұстаңыз. Содан соң, тіркемені солға жылжыту үшін қолыңызды солға қарай жылжытыңыз. Тіркемені оңға жылжыту үшін қолыңызды оңға қарай жылжытыңыз. Артқа қарай әрдайым баяу жүріңіз және мүмкіндігінше Сізді бағыттап тұратын біреудің көмегіне жүгініңіз.

Бұрылу

Тіркемемен қозғалған кезде бұрылыс радиусы әдеттегіден артық болуы керек. Бұрылған кезде тіркеме жолдың шетін, жиектастарды, жол белгілерін, ағаштарды немесе басқа да нысандарды іліп кетпеуі тиіс. Күрт немесе кездейсоқ маневр жасамаңыз. Алдын ала сигнал беріңіз.

Бұрылыс көрсеткіштері

Тіркемені сүйреп келе жатқан автокөліктің басқа бұрылыс көрсеткіштері мен қосымша сымдар жүйесі болуы қажет. Бұрылыс кезінде немесе жолақты ауыстырғанда көрсеткішті қосқан сайын аспаптар панелінде жасыл көрсеткілер жыпылықтап тұрады. Дұрыс қосылған тіркеменің жарық аспаптары басқа жүргізушілерге сіздің бұрылу, жолақты ауыстыру немесе тоқтау ниетіңіз туралы ескертіп тұруы тиіс.

Тіркемені сүйреген кезде аспаптар панеліндегі жасыл көрсеткілер тіркемедегі бұрылыс көрсеткіштерінің шамы күйіп кетсе де жыпылықтайтын болады. Бұл жағдайда сіздің артыңыздан келе жатқан автокөлік жүргізушілері қосылып тұрған көрсеткіштерді көрмейді. Тіркеменің шамдарын жүйелі түрде тексеріп тұру қажет. Сонымен бірге бұрылыс көрсеткіштерін сымдарды жалғаған және ағытқан сайын тексеріп тұру керек.



АБАЙЛАҢЫЗ

Тіркеменің жарық аспаптары жүйесін автокөліктің дәл сондай жүйесіне тікелей жалғаманыз. Тіркемелерге арналған электр сымдар жүйесін пайдаланыңыз. Бұл талапты сақтамау автокөліктің электрлік жабдығының бүлінуіне және/немесе жарақат алуға әкеп соғуы мүмкін. Көмек алу үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласыңыз.

Автокөлікті еңісте жүргізу

Ұзақ немесе тік еңістен өтер кезде жылдамдықты төмендетіп, төменгі беріліске ауысыңыз. Берілісті ауыстырмасаңыз, тежегіштерді пайдалануға тура келеді, олар жиі қолдану салдарынан қызып кетіп, тиімді тежей алмауы мүмкін.

Ұзақ өрде берілісті төмендетіп, жылдамдықты шамамен 70 км/сағ. (45 миль/сағ.) дейін төмендету керек, осылайша қозғалтқыш пен беріліс қорабының қызып кету ықтималдығы азаяды.

Тіркеменің салмағы тежегіші жоқ тіркеменің ең жоғарғы салмағынан асып кетсе және автокөлік автоматты беріліс қорабымен жабдықталған болса, онда тіркемені сүйреген кезде берілістерді ауыстыру иінтірегін «D» (алға жүру) қалпына келтіру керек.

Тіркемені сүйреген кезде автокөлікті «D» (алға жүру) режимінде жүргізу тежегіштердің қызуын барынша басып, беріліс қорабының қызмет ету мерзімін ұзартады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Қозғалтқыш пен трансмиссия қызып кетпеуі үшін мына әрекеттерді орындаңыз.

- Тіркемені тік еңісте (6%-дан астам) сүйреген кезде қозғалтқыш қызып кетпеуі үшін қозғалтқыштағы салқындатқыш сұйықтық температурасының көрсеткішін қадағалап отыру керек. Салқындатқыш сұйықтық температурасының көрсеткіші шкала бойынша «130 немесе H (ҚЫЗЫП КЕТУ)» белгісіне жылжыса, автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз да, қозғалтқыш салқындағанша оны бос жұмыс істетіп қойыңыз.
- Көліктің ең жоғарғы толық салмағымен және тіркеменің ең жоғарғы салмағымен сүйреу қозғалтқышты немесе трансмиссияны қыздырып жіберуі мүмкін. Осындай жағдайларда жүргенде қозғалтқышты ара-тұра бос жүрісте істетіп, салқындатыңыз. Жүрісті қозғалтқыш немесе трансмиссия біршама салқындағаннан кейін жалғастыруға болады.
- Тіркемені сүйреген кезде автокөлік жылдамдығы (әсіресе өрге көтерілгенде) жалпы қозғалыс легінің жылдамдығынан әлдеқайда төмен болуы мүмкін. Тіркемені өрге қарай жоғары сүйреткенде оң жақтағы жүріс жолағын пайдаланыңыз. Автокөлік жылдамдығын таңдағанда тіркемесі бар автокөліктер үшін ең жоғарғы рұқсат етілген жылдамдықты, еңіс тіктігін және тіркеменің салмағын ескеріңіз.

- Егер қос ілінісу механизмі бар беріліс қорабымен жабдықталған автокөлік тіркемені тік еңісте сүйрейтін болса, беріліс қорабының ілінісу механизмі қызып кетуі мүмкін. Ілінісу механизмі қызып кетсе қауіпсіздікті сақтау режимі қосылады. Ілінісу механизмі қызып кетсе қауіпсіздікті сақтау режимі қосылады, ал аспаптар тақтасында қосылған беріліс индикаторы жанып, ескертуші дыбыс сигналы естіледі.

Бұл ретте СК дисплейде ескерту шығып, осы уақытта автокөлік қозғалысы тұрақсыз болуы мүмкін. Бұл ескертуді елемеген жағдайда қозғалыс жағдайы нашарлап кетуі мүмкін.

Қалыпты жүргізу жағдайына оралу үшін автокөлікті төгіс жолда тоқтатып, аяқ тежегішінің педалін бірнеше минут тірелгенше басып тұру керек.

Автокөлікті еңісте тұраққа қою

Әдетте, егер автокөлікке тіркеме жалғанып тұрса, автокөлікті еңісте тұраққа қоймауыңыз керек.

Дегенмен, тіркемені еңісте тұраққа қоюға тура келсе, төменде келтірілген кеңестерге назар аударыңыз:

1. Автокөлікті тұрақ орнына қойыңыз.
Рульді жиектасқа қарай бұрыңыз (бағыт еңіспен төмен қарай болса — оңға; бағыт өрмен жоғары қарай болса — солға).
2. Селектор иінтірегін «Р» (тұраққа қою, автоматты трансмиссиясы/қос ілінісу механизмі бар автокөлік үшін) қалпына немесе бейтарап қалыпқа (механикалық беріліс қорабы бар автокөлік үшін) орнатыңыз.
3. Тұрақ тежегішін қосып, қозғалтқышты сөндіріңіз.
4. Сырғытпайтын тіреулерді еңіс жақтан тіркеме доңғалақтарының астына қойыңыз.

5. Тежегіш педалін басып тұрып қозғалтқышты оталдырыңыз, берілістерді ауыстыру иінтірегін бейтарап қалыпқа орнатыңыз, автокөлікті тұрақ тежегішінен шығарыңыз да, тіркеме салмағы тіреулерге түскенше тежегіш педалін ақырын жіберіңіз.
6. Тежегіш педалін қайта басып, тұрақ тежегішін іске қосыңыз.
7. Автокөлік өрде тұраққа қойылып тұрғанда берілістерді ауыстыру иінтірегін «Р» (тұраққа қою, автоматты трансмиссиясы/қос ілінісу механизмі бар автокөлік үшін) қалпына келтіріңіз немесе 1-беріліске ауысыңыз, ал еңісте «R» (артқа жүру) берілісіне (механикалық беріліс қорабы бар автокөлік үшін) ауысыңыз.
8. Қозғалтқышты сөндіріп, автокөлік тежегіштерін жіберіңіз, бірақ тұрақ тежегішін қосуды күйінде қалдырыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Ауыр жарақаттар мен өлім ықтималдығын жоққа шығару үшін:

- **Тұрақ тежегіші сенімді орнатылмағанша автокөліктен шықпаңыз. Егер қозғалтқыш қосуды тұрса, автокөлік кенеттен жүріп кетуі мүмкін. Нәтижесінде өзіңізге және басқа адамдарға ауыр немесе өлімге жетелейтін жарақаттар келтіруі мүмкін.**
- **Автокөлікті еңісте ұстап тұру үшін акселератор педалін баспаңыз.**

Автокөлікті өрде тұрғаннан кейін жүргізу

1. Берілістерді ауыстыру иінтірегі «Р» (тұраққа қою, автоматты трансмиссиясы/қос ілінісу механизмі бар автокөлік үшін тұраққа қою) қалпында немесе бейтарап қалыпта (механикалық беріліс қорабы бар автокөлік үшін) тұрғанда, жұмыс тежегішін іске қосып, тежегіш педалін басып тұрып келесі әрекеттерді орындаңыз:
 - Қозғалтқышты оталдырыңыз.
 - Берілісті қосыңыз.
 - Тұрақ тежегішін жіберіңіз.
2. Тежегіш педалінен аяғыңызды ақырын алыңыз.
3. Тіркемені сырғытпайтын қыспақтардан босату үшін баяу ілгері жылжыңыз.
4. Қыспақтарды алып тастау үшін көлік құралын тоқтатыңыз.

Тіркемені сүйреген кездегі техникалық қызмет көрсету

Тіркемені жүйелі түрде сүйреп жүргенде автокөлікке жиірек техникалық қызмет көрсету керек болады. Мотор майының, автоматты беріліс қорабындағы сұйықтықтың, белдіктің майлау материалының және салқындатқыш сұйықтықтың деңгейін жүйелі түрде тексеріп тұру керек. Тежегіштердің жағдайын да жиі тексеріп тұру керек. Тіркемесі бар автокөлікті жүргізбей тұрып мына параметрлерді тексеріп алыңыз. Тіркеме мен ілініс құрылғысын жұмысқа жарамды күйде ұстаңыз. Тіркемеге техникалық қызмет көрсету кестесін сақтап, оның күйін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз. Тексеруді күнде, қозғалысты бастамай тұрып орындаған дұрыс. Ілініс құрылғысын тексеріп, оның автокөлікке сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Электрлік сымдар жүйесін тексеріп, тежегіштің, бұрылыс көрсеткішінің, жүріс жарықтарының және апаттық сигнал беру жүйесінің сигнал шамдарының жұмыс істейтініне көз жеткізіп алу керек.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөліктің зақымдалу ықтималдығын болдырмау үшін мына әрекеттерді орындаңыз.

- Ыстық күндері және өрде тіркемені сүйреу кезінде жүктеменің артуы салдарынан қозғалтқыш қызып кетуі мүмкін. Егер салқындатқыш сұйықтығы температурасының датчигі қызып кетуді көрсетсе, қозғалтқышты салқындату үшін ауа кондиционерін өшіріп, қауіпсіз жерде тоқтаңыз.
- Тіркемені тұрақты сүйретіп жүргенде беріліс қорабындағы сұйықтық деңгейін жиі тексеру керек (Ескертпе: бұл қос іліністі трансмиссиямен жабдықталған автокөліктерге қатысты емес.)
- Егер автокөлік кондиционермен жабдықталмаса, тіркемені сүйреген кездегі қозғалтқыштың өнімділігін жақсарту үшін конденсатор желдеткішін орнатыңыз.

АВТОКӨЛІК САЛМАҒЫ

Жүргізушінің есігінде автокөліктің рұқсат етілген жүктеме салмағы көрсетілген екі тақтайша, шиналар мен жүктеме туралы ақпараты бар тақтайша және сертификациялық тақтайша бар.

Автокөлікті жүктемей тұрып, сертификациялық тақтайшадағы деректер бойынша автокөліктің салмақтық сипаттамаларын түсінуге мүмкіндік беретін келесі терминдермен танысыңыз.

Толық жарақталған автокөліктің өз салмағы.

Бұл толықтай отын құйылған отын бағы мен бүкіл стандартты жабдықты қоса алғандағы автокөліктің салмағы. Жарақталған салмаққа жолаушылардың, жүктің немесе қосымша жабдықтың салмағы кірмейді.

Автокөліктің өз салмағы.

Бұл кейбір қосымша жабдық орнатылған, дилерден алынған жаңа автокөліктің салмағы.

Жүк салмағы

Бұл салмақ, жүк пен қосымша жабдықты қоса алғанда, толығымен жарақталған автокөліктің өз салмағына қосылған барлық салмақтардан тұрады.

Белдікке түсетін толық жүктеме (GAW).

Бұл — автокөліктің өз салмағы мен барлық қосымша жүктемелерді қоса алғанда, әрбір (алдыңғы және артқы) белдікке түсетін толық салмақ.

Белдікке түсетін толық номиналды жүктеме (GAWR).

Бұл — бір ось (алдыңғы және артқы) көтере алатын рұқсат етілген ең жоғарғы салмақ. Бұл параметр сертификациялық тақтайшада көрсетілген. Әрбір оське түсетін толық жүктеме ешқашан GAWR мәндерінен аспауы тиіс.

Автокөліктің толық салмағы (GVW).

Бұл — жүк салмағы мен жолаушылар салмағы ескерілген, толығымен жарақталған автокөліктің өз салмағы.

Автокөліктің номиналды толық салмағы (GVWR).

Бұл — толығымен жүктелген автокөліктің рұқсат етілген ең жоғарғы салмағы (барлық қосымша құралдарды, жабдықты, жолаушылар мен жүкті қоса алғанда). Автокөліктің рұқсат етілген толық салмағы (GVWR) жүргізуші есігінің табалдырығында орналасқан сертификациялық тақтайшада көрсетілген.

Шамадан артық жүк тиеу



АБАЙЛАҢЫЗ

Оське түсетін рұқсат етілген ең жоғарғы жүктеме (GAWR) және автокөліктің рұқсат етілген ең жоғарғы салмағы (GVWR) жүргізушінің (немесе алдыңғы жолаушының) есігіне жапсырылған сертификациялық тақтайшада көрсетілген. Бұл мәндерді шектен асыру апатқа немесе автокөліктің зақымдалуына әкелуі мүмкін. Жүктемені есептеу үшін заттарды (және адамдарды) автокөлікке тиемей тұрып өлшеп алу керек. Абай болыңыз және автокөлікке артық жүк тиемеңіз.

7. Жүргізушіге көмек жүйесі

Көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік жүйесі

Маңдайлық соқтығысудың алдын алу көмекші функциясы (FCA) (камерасы бар).....	7-2
Маңдайлық соқтығысудың алдын алу көмекші функциясы (FCA) (датчиктер жиынтығы)	7-16
Жолақта ұстап тұру жүйесі (LKA).....	7-32
Көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі (BCW)	7-38
Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу жүйесі (BCA).....	7-47
Қауіпсіз шығуды бақылау жүйесі (SEW)	7-60
Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі (DAW).....	7-65
Круиз-контроль (CC)	7-71

Көлікті ыңғайлы жүргізу жүйесі

Интеллектуалды круиз-контроль (SCC)	7-75
Навигациясы бар интеллектуалды круиз-контроль жүйесі (NSCC)	7-91
Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі (LFA)	7-98
Көлікті магистральда жүргізу кезіндегі көмек жүйесі (HDA)	7-102


Қауіпсіз тұраққа қою

Артқы көрініс монитормы (RVM)	7-108
Автокөліктің артында көлденең бағытта қозғалып бара жатқан объектілер туралы ескерту жүйесі (RCCW)	7-112
Автокөліктің артында көлденең бағытта қозғалып бара жатқан объектілермен соқтығысудың алдын алу жүйесі (RCCA)	7-120
Алдыңғы/артқы жүріспен тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесі (PDW)	7-130

Сәйкестік декларациясы	7-136
------------------------------	-------


МАҢДАЙЛЫҚ СОҚТЫҒЫСУДЫҢ АЛДЫН АЛУ КӨМЕКШІ ФУНКЦИЯСЫ (FCA) (КАМЕРАСЫ БАР) (БАР БОЛСА)

Негізгі функциялар



Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі қозғалыс бағытындағы көлік құралдарын анықтауға және бақылауға, жолдың жүріс бөлігіндегі жаяу жүргіншілерді немесе велосипедшілерді анықтауға көмектеседі, сондай-ақ жүргізушіге ескерту хабарламасы мен дыбыстық хабар беру және қажет болса, шұғыл тежеу арқылы ықтимал соқтығысу туралы ескертеді.

Анықтау датчигі



[1]: алдыңғы көрініс камерасы

Анықтау датчигінің нақты орналасқан жерін жоғарыдағы суреттен қараңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Анықтау датчигінің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын сақтау үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Анықтау датчиктерін бөлшектеуге, сондай-ақ оларды соққыға ұшыратуға тыйым салынады.
- Анықтау датчигін ауыстырғаннан немесе жөндегеннен кейін автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес беріледі.
- Алдыңғы әйнекке ешқашан қандай да бір қосалқы керек-жарақтарды немесе жапсырмаларды орналастырмаңыз және оны күңгірттемеңіз.
- Алдыңғы көрініс камерасына судың тимеуін қадағалау маңызды.
- Аспаптар тақтасының үстіне жарық шағылыстыратын заттарды (мысалы, ақ қағаз, айна) қоюға тыйым салынады. Кез келген жарық шағылысуы жүйенің жұмыс істеуіне кері әсер етуі мүмкін.

Функциялардың параметрлері

Функцияларды баптау



Алдағы қауіпсіздік

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, осы функцияны пайдалану қажеттілігіне қарай «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Forward Safety» (Алдағы қауіпсіздік) тармағын қосыңыз немесе өшіріңіз.

- «Active Assist» (Белсенді көмек) тармағы таңдалған болса, соқтығысу қаупінің деңгейіне байланысты функция хабарламаның, дыбыс сигналының көмегімен немесе руль дірілі арқылы жүргізушіге ескертеді. Сонымен бірге соқтығысу қаупі туындаған жағдайда тежеу және рульді басқару кезіндегі көмек функциясы (бар болса) соқтығысудың алдын алуға көмектеседі.
- Егер «Warning Only» (Тек ескерту) тармағы таңдалған болса, соқтығысу қаупінің деңгейіне байланысты функция хабарламаның, дыбыс сигналының көмегімен немесе руль дірілі арқылы жүргізушіге ескертеді. Тежеу және рульді басқару кезіндегі көмек функциясы (бар болса) қолданылмайды.
- «Off» (Өшіру) тармағы таңдалған болса, функция өшеді. Аспаптар тақтасында апаттық сигнал жанады (🚨).

Жүргізуші маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесінің күйін «Settings» (Баптаулар) мәзірінде көре алады. Егер жүйе ҚОСУЛЫ кезде 🚨 ескертуші жарық индикаторы ҚОСУЛЫ болып қалса, жүйені HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес беріледі.

АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалтқышты қайта оталдырған кезде әрдайым маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі («Forward Collision-Avoidance Assist») қосылады. Алайда бұл функцияны қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін өшірген жағдайда аса сақ болып, автокөлікті қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтау қажет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- «Warning only» (Тек ескерту) режимі таңдалған болса, тежеуге көмектесу функциясы жұмыс істемейді.

Ақпарат

Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі (Forward Collision-Avoidance Assist) ESC өшіру түймесін басып, 3 секунд бойы ұстап тұрған кезде өшеді. Аспаптар тақтасында апаттық сигнал жанады (🚨).




OCN7070093L

Ескертудің берілу уақыты

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесінің ескертулер берудің бастапқы жылдамдығын өзгерту үшін «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Warning Timing» (Ескертулер таймері) тармағын таңдаңыз.

Жаңа автокөлікте ескертулер таймеріне «Normal» (Қалыпты) мәні берілген. Ескертулер таймерін өзгерткен кезде өзге жүргізушіге көмек жүйелерінің ескерту уақыты да өзгеруі мүмкін.



Ескертулердің дыбыс қаттылығы

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрған кезде маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі ескертулерінің дыбыс қаттылығын өзгерту үшін «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Warning Volume» (Ескертулердің дыбыс қаттылығы) тармағын таңдаңыз да, келесі мәндердің бірін таңдаңыз: «High» (Жоғары), «Medium» (Орташа) немесе «Low» (Төмен).

Ескертудің дыбыс қаттылығын өзгерткен жағдайда өзге жүргізушіге көмек жүйелері ескертулерінің дыбыс қаттылығы да өзгеруі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Ескерту таймері мен дыбыс қаттылығының баптаулары маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесінің барлық функцияларына қатысты.
- Ескерту таймерінде «Normal» (Қалыпты) мәні таңдалып тұрса да, алда жүріп бара жатқан көлік құралы кенеттен тоқтап қалған жағдайда ескерту кідіріссіз беріле бастауы мүмкін.
- Жолда көліктер аз болса және қозғалыс жылдамдығы төмен болса, ескертулер таймеріне «Late» (Көшірек) мәнін таңдаңыз.



Ақпарат


Қозғалтқышты қайта оталдырған кезде ескерту таймері мен дыбыс қаттылығы үшін соңғы баптаулар қолданылады.

Функцияның жұмысы

Негізгі функциялар


Функцияның ескертуі және басқару

Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесінің негізгі функциясы соқтығысу қауіпінің деңгейіне байланысты жүргізушіге ескерту беру және автокөлікті басқару болып табылады: «Collision warning» (Соқтығысу қаупі), «Emergency braking» (Автоматты тежелу) және «Stopping vehicle and ending brake control» (Автокөлікті тоқтату және тежелуді басқару жүйесін өшіру).



Соқтығысу қаупі!

- Жүргізушіге соқтығысу қаупі туралы ескерту үшін аспаптар тақтасында «Collision warning» (Соқтығысу қаупі) ескерту хабарламасы көрсетіледі және дыбыстық ескерту беріледі.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралы анықталған кезде жүйе автокөлік жылдамдығы 10~180 км/сағ. (6~112 миль/сағ.) шамасын құрайтын болса ғана жұмыс істейді.
- Алда жүріп бара жатқан жаяу жүргінші немесе велосипедші анықталған кезде жүйе автокөлік жылдамдығы 10~85 км/сағ шамасын құрайтын болса ғана жұмыс істейді.
- Егер «Active Assist» (Белсенді көмек) функциясы таңдалған болса, жүйе тежелуді орындауы мүмкін.



Апаттық тежелу

- Жүргізушіге автоматты апаттық тежелу туралы ескерту үшін аспаптар тақтасында «Emergency Braking» (Апаттық тежелу) хабарламасы көрсетіледі және дыбыстық сигнал беріледі.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралы анықталған кезде функция автокөліктің жылдамдығы 10~75 км/сағ. (6~47 миль/сағ.) шамасында болса да жұмыс істейді.
- Алда жүріп бара жатқан жаяу жүргінші немесе велосипедші анықталған кезде функция автокөліктің жылдамдығы 10~65 км/сағ. (6~40 миль/сағ.) құрайтын болса ғана жұмыс істейді.
- Шұғыл тежелуді талап ететін жағдай туындағанда көлік құралымен, жаяу жүргіншімен немесе велосипедшімен соқтығысуды болдырмау үшін функция барынша тежелуді қолданады.



Автокөлікті тоқтату және тежеуді басқару жүйесін өшіру

- Автокөлік шұғыл тежелудің салдарынан тоқтатылған жағдайда аспаптар тақтасында «Drive carefully» (Абайлап жүргізіңіз) ескерту хабарламасы пайда болады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жүргізуші бірден тежегіш педалін басып, айналадағы жағдайды тексеруі тиіс.

- Тежеуді басқару жүйесі автокөлік шұғыл тежелудің салдарынан тоқтағаннан кейін шамамен 2 секунд өткен соң өшеді.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Өз қауіпсіздігіңіз үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойғаннан кейін баптауларды өзгертіңіз.
- Егер «Active Assist» (Белсенді көмек) немесе «Warning Only» (Тек ескерту) тармақтарын таңдап, ESC жүйесін өшіру түймесін 3 секундтан ұзақ басып тұрып ESC жүйесін өшірсе, маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі автоматты түрде өшеді. Бұл жағдайда жүйені «Settings» (Баптаулар) мәзірінен іске қосу мүмкін болмайды және аспаптар тақтасында сигнал шамы жанады, бұл қалыпты жағдай болып табылады. Егер ESC жүйесі ESC жүйесін өшіру түймесінің көмегімен өшірілсе, маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесіне соңғы баптаулар қолданылады.
- Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі барлық жағдайларда бірдей іске қосыла бермейді және барлық соқтығысулардың алдын ала алмайды.
- Жүргізуші автокөлікті жүргізуге жауапты болады. Тек маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесіне ғана сеніп қалмаңыз. Қауіпсіз тежеу арақашықтығын сақтаңыз және қажет болса, қозғалыс жылдамдығын төмендету немесе автокөлікті тоқтату үшін тежегіш педалін басыңыз.
- Ешбір жағдайда маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесінің жұмысын адамдарға, жануарларға, заттарға және т.с.с. сынауға болмайды. Бұл ауыр жарақаттарға немесе өлімге алып келуі мүмкін.
- Жүргізуші соқтығысудың алдын алу үшін тежегіш педалін басып отырса, маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі (Forward Collision-Avoidance Assist) жұмыс істемейді мүмкін.

- Жол жағдайларына және автокөлікті жүргізу мәнеріне байланысты маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі жүргізушіге арналған ескертуді кідіріспен беруі немесе мүлдем бермеуі мүмкін.
- Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде автокөлік кенет тоқтап қалуы мүмкін, бұл жолаушылардың жарақат алуына және бекітілмеген заттардың жылжып кетуіне алып келуі мүмкін. Әрдайым қауіпсіздік белбеуін тағып отырыңыз және заттарды бекітіп қойыңыз.
- Жүйенің қандай да бір ескертуі көрсетіліп тұрса немесе дыбыстық ескерту беріліп тұрса, маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесінің ескертуі көрсетілмеуі, ал дыбыстық ескерту берілмеуі мүмкін.
- Шулы ортада интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің дыбыстық ескертуі естілмеуі мүмкін.
- Жолдағы жағдайларға байланысты маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі (Forward Collision-Avoidance Assist) өшіп қалуы, дұрыс жұмыс істемеуі немесе қажетсіз жерде қосылып кетуі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесімен байланысты қиындықтар туындағанның өзінде автокөліктің негізгі тежеу жүйесі қалыпты түрде жұмыс істейтін болады.
- Шұғыл тежелген жағдайда жүргізуші газ педальін қатты басатын немесе руль дөңгелегін кілт бұратын болса, тежеуді басқару жүйесі автоматты түрде өшеді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Алдыңыздағы автокөліктің, жаяу жүргіншінің және велосипедшінің күйіне, сондай-ақ айналадағы ортаға байланысты маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі жылдамдығының жұмыс диапазоны жылдамдықтың төмендеуі жағына қарай ығысуы мүмкін. Жүйе жүргізушіге ескерту бермеуі немесе іске қосылмауы мүмкін.
- Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі қарсы келе жатқан көлік құралы күйінің, қозғалыс бағытының, жылдамдықтың және айналадағы ортаның негізінде қауіп деңгейін бағалай отырып белгілі жағдайларда іске қосылады.






Ақпарат

Егер соқтығысу қаупі туындаса және жүргізушінің тежелуі жеткіліксіз болса, маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі қосымша тежелуді қосуы мүмкін.


Функцияның ақаулығы және шектеулері

Функцияның ақаулығы





Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі дұрыс жұмыс істемей тұрса, аспаптар тақтасында бірнеше секундқа «Check Forward Safety» (Алдағы қауіпсіздікті тексеріңіз) ескерту хабарламасы көрсетіледі және  және  сигнал шамдары жанады. Жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Функция өшірулі



Егер алдыңғы көрініс камерасы орналасқан алдыңғы әйнектің, алдыңғы радар қақпағының немесе датчиктің бетін қар жауып, жаңбыр суы тиген болса, анықтау сапасы төмендеуі мүмкін. Бұған қоса бұның салдарынан маңдайлық соқтығысудың алдын алу көмекші функциясының (Forward Collision-Avoidance Assist) жұмысы уақытша шектелуі немесе өшуі мүмкін.

Бұл жағдайда алдыңғы аймақты бақылау жүйесі (Forward Safety system) өшеді. Жол нашар көрінгенде бақылау камерасы (Camera obscured) немесе алдыңғы аймақты бақылау жүйесі (Forward Safety system) өшеді. Аспаптар тақтасында «Radar blocked» (Радардың беті жабылған) ескерту хабарламасы пайда болады және  және  апаттық сигналдары жанады.

Қардан, жаңбыр тамшыларынан және кір-балшықтан тазартылғаннан кейін жүйе қалыпты режимде өзінің жұмысын қайта жалғастырады.

Егер кедергі жасап тұрған заттарды алып тастағаннан кейін жүйе тиісінше жұмыс істемесе, оны HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес беріледі.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Аспаптар тақтасында ескерту хабарламасы пайда болмаса да, маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.
- Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бір де бір объект анықталмаған учаскелерде (мысалы, ойлы-қырлы жерлерде) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Функция жұмысының шектеулері

Маңдайлық соқтығысудың алдын алу көмекші функциясы төменде көрсетілген жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі немесе болжауға келмейтіндей жұмыс істеуі мүмкін.

- Анықтау датчигі не оның айналасындағы аймақ ластанған немесе зақымдалған.
- Алдыңғы көрініс камерасы орнатылған жердегі температура тым жоғары немесе тым төмен.
- Камера объективін күңгірттелген, үлдірмен қапталған немесе жабыны бар алдыңғы әйнек, зақымдалған әйнек немесе әйнекке жабысып қалған бөтен зат (жапсырма, жәндік және т.б.) жауып тұр.
- Алдыңғы әйнекте ылғалдың немесе мұздың қалдықтары бар.
- Әйнек жуғыш сұйықтығы тұрақты түрде бұркілуде немесе әйнек тазалағыш қосылып тұр.
- Көлікті нөсер жаңбыр немесе қалың тұман кезінде жүргізу.
- Күннің шақырайған жарығынан алдыңғы көрініс камерасында алдыңғы көрініс нашар көрініп тұр.
- Көше шамдарының жарығы немесе қарсы бағытта келе жатқан автокөліктің жарығы сулы жол бетінде (мысалы, шалшықтардан) шағылысқанда.
- Аспаптар тақтасында қандай да бір зат орналасқанда.

- Автокөлік сүйретілген кезде.
- Айнала тым жарық болғанда.
- Айнала тым қараңғы (мысалы, туннельде және т.б. жерлерде) болғанда.
- Жарық кенет өзгергенде, мысалы, туннельге кіргенде немесе туннельден шыққанда.
- Жарық төмен, ал негізгі фаралар сөндірілген немесе әлсіз жанып тұр.
- Бұдың, түтіннің ішімен немесе көлеңкемен қозғалу.
- Көлік құралы, велосипедші немесе жаяу жүргінші тек жартылай анықталды.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралы автобус, ауыр жүк автокөлігі, стандартты емес пішіні бар жүк тиеген жүк автокөлігі, трейлер және т.с.с. болып табылады.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралының артқы шамдары жоқ, артқы шамдары стандартты емес қалыпта орнатылған және т.с.с.
- Сырттағы жарық төмен, ал артқы шамдар қосылмаған немесе қатты жарық емес.
- Арттағы автокөліктің артқы бөлігінің өлшемі кіші немесе автокөлік әдеттегіден өзгеше көрінеді, мысалы, егер автокөлік еңкейтілген, аударылған немесе бүйірімен бұрылған және т.с.с. болса.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралының жол саңылауы шағын немесе үлкен.
- Көлік құралы, жаяу жүргінші немесе велосипедші алдыңыздан кездейсоқ шыға келгенде.
- Бампердің алдыңғы бұрыштық радар орнатылған жеріне соққы тисе не зақымдалса немесе алдыңғы радар жылжып кетсе.
- Алдыңғы радар орнатылған жердегі температура тым жоғары немесе тым төмен.

- Туннельмен немесе металл көпірмен қозғалу.
- Автокөлік көлік құралдары не құрылыс нысандары сирек кездесетін жазық даламен жүріп бара жатыр (мысалы, шөлмен, көгалды даламен, шет жолмен).
- Автокөлік металл нысандар (мысалы, құрылыс алаңдары, темір жол және т.б.) бар жерлермен қозғалып бара жатыр.
- Автокөлікке жақын жерде алдыңғы радарға қатты жарық шағылыстырып тұрған нысан, мысалы, қоршау, өзге көлік құралы және т.с.с. орналасқан.
- Алдағы велосипедші алдыңғы радардың сигналын шағылыстырмайтын материалдан жасалған велосипедпен жүріп бара жатыр.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралы кеш анықталды.
- Автокөлігіңіз бен алда жүріп бара жатқан көлік құралының арасында кедергі пайда болады.
- Алдағы көлік құралы кенеттен қатарын ауыстырады немесе жылдамдығын төмендетеді.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралы қисық орналасқан.
- Алдағы көлік құралы тез немесе баяу қозғалып бара жатыр.
- Алдағы көлік құралы соқтығысудың алдын алу үшін сіздің автокөлігіңізге қарсы бағытта бұрылғанда.
- Алдыда көлік құралы жүріп бара жатқан кезде автокөлігіңіз қозғалыс жолағын баяу ауыстырғанда.
- Алдағы көлік құралының үстінде қар болғанда.
- Сіз жолақтан шығып кеткенде немесе оған қайтып оралғанда.
- Автокөлікті біркелкі емес жүргізгенде.
- Сіз айналма қозғалысы бар жол қиылысында тұрсыз, ал өзге автокөлік көрінбейді.
- Сіз автокөлікті үздіксіз шеңбер бойымен жүргізіп келе жатырсыз.
- Алдағы көлік құралының пішіні әдеттен тыс.
- Алдағы көлік құралы өрмен немесе еңіспен қозғалып бара жатыр.
- Еңкейіп немесе тік күйде жүріп бара жатпаған жаяу жүргінші немесе велосипедші толық анықталмағанда.
- Жаяу жүргінші немесе велосипедші оның анықталуын қиындататын киім киіп алған.




- Алдыңыздағы жаяу жүргінші немесе велосипедші тым тез жүріп бара жатыр.
- Алдыңыздағы жаяу жүргіншінің немесе велосипедшінің бойы аласа немесе ол еңкейіп жүріп бара жатыр.
- Алдыңыздағы жаяу жүргінші немесе велосипедші арнай құралдарсыз қозғала алмайды.
- Алдыңыздағы жаяу жүргінші немесе велосипедші сіздің қозғалыс бағытыңыздан кесіп өтіп жатыр.
- Алдыда жаяу жүргіншілердің немесе велосипедшілердің үлкен тобы жүріп бара жатыр.
- Жаяу жүргінші, велосипедші немесе мотоциклші фонмен оңай үйлесіп кететін киім киген, бұл камераның анықтау жүйесінің оны тануын қиындатады.
- Жаяу жүргіншіні немесе велосипедші пішіндері ұқсас объектілермен тұтасып кететіндіктен, оларды анықтау қиынға соғады.

- Сіз жаяу жүргіншінің, велосипедшінің, бағдаршамның, ғимараттардың және т.б. жанындағы жол қиылысына жақындап келесіз.
- Тұрақ орнындағы қозғалыс.
- Ақылы жолдармен, құрылыс алаңы арқылы, тас төселмеген жолмен, ішінара тас төселген жолмен, тегіс емес жолмен, жолдағы шұңқырлармен және т.б. қозғалу.
- Өрге қарай немесе өрден төмен, бұралаң жолмен және т.с.с. қозғалу.
- Жиегінде ағаштар өсіп тұрған немесе көше шамдары бар жолмен қозғалу.
- Жағымсыз жол жағдайлары салдарынан қозғалыс кезінде автокөлік қатты дірілдейді.
- Жүксалғышқа көп жүк тиелгендіктен, шиналардағы қысым дұрыс болмағандықтан және т.с.с. автокөліктің биіктігі өзгерген.
- Жан-жағында қалың ағаштар мен шөптер өсіп кеткен тар автожолмен қозғалу.
- Электрмагнитті кедергілер, мысалы, радиотолқындары немесе электр шуылдары қатты аймақта қозғалған кезде.




АБАЙЛАҢЫЗ

- Қысық жолмен қозғалу




Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі сіздің алдыңызда жер бедері датчиктердің тиімді жұмысына кері әсер ететін ирелең жолдағы өзге көлік құралдарын, жаяу жүргіншілерді және велосипедшілерді анықтамауы мүмкін. Бұл ескертусіз автоматты түрде тежелуге алып келуі мүмкін (қажет болса).

Ирелең жолмен қозғалған кезде қауіпсіз тежеу арақашықтығын сақтау және қажет болса, автокөлікті жүргізу және қауіпсіз арақашықтықты ұстау мақсатында қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін тежегіш педалін басу қажет.



©ADAS015



©ADAS017

©ADAS019

Ирелең жолмен жүрген кезде маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі көршілес жолақтағы немесе сіздің жолағыңыздың шегінен тысқары көлік құралын, жаяу жүргіншіні немесе велосипедшіні анықтауы мүмкін.

Егер осындай жағдай орын алса, жүйе жүргізушіге барлық жағдайда бірдей ескерту бере және тежеу жүйесін қолдана алмайды. Автокөлік айналасындағы жол қозғалысы жағдайларын үнемі қадағалап отырыңыз.

- **Еңісте қозғалу.**



©ADAS012



©ADAS010

©ADAS011


Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі сіздің алдыңызда жер бедері датчиктердің тиімді жұмысына кері әсер ететін өрдегі немесе еңістегі өзге көлік құралдарын, жаяу жүргіншілерді және велосипедшілерді анықтамауы мүмкін.

Бұл қажетсіз ескертуге, автоматты түрде тежелуге немесе ескертусіз автоматты түрде тежелуге алып келуі мүмкін (қажет болса).

Бұған қоса алдыңғы жақтан кенеттен көлік құралы, жаяу жүргінші немесе велосипедші анықталатын болса, автокөлік жылдамдығын кілт төмендетуі мүмкін.

Өрде немесе еңісте қозғалған кезде үнемі жолдағы жағдайды қадағалап отыру және қажет болса, қауіпсіз арақашықтықты ұстап отыру мақсатында жылдамдықты төмендету үшін тежегіш педалін пайдалану керек.


- Қозғалыс жолағын ауыстыру.



[A]: сіздің автокөлігіңіз,

[B]: маневр жасап жатқан автокөлік

Көлік құралы көрші жолақтан сіздің жолаққа ауысқанда датчиктің анықтау қашықтығының шеңберіне кірмейінше датчик оны анықтамайды. Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі қозғалыс жолағын кенеттен өзгерткен көлік құралын бірден анықтай алмауы мүмкін. Бұл жағдайда қауіпсіз тежеу арақашықтығын сақтау және қажет болса, автокөлікті жүргізу және қауіпсіз арақашықтықты ұстау мақсатында қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін тежегіш педалін басу керек.




[A]: сіздің автокөлігіңіз,

[B]: маневр жасап жатқан автокөлік,

[C]: сол қатардағы автокөлік

Егер алда жүріп бара жатқан автокөлік жолағын ауыстырып жатса, маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі жолақтың ауыстырылуын бірден анықтай алмауы мүмкін. Бұл жағдайда қауіпсіз тежеу арақашықтығын сақтау және қажет болса, автокөлікті жүргізу және қауіпсіз арақашықтықты ұстау мақсатында қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін тежегіш педалін басу керек.

- Көлік құралын анықтау



Егер алда жүріп бара жатқан автокөліктің артындағы жүгі автокөлік шегінен тыс шығып тұрса немесе автокөліктің жол саңылауы жоғары болса, аса сақ болыңыз. Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі көлік құралының габаритінен шығып тұрған жүкті анықтамауы мүмкін. Бұл жағдайларда ең шеткі объектіге дейін қауіпсіз тежеу арақашықтығын сақтау және қажет болса, автокөлікті жүргізу және қажетті арақашықтықты ұстау мақсатында қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін төжегіш педалін басу қажет.




АБАЙЛАҢЫЗ

- Тіркемені немесе екінші бір автокөлікті сүйреген жағдайда қауіпсіздік мақсатында маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесін өшіріп қойған жөн.
- Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі пішіні немесе сипаттамалары автокөліктерге, жаяу жүргіншілерге және велосипедшілерге ұқсайтын объектілерді анықтаған кезде қосылады.
- Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі велосипедтерді, мотоциклдерді және доңғалақтармен жабдықталған шағын объектілерді, мысалы, шабадандарды, дүкен арбаларын немесе бала отырғызатын арбаларды анықтауға арналмаған.
- Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі күшті электрмагнитті толқындардың әсерінен дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі автокөлікті оталдырғаннан немесе алдыңғы көрініс камерасының инициализациясын орындағаннан кейін алғашқы 15 секунд ішінде жұмыс істемейді.


МАҢДАЙЛЫҚ СОҚТЫҒЫСУДЫҢ АЛДЫН АЛУҒА КӨМЕКТЕСУ ФУНКЦИЯСЫ (FCA) (ДАТЧИКТЕР ЖИЫНТЫҒЫ) (БАР БОЛСА)

Негізгі функциялар




Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі қозғалыс бағытындағы көлік құралдарын анықтауға және бақылауға, жолдың жүріс бөлігіндегі жаяу жүргіншілерді немесе велосипедшілерді анықтауға көмектеседі, сондай-ақ жүргізушіге ескерту хабарламасы мен дыбыстық хабар беру және қажет болса, шұғыл тежеу арқылы ықтимал соқтығысу туралы ескертеді.

Junction Turning функциясы (Жол қиылысында бұрылу) (бар болса)



Junction Turning (Жол қиылысында бұрылу) функциясы бұрылыс сигналы қосылып тұрған көрші жолақта қарсы бағытта келе жатқан көлік құралымен соқтығысудың алдын алу үшін шұғыл тежеу функциясын пайдаланады.

Анықтау датчигі



©CN7060030



©CN7060029

[1]: алдыңғы көрініс камерасы,

[2]: алдыңғы радар

Анықтау датчиктерінің нақты орналасқан жерін жоғарыдағы суреттен қараңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Анықтау датчигінің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын сақтау үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Анықтау датчиктерін бөлшектеуге, сондай-ақ оларды соққыға ұшыратуға тыйым салынады.
- Анықтау датчигін ауыстырғаннан немесе жөндегеннен кейін автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес беріледі.
- Алдыңғы әйнекке ешқашан қандай да бір қосалқы керек-жарақтарды немесе жапсырмаларды орналастырмаңыз және оны күңгірттемеңіз.
- Алдыңғы көрініс камерасына судың тимеуін қадағалау маңызды.
- Аспаптар тақтасының үстіне жарық шағылыстыратын заттарды (мысалы, ақ қағаз, айна) қоюға тыйым салынады. Кез келген жарық шағылысуы жүйенің жұмыс істеуіне кері әсер етуі мүмкін.
- Бамперге алдыңғы радар қақпағының жанына нөмір белгісінің жиектемесін немесе бөтен заттарды, мысалы, жапсырмаларды, үлдірлерді немесе торларды орналастырмаңыз.
- Алдыңғы радарды және оның қақпағын әрдайым таза ұстаңыз және кірлетпеңіз. Автокөлікті жуу үшін тек жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Жоғары қысыммен ағатын суды тікелей датчикке немесе датчиктің қақпағына бағыттамаған жөн.

- Егер радарға немесе ол орналасқан жерге шектен тыс күш түсірілетін болса, аспаптар тақтасында ескерту хабарламасы пайда болмаса да, маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес беріледі.
- Алдыңғы радардың зақымдалған қақпағын жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді ғана қолданыңыз. Алдыңғы радар датчигінің қақпағына бояу жақпаңыз.

Функциялардың параметрлері

Жүйе функцияларын баптау



Алдағы қауіпсіздік

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, осы функцияны пайдалану қажеттілігіне қарай «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Forward Safety» (Алдағы қауіпсіздік) тармағын қосыңыз немесе өшіріңіз.

- «Active Assist» (Белсенді көмек) тармағы таңдалған болса, соқтығысу қаупінің деңгейіне байланысты функция хабарламаның, дыбыс сигналының көмегімен немесе руль дірілі арқылы жүргізушіге ескертеді. Сонымен бірге соқтығысу қаупі туындаған жағдайда тежеу және рульді басқару кезіндегі көмек функциясы (бар болса) соқтығысудың алдын алуға көмектеседі.
- Егер «Warning Only» (Тек ескерту) тармағы таңдалған болса, соқтығысу қаупінің деңгейіне байланысты функция хабарламаның, дыбыс сигналының көмегімен немесе руль дірілі арқылы жүргізушіге ескертеді. Тежеу және рульді басқару кезіндегі көмек функциясы (бар болса) қолданылмайды.
- «Off» (Өшіру) тармағы таңдалған болса, функция өшеді. Аспаптар тақтасында апаттық сигнал жанады (🚨).

Жүргізуші маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесінің күйін «Settings» (Баптаулар) мәзірінде көре алады. Егер жүйе ҚОСУЛЫ кезде 🚨 ескертуші жарық индикаторы ҚОСУЛЫ болып қалса, жүйені HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес беріледі.



АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалтқышты қайта оталдырған кезде әрдайым маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі («Forward Collision-Avoidance Assist») қосылады. Алайда бұл функцияны қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін өшірген жағдайда аса сақ болып, автокөлікті қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтау қажет.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- «Warning Only» (Тек ескерту) таңдалған болса, тежеу және рульді басқару кезіндегі көмек функциясы (бар болса) жұмыс істемейді.
- «Forward Safety» (Алға қозғалу кезіндегі қауіпсіздік) жүйесі параметрлерінің тізімі «Basic function» (Негізгі функция) және «Junction Turning» (Жол қиылысында бұрылу) баптауларын қамтиды.




Ақпарат

Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі (Forward Collision-Avoidance Assist) ESC өшіру түймесін басып, 3 секунд бойы ұстап тұрған кезде өшеді. Аспаптар тақтасында апаттық сигнал жанады (🚨).



Ескертудің берілу уақыты

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесінің ескертулер берудің бастапқы жылдамдығын өзгерту үшін «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Warning Timing» (Ескертулер таймері) тармағын таңдаңыз. Жаңа автокөлікте ескертулер таймеріне «Normal» (Қалыпты) мәні берілген. Ескертулер таймерін өзгерткен кезде өзге жүргізушіге көмек жүйелерінің ескерту уақыты да өзгеруі мүмкін.



Ескертулердің дыбыс қаттылығы

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрған кезде маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі ескертулерінің дыбыс қаттылығын өзгерту үшін «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Warning Volume» (Ескертулердің дыбыс қаттылығы) тармағын таңдаңыз да, келесі мәндердің бірін таңдаңыз: «High» (Жоғары), «Medium» (Орташа) немесе «Low» (Төмен).

Ескертудің дыбыс қаттылығын өзгерткен жағдайда өзге жүргізушіге көмек жүйелері ескертулерінің дыбыс қаттылығы да өзгеруі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

- Ескерту таймері мен дыбыс қаттылығының баптаулары маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесінің барлық функцияларына қатысты.
- Ескерту таймерінде «Normal» (Қалыпты) мәні таңдалып тұрса да, алда жүріп бара жатқан көлік құралы кенеттен тоқтап қалған жағдайда ескерту кідіріссіз беріле бастауы мүмкін.
- Жолда көліктер аз болса және қозғалыс жылдамдығы төмен болса, ескертулер таймеріне «Late» (Кешірек) мәнін таңдаңыз.

Ақпарат


Қозғалтқышты қайта оталдырған кезде ескерту таймері мен дыбыс қаттылығы үшін соңғы баптаулар қолданылады.

Функцияның жұмысы

Негізгі функциялар


Функцияның ескертуі және басқару

Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесінің негізгі функциясы соқтығысу қауіпінің деңгейіне байланысты жүргізушіге ескерту беру және автокөлікті басқару болып табылады: «Collision warning» (Соқтығысу қаупі), «Emergency braking» (Автоматты тежелу) және «Stopping vehicle and ending brake control» (Автокөлікті тоқтату және тежелуді басқару жүйесін өшіру).




Соқтығысу қаупі

- Жүргізушіге соқтығысу қаупі туралы ескерту үшін аспаптар тақтасында «Collision warning» (Соқтығысу қаупі) ескерту хабарламасы көрсетіледі және дыбыстық ескерту беріледі.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралы анықталған кезде жүйе автокөлік жылдамдығы 10~180 км/сағ. (6~112 миль/сағ.) шамасын құрайтын болса ғана жұмыс істейді.
- Алда жүріп бара жатқан жаяу жүргінші немесе велосипедші анықталған кезде жүйе автокөлік жылдамдығы 10~85 км/сағ шамасын құрайтын болса ғана жұмыс істейді.
- Егер «Active Assist» (Белсенді көмек) функциясы таңдалған болса, жүйе тежелуді орындауы мүмкін.



Апаттық тежелу

- Жүргізушіге автоматты апаттық тежелу туралы ескерту үшін аспаптар тақтасында «Emergency Braking» (Апаттық тежелу) хабарламасы көрсетіледі және дыбыстық сигнал беріледі.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралы анықталған кезде функция автокөліктің жылдамдығы 10–75 км/сағ. (6–47 миль/сағ.) шамасында болса да жұмыс істейді.
- Алда жүріп бара жатқан жаяу жүргінші немесе велосипедші анықталған кезде функция автокөліктің жылдамдығы 10–65 км/сағ. (6–40 миль/сағ.) құрайтын болса ғана жұмыс істейді.
- Шұғыл тежелуді талап ететін жағдай туындағанда көлік құралымен, жаяу жүргіншімен немесе велосипедшімен соқтығысуды болдырмау үшін функция барынша тежелуді қолданады.



Автокөлікті тоқтату және тежеуді басқару жүйесін өшіру

- Автокөлік шұғыл тежелудің салдарынан тоқтатылған жағдайда аспаптар тақтасында «Drive carefully» (Абайлап жүргізіңіз) ескерту хабарламасы пайда болады.
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жүргізуші бірден тежегіш педалін басып, айналадағы жағдайды тексеруі тиіс.
- Тежеуді басқару жүйесі автокөлік шұғыл тежелудің салдарынан тоқтағаннан кейін шамамен 2 секунд өткен соң өшеді.

Junction Turning функциясы (Жол қиылысында бұрылу) (бар болса)

Ескерту және басқару жүйесі

«Junction Crossing» (Жол қиылысында бұрылу) функциясы соқтығысу қаупінің деңгейін байланысты ескертулер береді және автокөлікті басқарады: «Collision warning» (Соқтығысу қаупі), «Emergency braking» (Апатты тежелу) және «Stopping vehicle and ending brake control» (Автокөлікті тоқтату және тежелуді басқару жүйесін өшіру).



Соқтығысу қаупі!

- Жүргізушіге соқтығысу қаупі туралы ескерту үшін аспаптар тақтасында «Collision warning» (Соқтығысу қаупі) ескерту хабарламасы көрсетіледі және дыбыстық ескерту беріледі.
- Жүйе автокөлігіңіздің жылдамдығы 10~30 км/сағ., ал қарсы келе жатқан көлік құралының жылдамдығы 30~70 км/сағ. шамасын құраған жағдайда жұмыс істейді.
- Егер «Active Assist» (Белсенді көмек) функциясы таңдалған болса, жүйе тежелуді орындауы мүмкін.




Апаттық тежелу

- Жүргізушіге автоматты апаттық тежелу туралы ескерту үшін аспаптар тақтасында «Emergency Braking» (Апаттық тежелу) хабарламасы көрсетіледі және дыбыстық сигнал беріледі.
- Жүйе автокөлігіңіздің жылдамдығы 10~30 км/сағ., ал қарсы келе жатқан көлік құралының жылдамдығы 30~70 км/сағ. шамасын құраған жағдайда жұмыс істейді.
- Шұғыл тежелуді талап ететін жағдай туындағанда қарсы келе жатқан көлік құралымен соқтығысуды болдырмау үшін жүйе барынша тежелуді қолданады.

Ақпарат

Жүргізуші орындығы сол жақта орналасқан болса, «Junction Turning» (Жол қиылысында бұрылу) функциясы жүргізуші солға бұрылған кезде ғана жұмыс істейді. Жүргізуші орындығы оң жақта орналасқан болса, функция жүргізуші оңға бұрылған кезде ғана жұмыс істейді.




Автокөлікті тоқтату және тежеуді басқару жүйесін өшіру

- Автокөлік шұғыл тежелудің салдарынан тоқтатылған жағдайда аспаптар тақтасында «Drive carefully» (Абайлап жүргізіңіз) ескерту хабарламасы пайда болады.
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жүргізуші бірден тежегіш педалін басып, айналадағы жағдайды тексеруі тиіс.
- Тежеуді басқару жүйесі автокөлік шұғыл тежелудің салдарынан тоқтағаннан кейін шамамен 2 секунд өткен соң өшеді.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Өз қауіпсіздігіңіз үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойғаннан кейін баптауларды өзгертіңіз.
- Егер «Active Assist» (Белсенді көмек) немесе «Warning Only» (Тек ескерту) тармақтарын таңдап, ESC жүйесін өшіру түймесін 3 секундтан ұзақ басып тұрып ESC жүйесін өшірсе, маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі автоматты түрде өшеді. Бұл жағдайда жүйені «Settings» (Баптаулар) мәзірінен іске қосу мүмкін болмайды және аспаптар тақтасында  сигнал шамы жанады, бұл қалыпты жағдай болып табылады. Егер ESC жүйесі ESC жүйесін өшіру түймесінің көмегімен өшірілсе, маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесіне соңғы баптаулар қолданылады.
- Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі барлық жағдайларда бірдей іске қосыла бермейді және барлық соқтығысулардың алдын ала алмайды.
- Жүргізуші автокөлікті жүргізуге жауапты болады. Тек маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесіне ғана сеніп қалмаңыз. Қауіпсіз тежеу арақашықтығын сақтаңыз және қажет болса, қозғалыс жылдамдығын төмендету немесе автокөлікті тоқтату үшін тежегіш педалін басыңыз.
- Ешбір жағдайда маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесінің жұмысын адамдарға, жануарларға, заттарға және т.с.с. сынауға болмайды. Бұл ауыр жарақаттарға немесе өлімге алып келуі мүмкін.
- Жүргізуші соқтығысудың алдын алу үшін тежегіш педалін басып отырса, маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі (Forward Collision-Avoidance Assist) жұмыс істемейді мүмкін.

- Жол жағдайларына және автокөлікті жүргізу мәнеріне байланысты маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі жүргізушіге арналған ескертуді кідіріспен беруі немесе мүлдем бермеуі мүмкін.
- Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде автокөлік кенет тоқтап қалуы мүмкін, бұл жолаушылардың жарақат алуына және бекітілмеген заттардың жылжып кетуіне алып келуі мүмкін. Әрдайым қауіпсіздік белбеуін тағып отырыңыз және заттарды бекітіп қойыңыз.
- Жүйенің қандай да бір ескертуі көрсетіліп тұрса немесе дыбыстық ескерту беріліп тұрса, маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесінің ескертуі көрсетілмеуі, ал дыбыстық ескерту берілмеуі мүмкін.
- Шулы ортада интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің дыбыстық ескертуі естілмеуі мүмкін.
- Жолдағы жағдайларға байланысты маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі (Forward Collision-Avoidance Assist) өшіп қалуы, дұрыс жұмыс істемеуі немесе қажетсіз жерде қосылып кетуі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесімен байланысты қиындықтар туындағанның өзінде автокөліктің негізгі тежеу жүйесі қалыпты түрде жұмыс істейтін болады.
- Шұғыл тежелген жағдайда жүргізуші газ педальін қатты басатын немесе руль дөңгелегін кілт бұратын болса, тежеуді басқару жүйесі автоматты түрде өшеді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Алдыңыздағы автокөліктің, жаяу жүргіншінің және велосипедшінің күйіне, сондай-ақ айналадағы ортаға байланысты маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі жылдамдығының жұмыс диапазоны жылдамдықтың төмендеуі жағына қарай ығысуы мүмкін. Жүйе жүргізушіге ескерту бермеуі немесе іске қосылмауы мүмкін.
- Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі қарсы келе жатқан көлік құралы күйінің, қозғалыс бағытының, жылдамдықтың және айналадағы ортаның негізінде қауіп деңгейін бағалай отырып белгілі жағдайларда іске қосылады.






Ақпарат

Егер соқтығысу қаупі туындаса және жүргізушінің тежелуі жеткіліксіз болса, маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі қосымша тежелуді қосуы мүмкін.


Функцияның ақаулығы және шектеулері

Функцияның ақаулығы





Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі дұрыс жұмыс істемей тұрса, аспаптар тақтасында бірнеше секундқа «Check Forward Safety» (Алдағы қауіпсіздікті тексеріңіз) ескерту хабарламасы көрсетіледі және  және  сигнал шамдары жанады. Жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Функция өшірулі



Егер алдыңғы көрініс камерасы орналасқан алдыңғы әйнектің, алдыңғы радар қақпағының немесе датчиктің бетін қар жауып, жаңбыр суы тиген болса, анықтау сапасы төмендеуі мүмкін. Бұған қоса бұның салдарынан маңдайлық соқтығысудың алдын алу көмекші функциясының (Forward Collision-Avoidance Assist) жұмысы уақытша шектелуі немесе өшуі мүмкін.

Бұл жағдайда алдыңғы аймақты бақылау жүйесі (Forward Safety system) өшеді. Жол нашар көрінгенде бақылау камерасы (Camera obscured) немесе алдыңғы аймақты бақылау жүйесі (Forward Safety system) өшеді. Аспаптар тақтасында «Radar blocked» (Радардың беті жабылған) ескерту хабарламасы пайда болады және  және  апаттық сигналдары жанады.

Қардан, жаңбыр тамшыларынан және кір-балшықтан тазартылғаннан кейін жүйе қалыпты режимде өзінің жұмысын қайта жалғастырады.

Егер кедергі жасап тұрған заттарды алып тастағаннан кейін жүйе тиісінше жұмыс істемесе, оны HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес беріледі.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Аспаптар тақтасында ескерту хабарламасы пайда болмаса да, маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.
- Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бір де бір объект анықталмаған учаскелерде (мысалы, ойлы-қырлы жерлерде) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Функция жұмысының шектеулері

Маңдайлық соқтығысудың алдын алу көмекші функциясы төменде көрсетілген жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі немесе болжауға келмейтіндей жұмыс істеуі мүмкін.

- Анықтау датчигі не оның айналасындағы аймақ ластанған немесе зақымдалған.
- Алдыңғы көрініс камерасы орнатылған жердегі температура тым жоғары немесе тым төмен.
- Камера объективін күңгірттелген, үлдірмен қапталған немесе жабыны бар алдыңғы әйнек, зақымдалған әйнек немесе әйнекке жабысып қалған бөтен зат (жапсырма, жәндік және т.б.) жауып тұр.
- Алдыңғы әйнекте ылғалдың немесе мұздың қалдықтары бар.
- Әйнек жуғыш сұйықтығы тұрақты түрде бұркілуде немесе әйнек тазалағыш қосылып тұр.
- Көлікті нөсер жаңбыр немесе қалың тұман кезінде жүргізу.
- Күннің шақырайған жарығынан алдыңғы көрініс камерасында алдыңғы көрініс нашар көрініп тұр.
- Көше шамдарының жарығы немесе қарсы бағытта келе жатқан автокөліктің жарығы сулы жол бетінде (мысалы, шалшықтардан) шағылысқанда.
- Аспаптар тақтасында қандай да бір зат орналасқанда.

- Автокөлік сүйретілген кезде.
- Айнала тым жарық болғанда.
- Айнала тым қараңғы (мысалы, туннельде және т.б. жерлерде) болғанда.
- Жарық кенет өзгергенде, мысалы, туннельге кіргенде немесе туннельден шыққанда.
- Жарық төмен, ал негізгі фаралар сөндірілген немесе әлсіз жанып тұр.
- Бұдың, түтіннің ішімен немесе көлеңкемен қозғалу.
- Көлік құралы, велосипедші немесе жаяу жүргінші тек жартылай анықталды.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралы автобус, ауыр жүк автокөлігі, стандартты емес пішіні бар жүк тиеген жүк автокөлігі, трейлер және т.с.с. болып табылады.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралының артқы шамдары жоқ, артқы шамдары стандартты емес қалыпта орнатылған және т.с.с.
- Сырттағы жарық төмен, ал артқы шамдар қосылмаған немесе қатты жарық емес.
- Арттағы автокөліктің артқы бөлігінің өлшемі кіші немесе автокөлік әдеттегіден өзгеше көрінеді, мысалы, егер автокөлік еңкейтілген, аударылған немесе бүйірімен бұрылған және т.с.с. болса.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралының жол саңылауы шағын немесе үлкен.
- Көлік құралы, жаяу жүргінші немесе велосипедші алдыңыздан кездейсоқ шыға келгенде.
- Бампердің алдыңғы бұрыштық радар орнатылған жеріне соққы тисе не зақымдалса немесе алдыңғы радар жылжып кетсе.
- Алдыңғы радар орнатылған жердегі температура тым жоғары немесе тым төмен.

- Туннельмен немесе металл көпірмен қозғалу.
- Автокөлік көлік құралдары не құрылыс нысандары сирек кездесетін жазық даламен жүріп бара жатыр (мысалы, шөлмен, көгалды даламен, шет жолмен).
- Автокөлік металл нысандар (мысалы, құрылыс алаңдары, темір жол және т.б.) бар жерлермен қозғалып бара жатыр.
- Автокөлікке жақын жерде алдыңғы радарға қатты жарық шағылыстырып тұрған нысан, мысалы, қоршау, өзге көлік құралы және т.с.с. орналасқан.
- Алдағы велосипедші алдыңғы радардың сигналын шағылыстырмайтын материалдан жасалған велосипедпен жүріп бара жатыр.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралы кеш анықталды.
- Автокөлігіңіз бен алда жүріп бара жатқан көлік құралының арасында кедергі пайда болады.
- Алдағы көлік құралы кенеттен қатарын ауыстырады немесе жылдамдығын төмендетеді.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралы қисық орналасқан.
- Алдағы көлік құралы тез немесе баяу қозғалып бара жатыр.
- Алдағы көлік құралы соқтығысудың алдын алу үшін сіздің автокөлігіңізге қарсы бағытта бұрылғанда.
- Алдыда көлік құралы жүріп бара жатқан кезде автокөлігіңіз қозғалыс жолағын баяу ауыстырғанда.
- Алдағы көлік құралының үстінде қар болғанда.
- Сіз жолақтан шығып кеткенде немесе оған қайтып оралғанда.
- Автокөлікті біркелкі емес жүргізгенде.
- Сіз айналма қозғалысы бар жол қиылысында тұрсыз, ал өзге автокөлік көрінбейді.
- Сіз автокөлікті үздіксіз шеңбер бойымен жүргізіп келе жатырсыз.
- Алдағы көлік құралының пішіні әдеттен тыс.
- Алдағы көлік құралы өрмен немесе еңіспен қозғалып бара жатыр.
- Еңкейіп немесе тік күйде жүріп бара жатпаған жаяу жүргінші немесе велосипедші толық анықталмағанда.
- Жаяу жүргінші немесе велосипедші оның анықталуын қиындататын киім киіп алған.




- Алдыңыздағы жаяу жүргінші немесе велосипедші тым тез жүріп бара жатыр.
- Алдыңыздағы жаяу жүргіншінің немесе велосипедшінің бойы аласа немесе ол еңкейіп жүріп бара жатыр.
- Алдыңыздағы жаяу жүргінші немесе велосипедші арнай құралдарсыз қозғала алмайды.
- Алдыңыздағы жаяу жүргінші немесе велосипедші сіздің қозғалыс бағытыңыздан кесіп өтіп жатыр.
- Алдыда жаяу жүргіншілердің немесе велосипедшілердің үлкен тобы жүріп бара жатыр.
- Жаяу жүргінші, велосипедші немесе мотоциклші фонмен оңай үйлесіп кететін киім киген, бұл камераның анықтау жүйесінің оны тануын қиындатады.
- Жаяу жүргіншіні немесе велосипедші пішіндері ұқсас объектілермен тұтасып кететіндіктен, оларды анықтау қиынға соғады.

- Сіз жаяу жүргіншінің, велосипедшінің, бағдаршамның, ғимараттардың және т.б. жанындағы жол қиылысына жақындап келесіз.
- Тұрақ орнындағы қозғалыс.
- Ақылы жолдармен, құрылыс алаңы арқылы, тас төселмеген жолмен, ішінара тас төселген жолмен, тегіс емес жолмен, жолдағы шұңқырлармен және т.б. қозғалу.
- Өрге қарай немесе өрден төмен, бұралаң жолмен және т.с.с. қозғалу.
- Жиегінде ағаштар өсіп тұрған немесе көше шамдары бар жолмен қозғалу.
- Жағымсыз жол жағдайлары салдарынан қозғалыс кезінде автокөлік қатты дірілдейді.
- Жүксалғышқа көп жүк тиелгендіктен, шиналардағы қысым дұрыс болмағандықтан және т.с.с. автокөліктің биіктігі өзгерген.
- Жан-жағында қалың ағаштар мен шөптер өсіп кеткен тар автожолмен қозғалу.
- Электрмагнитті кедергілер, мысалы, радиотолқындары немесе электр шуылдары қатты аймақта қозғалған кезде.




АБАЙЛАҢЫЗ

- Қысық жолмен қозғалу




Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі сіздің алдыңызда жер бедері датчиктердің тиімді жұмысына кері әсер ететін ирелең жолдағы өзге көлік құралдарын, жаяу жүргіншілерді және велосипедшілерді анықтамауы мүмкін. Бұл ескертусіз автоматты түрде тежелуге алып келуі мүмкін (қажет болса).

Ирелең жолмен қозғалған кезде қауіпсіз тежеу арақашықтығын сақтау және қажет болса, автокөлікті жүргізу және қауіпсіз арақашықтықты ұстау мақсатында қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін тежегіш педалін басу қажет.



©ADAS015




©ADAS017

©ADAS019

Ирелең жолмен жүрген кезде маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі көршілес жолақтағы немесе сіздің жолағыңыздың шегінен тысқары көлік құралын, жаяу жүргіншіні немесе велосипедшіні анықтауы мүмкін.

Егер осындай жағдай орын алса, жүйе жүргізушіге барлық жағдайда бірдей ескерту бере және тежеу жүйесін қолдана алмайды. Автокөлік айналасындағы жол қозғалысы жағдайларын үнемі қадағалап отырыңыз.

- **Еңісте қозғалу.**



©ADAS012



©ADAS010

©ADAS011


Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі сіздің алдыңызда жер бедері датчиктердің тиімді жұмысына кері әсер ететін өрдегі немесе еңістегі өзге көлік құралдарын, жаяу жүргіншілерді және велосипедшілерді анықтамауы мүмкін.

Бұл қажетсіз ескертуге, автоматты түрде тежелуге немесе ескертусіз автоматты түрде тежелуге алып келуі мүмкін (қажет болса).

Бұған қоса алдыңғы жақтан кенеттен көлік құралы, жаяу жүргінші немесе велосипедші анықталатын болса, автокөлік жылдамдығын кілт төмендетуі мүмкін.

Өрде немесе еңісте қозғалған кезде үнемі жолдағы жағдайды қадағалап отыру және қажет болса, қауіпсіз арақашықтықты ұстап отыру мақсатында жылдамдықты төмендету үшін тежегіш педалін пайдалану керек.


- Қозғалыс жолағын ауыстыру.



[A]: сіздің автокөлігіңіз,

[B]: маневр жасап жатқан автокөлік

Көлік құралы көрші жолақтан сіздің жолаққа ауысқанда датчиктің анықтау қашықтығының шеңберіне кірмейінше датчик оны анықтамайды. Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі қозғалыс жолағын кенеттен өзгерткен көлік құралын бірден анықтай алмауы мүмкін. Бұл жағдайда қауіпсіз тежеу арақашықтығын сақтау және қажет болса, автокөлікті жүргізу және қауіпсіз арақашықтықты ұстау мақсатында қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін тежегіш педалін басу керек.




[A]: сіздің автокөлігіңіз,

[B]: маневр жасап жатқан автокөлік,

[C]: сол қатардағы автокөлік

Егер алда жүріп бара жатқан автокөлік жолағын ауыстырып жатса, маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі жолақтың ауыстырылуын бірден анықтай алмауы мүмкін. Бұл жағдайда қауіпсіз тежеу арақашықтығын сақтау және қажет болса, автокөлікті жүргізу және қауіпсіз арақашықтықты ұстау мақсатында қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін тежегіш педалін басу керек.

- Көлік құралын анықтау



Егер алда жүріп бара жатқан автокөліктің артындағы жүгі автокөлік шегінен тыс шығып тұрса немесе автокөліктің жол саңылауы жоғары болса, аса сақ болыңыз. Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі көлік құралының габаритінен шығып тұрған жүкті анықтамауы мүмкін. Бұл жағдайларда ең шеткі объектіге дейін қауіпсіз тежеу арақашықтығын сақтау және қажет болса, автокөлікті жүргізу және қажетті арақашықтықты ұстау мақсатында қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін төжегіш педалін басу қажет.




АБАЙЛАҢЫЗ

- Тіркемені немесе екінші бір автокөлікті сүйреген жағдайда қауіпсіздік мақсатында маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесін өшіріп қойған жөн.
- Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі пішіні немесе сипаттамалары автокөліктерге, жаяу жүргіншілерге және велосипедшілерге ұқсайтын объектілерді анықтаған кезде қосылады.
- Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі велосипедтерді, мотоциклдерді және доңғалақтармен жабдықталған шағын объектілерді, мысалы, шабадандарды, дүкен арбаларын немесе бала отырғызатын арбаларды анықтауға арналмаған.
- Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі күшті электрмагнитті толқындардың әсерінен дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Маңдайлық соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі автокөлікті оталдырғаннан немесе алдыңғы көрініс камерасының инициализациясын орындағаннан кейін алғашқы 15 секунд ішінде жұмыс істемейді.

ЖОЛАҚТЫ ҰСТАП ТҰРУ ЖҮЙЕСІ (LKA) (БАР БОЛСА)

Қозғалыс жолағында ұстап тұру көмекші жүйесі белгілі бір жылдамдықты асырып қозғалғанда жолдағы белгілеу сызықтарын (немесе жолдың жиегін) анықтауды қамтамасыз етеді. Жүйе автокөлік бұрылыс сигналын қоспай жолақты ауыстырып жатса ескерту береді немесе жолақтан шығып кетуді болдырмау үшін автоматты түрде автокөлікті жүргізуге көмектеседі.

Анықтау датчигі



[1]: алдыңғы көрініс камерасы

Алдыңғы көрініс камерасы жолдағы белгілеу сызықтарын (немесе жолдың жиегін) анықтауға арналған анықтау датчигі ретінде қолданылады.

Анықтау датчигінің нақты орналасқан жерін жоғарыдағы суреттен қараңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Алдыңғы көрініс камерасына қатысты сақтық шаралары туралы толық ақпарат 7-тараудың «Маңдайлық соқтығысу туралы ескерту көмекші жүйесі (FCA)» бөлімінде берілген.


Функциялардың параметрлері

Функцияларды баптау



Жолақпен қозғалу қауіпсіздігі

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, функцияны пайдалану қажеттілігіне қарай «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Lane Safety» (Жолақпен қозғалу қауіпсіздігі) тармағын қосыңыз немесе өшіріңіз.


- Егер «Lane Keeping Assist» (Жолақты ұстап тұру жүйесі) тармағы таңдалған болса, жолақтан ауытқуды анықтаған сәтте функция автокөлік қозғалыс жолағынан шығып кетпеуі үшін автоматты түрде рульді түзейді.
- Егер «Lane Departure Warning» (Жолақтан шығып кету туралы ескерту) тармағы таңдалған болса, қозғалыс жолағынан шығу анықталған сәтте функция дыбыс сигналымен және руль дірілімен жүргізуші ескерту жасайды. Жүргізуші автокөлікті рульді қолданып жүргізуі тиіс.
- «Off» (Өшіру) тармағы таңдалған болса, функция өшеді. Аспаптар тақтасында  жарық индикаторы сөнеді.

АБАЙЛАҢЫЗ


- Егер «Lane Departure Warning» (Жолақтан шығып кету туралы ескерту) тармағы таңдалған болса, жүйе рульді басқаруды бақыламайды.
- Автокөлік жолақтың ортасымен қозғалып келе жатқан кезде жолақты ұстап тұру жүйесі рульді басқармайды.
- «Off» (Өшіру) тармағы таңдалған болса, жүргізуші сақ болып, автокөлікті қауіпсіз басқару ережелерін сақтауы тиіс.

Функцияны қосу және өшіру.



«ENGINE START/STOP» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін «ON» (Қосу) қалпына ауыстырып, «Lane Safety» (Жолақпен қозғалу қауіпсіздігі) түймесін басқаннан кейін, функция қосылады, ал аспаптар тақтасында ақ түсті  индикаторы жанады.

Егер «Lane Keeping Assist» (Жолақты ұстап тұру жүйесі) функциясы қосылып тұрғанда «Lane Safety» (Жолақпен қозғалу қауіпсіздігі) түймесін бассаңыз, бұл функция өшеді.


Егер «ENGINE START/STOP» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін «OFF» (Өшіру) қалпынан «ON» (Қосу) қалпына ауыстырсаңыз, функция қосылады, ал аспаптар тақтасында ақ түсті  индикаторы жанады.

Егер «Lane Keeping Assist» (Жолақты ұстап тұру жүйесі) функциясы қосылып тұрғанда «Lane Safety» (Жолақпен қозғалу қауіпсіздігі) түймесін бассаңыз, бұл функция өшеді.


Ақпарат

- Қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін жолақты ұстап тұру жүйесінде соңғы баптаулар қолданылады.
- Жолақты ұстап тұру жүйесін «Lane Safety» (Жолақпен қозғалу қауіпсіздігі) түймесінің көмегімен өшіргеннен кейін бұл жүйенің баптаулары әдепкі қалпына қайтарылады.

Ақпарат

Қозғалтқыш оталып тұрса, қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұруға көмектесу функциясы қосылады. Аспаптар тақтасында ақ түсті  жарық индикаторы жанады.

Жүйені өшіру үшін «Lane Driving Assist» (Жолақты автоматты түрде ұстап тұру) түймесін басып ұстап тұрыңыз.



Ескертулердің дыбыс қаттылығы


Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесін «ON» (Қосу) қалпында тұрған кезде жолақты ұстап тұру жүйесі ескертулерінің дыбыс қаттылығын өзгерту үшін «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Warning Volume» (Ескертулердің дыбыс қаттылығы) тармағын таңдаңыз да, келесі мәндердің бірін таңдаңыз: «High» (Жоғары), «Medium» (Орташа) немесе «Low» (Төмен).

Ескертудің дыбыс қаттылығын өзгерткен жағдайда өзге жүргізушіге көмек жүйелері ескертулерінің дыбыс қаттылығы да өзгеруі мүмкін.


Функцияның жұмысы

Функцияның ескертуі және басқару


Жолақты ұстап тұру жүйесі қозғалыс жолағының шегінен шығып кету туралы ескерту қосалқы жүйесі мен автокөлікті жолақ шегінде жүргізу қосалқы жүйесін қамтиды.




Қозғалыс жолағының шегінен шығып кету туралы ескерту

- Жүргізушіге автокөліктің қозғалыс бағытындағы проекцияланатын жолақтың шегінен шығып кетуі туралы ескерту үшін аспаптар тақтасында жасыл түсті  индикаторы жыпылықтай бастайды, автокөлік ығысып бара жатқан бағыттағы жолдағы белгілеу сызықтарының кескіні жыпылықтайды және дыбыстық ескерту беріледі.
- Жүйе автокөлігіңіз 60~200 км/сағ. шамасындағы жылдамдықпен қозғалып келе жатқан жағдайда жұмыс істейді.

Жолақты ұстап тұру жүйесі

- Жүргізушіге автокөліктің қозғалыс бағытындағы проекцияланатын жолақтың шегінен шығып кетуі туралы ескерту үшін аспаптар тақтасында жасыл түсті  индикаторы жыпылықтай бастайды және автокөлікті жолақта ұстап тұру үшін рульді басқару жүйесіне түзетулер енгізіледі.
- Функция автокөлігіңіз 60~200 км/сағ. (40~120 миль/сағ.) шамасындағы жылдамдықпен қозғалып келе жатқан жағдайда жұмыс істейді.



Рульдің жіберілгені туралы ескерту

Жүргізуші бірнеше секундқа қолдарын рульден алатын болса, тақтада «Place hands on steering wheel» (Қолдарыңызды рульге қойыңыз) (немесе «Keep hands on the steering wheel» (Рульді жібермеңіз) ескерту хабарламасы пайда болады және бірнеше дыбыс сигналы беріледі.




АБАЙЛАҢЫЗ

- Егер жүргізуші рульді өте қатты ұстап отырса немесе оның қалпы белгілі бір деңгейден шығып тұрса, рульді басқаруға көмектесу жүйесі жұмыс істемеуі мүмкін.
- Жолақты ұстап тұру жүйесі барлық уақытта бірдей жұмыс істей бермейді. Автокөлікті қауіпсіз жүргізу және автокөлікті қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұру жауапкершілігі жүргізушіге жүктеледі.
- Жолдағы жағдайларға байланысты қолдардың рульден алынғаны туралы ескерту кешіктіріліп берілуі мүмкін. Қозғалыс кезінде рульді үнемі қолдарыңызбен ұстап отырыңыз.
- Қолдардың рульден алынғаны туралы ескерту жүргізуші рульді мықтап ұстап отырмаса да көрсетілуі мүмкін, себебі жүйе жүргізушінің рульді ұстап отырғанын анықтай алмауы мүмкін.
- Рульге әр түрлі заттар бекітілген жағдайда рульдің жіберілгені туралы ескертулер тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін.



Ақпарат

- Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінде функцияларды баптау туралы толық ақпарат 4-тараудың «Автокөлік баптаулары» бөлімінде берілген.
- Жолдағы белгілеу сызықтары (немесе жолдың жиектері) анықталған жағдайда аспаптар тақтасындағы жолдағы белгілеу сызықтарының кескіні сұр түстен ақ түске өзгереді және жасыл түсті  индикаторы жанады.

■ Жолдағы белгілеу сызығы анықталмады

• A типі



OCN7060034

• B типі



OCN7060035

■ Жолдағы белгілеу сызығы анықталды

• A типі



OCN7060039

• B типі





OCN7060037

- Жолақты ұстап тұру жүйесі рульді басқаруға көмектесе де, жүргізуші рульді басқара алады.
- Рульді басқаруға жолақты ұстап тұру жүйесі тарапынан қолдау көрсетіліп жатқан кезде руль әдеттегіден жоғары немесе төмен күш салып бұрылады.

Функцияның ақаулығы және шектеулері

Функцияның ақаулығы



Егер жолақты ұстап тұру жүйесі тиісінше жұмыс істемесе, «Check Lane Keeping Assist (LKA) system» (Жолақты ұстап тұру жүйесін (LKA) тексеріңіз) немесе «Check LKA (Lane Keeping Assist) system» (LKA (Жолақты ұстап тұру жүйесі) жүйесін тексеріңіз) ескертуі пайда болады және аспаптар тақтасында сары түсті  индикаторы жанады. Мұндай жағдайда жүйені HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі.

АБАЙЛАҢЫЗ

Жолақты ұстап тұру жүйесін пайдаланған кезде төменде көрсетілген сақтық шаралары қолданылуы тиіс.

- Жүргізуші автокөлікті қауіпсіз жүргізуге және басқаруға жауапты. Тек жүйенің жұмысына ғана сеніп қалмаңыз және автокөлікті агрессия танытып жүргізбеңіз.
- Жолақты ұстап тұру жүйесі кейбір жол немесе қоршаған орта жағдайларына байланысты өшуі немесе дұрыс істемеуі мүмкін. Рульде отырғанда әрдайым сақ болыңыз.
- Жолақтар дұрыс анықталмаса, «Жүйе шектеулері» бөлімін қараңыз.
- Тіркемені немесе екінші бір автокөлікті сүйреген жағдайда қауіпсіздік мақсатында жолақты ұстап тұру жүйесін өшіріп қойған жөн.
- Автокөлік жоғары жылдамдықпен жүріп келе жатса, рульді басқару қосалқы жүйесі өшеді. Жүйені пайдаланғанда жүргізуші әрдайым белгіленген жылдамдық шектеулерін сақтауы тиіс.
- Егер жүйенің қандай да бір ескертуі көрсетілсе немесе дыбыстық ескерту берілсе, жолақты ұстап тұру жүйесінің ескертуі көрсетілмеуі, ал дыбыстық ескерту берілмеуі мүмкін.
- Шулы ортада жолақты ұстап тұру жүйесінің дыбыстық ескертуі естілмеуі мүмкін.
- Рульге әр түрлі заттар бекітілген жағдайда рульдің жіберілгені туралы ескертулер тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін.
- Жолақты ұстап тұру жүйесі автокөлікті оталдырғаннан немесе алдыңғы көрініс камерасының инициализациясын орындағаннан кейін алғашқы 15 секунд ішінде жұмыс істемейді.

- **Жолақты ұстап тұру жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істемейді:**
 - Бұрылыс көрсеткіші қосылып тұрғанда немесе қауіп туралы ескерту пайда болғанда;
 - Жүйені қосқан сәтте немесе басқа жолаққа шыққан кейін бірден автокөлік қозғалыс жолағының ортасымен жүрмегенде.
 - Тұрақтылықты бақылаудың электронды жүйесі (ESC) немесе автокөліктің тұрақтылығын басқару жүйесі (VSM) іске қосылғанда. (Автокөлік кілт бұрылғанда.
 - Автокөлік жылдамдығы 55 км/сағ. шамасынан төмен және 210 км/сағ. шамасынан жоғары болғанда.
 - Автокөлік қозғалыс жолағын кенеттен өзгертті.
 - Автокөлік кенеттен тежелгенде.
- Жолдағы белгілеу сызықтары (немесе жолдың жиегі) анық емес немесе бүлінген.
- Жолдағы белгілеу сызықтарына (немесе жолдың жиегіне) белгіш жолақтың, ағаштардың, қоршаулардың, шуылдан қорғау тосқауылдарының және т.б. көлеңкесі түсіп тұр.

Функция жұмысының шектеулері

Автокөлікті қозғалыс жолағында ұстап тұру жүйесі төмендегідей жағдайларда қалыпты режимде жұмыс істемеуі немесе болжауға келмейтіндей жұмыс істеуі мүмкін.

- Жолдағы белгілеу сызықтары ластанған немесе төмендегі себептерге байланысты қиын ажыратылады:
 - Оның беті (немесе жолдың жиегі) жаңбыр суымен, қармен, балшықпен, маймен және т.б. жабылған.
 - Жолдағы белгілеу сызықтарының (немесе жол жиегінің) түсі жолдың түсімен бірдей
 - Жолдың бетінде белгілеу сызықтарының (немесе жолдың жиегінің) жанында белгілеу сызықтарына (немесе жолдың жиегіне) ұқсайтын өзге сызықтар (немесе жиектер) бар.
- Жолға жолақты белгілеу сызықтарының (немесе жиектердің) екі немесе одан көп нұсқасы салынған.
- Қозғалыс жолағы санының артуы не азаюы не болмаса белгілеу сызықтарының (жол жиектерінің) қиылысуы.
- Жолақты белгілеу сызықтары (жиектер) күрделенген немесе олар өзге құрылымдармен (мысалы, құрылыс аймағында) ауыстырылған.
- Қосымша жолдағы белгілеу сызықтарының, мысалы, ирек пішінді жолақтардың, жаяу жүргіншілер жолағының немесе жол белгілерінің болуы.
- Қозғалыс жолағының кенеттен жоғалып кетуі (мысалы, жол қиылысында).
- Қозғалыс жолағы (немесе жол) тым кең не тым тар.
- Қозғалыс жолағы белгіленбеген жолдың шеті
- Автостраданың шекаралық құрылымы, мысалы, жол баж салығын жинау пункті, аяқжол, жиек және т.б.
- Алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтық өте аз немесе ол қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын (жолдың жиегін) жауып тұр.




НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Алдыңғы көрініс камерасының шектеулері туралы толық ақпарат 7-тараудың «Маңдайлық соқтығысу туралы ескерту көмекші жүйесі (FCA)» бөлімінде берілген.

КӨЗДЕН ТАСА АЙМАҚТА СОҚТЫҒЫСУ ҚАУПІ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ ЖҮЙЕСІ (BCW)


Көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі көзге көрінбейтін аймақта жақындап келе жатқан автокөліктерді анықтауға және қадағалауға, сондай-ақ ескерту хабарламасының және дыбыс сигналының көмегімен жүргізушіге ықтимал соқтығысу туралы ескертуге арналған.



Көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі көзге көрінбейтін аймақтағы автокөлікті анықтайды және бұл туралы жүргізушіге ескертеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Анықтау қашықтығы автокөлігіңіздің жылдамдығына байланысты. Алайда автокөлік жоғары жылдамдықпен жүріп келе жатқанда автокөлік көзге көрінбейтін аймақта болса да, жүйе ескерту бермеуі мүмкін.



Көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі көзге көрінбейтін аймақта жоғары жылдамдықпен жақындап келе жатқан автокөлікті анықтайды және бұл туралы жүргізушіге ескертеді.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ескертудің берілу уақыты жоғары жылдамдықпен жақындап келе жатқан автокөліктің жылдамдығына байланысты.

Ақпарат

Соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі бұдан әрі «көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі деп аталады.

Анықтау датчигі



[1]: артқы бұрыштық радар

Анықтау датчигінің нақты орналасқан жерін жоғарыдағы суреттен қараңыз.

⚠️ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Анықтау датчигінің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын сақтау үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Артқы бұрыштық радарды немесе радардың торабын бөлшектеуге, сондай-ақ оларды соққы әсеріне ұшыратуға тыйым салынады.
- Артқы бұрыштық радарларды ауыстырған немесе жөндеген жағдайда жүйені HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес береміз.
- Егер артқы бұрыштық датчик немесе оның айналасындағы аймақ соққы әсеріне ұшыраса, аспаптар тақтасына ескерту хабарламасы пайда болмаса да, көрінбейтін аймақтарды бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.
- Артқы бұрыштық радар орналасқан артқы бамперді жөндегенде тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді ғана қолданыңыз.
- Бамперге артқы бұрыштық радардың жанына нөмір белгісінің жиектемесін немесе бөтен заттарды, мысалы, жапсырмаларды, үлдірлерді немесе торларды орналастырмаңыз.

- Бампер ауыстырылғанда, артқы бұрыштық радардың айналасындағы аймақ зақымдалғанда немесе оған лак-бояу жабыны жағылғанда жүйе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Тіркелген тіркеменің немесе орнатылған аспалы ұстағыштың болуы да артқы бұрыштық радардың дұрыс жұмыс істемеуіне немесе жүйенің істен шығуына алып келуі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Алдыңғы көрініс камерасына қатысты сақтық шаралары туралы толық ақпарат 7-тараудың «Маңдайлық соқтығысу туралы ескерту көмекші жүйесі (FCA)» бөлімінде берілген.

Функциялардың параметрлері

Функцияларды баптау



Көзден таса аймақтағы қауіпсіздік

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, осы функцияны пайдалану қажеттілігіне қарай «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Blind-Spot Safety» (Көзден таса аймақтағы қауіпсіздік) тармағын қосыңыз немесе өшіріңіз.

- Егер «Warning Only» (Тек ескерту) тармағы таңдалған болса, соқтығысу қаупінің деңгейіне байланысты жүйе хабарламаның және дыбыс сигналының көмегімен жүргізушіге ескертеді.
- «Off» (Өшіру) тармағы таңдалатын болса, жүйе өшеді.



Жүйе өшіп тұрғанда қозғалтқышты қайта оталдырған кезде аспаптар тақтасында «Blind-Spot Safety System is Off» (Көрінбейтін аймақтардың қауіпсіздігін бақылау жүйесі өшірулі) хабарламасы пайда болады.

Егер «Off» (Өшіру) мәнінің орнына «Warning Only» (Тек ескерту) таңдалатын болса, сыртқы артқы көрініс айнасындағы сигнал шамы үш секунд жыпылықтап тұрады.

Сонымен бірге қозғалтқыш оталып, жүйеде «Warning Only» (Тек ескерту) мәні орнатылған болса, сыртқы артқы көрініс айнасындағы сигнал шамы үш секунд жыпылықтап тұрады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Егер «Off» (Өшіру) мәні таңдалса, жүргізуші сақ болып, автокөлікті қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтауы тиіс.

Ақпарат


Қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін «көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесінде соңғы баптаулар қолданылады.



Ескертудің берілу уақыты

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесінің ескертулер берудің бастапқы жылдамдығын өзгерту үшін «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Warning Timing» (Ескертулер таймері) тармағын таңдаңыз.

Жаңа автокөлікте ескертулер таймеріне «Normal» (Қалыпты) мәні берілген. Ескертулер таймерін өзгерткен кезде өзге жүргізушіге көмек жүйелерінің ескерту уақыты да өзгеруі мүмкін.



Ескертулердің дыбыс қаттылығы

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі ескертулерінің дыбыс қаттылығын өзгерту үшін «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Warning Volume» (Ескертулердің дыбыс қаттылығы) тармағын таңдаңыз да, келесі мәндердің бірін таңдаңыз: «High» (Жоғары), «Medium» (Орташа) немесе «Low» (Төмен).

Ескертудің дыбыс қаттылығын өзгерткен жағдайда өзге жүргізушіге көмек жүйелері ескертулерінің дыбыс қаттылығы да өзгеруі мүмкін.




НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

- Ескерту таймері мен дыбыс қаттылығының баптаулары көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесінің барлық функцияларына қолданылады.
- Ескерту таймерінде «Normal» (Қалыпты) мәні таңдалып тұрса да, автокөліктер жоғары жылдамдықпен жақындап келе жатқан кезде ескерту тым қатты кідіріспен беріле бастауы мүмкін.
- Жолда көліктер аз болса және қозғалыс жылдамдығы төмен болса, ескертулер таймеріне «Late» (Кешірек) мәнін таңдаңыз.

Жүйе жұмысы

Жүйе ескертуі



Автокөліктердің анықталуы

- Жүргізушіге автокөліктің анықталғаны туралы ескерту үшін сыртқы артқы көрініс айнасында жарық индикаторы қосылады.
- Функция автокөлігіңіздің жылдамдығы 20 км/сағ. (12 миль/сағ.) шамасынан жоғары, ал көзге көрінбейтін аймақтағы автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ. (7 миль/сағ.) шамасынан жоғары болғанда жұмыс істейді.

Соқтығысу қаупі!

- Соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі анықталған автокөлік бағытында бұрылыс сигналы қосылған жағдайда жұмыс істейді.
- Егер «Settings» (баптаулар) мәзірінде «Warning Only» (Тек ескерту) параметрі таңдалған болса, соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі көзден таса аймақтағы жолаққа жақындап келе жатқан автокөлік анықталған кезде ғана іске қосылады.

- Жүргізушіге соқтығысу қаупі туралы ескерту үшін сыртқы артқы көрініс айнасында ескертуші жарық индикаторы жыпылықтайды. Дәл сол уақытта дыбыс сигналы беріледі.
- Егер бұрылыс сигналы өшірілген болса немесе автокөлігіңіз қозғалыс жолағынан шығып бара жатса, соқтығысу қаупі туралы ескерту берілмейді және жүйе автокөлікті анықтау режиміне оралады.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Артқы бұрыштық радардың анықтау қашықтығы жолдың стандартты енімен анықталады, сол себепті тар жолда жүйе көрші жолақтағы өзге автокөліктерді анықтауы және ескерту беруі мүмкін. Және керісінше, кең жолда жүйе көрші жолақтағы автокөліктің қозғалысын анықтай алмауы және ескерту бермеуі мүмкін.
- Апаттық сигнал беру жүйесінің шамдары жанып тұрса, соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі жұмыс істемейді.

Ақпарат

Егер жүргізуші сол жақта болса, соқтығысу туралы ескерту солға қарай бұрылған кезде пайда болуы мүмкін. Сол жақ қатарда қозғалып бара жатқан автокөліктерге дейін тиісті арақашықтықты сақтаңыз. Егер жүргізуші оң жақта болса, соқтығысу туралы ескерту оңға қарай бұрылған кезде пайда болуы мүмкін. Оң жақ қатарда қозғалып бара жатқан автокөліктерге дейін дұрыс арақашықтықты сақтаңыз.


АБАЙЛАҢЫЗ

Көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесін пайдаланған кезде төменде көрсетілген шаралар қолданылуы тиіс.


- Өз қауіпсіздігіңіз үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойғаннан кейін баптауларды өзгертіңіз.
- Егер ескерту хабарламасы көрсетіліп тұрса немесе қандай да бір басқа жүйенің дыбыстық сигналы беріліп жатса, «көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесінің хабарламасы көрсетілмеуі, ал дыбыстық ескерту берілмеуі мүмкін.
- Шулы ортада «көрінбейтін» аймақты бақылау жүйесінің дыбыстық ескерту естілмеуі мүмкін.
- Жолдағы жағдайларға және көлікті жүргізу мәнеріне байланысты «көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі жүргізушіге ескертуді көшіктіріп беруі немесе мүлдем ескерту бермеуі мүмкін.
- Көлік әрдайым жүргізушімен басқарылып отыруы тиіс. Көзден таса аймақтағы қауіпсіздік жүйесіне тұтастай сенім артуға болмайды. Қауіпсіз тежеу арақашықтығын сақтаңыз, қажет болса, жылдамдықты төмендету не автокөлікті тоқтату үшін тежегіш педальін басыңыз.

Функцияның ақаулығы және шектеулері

Функцияның ақаулығы




«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі тиісінше жұмыс істемесе, аспаптар тақтасында «Check Blind-Spot Safety system» (Көрінбейтін аймақтарды бақылау жүйесін тексеру) хабарламасы пайда болады, жүйе автоматты түрде өшеді немесе ол шектеулі түрде жұмыс істейді. Жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.



Сыртқы артқы көрініс айнасындағы сигнал шамы тиісінше жұмыс істемей тұрса, аспаптар тақтасында «Check side view mirror warning light» (Сыртқы артқы көрініс айнасындағы сигнал шамын тексеру) хабарламасы пайда болады. Жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Функция өшірулі



Егер артқы бұрыштық радардың немесе датчиктің жанындағы артқы бампердің бетін қандай да бір зат, мысалы, қар немесе мұз қабаты жауып тұрса немесе автокөлікке тіркеме не аспалы ұстағыш орнатылған болса, объектілердің анықталу сапасы нашарлауы, сондай-ақ «көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі уақытша шектеулі түрде істеуі немесе өшуі мүмкін.

Бұл жағдайда аспаптар тақтасында «Blind-Spot Safety system disabled. Radar blocked» («Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі өшірулі. Радар бұғатталған.) хабарламасы пайда болады.

Бөгде заттарды алып тастағаннан немесе тіркemenі ажыратқаннан және қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін жүйе қалыпты режимде жұмыс істейді.

Егер кедергі жасап тұрған заттарды алып тастағаннан кейін жүйе тиісінше жұмыс істемесе, оны HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес беріледі.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Аспаптар тақтасында ескерту хабарламасы пайда болмаса да, «көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.
- Қозғалтқышты қосқаннан кейін бірден қандай да бір объект анықталмаса немесе қозғалтқышты қосқаннан кейін бірден анықтау датчигі бөгде затпен келегейленген болса, көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі аймақта (мысалы, ашық жерде) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Трейлерді, аспалы ұстағышты және т.с.с. орнатпай тұрып, «көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесін өшіріп қойыңыз немесе «көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесін пайдалану үшін трейлерді, аспалы ұстағышты және т.с.с. алып тастаңыз.

Функция жұмысының шектеулері

Келесі жағдайларда көзден таса аймақтағы қауіпсіздік жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі немесе болжауға келмейтіндей жұмыс істеуі мүмкін.

- Нөсер жауын не қар және т.б. сияқты қолайсыз ауа райында.
- Артқы бұрыштық датчикке қар, балшық жабысқан, жаңбыр суы және т.б. жауып тұр;
- Артқы бұрыштық радар орнатылған жердегі температура тым жоғары немесе тым төмен;
- Автострадалардың (немесе тас жолдың) жолайрығымен қозғалу.
- Жол жабынының (немесе шеткі жер) құрамында көп мөлшерде металл компоненттер бар (автострада құрылымының салдарынан болуы мүмкін).

- Автокөліктің жанында шудан қорғайтын шарбақ, іріккіш қоршау, жолақтарды белгіш, шлагбаум, көше шамдары, белгілер, туннельдер, қабырғалар және т.б. (қосарлы құрылымдарды қоса алғанда) секілді бекітілген объект орналасқан.
- Автокөлік көлік құралдары не құрылыс нысандары сирек кездесетін жазық даламен жүріп бара жатыр (мысалы, шөлмен, көгалды даламен, шет жолмен).
- Жан-жағында қалың ағаштар немесе шөптер өсіп тұрған тар автожолмен қозғалу.
- Ылғал жолмен жүру (мысалы, шалшық суларды басып).
- Автокөлігіңіздің артында шағын қашықтықта өзге автокөлік қозғалып келеді немесе сіздің жаныңыздан өзге автокөліктер өтіп барады.
- Өзге көлік құралының жылдамдығы өте жоғары және ол сіздің жаныңыздан тым тез өтіп бара жатыр.
- Автокөлігіңіз өзге көлік құралын басып озып барады.
- Автокөлігіңіз қозғалыс жолағын ауыстырады.
- Автокөлігіңіз жаныңызда тұрған автокөлікпен бір мезгілде орнынан қозғалды және жылдамдығын ұдетті.
- Көлік құралының іргелес жолақтан сіздің автокөлігіңізден екі жолаққа қашықтап ауысуы немесе автокөлігіңізден екі жолаққа қашықтап тұрған көлік құралының іргелес жолаққа ауысуы.
- Артқы бұрыштық радардың жанында тіркеме немесе велосипедке арналған бекітпе орнатылған.
- Артқы бұрыштық радардың айналасында бамперде бөтен заттар (жапсырма, кенгурин, велосипедке арналған бекітпе және т.с.с.) орналасқан.
- Бампердің артқы бұрыштық радар орнатылған жеріне соққы тигенде немесе зақымдалғанда немесе артқы радардың жылжып кетуі.
- Жүксалғышқа көп жүк тиелгендіктен, шиналардағы қысым дұрыс болмағандықтан және т.с.с. автокөліктің биіктігі өзгерген.

«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі төмендегідей объектілер анықталған жағдайда қалыпты режимде жұмыс істей алмауы немесе болжауға келмейтіндей түрде жұмыс істеуі мүмкін:


- Мотоцикл немесе велосипед анықталды.
- Көлік құралы, мысалы, платформа тіркеме анықталды.
- Үлкен көлік құралы, мысалы, автобус немесе жүк автокөлігі анықталды.
- Жаяу жүргінші, жануар, дүкен арбасы немесе балаларды отырғызатын арба секілді қозғалатын кедергі анықталды.
- Аласа көлік құралы, мысалы, спорттық автокөлік анықталды.

НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Алдыңғы көрініс камерасының шектеулері туралы толық ақпарат 7-тараудың «Маңдайлық соқтығысу туралы ескерту көмекші жүйесі (FCA)» және «Жолақты ұстап тұру жүйесі (LKA)» бөлімдерінде берілген.


АБАЙЛАҢИЗ

- Қисық жолмен қозғалу



«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі ирелең жолмен жүргенде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Жүйе көрші жолақтағы автокөлікті анықтамауы мүмкін.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.




«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі ирелең жолмен жүргенде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Жүйе автокөлігіңіз орналасқан жолақта қозғалып келе жатқан автокөлікті анықтай алады.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.


- Жолдар қосылатын немесе бөлінетін жерлердегі қозғалыс



«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі жолдар қосылатын немесе бөлінетін жерлермен жүргенде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Жүйе көрші жолақтағы автокөлікті анықтамауы мүмкін.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.


- Еңісте қозғалу.



«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі еңісте қозғалған кезде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Жүйе көрші жолақтағы автокөлікті анықтамауы немесе жерді не ғимаратты дұрыс анықтамауы мүмкін.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.

- Өртүрлі биіктіктегі жолақтар болған жағдайдағы қозғалыс



«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі жолақтар өртүрлі биіктікте орналасқан жерлермен жүргенде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Жүйе жолақтарының биіктігі өртүрлі жолдармен (темір жол көпірлерінің астындағы өткел жолдар, өртүрлі деңгейлі жолайрықтар және т.б.) қозғалып келе жатқан автокөліктерді анықтай алмауы мүмкін.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.




АБАЙЛАҢЫЗ

- Тіркемені немесе өзге автокөлікті сүйреген жағдайда міндетті түрде «көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесін өшіріп қойыңыз.
- «Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі күшті электромагнитті толқындардың әсерінен дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- «Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі автокөлікті оталдырғаннан кейін немесе артқы бұрыштық радарларды қосқаннан кейін 15 секунд бойы жұмыс істемей тұруы мүмкін.

КӨЗДЕН ТАСА АЙМАҚТА СОҚТЫҒЫСУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖҮЙЕСІ (BCA)

Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі көзге көрінбейтін аймақта жақындап келе жатқан автокөліктерді анықтауға және қадағалауға және ескерту хабарламасының және дыбыс сигналының көмегімен жүргізушіге ықтимал соқтығысу туралы ескертуге арналған.

Сонымен бірге қозғалыс жолағын ауыстыру кезінде немесе тұрақтан алдыңғы жүріспен шығу кезінде соқтығысу қаупі бар болса, жүйе тежелуді орындау арқылы соқтығысудың алдын алуға көмектеседі.




OHY059001

Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі көзге көрінбейтін аймақтағы автокөлікті анықтайды және бұл туралы жүргізушіге ескертеді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Анықтау қашықтығы автокөлігіңіздің жылдамдығына байланысты. Дегенмен, автокөліктің көзден таса аймақта орналасқанына қарамастан, жоғары жылдамдықпен жүріп келе жатқан жағдайда функция ескерту бермеуі мүмкін.




OHY059002

Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі көзге көрінбейтін аймақта жоғары жылдамдықпен жақындап келе жатқан автокөлікті анықтайды және бұл туралы жүргізушіге ескертеді.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ескертудің берілу уақыты жоғары жылдамдықпен жақындап келе жатқан автокөліктің жылдамдығына байланысты.



OHY059003

Жолақты ауыстырған кезде көзден таса аймақта жақындап келе жатқан көлік құралымен соқтығысу қаупі бар болса, функция автокөліктің алдындағы қозғалыс жолағын анықтап және тежеуді қолдана отырып, бұл соқтығысудың алдын алуға көмектеседі.





Егер функция тұрақ орнынан алдыңғы жүріспен шығу кезінде көзден таса аймақта жақындап келе жатқан көлік құралымен соқтығысу қаупі бар деп есептесе, ол тежелуді қолдана отырып, соқтығысудың алдын алуға көмектеседі.

i Ақпарат

«Көрінбейтін» аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі бұдан әрі «көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі деп аталады.

Анықтау датчигі



[1]: алдыңғы көрініс камерасы

[2]: артқы бұрыштық радар

Анықтау датчиктерінің нақты орналасқан жерін жоғарыдағы суреттен қараңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Анықтау датчигінің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын сақтау үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Артқы бұрыштық радарды немесе радардың торабын бөлшектеуге, сондай-ақ оларды соққы әсеріне ұшыратуға тыйым салынады.
- Егер артқы бұрыштық датчик немесе оның айналасындағы аймақ соққы әсеріне ұшыраса, аспаптар тақтасына ескерту хабарламасы пайда болмаса да, көрінбейтін аймақтарды бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Жүйені тексерту үшін HUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

- Артқы бұрыштық радарларды ауыстырған немесе жөндеген жағдайда жүйені HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес береміз.
- Артқы бұрыштық радар орналасқан артқы бамперді жөндегенде тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді ғана қолданыңыз.
- Бамперге артқы бұрыштық радардың жанына нөмір белгісінің жиектемесін немесе бөтен заттарды, мысалы, жапсырмаларды, үлдірлерді немесе торларды орналастырмаңыз.
- Бампер ауыстырылғаннан, артқы бұрыштық радардың айналасындағы аймақ зақымдалғаннан немесе оған лак-бояу жабыны жағылғаннан кейін бұл функция дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Тіркелген тіркеменің немесе орнатылған аспалы ұстағыштың болуы да артқы бұрыштық радардың дұрыс жұмыс істемеуіне немесе жүйенің істен шығуына алып келуі мүмкін.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Алдыңғы көрініс камерасына қатысты сақтық шаралары туралы толық ақпарат 7-тараудың «Маңдайлық соқтығысу туралы ескерту көмекші жүйесі (FCA)» бөлімінде берілген.

Функциялардың параметрлері

Функцияларды баптау



OCN7070037L

Көзден таса аймақтағы қауіпсіздік

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, осы функцияны пайдалану қажеттілігіне қарай «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Blind-Spot Safety» (Көзден таса аймақтағы қауіпсіздік) тармағын қосыңыз немесе өшіріңіз.

- Егер «Active Assist» (Белсенді көмек) тармағы таңдалған болса, соқтығысу қаупінің деңгейіне байланысты жүйе хабарламаның және дыбыс сигналының көмегімен жүргізушіге ескертеді, сондай-ақ тежелуді басқарады.
- Егер «Warning Only» (Тек ескерту) тармағы таңдалған болса, соқтығысу қаупінің деңгейіне байланысты жүйе хабарламаның, дыбыс сигналының көмегімен немесе руль дірілі арқылы жүргізушіге ескертеді. Тежелуді басқару қолданылмайды.
- «Off» (Өшіру) тармағы таңдалған болса, функция өшеді.



Жүйе өшіп тұрғанда қозғалтқышты қайта оталдырған кезде аспаптар тақтасында «Blind-Spot Safety System is Off» (Көрінбейтін аймақтардың қауіпсіздігін бақылау жүйесі өшірулі) хабарламасы пайда болады.

Егер «Off» (Өшіру) мәнінің орнына «Active Assist» (Белсенді көмек) немесе «Warning Only» (Тек ескерту) таңдалатын болса, сыртқы артқы көрініс айнасындағы сигнал шамы үш секунд жыпылықтап тұрады.

Сонымен бірге қозғалтқыш оталып, жүйеде «Active Assist» (Белсенді көмек) немесе «Warning Only» (Тек ескерту) мәні орнатылған болса, сыртқы артқы көрініс айнасындағы сигнал шамы үш секунд жыпылықтап тұрады.

АБАЙЛАҢЫЗ

- «Warning only» (Тек ескерту) режимі таңдалған болса, тежеуге көмектесу функциясы жұмыс істемейді.
- Егер «Off» (Өшіру) мәні таңдалса, жүргізуші сақ болып, автокөлікті қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтауы тиіс.

Ақпарат


Қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін «көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесінде соңғы баптаулар қолданылады.



Ескертудің берілу уақыты

Қозғалтқышты оталдыру/сәндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесінің ескертулер берудің бастапқы жылдамдығын өзгерту үшін «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Warning Timing» (Ескертулер таймері) тармағын таңдаңыз.

Жаңа автокөлікте ескертулер таймеріне «Normal» (Қалыпты) мәні берілген. Ескертулер таймерін өзгерткен кезде өзге жүргізушіге көмек жүйелерінің ескерту уақыты да өзгеруі мүмкін.



OCN7070027L

Ескертулердің дыбыс қаттылығы

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі ескертулерінің дыбыс қаттылығын өзгерту үшін «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Warning Volume» (Ескертулердің дыбыс қаттылығы) тармағын таңдаңыз да, келесі мәндердің бірін таңдаңыз: «High» (Жоғары), «Medium» (Орташа) немесе «Low» (Төмен).

Ескертудің дыбыс қаттылығын өзгерткен жағдайда өзге жүргізушіге көмек жүйелері ескертулерінің дыбыс қаттылығы да өзгеруі мүмкін.




НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

- Ескерту таймері мен дыбыс қаттылығының баптаулары көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесінің барлық функцияларына қолданылады.
- Ескерту таймерінде «Normal» (Қалыпты) мәні таңдалып тұрса да, автокөліктер жоғары жылдамдықпен жақындап келе жатқан кезде ескерту тым қатты кідіріспен беріле бастауы мүмкін.
- Жолда көліктер аз болса және қозғалыс жылдамдығы төмен болса, ескертулер таймеріне «Late» (Кешірек) мәнін таңдаңыз.

Функцияның жұмысы

Функцияның ескертуі және басқару



©CN7060116

Автокөліктердің анықталуы

- Жүргізушіге автокөліктің анықталғаны туралы ескерту үшін сыртқы артқы көрініс айнасында жарық индикаторы қосылады.
- Функция автокөлігіңіздің жылдамдығы 20 км/сағ. (12 миль/сағ.) шамасынан жоғары, ал көзге көрінбейтін аймақтағы автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ. (7 миль/сағ.) шамасынан жоғары болғанда жұмыс істейді.

Соқтығысу қаупі!

- Соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі анықталған автокөлік бағытында бұрылыс сигналы қосылған жағдайда жұмыс істейді.
- Егер «Settings» (баптаулар) мәзірінде «Warning Only» (Тек ескерту) параметрі таңдалған болса, соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі көзден таса аймақтағы жолаққа жақындап келе жатқан автокөлік анықталған кезде ғана іске қосылады.
- Жүргізушіге соқтығысу қаупі туралы ескерту үшін сыртқы артқы көрініс айнасында ескертуші жарық индикаторы жыпылықтайды. Дәл сол уақытта дыбыс сигналы беріледі.
- Егер бұрылыс сигналы өшірілген болса немесе автокөлігіңіз қозғалыс жолағынан шығып бара жатса, соқтығысу қаупі туралы ескерту берілмейді және жүйе автокөлікті анықтау режиміне оралады.




АБАЙЛАҢЫЗ

- Артқы бұрыштық радардың анықтау қашықтығы жолдың стандартты енімен анықталады, сол себепті тар жолда жүйе көрші жолақтағы өзге автокөліктерді анықтауы және ескерту беруі мүмкін. Және керісінше, кең жолда жүйе көрші жолақтағы автокөліктің қозғалысын анықтай алмауы және ескерту бермеуі мүмкін.
- Апаттық сигнал беру жүйесінің шамдары жыпылықтап тұрса, соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі жұмыс істемейді.



Ақпарат

Егер жүргізуші сол жақта болса, соқтығысу туралы ескерту солға қарай бұрылған кезде пайда болуы мүмкін. Сол жақ қатарда қозғалып бара жатқан автокөліктерге дейін тиісті арақашықтықты сақтаңыз. Егер жүргізуші оң жақта болса, соқтығысу туралы ескерту оңға қарай бұрылған кезде пайда болуы мүмкін. Оң жақ қатарда қозғалып бара жатқан автокөліктерге дейін дұрыс арақашықтықты сақтаңыз.



Соқтығысудың (қозғалыс кезіндегі) алдын алу көмекші жүйесі

- Жүргізушіге соқтығысу қаупі туралы ескерту үшін сыртқы артқы көрініс айнасында индикатор жанады, ал аспаптар тақтасында ескерту хабарламасы пайда болады. Дәл сол уақытта дыбыс сигналы беріледі.
- Функция автокөлік 60–200 км/сағ. (40–120 миль/сағ.) шамасындағы жылдамдықпен қозғалып келе жатқанда және жолдағы белгілеу сызықтарының екеуі де анықталған жағдайда жұмыс істейді.
- Көзге көрінбейтін аймақта көлік құралымен соқтығысуды болдырмау үшін апаттық тежелу жүйесі қолданылады.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі төмендегі жағдайларда іске қосылмайды:
 - Автокөлігіңіз белгілі бір қашықтықта жолақты ауыстырып жатыр;
 - Автокөлігіңізге соқтығысу қаупі төніп тұрған жоқ;
 - Руль кілт бұрылды; тежегіш педалі басылды;
 - Мандайлық соқтығысудың алдын алу жүйесі жұмыс істеп тұр
- Жүйе операциясынан кейін немесе басқа қатарға ауысқаннан кейін автокөлікті жолақтың ортасымен жүргізуіңіз тиіс. Автокөлік жолақтың ортасымен жүрмеген жағдайда функция жұмыс істемейді.



Соқтығысудың (орыннан қозғалған кездегі) алдын алу көмекші жүйесі

- Жүргізушіге соқтығысу қаупі туралы ескерту үшін сыртқы артқы көрініс айнасында индикатор жанады, ал аспаптар тақтасында ескерту хабарламасы пайда болады. Дәл сол уақытта дыбыс сигналы беріледі.
- Функция автокөлігіңіздің жылдамдығы 3 км/сағ. (2 миль/сағ.) шамасынан төмен, ал көзден таса аймақтағы көлік құралының жылдамдығы 5 км/сағ. (3 миль/сағ.) шамасынан жоғары болғанда жұмыс істейді.
- Көзге көрінбейтін аймақта көлік құралымен соқтығысуды болдырмау үшін апаттық тежелу жүйесі қолданылады.



Автокөлікті тоқтату және тежеуді басқару жүйесін өшіру

- Автокөлік шұғыл тежелудің салдарынан тоқтатылған жағдайда аспаптар тақтасында «Drive carefully» (Абайлап жүргізіңіз) ескерту хабарламасы пайда болады.
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жүргізуші бірден тежегіш педалін басып, айналадағы жағдайды тексеруі тиіс.
- Тежеуді басқару жүйесі автокөлік шұғыл тежелудің салдарынан тоқтағаннан кейін шамамен 2 секунд өткен соң өшеді.



АБАЙЛАҢЫЗ

Көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесін пайдаланған кезде төменде көрсетілген шаралар қолданылуы тиіс.

- Өз қауіпсіздігіңіз үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойғаннан кейін баптауларды өзгертіңіз.
- Егер ескерту хабарламасы көрсетіліп тұрса немесе қандай да бір басқа жүйенің дыбыстық сигналы беріліп жатса, «көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесінің хабарламасы көрсетілмеуі, ал дыбыстық ескерту берілмеуі мүмкін.
- Шулы ортада «көрінбейтін» аймақты бақылау жүйесінің дыбыстық ескертуі естілмеуі мүмкін.
- Жүргізуші соқтығысудың алдын алу үшін тежегіш педалін пайдаланса, көзден таса аймақтағы қауіпсіздік жүйесі іске қосылмауы мүмкін.
- Жүргізуші акселератор педалін қатты басса немесе рульді кілт бұрса, қосылып тұрған көзден таса аймақтағы қауіпсіздік жүйесі автоматты түрде өшеді.
- Көзден таса аймақтағы қауіпсіздік жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде автокөлік кілт тоқтап қалуы мүмкін, бұл жолаушылардың жарақат алуына және бекітілмеген заттардың жылжып кетуіне алып келуі мүмкін. Өрдайым қауіпсіздік белбеуін тағып отырыңыз және заттарды бекітіп қойыңыз.
- «Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесімен байланысты қиындықтар туындағанның өзінде автокөліктің негізгі тежеу жүйесі қалыпты түрде жұмыс істейді.
- «Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі барлық жағдайларда бірдей іске қосыла бермейді және барлық соқтығысулардың алдын ала алмайды.

- Жолдағы жағдайларға және көлікті жүргізу мәнеріне байланысты «көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі жүргізушіге ескертуді кешіктіріп беруі немесе мүлдем ескерту бермеуі мүмкін.
- Көлік әрдайым жүргізушімен басқарылып отыруы тиіс. Көзден таса аймақтағы қауіпсіздік жүйесіне тұтастай сенім артуға болмайды. Қауіпсіз тежеу арақашықтығын сақтаңыз, қажет болса, жылдамдықты төмендету не автокөлікті тоқтату үшін тежегіш педалін басыңыз.
- Көзден таса аймақтағы қауіпсіздік жүйесінің жұмысын адамдарға, жануарларға, заттарға және т.с.с. сынауға тыйым салынады. Бұл ауыр жарақаттарға немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ


Тежеуді басқару жүйесінің дұрыс жұмыс істеуі динамикалық тұрақтандыру жүйесінің (ESC) күйіне байланысты.

Ескерту төмендегі жағдайларда ғана қалады:


- ESC (тұрақтылықты электронды бақылау) сигнал шамы қосулы
- динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC) қандай да бір функцияны орындап жатыр.

Функцияның ақаулығы және шектеулері

Функцияның ақаулығы




«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі тиісінше жұмыс істемесе, аспаптар тақтасында «Check Blind-Spot Safety system» (Көрінбейтін аймақтарды бақылау жүйесін тексеру) хабарламасы пайда болады, жүйе автоматты түрде өшеді немесе ол шектеулі түрде жұмыс істейді. Жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.



Сыртқы артқы көрініс айнасындағы сигнал шамы тиісінше жұмыс істемей тұрса, аспаптар тақтасында «Check side view mirror warning light» (Сыртқы артқы көрініс айнасындағы сигнал шамын тексеру) хабарламасы пайда болады. Жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Функция өшірулі



Егер артқы бұрыштық радардың немесе датчиктің жанындағы артқы бампердің бетін қандай да бір зат, мысалы, қар немесе мұз қабаты жауып тұрса немесе автокөлікке тіркеме не аспалы ұстағыш орнатылған болса, объектілердің анықталу сапасы нашарлауы, сондай-ақ «көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі уақытша шектеулі түрде істеуі немесе өшуі мүмкін.

Бұл жағдайда аспаптар тақтасында «Blind-Spot Safety system disabled. Radar blocked» («Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі өшірулі. Радар бұғатталған) ескерту хабарламасы пайда болады. Бөтен заттарды алып тастағаннан немесе тіркемелі ажыратқаннан және қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін функция қалыпты режимде жұмыс істейтін болады.

Егер бөтен объектілерді алып тастағаннан кейін функция тиісінше жұмыс істемесе, жүйені HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес беріледі.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Аспаптар тақтасында ескерту хабарламасы пайда болмаса да, «көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі тиісінше жұмыс істемей мүмкін.
- Қозғалтқышты қосқаннан кейін бірден қандай да бір объект анықталмаса немесе қозғалтқышты қосқаннан кейін бірден анықтау датчигі бөгде затпен көлегейленген болса, көзден таса аймақтағы қауіпсіздік жүйесі аймақта (мысалы, ашық жерде) дұрыс жұмыс істемей мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Трейлерді, аспалы ұстағышты және т.с.с. орнатпай тұрып, «көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесін өшіріп қойыңыз немесе «көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесін пайдалану үшін трейлерді, аспалы ұстағышты және т.с.с. алып тастаңыз.

Функция жұмысының шектеулері

Келесі жағдайларда көзден таса аймақтағы қауіпсіздік жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі немесе болжауға келмейтіндей жұмыс істеуі мүмкін.

- Нөсер жауын не қар және т.б. сияқты қолайсыз ауа райында.
- Артқы бұрыштық датчикке қар, балшық жабысқан, жаңбыр суы және т.б. жауып тұр;
- Артқы бұрыштық радар орнатылған жердегі температура тым жоғары немесе тым төмен;
- Автострадалардың (немесе тас жолдың) жолайрығымен қозғалу.
- Жол жабынының (немесе шеткі жер) құрамында көп мөлшерде металл компоненттер бар (автострада құрылымының салдарынан болуы мүмкін).
- Автокөліктің жанында шудан қорғайтын шарбақ, іріккіш қоршау, жолақтарды белгіш, шлагбаум, көше шамдары, белгілер, туннельдер, қабырғалар және т.б. (қосарлы құрылымдарды қоса алғанда) секілді бекітілген объект орналасқан.
- Автокөлік көлік құралдары не құрылыс нысандары сирек кездесетін жазық даламен жүріп бара жатыр (мысалы, шөлмен, көгалды даламен, шет жолмен).
- Жан-жағында қалың ағаштар немесе шөптер өсіп тұрған тар автожолмен қозғалу.
- Ылғал жолмен жүру (мысалы, шалшық суларды басып).
- Автокөлігіңіздің артында шағын қашықтықта өзге автокөлік қозғалып келеді немесе сіздің жаныңыздан өзге автокөліктер өтіп барады.

- Өзге көлік құралының жылдамдығы өте жоғары және ол сіздің жаныңыздан тым тез өтіп бара жатыр.
- Автокөлігіңіз өзге көлік құралын басып озып барады.
- Автокөлігіңіз қозғалыс жолағын ауыстырады.
- Автокөлігіңіз жаныңызда тұрған автокөлікпен бір мезгілде орнынан қозғалды және жылдамдығын үдетті.
- Көлік құралының іргелес жолақтан сіздің автокөлігіңізден екі жолаққа қашықтап ауысуы немесе автокөлігіңізден екі жолаққа қашықтап тұрған көлік құралының іргелес жолаққа ауысуы.
- Артқы бұрыштық радардың жанында тіркеме немесе велосипедке арналған бекітпе орнатылған.
- Артқы бұрыштық радардың айналасында бамперде бөтен заттар (жапсырма, кенгурин, велосипедке арналған бекітпе және т.с.с.) орналасқан.
- Бампердің артқы бұрыштық радар орнатылған жеріне соққы тигенде немесе зақымдалғанда немесе артқы радардың жылжып кетуі.
- Жүксалғышқа көп жүк тиелгендіктен, шиналардағы қысым дұрыс болмағандықтан және т.с.с. автокөліктің биіктігі өзгерген.

«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі төмендегідей объектілер анықталған жағдайда қалыпты режимде жұмыс істей алмауы немесе болжауға келмейтіндей түрде жұмыс істеуі мүмкін:

- Мотоцикл немесе велосипед анықталды.
- Көлік құралы, мысалы, платформа тіркеме анықталды.
- Үлкен көлік құралы, мысалы, автобус немесе жүк автокөлігі анықталды.
- Жаяу жүргінші, жануар, дүкен арбасы немесе балаларды отырғызатын арба секілді қозғалатын кедергі анықталды.
- Аласа көлік құралы, мысалы, спорттық автокөлік анықталды.

Тежеуді басқару жүйесі жұмыс істемейі мүмкін, жүргізушіден төмендегі жағдайларда мұқият болу талап етіледі:

- автокөлік соқпалы жолда, ойлы-қырлы жолда немесе жол «жамауларында» қатты дірілдейді;
- автокөлік қар, шалшық немесе мұз сияқты тайғанақ бетпен қозғалады;
- шиналардағы қысым төмен немесе шина зақымдалған;
- тежегіш конструкциясына өзгертулер енгізілген;
- автокөлік қозғалыс жолағын кенеттен өзгертті.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Алдыңғы көрініс камерасының жұмысындағы шектеулер туралы толық ақпарат «Маңдайлық соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі (FCA)» және «Жолақты ұстап тұру жүйесі (LKA)» 7-тарауында берілген.




АБАЙЛАҢЫЗ

- Қисық жолмен қозғалу



«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі ирелең жолмен жүргенде дұрыс жұмыс істемейі мүмкін. Жүйе көрші жолақтағы автокөлікті анықтамауы мүмкін.


Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.



«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі ирелең жолмен жүргенде дұрыс жұмыс істемейі мүмкін. Жүйе автокөлігіңіз орналасқан жолақта қозғалып келе жатқан автокөлікті анықтай алады.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.


- Жолдар қосылатын немесе бөлінетін жерлердегі қозғалыс



«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі жолдар қосылатын немесе бөлінетін жерлермен жүргенде дұрыс жұмыс істемейі мүмкін. Жүйе көрші жолақтағы автокөлікті анықтамауы мүмкін.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.


- Еңісте қозғалу.



«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі еңісте қозғалған кезде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Жүйе көрші жолақтағы автокөлікті анықтамауы немесе жерді не ғимаратты дұрыс анықтамауы мүмкін.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.


- Әртүрлі биіктіктегі жолақтар болған жағдайдағы қозғалыс



«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі жолақтар әртүрлі биіктікте орналасқан жерлермен жүргенде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Жүйе жолақтарының биіктігі әртүрлі жолдармен (темір жол көпірлерінің астындағы өткел жолдар, әртүрлі деңгейлі жолайрықтар және т.б.) қозғалып келе жатқан автокөліктерді анықтай алмауы мүмкін.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.

- Әртүрлі биіктіктегі жолақтар болған жағдайдағы қозғалыс



«Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі жолақтар әртүрлі биіктікте орналасқан жерлермен жүргенде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Жүйе жолақтарының биіктігі әртүрлі жолдармен (темір жол көпірлерінің астындағы өткел жолдар, әртүрлі деңгейлі жолайрықтар және т.б.) қозғалып келе жатқан автокөліктерді анықтай алмауы мүмкін.


Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.



АБАЙЛАҢИЗ

- Тіркемені немесе өзге автокөлікті сүйреген жағдайда міндетті түрде «көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесін өшіріп қойыңыз.
- «Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі күшті электромагнитті толқындардың әсерінен дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- «Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі автокөлікті оталдырғаннан кейін немесе алдыңғы көрініс камерасын не артқы бұрыштық радарларды қосқаннан кейін 15 секунд бойы жұмыс істемей тұруы мүмкін.

ҚАУІПСІЗ ШЫҒУДЫ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (SEW) (БАР БОЛСА)




Автокөлікті тоқтатқаннан және жолаушы есігін ашқаннан кейін артқы жақтан жақындап келе жатқан көлік құралы анықталатын болса, қауіпсіз шығуды бақылау жүйесі соқтығысудың алдын алу үшін жүргізушіге хабарламаның және дыбыс сигналының көмегімен ескертеді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ескертудің берілу уақыты жақындап келе жатқан көлік құралының жылдамдығына байланысты.

Анықтау датчигі




Артқы бұрыштық радарлар автокөліктің бүйір жағындағы және артындағы объектілерді анықтау қызметін атқаратын артқы бампердің ішіне орналасқан датчиктер болып табылады. Қауіпсіз шығуды бақылау жүйесінің тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін артқы бампер бетінің таза болуын қадағалаңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Артқы бұрыштық радарларға қатысты сақтық шаралары туралы толық ақпарат 7-тараудың «Көрінбейтін аймақта соқтығысу туралы ескерту жүйесі (BCW)» немесе «Көрінбейтін аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі (BCA)» бөлімінде берілген.

Функциялардың параметрлері

Функцияларды баптау



OCN7070042L

Қауіпсіз шығуды қамтамасыз ету

Қауіпсіз шығуды бақылау жүйесін қосу үшін қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрған кезде «Settings» (Баптаулар) мәзірінен «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Blind-Spot Safety» (Көзден таса аймақтарды бақылау) → «Safe Exit Assist» (Қауіпсіз шығуды бақылау) тармағын таңдаңыз, ал жүйені өшіру үшін таңдаудан бас тартыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Күтпеген және қауіпті жағдайларды болдырмау үшін жүргізуші мұқият болуы қажет. Егер «Safe Exit Assist» (Қауіпсіз шығуды бақылау) тармағы таңдалмаған болса, көмектесу жүйесі жұмыс істемейді.



Ақпарат

Қозғалтқыш қайта оталдырылғаннан кейін қауіпсіз шығуды бақылау жүйесінде соңғы баптаулар қолданылады.




OCN7070093L

Ескертудің берілу уақыты

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесінің ескертулер берудің бастапқы жылдамдығын өзгерту үшін «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Warning Timing» (Ескертулер таймері) тармағын таңдаңыз.

Жаңа автокөлікте ескертулер таймеріне «Normal» (Қалыпты) мәні берілген. Ескертулер таймерін өзгерткен кезде өзге жүргізушіге көмек жүйелерінің ескерту уақыты да өзгеруі мүмкін.



Ескертулердің дыбыс қаттылығы

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі ескертулерінің дыбыс қаттылығын өзгерту үшін «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Warning Volume» (Ескертулердің дыбыс қаттылығы) тармағын таңдаңыз да, келесі мәндердің бірін таңдаңыз: «High» (Жоғары), «Medium» (Орташа) немесе «Low» (Төмен).

Ескертудің дыбыс қаттылығын өзгерткен жағдайда өзге жүргізушіге көмек жүйелері ескертулерінің дыбыс қаттылығы да өзгеруі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Ескерту таймері мен дыбыс қаттылығының баптаулары қауіпсіз шығуды бақылау жүйесінің барлық функцияларына қатысты.
- Ескерту таймерінде «Normal» (Қалыпты) мәні таңдалып тұрса да, арттағы автокөліктер жоғары жылдамдықпен жақындап келе жатқан кезде ескерту тым қатты кідіріспен беріле бастауы мүмкін.
- Жолда көліктер аз болса және қозғалыс жылдамдығы төмен болса, ескертулер таймеріне «Late» (Кешірек) мәнін таңдаңыз.

Ақпарат

Қозғалтқышты қайта оталдырған кезде ескерту таймері мен дыбыс қаттылығы үшін соңғы баптаулар қолданылады.

Функцияның жұмысы

Функцияның ескертуі



Автокөліктен шыққан кездегі соқтығысу қаупі туралы ескерту

- Есік ашылған сәтте артқы жақтан жақындап келе жатқан көлік құралы анықталатын болса, аспаптар тақтасында «Watch for traffic» (Жан-жағыңызға қараңыз) ескерту хабарламасы пайда болады және дыбыстық ескерту беріледі.
- Қауіпсіз шығуды бақылау жүйесі автокөлігіңіздің жылдамдығы 3 км/сағ. шамасынан төмен, ал артқы жақтан жақындап келе жатқан көлік құралының жылдамдығы 5 км/сағ. шамасынан жоғары болған жағдайда жүргізушіге ескертеді.



АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіз шығуды бақылау жүйесін қолданған жағдайда төменде көрсетілген сақтық шараларын қолдану қажет.

- Өз қауіпсіздігіңіз үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойғаннан кейін баптауларды өзгертіңіз.
- Егер қандай да бір басқа функцияның ескерту хабарламасы көрсетіліп тұрса немесе дыбыстық сигналы беріліп жатса, қауіпсіз шығуды қамтамасыз ету жүйесінің хабарламасы көрсетілмеуі, ал дыбыстық сигнал берілмеуі мүмкін.
- Шулы ортада қауіпсіз шығуды бақылау жүйесінің дыбыстық ескертуі естілмеуі мүмкін.
- Қауіпсіз шығуды бақылау жүйесі барлық жағдайларда бірдей іске қосыла бермейді және барлық соқтығысулардың алдын ала алмайды.
- Жолдағы жағдайларға және көлікті жүргізу мәнеріне байланысты қауіпсіз шығуды бақылау жүйесі жүргізушіге ескертуді көшіктіріп беруі немесе мүлдем ескерту бермеуі мүмкін. Айналадағы жағдайды үнемі қадағалап отырыңыз.
- Автокөліктен шыққан кезде орын алатын апатқа жүргізуші мен жолдаушылар жауапты болады. Автокөліктен шығар алдында міндетті түрде айналадағы жағдайды бағалап алу қажет.
- Ешбір жағдайда қауіпсіз шығуды бақылау жүйесінің жұмысын әдейі сынаушы болмаңыз. Бұл ауыр жарақаттарға немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- «Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі ақаулы болса, қауіпсіз шығуды бақылау жүйесі жұмыс істемейді. «Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесінің ескерту хабарламасы төменде көрсетілген жағдайларда пайда болады:
 - «Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесінің датчигі немесе оның маңайындағы аймақ ластанған немесе беті жабылған;
 - «Көрінбейтін» аймақтарды бақылау жүйесі жолаушылар үшін ескерту бермейді немесе жалған ескерту береді.




Ақпарат

Қозғалтқышты сөндіргеннен кейін қауіпсіз шығуды бақылау жүйесі тағы шамамен 10 минут бойы жұмыс істейді, бірақ есіктер құлыпталған жағдайда бірден өшіріледі.

Функцияның ақаулығы және шектеулері


Функцияның ақаулығы



OCN7070039L

Егер қауіпсіз шығуды бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, аспаптар тақтасында «Check Blind-Spot Safety system» (Көрінбейтін аймақтарды бақылау жүйесін тексеріңіз) хабарламасы пайда болады, жүйе автоматты түрде өшеді немесе шектеулі түрде жұмыс істейді. Жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Функция өшірулі



Егер артқы бұрыштық радардың немесе датчиктің жанындағы артқы бампердің бетін қандай да бір зат, мысалы, қар немесе мұз қабаты жауып тұрса немесе автокөлікке тіркеме не аспалы ұстағыш орнатылған болса, объектілердің анықталу сапасы нашарлауы, сондай-ақ қауіпсіз шығуды бақылау жүйесі уақытша шектеулі түрде істеуі немесе өшуі мүмкін.

Бұл жағдайда аспаптар тақтасында «Blind-Spot Safety function disabled. Radar blocked» («Көрінбейтін» аймақтарды бақылау функциясы өшірулі. Радар бұғатталған.) хабарламасы пайда болады. Бетен заттарды алып тастағаннан немесе тіркемелі ажыратқаннан және қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін функция қалыпты режимде жұмыс істейтін болады.

Егер бөтен объектілерді алып тастағаннан кейін функция дұрыс жұмыс істемесе, жүйені HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес беріледі.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Аспаптар тақтасында ескерту хабарламасы пайда болмаса да, қауіпсіз шығуды бақылау функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Қозғалтқышты қосқаннан кейін бірден қандай да бір объект анықталмаса немесе қозғалтқышты қосқаннан кейін бірден анықтау датчигі бөгде затпен көлегейленген болса, көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі аймақта (мысалы, ашық жерде) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Трейлерді, аспалы ұстағышты және т.с.с. орнатпай тұрып, қауіпсіз шығуды бақылау жүйесін өшіріп қойыңыз немесе қауіпсіз шығуды бақылау жүйесін пайдалану үшін трейлерді, аспалы ұстағышты және т.с.с. алып тастаңыз.

Функция жұмысының шектеулері

Қауіпсіз шығуды бақылау жүйесі төмендегі жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі немесе болжауға келмейтіндей түрде жұмыс істеуі мүмкін:

- автокөліктен биік шөп немесе ағаштар өсіп кеткен жерде шығу;
- автокөліктен ылғалды жолдың үстінде шығу;
- жақындап келе жатқан көлік құралының жылдамдығы тым жоғары немесе тым төмен.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Қауіпсіз шығуды бақылау жүйесі күшті электрмагнитті толқындардың әсерінен дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Қауіпсіз шығуды бақылау жүйесі автокөлікті оталдырғаннан кейін немесе артқы бұрыштық радарларды қосқаннан кейін 3 секунд бойы жұмыс істемей тұруы мүмкін.

ЖҮРГІЗУШІНІҢ ЗЕЙІНІН БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (DAW)


Негізгі функциялар

Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі автокөліктің қозғалысы кезінде жүргізушінің жүргізу стилі мен сапар ұзақтығын сараптай отырып, оның зейінінің деңгейін қадағалайды. Жүргізуші зейінінің деңгейі белгілі бір деңгейден төмен болса, жүйе оған көлікті тоқтатуға ұсыныс жасайды.

Алдыда тұрған автокөліктің жүріп кетуін бақылау функциясы

Алдыда тұрған автокөліктің жүріп кетуін бақылау функциясы жүргізушіге алдыда тұрған автокөліктің қозғалысты бастағаны туралы хабарлайды.

Анықтау датчигі



[1]: алдыңғы көрініс камерасы

Алдыңғы көрініс камерасы автокөлік қозғалып бара жатқанда алдыдағы көлік құралының жүргізу стилін және жүріп кетуін анықтау датчигі ретінде қолданылады.

Анықтау датчигінің нақты орналасқан жерін жоғарыдағы суреттен қараңыз.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесінің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін алдыңғы көрініс камерасын әрдайым жұмысқа жарамды күйде ұстаңыз.

Алдыңғы көрініс камерасына қатысты сақтық шаралары туралы толық ақпарат 7-тараудың «Маңдайлық соқтығысу туралы ескерту көмекші жүйесі (FCA)» бөлімінде берілген.

Функциялардың параметрлері

Функцияларды баптау




OCN7070044L

Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, осы функцияны пайдалану қажеттілігіне қарай «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Driver Attention Warning» (Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі) тармағын қосыңыз немесе өшіріңіз.

- Егер «Inattentive Driving Warning» (Зейінсіз жүргізу туралы ескерту) тармағы таңдалған болса, жүйе жүргізушіге оның зейінінің деңгейі туралы ақпарат береді және оның зейіні белгіленген деңгейден төмендейтін жағдайда тынығуға ұсыныс жасайды.



OCN7070044L

Алдыда тұрған автокөліктің жүріп кетуін бақылау функциясы

- Егер алдыда тұрған автокөліктің жүріп кетуін бақылау функциясы қосулы болса, ол жүргізушіге алдыда тұрған автокөліктің қозғалысты бастағаны туралы хабарлайды.



Ескертудің берілу уақыты

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, жүргізушінің зейінін бақылау жүйесінің ескертулер берудің бастапқы жылдамдығын өзгерту үшін «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) «Warning Timing» (Ескертулер таймері) тармағын таңдаңыз.

Жаңа автокөлікте ескертулер таймеріне «Normal» (Қалыпты) мәні берілген. Ескертулер таймерін өзгерткен кезде өзге жүргізушіге көмек жүйелерінің ескерту уақыты да өзгеруі мүмкін.

Ақпарат

Қозғалтқыш қайта оталдырылғаннан кейін жүргізушінің зейінін бақылау жүйесінде соңғы баптаулар қолданылады.


Функцияның жұмысы

Негізгі функциялар

Дисплей және функцияның ескертуі

Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесінің негізгі функциясы жүргізушіге оның «зейінінің деңгейі» туралы хабар беру және оған үзіліс жасау қажеттігі туралы ұсыныс жасау болып табылады.


Жүргізуші зейінінің деңгейі



- Жүргізуші аспаптар тақтасының көмегімен өзінің жүргізу күйін бақылай алады.
 - Егер «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Inattentive Driving Warning» (Көлікті зейінсіз жүргізу туралы ескерту) тармағы таңдалмаған болса, «System Off» (Жүйе өшірулі) хабарламасы көрсетіледі.
 - Функция автокөліктің жылдамдығы 0–180 км/сағ. (0–110 миль/сағ.) шамасында болса жұмыс істейді.
 - Егер автокөліктің жылдамдығы ең жоғарғы жылдамдық шегінен асатын болса, «Standby» (Дайындық) хабарламасы пайда болады.

- Жүргізуші зейінінің деңгейі 1-ден 5-ке дейінгі бағалар түрінде көрсетіледі. Деңгей неғұрлым төмен болса, жүргізушінің зейіні соғұрлым төмен.
- Жүргізуші белгілі уақыт ішінде тынықпаған жағдайда деңгей төмендейді.

Көлік жүргізу кезіндегі үзіліс



- Жүргізушінің зейіні 1-деңгейден төмен түсетін болса, аспаптар тақтасында «Consider taking a break» (Үзіліс жасауды ұсынамыз) хабарламасы көрсетіледі және көлікті жүргізуде үзіліс жасау қажеттігі туралы дыбыс сигналы беріледі.
- Көлікті жүргізу уақыты 10 минуттан аспайтын болса немесе соңғы үзілістен кейін әлі 10 минут өтпеген болса, жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі үзіліс жасауды ұсынбайды.

АБАЙЛАҢЫЗ

Өз қауіпсіздігіңіз үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойғаннан кейін баптауларды өзгертіңіз.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі жүргізуші өзінің шаршағанын сезбеген жағдайда да оның жүргізу стилі мен мәнеріне негізделе отырып, үзіліс жасауды ұсынуы мүмкін.
- Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі көмекші жүйе болып табылады және жүргізушінің зейінін бағалай алмайды.
- Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі тиісті ескерту бермесе де, өзінің шаршағанын сезген жүргізуші автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатып, үзіліс жасауы тиіс.

Ақпарат

- Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінде функцияларды баптау туралы толық ақпарат 4-тараудың «Автокөлік баптаулары» бөлімінде берілген.
- Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі төмендегі жағдайларда соңғы үзілістің уақытын «00:00» мәніне дейін нөлдейді:
 - қозғалтқыш сөндірілгенде;
 - жүргізуші қауіпсіздік белбеуін ағытып, жүргізуші есігін ашқанда;
 - автокөлік 10 минуттан ұзақ қозғалыссыз тұрғанда.
- Жүргізуші жүргізушінің зейінін бақылау жүйесін нөлдеген кезде соңғы тынығу уақытына «00:00» мәні, ал жүргізуші зейінінің деңгейіне — «High» (Жоғары) мәні белгіленеді.

Алдыда тұрған автокөліктің жүріп кетуін бақылау функциясы



Алдыда тұрған автокөлік қозғала бастаған кезде алдыда тұрған автокөліктің жүріп кетуін бақылау функциясы жүргізушіні аспаптар тақтасындағы «Leading vehicle is driving away» (Алдыдағы автокөлік жүріп кетті) немесе «Leading vehicle is driving on» (Алдыдағы автокөлік қозғалысын жалғастыруда) хабарламасының және дыбыстық ескертудің көмегімен хабардар етеді.

АБАЙЛАҢЫЗ


- Егер ескерту хабарламасы көрсетіліп тұрса немесе қандай да бір басқа жүйенің дыбыстық сигналы беріліп жатса, алдыда тұрған автокөліктің жүріп кетуін бақылау функциясының хабарламасы көрсетілмеуі, ал дыбыстық ескерту берілмеуі мүмкін.
- Жүргізуші автокөлікті қауіпсіз жүргізуге және басқаруға жауапты.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Алдыда тұрған автокөліктің жүріп кетуін бақылау функциясы көмекші функция болып табылады және жүргізушіге алдыда тұрған автокөліктің қозғалысты бастағаны туралы хабарламауы мүмкін.
- Орыннан қозғалмас бұрын әрдайым автокөліктің алдындағы аймақты қарап тексеріңіз және жол жағдайларын тексеріңіз.

Функцияның ақаулығы және шектеулері

Функцияның ақаулығы



Егер жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істемей тұрса, аспаптар тақтасында «DAW функциясын тексеріңіз» ескерту хабарламасы пайда болады. Мұндай жағдайда жүйені HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі.


Жүйе шектеулері

Жүргізушінің зейінін бақылау жүйесі келесі жағдайларда дұрыс жұмыс істемей мүмкін:


- автокөлік агрессиялық мәнерде жүргізіліп жатыр;
- автокөлік қозғалыс жолақтарын әдейі жиі кесіп өтіп жатыр;
- автокөлік жолақты ұстап тұру жүйесі секілді жүргізушінің көмекші жүйесі арқылы жүргізіліп келе жатыр;

Алдыда тұрған автокөліктің жүріп кетуін бақылау функциясының жұмысындағы ақаулық;

- «Алдын кесіп кету»



©ADAS021SD




©ADAS034SD

[A]: сіздің автокөлігіңіз,

[B]: алдыда жүріп бара жатқан көлік құралы

Егер автокөлігіңіздің алдына өзге көлік құралы кимелеп кірсе («алдыңызды кессе»), алдыда тұрған автокөліктің жүріп кетуін бақылау функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- Алдыда жүріп бара жатқан көлік құралы кілт бұрылып жатыр




©ADAS034SD

[A]: сіздің автокөлігіңіз,

[B]: алдыда жүріп бара жатқан көлік құралы

Егер алдыда жүріп келе жатқан көлік құралы кілт бұрылса, мысалы, солға, оңға, кері бұрылса және т.с.с., алдыда тұрған автокөліктің жүріп кетуін бақылау функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.


- Алдыда тұрған автокөліктің бірден жүріп кетуі



©ADAS024SD


Егер алдыда тұрған автокөлік қозғалысты бірден бастайтын болса, алдыда тұрған автокөліктің жүріп кетуін бақылау функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- Сіздің автокөлігіңіз бен алдыдағы автокөліктің арасында жаяу жүргінші немесе велосипедші бар




Егер сіздің автокөлігіңіз бен алдыдағы автокөліктің арасында жаяу жүргінші немесе велосипедші бар болса, алдыда тұрған автокөліктің жүріп кетуін бақылау функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- Тұрақ орнында



Сіздің жаныңызда тұраққа қойылған автокөлік орнынан қозғалған жағдайда алдыда тұрған автокөліктің жүріп кетуін бақылау функциясы сізге тұраққа қойылған автокөліктің қозғалысты бастағаны туралы ескертуі мүмкін.

- Жол баж салығын жинау пунктінен, жол қиылысынан және т.с.с. жерлерден өткен кезде



Жол баж салығын жинау пунктінен немесе көлік құралдарының саны көп жол қиылысынан өткен кезде, сондай-ақ жолақтар жиі қосылып кететін және бөлінетін жерлерде жүргенде алдыда тұрған автокөліктің жүріп кетуін бақылау функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Алдыңғы көрініс камерасына қатысты сақтық шаралары туралы толық ақпарат 7-тараудың «Маңдайлық соқтығысу туралы ескерту көмекші жүйесі (FCA)» бөлімінде берілген.

КРУИЗ-КОНТРОЛЬ (СС) (БАР БОЛСА)



OCN7060059


- (1) Круиз-контроль индикаторы (Cruise indicator)
- (2) Жылдамдықты белгілеу

Круиз-контроль жүйесі акселератор педалін баспай, 30 км/сағ. шамасынан жоғары тұрақты жылдамдықпен қозғалуға мүмкіндік береді.

Жүйе жұмысы

Жылдамдықты белгілеу

1. Қозғалыс жылдамдығын 30 км/сағ. (20 миль/сағ.) кем болмауы тиіс қалаған жылдамдыққа дейін үдетіңіз.




OCN7060060

2. Қажетті жылдамдыққа жеткенде «Driving Assist» **MODE** (Көлікті жүргізу кезіндегі көмек) түймесін басыңыз. Аспаптар тақтасында белгіленген жылдамдықтың және круиз-контроль жүйесінің жарық индикаторы жанады (**CRUISE**).
3. Акселератор педалін жіберіңіз. Акселератор педалін баспасаңыз да, автокөлік жылдамдығының белгіленген мәні сақталып тұрады.

i Ақпарат


Шұғыл еңіспен жоғары не төмен қозғалған кезде автокөлік сәл баяулауы не шапшаңдауы мүмкін.

Жылдамдықты үдету




- «+» түймесін басыңыз да, бірден жіберіңіз. Түймені осылай басқан сайын орташа жылдамдық 1 км/сағ. шамасына артады.
- Аспаптар тақтасында белгіленіп жатқан жылдамдық мәнін қадағалай отырып, «+» түймесін басып ұстап тұрыңыз. Алдымен жылдамдық ең жақын ондық санға дейін (мильмен бестік санға дейін) ұлғаяды, содан кейін әрбір басқан сайын 10 км/сағ. шамасына ұлғаяды. Қалаған жылдамдықты белгілегеннен кейін түймені жіберіңіз. Автокөлік белгіленген жылдамдыққа дейін өздігінен үдейді.

Жылдамдықты төмендету



- «-» түймесін басыңыз да, бірден жіберіңіз. Түймені осылай басқан сайын орташа жылдамдық 1 км/сағ. шамасына азаяды.
- Аспаптар тақтасында белгіленіп жатқан жылдамдық мәнін қадағалай отырып, «-» түймесін басып ұстап тұрыңыз. Алдымен жылдамдық ең жақын ондық төмендейді, содан кейін әрбір басқан сайын 10 км/сағ. шамасына төмендейді. Ұсталып тұруы тиіс жылдамдыққа келгенде түймені жіберіңіз.

Функция жұмысының уақытша тоқтатылуы




OCN7060063

Круиз-контроль жұмысының уақытша тоқтатылуының себептері төменде көрсетілген.

- Тежегіш педалінің басылуы.
- **CC** түймесінің басылуы.
- Берілістерді ауыстыру иінтірегінің «N» (бейтарап) қалпына ауыстырылуы.
- Автокөлік жылдамдығының 30 км/сағ. (20 миль/сағ.) шамасынан төмен мәнге дейін төмендеуі.
- ESC (динамикалық тұрақтандырудың электронды жүйесі) жұмыс істеп тұр.
- Қолмен басқару режимінде екінші беріліске ауысу.

Белгіленген жылдамдық төмендейді, алайда круиз-контроль индикаторы (**CC** CRUISE) сөнбейді.

Функция жұмысының қайта жалғасуы



OCN7060145


«+», «-» немесе **CC** түймесін басыңыз.

«+» немесе «-» ауыстырып қосқышын бассаңыз, жүйе аспаптар тақтасында көрсетілген қозғалыс жылдамдығын орнатады.

CC түймесін бассаңыз, алдын ала орнатылған қозғалыс жылдамдығы қалпына келтіріледі.

Функцияның жұмысын қалпына келтіру үшін автокөліктің жылдамдығы 30 км/сағ. (20 миль/сағ.) шамасынан жоғары болуы тиіс.

Функцияны өшіру



Круиз-контроль жүйесін өшіру үшін «Driving Assist» **CRUISE** (Автокөлікті жүргізу кезіндегі көмек режимі) түймесін басыңыз.

Круиз-контроль индикаторы (**CRUISE**) сөнеді.

Қажет емес кезде круиз-контроль жүйесін өшіріп қою үшін «Driving Assist» **CRUISE** (Көлікті жүргізу кезіндегі көмек) түймесін басыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Круиз-контроль жүйесін пайдаланған кезде төменде көрсетілген сақтық шараларын сақтау қажет.

- Автокөліктің жылдамдығын әрдайым нақты елде қабылданған жылдамдық шектеуінен төмен етіп белгілеңіз.
- Жылдамдық абайсызда белгіленіп кетпеуі үшін пайдаланылмайтын кезде круиз-контроль жүйесінің өшірулі тұрғанына көз жеткізіңіз. Круиз-контроль индикаторының (**CRUISE**) жанбай тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Круиз-контроль жүйесі жүргізушінің дұрыс және қауіпсіз жүргізу дағдыларын ауыстыратын жүйе болып табылмайды. Болжанбаған және қауіпті жағдайларды болдырмау үшін жүргізуші көлікті жүргізу кезінде қауіпсіздікті қадағалауы тиіс.
- Болжанбаған және қауіпті жағдайларды болдырмау үшін әрдайым абайлап қозғалыңыз. Үнемі жолдағы жағдайларды қадағалап отырыңыз.

- Тұрақты жылдамдықпен жүру қауіпсіз емес болса, круиз-контрольді пайдаланбаңыз:
 - Қозғалысы қарқынды жолда жүргенде немесе жол қозғалысының жағдайлары тұрақты жылдамдықпен жүруді қиындатқан кезде
 - Тайғанақ жолда жүргенде (жаңбырдан су болған, мұз қатқан не қар басқан)
 - Кедір-бұдырлы жерлерде не қатты жел кезінде жүргенде
 - Қатты жел соғатын аудандарда жүргенде
 - Көру мүмкіндігі шектеулі жағдайда қозғалғанда (тұман, қар, жаңбыр немесе шаңды дауыл сияқты қолайсыз ауа райы салдарынан болуы мүмкін).
 - Механикалық берілістерді ауыстыру қорабында «N» (Бейтарап) берілісі қосылған болса.
- Круиз-контрольді қосқан кезде ілініс педальін баспастан «N» (Бейтарап) берілісін қоспаңыз.
- Тіркемелерді сүйреген кезде круиз-контрольді пайдаланбаңыз.


ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ КРУИЗ-КОНТРОЛЬ (SCC) (БАР БОЛСА)

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті анықтауға және қажетті жылдамдықты және алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін ең төменгі арақашықтықты ұстап отыруға арналған.

Басып озу кезіндегі көмек жүйесі

Жүргізушінің алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті басып озу әрекетін жасауға ниетті екенін анықтайтын интеллектуалды круиз-контроль жүйесі жұмыс істеп тұрса, басып озу кезіндегі көмек жүйесі қосылады.

Анықтау датчигі



[1]: алдыңғы көрініс камерасы, [2]: алдыңғы радар,

Алдыңғы көрініс камерасы мен алдыңғы радар алдыда жүріп бара жатқан көлік құралдарын анықтау датчигі ретінде пайдаланылады.

Анықтау датчигінің нақты орналасқан жерін жоғарыдағы суреттен қараңыз.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін алдыңғы көрініс камерасын және алдыңғы радарды әрдайым дұрыс күйде ұстаңыз.

Алдыңғы көрініс камерасына қатысты сақтық шаралары туралы толық ақпарат 7-тараудың «Маңдайлық соқтығысу туралы ескерту көмекші жүйесі (FCA)» бөлімінде берілген.

Функциялардың параметрлері

Функцияларды баптау




Жүйені қосу

- Жүйені қосу үшін көлікті жүргізу кезіндегі көмек жүйесінің түймесін **ОМПОЕ** басыңыз. Ағымдағы қозғалыс жылдамдығы белгіленеді, ол аспаптар тақтасында көрсетіледі.
- Егер алдыңызда көлік құралы жоқ болса, белгіленген жылдамдық сақталады, ал егер алдыңызда көлік құралы бар болса, оған дейінгі арақашықтықты сақтау үшін жылдамдық төмендеуі мүмкін. Егер алдыда жүріп бара жатқан көлік құралы жылдамдығын үдетсе, сіздің автокөлігіңіз белгіленген жылдамдыққа дейін үдейді, осыдан кейін круиз-контроль жүйесінің тұрақты жылдамдығымен қозғалысты жалғастырады.


i Ақпарат

Егер автокөлігіңіз 0~30 км/сағ. шамасындағы жылдамдықпен келе жатса, **ОМПОЕ** түймесін басқан кезде интеллектуалды круиз-контроль жүйесіне 30 км/сағ. шамасындағы жылдамдық белгіленеді.




Баптау

Бұл түймені басқан сайын арақашықтық параметрінің мәні келесі ережелерге сәйкес өзгереді болады.




i Ақпарат

- 90 км/сағ. (56 миль/сағ) шамасындағы жылдамдықпен қозғалған кезде мынадай арақашықтық сақталады:
 - «4-арақашықтық» — шамамен 53 м (172 фут)
 - «Distance 3» (3-арақашықтық) — шамамен 40 м (130 фут)
 - «2-арақашықтық» — шамамен 30 м (106 фут)
 - «Distance 1» (1-арақашықтық) — шамамен 25 м (82 фут)
- Қозғалтқышты қайта оталдырған кезде немесе жүйені уақытша өшірген кезде арақашықтық параметріне соғы белгіленген мән орнатылады.



Жылдамдықты үдету

- «+» түймесін басыңыз да, бірден жіберіңіз. Түймені осылай басқан сайын орташа жылдамдық 1 км/сағ. шамасына артады.
- Аспаптар тақтасында белгіленіп жатқан жылдамдық мәнін қадағалай отырып, «+» түймесін басып ұстап тұрыңыз. Түймені осылай басқан сайын орташа жылдамдық 10 км/сағ. шамасына артады. Қалаған жылдамдықты белгілегеннен кейін түймені жіберіңіз. Автокөлік белгіленген жылдамдыққа дейін өздігінен үдейді. Жылдамдықты 180 км/сағ. (112 миль/сағ.) шамасына дейін орната аласыз.



Жылдамдықты төмендету


- «-» түймесін басыңыз да, бірден жіберіңіз. Түймені осылай басқан сайын орташа жылдамдық 1 км/сағ. шамасына азаяды.
- Аспаптар тақтасында белгіленіп жатқан жылдамдық мәнін қадағалай отырып, «-» түймесін басып ұстап тұрыңыз. Мұндай әрекетті жасаған сайын круиз-контрольдің жылдамдығы 10 км/сағ. (5 миль/сағ.) шамасына азаяды. Ұсталып тұруы тиіс жылдамдыққа келгенде түймені жіберіңіз. Жылдамдықты 30 км/сағ. (20 миль/сағ.) шамасына дейін орнатуға болады.



АБАЙЛАҢЫЗ


«+» түймесін баспай тұрып, айналадағы мән-жайды тексеріп алыңыз.

«+» түймесін басып ұстап тұрсаңыз, қозғалыс жылдамдығы бірден ұлғаюы мүмкін.



Функцияны уақытша өшіру

||| ауыстырып қосқышын немесе тежегіш педалін басқанда интеллектуалды круиз-контроль жүйесі уақытша өшеді.



Функция жұмысының қайта жалғасуы


Өшірілген интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің жұмысын қалпына келтіру үшін «+», «-» немесе ||| ауыстырып қосқышын басыңыз.

«+» немесе «-» ауыстырып қосқышын бассаңыз, жүйе аспаптар тақтасында көрсетілген қозғалыс жылдамдығын орнатады.


||| түймесін басқанда, алдын ала белгіленген қозғалыс жылдамдығы қалпына келтіріледі.

АБАЙЛАҢЫЗ


||| түймесін баспай тұрып, айналадағы мән-жайды тексеріп алыңыз. ||| түймесін басқанда, қозғалыс жылдамдығы бірден үдеуі немесе төмендеуі мүмкін.




Функцияны өшіру

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесін өшіру үшін «Driving Assist»  МОДЕ (Автокөлікті жүргізу кезіндегі көмек режимі) түймесін басыңыз.

Ақпарат

Автокөлік жылдамдықты қолмен шектеу жүйесімен жабықталған болса, интеллектуалды круиз-контроль жүйесін өшіру үшін «Driving Assist» (Автокөлікті жүргізу кезіндегі көмек режимі)  МОДЕ түймесін басып ұстап тұрыңыз. Сол кезде жылдамдықты қолмен шектеу жүйесі қосылады.



Ескертулердің дыбыс қаттылығы

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, интеллектуалды круиз-контроль ескертулерінің дыбыс қаттылығын өзгерту үшін «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Warning Volume» (Ескертулердің дыбыс қаттылығы) тармағын таңдаңыз да, келесі мәндердің бірін таңдаңыз: «High» (Жоғары), «Medium» (Орташа) немесе «Low» (Төмен).

Ескертудің дыбыс қаттылығын өзгерткен жағдайда өзге жүргізушіге көмек жүйелері ескертулерінің дыбыс қаттылығы да өзгеруі мүмкін.

Ақпарат

Қозғалтқыш қайта оталдырылғаннан кейін ескертулер қаттылығына соңғы баптаулар қолданылады.

Функцияның жұмысы

Жұмыс жағдайлары

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істейді.

Негізгі функциялар

- Беріліс қорабы «D» (алдыңғы жүріс) режимінде болғанда.
- Жүргізуші есігі жабық тұрғанда.
- Электронды тұрақ тежегіші қосылмаған.
- Автокөлік жылдамдығы жұмыс диапазонының шегінде.
 - 10–180 км/сағ. (5–112 миль/сағ.): автокөліктің алдында басқа көлік құралы жоқ болса
 - 0–180 км/сағ. (0–110 миль/сағ.): автокөліктің алдында басқа көлік құралы бар болса
- Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC), бос айналуға қарсы жүйе (TCS) немесе ABS жүйесі жұмыс істеп тұр.
- Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC), бос айналуға қарсы жүйе (TCS) немесе ABS жүйесі автокөлікті басқарып тұрған жоқ.
- Қозғалтқыштың айналу жиілігі қызыл аймақта орналаспаған.
- Маңдайлық соқтығысу туралы ескерту көмекші жүйесіне арналған тежелуді басқару жұмыс істемейді.

Ақпарат

Егер тоқтаған кезде автокөлігіңіздің алдында көлік құралдары жоқ болса, жүйе тежегіш педальін басқан кезде қосылады.

Басып озу кезіндегі көмек жүйесі


Басып озу кезіндегі көмек жүйесі интеллектуалды круиз-контроль қосылып тұрғанда және төмендегі шарттар орындалған жағдайда сол жақ бұрылыс көрсеткішін (рулі сол жақта орналасқан автокөлік үшін) немесе оң жақ бұрылыс көрсеткішін (рулі оң жақта орналасқан автокөлік үшін) қосқан кезде жұмыс істейді.

- Автокөлік жылдамдығы 60 км/сағ. (40 миль/сағ.) шамасынан асады.
- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі өшіп тұр.
- Автокөлігіңіздің алдында көлік құралы анықталды.
- Алдыңызда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі арақашықтықты сақтау үшін жылдамдықты төмендету қажет емес.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Сол жақ бұрылыс көрсеткішін (рулі сол жақта орналасқан автокөлік үшін) немесе оң жақ бұрылыс көрсеткішін (рулі оң жақта орналасқан автокөлік үшін) қосқан кезде және алдыда көлік құралы болған жағдайда автокөлік жылдамдығы біршама уақытқа үдеуі мүмкін. Үнемі жолдағы жағдайларды қадағалап отырыңыз.
- Өз еліңіздегі қозғалыстың бағытына қарамастан, басып озу кезіндегі көмек жүйесі шарттар орындалған жағдайда жұмыс істейді. Функцияны қозғалыс бағыты өзгеше елдерде қолданған жағдайда әрдайым жолдағы жағдайларды қадағалаңыз.

Жылдамдықты уақытша үдету



Егер интеллектуалды круиз-контроль қосұлы тұрған кезде жылдамдықты уақытша үдету қажет болса, акселератор педалін жіберіңіз. Жылдамдықты үдеткен кезде аспаптар тақтасында белгіленген жылдамдықтың, ағымдағы арақашықтықтың және мақсатты қашықтықтың мәндері жыпылықтап тұрады.


АБАЙЛАҢЫЗ

Жылдамдықты үдеткен кезде аса сақ болу қажет, себебі сіздің алдыңызда көлік құралы жүріп бара жатса да, жылдамдықты және арақашықтықты басқару автоматты түрде жүзеге асырылмайды.

Функцияның көрсетілуі және оны басқару

Негізгі функциялар

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі жұмысының күйін аспаптар тақтасында «Көлікті жүргізу кезіндегі көмек» қарап шығу режимінде тексеруге болады. 4-тараудағы «Қарап шығу режимдері» бөлімін қараңыз. Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің сигналдары жүйенің күйіне байланысты төмендегідей көрсетіледі.




- Жұмыс кезінде
 - (1) Алдыда көлік құралының бар-жоғы, сондай-ақ оған дейінгі таңдалған арақашықтық.
 - (2) Белгіленген жылдамдық көрсетіледі.
 - (3) Алдыда жүріп бара жатқан көлік құралы болған жағдайда көлік құралдарының арасындағы таңдалған арақашықтық көрсетіледі.
- Уақытша өшкен жағдайда
 - (1) CRUISE индикатор көрсетіледі.
 - (2) Жылдамдықтың алдыңғы белгіленген мәні күңгірттеледі.
 - (3) Алдыда жүріп бара жатқан көлік құралы және арақашықтық деңгейі көрсетілмейді.

Ақпарат

- Алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі арақашықтық тақтада сіздің автокөлігіңіз бен алдыда жүріп бара жатқан автокөлік арасындағы нақты арақашықтыққа сәйкес көрсетіледі.
- Мақсатты арақашықтық көлік құралының жылдамдығына және белгіленген арақашықтық деңгейіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Автокөліктің жылдамдығы төмен болса, автокөліктердің арасындағы арақашықтық өзгерсе де, автокөліктердің арасындағы мақсатты арақашықтық азғантай ғана өзгеруі мүмкін.

Функцияны уақытша өшіру



OCN7070052L

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі төменде көрсетілген жағдайларда уақытша автоматы түрде өшіріледі.

- Жылдамдық 210 км/сағ. шамасынан асқан кезде
- Автокөлік белгілі уақытқа тоқтағанда
- Акселератор педалі белгілі уақыт ішінде үздіксіз басылып тұрғанда
- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің жұмыс істеу шарттары сақталмаған


Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі уақытша өшірілген болса, аспаптар тақтасында «Smart Cruise Control canceled» (Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі өшірілген) немесе «SCC (Smart Cruise Control) cancelled» (SCC автоматты түрде өшірілген) ескерту хабарламасы пайда болады және жүргізушіге дыбыстық ескерту беріледі.

Жүйесі қосылып тұрған автокөлік қозғалыссыз тұрғанда интеллектуалды круиз-контроль жүйесі уақытша өшіп тұрса, электронды тұрақ тежегіші (EPB) қосылуы мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі уақытша өшіп тұрса, алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі тұрақты арақашықтық сақталмайды. Қозғалыс кезінде үнемі алдағы жол жағдайын үнемі қадағалап отыру және қажет болса, қауіпсіз қашықтықты ұстап отыру мақсатында жылдамдықты төмендету үшін тежегіш педалін пайдалану қажет.


Функцияның жұмыс істеу шарттары орындалмаған




OCN7070053L


Егер жүйе жұмысының шарттары орындалмай тұрған жағдайда  МПОЕ, «+», «-» немесе  көлікті жүргізу кезіндегі көмек түймесі басылатын болса, аспаптар тақтасында «Smart Cruise Control conditions not met» (Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің жұмыс істеу шарттарын орындалмаған) немесе «SCC (Smart Cruise Ctrl.) conditions not met» (Интеллект. круиз-контроль қолжетімсіз) ескерту хабарламасы пайда болады және дыбыстық хабар беріледі.

Тығыз көлік ағыны жағдайында қозғалу




Кептелісте қозғалған кезде алдыдағы көлік құралы тоқтайтын болса, сіздің автокөлігіңіз де тоқтайды. Сонымен бірге алдыңыздағы көлік құралы қозғалысты бастайтын болса, сіздің автокөлігіңіз де орнынан қозғалады. Сондай-ақ көлік құралы тоқтағаннан кейін белгілі уақыт өтсе, аспаптар тақтасында «Use switch or pedal to accelerate» (Үдеу үшін акселератор педалін немесе түймені басыңыз) хабарламасы пайда болады. Қозғалысты бастау үшін акселератор педалін немесе «+», «-» не  түймесін басыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Аспаптар тақтасында хабарлама көрсетілгенде және алдыда көлік құралы болмағанда немесе ол сізден алыста болған кезде «+», «-» немесе  түймесін басатын болсаңыз, интеллектуалды круиз-контроль жүйесі автоматты түрде өшеді және электронды тұрақ тежегіші (EPB) қосылады. Алайда акселератор педалін жіберсеңіз, электронды тұрақ тежегіші (EPB) жүйе өшіп тұрса да қосылмайды. Алдыңыздағы жолдағы жағдайларды үнемі қадағалап отырыңыз.

Қозғалыс бағытының бойындағы жол жағдайлары туралы ескерту




Төмендегі жағдайларда аспаптар тақтасында «Watch for surrounding vehicles» (НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ Айналадағы автокөліктерді қадағалаңыз) ескерту хабарламасы көрсетіледі және жүргізушіге қозғалыс бағыты бойындағы жолдағы жағдайлар туралы хабарлау үшін дыбыстық ескерту беріледі.

- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі алдыда белгіленген жылдамдықтан төмен жылдамдықпен жүріп келе жатқан көлік құралына дейінгі арақашықтықты сақтап отырған кезде бұл көлік құралы жоғалып кетсе.

АБАЙЛАҢЫЗ

Сақтық танытыңыз және алдыңыздан кенеттен шыға келуі мүмкін көлік құралдарын және объектілерді қадағалаңыз. Қажет болса, жылдамдықты төмендету және қауіпсіз арақашықтықты сақтау үшін тежегіш педалін басыңыз.

Соқтығысу қаупі!



Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі жұмыс істеп тұрса және алдыда жүріп бара жатқан көлік құралымен соқтығысу қаупі жоғары болса, аспаптар тақтасында «Collision Warning» (Соқтығысу қаупі) ескерту хабарламасы көрсетіледі және жүргізушіге дыбыстық хабар беріледі. Қозғалыс кезінде үнемі алдағы жол жағдайын үнемі қадағалап отыру және қажет болса, қауіпсіз қашықтықты ұстап отыру мақсатында жылдамдықты төмендету үшін тежегіш педалін пайдалану қажет.

АБАЙЛАҢЫЗ

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі төменде көрсетілген жағдайларда жүргізушіге соқтығысу қаупі туралы ескертпеуі мүмкін.

- Алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі арақашықтық аз немесе алдыда жүріп бара жатқан көлік құралы сіздің автокөлігіңіздің жылдамдығына тең немесе одан асатын жылдамдықпен жүріп бара жатыр
- Өзге көлік құралы қозғалыссыз тұр немесе өте төмен жылдамдықпен қозғалып бара жатыр
- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесін қосқаннан кейін бірден акселератор педалі басылған

АБАЙЛАҢЫЗ

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесін пайдаланған кезде төменде көрсетілген сақтық шараларын сақтау керек.

- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі жүргізушінің дұрыс және қауіпсіз жүргізу дағдыларын ауыстыратын жүйе болып табылмайды. Жүргізуші жылдамдықты және алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі арақашықтықты үнемі қадағалап отыруға міндетті.
- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі болжанбаған және қауіпті жағдайларды немесе күрделі қозғалыс жағдайларын анықтай алмауы мүмкін, сол себепті көлікті жүргізу кезінде жолдағы жағдайларды қадағалаңыз және автокөлігіңіздің жылдамдығын бақылаңыз.
- Жылдамдық абайсызда белгіленіп кетпеуі үшін пайдаланылмайтын кезде интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің өшірулі тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Автокөлік тоқтап тұрса да, интеллектуалды круиз-контроль жүйесі қосылып тұрған кезде есікті ашпаңыз және автокөліктен шықпаңыз.
- Әрдайым таңдалған жылдамдық пен арақашықтық мәндерін ескеріңіз.
- Жолдағы жағдайға сәйкес келетін қауіпсіз арақашықтықты және қозғалыс жылдамдығын сақтаңыз. Үлкен жылдамдықпен қозғалу кезінде бұл арақашықтық тым аз болса, ауыр соқтығысулар орын алуы мүмкін.
- Алдыда жүріп бара жатқан автокөлікпен арадағы арақашықтық сақталған жағдайда ол автокөлік жоқ болып кеткен кезде жүйе кенеттен белгіленген жылдамдыққа дейін үдеуі мүмкін. Болжанбаған және қауіпті жағдайларды болдырмау үшін әрдайым абайлап қозғалыңыз.
- Автокөліктің жылдамдығы өрге көтерілгенде төмендеуі ал еңіске түскенде жоғарылауы мүмкін.
- Алдыңыздан кенеттен өзге көлік құралының пайда болуы секілді жағдайлардың алдын ала отырып, әрдайым жолдағы жағдайды қадағалаңыз.

- Тіркемені немесе екінші бір автокөлікті сүйреген жағдайда қауіпсіздік мақсатында интеллектуалды круиз-контроль жүйесін өшіріп қойған жөн.
- Автокөлігіңізді өзге автокөлік сүйреген жағдайда интеллектуалды круиз-контроль жүйесін өшіріп қойыңыз.
- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі күшті электрмагнитті толқындардың әсерінен дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі қозғалыс бағытындағы кедергілерді анықтамауы мүмкін, бұл апаттарға алып келуі мүмкін. Күтпеген және кездейсоқ жағдайлардың туындауын болдырмау үшін әрдайым жолға мұқият қарап отырыңыз.
- Алдыда жүріп бара жатқан және қозғалыс жолағын жиі ауыстыратын көлік құралдарының салдарынан жүйе кешігіп жауап қайтаруы немесе іс жүзінде көрші жолақта орналасқан көлік құралдарына жауап қайтаруы мүмкін. Болжанбаған және қауіпті жағдайларды болдырмау үшін әрдайым абайлап қозғалыңыз.
- Аспаптар тақтасында ескерту хабарламасы пайда болмаса да және дыбыс сигналы берілмесе де сізге мұқият болып, автокөлікті қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтау қажет.
- Егер ескерту хабарламасы көрсетіліп тұрса немесе қандай да бір басқа жүйенің дыбыстық сигналы беріліп жатса, интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің хабарламасы көрсетілмеуі, ал дыбыстық ескерту берілмеуі мүмкін.
- Шулы ортада интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің дыбыстық ескертуі естілмеуі мүмкін.
- Автокөлік өндірушісі жүргізушінің жол қозғалысы ережелерін бұзғаны немесе соңғысының кінәсіне байланысты туындаған жол оқиғалары үшін жауапкершілік көтермейді.


- Автокөліктің жылдамдығын әрдайым нақты елде қабылданған жылдамдық шектеуінен төмен етіп белгілеңіз.


i Ақпарат

- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі автокөлікті оталдырғаннан кейін, алдыңғы көрініс камерасын немесе алдыңғы радарды қосқаннан кейін алғашқы 15 секунд бойы жұмыс істемейді.
- Тежелуді интеллектуалды круиз-контроль жүйесі басқарған кезде дыбыс естілуі мүмкін.


Функцияның ақаулығы және шектеулері

Функцияның ақаулығы



Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі дұрыс жұмыс істемей тұрса, «Check Smart Cruise Control system» (Интеллектуалды круиз-контроль жүйесін тексеріңіз) немесе «Check SCC (Smart Cruise Control) system» (SCC (Интел. круиз-контрольді) тексеріңіз) ескерту хабарламасы пайда болады және аспаптар тақтасында  сигнал шамы жанады. Жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Функция өшірулі



Егер алдыңғы радардың қақпағын немесе датчиктің бетін қандай да бір зат, мысалы, қар не жаңбыр тамшылары жауып тұрса, объектілерді анықтау сапасы нашарлауы, сондай-ақ интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің жұмысы уақытша шектелуі немесе жүйе өшуі мүмкін.

Бұл жағдайда аспаптар тақтасында біршама уақыт бойы «Smart Cruise Control disabled. Radar blocked» (Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі өшірілген. Радар бұғатталған) немесе «SCC (Smart Cruise Control) disabled. Radar blocked» (Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі өшірілген. Радар бұғатталған) ескерту хабарламасы көрсетіледі.

Қардан, жаңбыр тамшыларынан және кір-балшықтан тазартылғаннан кейін жүйе қалыпты режимде өзінің жұмысын қайта жалғастырады.

АБАЙЛАҢЫЗ

- аспаптар тақтасында ескерту хабарламасы пайда болмаса да, интеллектуалды круиз-контроль жүйесі тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.
- Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі қозғалтқышты оталдырғаннан кейін анықталатын объектілері жоқ учаскелерде (мысалы, ашық жерде) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.


Функция жұмысының шектеулері

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі төменде көрсетілген жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі немесе болжауға келмейтіндей түрде жұмыс істеуі мүмкін.

- Анықтау датчигі не оның айналасындағы аймақ ластанған немесе зақымдалған.
- Әйнек жуғыш сұйықтығы тұрақты түрде бүркілуде немесе әйнек тазалағыш қосылып тұр.
- Камера объективін күңгірттелген, үлдірмен қапталған немесе жабыны бар алдыңғы әйнек, зақымдалған әйнек немесе әйнекке жабысып қалған бөтен зат (жапсырма, жәндік және т.б.) жауып тұр.
- Алдыңғы әйнекте ылғалдың немесе мұздың қалдықтары бар.
- Күннің шақырайған жарығынан алдыңғы көрініс камерасында алдыңғы көрініс нашар көрініп тұр.
- Көше шамдарының жарығы немесе қарсы бағытта келе жатқан автокөліктің жарығы сулы жол бетінде (мысалы, шалшықтардан) шағылысқанда.
- Алдыңғы көрініс камерасы орнатылған жердегі температура тым жоғары немесе тым төмен.
- Аспаптар тақтасында қандай да бір зат орналасқанда.
- Айнала тым жарық болғанда.
- Айнала тым қараңғы (мысалы, туннельде және т.б. жерлерде) болғанда.
- Жарық кенет өзгергенде, мысалы, туннельге кіргенде немесе туннельден шыққанда.
- Жарық төмен, ал негізгі фаралар сөндірілген немесе әлсіз жанып тұр.
- Көлікті нөсер жаңбыр немесе қалың тұман кезінде жүргізу.
- Будың, түтіннің ішімен немесе көлеңкемен қозғалуы.


- Көлік құралының тек бір бөлігі ғана анықталып тұр.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралының артқы шамдары жоқ, артқы шамдары стандартты емес қалыпта орнатылған және т.с.с.
- Сырттағы жарық төмен, ал артқы шамдар қосылмаған немесе қатты жарық емес.
- Алдыда жүріп бара жатқан көлік құралының артқы бөлігінің көлемі шағын немесе түрі стандартқа сай емес (мысалы, еңкейтілген, аударылған және т.с.с.).
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралының жол саңылауы шағын немесе үлкен.
- Сіздің алдыңызда көлік құралының кенеттен пайда болуы.
- Автокөлік сүйретілген кезде.
- Туннельмен немесе металл көпірмен қозғалу.
- Автокөлік металл нысандар (мысалы, құрылыс алаңдары, темір жол және т.б.) бар жерлермен қозғалып бара жатыр.
- Автокөлікке жақын жерде алдыңғы радарға қатты жарық шағылыстырып тұрған нысан, мысалы, қоршау, өзге көлік құралы және т.с.с. орналасқан.
- Бампердің алдыңғы бұрыштық радар орнатылған жеріне соққы тисе не зақымдалса немесе алдыңғы радар жылжып кетсе.
- Алдыңғы радар орнатылған жердегі температура тым жоғары немесе тым төмен.
- Автокөлік көлік құралдары не құрылыс нысандары сирек кездесетін жазық даламен жүріп бара жатыр (мысалы, шөлмен, көгалды даламен, шет жолмен).
- Алдағы автокөлік алдыңғы радардың сигналын шағылыстырмайтын материалдан жасалған.
- Көлікті тас жолдың (немесе автомагистральдың) не ақылы жолдың жолайрығына жақын жерде жүргізу.
- Автокөлік қар, шалшық немесе мұз сияқты тайғанақ бетпен қозғалады;
- Ирелең жолмен қозғалу.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралы кеш анықталды.
- Автокөлігіңіз бен алда жүріп бара жатқан көлік құралының арасында кедергі пайда болады.
- Алдағы көлік құралы кенеттен қатарын ауыстырады немесе жылдамдығын төмендетеді.
- Алда жүріп бара жатқан көлік құралы қисық орналасқан.
- Алдағы көлік құралы тез немесе баяу қозғалып бара жатыр.
- Алдыда көлік құралы жүріп бара жатқан кезде автокөлігіңіз қозғалыс жолағын баяу ауыстырғанда.
- Алдағы көлік құралының үстінде қар болғанда.
- Автокөлікті біркелкі емес жүргізгенде.
- Сіз айналма қозғалысы бар жол қиылысында тұрсыз, ал өзге автокөлік көрінбейді.
- Сіз автокөлікті үздіксіз шеңбер бойымен жүргізіп келе жатырсыз.
- Тұрақ орнындағы қозғалыс.
- Құрылыс алаңы арқылы, тас төселмеген жолмен, ішінара тас төселген жолмен, тегіс емес жолмен, жылдамдық бәсеңдеткіш дөңестің және т.б. үстімен қозғалу.
- Өрге қарай немесе өрден төмен, бұралаң жолмен және т.с.с. қозғалу.
- Жиегінде ағаштар өсіп тұрған немесе көше шамдары бар жолмен қозғалу.
- Жағымсыз жол жағдайлары салдарынан қозғалыс кезінде автокөлік қатты дірілдейді.
- Жүксалғышқа көп жүк тиелгендіктен, шиналардағы қысым дұрыс болмағандықтан және т.с.с. автокөліктің биіктігі өзгерген.
- Жан-жағында қалың ағаштар немесе шөптер өсіп тұрған тар автожолмен қозғалу.
- Электрмагнитті кедергілер, мысалы, радиотолқындары немесе электр шуылдары қатты аймақта қозғалған кезде.

- Қисық жолмен қозғалу



Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі қисық жолда сіздің жолағыңызда жүріп бара жатқан көлік құралын анықтай алмауы және қозғалысты белгіленген жылдамдыққа дейін үдетуі мүмкін. Бұған қоса алдыңғы жақтан кенеттен көлік құралы анықталатын болса, автокөлік жылдамдығын кілт төмендетуі мүмкін.


Қисық жолда тиісті жылдамдықпен қозғалу және жолға және қозғалыс жағдайларына байланысты оны тежегіш не акселератор педалінің көмегімен реттеп отыру қажет.



Автокөлік жылдамдығы көршілес қозғалыс жолағындағы көлік құралын есепке алып төмендеуі мүмкін.

Акселератор педалін басыңыз және тиісті жылдамдықты орнатыңыз. Жол жағдайлары интеллектуалды круиз-контроль жүйесін қауіпсіз қолдануға мүмкіндік беретініне көз жеткізіңіз.


- Еңісте қозғалу.



Өрге немесе еңіске қарай қозғалған кезде интеллектуалды круиз-контроль жүйесі сіздің жолағыңызда жүріп келе жатқан көлік құралын анықтай алмауы мүмкін, сондықтан қозғалысты белгіленген жылдамдыққа дейін үдетеді. Бұған қоса алдыңғы жақтан кенеттен көлік құралы анықталатын болса, автокөлік жылдамдығын кілт төмендетеді.

Еңістерде тиісті жылдамдықпен қозғалу және жолға және қозғалыс жағдайларына байланысты оны тежегіш не акселератор педалінің көмегімен реттеп отыру қажет.

- Қозғалыс жолағын ауыстыру.




[A]: сіздің автокөлігіңіз,

[B]: маневр жасап жатқан автокөлік

Көлік құралы көрші жолақтан сіздің жолаққа ауысқанда датчиктің анықтау қашықтығының шеңберіне кірмейінше датчик оны анықтамайды.

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі қозғалыс жолағын кенеттен өзгерткен көлік құралын бірден анықтай алмауы мүмкін. Бұл жағдайда қауіпсіз тежеу арақашықтығын сақтау және қажет болғанда қауіпсіз қашықтықты ұстап отыру мақсатында қозғалыс жылдамдығын төмендету үшін тежегіш педалін басу қажет.


- Көлік құралын анықтау



Датчик төмендегі жағдайларда сіздің қозғалыс жолағыңыздағы кейбір көлік құралдарын анықтай алмайды:

- Бір жағына қарай ығысып қозғалып келе жатқан автокөліктер;
- Баяу қозғалып келе жатқан немесе жылдамдығын кенеттен баяулатқан автокөліктер;
- Қарсы келе жатқан көлік құралдары;
- Тоқтаған автокөліктер;
- Артқы бөлігінің профилі шағын автокөліктер, мысалы, тіркемелер;
- Мотоциклдер немесе велосипедтер сияқты енсіз көлік құралдары;
- Арнайы автокөліктер;
- Жануарлар және жаяу жүргіншілер.


Жолға және қозғалыс жағдайларына байланысты тежегіш педалін басып автокөліктің жылдамдығын реттеңіз.



Төмендегі жағдайларда датчик алдыда жүріп бара жатқан көлік құралын анықтай алмайды:

- Жол саңылауы биік немесе артқа шығып тұрған жүктерді тиеп келе жатқан көлік құралдары;
- Ауыр жүк тиелгендіктен алдыңғы жағы көтеріліп тұрған көлік құралдары;
- Автокөлігіңізді өзіңіз жүргізіп отырғанда;
- Тар немесе ирелең жолдармен қозғалу.

Жолға және қозғалыс жағдайларына байланысты тежегіш педалін басып автокөліктің жылдамдығын реттеңіз.




- Алдыңызда қозғалып келе жатқан көлік құралы жол қиылысында бұрылып кетсе, автокөлігіңіздің жылдамдығы үдеуі мүмкін.
Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.



- Егер алдыда жүріп бара жатқан автокөлік жолағын ауыстырып жатса, интеллектуалды круиз-контроль жүйесі жолақтың ауыстырылуын бірден анықтай алмауы мүмкін.

Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.



- Автокөлігіңіз алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі арақашықтықты ұстап келе жатқан кезде үнемі жаяу жүргіншілерге назар аударыңыз.

НАВИГАЦИЯСЫ БАР ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ КРУИЗ-КОНТРОЛЬ ЖҮЙЕСІ (NSCC) (БАР БОЛСА)

Интеллектуалды круиз-контроль функциясы жұмыс істеп тұрғанда навигациялық жүйеден алынатын жол ақпаратын пайдалана отырып, интеллектуалды круиз-контроль навигация деректерінің негізінде автострадада (немесе тас жолда) қозғалған кезде жылдамдықты автоматты түрде реттеуге мүмкіндік береді.

i Ақпарат

- Навигациясы бар интеллектуалды круиз-контроль функциясы рұқсатпен кіруге болатын белгілі бір авто тас жолдарда ғана жұмыс істейді.
- * Рұқсатпен кіруге болатын жолдар — бұл көліктің үздіксіз жылдамдықпен қозғалу мүмкіндігін қамтамасыз ететін шектеулі түрде кіріп-шығуға болатын жолдар. Рұқсатпен кіруге болатын жолдарда тек жеңіл автокөліктер мен мотоциклдер ғана жүре алады.
- Навигатордың болашақ жаңартуларына қосымша автомагистральдар кіргізілуі мүмкін.

i Ақпарат

Интеллектуалды круиз-контроль навигация деректерінің негізінде автостраданың (немесе тас жолдың) негізгі жолымен қозғалған кезде жұмыс істейді және жолайрықтарда немесе жол қиылыстарында жұмыс істемейді.

Ирелең автострадада қозғалысты автоматты түрде баяулату


Автокөліктің жылдамдығы жоғары болған жағдайда ирелең автострадада қозғалысты автоматты түрде баяулату функциясы навигациялық деректердің негізінде жолдың ирелең бөлігінде қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету үшін автокөлігіңіздің жылдамдығын уақытша төмендетеді немесе жылдамдықты үдету мүмкіндігін шектейді.

Автострадада жылдамдықты автоматты түрде өзгертуді белгілеу

Автострадада жылдамдықты автоматты түрде өзгертуді белгілеу функциясы жылдамдықты шектеу туралы навигациялық ақпараттың негізінде интеллектуалды круиз-контрольде белгіленген жылдамдықты автоматты түрде өзгертеді.

Функциялардың параметрлері

Функцияларды баптау



Навигация деректерінің негізінде интеллектуалды круиз-контрольді қосу және жүйені өшіру баптауынан бас тарту үшін оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда «Баптаулар» мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Көлікті жүргізу кезіндегі көмек» → «Автострадада жылдамдықты автоматты түрде өзгерту» тармағын басыңыз.

i Ақпарат

Навигациясы бар интеллектуалды круиз-контроль жүйесінде ақаулық болған жағдайда функцияны «Settings» (Баптаулар) мәзірінде баптау мүмкін болмайды.

Функцияның жұмысы

Жұмыс жағдайлары

Төмендегі жүйе жұмысының барлық шарттары орындалып тұрса, навигация деректерінің негізіндегі интеллектуалды круиз-контроль басқаруға дайын.

- Интеллектуалды круиз-контроль жұмыс істеп тұр
- Автострадалардың (немесе тас жолдың) негізгі жолдарымен қозғалу


Ақпарат

Интеллектуалды круиз-контроль функциясын басқару туралы толық ақпарат 7-тараудың «Интеллектуалды круиз-контроль» бөлімінде берілген.

Функцияның көрсетілуі және оны басқару


Навигация деректерінің негізіндегі интеллектуалды круиз-контроль аспаптар тақтасында былай көрсетіледі:

- Функцияның күту режимі



Жұмыс істеу шарттары сақталған жағдайда ақ түсті **AUTO** индикаторы жанады.

- Функцияның жұмысы



Егер баяулауды навигация деректерінің негізіндегі интеллектуалды круиз-контрольдің жұмысы кезінде күту режиміне ауыстыру қажет болса, аспаптар тақтасында жасыл түсті **AUTO** таңбасы жанады.

Автострадада жылдамдықты автоматты түрде өзгертуді белгілеу функциясы жұмыс істеп тұрғанда аспаптар тақтасында жасыл түсті **AUTO** таңбасы және жылдамдықты белгілеу индикаторы жанады, айқын естілетін ескерту сигналы беріледі.

АБАЙЛАҢЫЗ



«Drive carefully» (Автокөлікті абайлап жүргізіңіз) ескерту хабарламасы төмендегі жағдайларда пайда болады:

- «Навигация деректерінің негізіндегі интеллектуалды круиз-контроль» функциясы автокөлігіңіздің жылдамдығын қауіпсіз шамаға дейін төмендете алмайды

Ақпарат

Ирелең автострадада қозғалысты автоматты түрде баяулату және автострадада жылдамдықты автоматты түрде өзгертуді белгілеу функциясы бір тапбаны **AUTO қолданады.**

Ирелең автострадада қозғалысты автоматты түрде баяулату

- Автострададағы (немесе тас жолдағы) алдыдағы ирелең учаскеге байланысты автокөлік жылдамдықты төмендетеді, ал ирелең учаскеден өткеннен кейін автокөлік интеллектуалды круиз-контроль жүйесінде белгіленген жылдамдыққа дейін үдейді.
- Автокөліктің баяулау уақыты автокөліктің жылдамдығына және жолдың ирелеңдігіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Қозғалыс жылдамдығы неғұрлым жоғары болса, автокөлік соғұрлым тезірек баяулай бастайды.

Автострадада жылдамдықты автоматты түрде өзгертуді белгілеу

- Автострадада жылдамдықты автоматты түрде өзгертуді белгілеу функциясы интеллектуалды круиз-контрольдің белгіленген жылдамдығы мен автострададағы (немесе тас жолдағы) жылдамдық шектеуі сәйкес келген жағдайда жұмыс істейді.
- Автострадада жылдамдықты автоматты түрде өзгертуді белгілеу функциясы жұмыс істеп тұрған кезде (автострадада (немесе тас жолда) қозғалып бара жатқан кезде) жылдамдық шектеуі өзгереді, бұл ретте интеллектуалды круиз-контроль жүйесінде белгіленген жылдамдық өзгертілген жылдамдық шектеуіне дейін өзгереді.
- Егер интеллектуалды круиз-контроль жүйесінде жылдамдық шектеуінен өзгеше жылдамдық белгіленетін болса, автострадада жылдамдықты автоматты түрде өзгертуді белгілеу функциясы күту режиміне өтеді.
- Егер автострадада жылдамдықты автоматты түрде өзгертуді белгілеу функциясы автостраданың (немесе тас

жолдың) негізгі жолымен емес, жай жолда жүрумен байланысты күту режиміне ауысқан болса, автострадада жылдамдықты автоматты түрде өзгертуді белгілеу функциясы белгіленген жылдамдықты орнатпастан негізгі жолға ауысқаннан кейін қайтадан іске қосылады.

- Егер автострадада жылдамдықты автоматты түрде өзгертуді белгілеу функциясы тежегіш педальін немесе рульдегі **II** ауыстырып қосқышын баса арқылы күту режиміне ауыстырылған болса, функцияны қайта іске қосу үшін **II** ауыстырып қосқышын басыңыз.
- Автострадада жылдамдықты автоматты түрде өзгертуді белгілеу функциясы жол қиылыстарында және көлік жолайықтарында жұмыс істемейді.


Ақпарат

- Автострадада жылдамдықты автоматты түрде өзгертуді белгілеу функциясы тек автострадада (немесе тас жолда) қозғалған кездегі жылдамдық шектеулерінің негізінде ғана жұмыс істейді. Ол жылдамдықты бақылау камераларымен жұмыс істемейді.
- Автострадада жылдамдықты автоматты түрде өзгертуді белгілеу функциясы жұмыс істеп тұрғанда автострадамен (немесе тас жолмен) қозғалған кезде жылдамдық шектеуі өзгерсе, автокөлік жылдамдығын автоматты түрде төмендетеді немесе үдетеді.
- Автострадада жылдамдықты автоматты түрде өзгертуді белгілеу функциясы үшін ең жоғарғы белгіленген жылдамдық **140 км/сағ. (86 миль/сағ.)** құрайды.
- Егер жаңа жолдың жылдамдық шектеуі навигация жүйесінде жаңартылмаса, автострадада жылдамдықты автоматты түрде өзгертуді белгілеу функциясы тиісінше жұмыс істемейі мүмкін.
- Егер жылдамдық бірліктері үшін сіздің еліңізде қолданылатын жылдамдық бірліктерінен басқа бірліктер белгіленген болса, жылдамдықты автоматты түрде өзгертуді белгілеу функциясы тиісінше жұмыс істемейі мүмкін.


Функция жұмысының шектеулері

Навигациясы бар интеллектуалды круиз-контроль жүйесі төмендегі жағдайларда қалыпты түрде жұмыс істемеуі мүмкін.

- Навигация жүйесі тиісінше жұмыс істемейді
- Жылдамдық шектеуі және жол бөлігі туралы ақпарат навигация жүйесінде жаңартылмаған
- Жол бөлігінің картографиялық деректері мен нақты жағдайлары GPS деректерінің немесе картографиялық ақпараттың қателігіне байланысты өзгешеленеді.
- Бағдарды іздеу, бейнені ойнату, дауысты анықтау және т.с.с. функциялар бір мезгілде орындалғандықтан, ақпараттық-ойын-сауық жүйесіне шектен тыс жүктеме түсірілген.
- Қозғалыс кезінде бағдарды навигациялық түрде іздеу
- Туннельдер секілді аймақтарда GPS сигналдары бұғатталған
- Навигация жүйесі қозғалыс кезінде жаңартылып жатыр
- Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің жұмысындағы ақаулықтардың салдарынан картографиялық ақпарат берілмейді
- Екі немесе үш жолға бөлінетін және қайтадан түйісетін жол.
- Автокөлік навигация жүйесінде орнатылған бағдардан шығып кетеді
- Навигация жүйесі қайта жүктелгендіктен, межелі орынға дейінгі бағдар өзгертілді немесе одан бас тартылды
- Автокөлік қызмет көрсету станциясына немесе демалыс аймағына кіріп жатыр
- Жолдың кейбір учаскелерінде шектелген жылдамдық жолдағы жағдайға сәйкес өзгереді
- Android Auto қолданбасы немесе CarPlay жүйесі жұмыс істеп тұр
- Навигация жүйесі автокөліктің ағымдағы орналасқан жерін анықтай алмай тұр (мысалы, жер үстіндегі жолда, соның ішінде негізгі жолдарға іргелес өткелде, немесе параллель бағытта өзге жол өтіп жатса)
- Навигация жүйесі қозғалыс кезінде жаңартылып жатыр
- Навигация жүйесі қозғалыс кезінде қайта жүктеліп жатыр
- Нөсер жауын не қар сияқты қолайсыз ауа райында.
- Жолды жөндеу жұмыстары орындалып жатқанда.
- Шектеулі түрде пайдаланылатын жолдарда қозғалу.
- Кілт бұрылыстары бар жолда қозғалу.
- Автокөлік жол қиылыстары, айналма қозғалысы бар жол қиылыстары, тікелей кіру және шығу жолдары және т.б. бар жолда қозғалып келе жатыр.




[1]: Орнатылған бағдар, [2]: Тармақталу,
[3]: Қозғалыс бағдары, [4]: Негізгі жол,
[5]: Ирелең учаске



[1]: Орнатылған бағдар, [2]: Тармақталу,
[3]: Қозғалыс бағдары, [4]: Негізгі жол,
[5]: Ирелең учаске

- Егер навигация жүйесінде белгіленген бағдар (тармақ) қозғалыс бағдарынан (негізгі жол) өзгеше болса, қозғалыс бағдары негізгі жол ретінде анықталмайынша ирелең автострадада қозғалысты автоматты түрде баяулату функциясы жұмыс істемеуі мүмкін.
- Автокөлік қозғалысының бағдары навигация жүйесінде белгіленген бағдарды емес негізгі жолды ұстау арқылы негізгі жол ретінде анықталатын болса, ирелең автострадада қозғалысты автоматты түрде баяулату функциясы жұмыс істейді. Ирелең учаскеге дейінгі қашықтыққа және автокөліктің ағымдағы жылдамдығына байланысты автокөліктің баяулауы жеткіліксіз болуы немесе қарқынды түрде орындалуы мүмкін.
- Егер навигация жүйесінде белгіленген бағдар (негізгі жол) қозғалыс бағдарынан (тармақталу) өзгеше болса, ирелең автострадада қозғалысты автоматты түрде баяулату функциясы негізгі жолдағы ирелең учаске туралы ақпаратқа қарай жұмыс істейтін болады.
- Жол қиылысына немесе көлік жолайрығына шығу нәтижесінде бағдардан ауытқуды анықтаса, ирелең автострадада қозғалысты автоматты түрде баяулату функциясы өшеді.



[1]: Орнатылған бағдар [2], : Тармақталу,

[3]: Ирелең учаске, [4]: Негізгі жол

- Егер навигация жүйесінде межелі орын белгіленбеген болса, ирелең автострадада қозғалысты автоматты түрде баяулату функциясы негізгі жолдағы ирелең учаске туралы ақпараттың негізінде жұмыс істейтін болады.
- Негізгі жолдан шыққан жағдайда да ирелең автострадада қозғалысты автоматты түрде баяулату функциясы автостраданың ирелең учаскесі туралы навигациялық ақпаратқа сүйене отырып уақытша жұмыс істеуі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Навигация деректерінің негізіндегі интеллектуалды круиз-контроль жүйесі қауіпсіз жүргізу дағдылары мен әдістерін алмастыра алмайды, ол жай ғана автокөлікті жүргізу қолайлылығын жоғарылатады. Әрдайым жолды бақылап отырыңыз. Жүргізуші жол қозғалысы ережелерінің сақталуына жауапты болады.
- Жылдамдықты шектеу туралы навигация жүйесінің ақпараты жолдағы жылдамдықты шектеу туралы нақты ақпараттан өзгеше болуы мүмкін. Жүргізуші жолдың нақты учаскесінде немесе қозғалыс жолағында жылдамдық шектеуін сақтау үшін жауапкершілік көтереді.
- Навигация деректерінің негізіндегі интеллектуалды круиз-контроль алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің болуына және автокөліктің қозғалу жағдайларына байланысты жұмыс істемейді мүмкін. Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.
- Тіркемені немесе басқа бір автокөлікті сүйреген жағдайда қауіпсіздік мақсатында навигация деректерінің негізіндегі интеллектуалды круиз-контроль жүйесін өшіріп қойған жөн.
- Автострададағы (немесе тас жолдағы) жол баж салығын жинау пунктінен өткеннен кейін навигация деректерінің негізіндегі интеллектуалды круиз-контроль жүйесі бірінші қозғалыс жолағының деректеріне сәйкес жұмыс істейді. Қозғалыс жолағы ауыстырылған жағдайда жүйе дұрыс жұмыс істемейді мүмкін.

- Навигация деректерінің негізіндегі интеллектуалды круиз-контроль жүйесі жұмыс істеп тұрғанда акселератор педалін басқан жағдайда автокөліктің қозғалу жылдамдығы артады, жүйе автокөліктің жылдамдығын төмендетпейді.
- Егер навигация деректерінің негізіндегі интеллектуалды круиз-контроль жүйесі істеп тұрғанда жүргізуші жылдамдықты үдетіп, акселератор педалін жіберсе, қауіпсіз жылдамдықты орнату үшін автокөліктің қозғалу жылдамдығы жеткілікті деңгейде төмендемеуі немесе жеделдетілген қарқынмен төмендеуі мүмкін.
- Егер бұрылыс радиусы тым үлкен немесе тым кішкентай болса, навигация деректерінің негізіндегі интеллектуалды круиз-контроль жүйесі жұмыс істемейді мүмкін.
- Автостраданың (немесе тас жолдың) негізгі жолынан шыққан кезде навигация деректерінің негізіндегі интеллектуалды круиз-контроль функциясы автоматты түрде өшеді. Көлік жүргізген кезде аса сақ болып, жол жағдайларын қадағалаңыз.


i Ақпарат

- Аспаптар тақтасындағы және навигация жүйесіндегі жылдамдық туралы ақпарат өзгешеленуі мүмкін.
- Навигация жүйесінің нұсқаулары бойынша жүру барысында және навигация деректерінің негізіндегі интеллектуалды круиз-контроль жүйесі жұмыс істей бастап, жұмысын аяқтаған уақыт арасында үзіліс пайда болуы мүмкін.
- Автокөлік интеллектуалды круиз-контроль жүйесі белгілеген жылдамдықтан төмен жылдамдықпен қозғалып келе жатса да, жылдамдықты үдету алдағы жолдың ирелен учаскелерімен шектелуі мүмкін.
- Жол қиылысына, көлік жолайрығына, демалыс аймағына және т.с.с. кіру үшін негізгі жолдан шыққан кезде навигация деректерінің негізіндегі интеллектуалды круиз-контроль жүйесі жұмыс істеп тұрған жағдайда жүйе белгілі уақыт ішінде жұмыс істеуі мүмкін.
- Навигация деректерінің негізіндегі интеллектуалды круиз-контроль жүйесі жол бетінің тегіс болмауы, тар қозғалыс жолақтары және т.с.с. жол жағдайларына байланысты жылдамдықты жеткілікті түрде төмендетпеуі мүмкін.

ҚОЗҒАЛЫС ЖОЛАҒЫН ҚАДАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ (LFA) (БАР БОЛСА)

Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі қозғалыс жолақтарының белгілеу сызықтарын және/немесе жолдағы автокөліктерді анықтау қызметін атқарады және автокөлікті қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұру үшін жүргізушіге рульді басқаруға көмектеседі.

Анықтау датчигі



[1]: алдыңғы көрініс камерасы

Алдыңғы көрініс камерасы жолдағы белгілеу сызықтарын және алдыда жүріп бара жатқан автокөліктерді анықтау датчигі ретінде қолданылады.


Анықтау датчигінің нақты орналасқан жерін жоғарыдағы суреттен қараңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Алдыңғы көрініс камерасына қатысты сақтық шаралары туралы толық ақпарат 7-тараудың «Маңдайлық соқтығысу туралы ескерту көмекші жүйесі (FCA)» бөлімінде берілген.


Функциялардың параметрлері

Функцияларды баптау



Функцияны қосу және өшіру.

Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесін қосу үшін қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, рульде орналасқан «Lane Driving Assist» (Жолақты автоматты түрде ұстап тұру) түймесін басыңыз. Аспаптар тақтасында ақ немесе жасыл түсті  жарық индикаторы жанады. Жүйені өшіру үшін түймені тағы бір рет басыңыз.




Ескертулердің дыбыс қаттылығы

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, рульдің жіберілгені туралы ескерту жүйесінің қаттылығын өзгерту үшін «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Warning Volume» (Ескертулердің дыбыс қаттылығы) тармағын таңдаңыз да, келесі мәндердің бірін таңдаңыз: «High» (Жоғары), «Medium» (Орташа) немесе «Low» (Төмен).


Ескертудің дыбыс қаттылығын өзгерткен жағдайда өзге жүргізушіге көмек жүйелері ескертулерінің дыбыс қаттылығы да өзгеруі мүмкін.

Функцияның жұмысы

Ескерту және басқару




LFA (Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі)

Егер алдыда көлік құралы немесе қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарының екеуі де анықталса және автокөлігіңіздің жылдамдығы 180 км/сағ. (112 миль/сағ.) шамасынан төмен болса, аспаптар тақтасында жасыл түсті  индикаторы қосылады, ал функция рульді басқару отырып автокөлікке жолақта қалуға көмектеседі.

НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Егер рульді басқаруға көмек көрсетілмей тұрса, жасыл түсті  индикаторы жыпылықтайды және ақ түске өзгереді.




Рульдің жіберілгені туралы ескерту

Егер жүргізуші бірнеше секундқа қолдарын рульден алып тастаса, «Place hands on steering wheel» (Қолдарыңызды рульге қойыңыз) (немесе «Keep hands on the steering wheel» (Қолдарыңызды рульде ұстаңыз) ескерту хабарламасы пайда болады және кезең-кезеңімен ескертуші дыбыс сигналы беріледі.

Бірінші кезең: Ескерту

Екінші кезең: Ескерту хабарламасы (қызыл түсті руль) және дыбыстық хабарлама



Егер қолдардың рульден алынғаны туралы ескертуден кейін жүргізуші қолдарын рульге қоймаса, «Driving Convenience systems canceled» (Жүргізушіге көмек жүйелері өшірілді) ескерту хабарламасы пайда болады және қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі автоматты түрде өшеді.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі барлық уақытта бірдей жұмыс істей бермейді. Автокөлікті қауіпсіз жүргізу және автокөлікті қозғалыс жолағының шегінде ұстап тұру жауапкершілігі жүргізушіге жүктеледі.
- Жолдағы жағдайларға байланысты қолдардың рульден алынғаны туралы ескерту кешіктіріліп берілуі мүмкін. Қозғалыс кезінде рульді үнемі қолдарыңызбен ұстап отырыңыз.
- Қолдардың рульден алынғаны туралы ескерту жүргізуші рульді мықтап ұстап отырмаса да көрсетілуі мүмкін, себебі жүйе жүргізушінің рульді ұстап отырғанын анықтай алмауы мүмкін.
- Рульге әр түрлі заттар бекітілген жағдайда рульдің жіберілгені туралы ескертулер тиісті түрде жұмыс істемейді мүмкін.

Ақпарат

- Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінде функцияларды баптау туралы толық ақпарат 4-тараудың «Автокөлік баптаулары» бөлімінде берілген.
- Жолдағы белгілеу сызықтарының екеуі де анықталса, олардың аспаптар тақтасындағы кескіні сұр түстен ақ түске өзгереді.

■ Жолдағы белгілеу сызығы анықталмады



OCN7060034

• В типі



OCN7060035

■ Жолдағы белгілеу сызығы анықталды



OCN7060039

• В типі




OCN7060037

- Егер белгілеу сызықтары анықталмаса, алдыда қозғалыс бағыты бойынша көлік құралының болуын немесе осы көлік құралының қозғалу жағдайларын есепке алғанда қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі рульді шектеулі түрде басқаруы мүмкін.
- Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі рульді басқаруға көмектессе де, жүргізуші рульді басқара алады.
- Рульді басқаруға жолақты қадағалау жүйесі тарапынан қолдау көрсетіліп жатқан кезде руль әдеттегіден жоғары немесе төмен күш салып бұрылады.

Функцияның ақаулығы және шектеулері

Функцияның ақаулығы



OCN7070101L

Егер қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі тиісінше жұмыс істемей тұрса, аспаптар тақтасында «Check Lane Following Assist (LFA) system» (Қозғалыс жолағын автоматты түрде ұстап тұру жүйесін тексеріңіз, LFA) немесе «Check LFA (Lane Following Assist) system» (LFA (қозғалыс жолағын қадағалау жүйесін) тексеріңіз) ескерту хабарламасы пайда болады. Мұндай жағдайда жүйені HYUNDAI ресми дилеріне тексертуге кеңес беріледі.



АБАЙЛАҢЫЗ


Осы функцияны пайдаланған кездегі сақтық шаралары туралы қосымша мәліметтер 7-тараудың «Жолақты ұстап тұру жүйесі (LKA)» бөлімінде берілген.

Функция жұмысының шектеулері


Функцияның шектеулері туралы қосымша мәлімет 7-тараудың «Жолақты ұстап тұру жүйесі (LKA)» бөлімінде берілген.

КӨЛІКТІ МАГИСТРАЛЬДА ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕГІ КӨМЕК ЖҮЙЕСІ (HDA) (БАР БОЛСА)

Көлікті магистральда жүргізу кезіндегі көмек жүйесі автострадада (немесе тас жолда) қозғалған кезде көлік құралдарын және қозғалыс жолағын анықтауға және алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі арақашықтықты, белгіленген жылдамдықты сақтауға және автокөлікті қозғалыс жолағында ұстап тұруға арналған.



Анықтау датчигі



[1]: алдыңғы көрініс камерасы

[2]: алдыңғы радар

Анықтау датчиктерінің нақты орналасқан жерін жоғарыдағы суреттен қараңыз.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Анықтау датчигіне қатысты сақтық шаралары туралы толық ақпарат 7-тараудың «Маңдайлық соқтығысу туралы ескерту көмекші жүйесі (FCA)» бөлімінде берілген.

Функциялардың параметрлері

Функцияларды баптау



Бұл функцияларды қосу немесе өшіру үшін «ENGINE START/STOP» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесін «ON» (Қосу) қалпына ауыстырыңыз және «Settings» (Баптаулар) мәзірінде → «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) «Driving Assist» (Көмекші қозғалыс жүйесі) тармағын таңдаңыз.


- Highway Driving Assist (Автомобильда қозғалу көмекші жүйесі) жүйесін таңдаған жағдайда ол алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі арақашықтықты, белгіленген жылдамдықты сақтауға және автокөлікті қозғалыс жолағында ұстап тұруға көмектеседі.

i Ақпарат

- Егер функция қате істеп тұрса, баптауларды өзгерту мүмкін емес. Жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.
- Қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін функцияның соңғы баптаулары қолданылады.

! АБАЙЛАҢЫЗ

Өз қауіпсіздігіңіз үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойғаннан кейін баптауларды өзгертіңіз.



Ескертулердің дыбыс қаттылығы

Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, автомагистральда қозғалу көмекші жүйесі ескертулерінің қаттылығын өзгерту үшін «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) «Warning Volume» (Ескертулердің дыбыс қаттылығы) тармағын таңдаңыз да, келесі мәндердің бірін таңдаңыз: «High» (Жоғары), «Medium» (Орташа) немесе «Low» (Төмен).

Ескертудің дыбыс қаттылығын өзгертен жағдайда өзге жүргізушіге көмек жүйелері ескертулерінің дыбыс қаттылығы да өзгеруі мүмкін.

Функцияның жұмысы

Функцияның көрсетілуі және оны басқару

Автомобильда қозғалу көмекші жүйесінің жұмыс күйін аспаптар тақтасында «Driving Assist» (Көлікті жүргізу кезіндегі көмек) қарап көру режимінде тексеруге болады. 4-тараудағы «Қарап шығу режимдері» бөлімін қараңыз.

Автомобильда қозғалу көмекші жүйесінің сигналдары жүйенің күйіне байланысты төмендегідей көрсетіледі.



- (1) Автомобильда қозғалу көмекші жүйесінің индикаторы алдыда көлік құралының бар-жоғын, сондай-ақ оған дейін таңдалған арақашықтықты көрсетеді.

* Көлікті автомобильда жүргізу кезіндегі көмек жүйесінің индикаторы

- Жасыл түсті **HDA**: жұмыс режимі
- Ақ түсті **HDA**: күту

- (2) Белгіленген жылдамдық көрсетіледі.
- (3) Жолақты ұстап тұру жүйесінің индикаторы көрсетіледі.
- (4) Алдыда жүріп бара жатқан көлік құралы болған жағдайда көлік құралдарының арасындағы таңдалған арақашықтық көрсетіледі.
- (5) Қозғалыс жолағы анықталған немесе көрсетілім болмаған жағдайда.

Дисплей туралы толық ақпарат 7-тараудың «Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі (SCC)» және «Жолақты ұстап тұру жүйесі (LKA)» бөлімінде берілген.

Функцияның жұмысы

Highway Driving Assist (Автомобильда қозғалу көмекші жүйесі) жүйесі автостраданың (немесе тас жолдың) негізгі жолына шыққан немесе онымен қозғалған кезде және төмендегі шарттар сақталған жағдайда жұмыс істейді:

- Жолақты бақылау жүйесі жұмыс істейді
- Интеллектуалды круиз-контроль жұмыс істеп тұр

Ақпарат


- Автомобильмен (немесе тас жолмен) қозғалған кезде интеллектуалды круиз-контроль жүйесі іске қосылған жағдайда көлікті автомобильда жүргізу кезіндегі көмек жүйесі жұмыс істейді.
- Егер қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі өшірулі болса, тиісті Интеллектуалды круиз-контроль жұмыс істеп тұрса да, автомобильдың (немесе тас жолдың) негізгі жолына шыққан кезде автомобильда жүргізу көмекші жүйесі қосылмайды.

- Тоқтағаннан кейін қайта оталдыру



Көлікті автомагистральда жүргізу кезіндегі көмек жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде алдыда жүріп бара жатқан көлік құралы тоқтаған жағдайда сіздің автокөлігіңіз де тоқтайды. Сонымен бірге алдыңыздағы көлік құралы тоқтағаннан кейін 30 секундтың ішінде қозғалысты бастайтын болса, сіздің автокөлігіңіз де орнынан қозғалады. Сондай-ақ көлік құралы тоқтағаннан кейін 30 секунд өтсе, аспаптар тақтасында «Use switch or pedal to accelerate» (Үдеу үшін акселератор педалін немесе түймені басыңыз) хабарламасы пайда болады. Қозғалысты бастау үшін акселератор педалін немесе «+», «-» не **II** түймесін басыңыз.


- Рульдің жіберілгені туралы ескерту



Егер жүргізуші бірнеше секундқа қолдарын рульден алып тастаса, «Place hands on steering wheel» (Қолдарыңызды рульге қойыңыз) (немесе «Keep hands on the steering wheel» (Қолдарыңызды рульде ұстаңыз)) ескерту хабарламасы пайда болады және кезең-кезеңімен ескертуші дыбыс сигналы беріледі.

Бірінші кезең: Ескерту

Екінші кезең: Ескерту хабарламасы (қызыл түсті руль) және дыбыстық хабарлама



Егер қолдардың рульден алынғаны туралы ескертуден кейін жүргізуші қолдарын рульге қоймаса, «Highway Driving Assist (HDA) canceled» немесе «HDA (Highway Driving Assist) cancelled» (HDA (Көлікті автомагистральда жүргізу көмекші жүйесі) өшірулі) ескерту хабарламасы пайда болады және көлікті автомагистральда жүргізу көмекші жүйесі, сондай-ақ қозғалыс жолағын ауыстыруға көмектесу жүйесі автоматты түрде өшеді.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Жүргізуші автокөлікті қауіпсіз жүргізуге жауапты.
- Қозғалыс кезінде рульді үнемі қолдарыңызбен ұстап отырыңыз.
- Автострадада қозғалу көмекші жүйесі жүргізушіге автокөлікті жүргізу кезінде көмектеседі, алайда автокөлікті басқарудың толық автономды функциясы болып табылмайды. Әрдайым жолдағы жағдайды қадағалаңыз және қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз.
- Әрдайым жолды бақылап отырыңыз. Жүргізуші жол қозғалысы ережелерінің сақталуына жауапты болады. Автокөлік өндірушісі жүргізушінің жол қозғалысы ережелерін бұзғаны немесе соңғысының кінәсіне байланысты туындаған жол оқиғалары үшін жауапкершілік көтермейді.
- Автомагистральда қозғалу көмекші жүйесі жолдағы жағдайлардың бәрін бірдей анықтай алмайды. Бұл функцияға тән шектеулерге байланысты ол соқтығысу ықтималдығын анықтай алмауы мүмкін. Әрдайым жүйе шектеулерін естен шығармаңыз. Көлік құралымен соқтығысуы мүмкін автокөліктер, мотоциклдер, велосипедшілер, жаяу жүргіншілер, анықталмаған объектілер, құрылыстар және т.б. секілді кедергілер анықталмауы мүмкін.
- Автомагистральда қозғалу көмекші жүйесі келесі жағдайларда автоматты түрде өшеді:
 - Функция жұмыс істемейтін жолдарда, мысалы, демалыс аймақтарында, жол қиылыстарында, көлік жолаырықтарында және т.с.с. қозғалу.
 - Навигация жүйесі тиісінше жұмыс істемей тұр, мысалы навигация жүйесі жаңартылып немесе қайта жүктеліп жатқанда.
- Автомагистральда қозғалу көмекші жүйесі жолдағы жағдайларға (навигация жүйесінің ақпаратына) және қоршаған ортаға байланысты өздігінен қосылуы немесе өшірілуі мүмкін.
- Алдыңғы көрініс камерасы белгілеу сызықтарын дұрыс анықтай алмаса, немесе қолдардың рульден алынғаны туралы ескерту қосуды болса, қозғалыс жолағын бақылау жүйесі уақытша өшірілуі мүмкін.
- Шулы ортада автомагистральда қозғалу көмекші жүйесінің дыбыстық ескертуі естілмеуі мүмкін.

- Егер автокөлік белгілі бір бұрылыс үшін белгіленген жылдамдықтан асатын жоғары жылдамдықпен қозғалып келе жатса, автокөлік бір жаққа қарай ығысып кетуі немесе қозғалыс жолағының шегінен шығып кетуі мүмкін.
- Тіркемені немесе екінші бір автокөлікті сүйреген жағдайда қауіпсіздік мақсатында автомагистральда қозғалу көмекші жүйесін өшіріп қойған жөн.
- Рульді ұстап отыру сипаттамаларына немесе жолдағы жағдайларға байланысты рульдің жіберілгені туралы ескерту хабарламасы ерте немесе кеш пайда болуы мүмкін. Қозғалыс кезінде рульді үнемі қолдарыңызбен ұстап отырыңыз.
- Қауіпсіздік мақсатында автомагистральда қозғалу көмекші жүйесін қолданар алдында пайдаланушы нұсқаулығын оқып шығыңыз.
- Көлікті автомагистральда жүргізу кезіндегі көмек жүйесі қозғалтқышты оталдырған кезде немесе анықтау датчиктері не навигатор инициализация жүргізген кезде жұмыс істемейді.
- GPS сигналдары туннельдер секілді аймақтарда бұғатталған!
- Жүргізуші бағдардан ауытқып кетті немесе навигация жүйесін қайта жүктегеннен кейін бағдар өзгертілді не оның күші жойылды.
- Автокөлік қызмет көрсету станциясына немесе демалыс аймағына кіріп жатыр
- Android Auto қолданбасы немесе CarPlay жүйесі жұмыс істеп тұр
- Навигация жүйесі автокөліктің ағымдағы орналасқан жерін анықтай алмай тұр (мысалы, жер үстіндегі жолда, соның ішінде негізгі жолдарға іргелес өткелде, немесе параллель бағытта өзге жол өтіп жатса)
- Бірыңғай ақ түсті үзік сызықты немесе жолдың шетін анықтау мүмкін емес
- Жол құрылыс жұмыстарына және т.б. байланысты уақытша бақыланып тұр.
- Жолда тиісті құрылым, мысалы, ортаңғы жолақ, іріккіш қоршаулар және т.б. жоқ.
- Қозғалыс жолағын өзгерту бағытында өзгеріп отыратын үзік сызық бар



НАЗАР АУДАРЫҢИЗ


Алдыңғы көрініс камерасы, алдыңғы радар, алдыңғы бұрыштық радар және артқы бұрыштық радар шектеулері туралы толық ақпарат 7-тараудың «Маңдайлық соқтығысу туралы ескерту көмекші жүйесі (FCA)» бөлімінде берілген.

Функция жұмысының шектеулері


Автомагистральда қозғалу көмекші жүйесі және автомагистральда қозғалыс жолағын ауыстыру көмекші функциясы төмендегі жағдайларда тиісінше жұмыс істемеуі немесе мүлдем жұмыс істемеуі мүмкін:

- Навигация жүйесі қосылмай тұрғандықтан картографиялық ақпарат пен нақты жол жағдайлары арасында айырмашылық бар
- Жол бөлігінің картографиялық деректері мен нақты жағдайлары GPS деректерінің немесе картографиялық ақпараттың қателігіне байланысты өзгешеленеді.
- Бағдарды іздеу, бейнені ойнату, дауысты анықтау және т.с.с. функциялар бір мезгілде орындалғандықтан, ақпараттық-ойынсауық жүйесіне шектен тыс жүктеме түсірілген.

АРТҚЫ КӨРІНІС МОНИТОРЫ (RVM)



©CN7050046




©CN7050047

Артқы көрініс камерасы тұраққа қою және артқы жүріспен қозғалу маневрлерін жасаған кезде көмек көрсету үшін автокөліктің артқы жағындағы аймақты көрсетеді.

АБАЙЛАҢЫЗ

Камера автокөліктің артындағы бүкіл аймақты көрсетпейді. Тұраққа қою немесе артқы жүріспен қозғалу әрекеттерін жасамай тұрып жүргізуші ішкі және сыртқы артқы көрініс айналары арқылы автокөліктің артындағы аймақты үнемі тексеріп отыруы тиіс.

Анықтау датчигі



©CN7050046L

[1]: артқы көрініс камерасы

Анықтау датчигінің нақты орналасқан жерін жоғарыдағы суреттен қараңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Экрандағы объектіге дейінгі алыс не жақын болып көрінетін арақашықтық нақты арақашықтықтан өзгеше болуы мүмкін. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін міндетті түрде қоршаған ортаны тікелей бағалап алыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Әрдайым артқы көрініс камерасы объективінің таза болуын қадағалаңыз. Егер объектив қандай да бір затпен жабылған болса, бұл камераның жұмысына кері әсер етуі мүмкін, салдарынан артқы көрініс камерасы дұрыс жұмыс істемейді.

Функциялардың параметрлері

Функцияларды баптау

Артқы көрініс камерасының баптауларын қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда камера жұмыс істеп тұрған кезде экранда (🔧) баптау пиктограммасын басып немесе «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Parking Safety» (Қауіпсіз тұраққа қою) → «Camera Settings» (Камера баптаулары) тармағын таңдап өзгертуге болады.



OCN7050048

Тұраққа қою/шолу түймесі

Артқы көрініс камерасын қосу үшін тұраққа қою/шолу түймесін басыңыз.

Жүйені өшіру үшін түймені тағы бір рет басыңыз.

Қосымша мәліметтер «Функцияның жұмысы» бөлімінде берілген.

Функцияның жұмысы

Артқы көріністің көрсетілуі және тұраққа қою кезіндегі көмек

Функция келесі шарттар орындалған жағдайда жұмыс істейді:

- қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұр;
- берілістерді ауыстыру қорабының иінтірегі «R» (артқы жүріс) қалпында тұр және артқы жүріс шамдары жанып тұр.

Артқы көріністің көрсетілу режимі

- Функцияны қосу үшін қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Advanced» (Кеңейтілген функциялар) → «Keep Rear Camera» (Артқы камераны қосуды күйінде қалдыру) тармағын таңдаңыз, ал функцияны өшіру үшін таңдаудан бас тартыңыз.
- Төмендегі шарттар орындалған жағдайда тұраққа қою кезінде артқы жақтағы көрініс экранда көрсетілетін болады:
 - берілістерді ауыстыру иінтірегі «N» (бейтарап) немесе «D» (алдыға жүру) қалпынан «R» (артқы жүріс) қалпына ауыстырылған;
 - автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ. шамасынан төмен;
- Автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ. шамасынан жоғары болса, артқы көрініс камерасы өшеді.

Артқы көрініс



Қауіпсіздікті арттыру мақсатында жүргізуші қозғалыс кезінде артқы көріністі қолдана алады.



АБАЙЛАҢЫЗ

Артқы көрініс камерасынан алынған кескіндегі объектіге дейінгі алыс не жақын болып көрінетін арақашықтық нақты арақашықтықтан өзгеше болуы мүмкін. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін міндетті түрде қоршаған ортаны тікелей бағалап алыңыз.

Жұмыс жағдайлары

- «ENGINE START/STOP» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұр.
- Берілістерді ауыстыру иінтірегі «D» (алдыға жүру) немесе «N» (бейтарап) қалпында тұрған кезде тұраққа қою/шолу түймесі (1) басылған.


Өшіру шарттар

- Тұраққа қою/шолу түймесі (1) аяғына дейін басылған.
- Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің (2) түймелерінің бірі басылған.

Жұмыс кезінде

- Егер беріліс қорабының иінтірегі «R» (Артқы жүріс) қалпына ауыстырылса және қозғалыс кезінде экранда артқы көрініс көрсетілетін болса, тұраққа қою кезінде көмек көрсетуге арналған бағыттауыштары бар артқы көрініс кескіні пайда болады.
- Қозғалыс кезінде артқы көрініс көрсетілген жағдайда экранның жоғарғы оң жақ бөлігінде артқы көріністің көрсетіліп тұрғанын білдіретін пиктограммасы пайда болады.

Жоғарыдан қарағандағы артқы көрініс



Пиктограмманы (1) басқан кезде экранда жоғарыдан қарағандағы көрініс көрсетіледі; онда тұраққа қойған кезде автокөліктің артқы бөлігіне дейінгі арақашықтық көрсетіледі.

Функцияның ақаулығы және шектеулері

Функцияның ақаулығы


Егер артқы көрініс монитори тиісінше жұмыс істемесе, экран жыпылықтап тұрса немесе камерадан алынған кескін дұрыс көрсетілмесе, жүйені HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес беріледі.

Функция жұмысының шектеулері

Егер автокөлік қыс мезгілінде ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса немесе ол жабық тұраққа қойылған болса, пайдаланылған газдардың әсерінен экрандағы кескін уақытша бұлдыр күйінде қалуы мүмкін.

АВТОКӨЛІКТИҢ АРТЫНДА КӨЛДЕНЕҢ БАҒЫТТА ҚОЗҒАЛЫП БАРА ЖАТҚАН ОБЪЕКТІЛЕР ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ ЖҮЙЕСІ (RCCW) (БАР БОЛСА)

Автокөліктің артында көлденең бағытта қозғалып бара жатқан объектілер туралы хабарлау жүйесі автокөлік артқы жүріспен қозғалған кезде сол жақтан және оң жақтан жақындап келе жатқан көлік құралдарын анықтап, қадағалауға және жүргізушіге ескерту хабарламасы мен дыбыс сигналы арқылы соқтығысудың орын алатыны туралы ескертуге арналған.



[A]: автокөліктің артында көлденең бағытта қозғалып бара жатқан объектілер туралы хабарлау жүйесінің жұмыс диапазоны


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ескертудің берілу уақыты жақындап келе жатқан көлік құралының жылдамдығына байланысты.

Ақпарат

Автокөліктің артында көлденең бағытта қозғалып бара жатқан объектілер туралы хабарлау жүйесі бұдан әрі «Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі» деп аталады.

Анықтау датчигі



[1]: артқы бұрыштық радар

Анықтау датчигінің нақты орналасқан жерін жоғарыдағы суреттен қараңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Артқы бұрыштық радарға қатысты сақтық шаралары туралы толық ақпарат 7-тараудың «Көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі (BCW)» бөлімінде берілген.

Функциялардың параметрлері

Функцияларды баптау



Артқы жүріспен қозғалу кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін қосу үшін қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Parking Safety» (Қауіпсіз тұраққа қою) → «Rear Cross-Traffic Safety» (Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезіндегі қауіпсіздік) тармағын таңдаңыз. ал жүйені өшіру үшін таңдаудан бас тартыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ


Қозғалтқышты қайта оталдырған кезде де артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі әрдайым қосылады. Алайда бұл функцияны қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін өшірген жағдайда аса сақ болып, автокөлікті қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтау қажет.



Ескертудің берілу уақыты

Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің ескертулер берудің бастапқы жылдамдығын өзгерту үшін қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмекші) → «Warning Timing» (Ескертулер таймері) тармағын таңдаңыз.

Жаңа автокөлікте ескертулер таймеріне «Normal» (Қалыпты) мәні берілген. Ескертулер таймерін өзгерткен кезде өзге жүргізушіге көмек жүйелерінің ескерту уақыты да өзгеруі мүмкін.



Ескертулердің дыбыс қаттылығы

Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі ескертулерінің дыбыс қаттылығын өзгерту үшін қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Warning Volume» (Ескертулердің дыбыс қаттылығы) тармағын таңдаңыз да, келесі мәндердің бірін таңдаңыз: «High» (Жоғары), «Medium» (Орташа) немесе «Low» (Төмен).

Ескертудің дыбыс қаттылығын өзгерткен жағдайда өзге жүргізушіге көмек жүйелері ескертулерінің дыбыс қаттылығы да өзгеруі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Ескерту таймері мен дыбыс қаттылығының баптаулары артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің барлық функцияларына қатысты.
- Ескерту таймерінде «Normal» (Қалыпты) мәні таңдал тұрса да, сол жақтан немесе оң жақтан жақындап келе жатқан автокөліктер жоғары жылдамдықпен жүргенде ескерту тым қатты кідіріспен беріле бастауы мүмкін.
- Жолда көліктер аз болса және қозғалыс жылдамдығы төмен болса, ескертулер таймеріне «Late» (Кешірек) мәнін таңдаңыз.


Ақпарат

Қозғалтқышты қайта оталдырған кезде ескерту таймері мен дыбыс қаттылығы үшін соңғы баптаулар қолданылады.

Функцияның жұмысы

Функцияның ескертуі

Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясы жүргізушіге соқтығысу орын алатыны туралы ескертеді.



Соқтығысу қаупі!

- Жүргізушіге артқы жақтан сол жақтан/оң жақтан жақындап келе жатқан көлік құралы туралы ескерту үшін сыртқы артқы көрініс айнасындағы индикатор жыпылықтайды, ал аспаптар тақтасында ескерту пайда болады. Дәл сол уақытта дыбыс сигналы беріледі. Егер артқы көрініс камерасы қосулы болса, ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің экранында ескерту пайда болады.

- Функция төменде берілген шарттардың бәрі орындалған жағдайда жұмыс істейді.
 - беріліс қорабының иінтірегі «R» (артқы жүріс) қалпына ауыстырылған;
 - автокөлік жылдамдығы 8 км/сағ. шамасынан (5 миль/сағ.) төмен;
 - жақындап келе жатқан көлік құралы автокөлігіңізден сол жақта немесе оң жақта шамамен 25 м қашықтықта орналасқан;
 - сол жақтан немесе оң жақтан жақындап келе жатқан көлік құралының жылдамдығы 5 км/сағ. шамасынан жоғары.



Ақпарат

Жүйе жұмысының шарттары орындалып тұрса, автокөлігіңіз 0 км/сағ. шамасындағы жылдамдықпен жүріп бара жатса да, сол жақтан немесе оң жақтан көлік құралы жақындаған кезде ескерту көрсетіледі.




АБАЙЛАҢЫЗ

Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін пайдаланған кезде төменде көрсетілген сақтық шараларын сақтау қажет.


- Өз қауіпсіздігіңіз үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойғаннан кейін баптауларды өзгертіңіз.
- Егер ескерту хабарламасы көрсетіліп тұрса немесе қандай да бір басқа функцияның дыбыстық сигналы беріліп жатса, артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясының ескерту хабарламасы көрсетілмеуі, ал дыбыстық ескерту берілмеуі мүмкін.
- Шулы ортада артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің дыбыстық ескертуі естілмеуі мүмкін.
- Жолдағы жағдайларға және көлік жүргізу мәнеріне байланысты артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі жүргізушіге ескертуді кешіктіріп беруі немесе мүлдем ескерту бермеуі мүмкін.
- Жүргізуші автокөлікті жүргізуге жауапты болады. Жол қиылыстарынан өткен кезде қауіпсіздік жүйесінің жұмысына ғана сеніп қалмаңыз. Қауіпсіз тежеу арақашықтығын сақтаңыз және қажет болса, қозғалыс жылдамдығын төмендету немесе автокөлікті тоқтату үшін тежегіш педалін басыңыз.

Функцияның ақаулығы және шектеулері

Функцияның ақаулығы




Егер артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі тиісінше жұмыс істемесе, аспаптар тақтасында «Check Rear Cross-Traffic Safety system» (Артқы жақтағы көлденең қозғалысқа арналған қауіпсіздік жүйесін тексеріңіз) хабарламасы пайда болады және жүйе автоматты түрде өшеді немесе шектеулі түрде жұмыс істейді. Жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.



Сыртқы артқы көрініс айнасындағы сигнал шамы тиісінше жұмыс істемей тұрса, аспаптар тақтасында «Check side view mirror warning light» (Сыртқы артқы көрініс айнасындағы сигнал шамын тексеру) хабарламасы пайда болады. Жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Функция өшірулі



Егер артқы бұрыштық радардың немесе датчиктің жанындағы артқы бампердің беті қандай да бір зат, мысалы, қар немесе мұз қабаты жауып тұрса немесе автокөлікке тіркеме не аспалы ұстағыш орнатылған болса, объектілердің анықталу сапасы нашарлауы, сондай-ақ артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі уақытша шектеулі түрде істеуі немесе өшуі мүмкін.

Бұл жағдайда аспаптар тақтасында «Rear Cross-Traffic Safety system disabled. Radar blocked» (Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі өшірулі. Радар бұғатталған.) хабарламасы пайда болады.

Ластану, трейлер және т.с.с. алынғаннан кейін жүйе қалыпты режимде жұмысын қайта жалғастырады.

Егер кедергі жасап тұрған заттарды алып тастағаннан кейін жүйе тиісінше жұмыс істемесе, оны HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес беріледі.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Аспаптар тақтасында ескерту хабарламасы пайда болмаса да, артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясы қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бір де бір объектіні анықтау мүмкін болмайтын учаскелерде (мысалы, ашық жерлерде) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Трейлерді, аспалы ұстағышты және т.с.с. орнатпай тұрып, артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін өшіріп қойыңыз немесе бұл жүйені пайдалану үшін трейлерді, аспалы ұстағышты және т.с.с. алып тастаңыз.

Функция жұмысының шектеулері

Артқы жүріспен қозғалған кездегі соқтығысу қаупі туралы ескерту функциясы төмендегі жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі немесе болжауға келмейтіндей түрде жұмыс істеуі мүмкін:


- қалың өсімдіктері бар учаскелерден шығу;
- ылғал жол учаскелерінен шығу;
- жақындап келе жатқан көлік құралының жылдамдығы жоғары немесе төмен.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Артқы бұрыштық радарға қатысты шектеулер туралы толық ақпарат 7-тараудың «Көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі (BCW)» бөлімінде берілген.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Көлік құралының немесе құрылыс құрылымының жанында қозғалу




[A]: құрылыс құрылымы

Артқы жүріспен қозғалу кезінде соқтығысу қаупі туралы ескерту функциясы көлік құралының немесе өзге объектінің жанында қозғалған кезде шектеулі түрде жұмыс істеуі мүмкін. Бұған қоса ол сол жақтан немесе оң жақтан жақындап келе жатқан көлік құралын анықтамауы мүмкін. Бұл жағдайда жүйе жүргізушіге қажетті кезде ескертпеуі мүмкін.

Артқы жүріспен қозғалған кезде әрдайым айналадағы жағдайларды қадағалап отырыңыз.


- Күрдәлі тұрақжайдың ішінде қозғалу



Артқы жақта көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясы сіздің автокөлігіңіздің жанына тұраққа қойылып жатқан немесе тұрақтан шығып жатқан көлік құралдарын анықтауы мүмкін (мысалы, егер автокөлігіңіздің жанындағы көлік құралы жүріп кетсе, тұраққа қойылып жатса немесе сіздің артыңыздағы аймаққа шығып жатса немесе көлік құралы бұрылып жатқан автокөлігіңізге жақындап келе жатса және т.с.с.). Бұл жағдайда жүйе қажетсіз болса да жүргізушіге ескертуі мүмкін.

Артқы жүріспен қозғалған кезде әрдайым айналадағы жағдайларды қадағалап отырыңыз.

- Автокөлікті диагонал бағытта тұраққа қою




[A]: көлік құралы

Артқы жақта көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясының мүмкіндіктері артқы жүріспен диагонал бағытта жүрген жағдайда шектеулі болуы мүмкін және ол сол жақтан және оң жақтан жақындап келе жатқан көлік құралын анықтамауы мүмкін. Бұл жағдайда жүйе жүргізушіге қажетті кезде ескертпеуі мүмкін.

Артқы жүріспен қозғалған кезде әрдайым айналадағы жағдайларды қадағалап отырыңыз.


- Автокөлік еңісте немесе оның жанында тұр



Артқы жақта көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясының мүмкіндіктері автокөлік өрде немесе еңісте (немесе олардың жанында) қозғалған кезде шектеулі болуы мүмкін және ол сол жақтан және оң жақтан жақындап келе жатқан көлік құралын анықтамауы мүмкін. Бұл жағдайда жүйе жүргізушіге қажетті кезде ескертпеуі мүмкін.

Артқы жүріспен қозғалған кезде әрдайым айналадағы жағдайларды қадағалап отырыңыз.

- Құрылыс құрылымы бар тұрақ орнына жақындап келу




[A]: құрылыс құрылымы, [B]: қабырға

Артқы жақта көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясы сіз артқы жүріспен артқы жағында немесе жанында қабырғасы не қандай да бір құрылымы бар тұрақ орнына көлікті тұраққа қойып жатқан кезде сіздің алдыңыздан өтіп бара жатқан көлік құралдарын анықтауы мүмкін. Бұл жағдайда функция қажетсіз болса да жүргізушіге ескертуі мүмкін.

Артқы жүріспен қозғалған кезде әрдайым айналадағы жағдайларды қадағалап отырыңыз.

- Автокөлікті артқы жүріспен тұраққа қою



Артқы жақта көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясы сіз артқы жүріспен көлікті тұрақ орнына тұраққа қойып жатқан кезде сіздің артыңыздан өтіп жатқан көлік құралдарын анықтауы мүмкін. Бұл жағдайда жүйе қажетсіз болса да жүргізушіге ескертуі мүмкін.


Артқы жүріспен қозғалған кезде әрдайым айналадағы жағдайларды қадағалап отырыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Артқы жақта көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясы күші электромагнитті толқындар өсер еткен жағдайда дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Артқы жақта көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі автокөлік қозғалтқышын оталдырғаннан кейін немесе артқы бұрыштық радарлар қосылғаннан кейін 3 секунд бойы жұмыс істемей тұруы мүмкін.

АВТОКӨЛІКТИҢ АРТЫНДА КӨЛДЕНЕҢ БАҒЫТТА ҚОЗҒАЛЫП БАРА ЖАТҚАН ОБЪЕКТІЛЕРМЕН СОҚТЫҒЫСУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖҮЙЕСІ (RCCA) (БАР БОЛСА)

Автокөліктің артында көлденең бағытта қозғалып бара жатқан объектілер туралы хабарлау жүйесі автокөлік артқы жүріспен қозғалған кезде сол жақтан және оң жақтан жақындап келе жатқан көлік құралдарын анықтап, қадағалауға және жүргізушіге ескерту хабарламасы мен дыбыс сигналы арқылы соқтығысудың орын алатыны туралы ескертуге арналған. Сонымен бірге ол соқтығысудың алдын ала отырып, тежелу барысында көмектеседі.



[A]: автокөліктің артында көлденең бағытта қозғалып бара жатқан объектілер туралы хабарлау жүйесінің жұмыс диапазоны

[B]: автокөліктің артында көлденең бағытта қозғалып бара жатқан объектілермен соқтығысулар туралы ескерту жүйесінің жұмыс диапазоны


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ескертудің берілу уақыты жақындап келе жатқан көлік құралының жылдамдығына байланысты.

Ақпарат

Автокөліктің артында көлденең бағытта қозғалып бара жатқан объектілер туралы хабарлау жүйесі және мұндай объектілермен соқтығысулар туралы ескерту жүйесі бұдан әрі «Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі» деп аталады.

Анықтау датчигі



[1]: артқы бұрыштық радар

Анықтау датчиктерінің нақты орналасқан жерін жоғарыдағы суреттен қараңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Артқы бұрыштық радарға қатысты сақтық шаралары туралы толық ақпарат 7-тараудың «Көрінбейтін аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі (BSA)» бөлімде берілген.

Функциялардың параметрлері

Функцияларды баптау



Артқы жүріспен қозғалу кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін қосу үшін қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Parking Safety» (Қауіпсіз тұраққа қою) → «Rear Cross-Traffic Safety» (Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезіндегі қауіпсіздік) тармағын таңдаңыз. ал жүйені өшіру үшін таңдаудан бас тартыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалтқышты қайта оталдырған кезде де артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі әрдайым қосылады. Алайда бұл функцияны қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін өшірген жағдайда аса сақ болып, автокөлікті қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтау қажет.



Ақпарат


Көлденең қозғалыс кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің баптаулары автокөліктің артында көлденең бағытта қозғалып бара жатқан объектілер туралы хабарлау жүйесінің және мұндай объектілермен соқтығысулардың алдын алу жүйесінің баптауларын қамтиды.



Ескертудің берілу уақыты

Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің ескертулер берудің бастапқы жылдамдығын өзгерту үшін қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмекші) → «Warning Timing» (Ескертулер таймері) тармағын таңдаңыз.

Жаңа автокөлікте ескертулер таймеріне «Normal» (Қалыпты) мәні берілген. Ескертулер таймерін өзгерткен кезде өзге жүргізушіге көмек жүйелерінің ескерту уақыты да өзгеруі мүмкін.



Ескертулердің дыбыс қаттылығы

Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі ескертулерінің дыбыс қаттылығын өзгерту үшін қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда, «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Warning Volume» (Ескертулердің дыбыс қаттылығы) тармағын таңдаңыз да, келесі мәндердің бірін таңдаңыз: «High» (Жоғары), «Medium» (Орташа) немесе «Low» (Төмен).

Ескертудің дыбыс қаттылығын өзгерткен жағдайда өзге жүргізушіге көмек жүйелері ескертулерінің дыбыс қаттылығы да өзгеруі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

- Ескерту таймері мен дыбыс қаттылығының баптаулары артқы жақтан соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесінің барлық функцияларына қатысты.
- Ескерту таймерінде «Normal» (Қалыпты) мәні таңдал тұрса да, сол жақтан немесе оң жақтан жақындап келе жатқан автокөліктер жоғары жылдамдықпен жүргенде ескерту тым қатты кідіріспен беріле бастауы мүмкін.
- Жолда көліктер аз болса және қозғалыс жылдамдығы төмен болса, ескертулер таймеріне «Late» (Кешірек) мәнін таңдаңыз.



Ақпарат

Қозғалтқышты қайта оталдырған кезде ескерту таймері мен дыбыс қаттылығы үшін соңғы баптаулар қолданылады.

Функцияның жұмысы

Функцияның ескертуі және басқару

Артқы жақта көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясы соқтығысу қауіпінің деңгейіне байланысты ескертулер береді және автокөлікті жүргізеді: «Collision warning» (Соқтығысу қауіпі), «Emergency braking» (Апатты тежелу) және «Stopping vehicle and ending brake control» (Автокөлікті тоқтату және тежелуді басқару жүйесін өшіру).



Соқтығысу қауіпі!

- Жүргізушіге артқы жақтан сол жақтан/оң жақтан жақындап келе жатқан көлік құралы туралы ескерту үшін сыртқы артқы көрініс айнасындағы индикатор жыпылықтайды, ал аспаптар тақтасында ескерту пайда болады. Дәл сол уақытта дыбыс сигналы беріледі. Егер артқы көрініс камерасы қосулы болса, ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің экранында ескерту пайда болады.


- Функция төменде берілген шарттардың бәрі орындалған жағдайда жұмыс істейді.
 - беріліс қорабының иінтірегі «R» (артқы жүріс) қалпына ауыстырылған;
 - автокөлік жылдамдығы 8 км/сағ. шамасынан (5 миль/сағ.) төмен;
 - жақындап келе жатқан көлік құралы автокөлігіңізден сол жақта немесе оң жақта шамамен 25 м қашықтықта орналасқан;
 - сол жақтан немесе оң жақтан жақындап келе жатқан көлік құралының жылдамдығы 5 км/сағ. шамасынан жоғары.

Ақпарат

Жүйе жұмысының шарттары орындалып тұрса, автокөлігіңіз 0 км/сағ. шамасындағы жылдамдықпен жүріп бара жатса да, сол жақтан немесе оң жақтан көлік құралы жақындаған кезде ескерту көрсетіледі.



©CN7060116



©CN7060106



©CN7060148L

Апаттық тежелу

- Жүргізушіге артқы жақтан сол жақтан/оң жақтан жақындап келе жатқан көлік құралы туралы ескерту үшін сыртқы артқы көрініс айнасындағы индикатор жыпылықтайды, ал аспаптар тақтасында ескерту пайда болады. Дәл сол уақытта дыбыс сигналы беріледі. Егер артқы көрініс камерасы қосулы болса, ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің экранында ескерту пайда болады.
- Функция төменде берілген шарттардың бәрі орындалған жағдайда жұмыс істейді.
 - беріліс қорабының иінтірегі «R» (артқы жүріс) қалпына ауыстырылған;
 - автокөлік жылдамдығы 8 км/сағ. шамасынан (5 миль/сағ.) төмен;
 - жақындап келе жатқан көлік құралы автокөлігіңізден сол жақта немесе оң жақта шамамен 1,5 м қашықтықта орналасқан;
 - сол жақтан немесе оң жақтан жақындап келе жатқан көлік құралының жылдамдығы 5 км/сағ. шамасынан жоғары.
- Сол жақтан және оң жақтан жақындап келе жатқан көлік құралдарымен соқтығысудың алдын алу үшін апаттық тежелу жүйесі қолданылады.



Автокөлікті тоқтату және тежеуді басқару жүйесін өшіру

- Автокөлік шұғыл тежелудің салдарынан тоқтатылған жағдайда аспаптар тақтасында «Drive carefully» (Абайлап жүргізіңіз) ескерту хабарламасы пайда болады.
- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жүргізуші бірден тежегіш педалін басып, айналадағы жағдайды тексеруі тиіс.
- Тежеуді басқару жүйесі автокөлік шұғыл тежелудің салдарынан тоқтағаннан кейін шамамен 2 секунд өткен соң өшеді.
- Шұғыл тежелген жағдайда жүргізуші тежегіш педалін қатты басатын болса, тежеуді басқару жүйесі автоматты түрде өшеді.

АБАЙЛАҢЫЗ

Тежелу төмендегі жағдайларда өшіріледі:

- жақындап келе жатқан көлік құралы анықтау диапазонының шегінен тыс орналасқан;
- жақындап келе жатқан автокөлік автокөлігіңіздің артқы жағынан өтіп бара жатыр;
- жақындап келе жатқан көлік құралы автокөлігіңізге қарай қозғалып бара жатқан жоқ;
- жақындап келе жатқан автокөліктің жылдамдығы баяулады;
- жүргізуші тежегіш педалін күш салып басып отыр;



АБАЙЛАҢЫЗ

Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін пайдаланған кезде төменде көрсетілген сақтық шараларын сақтау қажет.

- Өз қауіпсіздігіңіз үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойғаннан кейін баптауларды өзгертіңіз.
- Егер ескерту хабарламасы көрсетіліп тұрса немесе қандай да бір басқа жүйенің дыбыстық сигналы беріліп жатса, артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің хабарламасы көрсетілмеуі, ал дыбыстық ескерту берілмеуі мүмкін.
- Шулы ортада артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің дыбыстық ескертуі естілмеуі мүмкін.
- Жүргізуші соқтығысудың алдын алу үшін тежегіш педалін басып отырса, жол қиылыстарынан өту кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі жұмыс істемейді мүмкін.
- Жол қиылыстарынан өту кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде автокөлік кілт тоқтап қалуы мүмкін, бұл жолаушылардың жарақат алуына және бекітілмеген заттардың жылжып кетуіне алып келуі мүмкін. Әрдайым қауіпсіздік белбеуін тағып отырыңыз және заттарды бекітіп қойыңыз.
- Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезіндегі қауіпсіздік жүйесімен байланысты қиындықтар туындағанның өзінде автокөліктің негізгі тежеу жүйесі қалыпты түрде жұмыс істейтін болады.
- Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі барлық жағдайларда бірдей іске қосыла бермейді және барлық соқтығысулардың алдын ала алмайды.

- Шұғыл тежелген жағдайда жүргізуші акселератор педалін қатты басатын болса, тежеуді басқару функциясы автоматты түрде өшеді.
- Жүргізуші автокөлікті жүргізуге жауапты болады. Жол қиылыстарынан өткен кезде қауіпсіздік жүйесінің жұмысына ғана сеніп қалмаңыз. Қауіпсіз тежеу арақашықтығын сақтаңыз және қажет болса, қозғалыс жылдамдығын төмендету немесе автокөлікті тоқтату үшін тежегіш педалін басыңыз.
- Ешбір жағдайда жол қиылыстарынан өту кезіндегі қауіпсіздік жүйесінің жұмысын адамдарға, жануарларға, объектілерге және т.с.с. тексеріп көрмеңіз. Бұл ауыр жарақаттарға немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тежеуді басқару жүйесінің дұрыс жұмыс істеуі динамикалық тұрақтандыру жүйесінің (ESC) күйіне байланысты.

Ескерту төмендегі жағдайларда ғана қалады:

- ESC (тұрақтылықты электронды бақылау) сигнал шамы қосұлы
- динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC) қандай да бір функцияны орындап жатыр.




Ақпарат


- Егер жүйе тежелуге көмек көрсетіп тұрса, жүргізушіге сақ болу қажет, себебі тежеуді автоматты түрде басқару небәрі 2 секундқа ғана созылады. Жүргізуші бірден тежегіш педалін басуы және айналадағы жағдайды тексеруі тиіс.
- Жүргізуші тежегіш педалін жеткілікті күш салып басқан кезде тежегіштерді басқару тоқтатылады.
- Берілістерді ауыстыру ниетірегі «R» (Артқы жүріс) қалпына ауыстырғаннан кейін тежегіштерді басқару сол жақтан немесе оң жақтан автокөлік жақындап келе жатқан кезде тек бір рет қана іске қосылады.

Функцияның ақаулығы және шектеулері

Функцияның ақаулығы




Егер артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі тиісінше жұмыс істемесе, аспаптар тақтасында «Check Rear Cross-Traffic Safety system» (Артқы жақтағы көлденең қозғалысқа арналған қауіпсіздік жүйесін тексеріңіз) хабарламасы пайда болады және жүйе автоматты түрде өшеді немесе оның мүмкіндіктері шектеулі болады. Жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.



Сыртқы артқы көрініс айнасындағы сигнал шамы тиісінше жұмыс істемей тұрса, аспаптар тақтасында «Check side view mirror warning light» (Сыртқы артқы көрініс айнасындағы сигнал шамын тексеру) хабарламасы пайда болады. Жүйені тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Функция өшірулі



Егер артқы бүйірлік радардың немесе датчиктің жанындағы артқы бампердің беті қандай да бір зат, мысалы, қар немесе мұз қабаты жауып тұрса немесе автокөлікке тіркеме не аспалы ұстағыш орнатылған болса, объектілердің анықталу сапасы нашарлауы, сондай-ақ артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі уақытша шектеулі түрде істеуі немесе өшуі мүмкін.

Бұл жағдайда аспаптар тақтасында «Rear Cross-Traffic Safety system disabled. Radar blocked» (Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі өшірулі. Радар бұғатталған.) хабарламасы пайда болады.

Бөтен заттарды, тіркемені және т.б. алып тастағаннан кейін функция өзінің жұмысын қалыпты режимде қайта жалғастырады.

Егер кедергі жасап тұрған объектілерді алып тастағаннан кейін функция тиісінше жұмыс істемесе, оны HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес беріледі.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Аспаптар тақтасында ескерту хабарламасы пайда болмаса да, артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясы қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бір де бір объектіні анықтау мүмкін болмайтын учаскелерде (мысалы, ашық жерлерде) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тіркемені және осыған ұқсас құралдарды орнатар алдында артқы жүріспен қозғалу кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясын өшіріп қойыңыз немесе бұл функцияны қолдану үшін тіркемені және осыған ұқсас құралдарды ажыратыңыз.

Функция жұмысының шектеулері

Артқы жүріспен қозғалған кездегі соқтығысу қаупі туралы ескерту функциясы төмендегі жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі немесе болжауға келмейтіндей түрде жұмыс істеуі мүмкін:

- қалың өсімдіктері бар учаскелерден шығу;
- ылғал жол учаскелерінен шығу;
- жақындап келе жатқан көлік құралының жылдамдығы жоғары немесе төмен.

Тежеуді басқару жүйесі жұмыс істемеуі мүмкін, жүргізушіден төмендегі жағдайларда мұқият болу талап етіледі:

- автокөлік соқпалы жолда, ойлы-қырлы жолда немесе жол «жамауларында» қатты дірілдейді;
- автокөлік қар, шалшық немесе мұз сияқты тайғанақ бетпен қозғалады;
- шиналардағы қысым төмен немесе шина зақымдалған;
- тежегіш конструкциясына өзгертулер енгізілген;
- Автоматты түрде тұраққа қою интеллектуалды жүйесі (бар болса)




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Артқы бұрыштық радарға қатысты шектеулер туралы толық ақпарат 7-тараудың «Көрінбейтін аймақта соқтығысудың алдын алу көмекші жүйесі (BCA)» бөлімінде берілген.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Көлік құралының немесе құрылыс құрылымының жанында қозғалу




[A]: құрылыс құрылымы

Артқы жүріспен қозғалу кезінде соқтығысу қаупі туралы ескерту функциясы көлік құралының немесе өзге объектінің жанында қозғалған кезде шектеулі түрде жұмыс істеуі мүмкін. Бұған қоса ол сол жақтан немесе оң жақтан жақындап келе жатқан көлік құралын анықтамауы мүмкін. Бұл жағдайда жүйе қажетті кезде жүргізушіге ескертпеуі немесе тежегіштерді қоспауы мүмкін.

Артқы жүріспен қозғалған кезде әрдайым айналадағы жағдайларды қадағалап отырыңыз.


- Күрдәлі тұрақжайдың ішінде қозғалу



Артқы жақта көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясы сіздің автокөлігіңіздің жанына тұраққа қойылып жатқан немесе тұрақтан шығып жатқан көлік құралдарын анықтауы мүмкін (мысалы, егер автокөлігіңіздің жанындағы көлік құралы жүріп кетсе, тұраққа қойылып жатса немесе сіздің артыңыздағы аймаққа шығып жатса немесе көлік құралы бұрылып жатқан автокөлігіңізге жақындап келе жатса және т.с.с.). Егер осындай жағдай орын алса, жүйе жүргізушіге барлық жағдайда бірдей ескерту бере және тежеу жүйесін қолдана алмайды.

Артқы жүріспен қозғалған кезде әрдайым айналадағы жағдайларды қадағалап отырыңыз.

- Автокөлікті диагональ бағытта тұраққа қою




[A]: көлік құралы

Артқы жақта көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясының мүмкіндіктері артқы жүріспен диагональ бағытта жүрген жағдайда шектеулі болуы мүмкін және ол сол жақтан және оң жақтан жақындап келе жатқан көлік құралын анықтамауы мүмкін. Бұл жағдайда жүйе қажетті кезде жүргізушіге ескертпеуі немесе тежегіштерді қоспауы мүмкін.

Артқы жүріспен қозғалған кезде әрдайым айналадағы жағдайларды қадағалап отырыңыз.


- Автокөлік еңісте немесе оның жанында тұр



Артқы жақта көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясының мүмкіндіктері автокөлік ерде немесе еңісте (немесе олардың жанында) қозғалған кезде шектеулі болуы мүмкін және ол сол жақтан және оң жақтан жақындап келе жатқан көлік құралын анықтамауы мүмкін. Бұл жағдайда жүйе қажетті кезде жүргізушіге ескертпеуі немесе тежегіштерді қоспауы мүмкін.

Артқы жүріспен қозғалған кезде әрдайым айналадағы жағдайларды қадағалап отырыңыз.

- Құрылыс құрылымы бар тұрақ орнына жақындап келу




[A]: құрылыс құрылымы, [B]: қабырға

Артқы жақта көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясы сіз артқы жүріспен артқы жағында немесе жанында қабырғасы не қандай да бір құрылымы бар тұрақ орнына көлікті тұраққа қойып жатқан кезде сіздің алдыңыздан өтіп бара жатқан көлік құралдарын анықтауы мүмкін. Егер осындай жағдай орын алса, функция жүргізушіге барлық жағдайда бірдей ескерту бере және тежеу жүйесін қолдана алмайды.

Артқы жүріспен қозғалған кезде әрдайым айналадағы жағдайларды қадағалап отырыңыз.

- Автокөлікті артқы жүріспен тұраққа қою



©HY059020

Артқы жақта көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясы сіз артқы жүріспен көлікті тұрақ орнына тұраққа қойып жатқан кезде сіздің артыңыздан өтіп жатқан көлік құралдарын анықтауы мүмкін. Егер осындай жағдай орын алса, жүйе жүргізушіге барлық жағдайда бірдей ескерту бере және тежеу жүйесін қолдана алмайды.

Артқы жүріспен қозғалған кезде әрдайым айналадағы жағдайларды қадағалап отырыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Тіркемені немесе екінші бір автокөлікті сүйреген жағдайда артқы жақтағы көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясын өшіріп қоюға кеңес беріледі.
- Артқы жақта көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясы күші электромагнитті толқындар әсер еткен жағдайда дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Артқы жақта көлденең қозғалыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі автокөлік қозғалтқышын оталдырғаннан кейін немесе артқы бұрыштық радарлар қосылғаннан кейін 15 секунд бойы жұмыс істемей тұруы мүмкін.


АЛДЫҢҒЫ/АРТҚЫ ЖҮРІСПЕН ТҰРАҚҚА ҚОЮ КЕЗІНДЕГІ ҚАШЫҚТЫҚ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ ЖҮЙЕСІ (PDW) (БАР БОЛСА)

Алдыңғы және артқы жүріспен тұраққа қою кезіндегі көмек жүйесі жүргізушіге автокөлік төмен жылдамдықпен алдыңғы және артқы жүріспен қозғалған кезде кедергінің анықталуы туралы ескертеді.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Алдыңғы және артқы жүріспен тұраққа қою кезіндегі көмек жүйесі қосымша функция болып табылады. Бұл функцияның жұмысы көптеген факторларға (қоршаған орта жағдайларын қоса алғанда) байланысты. Тұраққа қою маневрін жасар алдында және тұраққа қою кезінде жүргізуші автокөліктің алдындағы және артындағы жағдайды бақылау үшін жауапты болады.
- Объектілердің, жаяу жүргіншілердің және әсіресе балалардың жанынан өткен кезде аса сақ болу керек. Объектілердің кейбір түрлерін ультрадыбыстық датчиктер тіркемеуі мүмкін. Бұл объектінің материалына немесе өлшеміне, сондай-ақ оған дейінгі қашықтыққа байланысты. Барлық көрсетілген факторлар датчиктердің тиімді жұмысына әсер етеді.
- Жаңа көлік құралына көпілдік көлік құралының зақымдалуына немесе адамдардың жарақат алуына алып келген оқиғаларға қолданылмайды.

Анықтау датчигі



[1]: алдыңғы ультрадыбыстық датчиктер,

[2]: артқы ультрадыбыстық датчиктер

Анықтау датчиктерінің нақты орналасқан жерін жоғарыдағы суреттен қараңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Анықтау датчигінің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын сақтау үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Анықтау датчиктерін бөлшектеуге, сондай-ақ оларды соққыға ұшыратуға тыйым салынады.
- Анықтау датчигін ауыстырғаннан немесе жөндегеннен кейін автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес беріледі.
- Алдыңғы/артқы жүріспен тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесі төменде көрсетілген жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
 - датчикке мұз қатқан;
 - датчиктің беті бөтен затпен, мысалы, қармен немесе сумен жабылған (бұл заттарды алып тастағаннан кейін жүйе қалыпты режимдегі жұмысын жалғастырады);
- Төменде көрсетілген жағдайларда алдыңғы және артқы жүріспен тұраққа қою кезіндегі көмек жүйесі істен шығуы немесе ақаулы болуы мүмкін.
 - Беті тегіс емес жолдармен, қиыршық тас төсемінің үстімен немесе орманды жермен жүру.
 - Автокөліктердің дыбыстық сигналдары, қатты шуылмен жұмыс істеп тұрған мотоциклдердің қозғалтқыштары немесе жүк көліктерінің пневматикалық тежегіштері секілді ультрадыбыстық сигналдар шығаратын объектілердің әсері.
 - Нөсер жаңбыр немесе шашыраған су.
 - Датчиктің жанында орналасқан радиотаратқыштар немесе мобильді телефондар.
 - Датчиктердің бетіндегі қар.
- Басқа датчиктердің әсері.
- Датчиктің бетіне сұйықтық ағынының тиюі;
- Нөмір белгісінің стандартты емес орында орнатылуы.
- Кедергілерді анықтау қашықтығы төменде көрсетілген жағдайларда қысқаруы мүмкін.
 - Датчиктің беті бөтен затпен, мысалы, қармен немесе сумен жабылған
 - (осы заттарды алып тастағаннан кейін жүйе қалыпты режимде жұмысын жалғастырады);
 - ауаның температурасы өте жоғары немесе төмен.
- Датчик төмендегідей заттарды анықтамайды:
 - Сымарқандар, шынжырлар және шағын бағандар сияқты үшкір немесе жіңішке заттар;
 - Маталар, жөке материалдары немесе қар секілді датчик тарататын дыбыс сигналын жұтатын объектілер;
 - ұзындығы 1 м-ден кем немесе диаметрі 14 см-ден кіші объектілер.

Функциялардың параметрлері

Қосу және өшіру

- Алдыңғы немесе артқы жүріспен тұраққа қою кезіндегі көмек жүйесін қосу үшін қауіпсіз тұраққа қою түймесін (P_ш) басыңыз. Жүйені өшіру үшін түймені тағы бір рет басыңыз.
- Егер қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі қосулы («ON» (Қосу) қалпында) тұрғанда «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Parking Safety» (Қауіпсіз тұраққа қою) → «Parking Distance Warning Auto ON» (Тұраққа қою кезіндегі көмек жүйесінің автоматты түрде қосылуы) тармағы таңдалса, қауіпсіз тұраққа қою түймесіндегі индикатор жанады P_ш. Функция автокөлігіңіздің жылдамдығы 10 км/сағ. (6 миль/сағ.) шамасынан төмен болған жағдайда жұмыс істейді. Автокөлік жылдамдығы 10 км/сағ. (6 миль/сағ.) шамасынан жоғары болса, функция объектілер анықталған жағдайда да жүргізушіге ескертпейді.



Ескертулердің дыбыс қаттылығы

Артқы/алдыңғы жүріспен тұраққа қою кезіндегі көмек жүйесі ескертулерінің дыбыс қаттылығын өзгерту үшін қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда «Settings» (Баптаулар) мәзірінде «Driver Assistance» (Жүргізушіге көмек) → «Warning Volume» (Ескертулердің дыбыс қаттылығы) тармағын таңдаңыз да, келесі мәндердің бірін таңдаңыз: «High» (Жоғары), «Medium» (Орташа) немесе «Low» (Төмен).

Ескертудің дыбыс қаттылығын өзгерткен жағдайда өзге жүргізушіге көмек жүйелері ескертулерінің дыбыс қаттылығы да өзгеруі мүмкін.

Функцияның жұмысы

Жұмыс жағдайлары



- Егер қозғалтқыш оталып тұрған кезде қауіпсіз тұраққа қою түймесін (P) бассаңыз, түймедегі индикатор жанады және автокөлік алдыңғы немесе артқы жүріспен қозғалған кезде жүйе жұмыс істейді.
- Егер түйме өшірулі (түймедегі индикатор жанбайды) болса және берілістерді ауыстыру иіңтірегі «R» (артқы жүріс) қалпына ауыстырылса, жүйе автоматты түрде қосылады.
- Автокөліктің жылдамдығы 5 км/сағ. (3 миль/сағ.) шамасынан асатын болса, алдыңғы және артқы жүріспен тұраққа қою кезіндегі көмек жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Егер автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ. шамасынан асатын болса жүйе ескерту сигналдарын бермейді, ал жылдамдық 20 км/сағ. шамасынан жоғары болса жүйе өшеді (түймедегі индикатор сөнеді).
- * Тұраққа қою кезінде соқтығысудың алдын алуға көмектесу жүйесі немесе автоматты түрде тұраққа қою интеллектуалды жүйесі болған жағдайда автокөліктің жылдамдығы 30 км/сағ. шамасынан асатын болса алдыңғы және артқы жүріспен тұраққа қою кезіндегі көмек жүйесі өшеді (түймедегі индикатор сөнеді).

Жылдамдық қайта 20 км/сағ. шамасына дейін төмендесе де жүйе қосылмайды. Қажет болса, қауіпсіз тұраққа қою түймесін (P) басыңыз.
- Кедергі анықталған жағдайда ол аспаптар тақтасында және ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің экранында көрсетіледі.
- Бір мезгілде екіден көп объект анықталатын болса, ең жақын орналасқан объект туралы дыбыстық ескерту беріледі.

Ескертуші дыбыс сигналдарының және индикаторлардың түрлері

Объектіге дейінгі арақашықтық		Ескертуші индикатор		Ескертуші дыбыс сигналы
		Алдыңғы жүріс	Артқы жүріс	
60~100 см (24~40 дюйм)	Алдынан		-	Ара-тұра зуммер қосылады
60~120 см (24~48 дюйм)	Артынан	-		Ара-тұра зуммер қосылады
30~60 см (12~24 дюйм)	Алдынан			Жиі берілетін сигнал
	Артынан	-		
30 см-ден (12 дюйм) кем	Алдынан			Үздіксіз сигнал
	Артынан	-		

- Ультрадыбыстық датчик өзінің сезімталдық диапазонында объектіні анықтаған сайын тиісті индикатор қосылады.
- Алдыға қарай қозғалған кезде ескертулерді тек алдыңғы датчиктер ғана береді. Артқы жүріспен қозғалған кезде ескертулерді артқы және алдыңғы бүйірлік датчиктер береді. Алайда алдыңғы бүйірлік датчиктер іске қосылуы үшін объект олардан 60 см-ден (24 дюйм) аз қашықтықта орналасуы тиіс.
- Егер объект ультрадыбыстық датчиктерден 30 см (12 дюйм) қашықтықта орналасса, датчиктер объектіні анықтамауы немесе объектінің анықтау диапазонының шегінен шыққаны туралы ескерту сигналы берілуі мүмкін.
- Автокөліктің жылдамдығына немесе кедергінің пішініне байланысты қашықтық туралы ескерту жүйесі ретсіз жұмыс істеуі мүмкін.
- Егер кедергілер датчиктің әрекет ету аймағының ортасында немесе автокөлікке тікелей жақын жерде орналасқан болса, сондай-ақ басқа жағдайларда ескертуші дыбыс сигналдары мен индикация көрсетілгендерден өзгеше болуы мүмкін.
- Автокөлікте орнатылған аспаптар тақтасының пішіні суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Функцияның ақаулығы және шектеулері

Функцияның ақаулығы

Алдыңғы және артқы жүріспен тұраққа қою кезіндегі көмек жүйесінің ультрадыбыстық датчиктің тиісінше жұмыс істеп тұрғанын тексеруге мүмкіндік беретін өзіндік диагностикалау функциясы бар. Қозғалтқышты оталдырғаннан және берілістерді ауыстыру иінтірегін «Р» (тұраққа қою) қалпына қойғаннан кейін жүйенің қалыпты жұмыс істеп тұрғанын білдіретін дыбыс сигналы беріледі.

Алайда төменде көрсетілген оқиғалардың бірі орын алса, алдымен ультрадыбыстық датчиктің зақымдалмағанын және жүйенің жұмысқа жарамдылығын тексеріңіз. Егер функция бұрынғыша тиісінше жұмыс істемей тұрса, оны HYUNDAI ресми дилерінде тексертуге кеңес беріледі.

- Дыбыс сигналы естілмейді.
- Зуммер үзік сигнал береді.
- Аспаптар тақтасында «Parking sensor error or blockage» (Жүйе жұмысы шектеулі) ескерту хабарламасы пайда болады.



OCN7070066L

Функцияны пайдаланған кездегі сақтық шаралары

- Бампердің биіктігі өзгертілген болса, датчиктерді орнату рәсімі сақталмаған немесе датчиктер зақымдалған болса, алдыңғы және артқы жүріспен тұраққа қою кезіндегі көмек жүйесі жұмыс істемеуі мүмкін. Зауыттық емес жағдайларда орнатылған кез келген жабдық немесе аксессуарлар да датчиктің жұмысына әсер етуі мүмкін.
- Егер ультрадыбыстық датчикке мұз қатқан болса немесе оның бетін қар, балшық немесе су жауып тұрса, ол жұмсақ шүберекпен тазартылмайынша жұмыс істей алмайды.
- Ультрадыбыстық датчикті итеруге немесе соққыға ұшыратуға болмайды; бетіне сызат түсіруге болмайды. Кері жағдайда датчик зақымдалуы мүмкін.
- Жоғары қысымды жуғыш аппараттың су ағынын ультрадыбыстық датчиктерге немесе оған жақын аймаққа тікелей бағыттауға болмайды.

СӘЙКЕСТІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ (БАР БОЛСА)

Радиожилікті компоненттер (артқы бұрыштық радар) төмендегі талаптарға сәйкес келеді.

– Тайвань үшін

電信法第 48 條, 低功率電波輻射性電機管理辦法
第十二條

經型式認證合格之低功率射頻電機, 非經許可, 公司、商號或使用者均不得擅自變更頻率、加大功率或變更原設計之特性及功能。

第十四條

低功率射頻電機之使用不得影響飛航安全及干擾合法通信; 經發現有干擾現象時, 應立即停用, 並改善至無干擾時方得繼續使用。

前項合法通信, 指依電信法規定作業之無線電通信。低功率射頻電機須忍受合法通信或工業、科學及醫療用電波輻射性電機設備之干擾。

©ANATEL069

– Таиланд



Logo of NABT (National Agency for Consumer Protection) with Thai text: เครื่องวิทยุคมนาคมนี้ ได้รับยกเว้น ไม่ต้องได้รับใบอนุญาตให้มี ใช้ซึ่งเครื่องวิทยุคมนาคม หรือตั้งสถานีวิทยุคมนาคมตามประกาศ กสทช. เรื่อง เครื่องวิทยุคมนาคม และสถานีวิทยุคมนาคมที่ได้รับยกเว้นไม่ต้องได้รับใบอนุญาตวิทยุคมนาคม ตามพระราชบัญญัติวิทยุคมนาคม พ.ศ. 2498

QR code and contact information: nabt. | โทรคมนาคม กำกับดูแลเพื่อประชาชน Call Center 1200 (InSvR)

©ANATEL111

– Индонезия үшін



67025/SDPPI/2020
11274

QR code and warning symbol (exclamation mark in a triangle)

Warning text: *Peringatan: perhatikan pemeliharaan spesifikasi yang tertera merupakan program dari produsen untuk memastikan kepatuhan terhadap Peraturan Menteri*

©ANATEL070

– Малайзия үшін



Logo of MCMC (Malaysian Communications and Multimedia Commission) with text: MCMC
CIDF17000143

©ANATEL057

– Сингапур үшін

Complies with
IMDA Standards
DA105282

OANATEL068

– Еуропа

Trade mark or Trade name : Hyundai Mobis
203, Teheran-ro, Gangnam-gu, Seoul, 06141, Republic
of Korea

Frequency : 76-77 GHz

Max EIRP(Peak) :

Normal Resolution 28.17 dBm

High Resolution : 29.18 dBm

The antenna(s) must be installed such that a minimum separation distance of at least 20 cm is maintained between the radiator (antenna) and all persons at all times. This device must not be co-located or operating in conjunction with any other antenna or transmitter.

Hereby, Hyundai Mobis Co.,Ltd declares that the radio equipment type MAR120 is in compliance with Directive 2014/53/EU.

The full text of the EU declaration of conformity is available at the following internet address: http://www.mobis.co.kr/upload/CE/MOBIS_MAR120_Radar.pdf

OANATEL112

– Украина үшін



UARF: 3MOBSR120

Hyundai Mobis Co., ТОВ
Гангнам-гу 203, Тегеран-ро
Сеул 06141

Республика Корея
UNIT ASSY-RR CORNER RADAR
MAR120

Частотний діапазон: 76 – 77
ГГц

Потужність передачі: 28.17
дБм (макс.) EIRP, 29.18 дБм
(макс.) EIRP

справжнім Hyundai Mobis
Со., ТОВ заявляє, що тип
радіообладнання MAR120
відповідає Технічному
регламенту
радіообладнання;
повний текст декларації
про відповідність
доступний на веб сайті
за такою адресою:


http://www.mobis.co.kr/upload/CE/MOBIS_MAR120_Radar.pdf

OANATEL071

– Молдова




– Иордания



– Біріккен Араб Әмірліктері



– Гана




– Сербия және Черногория



– Замбия



– Нигерия




– Марокко




– Оңтүстік Африка Республикасы




– Ресей



– Оман




– Израиль



8. Төтенше жағдайлар

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі	8-2
Қозғалыс кезінде күтпеген жағдай туындағанда.....	8-2
Қозғалтқыш қозғалыс кезінде тоқтап қалса.....	8-2
Қозғалтқыш жол қиылысында өшіп қалса	8-2
Қозғалыс кезінде доңғалақтың желі шығып кетсе	8-3
Қозғалтқышты оталдыру мүмкін болмаса	8-3
Қозғалтқыш механизмі айналмаса не баяу айналса	8-3
Қалыпты айналатын қозғалтқыш оталмаса	8-3
Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру.....	8-4
Қозғалтқыш қызып кетсе	8-6
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS).....	8-8
Шиналардағы қысымды тексеру	8-8
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі	8-9
Шинадағы төмен қысым индикаторы	8-10
Қысымы төмен шина мен шиналардағы қысым көрсеткіші	8-10
TPMS (шинадағы қысымды бақылау жүйесі) жүйесі ақаулығының индикаторы.....	8-12
TPMS жүйесімен жабдықталған шинаны ауыстыру	8-12
Доңғалақтың (қосалқы доңғалақтың) желі шығып кетсе	8-14
Домкрат және құрал-саймандар	8-14
Доңғалақты ауыстыру.....	8-15
Домкраттың жапсырмасы	8-19
Домкраттың ЕО нормаларына сәйкестігі туралы декларация.....	8-20
Сүйреу	8-21
Автоэвакуациялау қызметі	8-21
Алмалы сүйреу ілмегі	8-22
Апаттық сүйреу	8-23
Апаттық жиынтық.....	8-25
Өртсөндіргіш	8-25
Дәрі қобдишасы	8-25
Апаттық аялдау белгісі	8-25
Шина манометрі.....	8-25
Еуропалық шұғыл қоңырау шалу жүйесі	8-26
Дербес деректердің өңделуі туралы ақпарат	8-28
Еуропалық шұғыл қоңырау шалу жүйесі	8-30

АПАТТЫҚ ЖАРЫҚ СИГНАЛЫН БЕРУ ЖҮЙЕСІ



Апаттық жарық сигналын беру жүйесі басқа жүргізушілерге осы көлік құралының жанында болған кезде аса сақ болу қажеттігін хабарлайды.

Жүйе апаттық жөндеу жүргізіліп жатқан кезде немесе көлік құралы жолдың жиегіне тоқтатылған кезде қолданылуы тиіс.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосу/өшіру үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесінің түймесін басыңыз; бұл кезде оталдыру жүйесіндегі кілт кез келген қалыпта орналасуы мүмкін. Түйме алдыңғы ортаңғы панельде орналасқан. Барлық бұрылыс көрсеткіштері бірге жыпылықтайды.

- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі автокөліктің қозғалып не қозғалмай тұрғанына қарамастан жұмыс істейді.
- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосылып тұрған кезде, бұрылыс сигналдары жұмыс істемейді.

ҚОЗҒАЛЫС КЕЗІНДЕ КҮТПЕГЕН ЖАҒДАЙ ОРЫН АЛҒАНДА

Қозғалтқыш қозғалыс кезінде тоқтап қалса

- Түзу бағытта жүре отырып біртіндеп жылдамдықты төмендетіңіз. Сақтық таныта отырып жолдан қауіпсіз орынға бұрылыңыз.
- Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз
- Қозғалтқышты қайта оталдырып көріңіз. Егер көлік құралының қозғалтқышын оталдыру мүмкін болмаса, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу қажет.

Қозғалтқыш жол қиылысында өшіп қалса

Қозғалтқыш жол қиылысында немесе жол торабында тоқтап қалса, берілістерді ауыстыру түймесін «N» (бейтарап) қалпына қойып, көлік құралын қауіпсіз жерге итеріп шығару қажет.

Қозғалыс кезінде доңғалақтың желі шығып кетсе

Қозғалыс кезінде шинаның желі шыға бастаса:

- Аяғыңызды акселератор педалінен алыңыз да, түзу бағытпен қозғала отырып автокөліктің баяулауына мүмкіндік беріңіз. Бірден тежеуге және жолдан шетке шығуға әрекет жасамаңыз, бұның салдарынан автокөлікті жүргізе алмай, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін. Автокөлік жылдамдығы қауіпсіз жылдамдыққа дейін төмендегеннен кейін абайлап тежегішті басып, жолдың шетіне шығыңыз. Жолдан мүмкіндігінше алысырақ шығып кетіп, автокөлікті беті қатты тегіс жерге тұраққа қойыңыз. Ортасы бөлінген тас жолда болсаңыз, автокөлікті екі қозғалыс жолағының арасындағы аймаққа тұраққа қоймаңыз.
- Көлік құралы тоқтағаннан кейін апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратып қосқышын басып, берілістерді ауыстыру иінтірегін «Р» (Тұраққа қою) қалпына ауыстырып, тұрақ тежегішін қосып, оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті «LOCK/OFF» (Бұғаттау/өшіру) қалпына ауыстыру қажет.
- Барлық жолаушылар автокөліктен шығуы тиіс. Олардың бәрі автокөліктің жолаушы жағынан шығулары тиіс.
- Доңғалақты ауыстырған кезде одан әрі осы бөлімде келтірілетін нұсқаулар орындалуы тиіс.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ОТАЛДЫРУ МҮМКІН БОЛМАСА

Қозғалтқыш механизмі айналмаса не баяу айналса

- Автоматты трансмиссиясы бар автокөлікте селектор түймесінің «N» (бейтарап) немесе «P» (Тұраққа қою) қалпына қойылғанына көз жеткізіңіз. Қозғалтқыш берілістерді ауыстыру түймесі «N» (Бейтарап) немесе «P» (Тұраққа қою) қалпында тұрған кезде ғана оталады.
- Аккумулятор қосылыстарының таза және тығыз отырғызылғанына көз жеткізіңіз.
- Ішкі жарықты қосыңыз. Стартерді қосқан кезде жарық қараңғыланса немесе өшетін болса, аккумулятордың заряды отырған.

Автокөлікті итеріп және сүйретіп оталдыруға болмайды. Бұл автокөліктің зақымдалуына әкелуі мүмкін. **Осы бөлімде келтірілген «Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру» нұсқауларын қараңыз.**



НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Көлік құралын сүйреу немесе итеру арқылы қозғалтқышты оталдыру әрекеті каталитикалық бейтараптандырғышқа отынның көп мөлшерінің түсуіне әкеп соғады, бұл уыттылықты төмендету жүйесінің зақымдануына алып келуі мүмкін.

Қозғалтқыш қалыпты түрде айналса, бірақ оталмаса

- Отын деңгейін тексеріп, қажетінше отын құйыңыз.

Егер қозғалтқыш сонда да оталмаса, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуыңыз керек.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ СЫРТҚЫ ҚУАТ КӨЗІНЕН ОТАЛДЫРУ

Сыртқы қуат көзінен дұрыс оталдырмау қауіп төндіруі мүмкін. Ауыр жарақаттардан немесе автокөліктің зақымдалуынан сақтану үшін осы бөлімде сипатталған қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру әрекетін орындаңыз. Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыруды дұрыс жүргізуге қатысты күмәніңіз болса, қызмет көрсету бойынша техникалық маманға немесе автоэвакуациялау қызметіне жүгінгеніңіз жөн.

АБАЙЛАҢЫЗ

Аккумулятор батареясының жанында жұмыс істеген кезде немесе оған қызмет көрсеткен кезде **АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУ** немесе **КІСІ ӨЛІМІ** ықтималдығын болдырмау үшін әрдайым төменде көрсетілген сақтық шараларын орындау қажет.



Аккумулятор батареясымен жұмыс істер алдында төменде берілген нұсқауларды оқып шығыңыз.



Көзді электролиттің шашырауынан қорғау үшін қауіпсіздік көзілдірігін қолдану керек.



Аккумулятор батареясына тікелей жақын жерде ашық отты пайдалануға немесе темекі шегуге тыйым салынады.



Аккумулятор батареясының элементтерінде әрдайым оңай тұтанғыш сутегі газы болады, ол жарылуы мүмкін.



Аккумулятор батареялары балардың қолы жетпейтін жерде сақталуы тиіс.



Аккумуляторлардың құрамында өте агрессивті болып табылатын күкірт қышқылы бар. Қышқылдың көзге, теріге немесе киімге тиіп кетуінен сақтану керек.

Қышқыл көзге тиіп кетсе көздеріңізді кемінде 15 минут бойы таза сумен жуып, дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Қышқыл теріге тиіп кетсе зақымдалған жерді мұқият жуыңыз. Ауырсыну немесе күйдіру сезімі пайда болса, кідірместен медициналық көмекке жүгініңіз.

- Аккумуляторды көтерген кезде пластик корпусқа түсетін шектен тыс қысым салдарынан аккумулятор қышқылы ағып шығуы мүмкін. Аккумуляторды тұтқасынан немесе қарама қарсы бұрыштарынан ұстап көтеру қажет.
- Көлік құралына орнатылған аккумулятор батареясының электролиті қатып қалса, қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыруға әрекеттенбеңіз.
- Аккумулятор батареясы көлік құралына қосылған болса, оны зарядтауға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**.
- Электрлік оталдыру жүйесі жоғары кернеумен жұмыс істейді. Қозғалтқыш немесе оталдыру жүйесі қосылып тұрса, бұл компоненттерге қолдарыңызды тигізбеңіз.
- Сыртқы қуат көзінен оталдыруға арналған оң (+) және теріс (-) кабельдерді бір-біріне тигізбеңіз. Бұл ұшқынның шығуына әкелуі мүмкін.
- Сыртқы қуат көзінен оталдыру кезінде заряды қатты отырған немесе қатып қалған аккумулятор бұзылуы немесе жарылуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Көлік құралы зақымдалмауы үшін төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындаңыз.

- Қозғалтқышты оталдыру үшін тек 12-вольтті қуат көзі (аккумулятор батареясы немесе басқа қуат көзі) пайдаланылуы керек.
- Қозғалтқышты көлік құралын сүйреу немесе итеру арқылы оталдыруға әрекет жасамаңыз.


Ақпарат



Дұрыс кәдеге жаратылмаған аккумулятор батареясы қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиян келтіруі мүмкін. Батареяны жергілікті заңдарға немесе нормаларға сәйкес кәдеге жаратыңыз.

Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру процедурасы

1. Сыртқы қуат көзінен оталдыру кабельдердің ұзындығы жеткілікті болатындай етіп көлік құралдарын бір-бірінен жеткілікті қашықтықта орналастырыңыз.
2. Көлік құралының қозғалтқышы тоқтап тұрса да, желдеткіштерге және мотор бөліміндегі кез келген басқа қозғалмалы бөлшектерге қол тигізуге болмайды.
3. Радиоқабылдағыштар, жарық, ауа баптағыш және т.б. сияқты барлық электр құрылғыларын өшіріңіз. Берілісті «Р» (Тұраққа қою) қалпына ауыстырыңыз, тұрақ тежегішін қосыңыз. Екі автокөліктің де қозғалтқышын өшіріңіз.



4. Жалғау кабельдерін дәл суретте көрсетілгендей реттілікпен жалғаңыз. Алдымен бір іске қосу кабелін автокөлігіңіздегі сыртқы қуат көзінен оталдыруға арналған қызыл (оң (+)) шығысқа жалғаңыз (1).
5. Кабельдің екінші ұшы аккумулятор батареясы зарядтаулы көлік құралындағы аккумулятор батареясының қызыл (оң (+)) шығысына / сыртқы қуат көзінен оталдыруға арналған шығысына жалғанады (2).
6. Екінші іске қосу кабелін аккумулятор батареясы зарядтаулы көлік құралындағы аккумулятор батареясының қара (теріс (-)) шығысына/корпус жерге қосылған жерге жалғаңыз (3).
7. Екінші іске қосу кабелінің екінші ұшын аккумулятор батареясының заряды

отырған көлік құралындағы корпус жерге қосылған жердің қара (теріс (-)) шығысына жалғаңыз (4). Жалғау кабельдерінің тиісті аккумулятор клеммаларынан, сыртқы қуат көзінен оталдыруға арналған шығыстардан немесе жерге қосу жерінен өзге ешбір нәрсеге жанасуына жол бермеңіз. Қосылыстарды орнатқан кезде аккумулятор батареясының үстіне кеудеңізбен еңкеймеңіз.

8. Қозғалтқышты өшірмес бұрын автокөлікпен кемінде 30 минут жол жүріңіз немесе қозғалтқышты бос жүріспен кемінде 60 минут бойы жұмыс істетіңіз. Аккумуляторы зарядталғанша күтпесеңіз, автокөлік қайтадан оталмай қалады. Сондай-ақ аккумуляторды зарядтап, тексертіп алу үшін жақын жердегі дилерге хабарласуыңызға болады.

Автокөлік бірнеше әрекеттен кейін де оталмаса, оған техникалық қызмет көрсету қажет болуы мүмкін. Бұл жағдайда білікті маманның көмегіне жүгініңіз. Аккумулятор зарядының отыру себепі белгісіз болса, автокөлікті HYUNDAI ресми дилерінде тексертіңіз.

Сыртқы қуат көзінен оталдыруға арналған кабельдерді кері кезектілікпен ажыратыңыз:

1. Іске қосу кабелін аккумулятор батареясының заряды отырған көлік құралындағы корпус жерге қосылған жердің қара (теріс (-)) шығысынан ажыратыңыз (4).
2. Іске қосу кабелінің екінші ұшын аккумулятор батареясы зарядтаулы көлік құралындағы аккумулятор батареясының қара (теріс (-)) шығысынан/корпус жерге қосылған шығысынан ажыратыңыз (3).
3. Екінші кабелді аккумулятор батареясы зарядтаулы көлік құралындағы аккумулятор батареясының қызыл (оң (+)) шығысынан / сыртқы қуат көзінен оталдыруға арналған шығысынан ажыратыңыз (2).
4. Кабельдің екінші ұшын аккумулятор батареясының заряды отырған көлік құралындағы сыртқы қуат көзінен оталдыруға арналған қызыл (оң (+)) шығыстан ажыратыңыз (1).

ЕГЕР ҚОЗҒАЛТҚЫШ ҚЫЗЫП КЕТСЕ

Егер температура индикаторы шектен тыс қызуды көрсетсе, қуаттың төмендеуі байқалса, қатты ысқырған немесе тарсылдаған дыбыс естілсе, бұл қозғалтқыштың қызып кеткенін білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайда төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындау қажет.

1. Жолдың жүріс бөлігінен шығып, автокөлікті мүмкіндік туа салысымен қауіпсіздікке нұқсан келтірместен тоқтатыңыз.
2. Берілісті «Р» (Тұраққа қою) қалпына ауыстырып, тұрақ тежегішін қосыңыз. Қосулы тұрған ауаны кондициялау жүйесін өшіріңіз.
3. Автокөліктің астында қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының аққанын білдіретін іздер байқалса немесе капоттың астынан бу шықса, қозғалтқышты өшіріңіз. Салқындатқыш сұйықтық ағып біткенше және бу шығып болғанша капотты ашпағаныңыз жөн. Егер қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының аққаны және будың шыққаны байқалмаса, қозғалтқышты өшірмеңіз және қозғалтқыштың салқындату желдеткішінің жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз. Егер желдеткіш жұмыс істемесе, қозғалтқышты өшіріңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ



Ауыр жарақаттың алдын алу үшін қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде салқындату жүйесінің желдеткіші мен жетек бөлдіктері сияқты қозғалмалы бөліктерге қол тигізбеу керек.



4. Су сорғысының жетек белдігінің орнында екенін тексеріңіз.
 - (1) Белбеу орнында болса, оның керілуін тексеріңіз.
 - (2) Жетек белдігі ақаусыз болса, радиатордан, құбыршектерден және автокөлік түбінен салқындату сұйықтығының аққан-ақпағанын тексеріңіз. (Егер автокөлік қозғалысы кезінде ауаны кондициялау жүйесі жұмыс істеген болса, тоқтаған кезде бұл жүйеден тамшылайтын салқын су ақаулықтың белгісі болып табылмайды.)
5. Су сорғысының жетек белбеуі үзілген болса немесе салқындату сұйықтығы ағып кетсе қозғалтқышты дереу өшіріп, HYUNDAI ресми дилерінің көмегіне жүгініңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ



Қозғалтқыш пен радиатор суымағанша радиатордың қақпағын немесе дренаждық тығынды шешіп алмаңыз. Ыстық салқындатқыш сұйықтық пен бу қысыммен сыртқа атылып шығып ауыр жарақаттар келтіруі мүмкін.


Қозғалтқышты өшіріп, суытыңыз. Радиатор қақпағын шешкен кезде өте сақ болыңыз. Қақпақты қалың орамалмен орап алыңыз да, бірінші рет тірелгенше сағат тіліне қарсы бағытта баяу бұраңыз. Салқындату жүйесінің қысымы тарқағанша алшақтау тұрыңыз. Қысымның шығарылғанына көз жеткізгеннен кейін қалың матаны қолдана отырып радиатор қақпағының үстінен басыңыз және сағат тіліне қарсы бағытта бұрай отырып, шешіп алыңыз.

6. Қызып кетудің себебін анықтау мүмкін болмаса, қозғалтқыштың температурасы қалыпты болғанша күте тұрыңыз. Салқындату сұйықтығының деңгейі төмендеген жағдайда салқындатқыш сұйықтықтың деңгейі көлемнің жартысына жеткенше бакқа салқындатқыш сұйықтықтың қажетті мөлшерін құйыңыз.
7. Қызып кетудің өзге белгілерінің пайда болуын қадағалай отырып автокөлікті сақтықпен жүргізу қажет. Қызып кету жағдайы қайта орын алғанда, HYUNDAI ресми дилерінің көмегіне жүгінгеніңіз жөн.

МӘЛІМЕТ ҮШІН


- **Салқындатқыш сұйықтықтың айтарлықтай жоғалуы салқындату жүйесінде сұйықтықтың ағып кетуін білдіреді, сондықтан жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.**
- **Егер қозғалтқыш салқындатқыш сұйықтық деңгейінің төмен болуына байланысты қызып кетсе, сұйықтықты бірден құю қозғалтқышта сызаттардың пайда болуына алып келуі мүмкін. Зақымдардың алдын алу үшін салқындатқыш сұйықтықты аз-аздан, баяу құю керек.**

ШИНАЛАРДАҒЫ ҚЫСЫМДЫ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (TPMS) (БАР БОЛСА)



- (1) Шиналардағы төмен қысым/TPMS жүйесі ақаулығының индикаторы
- (2) Қысымы төмен шина мен шиналардағы қысым көрсеткіші (СК-дисплейде көрсетіледі).

Шиналардағы қысымды тексеру (бар болса)



- Шиналардағы қысымды аспаптар тақтасындағы көмек режимінде тексеруге болады.
4-тараудағы «СК-дисплей режимдері» бөлімін қараңыз.
- Шиналардағы қысым қозғалтқышты бірінші рет оталдырғаннан кейін бірнеше минут жол жүргеннен кейін көрсетіледі.
- Автокөлік орнында тұрғанда шиналардағы қысым көрсетілмесе, дисплейге «Қозғалыс кезінде көрсету» хабарламасы шығарылады. Сапардан кейін шиналардағы қысымды тексеріңіз.
- Шиналардағы қысымның көрсетілетін мәндері манометрмен өлшенгендерден өзгеше болуы мүмкін.
- Шиналардағы қысымды өлшеу бірліктерін аспаптар тақтасындағы пайдаланушы баптаулары режимінде өзгертуге болады.
 - фунт/шаршы дюйм, «Па немесе бар (4-тараудағы «Пайдаланушы баптаулары режимі» бөлімін қараңыз).

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі



АБАЙЛАҢЫЗ

Шамадан тыс немесе жеткіліксіз қысым шинаның жарамдылық мерзімін қысқартуы, көлік құралын жүргізуге теріс әсер етуі және шинаның кенеттен жарылуына әкеп соғуы мүмкін, бұның салдарынан көлікті жүргізу мүмкін болмай, жол-көлік оқиғасы орын алуы мүмкін.

Қосалқы шинаны (бар болса) қоса алғанда әрбір шинаны тексеру қажет; шиналар айына бір рет салқын күйінде тексеріледі және қажеттігіне қарай автокөлік сипаттамалары берілген тақтайшадағы немесе шиналардың қысымы көрсетілген заттаңбадағы автокөлік өндірушісі ұсынған қысым деңгейіне дейін үрленеді. (Егер автокөлікке өлшемі техникалық сипаттамалары бар тақтайшада немесе шиналардың қысымы көрсетілген заттаңбада көрсетілген өлшемнен өзгеше шиналар орнатылған болса, оларға қажетті қысымды анықтау қажет.)

Қосымша қауіпсіздік шарасы ретінде автокөлік шиналардағы қысымды бақылау жүйесімен (TPMS) жабдықталған, осы жүйенің арқасында бір немесе бірнеше шинадағы қысым деңгейі айтарлықтай төмендеген жағдайда тиісті индикатор жанады. Шиналардағы төмен қысым индикаторы жанса, мүмкіндік туа салысымен автокөлікті тоқтатып, шиналардың күйін тексеріп, қажетті қысым деңгейіне дейін үрлеу қажет. Қысымы жеткіліксіз шиналармен жүрген кезде шиналар қызып кетіп, жарылуы мүмкін.

Сонымен бірге шиналардағы қысым жеткіліксіз болған жағдайда отын шығының ұлғаяды және протектордың қызмет ету мерзімі қысқарады, сондай-ақ автокөліктің басқарылу және тежелу сипаттамалары нашарлауы мүмкін.

TPMS жүйесін пайдалану TPMS жүйесінің шиналарындағы төмен қысым индикаторы іске қосылуы үшін қысымның төмендеуі жеткіліксіз болса да, шиналарға дұрыс қызмет көрсету немесе олардағы қысымды бір қалыпты сақтап тұру қажет еместігін білдірмейді.

Автокөлік TPMS жүйесінің жұмысындағы ақаулар туралы сигнал беретін индикатормен жабдықталған. TPMS жүйесі ақаулығының индикаторы шиналардағы ауа қысымының төмен екенін білдіретін сигналмен біріктірілген. Егер жүйе ақаулықтың болуын анықтаса, бұл сигнал шамамен бір минут жыпылықтап, содан кейін тұрақты түрде жанып тұрады. Мұндай реттілік ақаулық жойылмағанша автокөлікті оталдырған сайын қайталанып отырады.

Бұл ақаулық индикаторы жанып тұрған кезде жүйе шиналардағы төмен қысымды анықтамауы немесе ақаулық туралы хабарламауы мүмкін. TPMS жүйесіндегі ақаулықтар әртүрлі себептерге байланысты, соның ішінде автокөлікке TPMS жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейтін ауыстырылатын немесе жаңа шиналар немесе дискілер орнатудың салдарынан туындауы мүмкін.

Автокөліктегі бір немесе бірнеше шина не диск ауыстырылғаннан кейін ауыстырылған немесе жаңа шиналардың не дискілердің TPMS жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне әсер етпейтініне көз жеткізу үшін әрдайым TPMS жүйесі ақаулығы индикаторының күйін тексеріңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН


Ең жақын жердегі уәкілетті HYUNDAI дилеріне хабарласыңыз және төменде көрсетілген жағдайлардың бірі туындаған жағдайда жүйені тексеріңіз.

1. Оталдыру құлпы «ON» (Қосу) қалпына ауыстырылған кезде немесе қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда шиналардағы төмен қысым индикаторы / TPMS жүйесі ақаулығының индикаторы 3 секундқа жанбағанда.
2. TPMS жүйесі ақаулығының индикаторы шамамен 1 минут бойы жыпылықтап, содан кейін үздіксіз жанып тұрғанда.
3. Қысымы төмен шинаның күйін білдіретін сигнал үздіксіз жанып тұрғанда.



Шинадағы қысымның төмен екенін көрсететін құрылғы

Қысымы төмен шина мен шиналардағы қысым көрсеткіші



Егер шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің индикаторлары жанса, ал аспаптар тақтасындағы СК-дисплейге ескерту хабарламасы шығарылса, бір немесе бірнеше шинада қысым айтарлықтай төмендеген. Қысымы төмен шинаның күйін білдіретін сигнал тиісті индикаторды қосып нақты қай шинада қысымның айтарлықтай төмендеуі анықталғанын көрсетеді.

Индикаторлардың бірі жанса, дереу жылдамдықты төмендетіп, кілт бұрылыс жасамауға тырысыңыз және тежеу жолының ұзаратынын есепке алыңыз. Мүмкіндік туа салысымен автокөлікті тоқтатып, шиналардың күйін тексеріңіз. Шиналардағы қысымды жүргізуші жақтағы ортаңғы бағанның сыртқы панелінде орналасқан автокөліктің техникалық сипаттамалары бар тақтайшада немесе шиналардың қысымы көрсетілген заттаңбада қамтылған деңгейге дейін үрлеңіз.

Техникалық қызмет көрсету станциясына дейін әлі жол алыс болса немесе шинадағы қысым шыға берсе, доңғалақты қосалқы доңғалаққа ауыстыру қажет.

Шинадағы төмен қысымды реттемейінше немесе шинаны ауыстырмайынша шиналардағы төмен қысым индикаторы жана береді, ал TPMS жүйесі ақаулығының индикаторы бір минут бойы жыпылықтап тұрып (көлік құралы шамамен 10 минут бойы 25 км/сағ жоғары жылдамдықпен қозғалған кезде), содан кейін үздіксіз жанып тұрады.



Ақпарат

Қосалқы доңғалақ шинадағы қысым датчигімен жабдықталмаған.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шиналардағы қысым деңгейі жылы ауа райында реттелетін болса, шиналардағы төмен қысым индикаторы қыстыгүні немесе суық ауа райында жануы мүмкін. Бұл TPMS жүйесінің істен шыққанын білдірмейді, себебі төмен температураларда шиналардағы қысым да пропорционалды түрде төмендейді.

Автокөлік температурасы жоғары аймақтан температурасы төмен аймаққа немесе керісінше кіргенде немесе қоршаған ортаның температурасы айтарлықтай көтерілген не төмендеген жағдайда шиналардағы қысымды тексеріп, ұсынылған деңгейге дейін түзеу қажет.



АБАЙЛАҢЫЗ

Төмен қысымнан туындайтын қауіп Шиналардағы қысым тым төмен болғанда автокөлікті жүргізе алмай, тежеу жолы ұлғаюы мүмкін.

Қозғалысты шиналардағы қысым төмен болғанда жалғастыру шиналардың қызып кетуіне және механикалық бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.



TPMS жүйесі ақаулығының индикаторы (шинадағы қысымды бақылау жүйесі)

Шинадағы қысымды бақылау жүйесі ақаулы болған жағдайда, жүйе ақаулығының индикаторы шамамен бір минут бойы жыпылықтап, содан кейін үздіксіз жана бастайды.

Жүйені тексеру үшін HYUNDAI уәкілетті дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

TPMS жүйесінде ақаулы болған жағдайда қысымы төмен шинаның күйін білдіретін индикатор автокөлік шиналарындағы қысым жеткіліксіз болғанның өзінде көрсетілмейді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Егер автокөлік электр қуатын тасымалдау желілерінің немесе полиция учаскелері, үкіметтік немесе мемлекеттік мекемелер, радиотарату станциялары, әскери нысандар, әуежайлар, қайта трансляциялау мұнаралары және т.с.с. секілді радиотаратқыштардың жанында орналасса, TPMS жүйесі ақаулығының индикаторы шамамен бір минут бойы жыпылықтап, содан кейін үнемі жанып тұрады.

Сонымен қатар TPMS жүйесі ақаулығының индикаторы сырғытпайтын шынжырларды немесе компьютерлер, зарядтау құрылғылары, қашықтықтан іске қосу құрылғылары, навигация жүйелері және т.б. секілді электронды құрылғылар қолданылған жағдайда да жаныу мүмкін. Бұл TPMS жүйесінің қалыпты жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

TPMS жүйесімен жабдықталған шинаны ауыстыру

Доңғалақты желі шығып кетсе, шинадағы төмен қысым сигналы және осы шинаның күйін білдіретін сигнал жанады. Желі шыққан доңғалақты мүмкіндігінше тездетіп HYUNDAI ресми дилерінде жөндетуге немесе қосалқы доңғалақты орнатуға кеңес береміз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Қысымы төмен шинаны жөндеу және/немесе үрлеу үшін HYUNDAI ресми дилерінің тарапынан мақұлданбаған тесілген шинаны жөндеуге арналған құралды немесе автокөлігіңізге арналған балама құрал болып табылмайтын құралды қолдану ұсынылмайды. HYUNDAI ресми дилері тарапынан мақұлданбаған немесе автокөлігіңізге арналған балама құрал болып табылмайтын шиналар герметигі шинадағы қысым датчигін зақымдауы мүмкін.

Қосалқы доңғалақ (бар болса) шинадағы қысымды бақылау датчигімен жабдықталмаған. Қысымы төмен немесе желі шыққан шинаны қосалқы шинаға ауыстырған кезде төмен қысым индикаторы қосуы болып қалады. Сонымен бірге автокөлік шамамен 10 минут бойы 25 км/сағ жоғары жылдамдықпен қозғалатын болса, TPMS жүйесі ақаулығының индикаторы бір минут бойы жыпылықтап тұрғаннан кейін жанады.

Қысымды бақылау датчигі бар түпнұсқа шина ұсынылған қысым деңгейіне дейін үрленгеннен және автокөлікке орнатылғаннан кейін шиналардағы төмен қысым индикаторы және TPMS жүйесі ақаулығының индикаторы қозғалыс басталғаннан кейін бірнеше минут ішінде сөнеді.

Егер индикаторлар бірнеше минуттан кейін сөнбесе, HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.

Әрбір доңғалақ шинада ниппельден кейін орнатылған (қосалқы доңғалақтан басқа) қысым датчигімен жабдықталған. TPMS жүйесі бар доңғалақтарды пайдалану қажет. Шиналарға HYUNDAI ресми дилері қызмет көрсеткені жөн.

Кейбір жағдайда шинадағы қысымның төмендеуін көзбен қарап шығу арқылы анықтау мүмкін емес. Шиналардағы қысымды өлшеу үшін әрдайым сапалы манометрді қолданыңыз.

Ыстық (жүргеннен кейін) шинадағы қысымның мәні салқын шинадағымен салыстарғанда анағұрлым жоғары болатынын ескеріңіз.

«Салқын шина» ұғымы автокөліктің 3 сағат бойы қозғалыссыз тұрғанын немесе осы 3 сағат ішінде 1,6 км кем қашықтықты жүріп өткенін білдіреді.

Қысымын өлшемей тұрып, шинаны суығанын күтіңіз. Шинаны ұсынылған қысым деңгейіне дейін үрлемес бұрын оның салқын екеніне көз жеткізіңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ

- TPMS жүйесі жолдағы өткір заттар сияқты сыртқы факторлардың әсерінен шинаның кенеттен зақымдалғаны туралы ескерту жасауға арналмаған.
- Егер автокөлік жолда тұрақсыз жүре бастаса, аяғыңызды дереу газ педалінен алып, тежегіш педалін жайлап және көп күш салмай басып, автокөлікті жол жиегіндегі қауіпсіз жерге баяу тоқтатыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) компоненттерін өзгерту, модификациялау немесе өшіру жүйенің жүргізушіге шиналардағы қысымның төмен екені туралы және/немесе TPMS жүйесіндегі ақаулық туралы ескерту қабілетіне кері әсер етуі мүмкін. Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) компоненттерін өзгерту, модификациялау немесе өшіру автокөліктің осы жүйесіне берілетін кепілдік күшінің жойылуына алып келуі мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

Еуропа үшін

- Көлік құралына өзгерістер енгізуге тыйым салынады, өйткені бұл TPMS жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін.
- Нарықта қолжетімді доңғалақтар TPMS сенсорларымен жабдықталмаған.
- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін HYUNDAI ресми дилері ұсынған ауыстыру бөлшектерін пайдалану ұсынылады.
- Егер доңғалақтарды бөлшек сауда желісінен сатып алған болсаңыз, оларға HYUNDAI ресми дилері тарапынан мақұлданған TPMS (шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің) датчиктерін немесе олардың автокөлігіңізге арналған баламаларын орнатыңыз. Егер автокөлік TPMS датчиктерімен жабдықталмаған болса немесе TPMS жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, өзіңіз тұратын елде техникалық байқаудан өте алмауыңыз мүмкін.
- Көрсетілген кезең ішінде Еуропада сатылған автокөліктердің барлығы TPMS жүйесімен жабдықталған болуы тиіс.
 - Жаңа үлгідегі автокөлік: 2012 жылдың 1 қарашасы ~
 - Ағымдағы үлгідегі автокөлік: 2014 жылдың 1 қарашасы ~ (көлік құралдарын тіркеу негізінде)

ДӨҢГЕЛЕКТИҢ (ҚОСАЛҚЫ ДӨҢГЕЛЕКТИҢ, БАР БОЛСА) ЖЕЛІ ШЫҒЫП КЕТСЕ


АБАЙЛАҢЫЗ

Шинаны ауыстыру қауіпті болуы мүмкін. Өлімге апаруы ықтимал ауыр жарақат алу қаупін азайту үшін осы бөлімде келтірілген нұсқаулықтарды орындау керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Домкрат тұтқасын қолданған кезде абай болыңыз, тегіс бүйірін ұстамаңыз. Тегіс бүйірінің өткір жиектері бар, олар бір жеріңізді кесіп кетуі мүмкін.

Домкрат және құрал-саймандар



1. Домкраттың тұтқасы
2. Домкрат
3. Баллон кілті

Домкрат, домкраттың тұтқасы және баллон кілті жүксалғыштағы жүксалғыш жиегі қақпағының астында сақталады.




Домкрат доңғалақты апаттық жағдайда ауыстыру үшін ғана арналған.

Қосалқы доңғалақты шешіп алу үшін құлақты бұрандаманы сағат тілінің бағытына қарсы бұрап алыңыз.

Қосалқы доңғалақты құлақты бұрандаманы сағат тілінің бағытымен бұрап бекітіп тиісті бөлімде сақтаңыз.

Қосалқы доңғалақ пен құралдардан дірілдеген дыбыс шықпауы үшін оларды тиісті жерлерде сақтаңыз.



Доңғалақтың қысқыш құлақты бұрандамасын қолмен бұрап алу қиынға соқса, оны домкраттың тұтқасымен оңай бұрап алуға болады.

1. Домкраттың тұтқасын (1) шинаны бекітетін бұрандаманың ішіне салыңыз.
2. Доңғалақтың қысқыш құлақты бұрандамасын домкраттың тұтқасымен сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

Доңғалақты ауыстыру



АБАЙЛАҢЫЗ

Домкратпен көтерген кезде көлік құралы тайып кетуі немесе аударылуы мүмкін, бұл ауыр жарақат алуға немесе кісі өліміне әкелуі мүмкін. Келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Домкратпен тіреліп тұрған көлік құралының астына кіруге тыйым салынады.
- **ЕШБІР ЖАҒДАЙДА** доңғалақты қозғалыс жолағында ауыстыруға әрекет жасамаңыз. Доңғалақты ауыстыруға кіріспес бұрын **ӘРДАЙЫМ** автокөлікті толығымен жолдан шығарып, көлік қозғалысына қашық жердегі беті тегіс жол жиегіне қойыңыз. Жолдан тыс жерден беті тегіс қатты жерді табу мүмкін болмаса, көмек алу үшін эвакуаторды шақыртыңыз.
- Тек автокөліктің жинағына кіретін домкратты ғана пайдалану қажет.
- Көлік құралын көтеруге арналған домкрат **ТЕК** осыған арналған арнайы орындарда орнатылуы тиіс және **ЕШҚАШАН** көлік құралының бамперлерінің немесе басқа да бөліктерінің астына орнатылмауы тиіс.
- Домкратпен көтерілген көлік құралының қозғалтқышы тоқтатылып тұруы тиіс.
- Домкратпен көтеріліп тұрған көлік құралында ешкім болмауы тиіс.
- Балалардың жолдан және көлік құралынан жеткілікті қашықтықта болуын қадағалау қажет.

Доңғалақтар келесі реттілікпен ауыстырылуы тиіс:


1. Көлік құралын беті тегіс, қатты жерде тоқтатыңыз.
2. Берілістерді ауыстыру иінтірегін «Р» (Тұраққа қою) қалпына ауыстырыңыз.
3. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз.
4. Көлік құралынан доңғалақ сомындарына арналған кілтті, домкратты, домкраттың тұтқасы мен қосалқы доңғалақты шығарыңыз.



©CN7080058L


[A]: бұғаттау

5. Диагонал бойынша орналасқан алдыңғы және артқы доңғалақтарды ауыстырылатын доңғалаққа қарсы бұғаттаңыз.




©CN7080059L

6. Доңғалақты бекіту сомындарын сағат тіліне қарсы бағытта бұрап босатыңыз, бірақ доңғалақ жер бетінен көтерілгенше оларды толығымен бұрап алмаңыз.



OCN7080060L


7. Домкратты шанақтың астындағы белгіленген (ауыстырылатын доңғалаққа жақын орналасқан) көтеру орнына орнатыңыз. Көтеру орындары шанаққа дәнекерленген екі кертiгi бар пластиналардан тұрады. Домкратты автокөліктің өзге орындарына немесе бөліктеріне тіремеңіз. Бұл бүйірлік тығыздауыш қаптамалардың немесе автокөліктің өзге бөлшектерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.



OCN7080061L

8. Тұтқаны домкратқа салып, доңғалақ жер бетінен көтерілгенше автокөлікті көтере отырып сағат тілінің бағытымен бұраңыз. Домкратпен көтерілген автокөліктің нық тұрғанына көз жеткізіңіз.

9. Баллон кілтінің көмегімен доңғалақ сомындарын бұрап босатыңыз да, қолмен шешіп алыңыз. Доңғалақты шпилькалардан шешіп алыңыз да, жолдан шеткері көлденең жатқызып қойыңыз. Шпилькалардағы, отырғызу беттері мен доңғалақтағы балшықты немесе қоқысты алып тастаңыз.
10. Күпшек шпилькаларына қосалқы доңғалақты орнатыңыз.
11. Доңғалақты бекіту сомындарын конус жағын доңғалаққа қаратып қолмен бұрап бекітіңіз.
12. Домкраттың тұтқасын сағат тіліне қарсы бағытта бұрап, көлік құралын жерге түсіріңіз.



OCN7080062L

13. Баллон кілтінің көмегімен доңғалақ сомындарын көрсетілген тәртіппен бұрап бекітіңіз. Барлық сомындардың бұрап бекітілгенін тағы бір рет тексеріңіз. Доңғалақтарды ауыстырғаннан кейін доңғалақ сомындарын қажетті тарту сәтімен тартып бекіту үшін мүмкіндігінше тездетіп HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады. **Доңғалақты бекіту сомындарын тарту сәті: 11~13 кгс·м (79~94 фунт-күш-фут).**

Шина манометрі бар болған жағдайда шинадағы ауа қысымын тексеру қажет (шиналардағы ауа қысымына қатысты нұсқауларды 2-тараудағы «Шиналар және доңғалақтар» бөлімінен қараңыз). Егер қысым ұсынылған деңгейден төмен немесе жоғары болса, төмен жылдамдықпен автокөлікті жақын маңдағы техникалық қызмет көрсету станциясына дейін жүргізіп барып, шиналардағы қысымды қажетті деңгейге дейін реттеп алыңыз. Қысымды тексергеннен немесе түзегеннен кейін әрдайым ниппельге қалпақшасын кигізіңіз. Қақпақша орнына салынбаса, шинадағы ауа шығып кетуі мүмкін. Қалпақшаны жоғалтып алсаңыз, мүмкіндігінше тезірек жаңасын сатып алып, орнына бұрап қойыңыз. Доңғалақты ауыстырғаннан кейін желі шыққан доңғалақты бекітіп қойып, домкрат пен құрал-саймандарды орнына салыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Қосалқы доңғалақты орнатқаннан кейін алғашқы мүмкіндік пайда болған сәтте шинадағы ауа қысымын тексеріңіз. Ұсынылған қысым деңгейіне дейін үрлеңіз.
- Доңғалақ ауыстырылған жағдайда 50 км артық жол жүргеннен кейін дискіні бекіту сомындарын бұрап тартыңыз. 1000 км жол жүргеннен кейін дискіні бекіту сомындарының тартылып тұрғанын қайта тексеріңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Доңғалақты бекіту шпилькалары мен сомындарында метрикалық бұранда ойылған. Шиналарды ауыстырған кезде шешіп алынған сомындарды өз орындарына бұрап бекіту қажет. Доңғалақ сомындарын ауыстыру қажет болса, шпилькаларды зақымдап алмас үшін сомындарға метрикалық бұранданың салынғанын, сондай-ақ доңғалақтың күпшекке дұрыс бекітілгенін тексеру қажет. Көмек алу үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласу ұсынылады.

Егер домкрат, шпилька, сомын немесе кез келген басқа жабдық бүлінген немесе жарамсыз күйде болса, доңғалақты ауыстыру әрекетін жасамаған жөн. Бұл жағдайда көмек шақыру керек.

Шағын қосалқы доңғалақты пайдалану (бар болса)

Шағын қосалқы доңғалақ тек апаттық жағдайда ғана қолдануға арналған. Шағын қосалқы доңғалақпен қозғалғанда әрдайым сақтық танытып, қауіпсіздік шараларын сақтаңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Шағын доңғалақ зақымдалмауы және апатқа өкелуі мүмкін көлік құралын жүргізе алмай қалу қаупін болдырмау үшін:

- Шағын қосалқы доңғалақты тек төтенше жағдайларда ғана пайдалану керек.
- Көлік құралының жылдамдығы 80 км/сағ шамасынан аспауы тиіс.
- Шағын қосалқы доңғалақтың бүйір қабырғасында көрсетілген ең жоғарғы жүктемені немесе жүк көтергіштікті асыруға болмайды.
- Шағын қосалқы доңғалақты үнемі пайдалануға тыйым салынады. Шағын қосалқы доңғалақ зақымдалмауы үшін түпнұсқа шинаны мүмкіндігінше тездетіп жөндету немесе ауыстыру қажет.

Көлік құралында шағын қосалқы доңғалақты пайдаланған кезде:

- Шағын қосалқы доңғалақты орнатқаннан кейін ондағы қысымды тексеріңіз. Шағын қосалқы доңғалақты 420 кПа қысым көрсеткішіне дейін үрлеу қажет.
- Шағын қосалқы доңғалақты орнатқан жағдайда автоматты жуу қызметтерін пайдаланбаған жөн.
- Шағын қосалқы доңғалақты басқа көлік құралдарында қолдануға болмайды, өйткені ол тек осы көлік құралына арналған.
- Шағын қосалқы доңғалақ протекторы тозғанға дейінгі шинаның ресурсы кәдімгі шинаның ресурсынан қысқарақ болады. Шағын қосалқы доңғалақты жүйелі түрде тексеріп отырыңыз, тозған шинаны дәл сол дискіге орнатылатын өлшемі мен конструкциясы бірдей шинаға ауыстырыңыз.
- Бір уақытта тек бір ғана шағын қосалқы доңғалақты пайдалануға болады.
- Көлік құралына шағын қосалқы доңғалақ орнатылған болса, онымен тіркемені сүйреуге тыйым салынады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Түпнұсқа шиналар мен доңғалақтарды жөндеп, автокөлікке орнатқаннан кейін доңғалақ сомындарының тарту сәтін дұрыс таңдау керек. Доңғалақ сомындарының тиісті тарту сәті 11–13 кгс·м-ді (79–94 фунт-күш-фут) құрайды.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шағын қосалқы доңғалақ пен көлік құралын зақымдамау үшін:

- Шұңқырлар немесе лай сияқты түрлі қауіптерге ұшырамау үшін жолдың жағдайына байланысты жеткілікті төмен жылдамдықпен қозғалу керек.
- Кедергілерге соқтықпаңыз. Шағын қосалқы доңғалақ шинасының диаметрі әдеттегі шинаның диаметрінен кішірек, нәтижесінде жол саңылауы шамамен 25 мм шамасына кемиді.
- Шағын қосалқы доңғалаққа сырғытпайтын шынжырларды орнатпаңыз. Өлшемінің кіші болуына байланысты шынжыр оған тығыз отырмайды.
- Шағын қосалқы доңғалақтың шинасын басқа доңғалақтарға орнатпаңыз. Шағын қосалқы доңғалаққа стандартты шиналарды, қысқы шиналарды, сәндік қалпақшаларды немесе қаптаушы сақиналарды орнатуға болмайды.

Домкрат жапсырмасы



OHYK065011

Көлік құралындағы домкрат жапсырмасы суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін. Толығырақ ақпаратты домкратқа бекітілген жапсырмадан қараңыз.

1. Үлгісі
2. Ең жоғарғы рұқсат етілген жүктеме
3. Домкратты қолданған кезде тұрақ тежегішін қосыңыз.
4. Домкратты қолданған кезде қозғалтқышты сөндіріп қойыңыз.
5. Домкратпен тіреліп тұрған көлік құралының астына кіруге тыйым салынады.
6. Раманың астындағы орнатуға арналған орындар.
7. Домкраттың тіреу плитасы көтеру нүктесіне қатысты тігінен орналасуы тиіс.
8. Механикалық беріліс қорабы бар автокөліктерде берілістерді ауыстыру иіңтірегін артқа жүру күйіне, ал автоматтық беріліс қорабы/қосарлы ілінісуі бар беріліс қорабы бар автокөліктерде — «Р» (тұраққа қою) қалпына қойыңыз.
9. Домкрат берік тегіс бетке тіреліп тұруы тиіс.
10. Домкратты өндіруші
11. Шығарылған күні
12. Өндірушінің атауы және мекенжайы

Домкраттың ЕО нормаларына сәйкестігі туралы декларация



EC Declaration of Conformity
according to **EC Machinery Directive 2006/42/EC**

We, **SAMKI IND. CO., LTD.**
22, Hyojuk3-Gil, Buk-Gu, Ulsan, Korea
declare under our sole responsibility that the product


Product : **Jack Assembly**
Type Designation(s) : **Jack Assembly-600kg, Jack Assembly-700kg**
Jack Assembly-800kg, Jack Assembly-1000kg
Jack Assembly-1200kg, Jack Assembly-1500kg
Serial No. : **N/A**
Year of Manufacture : **2013**

to which this declaration relates is in conformity with the following standard(s) or other normative document(s);

EN ISO12100 (2010)	Safety of machinery - General principles for design – Risk assessment and risk reduction
EN ISO12100-2/A1 (2009)	Safety of machinery - Basic concepts, general principles for design, Part 2 : Technical principles
EN 1494/A1 (2008)	Mobile or movable jacks and associated lifting equipment

following the provisions of Directive(s);

2006/42/EC	Directive on the approximation of the laws of Member States relating to machinery (OJ L157 Jun, 9, 2006)
------------	---


Ulsan , Korea / Jul .25 .2013 Hyun Duck, Cho President 
(Place and date of issue)(name and signature or equivalent making of authorized person)

* T.C.F Compiling Person: Safenet Limited (European Notified body : 1674)
Denford Garage, Denford, Kettering Northants, NN14 4EQ, England

JACKDOC14S

СҮЙРЕУ

Автоэвакуациялау қызметі



[A]: жылжымалы арба

Автокөлікті сүйреп апару қажет болса, HYUNDAI компаниясының ресми дилеріне немесе эвакуаторлық қызметке хабарласуға кеңес береміз.

Автокөлік зақымдалмауы үшін тиісті тиеу және сүйреу рәсімдерін сақтау қажет. Доңғалақты арбаларды немесе бортсыз платформаны пайдалануға кеңес береміз.

Автокөлікті сүйреу үшін оның артқы доңғалақтары жерде орналасуы тиіс (арбаларды пайдаланбастан). Алдыңғы доңғалақтар жерге тимеуі тиіс.

Жүктеме түсірілген доңғалақтардың бірі немесе аспа компоненттерінің бірі зақымдалған немесе автокөлік алдыңғы доңғалақтары жерге қойылған күйі сүйретілетін болса, алдыңғы доңғалақтардың астына сүйреу арбасын қойыңыз.

Доңғалақты арбасы жоқ эвакуатордың көмегімен сүйреген кезде автокөліктің артқы жағы емес алдыңғы жағы көтерілуі тиіс.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Алдыңғы доңғалақтары жерге тиіп тұрған көлік құралын сүйреуге болмайды. Бұл көлік құралына зақым келтіруі мүмкін.



- Сүйреу әрекетін сымарқанды қолданып жүргізбеңіз. Арбаны немесе бортсыз платформаны пайдаланыңыз.



- Барлық төрт доңғалағы жерде тұрған интеллектуалды сатысыз трансмиссиясы немесе автоматты трансмиссиясы бар автокөлікті сүйремеңіз.

Кері жағдайда трансмиссияға ауыр зақым келтіріледі. Сонымен қатар сүйреу барысында автокөлікке автофургондарды қоса алғанда өзге көлік құралдарының тіркелмегеніне көз жеткізіңіз.



Автокөлік доңғалақты арбаларсыз сүйретілетін болса, төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындаңыз.


1. Оталдыру кілтін ACC қалпына келтіріңіз.
2. Берілістерді ауыстыру түймесін «N» (Бейтарап) қалпына келтіріңіз.
3. Тұрақ тежегішін жіберіңіз.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Берілістерді ауыстыру түймесін «N» (Бейтарап) қалпына келтірмегенде беріліс қорабы зақымдалуы мүмкін.

Алмалы сүйреу ілгегі




1. Жүксалғышты ашып, құрал-сайман жәшігінен сүйреу ілмегін алыңыз.




2. Бампердегі қақпақтың төменгі жағынан басып, саңылаудың қақпағын шешіп алыңыз.
3. Сүйреу ілмегін саңылауға сағат тілінің бағытымен тірелгенше бұрап, орнатыңыз.
4. Пайдаланып болғаннан кейін сүйреу ілмегін бұрап шығарып, қақпақты орнына орнатыңыз.

Апаттық сүйреу

■ Алдынан



■ Артынан



Тіркел сүйреу қажет болған жағдайда ресми HYUNDAI дилеріне немесе автокөліктерді эвакуациялайтын коммерциялық қызметке хабарласуға кеңес береміз.

Егер апаттық жағдайда эвакуаторды шақыру мүмкін болмаса, сымарқанды немесе шынжырды алдыңғы немесе артқы сүйреу ілгегіне бекітіп, автокөлікті уақытша құрал ретінде сымарқанмен немесе шынжырмен сүйреуге болады. Автокөлікті сымарқанның немесе шынжырдың көмегімен сүйреген кезде барынша абай болыңыз. Автокөлік ішінде руль мен тежегіштерді басқаратын жүргізуші отыруы тиіс.

Мұндай сүйреу тәсілін тек жабыны қатты жолдарда, қысқа қашықтыққа және төмен жылдамдықпен жүргенде ғана қолдануға рұқсат етіледі. Сонымен бірге доңғалақтар, осьтер, күштік агрегат, руль механизмі мен тежегіштер жарамды күйде болуы тиіс.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөлікті сүйреген кезде рульді басқарып тежеуді орындау үшін жүргізуші көлік құралының ішінде отыруы тиіс. Автокөлікте жүргізушіден басқа жолаушылар отырмауы тиіс.

Апаттық сүйреу кезінде әрдайым келесі іс-әрекеттер орындалуы тиіс:

- Руль дөңгелегін бұғаттан шығару үшін оталдыру кілтін АСС күйіне орнатыңыз.
- Берілістерді ауыстыру түймесін «N» (Бейтарап) қалпына келтіріңіз.
- Тұрақ тежегішін жіберіңіз.
- Тежегіш педалін әдеттегіден қатты күш салып басу керек. Бұл ретте тежеу сипаттамасы төмен болады.
- Рульді басқару үшін көбірек күш салу керек болады, өйткені рульдің гидрокүшейткіш жүйесі жұмыс істемей қалады.
- Тартқыш ретінде ауырлау көлік құралы пайдаланылуы тиіс.
- Екі көлік құралының жүргізушілері байланыс орнатып отыруы тиіс.
- Апаттық сүйреу алдында сүйреу ілгегінің жарамды болуына көз жеткізу қажет.
- Сүйреу сымарқанын немесе шынжырды ілгекке нық бекітіңіз.
- Жұлқып тарту әрекеттеріне жол бермеңіз. Күшті жайымен салыңыз.



- Ұзындығы кемінде 5 м болатын сүйреу сымарқанын немесе шынжырды қолданыңыз. Сымарқанның немесе шынжырдың ортасына өзге қозғалыс қатысушыларына көрінетіндей ақ немесе қызыл мата кесіндісін (ені шамамен 30 см) тағып қойыңыз.
- Сүйреген кезде сымарқан не шынжыр тартылып тұруы керек.
- Сүйремес бұрын автокөліктің астын қарап, автоматтық беріліс қорабынан майдың ағып тұрмағанын тексеріңіз. Егер автоматтық беріліс қорабынан май ағып тұрса, бортсыз платформаны немесе сүйреу арбасын пайдалану қажет.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөлік орнынан қозғала бастағанда және қозғалып бара жатқанда сүйреу сымарқанының немесе шынжырдың керілісін сақтай отырып автокөлік жылдамдығын жайымен және біртіндеп үдетіңіз немесе төмендетіңіз, кері жағдайда сүйреу ілмектері мен автокөліктің өзін зақымдап алуыңыз мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Сүйреу кезінде көлік құралы зақымдалмауы үшін:

- Сүйреу ілмектерін қолданған кезде әрдайым тура алға қарай тартыңыз. Бүйірлік немесе тік күш түсірмеген жөн.
- Сүйреу ілмектерін көлік құралын батпақтан, құмнан және т.с.с. сүйреп шығару үшін қолданбаған жөн.
- АБҚ зақымдамау үшін көлік құралының жылдамдығы 15 км/сағ шамасына ейін шектелуі тиіс, ал сүйреу қашықтығы 1,5 км шамасынан аспауы тиіс.
- Автоматтық трансмиссиясы немесе интеллектуалды сатысыз трансмиссиясы бар автокөлікті майы ағып тұрмаған кәдімгі автокөліктің көмегімен сүйреуге болады. Майдың ағып тұрмағанына көз жеткізіңіз. Майы ағып тұрған автокөлікті сүйреу трансмиссиясының зақымдалуына алып келуі мүмкін.

АПАТТЫҚ ЖИНАҚ (БАР БОЛСА)

Автокөлігіңізде төтенше жағдайда пайдалануға арналған апаттық жинақ бар.

Өртсөндіргіш

Шамалы өрт шыққан кезде, оны сөндіру үшін өртсөндіргішті пайдалануға болады. Ол үшін төменде көрсетілген іс-әрекеттерді орындау қажет.

1. Өртсөндіргіштің үстіңгі жағындағы тұтқасының кездейсоқ басылып кетуінен қорғайтын сақтандырғыш мұрындықты суырып алыңыз.
2. Шүмегін жалынның ортасына бағыттаңыз.
3. Өрттен шамамен 2,5 м қашықтықта тұрып, бүрку үшін өртсөндіргіштің тұтқасын басыңыз. Тұтқасын жіберсеңіз өртсөндіргіш бүркуін тоқтатады.
4. Шүмекті жалынның ортасымен жан-жаққа жүргізіңіз. Өрт сөндірілгеннен кейін өртенген жерді мұқият қарап шығыңыз, себебі ол қайта тұтануы мүмкін.

Дәрі қобдишасы

Алғашқы көмек көрсетуге арналған. Қобдишаның ішінде қайшы, таңғыш, лейкопластырь және т.б. бар.

Апаттық аялдау белгісі

Жолдағы төтенше жағдайлар кезінде жақындап келе жатқан көлік құралдарын (мысалы, бұзылған автокөлік жол жиегінде тоқтап тұрғанда) ескерту үшін апаттық аялдау белгісі жолға қойылуы тиіс.

Шина манометрі (бар болса)

Күнделікті пайдаланудың нәтижесінде шиналардағы қысым едәуір төмендейді, оны жүйелі түрде қалпына келтіріп отыру қажет. Әдетте бұл желдің шығуын білдірмейді және қалыпты тозуға жатады. Қысымды әрдайым шиналар суып тұрғанда тексеріңіз, себебі температурасы жоғарылаған шиналардың қысымы да артады.


Шиналардағы қысымды тексеру үшін келесі әрекеттер орындалуы керек:

1. Доңғалақ шеңберінде орналасқан ниппель қақпақшасын бұрып алыңыз.
2. Манометрді ниппельге тақаңыз. Манометрді тығыз тақап ұстаңыз, кері жағдайда шинадағы ауа біртіндеп шыға бастайды.
3. Қатты басқан кезде (ауаны шығармай) өлшеу орындалады.
4. Манометр көрсеткіші бойынша шинадағы ауаның нақты қысымын анықтауға болады.
5. Шиналардағы қысымды көрсетілген мәндерге сәйкес реттеңіз. 2-тараудағы «Шиналар мен доңғалақтар» бөлімін қараңыз.
6. Ниппель қақпақшасын орнына кигізіңіз.

ЕУРОПАЛЫҚ ШҰҒЫЛ ҚОҢЫРАУ ШАЛУ ЖҮЙЕСІ (БАР БОЛСА)

Автокөлік апаттық құтқару қызметтеріне шұғыл қоңырау шалуға арналған еуропалық шұғыл қоңырау шалу жүйесіне қосылған құрылғымен* жабдықталған. Еуропалық шұғыл қоңырау шалу жүйесі — бұл Еуропа аумағындағы жолдарда апаттар немесе өзге** оқыс жағдайлар орын алған кезде орындалатын шұғыл қоңырау шалудың автоматты қызметі. (бұл жүйе заңнамалық тұрғыда талап етілетін елдерде ғана)

Жүйе Еуропа аумағындағы жолдарда апаттар орын алған кезде бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметпен байланысуға мүмкіндік береді. (бұл жүйе заңнамалық тұрғыда талап етілетін елдерде ғана) Еуропалық шұғыл қоңырау шалу жүйесі, пайдалану нұсқаулығында, сондай-ақ сервистік кітапшада көрсетілген жағдайларда, көлік құралының орналасқан жері, көлік құралының түрі, VIN (автокөліктің сәйкестендіру нөмірі) секілді деректерді жалпы пайдалануға арналған шұғыл байланыс пунктіне (PSAP) жібереді.



OCN7070102L


1. Жол-көлік оқиғасы
2. Сымсыз байланыс желісі
3. Жалпы пайдалануға арналған шұғыл байланыс пункті (PSAP)
4. Шұғыл көмек

* Пайдалану нұсқаулығындағы еуропалық шұғыл қоңырау шалу жүйесі дегеніміз көлік құралына орнатылған және еуропалық шұғыл қоңырау шалу жүйесімен байланыс орнататын жабдықты білдіреді.

** «Өзге оқыс жағдайлар» — Еуропа аумағындағы жолдарда орын алған (бұл жүйе заңнамалық тұрғыда талап етілетін елдерде ғана), жарақаттануға және/ немесе көмек көрсету қажеттілігіне алып келген кез келген оқиғалар. Кез келген ЖКО тіркеген жағдайда көлік құралына тоқтатып, SOS түймесін басу қажет (түйменің орналасқан жері пайдалану нұсқаулығының «Еуропалық шұғыл қоңырау шалу жүйесі (бар болса)» бөліміндегі суретте көрсетілген). Қоңырау шалған кезде жүйе көлік құралы (қоңырау шалынған көлік) туралы ақпаратты жинайды, содан кейін шұғыл қоңырау шалудың себебін хабарлау үшін автокөлікті жалпы пайдалануға арналған шұғыл байланыс пунктінің (PSAP) қызметкерімен байланыстырады.

Еуропалық шұғыл қоңырау шалу жүйесінде сақталған деректер тиісті құтқару операцияларының барысында жүргізуші мен жолаушыларға көмек көрсету үшін құтқару қызметінің орталығына жіберіліп, құтқару операциясы аяқталғаннан кейін жойылады.

Автокөліктегі шұғыл қоңырау шалу жүйесінің сипаттамасы



112 қызметінің негізіндегі автокөліктегі шұғыл қоңырау шалу жүйесіне шолу, оның жұмысы және функционалдық мүмкіндіктері: осы бөлімді қараңыз. 112 қызметінің негізіндегі шұғыл қоңырау шалу қызметі жалпы пайдалануға арналған ақысыз қоғамдық қызмет болып табылады.

112 қызметінің негізіндегі автокөліктегі шұғыл қоңырау шалу жүйесі әдепкі бойынша іске қосылады. Ауыр апат орын алған жағдайда ол автокөлікке кіріктірілген датчиктердің көмегімен автоматты түрде қосылады.

Ол сондай-ақ автокөлік ауыр апат жағдайында жұмыс істемейтін сыртқы қызметтерге шұғыл қоңырау шалу жүйесімен жабдықталған жағдайда да автоматты түрде іске қосылады.

112 қызметінің негізіндегі автокөліктегі шұғыл қоңырау шалу жүйесін қажетті жағдайда қолмен де іске қосуға болады. Жүйені қолмен іске қосу бойынша нұсқаулар: осы бөлімді қараңыз.

112 қызметінің негізіндегі автокөліктегі шұғыл қоңырау шалу жүйесінің өшуіне алып келетін жүйе ақаулығы кезінде көлік құралындағы жүргізушілер мен жолаушыларға келесі ескерту беріледі: осы бөлімді қараңыз.

Дербес деректердің өңделуі туралы ақпарат

112 қызметінің негізіндегі автокөліктегі шұғыл қоңырау шалу жүйесінің дербес деректерді өңдеуі Еуропалық парламент пен ЕО Кеңесінің 95/46/ЕО (1) және 2002/58/ЕО (2) Директиваларында қарастырылған дербес деректерді қорғау ережелеріне сәйкес болуы тиіс және атап айтқанда 95/46/ЕО (3) директивасының 7(d) бабына сәйкес жеке тұлғалардың өмірлік маңызы бар мүдделерін қорғау қажеттілігіне негізделуі тиіс.

Мұндай деректер 112 еуропалық бірыңғай шұғыл көмек шақыру нөмірі бойынша шұғыл қоңырауды өңдеу мақсатымен ғана өңделуі тиіс.

Деректердің түрлері және оларды алушылар

112 қызметінің негізіндегі автокөліктегі шұғыл қоңырау шалу жүйесі тек төменде көрсетілген деректерді ғана жинап, өңдей алады.

- Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі
- Көлік құралының түрі (жеңіл автокөлік немесе шағын тоннажды жүк автокөлігі)
- Автокөліктің күш қондырғысының түрі (бензинді / дизельді / сығылған табиғи газбен жұмыс істейтін / сығылған мұнай газымен жұмыс істейтін / электрлік / сутекті)
- Көлік құралының соңғы орналасқан жері және қозғалыс бағыты
- Жүйенің автоматты іске қосылу журналының файлы және оның уақыттық белгісі.
- Кез келген қосымша деректер (бар болса): қолданылмайды.

112 қызметінің негізіндегі автокөліктегі шұғыл қоңырау шалу жүйесі өңдеген деректерді алушылар: олар орналасқан елдің аумағындағы тиісті мемлекеттік билік органдары тарапынан 112 еуропалық бірыңғай шұғыл көмек шақыру нөмірі бойынша шұғыл шақыруды бірінші рет қабылдау және өңдеу үшін тағайындалған ортақ пайдалануға арналған шұғыл байланыс пункттері. Қосымша ақпарат (бар болса): қолданылмайды.

- (1) Еуропалық парламент пен ЕО Кеңесінің 1995 жылғы 24 қазандағы дербес деректерді өңдеу мен осындай деректердің еркін қозғалысына қатысты жеке тұлғалардың құқықтарын қорғау туралы 95/46/ЕО Директивасы (ОJ L 281, 23.11.1995, 31-бет).

- (2) Еуропалық парламент пен ЕО Кеңесінің 2002 жылғы 12 шілдедегі электронды байланыс құралдары секторындағы дербес деректерді өңдеу мен құпиялылықты сақтауға қатысты 2002/58/ЕО Директивасы (Құпиялылық және электронды байланыс құралдары туралы директива) (ОJ L 201,31.7.2002, 37-бет).
- (3) Еуропалық парламент пен ЕО Кеңесінің 2016 жылғы 27 сәуірдегі дербес деректерді өңдеу мен осындай деректердің еркін қозғалысына қатысты жеке тұлғаларды қорғау туралы (ЕО) 2016/679 қаулысымен 95/46/ЕО Директивасының күші жойылды (Дербес деректерді қорғаудың жалпы регламенті) (ОJ L 119, 04.05.2016, 1-бет). Регламент 2018 жылдың 25 мамырынан бастап қолданылады.

Деректерді өңдеу әдістері

112 қызметінің негізіндегі автокөліктегі шұғыл қоңырау шалу жүйесі жүйелік жадта сақталған деректер шұғыл қоңырау шалу жүйесі қосылғанға дейін жүйеден тысқары жерде қолжетімсіз болатындай етіп жобаланған. Қосымша ескертулер (бар болса): қолданылмайды.

112 қызметінің негізінде автокөліктегі шұғыл қоңырау шалу жүйесі онымен жабдықталған автокөлікті қалыпты жұмыс күйінде қадағалау мүмкін емес болатындай етіп жобаланған. Қосымша ескертулер (бар болса): қолданылмайды.

112 қызметінің негізінде автокөліктегі шұғыл қоңырау шалу жүйесі жүйенің ішкі жадындағы деректер автоматты түрде және үздіксіз жойылып тұратындай етіп жобаланған.

Жүйенің қалыпты қызмет етуі үшін қажетті ең көп дегенде автокөліктің соңғы үш орналасқан жерін әрдайым біліп отыру үшін автокөліктің орналасқан жері туралы деректер жүйенің ішкі жадына үнемі қайта жазылып отырады.

112 қызметінің негізіндегі автокөліктегі шұғыл қоңырау шалу жүйесінің қызметі туралы деректер журналы шұғыл қоңырауды өңдеу мақсатына қол жеткізу үшін қажетті уақыттан ұзақ және кез келген жағдайда шұғыл қоңырау шалынған сәттен бастап 13 сағаттан ұзақ сақталмайды. Қосымша ескертулер (бар болса): қолданылмайды.

Деректер субъектісінің құқықтарын жүзеге асыру тәртібі

Деректер субъектісі (көлік құралының иесі) деректерге қол жеткізу құқығына ие және қажет болса, өңделуі 95/46/ЕО Директивасының ережелеріне сәйкес келмейтін өзіне қатысты деректердің түзетілуін, жойылуын немесе бұғатталуын талап етуге құқылы. Мүмкін емес болатын немесе шамалас емес күш жұмсау қажет болатын жағдайлардан басқа, деректер жария етілген кез келген үшінші тұлғалар осы Директиваға сәйкес орындалған осындай түзету, жою немесе бұғаттау туралы хабардар етілуі тиіс.

Дербес деректерінің өңделуінің нәтижесінде өзінің құқықтары бұзылды деп есептеген деректер субъектісі дербес деректерді қорғау жөніндегі құзырлы органға шағым беруге құқылы.

Пайдалануға рұқсат алу сұранымдарын өңдеуге жауапты қызметтің байланыс деректері (ондай қызмет бар болса): қолданылмайды.

Еуропалық шұғыл қоңырау шалу жүйесі



Еуропалық шұғыл қоңырау шалу жүйесінің жолаушылар бөлімінде орнатылған элементтері:

- (1) SOS түймесі
- (2) Жарықдиод

SOS түймесі: жүргізуші/жолаушы түймені басып бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметке шұғыл қоңырау салады.

Жарықдиод: оталдыру түймесі «ҚОСУ» күйіне ауыстырылған кезде қызыл және жасыл жарықдиод 3 секундқа қосылады. Осыдан кейін жүйе қалыпты түрде жұмыс істеген жағдайда олар өшуі тиіс.

Жүйеде қандай да бір ақаулықтар пайда болған жағдайда жарықдиод қызыл болып қалады.


9. Техникалық қызмет көрсету

Мотор бөлігі.....	9-3
Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені.....	9-5
Автокөлік иесінің жауапкершілігі.....	9-5
Автокөлік иесі техникалық қызмет көрсетуді жүргізген кездегі сақтық шаралары.....	9-5
Автокөлік иесі техникалық қызмет көрсетуді жүргізген кездегі сақтық шаралары.....	9-6
Автокөлік иесі жүргізетін техникалық қызмет көрсету кестесі.....	9-6
Мерзімді техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені.....	9-8
Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі — бензинді қозғалтқыш.....	9-9
Ауыр пайдалану жағдайларында және жүрілген жол аз болғанда техникалық қызмет көрсету — бензинді қозғалтқыш (Еуропаны қоспағанда).....	9-12
Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі — бензинді қозғалтқыш (Еуропаны қоспағанда).....	9-14
Ауыр пайдалану жағдайларында және жүрілген жол аз болғанда техникалық қызмет көрсету — бензинді қозғалтқыш (Еуропаны қоспағанда).....	9-18
Жоспарлы техникалық қызмет көрсету тармақтарының сипаттамасы.....	9-20
Мотор майы.....	9-23
Мотор майының деңгейін тексеру (бензинді қозғалтқыш).....	9-23
Мотор майын және сүзгіні ауыстыру.....	9-24
Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы.....	9-25
Салқындатқыш сұйықтықтың деңгейін тексеру.....	9-25
Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығын ауыстыру.....	9-27
Тежеу жүйесінің/іліністің гидрожетегіне арналған сұйықтық.....	9-28
Тежеу жүйесінің/ілінісу механизмінің гидрожетегіндегі сұйықтық деңгейін тексеру.....	9-28
Әйнек жуғыш сұйықтығы.....	9-29
Жуғыш сұйықтықтың деңгейін тексеру.....	9-29
Тұрақ тежегіші.....	9-29
Тұрақ тежегішін тексеру.....	9-29
Ауа тазартқыш.....	9-30
Сүзгіні ауыстыру.....	9-30
Климат-контроль жүйесінің ауа сүзгісі.....	9-31
Сүзгіні қарап тексеру.....	9-31
Сүзгіні ауыстыру.....	9-31

Өйнек тазалағыштың щеткалары	9-32
Щеткалардың күйін тексеру	9-32
Щеткаларды ауыстыру	9-32
Аккумулятор	9-35
Аккумулятордың қызмет ету мерзімін ұзарту	9-35
Аккумулятордың сыйымдылығы көрсетілген тақтайша	9-37
Аккумуляторды зарядтау	9-37
Құралдардың параметрлерін нөлдеу	9-38
Шиналар және доңғалақтар	9-39
Шиналарға күтім жасау	9-39
Суық шиналардағы ұсынылатын ауа қысымы	9-39
Шиналардағы ауа қысымын тексеру	9-40
Шиналардың айналуы	9-41
Доңғалақтарды орнату бұрыштарын реттеу және шиналарды теңгеру	9-41
Шиналарды ауыстыру	9-42
Доңғалақтарды ауыстыру	9-43
Шиналардың жолмен ілінісуі	9-43
Шинаға техникалық қызмет көрсету	9-43
Шинаның бүйір жағындағы таңба	9-43
Төмен профилілі шина	9-47
Сақтандырғыштар	9-48
Аспаптар тақтасының сақтандырғыштар блогындағы сақтандырғыштарды ауыстыру	9-49
Мотор бөлігіндегі тақтаға орнатылған сақтандырғыштарды ауыстыру	9-49
Сақтандырғыштар/релелер панелінің сипаттамасы	9-51
Жарық шамдары	9-59
Фаралардың, габарит жарықтарының, бұрылыс көрсеткіштерінің және күндізгі жүріс жарықтарының шамдарын ауыстыру	9-60
Бұрылыс көрсеткішінің бүйірлік қайталағышының шамын ауыстыру	9-63
Артқы құрамдастырылған шырақтың шамын ауыстыру	9-64
Жоғарғы стоп-сигнал шамын ауыстыру	9-66
Нөмір белгісі жарығының шамын ауыстыру	9-67
Салонды жарықтандыру шамын ауыстыру	9-67
Автокөліктің сыртына күтім жасау	9-69
Автокөлікке сыртынан күтім жасау	9-69
Салонға күтім жасау	9-75
Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі	9-78

МОТОР БӨЛІГІ

■ Smartstream G2.0 MPI




Автокөліктің нақты мотор бөлігі суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.


OCN7080064L

- | | |
|--|---|
| 1. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығына арналған бак | 5. Қозғалтқыштың май құю қылтасының қақпағы |
| 2. Ілініс/тежегіштер гидрожетегінің бағы | 6. Алдыңғы әйнек жуғыш сұйықтығына арналған бак |
| 3. Ауа сүзгісі: | 7. Сақтандырғыштар блогы |
| 4. Қозғалтқыштағы май деңгейінің көрсеткіші | 8. Аккумулятор |
| | 9. Радиатор қақпағы |

■ Smartstream G1.6



■ 1.6 D-CVТ



Автокөліктің нақты мотор бөлігі суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

OCN7080001/OCN7080065L

- | | |
|--|---|
| 1. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығына арналған бак | 5. Қозғалтқыштың май құю қылтасының қақпағы |
| 2. Ілініс/тежегіштер гидрожетегінің бағы | 6. Алдыңғы әйнек жуғыш сұйықтығына арналған бак |
| 3. Ауа сүзгісі: | 7. Сақтандырғыштар блогы |
| 4. Қозғалтқыштағы май деңгейінің көрсеткіші | 8. Радиатор қақпағы |

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР КЕШЕНІ

Техникалық қызмет көрсету бойынша кез келген жұмыстарды жүргізгенде немесе тексергенде автокөлікке және өзіңізге зақым келтіріп алмас үшін барынша сақтық таныту керек. Автокөлікке қызмет көрсету және оны жөндеу үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз. HYUNDAI ресми дилерлері HYUNDAI қызмет көрсету сапасының жоғарғы стандарттарына сай келеді және клиенттердің техникалық қызмет көрсету сапасымен жоғары деңгейде қанағаттануын қамтамасыз ету үшін HYUNDAI компаниясынан техникалық қолдау алады.

Автокөлік иесінің жауапкершілігі

Автокөлік иесі қызмет көрсетуге және құжаттаманы сақтау үшін жауап береді.

Сіз автокөлігіңіздің келесі беттерде көрсетілген жоспарлы техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес тиісті техникалық қызмет көрсетуден өткенін растайтын құжаттарды сақтауға тиіссіз. Бұл ақпарат автокөлік кепілдігінде белгіленген техникалық қызмет көрсетуге және байқауға қойылатын талаптардың орындалуын белгілеу үшін қажет.

Кепілдік міндеттемелері туралы толық ақпарат автокөлікке техникалық қызмет көрсету паспортында берілген.

Кепілдік сапасыз қызмет көрсету немесе қажетті қызмет көрсетуді орындамау салдарынан орын алған жөндеу және реттеу жұмыстарына қолданылмайды.

Автокөлік иесі техникалық қызмет көрсетуді жүргізген кездегі сақтық шаралары

Қате, толық емес немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету салдары автокөлік жұмысындағы проблемаларға және тиісінше оның зақымдалуына, жолкөлік апатына немесе жарақаттарға алып келуі мүмкін. Бұл бөлімде техникалық қызмет көрсету бойынша ең қарапайым операцияларды жасау нұсқаулары берілген.

Автокөлігіңізді қандай да бір жолмен модификациялауға тыйым салынады. Мұндай модификациялар автокөлікті пайдалану сипаттамаларына, қауіпсіздігі мен сенімділігіне теріс әсер етуі мүмкін, оған қоса автокөлікке берілген шектеулі кепілдік шарттарын бұзуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Кепілдік мерзімі ішінде автокөлік иесі өз көлігіне сапасыз техникалық қызмет көрсетуінің салдары кепілдік жарамдылығына әсер етуі мүмкін. Толық ақпарат алу үшін автокөлікті сатып алған кезде берілетін бөлек техникалық қызмет көрсету паспортымен танысып шығыңыз. Егер автокөлікті жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету бойынша кез келген жұмысты орындау сіз үшін қиынға соқса, жүйеге техникалық қызмет көрсету үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

АВТОКӨЛІК ИЕСІ ЖҮРГІЗЕТІН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ



АБАЙЛАҢЫЗ

Техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу денсаулық үшін қауіпті болуы мүмкін. Автокөлік иесінде қажетті білімі мен тәжірибесі немесе тиісті құралдары мен жабдықтары жоқ болса, жұмыстарды HYUNDAI компаниясының ресми дилері жүргізуі тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу кезінде төменде көрсетілген сақтық шараларын ӨРДАЙЫМ сақтаңыз.

- Автокөлікті тегіс жерге тұраққа қойыңыз, берілістерді ауыстыру түймесін «Р» (Тұраққа қою) қалпына қойып, тұрақ тежегішін қосып қойыңыз, оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті «LOCK/OFF» (Бұғаттау/өшіру) қалпына бұраңыз.
- Автокөлік жылжып кетпеуі үшін доңғалақтарды (алдыңғы және артқы) бұғаттап қойыңыз.
- Бос киімді және әшекейлерді шешіп қойыңыз, өйткені оларды қозғалатын бөлшектер тартып әкетуі мүмкін.
- Егер техникалық қызмет көрсету кезінде қозғалтқышты оталдыру қажет болса, мұны далада немесе жеткілікті түрде желдетілетін үй-жайда жасау керек.
- Жалын мен ұшқынның пайда болуына жол бәрмеңіз, сондай-ақ аккумулятор мен отын жүйесі компоненттерінің жанына темекі өнімдерін қоймаңыз.

Автокөліктің қауіпсіз және сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін келесі техникалық тексерулер мен байқауларды көрсетілген жиілікпен өз бетіңізше жүргізу немесе HYUNDAI ресми дилерінде жүргізу ұсынылады.

Кез келген қолайсыз жағдайларды дилерге барынша тез хабарлау керек.

Автокөліктің мұндай техникалық тексерулеріне кепілдік қолданылмайды және жұмыс, қосалқы бөлшектер мен майлау материалдары үшін шот ұсынылуы мүмкін.

Автокөлік иесі жүргізетін техникалық қызмет көрсету кестесі

Автокөлікке отын құйған кезде төменде көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.

- Мотор майының деңгейін тексеріңіз.
- Бақтағы қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз.
- Алдыңғы әйнек жуғышының бағындағы сұйықтық деңгейін тексеріңіз.
- Шиналардағы қысым жеткілікті түрде жоғары екенін тексеріп алыңыз.
- Радиатор мен конденсаторды тексеріңіз.

Радиатордың және конденсатордың алдыңғы бөлігі таза әрі оларды жапырақтар, кір немесе жәндіктер бітеп тастамағанын тексеріп алыңыз.

Бұл бөлшектер қатты кірлеген болса, сондай-ақ олардың күйіне сенімсіз болсаңыз HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалтқыш ыстық кезде салқындатқыш сұйықтық деңгейін абайлап тексеріңіз. Салқындатқыш сұйықтық саңылаудан атқылап, күйік шалуы және басқа да жарақаттар келуі мүмкін.

Автокөлікті пайдалану барысында бірнеше жағдайға назар аударыңыз.

- Зиянды заттарды шығару құбырының дыбысындағы барлық өзгерістерді, сондай-ақ пайдаланылған газдардың иісі салонда сезілуін елеусіз қалдырмаңыз.
- Рульдің дірілін бақылаңыз. Рульді бұруға қажетті күштің кез келген өсуіне, люфтінің пайда болуына, оның бейтарап күйінің өзгеруіне назар аударыңыз.
- Тегіс жолмен келе жатқанда автокөлікті бір жаққа аздап тартпауын қадағалаңыз.
- Тежеу кезінде автокөлік жүйелерінің жұмысына құлақ түріңіз, бір түрлі дыбыстар шықса, автокөлікті бір жаққа тартса, тежегіш педалінің жүрісі артып кетсе немесе оны басу күші артса, оларды елеусіз қалдырмаңыз.
- Беріліс қорабының жұмысында өзгерістер болса беріліс қорабындағы сұйықтық деңгейін тексеріңіз.
- АБАҚ-ның «Р» (тұраққа қою) қалпындағы жұмысын тексеріңіз.
- Тұрақ тежегішінің жұмысын тексеріңіз.
- Автокөліктің астында аққан сұйықтық іздерінің жоқтығын тексеріңіз (жұмыс кезінде немесе өшірілгеннен кейін ауа баптағыш жүйесінен тамшылайтын су ақаулық белгісі болып табылмайды).

Айына кемінде бір рет бірнеше көрсеткіштерді тексеру керек.

- Бақтағы қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының деңгейі.
- Барлық сыртқы жарық аспаптарының жұмысын, соның ішінде стоп-сигналдарды, бұрылыс көрсеткіштерін және апаттық сигнал беру жүйесінің шамдарын.
- Барлық шинадағы қысымды, соның ішінде шинасы тозған, шинасы әркелкі тозған немесе шинасы зақымдалған доңғалақтың орнына орнатылатын қосалқы доңғалақ қысымын.
- Босап кеткен доңғалақ сомындарының бар-жоғын.

Жылына кемінде екі рет бірнеше әрекетті орындау керек (яғни, әр көктем мен күзде)

- Радиатордың, жылытқыштың және ауа баптағыштың иілгіш құбыршектерінде жылыстау мен зақымданулардың болмауын тексеру.
- Алдыңғы әйнек жуғыштың және тазалағыштың жұмысын тексеру. Әйнек тазалағыштардың шетқаларын жуғышқа арналған сұйықтыққа малынған матамен тазарту.
- Фаралардың реттелуін тексеру.
- Бәсеңдеткішті, пайдаланылған газдарды шығаратын құбырларды, қаптамаларды және қамыттарды тексеру.
- Қауіпсіздік белбеулерінің тозуын және дұрыс жұмысын тексеру.

Жылына кемінде бір рет төменде көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.

- Автокөлік шанағындағы және есіктеріндегі дренаждық тесіктерді тазалаңыз.
- Есіктердің және капот қақпағының ілмектерін майлаңыз.
- Есіктердің және капот қақпағының құлпы мен ілмектерін майлаңыз.
- Есіктердің резеңке тығыздауыштарын майлаңыз.
- Есіктің бақылау блогын майлаңыз.
- Күн жылынар кезде ауаны баптау жүйесінің жұмысын тексеріңіз.
- АБАҚ-ның тартқыштары мен басқару элементтерін тексеріңіз және майлаңыз.
- Аккумулятор батареясы мен оның клеммаларын тазалаңыз.
- Тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз.

МЕРЗІМДІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР КЕШЕНІ

Автокөлік тұрақты түрде төменде көрсетілген режимдердің бірінде пайдаланылмаса, техникалық қызмет көрсету кестесін кәдімгі көлемде орындаңыз.

Егер автокөлік тұрақты түрде төмендегі режимдердің бірінде пайдаланылса, ауыр пайдалану жағдайларында техникалық қызмет көрсету кестесін орындаңыз.

- Қалыпты температурада 8 км-ден аз қысқа қашықтықтарға немесе төмен температурада 16 км-ден аз қашықтыққа жүйелі түрде жүріп тұру.
- Үлкен қашықтықтарға төмен жылдамдықпен жол жүру.
- Тегіс емес, шаңды, ластанған жолмен, жабыны жоқ жолмен немесе қиыршық таспен не тұзбен жабылған жолмен жүру.
- Ауа райы суық болғанда тұзбен немесе басқа да коррозиялық заттармен өңделетін жолдармен жүру.
- Қатты шандану жағдайларында қозғалу.
- Лық толы жолдармен жүру.
- Тауға қарай, таудан немесе таулы жолдармен жиі жүру.
- Тіркемені сүйреу немесе тұрғын автотіркемені не төбедегі жүксалғышты пайдалану.
- Автокөлікті патрульдік-күзет қызметінде, такси қызметінде, коммерциялық мақсаттарда немесе көлік құралдарын сүйреу үшін пайдалану.
- 170 км/сағ. шамасынан жоғары жылдамдықпен жүру
- Ұсынылмаған мотор майын (минералды, жартылайсинтетикалық, тұтқырлық класы бойынша) пайдалану

Егер автокөлігіңіз жоғарыда көрсетілген жағдайларда пайдаланылатын болса, сұйықтықтарды қалыпты техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілгеннен жиі тексеру, ауыстыру және құю қажет болады. Кестеде көрсетілген қашықтықты немесе уақыт аралығын жүріп өткен соң, көрсетілген техникалық қызмет көрсету аралықтарын сақтау қажет.

Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі — бензинді қозғалтқыш (Еуропа үшін)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АРАЛЫҒЫ		Айлар саны немесе жүріп өткен жол — қайсысы бұрын келетініне байланысты																	
Айлар		12	24	36	48	60	72	84	96	ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОПЕРАЦИЯ		10	20	30	40	50	60	70	80
Мильдер x 1000 км x 1000		15	30	45	60	75	90	105	120			15	30	45	60	75	90	105	120

Жетек белбеулері¹

Бірінші тексеру 90 000 км-ден немесе 72 айдан кейін, содан кейін әр 30 000 км немесе 24 ай сайын

Мотор майы және сүзгі ²	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R
Ауа сүзгісі:	I	I	R	I	I	I	R	I	I	R	I	I	R	I	I	R	I	I	I

Отын қоспалары³

Әр 10 000 км немесе 12 ай сайын қосыңыз

Smartstream G2.0 MPI	Этилендірілмеген отын	Әр 160 000 км өткен сайын ауыстыру
	Этилендірілген отын	Әр 80 000 км өткен сайын ауыстыру
Smartstream G1.6	Этилендірілмеген отын	Әр 160 000 км өткен сайын ауыстыру
	Этилендірілмеген отын	Әр 60 000 км өткен сайын ауыстыру
1.6D-CVVT	Этилендірілген отын	Әр 30 000 км сайын ауыстыру қажет

I: Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, тазаалау немесе ауыстыру.

R: Ауыстыру немесе айырбастау керек.

¹: Генератордың, су сорғысының және ауа баптағыштың (бар болса) жетек белбеуін реттеңіз. Тексеру, қажет болса: түзеу немесе ауыстыру.

²: Мотор майының деңгейін және жылытаған жерлердің жоқтығын әр 500 км сайын немесе ұзақ жолға шығар алдында тексеріңіз.

³: Егер еуропалық отын стандарттарына (EN228) немесе олардың баламасына сәйкес келетін бензин (соның ішінде отын қоспалары) жоқ болса, онда бір бөтелке қоспаны пайдалану ұсынылады. Қоспаларды HYUNDAI авторландырылған дилерлік орталығында сатып алуға болады. Сонымен қатар оларды пайдалану бойынша кеңестер алуға болады. Басқа қоспаларды қоспаңыз.

⁴: Ыңғайлы болу үшін ауыстыру басқа техникалық қызмет көрсету операциялары барысында жасалуы мүмкін.

Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (жалғасы) — бензинді қозғалтқыш (Еуропа үшін)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АРАЛЫҒЫ		Айлар саны немесе жүріп өткен жол — қайсысы бұрын келетініне байланысты									
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОПЕРАЦИЯ		Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96	
		Мильдер x 1000	10	20	30	40	50	60	70	80	
		км x 1000	15	30	45	60	75	90	105	120	
Клапан саңылауы*5 11.6 D-CVVT											
Бу құбырының құбыршықтары мен отын бағы қылғасының қақпағы						I				I	
Отын бағының ауа сүзгісі (бар болса)						I				I	
Вакуумды құбыршық			I	I	I	I	I	I	I	I	
Отын құбырлары, құбыршықтар және қосылыстар						I	I	I	I	I	
Салқындату жүйесі		«Салқындатқыш сұйықтықтың деңгейін және жылыстап тұрған жерлердің жоқтығын» күнделікті тексеру керек.									
		Бірінші тексеру 60 000 км-ден немесе 48 айдан кейін, содан кейін әр 30 000 км немесе 24 ай сайын									
Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы*6		Бірінші рет ауыстыру 210 000 км-ден немесе 10 жылдан кейін, содан кейін әр 30 000 км немесе 24 ай сайын*7									
Акумулятор батареясының күйі			I	I	I	I	I	I	I	I	
Тежеу жүйесінің құбыршықтары, құбыр жолдары және қосылыстары			I	I	I	I	I	I	I	I	
Тежегіш педалі, ілініс педалі (бар болса)						I	I	I	I	I	

I: Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Ауыстыру немесе айырбастау керек.

*5: Клапанның тым қатты шуылдауын және/немесе қозғалтқыштың дірілдеуін тексеріп, қажет болса, реттеңіз. Жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

*6: Салқындатқыш сұйықтықты қайған кезде тек ионсыздалған суды немесе осы автокөлікке арналған жұмсартылған суды қолданыңыз; автокөлікке өндіруші зауытта толтырылған салқындатқыш сұйықтықтың үстінен көрмек су құюға тыйым салынады. Сөйкес келмейтін салқындатқыш сұйықтықты пайдалану салдарынан қозғалтқыш қатты бұзылып, зақымдалуы мүмкін.

*7: Ынғайлы болу үшін ауыстыру басқа техникалық қызмет көрсету операциялары барысында жасалуы мүмкін. Отын сүзгісіне қызмет көрсетілмейді, бірақ пайдаланылған отынның сапасы талап етілетін техникалық қызмет көрсету жиілігіне өсер етуі мүмкін. Отын ағынының бітелуі, қозғалтқыш дірілі, қуаттың жоғалуы, қозғалтқышты оталдыру кезіндегі қиындықтар және т.б., күрделі проблемалар туындаған кезде техникалық қызмет көрсету кестесіне қарамастан, отын сүзгісін дереу ауыстырыңыз. Қосымша ақпаратты HYUNDAI ресми дилерінен алыңыз

Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (жалғасы) — бензинді қозғалтқыш (Еуропа үшін)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АРАЛЫҒЫ		Айлар саны немесе жүріп өткен жол — қайсысы бұрын келетініне байланысты									
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОПЕРАЦИЯ		12	24	36	48	60	72	84	96		
		Айлар									
		Мильдер x 1000									
		км x 1000									
Тұрақ тежегіші		I	I	I	I	I	I	I	I	I	I
Тежеу жүйесінің/ліністің гидрожетегіне арналған сұйықтық		I	R	I	R	I	I	R	I	R	R
Тежегіш дискілері мен қыспақтары		I	I	I	I	I	I	I	I	I	I
Руль бағаны, тартқышы және шаңқағар құндақтары		I	I	I	I	I	I	I	I	I	I
Жетекші білік пен шаңқағар құндақтар		I	I	I	I	I	I	I	I	I	I
Шиналар (қысым және протектордың тозуы)		I	I	I	I	I	I	I	I	I	I
Алдыңғы аспаның жұмыр топсалары		I	I	I	I	I	I	I	I	I	I
Жүріс бөлігіндегі және қорпустағы бұрандамалар мен сомындар		I	I	I	I	I	I	I	I	I	I
Ауаны баптау жүйесінің суық агенті (бар болса)		I	I	I	I	I	I	I	I	I	I
Кондиционер компрессоры (бар болса)		I	I	I	I	I	I	I	I	I	I
Климат-контроль жүйесінің ауа сүзгісі (бар болса)	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R
Механикалық беріліс қорабының сұйықтығы (бар болса) *8					I						I
Автоматты беріліс қорабының сұйықтығы (бар болса)		Тексеру және сервистік қызмет қажет емес									
Интеллектуалды сатысыз трансмиссия (бар болса)		Тексеру және сервистік қызмет қажет емес									
Пайдаланылған газдарды шығару жүйесі		I	I	I	I	I	I	I	I	I	I

I: Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Ауыстыру немесе айырбастау керек.

*8: Механикалық беріліс қорабының/қос лінісу механизмі бар қораптың сұйықтығын қорғап суға малынған сайын ауыстырып тұру керек.

Ауыр пайдалану жағдайларында және жүрілген жол аз болғанда техникалық қызмет көрсету — бензинді қозғалтқыш (Еуропаны қоспағанда)

Төменде көрсетілген техникалық қызмет көрсету операциялары көбінесе қолайсыз жағдайларда және жүріп өткен жолы аз автокөліктерде жиі орындалуы тиіс.

Тиісті техникалық қызмет көрсету аралығын төменгі тараудан қараңыз.

R: Ауыстыру керек.

I: Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

Техникалық қызмет көрсету операциясы	Қызмет көрсету операциясы	Техникалық қызмет көрсету аралығы	Жүру шарттары
Мотор майы және сүзгі	R	Әр 7 500 км немесе 6 ай сайын	A, B, C, D, E, F, G, H, I, J, K, L
Ауа тазартқыш сүзгісі	R	Жағдайына қарай жиі ауыстырылып тұру керек	C, E
Оталдыру білтелері	R	Жағдайына қарай жиі ауыстырылып тұруы керек	A, B, H, I, K
Руль бағаны, тартқышы және шаңқағар құндақтары	I	Жағдайына қарай жиі тексеріп тұру керек	C, D, E, F, G
Алдыңғы аспаның жұмыр топсалары	I	Жағдайына қарай жиі тексеріп тұру керек	C, D, E, F, G
Тежегіш дискілері мен қыспақтары, суппорттар мен роторлар	I	Жағдайына қарай жиі тексеріп тұру керек	C, D, E, G, H

Техникалық қызмет көрсету операциясы	Қызмет көрсету операциясы	Техникалық қызмет көрсету аралығы	Жүру шарттары
Тұрақ тежегіші	I	Жағдайына қарай жиі тексеріп тұру керек	C, D, G, H
Жетекші білік пен шаңқағар құндақтар	I	Жағдайына қарай жиі тексеріліп тұруы керек	C, D, E, F, G, H, I, K
Механикалық беріліс қорабының сұйықтығы (бар болса)	R	120 000 км сайын	C, D, E, F, G, H, I, J
Автоматты беріліс қорабының сұйықтығы (бар болса)	R	90 000 км сайын	A, C, D, E, F, G, H, I, K
Интеллектуалды сатысыз трансмиссия (бар болса)	R	90 000 км сайын	A, C, D, E, F, G, H, I, K
Климат-контроль жүйесінің ауа сүзгісі (бар болса)	R	Жағдайына қарай жиі ауыстырып тұру керек	C, E

Қолайсыз пайдалану жағдайлары

- A. Қалыпты температурада 8 км-ден аз қысқа қашықтықтарға немесе нөлден төмен температурада 16 км-ден аз қашықтыққа көп жүру.
- B. Үлкен қашықтықтарға төмен жылдамдықпен жол жүру.
- C. Тегіс емес, шаңды, ластанған жолмен, жабыны жоқ жолмен немесе қиыршық таспен не тұзбен жабылған жолмен жүру.
- D. Ауа райы суық болғанда тұзбен немесе басқа да коррозиялық заттармен өңделетін жолдармен жүру.
- E. Қатты шаңдану жағдайларында қозғалу.
- F. Лық толы жолдармен жүру.
- G. Тауға қарай, таудан немесе таулы жолдармен жиі жүру.
- H. Тіркемені сүйреу немесе тұрғын автотіркемені не төбедегі жүксалғышты пайдалану.
- I. Патрульдік автокөлік, такси, коммерциялық автокөлік немесе тіркеп сүйрегіш ретінде пайдалану.
- J. 170 км/сағ. шамасынан жоғары жылдамдықпен жүру.
- K. Жиі тоқтап қозғалу.
- L. Ұсынылмаған мотор майын (минералды, жартылайсинтетикалық, тұтқырлық класы бойынша) пайдалану

Шаттық техникалық қызмет көрсету кестесі — бензинді қозғалтқыш (Еуропаны қоспағанда)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АРАЛЫҒЫ		Айлар саны немесе жүріп өткен жол — қайсысы бұрын келетініне байланысты											
		12	24	36	48	60	72	84	96				
Техникалық қызмет көрсету операция		10	20	30	40	50	60	70	80				
Жетек белбеулері ¹		15	30	45	60	75	90	105	120				
Мотор майы және сүзгі ²		Өр 10000 км-ді жүріп өткен сайын немесе 12 ай пайдаланғаннан кейін ауыстыру керек											
Ауа тазартқыш сүзгісі		R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R
Отын қоспалары ⁴		Өр 10 000 км немесе 12 ай сайын қосыңыз											
2.0 MPI		Өр 160 000 км өткен сайын ауыстыру											
Smartstream G1.6		Өр 80 000 км өткен сайын ауыстыру											
1.6 D-CVVT		Өр 160 000 км өткен сайын ауыстыру											
Оталдыру білтелері ⁵		Өр 60 000 км өткен сайын ауыстыру											
		Өр 30 000 км сайын ауыстыру қажет											

I: Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Ауыстыру немесе айырбастау керек.

¹: Генератордың, су сорғысының және ауа баптағыштың (бар болса) жетек белбеуін реттеңіз. Тексеру, қажет болса: түзеу немесе ауыстыру.

²: Мотор майының деңгейін және жылыстаған жерлердің жоқтығын әр 500 км сайын немесе ұзақ жолға шығар алдында тексеріңіз.

³: Тауау Шығыс елдеріне Марокко, Судан және Мысыр кіреді.

⁴: Егер еуропалық отын стандарттарына (EN228) немесе олардың баламасына сәйкес келетін бензин (соның ішінде отын қоспалары) жоқ болса, онда бір бетелке қоспаны пайдалану ұсынылады. Қоспаларды HYUNDAI авторландырылған дилерлік орталығында сатып алуға болады. Сонымен қатар оларды пайдалану бойынша кеңестер алуға болады. Басқа қоспаларды қоспаңыз.

⁵: Ыңғайлы болу үшін ауыстыру басқа техникалық қызмет көрсету операциялары барысында жасалуы мүмкін.

Шаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (жалғасы) — бензинді қозғалтқыш (Еуропаны қоспағанда)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АРАЛЫҒЫ	Айлар саны немесе жүріп өткен жол — қайсысы бұрын келетініне байланысты										
	Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96		
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОПЕРАЦИЯ	Мильдер x 1000	10	20	30	40	50	60	70	80		
	км x 1000	15	30	45	60	75	90	105	120		
Клапан саңылауы ⁶	16 D-CVVT						I				
Бу құбырының құбыршектері мен отын бағы қылтасының қақпағы					I				I		
Отын бағының ауа сүзгісі (бар болса)			I		R		I		R		
Вакуумды құбыршек		I	I	I	I	I	I	I	I		
Отын сүзгісі ⁷			I		R		I		R		
Отын құбырлары, құбыршектер және қосылыстар											
Салқындату жүйесі		«Салқындатқыш сұйықтық деңгейін және жылыстамауын» күнделікті бақылап тұрыңыз									
		Бірінші тексеру 60 000 км-ден немесе 48 айдан кейін, содан кейін ер 30 000 км немесе 24 ай сайын									

I: Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Ауыстыру немесе айырбастау керек.

⁶: Клапанның тым қатты шуылдауын және/немесе қозғалтқыштың дірілдеуін тексеріп, қажет болса, реттеңіз. Жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

⁷: Отын сүзгісіне техникалық қызмет көрсету жүргізілмейді, алайда отын сапасына байланысты оны жүйелі түрде тексеріп тұру керек. Отын ағынының бітелуі, қозғалтқыш дірілі, қуаттың жоғалуы, қозғалтқышты оталдыру кезіндегі қиындықтар және т.б., сияқты күрделі проблемалар туындаған кезде техникалық қызмет көрсету кестесіне қарамастан, отын сүзгісін дереу ауыстырыңыз. Қосымша ақпаратты HYUNDAI уәкілетті дилерлік орталығынан алыңыз.

Шаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (жалғасы) — бензинді қозғалтқыш (Еуропаны қоспағанда)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АРАЛЫҒЫ	Айлар саны немесе жүріп өткен жол — қайсысы бұрын келетініне байланысты									
	Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96	
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОПЕРАЦИЯ	Мильдер x 1000	10	20	30	40	50	60	70	80	
	км x 1000	15	30	45	60	75	90	105	120	
Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы ⁸										
	Алғашқы ауыстыру 200 000 км жол жүргенде немесе 10 жылда жүргізіледі; содан кейін әр 40 000 км немесе 24 ай сайын ауыстыру керек ⁹									
Аккумулятор батареясының күйі	Таяу Шығыс елдері үшін	Әр 10 000 км немесе 6 ай сайын тексеріңіз								
	Таяу Шығыс елдерінен басқа	I	I	I	I	I	I	I	I	
Тежеу жүйесінің құбыршектері, құбыр жолдары және қосылыстары		I	I	I	I	I	I	I	I	
Тежегіш педалі, ілініс педалі (бар болса)		I	I	I	I	I	I	I	I	
Тұрақ тежегіші		I	I	I	I	I	I	I	I	
Тежеу жүйесінің/іліністің гидрожетегіне арналған сұйықтық		I	I	R	I	I	R	I	I	
Тежегіш дискілері мен қыспақтары		I	I	I	I	I	I	I	I	
Руль бағаны, тартқышы және шаңқағар құндақтары		I	I	I	I	I	I	I	I	

I: Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, тазаалау немесе ауыстыру.

R: Ауыстыру немесе айырбастау керек.

⁸: Салқындатқыш сұйықтықты құйған кезде тек ионсыздалған суды немесе осы автовелікке арналған жұмсартылған суды қолданыңыз; автовелікке өндіруші зауытта толтырылған салқындатқыш сұйықтықтың үстінен кермек су құюға тыйым салынады. Сәйкес келмейтін салқындатқыш сұйықтықты пайдалану салдарынан қозғалтқыш қатты бұзылып, зақымдалуы мүмкін.

⁹: Ынғайлы болу үшін ауыстыру басқа техникалық қызмет көрсету операциялары барысында жасалуы мүмкін.

Шаттық техникалық қызмет көрсету кестесі (жалғасы) — бензинді қозғалтқыш (Еуропаны қоспағанда)

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АРАЛЫҒЫ	Айлар саны немесе жүріп өткен жол — қайсысы бұрын келетініне байланысты										
	12	24	36	48	60	72	84	96			
Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96			
Мильдер x 1000	10	20	30	40	50	60	70	80			
км x 1000	15	30	45	60	75	90	105	120			
Жетекші білік пен шаңқағар құндақтар	I	I	I	I	I	I	I	I			
Шиналар (қысым және протектордың тозуы)	I	I	I	I	I	I	I	I			
Алдыңғы аспаның жұмыр топсалары	I	I	I	I	I	I	I	I			
Жүріс бөлігіндегі және қорлустағы бұрандамалар мен сомьындар	I	I	I	I	I	I	I	I			
Ауаны баптау жүйесінің суық агенті (бар болса)	I	I	I	I	I	I	I	I			
Кондиционер компрессоры (бар болса)	I	I	I	I	I	I	I	I			
Климат-контроль жүйесінің ауа сүзгісі (бар болса)	R	R	R	R	R	R	R	R			
Механикалық беріліс қорабының сұйықтығы (бар болса) ¹⁰				I				I			
Автоматты беріліс қорабының сұйықтығы (бар болса)	Тексеру және сервистік қызмет қажет емес										
Интеллектуалды сатысыз трансмиссия (бар болса)	Тексеру және сервистік қызмет қажет емес										
Пайдаланылған газдарды шығару жүйесі	I	I	I	I	I	I	I	I			

I: Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

R: Ауыстыру немесе айырбастау керек.

¹⁰: Механикалық беріліс қорабының/қос ілінсу механизмі бар қораптың сұйықтығын қорап суға малынған сайын ауыстырып тұру керек.

Ауыр пайдалану жағдайларында және жүрілген жол аз болғанда техникалық қызмет көрсету — бензинді қозғалтқыш (Еуропаны қоспағанда)

Төменде көрсетілген техникалық қызмет көрсету операциялары көбінесе қолайсыз жағдайларда пайдаланылатын автокөліктерде жиі орындалуы тиіс. Тиісті техникалық қызмет көрсету аралығын төменгі тараудан қараңыз.

R: Ауыстыру керек.

I: Тексеру, содан кейін қажетінше реттеу, жөндеу, тазалау немесе ауыстыру.

Техникалық қызмет көрсету операциясы		Қызмет көрсету операциясы	Техникалық қызмет көрсету аралығы	Жүру шарттары
Мотор майы және сүзгі	Таяу Шығыс, Орталық және Оңтүстік Америка елдері үшін	R	Әр 5000 км-ден кейін немесе 6 ай сайын ауыстыру керек	A, B, C, D, E, F, G, H, I, K, L
	Таяу Шығыс, Орталық және Оңтүстік Америка елдерінен басқа	R	Әр 7500 км-ден кейін немесе 6 ай сайын ауыстыру керек	
Ауа тазартқыш сүзгісі		R	Жағдайына қарай жиі ауыстырып тұру керек	C, E
Оталдыру бітелері		R	Жағдайына қарай жиі ауыстырылып тұруы керек	A, B, H, I, K
Руль бағаны, тартқышы және шаңқағар құндақтары		I	Жағдайына қарай жиі тексеріп тұру керек	C, D, E, F, G
Алдыңғы аспаның жұмыр топсалары		I	Жағдайына қарай жиі тексеріп тұру керек	C, D, E, F, G

Техникалық қызмет көрсету операциясы	Қызмет көрсету операциясы	Техникалық қызмет көрсету аралығы	Жүру шарттары
Тежегіш дискілері мен қыспақтары, суппорттар мен роторлар	I	Жағдайына қарай жиі тексеріп тұру керек	C, D, E, G, H
Тұрақ тежегіші	I	Жағдайына қарай жиі тексеріп тұру керек	C, D, G, H
Жетекші білік пен шаңқағар құндақтар	I	Жағдайына қарай жиі тексеріліп тұруы керек	C, D, E, F, G, H, I
Механикалық беріліс қорабының сұйықтығы (бар болса)	R	120 000 км сайын	C, D, E, F, G, H, I, J
Автоматты беріліс қорабының сұйықтығы (бар болса)	R	90 000 км сайын	A, C, D, E, F, G, H, I, K
Интеллектуалды сатысыз трансмиссия (бар болса)	R	90 000 км сайын	A, C, D, E, F, G, H, I, K
Климат-контроль жүйесінің ауа сүзгісі (бар болса)	R	Жағдайына қарай жиі ауыстырып тұру керек	C, E

Қолайсыз пайдалану жағдайлары

- A. Қалыпты температурада 8 км-ден аз қысқа қашықтықтарға немесе нөлден төмен температурада 16 км-ден аз қашықтыққа көп жүру.
- B. Үлкен қашықтықтарға төмен жылдамдықпен жол жүру.
- C. Тегіс емес, шаңды, ластанған жолмен, жабыны жоқ жолмен немесе қиыршық таспен не тұзбен жабылған жолмен жүру.
- D. Ауа райы суық болғанда тұзбен немесе басқа да коррозиялық заттармен өңделетін жолдармен жүру.
- E. Қатты шаңдану жағдайларында қозғалу.
- F. Лық толы жолдармен жүру.
- G. Тауға қарай, таудан немесе таулы жолдармен жиі жүру.
- H. Тіркемені сүйреу немесе тұрғын автотіркемені не төбедегі жүксалғышты пайдалану.
- I. Патрульдік автокөлік, такси, коммерциялық автокөлік немесе тіркеп сүйрегіш ретінде пайдалану.
- J. 170 км/сағ. шамасынан жоғары жылдамдықпен жүру.
- K. Жиі тоқтап қозғалу.
- L. Ұсынылмаған мотор майын (минералды, жартылайсинтетикалық, тұтқырлық класы бойынша) пайдалану

ЖОСПАРЛЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТАРМАҚТАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Мотор майы мен қозғалтқыштың май сүзгісі

Мотор майын және сүзгіні техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілген мерзімділікпен ауыстыру керек.

Егер автокөлік қолайсыз жағдайда пайдаланылса, май мен сүзгіні жиі ауыстыру керек.

Жетек белбеулері

Барлық жетек белбеулерінің тілінбегенін, сызатталмағанын, қатты тозбағанын немесе оларға майдың сіңбегенін тексеріп, қажет болса, оларды ауыстырыңыз. Жетек белбеулерінің дұрыс керілуін жүйелі түрде тексеру керек және қажет болса, оларды реттеу қажет.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Белбеуді тексеру кезінде оталдыру жүйесіндегі кілт «LOCK/OFF» (Бұғаттау/өшіру) немесе «ACC» (Қосымша құрылғылар) қалпында тұруы керек.

Отын сүзгісі (Еуропадан басқа)

Бітелген сүзгі автокөлік жылдамдығының төмендеуіне, пайдаланылған газдарды тазалау жүйесінің зақымдалуына және қозғалтқыштың әрең оталуына себеп болуы мүмкін.

Егер отын бағында бөтен заттар тым көп мөлшерде жиналса, сүзгіні жиі ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Жаңа сүзгіні орнатқан соң қозғалтқышты біраз істетіп қойыңыз да, қосылыстардан отын ағып тұрмағанын тексеріңіз. Отын сүзгісін HYUNDAI ресми дилерінде ауыстырту керек.

Отын сүзгісі (Еуропа үшін)

Бұл автокөлікте отын бағының ішіне орнатылған сүзгі тұр және ол автокөліктің бүкіл пайдаланылу мерзіміне есептелген. Оған жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету немесе оны ауыстыру қажет емес; алайда пайдаланылатын отын сапасы техникалық қызмет көрсету жиілігіне әсер етуі мүмкін. Отын жүйесіне байланысты кез келген ақау туындаған кезде (мысалы, отын беруді шектеу, бақылаусыз күрт көп берілуі, қуаттың жоғалуы, қозғалтқышты іске қосу кезіндегі қиындықтар және т.б.) отын сүзгісін тексеріп, қажет болған жағдайда ауыстыру қажет. Отын сүзгісін HYUNDAI ресми дилерінде тексерту және ауыстырту керек.

Отын құбырлары, иілгіш құбыршектер және қосылыстар

Отын құбырларының, құбыршектердің және қосылыстардың жылыстап тұрмағанын және зақымдалмағанын тексеріңіз. Отын құбырларын, отын құбыршектерін және қосылыстарды HYUNDAI ресми дилерінде ауыстырту керек.

Бу құбыршегі мен отын бағы қылтасының қақпағы

Бу өткізетін құбыршек пен отын бағы қылтасының қақпағын техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілген мерзімділікпен тексеру керек. Бу өткізетін құбыршек пен отын бағы қылтасының қақпағының дұрыс ауыстырылғанын тексеріңіз.

Ауа сүзгісі:

Ауа сүзгісін HYUNDAI ресми дилерінде ауыстырту керек.

Оталдыру білтелері

Жылу сипаттамалары дұрыс жаңа оталдыру білтелерінің орнатылғанын тексеріңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалтқыш қызып тұрғанда оталдыру білтелерін ағытпаңыз және тексермеңіз. Күйіп қалуыңыз мүмкін.

Клапан саңылауы

Клапанның тым қатты шуылдауын және/немесе қозғалтқыштың дірілдеуін тексеріп, қажет болса, реттеңіз. Жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Салқындату жүйесі

Салқындату жүйесінің радиатор, кеңейткіш бак, құбыршектер мен қосылыстар сияқты бөлшектері жылыстап тұрмағанын және зақымдалмағанын тексеріңіз. Кез келген зақымдалған бөлшектерді ауыстырыңыз.

Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы

Салқындатқыш сұйықтықты техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілген мерзімділікпен ауыстыру керек.

Автоматты беріліс қорабының сұйықтығы (бар болса)

Автокөлік қалыпты жағдайда пайдаланылатын болса, автоматты беріліс қорабындағы майдың күйін тексеру қажет емес.

АБК сұйықтығын ауыстыру үшін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.



Ақпарат

АБАҚ сұйықтығы жаңа кезде қызыл түсті болады.

Автокөлік пайдаланылған сайын автоматты беріліс қорабындағы майдың түсі қарая береді.

Бұл қалыпты жағдай. Оны түсі өзгергенде ауыстыру қажет емес.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Талаптарға сай келмейтін трансмиссия майын пайдалану беріліс қорабының бұзылуына немесе оның істен шығуына әкелуі мүмкін.

Автоматты беріліс қорабы үшін тек көрсетілген сұйықтықты ғана пайдаланыңыз. (2-тараудағы «Ұсынылған майлау материалдары мен олардың мөлшері» бөлімін қараңыз.)

Механикалық беріліс қорабының сұйықтығы (бар болса)

Механикалық беріліс қорабының сұйықтығын техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес тексеріңіз.

Интеллектуалды сатысыз трансмиссия сұйықтығы (бар болса)

Қалыпты пайдалану жағдайында интеллектуалды сатысыз трансмиссия сұйықтығын тексеру қажет емес.

Интеллектуалды сатысыз трансмиссия сұйықтығын ауыстыру үшін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес HYUNDAI ресми дилеріне хабарласқан жөн.

Тежеу жүйесінің құбырлары мен иілгіш құбыршектері

Дұрыс орнатылғанын, үйкелген, жарылған жерлерінің, тозу және жылыстау іздердің бар-жоғын қарап шығыңыз. Кез келген тозған немесе зақымдалған бөлшектерді дереу ауыстырыңыз.

Тежеу жүйесінің/іліністің гидрожетегіне арналған сұйықтық

Ілінісу механизмінің/тежеу жүйесінің гидрожетегіндегі сұйықтық деңгейін тексеріңіз. Деңгей бактың қабырғасында жазылған «MIN» (Мин.) және «MAX» (Макс.) белгілерінің ортасында тұруы керек. Тек ілінісу механизміне/тежеу жүйесіне арналған және DOT 4 сипаттамасына сәйкес келетін сұйықтықты ғана пайдаланыңыз.

Тұрақ тежегіші

Тұрақ тежегіші жүйесін тексеріңіз.

Дискілі тежегіштер, тежегіш қыспақтары, суппорттар мен дискілер

Қыспақтардың қатты тозбағанын, дискілердің дүрсілдемей, тозбағанын, суппорттар сұйықтығының ағып тұрмағанын тексеріңіз.

Қыспақтарды тексеру және төсемдердің рұқсат етілген барынша тозуы туралы қосымша мәліметті HYUNDAI веб-сайтынан қараңыз.

(<http://service.hyundai-motor.com>)

Аспаның монтаждық бұрандамалары

Аспа қосылыстарының босап кетпегенін немесе зақымдалмағанын тексеріңіз. Қажетті айналу сәтіне дейін тартып бекітіңіз.

Картер, жетек және руль механизмінің құндағы / төменгі иінтіректің жұмыр тіреуі

Автокөлік тоқтап, қозғалтқышты сөндірілгенде, рульде артық люфтінің бар-жоғын тексеріңіз.

Жетектің майысып кетпегенін немесе зақымдалмағанын тексеріңіз. Шаңқағарлар мен жұмыр тіректерде тозу іздерінің, сызаттардың немесе зақымдалған жерлердің бар-жоғын тексеріңіз. Кез келген зақымдалған бөлшектерді ауыстырыңыз.

Доңғалақ жетегінің біліктері және құндақтар




Жетек біліктерінде, шаңқағарларда және қысқыштарда сызаттардың, тозу іздерінің немесе зақымдалған жерлердің бар-жоғын тексеріңіз. Зақымдалған бөлшектерді ауыстырыңыз және қажет болса, қаптаманы ауыстырыңыз.

Ауа баптау жүйесінің суық агенті / Ауа баптағыштың компрессоры

Ауа баптау жүйесінің желісі мен қосылыстары жылыстап тұрмағанын тексеріңіз.

МОТОР МАЙЫ

Мотор майының деңгейін тексеру (бензинді қозғалтқыш)



1. Автокөлік тегіс жерде тұрғанын тексеріп алыңыз.
2. Қозғалтқышты оталдырып, қалыпты жұмыс температурасына дейін қызғанын күтіңіз.
3. Қозғалтқышты сөндіріп, май қартер табандығына ағып келгенше біраз (10 минуттай) күтіңіз.
4. Сүңгіні суырып алып, тазартып сүртіңіз де тірелгенше итеріп салыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ




Радиатор құбыршегі

Мотор майын тексеру немесе құю кезінде радиатор құбыршегін ұстауға болмайды, себебі ол ыстық болып, күйік шалуыңыз мүмкін.

5. Сүңгіні қайта суырып алып, май деңгейін тексеріңіз. Май деңгейі «F» және «L» белгілерінің арасында тұруы тиіс.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Қозғалтқышқа майды тым артық құймаңыз. Бұның салдарынан ол зақымдалуы мүмкін.
- Майды құйған немесе ауыстырған кезде оны төгіп алмаңыз. Май тамшылары мотор бөлігіне тамып кетсе, оларды дереу сүртіп алыңыз.
- Май деңгейінің көрсеткішін таза шүберекпен сүрту керек. Кір шүберекпен сүрткен кезде қозғалтқыш зақымдалуы мүмкін.




Егер май «L» (төмен) белгісіне жақын болса, оның деңгейі «F» (толық) белгісіне дейін жететіндей мөлшерде май құйыңыз. Майды тым артық құймаңыз.

Қозғалтқыш бөлшектерінің үстіне май тамбауы үшін құйғыны пайдаланыңыз.

Тек көрсетілген мотор майын пайдаланыңыз. (2-тараудағы «Ұсынылған майлау материалдары мен олардың мөлшері» бөлімін қараңыз.)

Мотор майын және сүзгісін ауыстыру



Мотор майын және май сүзгісін ауыстыру үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Пайдаланылған мотор майы тері жабынына ұзақ уақыт тиіп тұрса терінің тітіркенуін немесе қатерлі ісік ауруын тудыруы мүмкін. Пайдаланылған мотор майының құрамында зертханалық жануарларда қатерлі ісік тудырған химиялық заттар бар. Теріні әрдайым қорғап жүріңіз және теріге пайдаланылған май тиген соң қолды сабындап, жылы сумен барынша тез жуыңыз.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫҢ САЛҚЫНДАТҚЫШ СҰЙЫҚТЫҒЫ


Жоғары қысымды салқындату жүйесі жыл бойы қолдануға арналған антифризге толы бакпен жабдықталған. Бакқа антифриз өндіруші зауытта құйылады.

Салқындату сұйықтығының мұздаудан қорғалу дәрежесін және деңгейін жылына кемінде бір рет, қыс мезгілі басталғанға дейін немесе климаты суық аудандарға барар алдында тексеріңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Егер қозғалтқыш салқындатқыш сұйықтық деңгейінің төмен болуына байланысты қызып кетсе, сұйықтықты бірден құю қозғалтқышта сызаттардың пайда болуына алып келуі мүмкін. Зақымдардың алдын алу үшін салқындатқыш сұйықтықты аз-аздан, баяу құю керек.
- Автокөлікті қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығынсыз пайдаланбаңыз. Бұдан су сорғысы бұзылуы, қозғалтқыш сыналануы және т.б. жағдайлар орын алуы мүмкін.

Салқындатқыш сұйықтықтың деңгейін тексеру



©CN7080004



АБАЙЛАҢЫЗ



Радиатор қақпағын / қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығына арналған бактың қақпағын шешіп алу

- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда немесе ысып тұрғанда радиатордың қақпағын / қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығына арналған бактың қақпағын шешіп алуға болмайды.
Бұл салқындату жүйесін және қозғалтқышты зақымдауы мүмкін, сондай-ақ ыстық салқындатқыш сұйықтық немесе бу тиген кезде ауыр жарақатқа ұшыратуы мүмкін.
- Қозғалтқышты өшіріп, салқындағанша күтіңіз. Радиатор қақпағын / қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығына арналған бактың қақпағын шешкенде аса сақ болыңыз. Қақпақты қалың шүберекпен орап, бірінші рет тірелгенше баяу сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз. Салқындату жүйесіндегі қысым шығарылғанша алшақтау тұрыңыз.
Қысымның шыққанына көз жеткізгеннен кейін қалың шүберекті қолданып, радиатор қақпағын басыңыз және сағат тіліне қарсы бағытта бұрай отырып, қақпақты шешіп алыңыз.

- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрмаса да, қозғалтқыш пен радиатор суығанша радиатордың / қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығына арналған бактың қақпағын шешіп алуға болмайды. Ыстық салқындатқыш сұйықтық пен бу әлі де қысыммен сыртқа атып шығып, ауыр жарақат тигізуі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ



Электр қозғалтқыш (салқындату желдеткішінің) жұмысы қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температурасына, суық агенттің қысымына және автокөліктің жылдамдығына байланысты болады.

Кейде ол қозғалтқыш сөніп тұрған кезде де жұмыс істеп тұруы мүмкін. Салқындату желдеткішінің қалақтарының жанында жұмыс істегенде өте сақ болыңыз, желдеткіштің айналып тұрған қалақтары жарақат келтіруі мүмкін. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температурасы төмендейтіндіктен, электр қозғалтқыш автоматты түрде өшеді. Бұл қалыпты жағдай.

Электр қозғалтқыш (салқындату желдеткіші) аккумулятордың теріс кабелі ажыратылғанша жұмыс істей беруі мүмкін.


Салқындату және жылыту жүйелеріндегі барлық құбыршектерінің күйін, сондай-ақ олардың қосылыстарын тексеріңіз. Тозған немесе ісініп кеткен құбыршектердің барлығын ауыстырыңыз.

Салқындатқыш сұйықтықтың деңгейі қозғалтқыш суық болған кезде салқындатқыш сұйықтыққа арналған бактың бүйір жағындағы F (MAX) және L (MIN) белгілерінің арасында болуы керек.

Салқындатқыш сұйықтықтың деңгейі төмен болса, қажетті мөлшерде тазартылған (ионсыздалған) су қосыңыз. Деңгейді F (MAX) белгісіне дейін жеткізіңіз, бірақ артығымен құймаңыз.

Егер толтыруды жиі орындауға тура келсе, жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

АБАЙЛАҢЫЗ



1. Радиатор қақпағындағы белгінің тек алға қаратылып тұрғанына көз жеткізу керек.
2. Радиатор қақпағының астындағы кішкене шығыңқы жерлердің орнында мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Қозғалтқыштың ұсынылған салқындатқыш сұйықтығы

- Салқындатқыш сұйықтықты қосқан кезде тек осы автокөлік үшін тек тазартылған (ионсыздалған) суды қолданыңыз; автокөлікке өндіруші зауытта толтырылған салқындатқыш сұйықтыққа кермек суды қосуға тыйым салынады. Салқындатқыш сұйықтықтың тиісті емес қоспасы қозғалтқыштың қатты бұзылуына немесе зақымдалуына әкеп соғады.
- Автокөлік қозғалтқышының алюминий бөлшектерін коррозиядан қорғау және мұздың қатуына жол бермеу үшін фосфаты бар этиленгликоль негізіндегі салқындатқыш сұйықтықты пайдалану керек.
- Этил немесе метил спирті негізіндегі салқындатқыш сұйықтықты ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ және оны ұсынылған салқындатқыш сұйықтықпен араластырмаңыз.
- Автокөлік қозғалтқышында алюминий бөлшектері бар және коррозия мен қатып қалудың алдын алу үшін фосфаттары бар этиленгликоль негізіндегі салқындатқыш сұйықтық арқылы қорғауды қажет етеді.

Қоспа компоненттерінің пайыздық құрамы келесі кестеде келтірілген.

Қоршаған орта температурасы	Қоспа компоненттерінің пайыздық құрамы (көлем)	
	Антифриз	Су
-15 °C	35	65
-25 °C	40	60
-35 °C	50	50
-45 °C	60	40

Ақпарат

Араластыру мөлшерлеріне қатысты күмән туындаған жағдайда, ең оңайы — судың 50 %-ын және антифриздің 50 %-ын араластыру, өйткені әр сұйықтық мөлшері бірдей болады. Бұл -35 °C және одан жоғары көптеген температура диапазоны үшін қолайлы.

Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығын ауыстыру

Салқындатқыш сұйықтықты ауыстыру үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Салқындатқыш сұйықтықты құймас бұрын оның айнаымалы ток генераторы сияқты қозғалтқыштың бөліктеріне тегілуіне жол бермеу үшін радиатор қақпағының айналасына қалың мата немесе шүберек төсеңіз.


АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығын немесе антифризді жуғыштың бағына құймаңыз.

Алдыңғы әйнекке бүркіген кезде қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы көру мүмкіндігін біршама нашарлатып жіберуі мүмкін, нәтижесінде көлікті жүргізе алмай, шанақтың лак-бояу жабыны мен қаптамасы бүлінуі мүмкін.

ТЕЖЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ/ІЛІНІСТІҢ ГИДРОЖЕТЕГІНЕ АРНАЛҒАН СҰЙЫҚТЫҚ

Тежеу жүйесінің/ілінісу механизмінің гидрожетегіндегі сұйықтық деңгейін тексеру



Бақтағы сұйықтық деңгейін жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз. Сұйықтық деңгейі бактың бүйір бетіндегі «MAX» (Макс.) және «MIN» (Мин.) белгілері арасында болуы керек.

Бак қақпағын шешіп, тежеуіш сұйықтығын қоспас бұрын, сұйықтық ластанбауы үшін бак қақпағының айналасын жақсылап тазалаңыз.

Деңгейі төмен болса «MAX» белгісіне дейін сұйықтық құйыңыз. Көліктің жүріп өткен жолы ұлғайған сайын сұйықтық деңгейі төмендейді. Бұл — тежегіш төсемдердің тозуына байланысты қалыпты жағдай.

Егер сұйықтық деңгейі тым төмен болса, тежеуіш жүйесін тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.

i Ақпарат

Тек ұсынылған тежеу/ілінісу жүйесіне арналған сұйықтықты ғана пайдаланыңыз. 2-тараудағы «Ұсынылған майлау материалдары мен олардың мөлшері» бөлімін қараңыз.

i Ақпарат

Тежеу/ілінісу жүйесінің сұйықтығына арналған құю қылтасының қақпағын шешіп алмас бұрын қақпақтағы ескертуді оқыңыз.

i Ақпарат

Құю қылтасының қақпағын шешпей тұрып, оны тазалап сүртіңіз. Тығыз жабылған контейнерде сақталған DOT4 тежеу/ілінісу жүйелерінің сұйықтығын ғана пайдаланыңыз.

! АБАЙЛАҢЫЗ

Тежеуіш сұйықтығының көзге тиюіне жол бермеңіз. Тежеу/ілінісу жүйесінің сұйықтығы көзге тиіп кетсе, көзді кем дегенде 15 минут бойы таза сумен жуып, дереу медициналық көмек алу керек.


МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Тежеуіш сұйықтығын шанақтың лак-бояу жабынына тигізбеу керек, өйткені ол зақымдалуы мүмкін.
- Ұзақ уақыт бойы ашық ауада қалған тежеу/ілінісу жүйесінің сұйықтығын қолдануға болмайды, өйткені бұл жағдайда оның сапасына кепілдік берілмейді. Ол тиісті түрде жойылуы тиіс.
- Сәйкес келмейтін сұйықтықты құймаңыз. Мотор майы сияқты минералды негіздегі майдың бірнеше тамшысы тежеуіш жүйесіне түсіп кеткен жағдайда, жүйе бөлшектері зақымдалуы мүмкін.
- Тежеу жүйесінің және тежеудің бұғатталуға қарсы жүйесінің (ABS) / бағыт тұрақтылығын сақтайтын электронды жүйенің (ESC) оңтайлы жұмысын қамтамасыз ету үшін техникалық шарттарға сәйкес келетін түпнұсқа тежеуіш сұйықтығын қолданған жөн.

(Стандарт: SAE J1704 DOT-4 LV, ISO4925 CLASS-6 және FMVSS 116 DOT-4)

ӘЙНЕК ЖУҒЫШ СҰЙЫҚТЫҒЫ

Жуғыш сұйықтығының деңгейін тексеру



Жуғыш бағындағы сұйықтық деңгейін тексеріп, қажет болғанда сұйықтықты қосымша құйыңыз.

Жуғыш сұйықтығы жоқ болса, таза суды қолдануға болады.

Алайда климаты суық жерлерде қатпайтын жуғыш ерітінділерін қолдану керек.




АБАЙЛАҢЫЗ

Ауыр жарақаттың немесе өлімнің алдын алу үшін әйнек жуғыш сұйықтығын қолданған кезде келесі сақтық шараларын сақтаңыз.

- Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығын немесе антифризді жуғыштың бағына құймаңыз. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы алдыңғы әйнекке бүркілгенде көру мүмкіндігін айтарлықтай нашарлатып, автокөлікті жүргізу мүмкіндігінен айырып, шанақтың лак-бояу жабынын және қаптамасын зақымдауы мүмкін.
- Жуғыш сұйықтығына немесе жуғыш сұйықтығының резервуарына ашық от немесе ұшқын тигізбеңіз. Жуғыш сұйықтығының құрамында спирт болып, тез тұтануы мүмкін.
- Жуғыш сұйықтығын ішпеңіз және теріге тигізбеңіз. Әйнек жуғыш сұйықтығы адамдар мен жануарлар үшін улы.
- Жуғыш сұйықтығын балалар мен жануарлардан алшақтау ұстаңыз.

ТҰРАҚ ТЕЖЕГІШІ

Тұрақ тежегішін тексеру




Тежегішті толық жіберіп барып, естілетін «шертүлер» санын санап, тұрақ тежегішінің жүрісін тексеріңіз. Сонымен бірге тұрақ тежегіші автокөлікті тік еңісте өз бетінше ұстап тұратындай болуы тиіс. Педаль жүрісі техникалық сипаттамаларда көрсетілген мәннен артық не кем болса, жүйеге HYUNDAI ресми дилерінде техникалық қызмет көрсету қажет.


Педаль жүрісі: 20 кг (44 фунт, 196 Н) күшпен 5~6 шерту.

АУА ТАЗАРТҚЫШ

Сүзгіні ауыстыру





Тексеру үшін ауа сүзгісін сығылған ауамен тазартуға болады. Оны жууға немесе шаюға тырыспаңыз, себебі бұл сүзгіні зақымдауы мүмкін. Қатты ластанған жағдайда, ауа сүзгісін ауыстыру керек.



1. Ауа тазартқыш қапқағын ұстап тұратын бекіткішті (1), босатып, оны ашыңыз.



2. Ауа тазартқыш сүзгісін ауыстырыңыз.



3. Ауа тазартқыш қапқағын топсаға салып (2), қапқақты жапқаннан кейін қысқышты (3) бекітіңіз.
4. Қапқақтың берік орнатылғанын тексеріңіз.

i Ақпарат

Егер автокөлік шамадан тыс шаңды немесе құмды аймақтарда пайдаланылса, элементті ұсынылған аралықтарға қарағанда жиірек ауыстырыңыз (осы тараудағы «Ауыр пайдалану жағдайларында техникалық қызмет көрсету» тармағын қараңыз).

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Ауа сүзгісі жоқ автокөлікті пайдаланбаңыз. Әйтпесе, қозғалтқыш қатты тозып кетеді.
- Ауа сүзгісінің сүзгі элементін алып тастағанда, шаңның немесе кірдің кіріс коллекторына түспейтініне көз жеткізіңіз, себебі бұл қозғалтқыштың зақымдалуына әкеп соғады.
- HYUNDAI түпнұсқалық бөлшектерін немесе балама қосалқы бөлшектерді пайдаланыңыз. Сапасыз қосалқы бөлшектерді пайдалану салдарынан ауа шығыны датчигі зақымдалуы мүмкін.


КЛИМАТ-КОНТРОЛЬ ЖҮЙЕСІНІҢ АУА СҮЗГІСІ

Сүзгіні тексеру


Климат-контроль жүйесінің ауа сүзгісін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстыру керек. Автокөлікті ауасы қатты ластанған қалаларда немесе шаңды, тегіс емес жолдарда ұзақ пайдаланған жағдайда, тексеру мен ауыстыруды жиі жүргізу қажет. Климат-контроль жүйесінің ауа сүзгісін ауыстырған кезде келесі процедураны орындау керек және басқа компоненттерге зақым келтірмеу үшін сақтық таныту керек.

Ауа сүзгісін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстырыңыз.


Сүзгіні ауыстыру



1. Суретте көрсетілгендей, ұсақ-түйек тартпасын екі жағынан басыңыз. Бұл кезде бекіткіш сұққыштар ұяларынан босап, ұсақ-түйек тартпасы төмен түседі.



2. Климат-контроль жүйесі сүзгісінің корпусын қақпақтың оң жағындағы құлыпты басып шешіп алыңыз.



3. Сүзгіні ауыстырыңыз.
4. Құрастыру бөлшектеу тәртібіне кері ретпен жүзеге асырылады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Климат-контроль жүйесінің жаңа сүзгісін тиісті бағытта орнатыңыз, көрсеткі таңбасы (↓) төмен қарап тұруы керек, кері жағдайда, шу шығып, сүзгі жұмысының тиімділігі төмендейді.

ӘЙНЕК ТАЗАЛАҒЫШТЫҢ ЩЕТКАЛАРЫ

Щеткалардың күйін тексеру

Алдыңғы әйнектің немесе әйнек тазалағыш щеткаларының бөгде заттармен ластануы әйнек тазалағыш жұмысының тиімділігін төмендетуі мүмкін.

Әдеттегі ластану көздері — жәндіктер, ағаш шырыны және кейбір коммерциялық автокөлік жуу орындарында қолданылатын ыстық балауызбен өңдеу. Егер щеткалар дұрыс жұмыс істемесе, әйнек пен щеткаларды сапалы тазартқышпен немесе жұмсақ жуғыш затпен тазалаңыз, содан кейін таза сумен жақсылап шайыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Әйнек тазалағыш щеткаларының, жетектемелердің немесе басқа компоненттердің зақымдануына жол бермеу үшін төменде көрсетілген әрекеттерді орындамаған жөн.

- Оларға немесе олардың жанында бензин, керосин, бояу араластырғыш немесе басқа да еріткіштерді пайдалану.
- Әйнек тазалағыштарды қолмен жылжыту.
- Талаптарға сәйкес келмейтін әйнек тазалағыш щеткаларын пайдалану.

Ақпарат

Автоматты автокөлік жуу орындарында қолданылатын ыстық өнеркәсіптік балауыз алдыңғы әйнекті тазартуды қиындататыны белгілі.

Щеткаларды ауыстыру


Егер әйнек тазалағыштар әйнекті дұрыс тазаламаса, бұл щеткалардың тозғанын немесе бүлінгенін және оларды ауыстыру қажет екенін білдіруі мүмкін.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Әйнек тазалағыш жетектемесінің алдыңғы әйнекке түсуіне жол бермеңіз, өйткені әйнекте жарықтар мен сызаттар пайда болуы мүмкін.

Алдыңғы әйнек тазалағыштың жұмыс күйі



Бұл автокөлік конструкциясында «жасырын» әйнек тазалағыштар қарастырылған. Бұл дегеніміз — әйнек тазалағыштарды төменгі қалыптан көтеру мүмкін емес.



1. Қозғалтқышты сөндіргеннен кейін 20 секунд ішінде әйнек тазалағыштар жоғарғы тазалау нүктесіне ауысқанша әйнек тазалағыштың жетектемесін «MIST» (Тұман) жоғарғы қалпында (немесе  төменгі қалпында) 2 секунд бойы ұстап тұрыңыз.
2. Бұл кезде әйнек тазалағыштарды алдыңғы әйнектен көтеруге болады.
3. Әйнек тазалағыштарды қайтадан алдыңғы әйнекке абайлап түсіріңіз.
4. Әйнек тазалағыштарды төменгі қалыпқа қайтару үшін кез келген «ON» (Қосу) қалпында қосыңыз.

Щеткаларды ауыстыру

А типі




1. Әйнек тазалағыш жетектемесін көтеріп, щетка түйінін пластмасса бекіткіш көрінетіндей етіп бұраңыз.




2. Бекіткішті басып, щетка түйінін төмен қарай басыңыз.
3. Оны жетектемеден шешіп алыңыз.
4. Щетка түйінін шешіп алғанға қарама-қарсы ретпен орнына орнатыңыз.

В типі



1. Әйнек тазалағыш жетектемесін көтеріңіз.




2. Әйнек тазалағыш щеткасының қысқышын көтеріңіз. Содан кейін төмен тартып, щетка түйінін шешіп алыңыз.



3. Жаңа щетка түйінін орнатыңыз.
4. Әйнек тазалағыш жетектемесін алдыңғы әйнекке қайтарыңыз.


АККУМУЛЯТОР

Аккумулятордың қызмет ету мерзімін ұзарту



- Аккумулятор батареясының мықтап бекітілгенін қадағалап отырыңыз.
- Аккумулятор батареясы таза және құрғақ болуы тиіс.
- Ағытпаларының клеммалары мен түйіспелері таза, тығыз жанасқан болып, оларға техникалық вазелин немесе электрлік түйіспелерге арналған арнайы жағармай қабаты жағылып тұруы тиіс.
- Аккумулятор батареясынан төгілген электролитті ас содасының сулы ерітіндісімен дереу жуу керек.
- Егер автокөлік ұзақ уақыт пайдаланылмаса, кабельдерді аккумулятор батареясынан ажыратыңыз.

i Ақпарат — «UPPER» (Жоғарғы деңгей) және «LOWER» (Төменгі деңгей) белгісі бар аккумуляторлар үшін



Егер автокөлік бүйір бетінде «LOWER», MIN (Төменгі деңгей (Мин.)) және «UPPER», MAX (Жоғарғы деңгей (Макс.)) белгісі бар аккумулятормен жабдықталса, оның электролит деңгейін тексеру қажет. Электролит деңгейі «LOWER», MIN (Төмен деңгей (Мин.)) және «UPPER», MAX (Жоғарғы деңгей (Макс.)) белгілерінің арасында болуы керек.

Электролит деңгейі төмен болғанда тазартылған (немесе минералсызданған) су қосыңыз. (Ешбір жағдайда күкірт қышқылын немесе басқа электролитті қоспаңыз.)

Тазартылған (немесе минералсызданған) суды батарея бетіне немесе басқа іргелес компоненттерге төгіп алмаңыз.

Сонымен бірге аккумулятор банккаларын асыра толтыруға болмайды.

Кері жағдайда батарея немесе басқа бөлшектер коррозияға ұшырауы мүмкін. Болған соң, банка қақпағын мықтап жабыңыз. Алайда АКБ-ға сапалы қызмет көрсету үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу ұсынылады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Аккумулятор батареясының жанында жұмыс істеген кезде немесе оған қызмет көрсеткен кезде АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУ немесе ӨЛІП КЕТУ ықтималдығын болдырмау үшін әрдайым мынадай сақтық шараларын орындау керек.



Аккумулятор батареясымен жұмыс істемей тұрып, төмендегі нұсқауларды оқып шығу керек.



Көзді электрлиттің шашырауынан қорғау үшін қауіпсіздік көзілдірігін қолдану керек.



Аккумулятор батареясының жанында ашық отты қолдануға немесе темекі шегуге тыйым салынады.



Аккумулятор батареясының элементтерінде әрдайым тез жанғыш газ тәрізді сутегі болады, ол жарылып кетуі мүмкін.



Аккумулятор ішінде өте агрессивті күкірт қышқылы бар. Қышқылды көзге, теріге немесе киімге тигізбеу керек.

Қышқыл көзге тиіп кетсе, көзді кем дегенде 15 минут бойы таза сумен жуып, дереу медициналық көмек алу керек. Қышқыл теріге тисе, зақымдалған жерді жақсылап жуу керек. Егер зақымдалған жер ауырса немесе күйік белгілері болса, дереу медициналық көмекке жүгіну керек.

- Аккумуляторды көтергенде пластик корпусқа қатты қысым түскендіктен аккумулятор қышқылы ағып кетуі мүмкін. Аккумуляторды тұтқасынан немесе екі жақ бұрышынан көтеру керек.
- Көлік құралында орнатылған аккумулятор батареясында электролит қатып қалса, қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру әрекетін орындауға тыйым салынады.
- Аккумулятор батареясы көлік құралына қосылған болса, оны зарядтауға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.
- Электрлі оталдыру жүйесі жоғары кернеумен жұмыс істейді. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде немесе «Engine Start/ Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесі «ON» (Қосу) қалпында тұрғанда бұл компоненттерді ұстауға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.
- Сыртқы көзден оталдыруға арналған (+) және (-) кабельдері бір-біріне тиіп кетпеуі тиіс. Өйткені ұшқын шығуы мүмкін.
- Сыртқы қуат көзінен іске қосу кезінде аккумулятор заряды өбден таусылған немесе ол мұздаған болса, онда ол шытынап немесе жарылып кетуі мүмкін.
- Қатарынан бірнеше шұғыл бұрылыстан өткен кезде (мысалы, жарыс жолында) аккумулятордан электролит ақса, қауіпсіздікке қауіп төнуі мүмкін. Қайталанатын шұғыл бұрылыстармен жүрмеуге тырысыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Рұқсат етілмеген электронды құрылғыларды аккумулятор батареясына қосқан кезде оның заряды таусылуы мүмкін. Автокөлік өндірушісі мақұлдамаған құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады.

- Аккумулятор батареясын автокөліктен шешіп алып, жақсы желдетілетін жерге қойыңыз.
- Зарядтау кезінде аккумуляторды әрдайым бақылап отырыңыз, аккумулятор элементтері газды бөлсенді түрде шығара бастаса (қайнаса) немесе кез келген элементтегі температура 49 °C-тан асып кетсе, зарядтау тогын өшіріңіз немесе азайтыңыз.
- Аккумулятор батареясының теріс клеммасына келетін кабель бірінші болып ажыратылып, соңғы болып қосылуы керек.
- Аккумулятор зарядтау құрылғысынан мынадай тәртіппен ажыратылады.
 1. Аккумуляторды зарядтау құрылғысының желі ажыратқышын өшіріңіз.
 2. Түйіспелі қысқышты аккумулятор батареясының теріс клеммасынан ажыратыңыз.
 3. Түйіспелі қысқышты аккумулятор батареясының оң клеммасынан ажыратыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

AGM аккумуляторы (бар болса)

- Absorbent Glass Matt (сіңіргіш шыны талшық) (AGM) аккумуляторлары қызмет көрсетуді қажет етпейді және оғарға техникалық қызмет көрсетуді HYUNDAI ресми дилерінде жүргізу керек. AGM аккумуляторын зарядтау үшін тек AGM аккумуляторларына арналған автоматты зарядтау құрылғыларын ғана пайдаланыңыз.
- AGM аккумуляторын ауыстыратын кезде HYUNDAI ресми дилерінен алынған қосалқы бөлшектерді пайдалану керек.
- Аккумулятордың жоғарғы қақпағын ашпаңыз және шешпеңіз. Өйткені ішіндегі электролит төгіліп, ауыр жарақат келтіруі мүмкін.

Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру

Қозғалтқышты жарамды аккумулятордан оталдырған соң, автокөлікпен кемінде 30 минут жүру керек немесе қозғалтқышты сөндірмес бұрын оны бос жүрісте кемінде 60 минут жұмыс істету керек. Аккумулятор жеткілікті түрде қуатталғанға дейін көлік құралын өшірсеңіз, көлік құралы оталдырылмауы мүмкін. Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру тәртібі туралы қосымша ақпарат алу үшін 7-тараудағы «Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру» бөлімін қараңыз.



Ақпарат



Батареяны тиісті түрде жоймау қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсер етуі мүмкін. Аккумуляторды жергілікті заң немесе нормативтік актілерге сәйкес жою керек.

Құралдардың параметрлерін нөлдеу

Аккумулятор заряды таусылған соң немесе ажыратылған соң элементтер баптауларын нөлдеу қажет.

- Автоматты түрде көтерілетін/түсетін терезе (5-тарауды қараңыз)
- Төбедегі люк (5-тарауды қараңыз)
- Бағдар компьютері (4-тарауды қараңыз)
- Климат-контроль жүйесі (5-тарауды қараңыз)

ШИНАЛАР ЖӘНЕ ДОҒАЛАҚТАР




АБАЙЛАҢЫЗ

Шина жыртылғанда автокөлікті басқара алмай, апат орын алуы мүмкін. АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУ немесе ӨЛІМ ықтималдығын азайту үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз.

- Шиналардағы ауа қысымын, сондай-ақ олардың тозуын және зақымдалуын жиі тексеріңіз.
- Суық шиналардағы ұсынылған қысымды пайдалану нұсқаулығынан және жүргізуші жақтағы орталық тағанда орналасқан заттаңбадан табуға болады. Шиналардағы қысымды өлшеу үшін әрдайым манометрді қолданыңыз. Қысымы тым төмен не тым жоғары шиналар әркелкі тозады да, автокөлікті басқару мүмкіндігін нашарлатады.
- Автокөліктің басқа шиналарындағы ауа қысымын тексерген сайын қосалқы доңғалақты да тексеріп отырыңыз.
- Тозған шиналарды, сондай-ақ біркелкі емес тозу немесе зақымдану белгілері бар шиналарды ауыстырыңыз. Тозған шиналар тежеу, рульді басқару немесе жол төсемімен ілінісу тиімділігін құрт нашарлатып жіберуі мүмкін.
- Ауыстыру үшін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ бастапқыда көлік құралымен бірге жеткізілетін шиналардың өлшеміне сәйкес келетін шиналарды қолданыңыз. Өлшемдері ұсынылғаннан өзгеше шиналар мен доңғалақтарды пайдалану басқарудың стандартты емес сипаттамаларына, көлік құралын басқарудың нашарлауына алып келуі немесе тежеудің бұғатталуға қарсы жүйесінің (ABS) жұмысына теріс әсер етуі және ауыр апатқа әкеп соқтыруы мүмкін.

Шиналарға күтім жасау

Тиісті техникалық қызмет көрсетуді, пайдаланған кездегі қауіпсіздікті және отынды барынша үнемдеуді қамтамасыз ету үшін шиналардағы ұсынылған қысымды үнемі сақтап тұруға және сіздің автокөлігіңіз үшін доңғалақтарға түсіруге болатын шекті жүктемені және жүктемені бөлуді сақтап отыруға кеңес береміз.



Барлық техникалық сипаттамалар (өлшемдер мен қысым) жүргізуші жақтағы орталық бағанға бекітілген тақтайшада қамтылған.

Суық шиналардағы ұсынылатын ауа қысымы

Барлық шиналардағы (соның ішінде қосалқы доңғалақ шинасындағы) қысымды шиналар суық болғанда тексеру керек. Кем дегенде үш сағат қозғалмаған немесе 1,6 км-ден аз жүріп өткен автокөлік шиналары «суық» болып саналады.

Қызған шиналардағы қысым суық шиналардағы қысымнан 28–41 кПа артық болады. Қысымды реттеу үшін қызып тұрған шиналардан ауаны шығармаңыз. Кері жағдайда, қысым ұсынылған деңгейден төмен болады. Шиналардағы қысымның ұсынылған шамаларын 2-тараудағы «Шиналар және доңғалақтар» бөлімінен қараңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлікті жүргізу ыңғайлы және қауіпсіз болу үшін, шиналар аз тозуы үшін қысымның ұсынылған шамаларын сақтау керек.

Артық немесе жеткіліксіз қысым шиналардың қолданыс мерзімін қысқартады, көлік құралын басқаруға теріс әсер етеді және шиналардың кенеттен жыртылып кетуіне әкеп соғады, бұдан көлікті басқара алмай, жол-көлік оқиғасы орын алуы мүмкін.

Шиналардағы ауа қысымы тым төмен болған кезде доңғалақтардың қатты қызып кетуі байқалуы мүмкін, бұның салдарынан шиналар жарылып, протектор бөлініп, басқа да ақаулар орын алуы мүмкін, нәтижесінде автокөлікті басқара алмай, ауыр жарақат алуыңыз немесе жол-көлік апатына ұшырауыңыз мүмкін. Қауіп-қатер ыстық ауа райында, сондай-ақ жоғары жылдамдықпен ұзақ жол жүргенде айтарлықтай артады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Сонымен қатар, шиналардағы қысымның төмендеуі шамадан тыс тозуға, көлікті басқарудың нашарлауына және отын үнемділігінің төмендеуіне әкеледі. Сонымен бірге доңғалақ дискілері де деформациялануы мүмкін. Шиналардағы қысымның қажетті деңгейге сай болуын қадағалау керек. Шинаға ауаны жиі толтыру керек болса, жүйені HYUNDAI ресми дилерінде тексерту керек.
- Шиналардағы қысым жоғары болғанда автокөліктің жайлы жүрісі жоғалады, протектордың ортаңғы аймағы қатты тозады, сондай-ақ жолдағы кедергілерден зақымдалу ықтималдығы артады.

Шиналардағы ауа қысымын тексеру

Шиналарды, соның ішінде қосалқы шиналарды айына бір рет немесе одан жиі тексеріп тұрыңыз.

Тексеру тәсілдері

Шиналардағы қысымды тексеру үшін сапасы жақсы шина манометрін пайдаланыңыз. Шинаның үрлену сапасын кезбен қарап анықтау мүмкін емес. Радиалды шиналар қысым жеткіліксіз болса да үрленіп тұрған сияқты болып көрінуі мүмкін.

Шина ниппеліндегі қалпақшаны шешіп алыңыз. Ниппельге манометрді орнатып, ауа қысымын өлшеу үшін оны мықтап қысып ұстаңыз. Егер суық шинадағы ауа қысымы жүктеме нормативтері бойынша шинада және ақпараттық заттаңбада көрсетілген қысымның ұсынылған мәніне сәйкес келсе, онда одан әрі ешқандай әрекеттерді орындау қажет емес. Қысым төмен болса, шинаны ұсынылған мөнге жеткізгенше үрлеңіз. Шина ниппельдеріне қалпақшалардың кигізілгенін тексеріңіз. Қалпақша болмаса реттығыңға кір не су кіріп, ауа жібермейтін қасиеті жоғалып кетуі мүмкін. Егер қалпақша жоқ болса, мүмкіндік пайда болған кезде ниппельге жаңа қалпақша кигізіңіз.

Шинадағы қысым артып кетсе, шина ниппелінің ортасындағы металл реттығынды басып, артық ауаны шығарыңыз. Индикатор көмегімен шинадағы қысымды қайта тексеріңіз. Шина ниппеліне қалпақшалардың кигізілгеніне көз жеткізіңіз. Қалпақша болмаса реттығыңға кір не су кіріп, ауа жібермейтін қасиеті жоғалып кетуі мүмкін. Егер қалпақша жоқ болса, мүмкіндік пайда болған кезде ниппельге жаңа қалпақша кигізіңіз.

Шиналардың айналуы


Протекторлар біркелкі тозуы үшін HYUNDAI доңғалақтарды әр 12000 км (7500 миль) сайын немесе әркелкі тозған жағдайда одан бұрын орындарымен ауыстыруға кеңес береді.

Ауыстырып салғанда доңғалақтардың дұрыс теңестірілгенін тексеріңіз.

Сондай-ақ шиналарды ауыстырып салғанда олардың әркелкі тозуын немесе зақымдалуын тексеріңіз. Шиналар әдетте шиналардағы ауа қысымының дұрыс болмауынан, доңғалақтардың қате бұрышпен орнатылуынан, доңғалақтардың теңгерімсіздігінен, күрт тежеу немесе шұғыл бұрылыстар салдарынан қатты тозады. Шиналардың протекторлары мен бүйір жақтарында шығыңқы жерлер мен кедір-бұдырлардың жоқтығын тексеріңіз.

Осындай ақауларды тапқан кезде шинаны ауыстырыңыз. Корд матасы немесе корды көрініп тұрған шинаны да ауыстыру керек. Доңғалақтардың орнын ауыстырғаннан кейін алдыңғы және артқы шиналардағы қысымның ұсынылған мәндерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз, сонымен қатар бекіткіш сомындардың мықты тартылғанын тексеріңіз (қажетті тарту сәті 11-13 кгс·м құрайды).

■ Қосалқы доңғалақсыз



OH1078078

Доңғалақтардың орнын ауыстырған кезде тежегіш қыспақтарының тозғанын тексеру керек.

i Ақпарат

Асимметриялық шинаның сыртқы және ішкі жақтары бір-бірінен ерекшеленеді. Асимметриялық шинаны орнатқан кезде **Outside** (Сырты) белгісі бар жақтың сыртында болуын қадағалаңыз. Егер **«Inside»** (Іші) белгісі бар жағы сыртқа қаратылса, онда бұл автокөліктің жұмысына теріс әсерін тигізеді.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Доңғалақтардың орнын ауыстырған кезде шағын қосалқы доңғалақты пайдаланбаңыз.
- Ешбір жағдайда корды диагональды және радиалды шиналарды бірге орнатпаңыз. Бұның салдарынан автокөлік дұрыс жүрмей, көлікті жүргізу мүмкіндігі жоғалып, нәтижесінде жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.

Доңғалақтарды орнату бұрыштарын реттеу және шиналарды теңгеру

Өндіруші зауытта доңғалақтарды орнату бұрыштары мұқият реттеледі және көлігіңіздің шиналары теңгеріледі, бұл шиналардың ең жоғарғы ресурсы мен автокөліктің жалпы сипаттамаларының ең үздік мәндерін қамтамасыз етеді.

Көптеген жағдайда доңғалақтарды қайта реттеу қажет емес. Алайда, сіз шиналардың шамадан тыс тозғанын байқасаңыз немесе көлік құралы қозғалыс кезінде жолдан шеттейтін болса, онда доңғалақтарды қайта реттеу керек.

Егер тегіс жолмен жүрген кезде діріл пайда болса, онда доңғалақтарды қайта теңгеру қажет болуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Талаптарға сәйкес келмейтін теңгеретін жүктемелерді орнату автокөлігіңіздің алюминий дискілеріне зақым келтіруі мүмкін. Тек мақұлданған теңгеретін жүктемелерді ғана пайдаланыңыз.

Шиналарды ауыстыру



Шиналар протекторға көлденең біркелкі тозған кезде үзіксіз жолақ түріндегі тозу индикаторы көрінеді. Бұл шинадағы протектордың қалдық қалыңдығының 1,6 мм шамасынан аз екенін білдіреді. Бұндай жағдайда шинаны ауыстырыңыз.

Ауыстыру протектордың бүкіл ені бойынша жолақ пайда болмай жүргізілуі керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

АУЫР ЖАРАҚАТ алу немесе **ӨЛІП КЕТУ** қатерін төмендетуге мүмкіндік беретін сақтық шаралары төменде берілген.

- Тозған шиналарды, сондай-ақ біркелкі емес тозу немесе зақымдану белгілері бар шиналарды ауыстырыңыз. Тозған шиналар тежеу тиімділігінің төмендеуіне, басқарудың жоғалуына немесе жолмен ілінісудің жоғалуына әкеп соғуы мүмкін
- Ауыстыру үшін **МІНДЕТТІ ТҮРДЕ** бастапқыда көлік құралымен бірге жеткізілетін шиналардың өлшеміне сәйкес келетін шиналарды қолданыңыз. Өлшемдері ұсынылғаннан өзгеше шиналар мен доңғалақтарды пайдалану басқарудың стандартты емес сипаттамаларына, көлік құралын басқарудың нашарлауына алып келуі немесе тежеудің бұғатталуға қарсы жүйесінің (ABS) жұмысына теріс әсер етуі және ауыр апатқа әкеп соқтыруы мүмкін.
- Шиналарды (немесе доңғалақтарды) ауыстыру кезінде екі алдыңғы немесе екі артқы шинаны (немесе доңғалақты) бірге ауыстыру керек. Тек бір шинаны ауыстыру автокөліктің басқарылуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.
- Шиналардың сапасы уақыт өте келе нашарлайды (олар тіпті қолданылмаса да). Қалған протекторға қарамастан, **HYUNDAI** шиналарды алты (6) жыл қалыпты пайдаланғаннан кейін ауыстыруды ұсынады.
- Ыстық елдердегі жоғары ауа температурасы, сондай-ақ жоғары жүктемемен жиі пайдалану шинаның жылдам ескіруіне әкелуі мүмкін. Бұл ескертуді орындамаған жағдайда, шина кенеттен жарылып кетуі мүмкін, салдарынан көлік құралын басқара алмай, апат орын алуы мүмкін.

Шағын қосалқы доңғалақты ауыстыру (бар болса)

Қосалқы шина протекторының қызмет ету мерзімі өлшемі қалыпты шинаның мерзімімен салыстырғанда аз. Оны шинада протектордың тозуын көрсететін жолақтар пайда болғанда ауыстырыңыз. Қосалқы шина жаңа автокөлікпен бірге жеткізілетін шинаның өлшемімен және құрылымымен бірдей болуы керек және шағын қосалқы шинаға арналған доңғалаққа орнатылуы керек. Шағын қосалқы шина өлшемі қалыпты доңғалаққа орнатуға арналмаған, ал шағын қосалқы шинаға арналған доңғалақ өлшемі қалыпты шинаны орнатуға арналмаған.



АБАЙЛАҢЫЗ

Қосалқы доңғалақ істен шықпауы үшін, көлік құралын жүргізу мүмкіндігінен айырылмау үшін және нәтижесінде жол-көлік апатына ұшырамау үшін түпнұсқа шинаны мүмкіндігінше тезірек жөндеу немесе ауыстыру қажет. Шағын қосалқы доңғалақ тек төтенше жағдайларда пайдалануға арналған. Шағын қосалқы доңғалақты пайдаланған кезде көлікті 80 км/сағ. шамасынан жоғары жылдамдықпен жүргізбеңіз.

Доңғалақтарды ауыстыру

Доңғалақтарды ауыстырған кезде, оларды ауыстыру себебіне қарамастан, жаңа доңғалақтардың диаметрі, жиек ені және доңғалақтардың шығымы түпнұсқалық зауыттық доңғалақтардағыдай екеніне көз жеткізіңіз.

Шиналардың жолмен ілінісуі

Тозған, нашар үрленген шиналармен жүрген кезде немесе тайғақ жолдармен жүрген кезде шиналардың жолмен ілінісуі нашарлауы мүмкін. Тозу индикаторы көріне бастағанда шиналарды ауыстыру керек. Көлік құралын жүргізе алмай қалу ықтималдығын төмендету үшін жаңбыр мен қар жауып тұрғанда, сондай-ақ мұз басқан жолмен жүрген кезде жылдамдықты төмендетіңіз.


Шиналарға техникалық қызмет көрсету

Доңғалақтар дұрыс бұрышпен орнатылғанда, шиналардағы ауа қысымы дұрыс болып, шиналар азырақ тозады. Егер шина біркелкі тозбаса, дилеріңіз доңғалақтарды орнату бұрыштарын тексеруі қажет.

Жаңа доңғалақтарды орнатқан кезде олардың дұрыс теңгерілгеніне көз жеткізіңіз. Бұл көлік жүргізуді ыңғайлы етеді және шиналардың қызмет ету мерзімі артады. Бұған қоса, дискіден алынып отыратын шинаны қайта теңгеру керек.

Шинаның бүйір жағындағы таңба

Шинаның бүйір жағында қауіпсіздік стандарттарына сәйкестікті сертификаттау үшін қажетті сәйкестендіру ақпараты, шинаның негізгі сипаттамалары және шинаның сәйкестендіру нөмірі (TIN) көрсетілген. TIN нөмірі шинаны қайтарып алу кезінде оны сәйкестендіру үшін пайдаланылуы мүмкін.



1. Өндіруші немесе фирмалық атауы

Өндіруші немесе сауда маркасы көрсетілген.

2. Шина өлшемінің белгіленуі

Шинаның бүйір жақ бетіне шина өлшемінің белгіленуі көрсетілген. Бұл деректер жаңадан салынатын шинаны таңдаған кезде қажет болады. Төменде шина өлшемінің белгілеуіндегі әріптер мен сандар берілген.

Шина өлшемінің белгіленуі мысалы төменде келтірілген.

(Бұл сандар тек үлгі ретінде берілген; шина өлшемінің белгіленуі автокөлік үлгісіне байланысты өзгеруі мүмкін.)

205/65R16 91H

205 — шинаның миллиметрмен көрсетілген ені.

65 — шина еніне қатысты оның профилінің биіктігі. Шина қимасының биіктігі оның енінен алынған пайызбен берілген.

R — Шина құрылымының коды (радиалды).

16 — жиектеменің дюйммен есептегендегі диаметрі.

91 — жүктеме индексі (шина көтере алатын ең жоғары жүктемеге сәйкес келетін цифрлық код).

H — шинаның жылдамдық санатын білдіретін таңба. Қосымша ақпарат осы бөлімдегі шина жылдамдығы индекстерінің кестесінде берілген.

Доңғалақ өлшемінің белгіленуі

Доңғалақтарда ауыстыруды орындаған кезде қажет болатын деректер қамтылған таңба да бар. Төменде доңғалақ өлшемінің әріптік және сандық мәліметтері берілген.

Доңғалақ өлшемінің белгіленуі мысалы.

6,5J X 16

6,5 — жиектеменің дюйммен есептелген ені.

J — доңғалақ жиектемесінің профилі.

16 — жиектеменің дюйммен есептегендегі диаметрі.

Шиналардың жылдамдық санаттары

Төмендегі кестеде қазіргі уақытта жеңіл автокөліктердің шиналарына қатысты қолданылатын әр түрлі жылдамдық санаттары келтірілген. Жылдамдық санаты шинаның бүйір жақ бетінде салынатын өлшем белгісінде берілген. Бұл таңба шинаны қауіпсіз пайдалануға болатын ең жоғарғы жылдамдықты көрсетеді.

Шинаның жылдамдық санатын білдіретін таңба	Ең жоғарғы жылдамдық
S	180 км/сағ.
T	190 км/сағ.
H	210 км/сағ.
V	240 км/сағ.
W	270 км/сағ.
Y	300 км/сағ.

3. Шиналардың қызмет ету мерзімін тексеру (TIN, шинаның сәйкестендіру нөмірі)

Дайындалған күнінен бастап алты жыл өткен кез келген шинаны (соның ішінде қосалқы доңғалақ шинасын), жаңасына ауыстыру керек. Дайындалған күнін шинаның бүйір бетіндегі DOT коды түрінде таба аласыз (кейде, доңғалақтың ішкі жағында болады). DOT коды — сандар мен ағылшын тіліндегі әріптерден тұратын шинадағы таңбалар реті. Дайындалған күнін DOT кодының соңғы төрт саны (таңба) көрсетеді.

DOT: XXXX XXXX OOOO

DOT кодының бірінші бөлігінде өндіруші зауыттың код нөмірі, шинаның өлшемі және протектор суретінің түрі, ал соңғы төрт санда шығарылған аптасы мен жылы көрсетіледі.

Мысалы:

DOT XXXX XXXX 1520 шинаның 2020 жылдың 15-аптасында жасалғанын көрсетеді.

4. Шина қабаттарының саны мен құрамы.

Шинаның резеңке корды қабатының саны. Өндірушілер шинаның қандай материалдан дайындалғанын да (болат, нейлон, полиэфир және т.б.) көрсетуі тиіс. «R» әрпі корды радиалды түрде бейімделген шинаны, «D» әрпі — корды диагоналды бейімделген шинаны білдіреді, ал «B» әрпі диагоналды түрде буылған каркасты көрсетеді.

5. Шинадағы ауаның ең жоғары рұқсат етілген қысымы

Бұл параметр шинадағы рұқсат етілген ең жоғары ауа қысымын білдіреді. Шинадағы ең жоғарғы рұқсат етілген қысымды асыруға болмайды. Шинадағы ұсынылған қысымды шинадан және шина мен жүктеме туралы ақпараты бар тақтайшадан қараңыз.

6. Ең жоғарғы номиналды жүктеме

Бұл сан шинаға түсіруге болатын килограммен және фунтпен есептелген ең жоғарғы жүктемені көрсетеді. Автокөлік шиналарын ауыстырғанда жаңа шиналардың номиналды жүктемесі өндіруші зауытта автокөлікке орнатылған шинаныкімен бірдей болуы керек.

7. Шина сапасының бірдей класы

Сапа стандартын қажет болғанда шинаның бүйір бетінде протектор ені мен камераның ең жоғарғы ені арасында тауып алуға болады.

Мысалы:

TREADWEAR 200
TRACTION AA
TEMPERATURE A

Tread wear (Протектордың тозуға төзімділігі)

Протектордың тозуға төзімділік санаты — бұл салыстырмалы бағалау, ол бекітілген сынақ сериялары барысында бақыланатын жағдайда жасалған сынақ кезіндегі шиналардың тозу жылдамдығына негізделген. Мысалы, 150 санатындағы шина сынақ жағдайында 100 санатындағы шинаға қарағанда бір жарым (1,5) есе ұзақ тозатын болады. Шинаның салыстырмалы сипаттамалары нақты пайдалану жағдайларына байланысты, бірақ олар жүргізу мәнері, техникалық қызмет көрсету, жол төсемінің сипатына және климаттың өзгеруіне байланысты стандартты түрге қарағанда өзгеше болуы мүмкін.

Протектордың тозуға төзімділік санаты жеңіл автокөліктерге арналған шиналардың бүйір бетінде көрсетілген. Автокөлігіңізде стандартты немесе қосымша жабдық ретінде пайдаланылатын шиналар санаты бойынша өзгешеленуі мүмкін.

Жол төсемімен ілінісуі: AA, A, B және C

Жол төсемімен ілінісу үш санатқа бөлінеді: «AA», «A», «B» және «C» (жоғарғысынан төменгісіне). Бұл санаттар шинаның мемлекеттік органдар белгілеген асфальт пен бетоннан жасалған сынақ беттеріндегі бақыланатын жағдайларда өлшенген дымқыл жол төсемінде тоқтау мүмкіндігін білдіреді. «C» белгісі бар шиналардың бетпен ілінісу қасиеті ең төмен болады.



АБАЙЛАҢЫЗ

Жолмен ілінісу дәрежесі шиналар үшін түзу жүретін қозғалыс кезіндегі тежеу сынақтарының негізінде анықталады және жылдамдықты үдетуді, бұрылыстарды, акваалқуды немесе жолға ілінісу бойынша шекті сипаттамаларды ескермейді.

Температура: A, B және C

Температура бойынша келесі сапа санаттары бар: «A» (ең жоғарғы), «B» және «C». Сапаның бұл санаттары шинаның жылудың бөлінуіне төзімділігін және оның зертхана жағдайында талаптарға сай келетін сынақ доңғалағында жүргізілетін сынақ процесінде жылуды тарату қабілетін көрсетеді.

Жоғары температура шина материалының нашарлауына және шинаның қызмет ету мерзімінің төмендеуіне әкелуі мүмкін, ал шамадан тыс жоғары температура шинаның кенеттен жарылуына алып келуі мүмкін. «A» және «B» санаттары зертханалық жағдайда сынақ доңғалағын қолдана отырып алынған көрсеткіштердің ең төменгі деңгейіне қарағанда жоғары деңгей көрсеткіштерін білдіреді.



АБАЙЛАҢЫЗ

Температура санаты қалыпты ауа қысымы бар шиналар үшін және шамадан тыс жүктеме болмаған кезде анықталады. Тым жоғары жылдамдық, төмен, жоғары қысым немесе шамадан тыс жүктеме бөлек-бөлек немесе бір-бірімен үйлесіп әрекет еткенде жылудың пайда болуына және шинаның кенеттен жарылуына алып келуі мүмкін. Бұл автокөлікті жүргізу мүмкіндігінен айырып, жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.

Төмен профильді шиналар

Шина профилі биіктігінің еніне қатынасы 50-ден аз болатын төмен профильді шиналар автокөлікке спорттық түр береді.

Төмен профильді шиналар басқару және тежеу үшін ыңғайланып жасалған, олардың бүйір беттері стандартты шиналарға қарағанда біраз қаттырақ. Сонымен қатар, төмен профильді шиналар кеңірек болады, сондықтан жол бетімен көбірек ілініседі. Кейбір жағдайларда олар стандартты шиналарға қарағанда жолда көбірек шу шығаруы мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Төмен профильді шинаның бүйір жақ қабырғасы стандарттыға қарағанда қысқарақ болғандықтан, доңғалақ дискісі мен шинаның өзі зақымдануға бейім болады. Көлік жүргізу кезінде абай болыңыз және доңғалақ дискісі мен шинаның зақымдануын азайту үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Тегіс емес жолмен жүргенде немесе одан шыққанда шиналар мен доңғалақтарды зақымдап алмау үшін абай болыңыз. Жол жүріп болған соң шиналар мен дискілерді тексеріңіз.
- Ой-шұңқырлардан, жасанды кедір-бұдыр жерлерден, люктерден немесе жиектерден өткен кезде доңғалақтар мен шиналарды зақымдап алмау үшін көлік құралын баяу жүргізу керек.
- Күшті соққылардан кейін шиналар мен доңғалақтарды HYUNDAI ресми дилерінде тексеру керек.

- Шиналар зақымдалмауы үшін әр 3 000 км өткен сайын шинаның күйі мен ауа қысымын тексеріңіз.
- Шинаның зақымдалғанын көзбен тексеріп анықтау өте қиын. Шинаның бұзылғанын білдіретін аздаған белгілер болса, оны тексеру немесе ауыстыру керек, өйткені шинаның бүлінуі салдарынан ауа шығып кетуі мүмкін
- Тегіс емес жолмен жүрген кезде, жолсыз жермен жүрген кезде, шұңқырлардан, люктерден немесе жиектерден өткен кезде бүлінген шинаға кепілдік қолданылмайды.

САҚТАНДЫРҒЫШТАР

■ Пышақ түріндегі сақтандырғыш



Жарамды сақтандырғыш



Күйіп кеткен сақтандырғыш

■ Түтік түріндегі сақтандырғыш




Қалыпты




Күйіп кеткен сақтандырғыш

■ Өздігінен қалпына келетін сақтандырғыш



Қалыпты



Күйіп кеткен сақтандырғыш

OTM078035

Автокөліктің электр жүйесін электр тогының артық жүктемесі нәтижесінде істен шығудан қорғау үшін созылмалы сақтандырғыштар пайдаланылады.

Бұл автокөліктің 2 (не 3) сақтандырғыш тақтасы бар. Біреуі жүргізуші жақтағы тақтаның астында, қалғаны мотор бөлігінде орналасқан.

Егер автокөліктің жарық аспаптары, қосалқы жабдық немесе басқару құралдары істесе, тиісті электр тізбегіндегі сақтандырғыштың жарамдылығын тексеріңіз. Егер сақтандырғыш күйіп кетсе, онда оның ішіндегі элемент сынып қалды немесе балқып кеткен.

Егер электр жүйесі жұмыс істемесе, алдымен жүргізуші жақтағы сақтандырғыш тақтасын тексеріңіз. Күйіп кеткен сақтандырғышты ауыстырмай тұрып қозғалтқышты сөндіріп, барлық ажыратқыштарды, содан кейін аккумулятордың теріс кабелін ажыратыңыз. Күйіп кеткен созылмалы сақтандырғышты ауыстыру үшін сипаттамасы дәл сондай сақтандырғышты пайдаланыңыз.

Жаңадан ауыстырылған созылмалы сақтандырғыш күйіп кетсе, бұл электр тізбегінде ақаулықтың барын білдіреді. Осы сақтандырғыш қорғайтын жүйені пайдаланбаңыз. Кеңес алу үшін дереу HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.

Ақпарат

Автокөлікте сақтандырғыштардың үш түрі қолданылады: әлсіз токтарға арналған пластина түрінде, жоғары токтарға арналған патронды және өздігінен қалпына келетін сақтандырғыштар.

АБАЙЛАҢЫЗ


Созылмалы сақтандырғышты ауыстыру үшін **ӘРДАЙЫМ** сипаттамасы дәл сондай сақтандырғышты пайдаланыңыз.

- Номиналды тогы жоғары сақтандырғышты орнату зақымдану мен өрттің шығуына әкелуі мүмкін.
- Уақытша шара қолдану ретінде де толыққанды сақтандырғыштың орнына сымды немесе фольганы орнатуға тыйым салынған. Бұл сымның біршама зақымдалуына және оның өртенуіне алып келуі мүмкін.


МӘЛІМЕТ ҮШІН

Сақтандырғыштарды суырып алу үшін бұрауышты немесе басқа да кез келген металл затты пайдалануға тыйым салынады, себебі бұл қысқа тұйықталуға әкеп соғып, электр жүйесін зақымдауы мүмкін.

Аспаптар тақтасының сақтандырғыштар блогындағы сақтандырғыштарды ауыстыру



1. Қозғалтқышты сөндіріңіз.
2. Қалған барлық ауыстырып қосқыштарды өшіріңіз.
3. Сақтандырғыштар тақтасының қақпағын ашыңыз.
4. Сақтандырғыштың орналасқан жерін анықтау үшін сақтандырғыштар тақтасының қақпағының ішкі жағындағы тақтайшаны қараңыз.



5. Күйіп кеткен сақтандырғышты шығарыңыз. Ол үшін мотор бөлігінің сақтандырғыштар тақтасында орналасқан арнайы құралды қолданыңыз.
6. Шығарылған сақтандырғышты тексеріңіз; күйіп кеткен сақтандырғышты ауыстырыңыз. Қосалқы сақтандырғыштар аспаптар тақтасының сақтандырғыштар блогында (немесе мотор бөлігіндегі сақтандырғыштар блогында) орналасқан.



7. Дәл сондай номиналды тогы бар жаңа созылмалы сақтандырғышты салып, оның қысқыштарға нық бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Нық бекітілмеген жағдайда, HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласу ұсынылады.

Апаттық жағдайда қосалқы сақтандырғыштар жоқ болған кезде, автокөліктің жұмыс істеуі үшін міндетті болып табылмайтын құрылғылар тізбегіне орнатылған сипаттамалары бірдей сақтандырғыштарды қолданыңыз — мысалы, шылымтатқыш.

Егер фаралар немесе басқа электр компоненттер жұмыс істемей, сақтандырғыштар зақымдалмаса, мотор бөлігіндегі сақтандырғыш тақтасын тексеріңіз.

Егер сақтандырғыш күйіп кетсе, оны сипаттамалары бірдей басқа сақтандырғышқа ауыстыру керек.

Мотор бөлігіндегі тақтада орнатылған сақтандырғышты ауыстыру




1. Қозғалтқышты сөндіріңіз.
2. Барлық басқа ауыстырып қосқыштарды ажыратыңыз.

3. Сақтандырғыштар тақтасының қақпағын шешіп алу үшін ілгекті басып тұрып, қақпақты жоғары көтеріңіз.
4. Шығарылған сақтандырғышты тексеріңіз; күйіп кеткен сақтандырғышты ауыстырыңыз. Мотор бөлігіндегі сақтандырғыштар тақтасында орналасқан сақтандырғышты шығару немесе салу үшін арнайы қысқыштарды пайдаланыңыз.
5. Дәл сондай номиналды тогы бар жаңа созылмалы сақтандырғышты салып, оның қысқыштарға нық бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Нық бекітілмеген жағдайда, HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласу ұсынылады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Мотор бөлігіндегі сақтандырғыштар тақтасын тексерген соң, тақта қақпағын орнына салып, бекітіңіз. Қақпақ нық бекітілгенде сырт еткен дыбыс естіледі. Ол бекітілмесе, су кіріп кетіп, электр жүйесі істен шығуы мүмкін.

Негізгі (өздігінен қалпына келетін) сақтандырғыш








Өздігінен қалпына келетін сақтандырғыш күйіп кетсе, оны мынадай жолмен шығарып алу керек.

1. Қозғалтқышты сөндіріңіз.
2. Аккумулятордың теріс кабелін ажыратыңыз.
3. Сақтандырғыштар тақтасының қақпағын шешіп алу үшін ілгекті басып тұрып, қақпақты жоғары көтеріңіз.
4. Жоғарыдағы суретте көрсетілген сомындарды бұрып алыңыз.
5. Сақтандырғышты номиналы бірдей жаңа сақтандырғышқа ауыстырыңыз.
6. Орнату шешу тәртібіне кері ретпен жүзеге асырылады.

«Multi» түріндегі сақтандырғыш күйіп кеткен жағдайда, HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласу қажет.








Жүргізушінің бүйір жағындағы сақтандырғыштар тақтасы

Сақтандырғыштың атауы	Таңба	Сақтандырғыштың номиналы	Қорғалған тізбек
MEMORY1	¹ MEMORY	10 A	Сыртқы айналарды жию және жазу релесі, жүргізушінің IMS модулі, жүргізуші/жолаушы жақтағы электр жетекті сыртқы айналар, аспаптар тақтасы, ауа баптағыш контроллері, ауа баптағышты басқару модулі
AIR BAG2	² 	10 A	SRS жүйесін басқару модулі
A/C2	² A/C	10 A	Қосу панелі E/R (RLY.13), ауа баптағышты басқару модулі, айдауыш қозғалтқышы, айдауыш резисторы
MODULE4	⁴ MODULE	10 A	Жолақты ұстап тұру жүйесінің блогы (LINE), амортизациялық төсем ажыратқышы, тұраққа қою кезінде соқтығысудың алдын алу жүйесінің блогы, шанақтың электр жабдығын басқарудың біріктірілген блогы (IBU), автоматты трансмиссияның берілістерін ауыстыру интірегінің индикаторы, алдыңғы консоль ауыстырып қосқышы
MODULE7	⁷ MODULE	7,5 A	Тұраққа қою кезінде соқтығысудың алдын алу жүйесінің блогы, салқындату желдеткішінің контроллері, артқы орындық жылытқышын басқару модулі
START		7,5 A	Күзет сигнализациясының релесі, беріліс қорабының диапазонын ауыстырып қосқыш, РСМ/ЕСМ шанақ электр жабдығын басқарудың біріктірілген блогы, E/R (RLY.5) қосу панелі
E-CALL	E-CALL	10 A	Моцен телематика жүйесін шұғыл шақыру модулі
CLUSTER	CLUSTER	7,5 A	Аспаптар тақтасы
IBU2	² IBU	7,5 A	IBU
A/C1	¹ A/C	7,5 A	E/R (RLY.13) қосу панелі, ауа баптағышты басқару модулі, ауа баптағыш контроллері
TRUNK		10 A	Жүксалғыш релесі
S/HEATER FRT	FRT 	20 A	Алдыңғы орындықтардың желдеткішін басқару модулі, алдыңғы орындықтардың жылытқыштарын басқару модулі
P/WINDOW LH	LH 	25 A	Электр әйнек көтергіштің басты ажыратқышы, жолаушы әйнек көтергішін ауыстырып қосқыш
MULTIMEDIA	MULTI MEDIA	15 A	Аудиожүйе, аудионы/видеоны және навигацияны басқаратын басты құрылғы


Жүргізушінің бүйір жағындағы сақтандырғыштар тақтасы

Сақтандырғыштың атауы	Таңба	Сақтандырғыштың номиналы	Қорғалған тізбек
FCA		10 A	Маңдайлық соқтығысудың алдын алу көмекші функциясының блогы
MDPS1	 1	7,5 A	MDPS блогы
MODULE6	6 MODULE	7,5 A	IBU
S/HEATER RR	RR 	20 A	Артқы орындықтарды жылыту функциясын басқару модулі
P/WINDOW SAFETY	SAFETY 	25 A	Жүргізуші есігінің электр әйнек көтергішінің сақтандырғыш модулі
P/WINDOW RH	RH 	25 A	Электр әйнек көтергіштің басты ажыратқышы, жолаушы әйнек көтергішін ауыстырып қосқыш
BRAKE SWITCH	BRAKE SWITCH	10 A	Стоп-сигналды ауыстырып қосқыш, IBU
IBU1	1 IBU	15 A	IBU
MODULE2	2 MODULE	10 A	E/R (RLY.2) қосу панелі, Mozen телематика жүйесін шұғыл шақыру модулі, сыртқы айналарды ауыстырып қосқыш, күшейткіш, шанақ электр жабдығын басқарудың біріктірілген блогы (IBU), аудиожүйе, аудио/видео және навигацияның бас құрылғысы, тұраққа қою кезінде соқтығысудың алдын алу жүйесінің блогы
AIR BAG1	1 	15 A	SRS жүйесін басқару модулі
MODULE5	5 MODULE	10 A	Автоматты трансмиссияның берілістерін ауыстыру индірегінің индикаторы, алдыңғы сымсыз зарядтау құрылғысы, амортизациялық төсем ажыратқышы, электрхром айна, кондиционер контроллері, ауа баптағышты басқару модулі, аудиожүйе, аудионы/видеоны және навигацияны басқаратын басты құрылғы, диагностикалық ағытпа, Mozen телематика жүйесін шұғыл шақыру модулі, күшейткіш, артқы орындықтарды жылыту функциясын басқару модулі, жүргізушінің IMS модулі, алдыңғы орындықтардың желдеткішін басқару модулі, алдыңғы орындықтардың жылытқышын басқару модулі, басты жарық фаралары (сол/оң)
AMP	AMP	25 A	КҮШЕЙТ.
HEATED MIRROR		10 A	Жүргізуші/жолаушы жақтағы электр жетекті сыртқы айналар, PCM/ECM, ауа баптағышты басқару модулі, ауа баптағыш контроллері

Жүргізушінің бүйір жағындағы сақтандырғыштар тақтасы

Сақтандырғыштың атауы	Таңба	Сақтандырғыштың номиналы	Қорғалған тізбек
DOOR LOCK		20 A	Есіктерді құлыптау/құлпын ашу орталық релесі
MODULE3	3 MODULE	7,5 A	Спорттық режимді ауыстырып қосқыш, стоп-сигналдарды ауыстырып қосқыш
AIR BAG IND	IND 	7,5 A	Аспаптар тақтасы
WASHER		15 A	Көп функциялы ауыстырып қосқыш
P/SEAT PASS	PASS 	30 A	Жолаушы орындығының қолмен басқарылатын ауыстырып қосқышы
P/SEAT DRV	DRV 	30 A	Жүргізуші орындығының қолмен басқарылатын ауыстырып қосқышы, жүргізушінің IMS модулі
WIPER		10 A	PCM/ECM, шанақ электр жабдығын басқарудың біріктірілген блогы (IBU), әйнек тазалағыштың электрмоторы, баспа тақтасының блогы (алдыңғы төменгі әйнек тазалағыш релесі)
MODULE1	1 MODULE	10 A	Жүргізуші/жолаушы жақтағы интеллектуалды кілттің сыртқы тұтқасы, жаңбыр датчигі, спорттық режимді ауыстырып қосқыш, диагностикалық ағытпа, апаттық сигнал беру жүйесін ауыстырып қосқыш, амортизациялық төсем ажыратқышы, кілт электромагниті
SUNROOF		20 A	Төбедегі люк қозғалтқышы
USBCHARGER	USB CHARGER	15 A	Алдыңғы USB зарядтағыш құрылғысы, USB консольдің зарядтағыш құрылғысы
IG1	IG1	25 A	Баспа тақта блогы (сақтандырғыш: F10/12/16)


Мотор бөлігіндегі сақтандырғыштар тақтасы












Реле мен сақтандырғыштар блогы қақпағының ішкі жағында сақтандырғыштардың/реле атаулары мен олардың номиналды сипаттамалары көрсетілген заттаңба орналасқан.

i Ақпарат








Осы нұсқаулықта келтірілген сақтандырғыштар тақтасының кейбір сипаттамалары сіздің автокөлігіңізге қолданылмауы мүмкін. Ақпарат басып шығару сәтінде дәл болған. Автокөліктің сақтандырғыштар блогын тексеру кезінде осы блок туралы мәліметтері бар тақтайшаны қараңыз.















Мотор бөлігіндегі сақтандырғыштар тақтасы

Түрі	Сақтандырғыштың атауы	Таңба	Сақтандырғыштың номиналы	Қорғалған тізбек
MIDI FUSE-3	ALT	ALT	150 A 180 A	[G4FM/G4FG/G4NA] Генератор, (сақтандырғыш: F33, F34, F35, F37) [G4FP] Генератор, (сақтандырғыш: F33, F34, F35, F37)
	MDPS1	 1	80 A	MDPS блогы
MIDI FUSE-2	COOLING FAN2	 2	60 A 80 A	[G4FP] Салқындату желдеткішінің контроллері
	DCT3	 3	40 A	[G4FP] SGA
MIDI FUSE-1	B+5	 5	60 A	Баспа тақта блогы (қозғалтқышты басқару релесі, сақтандырғыш: F1, F2, F3, F4, F6)
	B+1	 1	60 A	ICU (IPS2/ IPS5/IPS6/IPS7/IPS14) қосу панелі
	B+2	 2	60 A	ICU (IPS1/ IPS4/IPS8/IPS9/IPS10/IPS13) қосу панелі
	B+3	 3	50 A	ICU қосу панелі (сақтандырғыш: F13, F14, F22, F23, F32, F40, F41, ұзақмерзімді жүктемесі бар есте сақтау релесі)
	PARKING BRAKE	 P	60 A	ESP басқару модулі
	BLOWER	 3	40 A	E/R (RLY.13) қосу панелі, әмбебап диагностикалық ағытпа
	IG1	IG1	40 A	E/R(RLY.4/6) қосу панелі, оталдыру жүйесінің ажыратқышы
	IG2	IG2	40 A	E/R(RLY.3/5) қосу панелі, оталдыру жүйесінің ажыратқышы

Мотор бөлігіндегі сақтандырғыштар тақтасы

Түрі	Сақтандырғыштың атауы	Таңба	Сақтандырғыштың номиналы	Қорғалған тізбек
FUSE	POWER OUTLET2	² POWER OUTLET	20 A	Алдыңғы розетка
	POWER OUTLET3	³ POWER OUTLET	20 A	Шылымтұтатқыш
	COOLING FAN1	¹ 	40 A	[G4FM/G4FG/G4NA] E/R (RLY.1/11) қосу панелі
	DCT1	¹ DCT	40 A	[G4FP] Трансмиссияны басқару модулі
	DCT2	² DCT	40 A	[G4FP] Трансмиссияны басқару модулі
	REAR HEATED		40 A	E/R (RLY.10) қосу панелі
	B+4	⁴ 	40 A	ICU қосу панелі (сақтандырғыш: F2, F25, F26, F34, F43, F44, электр өйнек көтергіш релесі)
	AMS	AMS	10 A	АКБ датчигі
	TCU1		10 A	[Қос ілінісу механизмі бар трансмиссия] Трансмиссияны басқару модулі, [МБАҚ] Оталдыру жүйесі мен ілінісу механизмін ауыстырып қосқыш
	FUEL PUMP	FUEL PUMP	20 A	E/R (RLY.8) қосу панелі
	CVVD	CVVD	40 A	[G4FP] Соленоид CVVD
	B/ALARM HORN		10 A	E/R (RLY.12) қосу панелі
	ABS1	¹ 	40 A	ABS жүйесін басқару модулі, ESP жүйесін басқару модулі, әмбебап диагностикалық ағытпа
	ABS2	² 	30 A	ABS жүйесін басқару модулі, ESP жүйесін басқару модулі, әмбебап диагностикалық ағытпа
	POWER OUTLET1	¹ POWER OUTLET	40 A	E/R (RLY.2) қосу панелі

Мотор бөлігіндегі сақтандырғыштар тақтасы (баспа тақта блогы) (Smartstream 2.5 GDI)

Сақтандырғыштың атауы	Таңба	Сақтандырғыштың номиналы	Қорғалған тізбек
WIPER		25 A	Әйнек тазалағыш релесі
ECU4	^{E4} 	15 A	PCM/ECM
A/C	A/C	10 A	[G4FM] Ауа баптағыш релесі
HORN		15 A	Дыбыс сигналының релесі
IGN COIL	IGN COIL	20 A	[G4FM/G4NA/G4FP] Оталдыру жүйесінің катушкасы № 1-4 [G4FG] Оталдыру жүйесінің катушкасы № 1-4, конденсатор
ECU3	^{E3} 	15 A	PCM/ECM
SENSOR3	^{S3} 	10 A	E/R (RLY.8) қосу панелі
ECU2	^{E2} 	15 A	PCM/ECM
SENSOR2	^{S2} 	10 A	[G4FM] Майды реттеу клапаны (кіріс/шығыс), геометриясы өзгермелі енгізу коллекторының электрмагнитті клапаны, үрлеуді басқаратын электрмагнитті клапан, E/R қосу панелі (RLY.1/11), кондиционер релесі [G4FG] Майды реттеу клапаны (кіріс/шығыс), геометриясы өзгермелі енгізу коллекторының электрмагнитті клапаны, үрлеуді басқаратын электрмагнитті клапан, E/R қосу панелі (RLY.1/11) [G4NA] Майды реттеу клапаны (кіріс/шығыс), геометриясы өзгермелі енгізу коллекторының электрмагнитті клапаны, үрлеуді басқаратын электрмагнитті клапан, май сорғысының электрмагнитті клапаны, E/R қосу панелі (RLY.1/11) [G4FP] Майды реттеу клапаны (кіріс/шығыс), геометриясы өзгермелі енгізу коллекторының электрмагнитті клапаны, үрлеуді басқаратын электрмагнитті клапан, RCV реттейтін электрмагнитті клапан, салқындату желдеткішінің контроллері
ECU5	^{E5} 	10 A	[МБАҚ] Оталдыру жүйесінің құлпы және ілінісуді ауыстырып қосқыш
SENSOR1	^{S1} 	15 A	Оттек датчигі (КӨП/А3)
ABS3	³ 	10 A	ABS жүйесін басқару модулі, ESP жүйесін басқару модулі, әмбебап диагностикалық ағытпа
INJECTOR	INJECTOR	15 A	[G4FM/G4FG/G4NA] Инжектор № 1-4
ECU1	^{E1} 	20 A	PCM/ECM
TCU2	^{T2} 	15 A	Беріліс қорабының диапазонын ауыстырып қосқыш, [G4FP] Трансмиссияны басқару модулі

ЖАРЫҚ ШАМДАРЫ

Көптеген шамдарды ауыстыру мәселесі бойынша HYUNDAI ресми дилеріне хабарласыңыз.

Автокөліктің шамдарын ауыстыру белгілі бір қиындық тудырады, себебі шамға жету үшін басқа бөлшектерді шешу керек болады. Әсіресе бұл шамы ауыстырылатын фараны бөлшектеуге қатысты.

Фараны шешу/орнату автокөлікті зақымдауы мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

Жарық аспаптарымен жұмыс жүргізбей тұрып, тұрақ тежегішін қосыңыз, оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK/OFF» (Бұғаттау/өшіру) қалпында тұрғанына көз жеткізіңіз және көлік кенеттен қозғалып кетпеуі үшін, саусақтарыңызды күйдіріп алмау үшін, электр тогы соқпауы үшін жарық аспаптарын өшіріңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Қуып кеткен шамды ауыстырған кезде номиналды қуаты тура сондай жаңа шамды орнатыңыз. Кері жағдайда сақтандырғыш немесе электр сымдары зақымдануы мүмкін.



Ақпарат

Жол жүріп келген автокөлікті жуғаннан кейін немесе автокөлік ауа райы дымқыл болғанда түнгі уақытта жүрген болса, фараның және артқы шамдардың шашыратқыштары буланып тұрған сияқты болып көрінуі мүмкін. Бұл жағдай фаралардың ішіндегі және сыртындағы температураның айырмашылығынан туындайды және автокөліктің қандай да бір ақаулығының белгісі емес. Ылғал шамда конденсацияланғанда, ол фараны қосып жүргеннен кейін жойылады. Оның жойылатын көлемі шам көлеміне, оның күйіне және қоршаған орта жағдайына байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Алайда ылғал жойылмаса, автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.



Ақпарат — «Басты жарық фараларының Ылғал сіңіргіші (бар болса)

Бұл автокөлік фараның ішінде ылғал болған кезде оның іштен булануын азайту үшін ылғал сіңіргішпен жабдықталған.

Ылғал сіңіргіш — шығындалатын материал және оның сипаттамалары пайдалану мезгіліне немесе ортасына байланысты өзгеруі мүмкін.



Фара ішінде ылғал болғандықтан фараның іші ұзақ уақыт буланып тұрса, HYUNDAI авторландырылған дилеріне хабарласып көмек сұраңыз.

i Ақпарат

Жол қозғалысы бағытының өзгеруіне бейімделу функциясы (Еуропа үшін)

Таяу жарық фарасы жарықты асимметриялы түрде таратады. Қозғалыс бағыты қарама-қарсы елдерде олар қарсы бағытта келе жатқан автокөліктердегі жүргізушілердің көзін қарықтыратын болады. ЕСЕ ережелері бойынша көзді қарықтырмау үшін кейбір әрекеттерді орындау керек (мысалы, автоматты өзгерту жүйесін пайдалану, жабысқақ таспаны қолдану, жарықты төмен бағыттау). Осы басты жарық фараларының конструкциясы қарсы бағытта келе жатқан автокөліктердегі жүргізушілердің көзін қарықтыруға жол бермейді. Сондықтан қозғалыс бағыты қарама-қарсы елде сізге фараларды реттеу қажет емес.

Фаралардың, габарит жарықтарының, бұрылыс көрсеткіштерінің және күндізгі жүріс жарықтарының шамдарын ауыстыру



- (1) Фара (шалғай жарық)
- (2) Алдыңғы фараның шамы (таяу жарық)
- (3) Күндізгі жүріс жарығы (DRL) / габарит жарығы
- (4) Бұрылыс көрсеткішінің шамы




OLMB073042L

Алдыңғы фаралар (галоген шамдары)



АБАЙЛАҢЫЗ

- Галоген шамдарын пайдаланғанда абай болыңыз. Галоген шамдарында сығылған газ бар. Оларды сындырған кезде әйнек ұшқындары жан жаққа ұшып, жарақат келтіруі мүмкін.
- Шамды ауыстырған кезде қорғаныш көзілдірігін киіңіз. Шамды ұстамас бұрын, оны суытып алыңыз.
- Галоген шамдарын абайлап пайдаланыңыз, сызат түсірмеңіз және қажамаңыз. Егер шам жанып тұрса, оған сұйықтық тигізбеңіз.
- Әйнекті жалаңаш қолыңызбен ұстамаңыз. Қалдық май жанып тұрған шамның қызып кетуіне және жарылуына әкеп соғуы мүмкін.
- Шамды фараға орнатылған жағдайда ғана қолдануға болады.
- Шам зақымдалса немесе онда жарық пайда болса, оны дереу ауыстырып, сақтық шараларды сақтай отырып жойыңыз.




OCN7080042

1. Капотты ашыңыз.
2. Аккумулятордың теріс кабелін ажыратыңыз.
3. Басты фараның қыздыру шамының қақпағын теріс бағытта бұрап шешіп алыңыз.
4. Ағытпаны басты фараның қыздыру шамының патронынан ажыратыңыз.
5. Алдыңғы фара шамын ұстап тұрған сым бекітпені шетінен басып тұрып жоғары көтеріңіз де босатыңыз.
6. Фара блогындағы шамды шығарыңыз.
7. Алдыңғы фараның жаңа шамын орнатып, шамды ұстап тұратын сым бекітпені шамдағы керткке дәлдеп орнына салыңыз.
8. Ағытпаны басты фараның қыздыру шамының патронынан ажыратыңыз.
9. Басты фараның қыздыру шамының қақпағын оң бағытта бұрап орнына орнатыңыз.



Ақпарат

Жол-көлік апатынан немесе фара торабын қайта орнатқаннан кейін фаралардың шоғырлануын түзету керек.




Күндізгі жүріс жарығы / габарит жарықтары (қыздыру шамдары)

1. Капотты ашыңыз.
2. Аккумулятордың теріс кабелін ажыратыңыз.
3. Патронды теріс бағытта бұрап, патронның шығыңқы жерлерін тораптағы керткітерге дәл келтіріп бұрап, шешіп алыңыз.
4. Патрондағы шамды басып тұрып, оның шығыңқы жерлері патрондағы керткітерге дәл келгенше теріс бағытта бұрап шығарып алыңыз. Шамды патроннан шығарып алыңыз.
5. Жаңа шамды патронға салып, оны сырт еткенше бұраңыз.
6. Патронды орнына салып, патрондағы шығыңқы жерлерді тораптың керткітеріне келтіріңіз.
7. Патронды торапқа салып, оны оң бағытта бұраңыз.

Алдыңғы фаралар / күндізгі жүріс жарығы / габарит жарықтары (жарықдиодты)

Шамдар (жарықдиодты) істемесе, жүйені HYUNDAI ресми дилерінде тексерту керек. Жарықдиодты шамдарды бөлек-бөлек ауыстыруға болмайды, өйткені олар біріккен блоктың бөлігі болып табылады. Жарықдиодты шамдар блокпен бірге ауыстырылады.

Жарықдиодты шамды тексеруді немесе жөндеуді білікті маман жүргізуі керек, себебі қате әрекеттер көлік құралының тиісті бөлігінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.



Бұрылыс көрсеткішінің шамы

1. Капотты ашыңыз.
2. Аккумулятордың теріс кабелін ажыратыңыз.
3. Патронды теріс бағытта бұрап, патронның шығыңқы жерлерін тораптағы керткітерге дәл келтіріп бұрап, шешіп алыңыз.

4. Патрондағы шамды басып тұрып, оның шығыңқы жерлері патрондағы керткітерге дәл келгенше теріс бағытта бұрап шығарып алыңыз. Шамды патроннан шығарып алыңыз.
5. Жаңа шамды патронға салып, оны сырт еткенше бұраңыз.
6. Патронды орнына салып, патрондағы шығыңқы жерлерді тораптың керткітеріне келтіріңіз.
7. Патронды торапқа салып, оны оң бағытта бұраңыз.

Шамдар


Егер жарықдиодты шам істемесе, автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Бұрылыс көрсеткішінің бүйірлік қайталағышының шамын ауыстыру






Егер жарықдиодты шам (1) істемесе, автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Қыздыру шамы



1. Шашыратқышты іліп алып, торапты суырып шығарып, шам торабын алып шығыңыз.
2. Шамның электр ағытпасын ажыратыңыз.
3. Патронды шашыратқыштан бөліп алыңыз: патронның шығыңқы жерлері шашыратқыштағы керткітерге дәл келгенше патронды теріс бағытта бұраңыз.
4. Шамды патроннан шығарып алыңыз.
5. Жаңа шамды патронға салыңыз.
6. Патрон мен жарық шашыратқышты орнына салыңыз.
7. Шамның электр ағытпасын жалғаңыз.
8. Фара торабын автокөлік шанағына орнатыңыз.

Артқы құрамдастырылған шырақтың шамын ауыстыру



- (1) Стоп-сигнал шамы (жарықдиодты немесе қыздыру)
- (2) Артқы габарит жарығының шамы (жарықдиодты немесе қыздыру)
- (3) Бұрылыс көрсеткішінің шамы
- (4) Артқы жүріс шамы
- (5) Тұман фарасы

Артқы габарит жарығының / стоп-сигналдың / бұрылыс көрсеткішінің (сыртқы) шамы (қыздыру шамы)

1. Жүксалғыш қақпағын ашыңыз.




2. Техникалық қызмет көрсету қақпағын өзіңізге тартып, шешіп алыңыз.



3. Ұстап тұрған сомындарды босатыңыз.



4. Автокөлік шанағынан артқы құрамдастырылған фараның торабын шығарып алыңыз.




[A]: артқы габарит жарығының / стоп-сигналдың шамы

[B]: бұрылыс көрсеткішінің шамы

5. Патронды теріс бағытта бұрап, патронның шығыңқы жерлерін тораптағы кертіктерге дәл келтіріп бұрап, шешіп алыңыз.
6. Патрондағы шамды басып тұрып, оның шығыңқы жерлері патрондағы кертіктерге дәл келгенше теріс бағытта бұрап шығарып алыңыз. Шамды патроннан шығарып алыңыз.
7. Жаңа шамды патронға салып, оны сырт еткенше бұраңыз.
8. Патронды орнына салып, патрондағы шығыңқы жерлерді тораптың кертіктеріне келтіріңіз. Патронды торапқа салып, оны оң бағытта бұраңыз.

Артқы габарит жарығының / стоп-сигналдың (ішкі) шамы (қыздыру шамы)


1. Жүксалғышты ашыңыз.
2. Жүксалғыш қақпағының бекіткіш бұрамаларын босатып, қақпақты шешіп алыңыз.



3. Патронды теріс бағытта бұрап, патронның шығыңқы жерлерін тораптағы кертіктерге дәл келтіріп бұрап, шешіп алыңыз.
4. Қыздыру шамын патроннан шығарып алыңыз.
5. Патронға жаңа қыздыру шамын салыңыз.
6. Жүксалғыш қақпағын бұрамаларды салып орнатыңыз.

Артқы жүріс шамы (сыртқы) (қыздыру шамы)

1. Ағытпаны ажыратып, сомындарды теріс бағытта бұрап шешіп алыңыз.
2. Шам торабын бөлшектеңіз.



©CN7080053

3. Патронды теріс бағытта бұрап, патронның шығыңқы жерлерін тораптағы керткітерге дәл келтіріп бұрап, шешіп алыңыз.
4. Қыздыру шамын патроннан шығарып алыңыз.
5. Патронға жаңа қыздыру шамын салыңыз.
6. Жүксалғыштағы шам торабын орнатыңыз.
7. Жүксалғыш қақпағын бұрамаларды салып орнатыңыз.


Стоп-сигнал және артқы габарит жарығы шамы (жарықдиод)

Егер жарықдиодты шам істемесе, автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.


Тұман фаралары (бар болса)

Егер жарықдиодты шам істемесе, автокөлікті тексерту үшін HYUNDAI ресми дилеріне хабарласу керек.

Жоғарғы стоп-сигнал шамын ауыстыру



©CN7080032




©AD075042

[A]: қосымша жоғарғы стоп-сигнал

1. Жүксалғышты ашыңыз.
2. Патронды теріс бағытта бұрап, патронның шығыңқы жерлерін керткітерге дәл келтіріп бұрап, шешіп алыңыз.

3. Патрондағы шамды басып тұрып, оның шығыңқы жерлері патрондағы керткітерге дәл келгенше теріс бағытта бұрап шығарып алыңыз. Шамды патроннан шығарып алыңыз.
4. Жаңа шамды патронға салып, оны сырт еткенше бұраңыз.
5. Патронды орнына салып, патрондағы шығыңқы жерлерді тораптың керткітеріне келтіріңіз.
Патронды торапқа салып, оны оң бағытта бұраңыз.

Нөмір белгісі жарығының шамын ауыстыру



1. Бұрамаларға арналған минус ұшты бұрауышпен жарық шашыратқышты абайлап іліп алыңыз да, оны салондағы шам корпусынан шығарып алыңыз.
2. Шамды патроннан шығарып алыңыз.
3. Жаңа шамды орнатыңыз.
4. Орнату кері ретпен орындалады.

Салонды жарықтандыру плафонының шамын ауыстыру





1. Минус ұшты бұрауышпен жарық шашыратқышты абайлап іліп алыңыз да, оны салондағы шам корпусынан шығарып алыңыз.
2. Шамды патроннан шығарып алыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Саусақтарыңызды күйдіріп алмау үшін немесе электр тогы соқпауы үшін ішкі жарық шамдарымен жұмыс істер алдында «OFF» (Өшіру) түймесінің басылып тұрғанына көз жеткізіңіз.

3. Патронға жаңа шамды орнатыңыз.
4. Шашыратқыштың шығыңқы жерлерін шам корпусындағы кертіктерге дәлдеп, шашыратқышты орнына орнатыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Шашыратқыштарды, олардың шығыңқы жерлері мен пластмасса корпустарын былғап немесе бүлдіріп алмау үшін сақ болыңыз.

АВТОКӨЛІКТІҢ СЫРТЫНА КҮТІМ ЖАСАУ

Автокөлікке сыртынан күтім жасау

Автокөлікке сыртынан күтім жасау кезіндегі жалпы сақтық шаралары

Тазалайтын немесе жылтырататын химиялық заттарды қолданғанда затбелгідегі нұсқауларды сақтау керек. Затбелгіде көрсетілген барлық ескертулермен және сақтық шараларымен танысып шығыңыз.

Автокөліктің лак-бояу жабынына күтім жасау

Автокөлікті жуу

Лак-бояу жабынын коррозия мен тот басудан қорғау үшін айына кемінде бір рет автокөлікті сәл жылы немесе салқын сумен жуып тұрыңыз.

Автокөлік жолсыз жерде пайдаланылса, оны әрбір сапардан кейін жуыңыз. Әсіресе, тұз, шаң, балшық және басқа да бөтен заттар шоғырланған жерлерді жақсылап жуыңыз. Есіктер мен табалдырықтың төменгі қапталындағы дренаждық тесіктердің таза болуын қадағалаңыз.

Жәндіктер, шайыр және ағаш шырыны, құстың қиы, атмосфераға шығарылатын өнеркәсіптік зиянды заттар және сол сияқты кірлер дер кезінде алынып тасталмаса, автокөлігіңіздің лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін.

Мұндай ластанулар бірден сумен жуғанның өзінде кетпейді.

Боялған беттерді жууға қауіпсіз жұмсақ сабын ерітіндісін пайдалануға болады.

Жуғаннан кейін автокөлікті жылы не суық сумен жақсылап шайып жіберіңіз.

Лак-бояу жабынында сабынның кеуіп қалуына жол бермеңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Сілтісі көп сабынды, химиялық жуғыш заттарды немесе ыстық суды пайдаланбаңыз. Сонымен қатар, тікелей күн сәулесінің астында тұрған көлікті немесе корпусы қатты қызып тұрған көлікті жууға болмайды.
- Бүйірлік терезені қысыммен келетін қатты су ағынымен жууға болмайды. Әсіресе, бұл жоғары қысымды сумен жууға қатысты: су терезелер арқылы салонға өтіп кетіп, ішкі қаптаманы сулауы мүмкін.
- Пластик бөлшектер мен шамдарды қорғау үшін химиялық өріткіштерді немесе агрессивті жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Ылғал тежегіштер

Автокөлікті жуып болған соң төмен жылдамдықпен жүріп тежегіштердің жұмысын тексеріңіз, оларға су тиюі мүмкін. Егер тежеу тиімділігі нашарлап кетсе, автокөлік алға төмен жылдамдықпен жүріп келе жатқанда тежегіш педальін сәл басыңқырап тежегіштерді кептіріңіз.

Жоғары қысыммен жуу

- Жоғары қысыммен істейтін жуғыш құрылғыларды пайдаланған кезде автокөліктен жеткілікті қашықтықта тұруыңыз керек.
Жеткіліксіз қашықтық немесе шамадан тыс қысым компоненттердің зақымдалуына немесе оларға судың тиюіне әкелуі мүмкін.
- Жоғары қысымды жуғыш аппараттың су ағынын камераларға, датчиктерге немесе оларға жақын аймаққа тікелей бағыттауға болмайды. Судың жоғары қысымымен әсер ету құрылғының істен шығуына әкеп соғуы мүмкін.
- Шүмекті тозаңдықтарға (резеңке немесе пластик қаптарға) немесе ағытпаларға жақындатуға тыйым салынады, өйткені жоғары қысымды су оларды зақымдауы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН



- **Мотор бөлігін сумен, соның ішінде қатты ағатын сумен жуу қозғалтқыш бөлігінде орналасқан электр тізбектерінің істен шығуына әкеп соғуы мүмкін.**
- **Ешбір жағдайда судың немесе басқа сұйықтықтардың автокөліктің ішіндегі электрлік/электронды элементтерге тиюіне жол бермеңіз, себебі бұдан олар зақымдалуы мүмкін.**

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөлікті әрлеуге арналған күңгірт бояу (бар болса)

Айналымалы щеткалары бар автокөлікті автоматты жуу қондырғыларын пайдаланбаған жөн, өйткені бұл кезде автокөлігіңіздің беті зақымдалуы мүмкін. Көліктің бетін жоғары температурамен жуатын бу тазартқышты пайдалану майдың жабысып қалуына және кетуі қиын дақтардың пайда болуына алып келуі мүмкін.

Автокөлікті жуу үшін жұмсақ шүберекті (микроталшықты майлықты немесе губканы) қолданыңыз, содан кейін беттерді микроталшықты майлықпен құрғатып сүрту керек. Автокөлікті қолмен жуған кезде құрамында балауызы бар жуғыш құралдар пайдаланылмауы тиіс. Автокөліктің беті қатты ластанған болса (құм, кір, шаң, ластаушы заттар және т. б.), алдымен көлікті сумен жуу керек.

Балауызбен жылтырату

Балауызды су көліктің боялған бетінде тамшыларға жиналып болғаннан кейін қолдану керек.

Балауызбен жылтыратудың алдында автокөлікті міндетті түрде жуып, кептіру керек. Автокөлікті жылтырату үшін жоғары сапалы сұйық балауызды немесе балауыз пастасын қолданыңыз және оны өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Металл элементтерді қорғау және жылтырды сақтау үшін олардың барлығын балауызбен жабыңыз. Майды, шайырды және сол сияқты заттарды дақ кетіргішпен кетірген кезде лак бетіндегі балауыз алынып тасталады. Тіпті автокөліктің басқа жерлеріне балауыз жағу қажет болмаса да, бұл жерлерге балауыздың қайта жағылғанын тексеріңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Шанақтың бетіндегі шаңды немесе кірді құрғақ шүберекпен сүрткен кезде лак-бояу жабынында сызаттар қалады.
- Хромдалған бөлшектерде немесе анодталған алюминийден жасалған бөлшектерде металл щеткаларды, абразивті тазартқыштарды, құрамында сілтісі көп немесе жегі заттары бар агрессивті жуғыш заттарды қолданбаңыз. Бұл қорғаныш жабынның зақымдалуына және түссізденуіне немесе бұлыңғырлануына алып келеді.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөлікті әрлеуге арналған күңгірт бояу (бар болса)

Лак-бояу жабынын қорғайтын ешбір затты, мысалы, жуғыш заттарды, абразивтер мен жылтыратқышты пайдаланбаңыз. Балауыз жағылған жағдайда оны силикон еріткішпен дәреу кетіріңіз, ал бетінде гудрон немесе құрамында гудроны бар ластаушы заттар бар болса, тазарту үшін гудрон кетіретін құралды қолданыңыз. Дегенмен абай болыңыз және боялған аймақты қатты басып ысқыламаңыз.

Лак-бояу жабынының зақымданған жерлерін қалпына келтіру

Боялған бетке тастардың түсуінен болған терең сызаттар немесе ойықтар дер кезінде жойылуы тиіс. Ашық металды тез тот басады, салдарынан жөндеу жұмыстары айтарлықтай шығынды болуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Егер автокөлігіңіз зақымдалған болса немесе кез келген жөндеуді не қандай да бір металл бөлшектерді ауыстыруды қажет етсе, автокөлік жөндеу шеберханасында ауыстырылатын және жөнделетін бөлшектердің коррозияға қарсы өңделетініне көз жеткізіңіз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Автокөлікті әрлеуге арналған күңгірт бояу (бар болса)

Күңгірт лак-бояу жабыны бар автокөліктердің тек зақымдалған жабын бөлігін қалпына келтіру мүмкін емес; бүкіл бөлшекті жөндеу қажет. Егер көлік зақымдалған болса және оны бояу қажет болса, автокөлігіңізді жөндету және техникалық қызмет көрсету үшін HYUNDAI ресми дилеріне барғаныңыз жөн. Өте сақ болу керек, өйткені жөндеуден кейін жабын сапасын қалпына келтіру өте қиын.

Жылтыратылған металл элементтерге күтім жасау

- Жол гудроны мен жәндіктердің іздерін жою үшін арнайы жасалған құралды пайдаланыңыз. Ол үшін қырғышты немесе басқа өткір затты қолдануға болмайды.
- Металл бөлшектердің жылтыратылған беттерін коррозиядан қорғау үшін қорғаныс балауызын немесе құрамында хром бар сақтандырғыш құралды қолданыңыз және көбірек жылтырату үшін уқалап сүртіңіз.
- Қыста немесе жағалау маңындағы аудандарда жылтыратылған металл бөлшектерге балауыздың немесе қорғаныс құралының қалың қабатын жағыңыз. Қажет болғанда бөлшектерге агрессивті емес техникалық вазелинді немесе басқа қорғайтын құрамдарды жағыңыз.

Шанақтың төменгі жағына күтім жасау

Қарды, мұз бен шаңды кетіру үшін қолданылатын коррозиялық материалдар шанақ астында жиналуы мүмкін. Бұл материалдарды алып тастамаған жағдайда, отын құбырлары, рама, автокөліктің асты және пайдаланылған газдарды шығару жүйесі сияқты автокөліктің астында орналасқан элементтер тез тоттануы мүмкін (коррозиядан қорғайтын құралмен өңделген болса да).

Автокөлік шанағының төменгі бөлігін және доңғалақтардың қуыстарын айына кемінде бір рет, сондай-ақ жолсыз жермен жүргеннен кейін және қыс маусымы аяқталғаннан кейін аздап жылы немесе суық судың күшті ағынымен мұқият жуыңыз. Автокөліктің осы бөлігіне ерекше назар аударыңыз, өйткені онда жиналған шаң мен кір көзге көрінбейді. Қатты сіңіп қалған кірді кетірмей, жай ғана сулау пайдадан гөрі зиян әкеледі. Осы аймақтарға ерекше көңіл бөліңіз, өйткені ондағы бүкіл кірді көру мүмкін емес. Жолдан жиналған кірді кетіргеннен дымдап қоюдың пайдасынан гөрі зияны көп. Есіктердің төменгі шеті, табалдырық және рама элементтерінде дренаждық тесіктер бар, олар кірмен бітелмеуі керек; осы аймақта тұрып қалатын су коррозияның себебіне айналуы мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлікті жуып болған соң төмен жылдамдықпен жүріп тежегіштердің жұмысын тексеріңіз, оларға су тиюі мүмкін. Егер тежеу тиімділігі нашарлап кетсе, автокөлік алға төмен жылдамдықпен жүріп келе жатқанда тежегіш педалін сәл басыңқырап тежегіштерді кептіріңіз.

Алюминий доңғалақтарға қызмет көрсету

Алюминий доңғалақтардың мөлдір қорғаныс жабыны болады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Алюминий доңғалақтарда абразивті тазартқыштарды, жылтыратқыш құрамдарды, өріткіштерді немесе металл щеткаларды қолдануға тыйым салынады. Олар жабында сызат қалдыруы немесе оны зақымдауы мүмкін.
- Доңғалақтарды салқындағаннан кейін ғана тазалау керек.
- Тек жұмсақ сабынды немесе бейтарап жуғыш құралды қолданыңыз, тазалап болғаннан кейін оларды сумен жақсылап жуыңыз. Тұз себілген жолдармен жүргеннен кейін доңғалақтарды тазалаңыз.
- Доңғалақтарды автокөлік жууға арналған жоғары жылдамдықты щеткалармен жууға болмайды.
- Сілтілі және қышқылды тазартқыштарды қолдануға тыйым салынады. Олар мөлдір қорғаныс жабыны бар алюминий доңғалақтарының зақымдалуына немесе коррозияның пайда болуына себеп болуы мүмкін.

Коррозиядан қорғау

Автокөлікті коррозиядан қорғау

Біз коррозиядан қорғаудың ең заманауи жобалау шешімдерін қолдана отырып, жоғары сапалы автокөліктер шығарамыз. Бірақ бұл жұмыстың жартысы ғана. Коррозиядан ұзақ мерзімді қорғанысты қамтамасыз ету үшін көлік иесінің тарапынан көмек пен қолдау қажет.

Коррозияның пайда болуының негізгі себептері

Автокөлік коррозиясының пайда болуының негізгі себептері:

- Көліктің астында жиналатын жол тұзы, кір мен ылғал.
- Бояудың немесе қорғаныс қабатының тастардан, қиыршық тастардан келген жарықтары, сондай-ақ қорғалмаған металды коррозия әсеріне ұшырататын ұсақ жарықтар мен майысулар.

Белсенді коррозия аймақтары

Егер сіз автокөлік үнемі коррозия әсеріне ұшырайтын аймақта тұрсаңыз, коррозиядан қорғану өте маңызды болып табылады. Коррозияның ұлғаюының жиі кездесетін себептері — жол тұзы, шаң басуды бақылауға арналған химиялық заттар, теңіз ауасы және өнеркәсіптік ластану.

Ылғал — коррозия көзі

Ылғал коррозияның пайда болуы аса ықтимал жағдайларды жасайды. Мысалы, коррозиялық процестер жоғары ылғалдылықта жеделдетіледі, әсіресе қоршаған орта температурасы нөлден сәл жоғары болған кезде. Мұндай жағдайларда тым баяу буланатын ылғал коррозияны тудыратын материалдың автокөлік бетімен тұрақты жанасуын қамтамасыз етеді.

Кір коррозияның белсенді көзі болып табылады, өйткені ол баяу кебеді және автокөліктің бетінде ылғалды сақтап тұрады. Кір құрғақ болып көрінсе де, ол әлі де ылғалды сақтап, коррозиялық процестерге ықпал етуі мүмкін.

Сонымен қатар, жоғары температуралар да ылғал түсетін автокөліктің нашар желдетілетін бөліктерінде коррозияның пайда болуына ықпал етуі мүмкін. Осы себептерге байланысты көлікті таза ұстау керек және одан жиналған балшық пен басқа материалдарды үнемі алып тастау керек. Бұл тек көрінетін жерлерге ғана емес, сонымен қатар, автокөліктің астына да қатысты.

Коррозияның алдын алуға көмектесетін шаралар

Коррозияның алдын алу үшін төменде сипатталған ережелерді сақтау керек.

Автокөлігіңізді таза ұстаңыз

Коррозияның алдын алудың ең жақсы тәсілі — бұл автокөлігіңізді таза ұстау және коррозия тудыратын материалдарды үнемі алып тастау. Көліктің астына ерекше назар аударып отыру өте маңызды.

- Егер сіз автокөлігіңіз үнемі коррозия тудыратын заттардың (жол тұзы, теңіз ауасы, өнеркәсіптік ластану, қышқыл жаңбыр және т.б.) әсеріне ұшырайтын жерде тұрсаңыз, көлікті қорғауға ерекше назар аудару керек. Қыста автокөліктің астын айына кемінде бір рет су ағынымен тазартып отыру керек, ал қыс аяқталғаннан кейін оны жақсылап жуыңыз.
- Автокөліктің астын тазартқан кезде доңғалақ қуыстарында және көзге көрінбейтін басқа жерлерде орналасқан конструкция элементтеріне ерекше назар аудару керек. Мұқият тазалаңыз; егер сіз кірді кетірмей, тек сулап қана қойсаңыз, онда коррозия одан сайын күшейе түседі. Жоғары қысымды су мен бу балшық пен коррозиялық материалдарды кетіру үшін әсіресе тиімді.
- Есіктердің төменгі бөліктерін, аспа элементтерін және күш конструкцияларын тазалаған кезде дренаждық тесіктердің ашық болғанын қадағалаңыз, бұдан ылғал буланып, ішке жиналмайды және коррозия пайда болмайды.

Гаражда ылғалдың болмауы тиіс

Автокөлікті ылғалды, нашар желдетілетін гаражға қоюға болмайды. Бұл коррозияға қолайлы жағдай жасайды. Бұл әсіресе автокөлігіңізді гараж ішінде жұғанда немесе гаражға дымқыл, қар, мұз немесе балшық басқан автокөлікпен кірген жағдайларға қатысты. Нашар желдетіліп, ылғал буланбайтын гараж жылытылып тұрғанның өзінде коррозияның пайда болуына ықпал етуі мүмкін.

Лак-бояу жабыны мен сәндік тақталарды жақсы күйде ұстаңыз

Коррозия ықтималдығын азайту үшін әрлеме жабындағы сызаттар немесе жарықтар дереу боялуы керек. Металл беті аршылып қалса, мамандандырылған сырлау-шанақ жөндеу шеберханасына бару керек.

Құстың қиы: Құстың қиы агрессивті және боялған беттерді бірнеше сағаттың ішінде зақымдай алады. Құстың қиын дереу кетіру керек.

Салон күтіміне ерекше назар аударыңыз

Коррозияны тудыратын ылғал төсеніштер мен еден жабыны астына жиналуы мүмкін. Төсеніштердің астында ылғалдың болмауын ара-тұра тексеріп отырыңыз. Автокөлікте тыңайтқыштарды, тазалағыш құралдарды немесе химиялық заттарды тасымалдап жүргенде аса сақ болыңыз.

Мұндай материалдарды тек осы мақсатқа арналған контейнерлерде тасымалдау керек, олардан тамшылары мен дақтарын сүртіп, таза сумен жуып, жақсылап кептіру керек.

Салонға күтім жасау

Салонға күтім жасау жұмыстарын орындаған кездегі жалпы сақтық шаралары

Салон элементтеріне өтір, косметикалық май, күннен қорғайтын крем, қол тазартқыш және ауа сергітуші құрал сияқты химиялық заттардың түсуіне жол бермеңіз, себебі олар үстіңгі беттердің зақымдалуына немесе түссізденуіне әкеп соғуы мүмкін. Егер олар салон элементтеріне түссе, оларды дереу сүртіңіз.

Винилді беттерді тазарту жөніндегі нұсқаулармен танысыңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Ешбір жағдайда судың немесе басқа сұйықтықтардың автокөліктің ішіндегі электрлік/электронды компоненттерге түсуіне жол бермеңіз, себебі бұдан олар зақымдалуы мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Былғары беттерді тазарту үшін (руль, орындық және т.б.) бейтарап тазартқыштарды немесе құрамында спирті аз ерітінділерді қолданыңыз. Құрамында спирті көп ерітінділерді немесе қышқыл/сілтілі тазартқыштарды қолдану түстің оңуына немесе былғары жабынының үстіңгі қабатының жойылуына әкеп соғуы мүмкін.

Қаптаманы және ішкі әрлеу элементтерін тазалау

Винилді беттер (бар болса)

Винил беттердегі шаңды және жабыспаған кірді щеткамен немесе шаңсорғышпен тазалаңыз. Винил беттерді винилді элементтерге арналған арнайы тазартқышпен тазалаңыз.

Мата (бар болса)

Мата беттердегі шаңды және жабыспаған кірді щеткамен немесе шаңсорғышпен тазалаңыз. Қаптаманы немесе кілемшелерді әлсіз сабын ерітіндісімен тазалау керек. Кірдің жаңа түскен дақтарын бірден матаға арналған дақ кетіргішпен кетіру керек. Жаңа түскен дақтарды бірден тазартпаса, онда олар мата қаптамада қалып, оның түсін өзгертіп жіберуі мүмкін. Сонымен қатар, егер материалға дұрыс күтім жасалмаса, оның отқа төзімділігі төмендеуі мүмкін.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Ұсынылған тазартқыштар мен әдістерді қолданудан ауытқу матаның сыртқы түріне және оның отқа төзімділігіне теріс әсер етуі мүмкін.

Былғары (бар болса)

- Орындықтардың былғары қаптамасының ерекшеліктері
 - Былғары қаптама қолдануға жарамды болу үшін арнайы өңдеуден өткен жануар терісінен жасалған. Бұл табиғи материал болғандықтан, әр бөлігі қалыңдығымен және тығыздығымен ерекшеленеді.
Температура мен ылғалға байланысты табиғи жолмен керілу, шөгу салдарынан қатпарлар пайда болуы мүмкін.
 - Жайлылықты арттыру мақсатында орындық созылатын матадан жасалған.
 - Денемен жанасатын бөліктері иілген, ал бүйірлік тірегі жоғары болып жасалған, бұл көлікті жүргізу кезінде жайлылық пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді.
 - Пайдалану процесінде қатпарлар пайда болуы мүмкін, бұл қалыпты жағдай. Бұл өнімнің ақаулығы емес.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

- Кепілдік автокөлікті пайдалану кезінде табиғи түрде пайда болатын қатпарлар мен үйкелістерге қолданылмайды.
- Металл бөлшектері бар белдіктер, сыдырмалар немесе шалбардың артқы қалтасына кілттерді салып қою орындықтардың қаптамасын зақымдауы мүмкін.
- Орындықты суламаңыз. Бұл табиғи былғары сипаттамасының өзгеруіне әкеп соғуы мүмкін.
- Бояуы шығатын джинсы немесе киім орындық қаптамасының матасын былғауы мүмкін.

- Табиғи былғары қаптамасы бар орындықтарға күтім жасау
 - Шаң мен құмды кетіру үшін орындықтарды ара-тұра шаңсорғышпен тазалаңыз. Бұл тері қажалуын немесе зақымдалуын болдырмайды, сонымен қатар, оның сапасын сақтауға көмектеседі.
 - Орындықтың былғары қаптамасын құрғақ немесе жұмсақ матамен жиі сүртіп тұрыңыз.
 - Былғарыға күтім жасауға арналған тиісті заттарды пайдалану орындықтың былғары қаптамасының үйкелуіне жол бермей, оны сақтауға көмектеседі. Былғары жабынын немесе былғарыны қорғау құралын пайдалану алдында міндетті түрде нұсқаулықпен танысып шығыңыз немесе маманнан кеңес алыңыз.
 - Ашық түсті (ақшыл сары, крем түстес ақ сары) былғары тез кірленеді, оның үстінде көзге түсетін дақтар қалады. Орындықтарды жиі тазалаңыз.
 - Орындықтарды дымқыл шүберекпен сүртпеңіз. Бұл үстіңгі беттердің жарылуына әкеп соғуы мүмкін.

- Былғары орындықтарды тазалау
 - Барлық кірді тез арада кетіріңіз. Ластанудың барлық түрлерін кетірген кезде төмендегі нұсқауларды сақтаңыз.
 - Косметика (күннен қорғайтын крем, опа крем және т.б.)
Тазалағыш кремді матаға жағып, ластанған жерді сүртіңіз. Кремді дымқыл шүберекпен алып тастап, суды құрғақ шүберекпен кетіріңіз.
 - Сусындар (кофе, алкогольсіз сусындар және т.б.)
Бейтарап тазартқыштың аз мөлшерін жағып, дақ жағыла бастағанын тоқтатқанша сүртіңіз.
 - Май
Майды сіңіргіш шүберекпен дереу кетіріп, тек табиғи былғарыға арналған дақ кетіргішпен сүртіңіз.
 - Сағыз. Мұзды сағыздың үстіне қойып, оның қатқанын күтіңіз де, сағызды біртіндеп алып тастаңыз.

Қауіпсіздік белбеуінің белдік/иықтық тармағын тазалау

Белбеу таспасын қаптаманы немесе кілемді тазалауға арналған кез келген жұмсақ сабын ерітіндісімен тазартуға болады. Сабынды пайдалану нұсқауларын сақтаңыз. Белбеу таспасын ағартпаңыз немесе басқа түске боямаңыз, өйткені бұдан ол босаңсуы мүмкін.

Әйнектерді ішкі жағынан тазалау

Егер автокөлік әйнектерінің ішкі беті буланып кетсе (яғни, ол майлы немесе балауыз үлдірмен жабылса), онда терезелерді әйнек жуғыш затпен тазалау керек. Әйнек тазалауға арналған құралдың орамындағы нұсқауларды орындаңыз.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Артқы әйнектің ішкі бетін қырғышпен тазаламаңыз және оны сырмаңыз. Өйткені артқы әйнек жылытқышының торы зақымдалуы мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ГАЗДАРДЫҢ УЫТТЫЛЫҒЫН ТӨМЕНДЕТУ ЖҮЙЕСІ

Көлігіңізден шығатын пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесіне шектеулі кепілдік қолданылады. Кепілдік міндеттемелер туралы толық ақпарат автокөлікпен бірге жеткізілетін техникалық қызмет көрсету паспортында берілген.

Сіздің автокөлігіңіз пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесімен жабдықталған, ол зиянды заттарды шығару мөлшерін шектеу талаптарына сәйкес келеді.

Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі үш бөліктен тұрады:

- (1) Картерден шығатын пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі
- (2) Отын бағынан шығатын пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі
- (3) Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі

Уыттылықты төмендету жүйесінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін осы нұсқаулықта келтірілген техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес автокөлікті HYUNDAI компаниясының авторландырылған дилерінде тексеріп, техникалық қызмет көрсету ұсынылады.

МӘЛІМЕТ ҮШІН

Техникалық қызмет көрсеткен кезде тексерулер мен сынақтар жүргізу барысындағы сақтық шаралары (ESC, бағыт тұрақтылығын сақтайтын электронды жүйесімен)

- Динамометриялық сынақ кезінде жалын өткізудің алдын алу үшін «ESC» ауыстырып қосқышын басып, бағыт тұрақтылығын сақтайтын электронды жүйені өшіріңіз.
- Динамометриялық сынақ аяқталғаннан кейін ESC ауыстырып қосқышын қайта басып, ESC жүйесін қосыңыз.

1. Қозғалтқыш картерінен шығатын пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі

Картерді мәжбүрлі желдету жүйесі ауаның картерден шығатын газдармен ластануына жол бермеу үшін қолданылады. Бұл жүйе ауа тарту құбыршегі арқылы картерге таза сүзілген ауаның келуін қамтамасыз етеді. Картердің ішінде таза ауа өтіп жатқан газдармен араласады да картердің мәжбүрлі желдету клапаны арқылы қабылдау жүйесіне өтеді.

2. Отын бағынан шығатын пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі

Отын бағынан шығатын пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі отын буларының ауаға түсуіне жол бермейді.

Жинақтауыш

Отын бағында пайда болатын отын булары жұтылып, борттық жинақтауышта сақталады. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде, жинақтауыштағы отын булары үрлеуді басқаратын электрмагнитті клапан арқылы теңестіру бағына жіберіледі.

Отын булары жинақтауышын үрлеп тазартуды басқаратын электрмагнитті клапан

Отын булары жинақтауышын үрлеп тазартуды басқаратын электрмагниттік клапанды (PCSV) қозғалтқышты басқару блогы (ESM) басқарады; қозғалтқыштық салқындатқыш сұйықтығының температурасы төмен болғанда бос жүрісте істеп тұрған PCSV жабылады, соның арқасында буланған отын қозғалтқышқа түспейді. Қозғалтқышты кәдімгі қозғалыс кезінде қыздырғанда PCSV ашылып, қозғалтқышқа буланған отын жіберіледі.

3. Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі

Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі — бұл автомобильдің жұмыс сипаттамаларына зиян келтірместен пайдаланылған газдардың шығарылуын бақылайтын тиімділігі жоғары жүйе.

Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарына (иіс газына) қатысты сақтық шаралары

- Пайдаланылған газдардың құрамында иіс газы болуы мүмкін. Сондықтан автокөлігіңіздің салонында пайдаланылған газдардың иісі сезілсе, автокөлікті дереу тексеруге және жөндеуге жіберу керек. Автокөлігіңіздің салонында пайдаланылған газдардың иісін сезсеңіз, барлық терезені ашып тастаңыз. Жақын маңдағы автосервиске жөнеліңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарының құрамында иіс газы (CO) бар. Оның түсі мен иісі болмаса да, ол өте қауіпті және дөммен жұтқан кезде өлімге әкеп соғуы мүмкін. Иіс газымен уланбау үшін төменде көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.

- Қозғалтқышты үй-жайға кіру немесе шығу үшін қажет уақыттан ұзақ жабық (мысалы, гараждар сияқты) үй-жайларда қалдырмаңыз.
- Егер қозғалтқышты қосуды автокөлік айтарлықтай ұзақ уақыт бойы ашық кеңістікте тұрса, желдету жүйесін сыртқы ауа салонға берілетіндей етіп баптаңыз (қажет болған жағдайда).
- Қозғалтқышты қосуды тұраққа қойылған немесе тоқтатылып тұрған автокөліктің ішінде ұзақ уақыт бойы отыруға болмайды.
- Егер қозғалтқыш тоқтап қалса немесе оталдырылмаса, қозғалтқышты оталдыру үшін шамадан тыс әрекет жасағанда, шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі бұзылуы мүмкін.

**Каталитикалық
бейтараптандырғышты қолдануға
байланысты сақтық шаралары
(бар болса)**



АБАЙЛАҢЫЗ

- Ыстық пайдаланылған газдар автокөлігіңіздің астындағы жанғыш заттарды тұтандыруы мүмкін. Автокөлікті жанғыш заттардың үстінде немесе олардың жанында (құрғақ шөп, қағаз, жапырақтар және т.б.) тұраққа қоймаңыз, оны бос жүрісте істетіп қоймаңыз және ондай жерлермен жүрмеңіз.
- Газ шығару және каталитикалық жүйелер қозғалтқыш істеген кезде қатты қызады және ол өшкеннен кейін ыстық болып қалады. Газ шығару жүйесіне және каталитикалық бейтараптандырғышқа жақындамаңыз, әйтпесе, күйіп қалуыңыз мүмкін.

Сонымен қатар газ шығару жүйесінің айналасындағы ыстыққа төзімді корпусты алып тастауға, автокөліктің астын тұмшалауға және коррозиямен күресетін жабын жағуға тыйым салынады. Бұл белгілі бір жағдайларда өртке әкеп соғуы мүмкін.

Автокөлік пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендетуге арналған каталитикалық бейтараптандырғышпен жабдықталған.

Осыған байланысты мынадай сақтық шараларын қолдану қажет.

- Бензинді қозғалтқыштар үшін тек ЭТИЛДЕНДІРІЛМЕГЕН БЕНЗИНДІ ғана пайдаланыңыз.
- Қозғалтқыштың ақаулығын білдіретін, мысалы, жалын өткізу белгілері болған жағдайда немесе автокөлік сипаттамалары айтарлықтай төмендеген кезде автокөлікті тоқтатыңыз.
- Қозғалтқыштың жұмыс режимдерін басқа мақсатта пайдаланбаңыз. Мысалы, қозғалтқыш сөніп тұрғанда сырғуға және қозғалтқыш сөніп тұрғанда берілісті қосып қойып тік еңістен төмен түсуге болмайды.
- Қозғалтқышты ұзақ уақыт (бес минуттан артық) бойы бос істетіп қоймаңыз.
- Қозғалтқыштың қандай да бір бөлігін немесе шығарылатын газдарды бақылау жүйесін түрлендірмеңіз және өзгертпеңіз. Барлық тексеру және реттеу жұмыстарын HYUNDAI ресми дилері жүргізгені жөн.
- Отын деңгейі өте төмен болса, жүрісті жалғастырмаңыз. Бензин таусылып қалса, қозғалтқыш дұрыс жұмыс істемей, каталитикалық бейтараптандырғыш шамадан тыс жүктелуі мүмкін.

Осы сақтық шараларын сақтамау салдарынан каталитикалық бейтараптандырғыш істен шығып, автокөлік бұзылып қалуы мүмкін.

Оған қоса, мұндай әрекеттер кепілдік күшін жояды.

Қосымша

Бұл қосымша пайдаланушыға HYUNDAI автокөліктерінің негізгі терминдерін түсіндіруге арналған. Кейбір терминдер сіздің автокөлігіңізге қолданылмауы мүмкін.

ҚОСЫМША	10-2
Аудиожүйе	10-4

ҚОСЫМША

Отынға қойылатын талаптар

- DPF : Дизельді қозғалтқыштың күйе сүзгісі

Орындық

- ACTIVE : Белсенді бас сүйегіш
- HIGH : Жоғ.
- MIDDLE : Орт.
- LOW : Төм.
- OFF : Өшірулі

Қауіпсіздік белбеуі

- Барлық қауіпсіздік белбеулерінде қауіпсіздік белбеуінің затбелгісі орналасқан. Бұл затбелгі автокөліктің БҰҰ-ның Еуропалық экономикалық комиссиясы өзірлеген қауіпсіздік белбеулерінің қауіпсіздігі директивасының талаптарына сай екенін білдіреді. Онда нормативтің нөмірі, нормативті түзету нөмірі, растау нөмірі, өндірушінің атауы, өндірілген күні, белшек нөмірі, үлгі нөмірі және т.б. көрсетілген.
- Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінде қауіпсіздік белбеуін дұрыс бекіту жолы көрсетілген.

Баланы бекіту құрылғысы

- ISOFIX : FIX Халықаралық стандарттар ұйымы
- TOP TETHER : Жоғарғы байлау бекітпесі

Қауіпсіздік көпшігі

- AIRBAG : Қауіпсіздік көпшігі
- SRS AIRBAG : Пассив қауіпсіздік жүйесінің қауіпсіздік көпшігі
- PASSENGER : Жолаушы
- ON : Қосулы
- OFF : Өшірулі

Кілтсіз кіру жүйесі

- HOLD : Түймені 1 секунд басып, ұстап тұрыңыз.

Электронды кілт

- HOLD : Түймені 1 секунд басып, ұстап тұрыңыз.

Ұрлап әкетуден қорғау сигналы

- WARNING : Ескерту
- SECURITY SYSTEM : Қауіпсіздік жүйесі

Имобилайзер жүйесі

- ECU : Қозғалтқышты басқару блогы

Есік құлыптары

- LOCK : Құлыптаулы

Жүксалғыш

- OPEN : Ағытулы

Жүксалғыш қақпағы

- OPEN : Ашық

Отын

- DIESEL : Дизель
- WARNING : Ескерту

Әйнектер

- AUTO : Автоматты:
- AUTO DOWN : Автоматты түрде түсіру

Руль

- EPS : Электронды түрде басқарылатын руль күшейткіші

Айналар

- MIRROR : Айна

Аспаптар тақтасы

- RPM : Бір минуттағы айналым
- H : Ыстық
- C : Суық
- F : Толық.
- E : Бос
- LCD : Сұйық кристалды дисплей
- TFT : Жұқа үлдірлі транзистор
- AV : Аудио немесе видео
- TBT : Бұрылыстары көрсетілген навигация

Артқы көрініс камерасы

- Warning! Check surroundings for safety : Ескерту! Айналананың қауіпсіздігін тексеріңіз

Ішкі көрініс ерекшеліктері

- CUP : Шыны аяқ
- ASH TRAY : Күлсалғыш
- BOTTLE ONLY : Тек бөтелке
- USB : Әмбебап бірізді шина
- AUX : Көмекші құрылғы
- iPod® : Apple Inc. корпорациясының маркасы болып табылады

Кілттің қалпы

- LOCK : Құлыптаулы
- ACC : Қосымша жабдық
- ON : Қосулы
- START : Оталдыру

Төбе рейкасы

- FRT : Алды

Аудиожүйе

Атауы	Сипаттамасы
FM1	FM1
FM2	FM2
FMA	FM радио (автосақтау)
AM	AM
AMA	AM радио (Автосақтау)
P1~P6	1~6 түймелерін алдын ала орнату
ST	Стерео
SCAN	СКАНЕРЛЕУ
Auto Store	Автоматты түрде сақтау
AST	Автоматты түрде сақтау
P. SCAN	Станцияларды іздеу
PTY	Таратушы бағдарламаның түрі
PTY Search	Тарату түрі бойынша іздеу
PT Search	Тарату түрі бойынша іздеу
No Station	Станция жоқ
ST	Стерео
AF (Alternative Frequency)	Баламалы жиілік
TA	Жол қозғалысының тығыздығы туралы хабарлайтын функция
LO	Жергілікті
REG	Аймақ
SCAN	СКАНЕРЛЕУ
DISC RPT	Дискіні қайта ойнату
RPT	Қайталау
FLD. RPT	Папкадағы барлық тректерді қайта ойнату
ALL RDM	Композицияларды (барлығын) еркін ретпен ойнату
FLD.RDM	Папкадағы барлық тректерді еркін ойнату
AUX	Қосымша
RSE	Артқы орындықтың ойын-сауық жүйесі
Loading iPod®	iPod® жүктеу
RDM	Композицияларды (барлығын) еркін ретпен ойнату

Атауы	Сипаттамасы
ALB.RDM	Альбом тректерін еркін ретпен ойнату
ALB.RDM RPT	Альбом тректерін еркін ретпен ойнату + қайталау
RDM RPT	Еркін ретпен қайталау
None	ЖОҚ
News	ЖАҢАЛЫҚТАР
Affairs	ОҚИҒАЛАР
Info	АҚПАРАТ
Sport	СПОРТ
Educate	БІЛІМ
Drama	ДРАМА
Culture	МӘДЕНИЕТ
Science	ҒЫЛЫМ
Varied	ӘР ТҮРЛІ
Pop M	Поп-музыка
Rock M	Рок-музыка
Easy M	Жеңіл музыка
Light M	Жеңіл классика
Classics	Салмақты классика
Other M	Басқа музыка
Weather	АУА РАЙЫ
Finance	ҚАРЖЫ
Children	Балаларға арналған бағдарламалар
Social	Қоғамдық оқиғалар
Religion	ДІН
Phone-In	ТЕЛЕФОН ҰЯСЫ
Travel	ҚОЗҒАЛЫС
Leisure	ДЕМАЛЫС
Jazz	Джаз
Country	Кантри музыкасы
Nation M	Этникалық музыка
Oldies	Ескі музыка
Folk M	Халық музыкасы
Document	Деректі бағдарламалар
PTY None	Таратушы бағдарламаның түрі ЖОҚ

Атауы		Сипаттамасы
RDS Search		Еркін ретпен қайталау
TMC		Жол хабарларының арнасы
CD		КОМПАКТ-ДИСК
Reading Error		Оқу қатесі
Deck Init		Компакт-диск ойнатқышының инициализациясы
Disc Checking		Дискіні тексеру
Wait		Күту
No Disc		Диск жоқ
Disc Full		Диск толық
Reading CD		Компакт-дискіні оқу
Loading CD		Компакт-дискіні жүктеу
Changing CD		Компакт-дискіні ауыстыру
Insert CD		Компакт-дискіні салу
Ejecting CD		Компакт-дискіні шығару
Audio Track 00		Аудио-трек 00
Audio CD		Дыбыстық компакт-диск
Track		Трек
Disc Title		Диск атауы
Disc Artist		Диск орындаушысы
Track Title		Трек атауы
Track Artist		Трек орындаушысы
Total Track		Барлық трек
No Disc Title		Диск атауы жоқ
No Disc Artist		Диск орындаушысы жоқ
No Track Title		Трек атауы жоқ
No Track Artist		Трек орындаушысы жоқ
File Name		Файл атауы
Title		Атауы
Artist		Орындаушы
Album		Альбом
Folder		Папка
Total File		Барлық файлдар
No Title		Атауы жоқ
No Artist Name		Орындаушының есімі жоқ
No Album Name		Орындаушының атауы жоқ

Атауы		Сипаттамасы
Root		Папканың түбірі
Connected		Қосылған
No Media		Ақпарат тасушы жоқ
Reading USB		USB-құрылғыны оқу
Empty USB		USB-құрылғы бос
File Name		Файл атауы
Title		Атауы
Folder		Папка
Total File		Барлық файлдар
No Title		Атауы жоқ
No Artist Name		Орындаушының есімі жоқ
No Album Name		Орындаушының атауы жоқ
Root		Папканың түбірі
Reading iPod®		iPod® оқу
Not Support		Қолданбайды
Empty iPod		Бос iPod®
Reading Error		Оқу қатесі
Title		Атауы
All		Барлығы
Albums		Альбомдар
Artists		Орындаушылар
Playlists		Ойнату тізімдері
Songs		Композициялар
Genres		Жанрлар
Composers		Композиторлар
Root		Түбір
Rear Seat Entertainment Not Ready		Артқы орындықтың ойын-сауық жүйесі дайын емес
Battery Discharge Warning		Батарея зарядының таусылуы туралы ескерту
Battery Discharge Start the Engine		Батарея заряды таусылды, қозғалтқышты оталдыру керек
Start the Engine		Қозғалтқышты оталдыру
Scroll		Мәтінді айналдыру
SDVC		Жылдамдыққа байланысты дыбыс қаттылығын реттеу / Жылдамдыққа байланысты дыб. қатт. реттеу
Sound		Дыбыс әсері
P.Bass		Төмен жиіліктерді күшейту

Атауы	Сипаттамасы
Low	Төмен
Mid	Орташа
High	Жоғары
V-EQ	Бапталатын эквалайзер
Normal	Қалыпты
Dynamic	Динамикалық
Surround	Көлемді дыбыс
Phone	Телефон баптаулары
Pair	Телефонмен байланыстыру
Select	Телефонды таңдау және қосу
Delete	Телефонды жою
Priority (change Priority)	Басымдықты өзгерту
Music	Дыбысты Bluetooth арқылы лекпен беру
BT Off	Bluetooth өшіру
BT Setup	Bluetooth баптау
BT Vol.	Bluetooth дыбыс қаттылығы
Bluetooth Vol. MAX	Bluetooth ең жоғары дыбыс қаттылығы
Bluetooth Vol. MIN	Bluetooth ең төменгі дыбыс қаттылығы
Clock	Сағатты баптау
12/24 Hr.	Уақыт пішімі (12/24 сағ.)
Time	Уақытты орнату
Use Tuning Knob	Баптау тұтқасын пайдаланыңыз
Automatic RDS Time	Радиотрансляция арнасы бойынша деректерді тасымалдайтын автоматты жүйенің уақыты
Manual Setting	Қолмен баптау
Display	Дисплейді баптау
Temp.	Температураның көрсетілуін баптау
Radio	Радионы баптау
SAT	SIRIUS жерсеріктік радиосы
Cat./Ch.	САНАТ/АРНА
Artist/Title	Орындаушы/Атауы
Language	Тілді таңдау
RDS	RDS (радиотрансляция арнасы бойынша деректерді тасымалдау жүйесі)
Radio Data System News	Радиотрансляция арнасы бойынша деректерді тасымалдау жүйесінің жаңалықтары
AF	Баламалы жиілік

Атауы		Сипаттамасы
TA Vol.		Жол хабарын тарату дыбысының қаттылығы/ Жол хабарын тарату дыб. қатт. Жол хаб. тар. дыб. қатт.
TA Volume		Жол хабарын тарату дыбысының қаттылығы/ Жол хабарын тарату дыб. қатт. Жол хаб. тар. дыб. қатт.
Region		Аймақ
On / Off		On/Off (қосулы/өшірулі)
Auto		Автоматты
Return		Қайту
Main		Негізгі баптаулар
Media		MP3 ойнату ақпараты
German		Неміс тілінде
English (UK)		Ағылшын тілінде (UK)
French		Француз тілінде
Italian		Италия тілінде
Spanish		Испан тілінде
Dutch		Нидерланд тілінде
Swedish		Швед тілінде
Danish		Дания тілінде
Russian		Орыс тілінде
Portuguese		Португал тілінде
Sound		Аудионы баптау
Bass		Төмен жиіліктер
Middle		Орташа
Treble		Жоғары жиіліктер
Fader		Микшер
Balance		Баланс
Incoming Call		Кіріс қоңырауы
Private Mode		Жасырын байланыс режимі
Call Ended		Қоңырау аяқталды
System Not Ready Please Wait a Moment		Жүйе дайын емес, Күте тұрыңыз
Searching - - - Passkey 0000		Іздеу - - - Кіру коды 0000
Pairing Over		Байланыстыру аяқталды
Connecting		Қосылу
Phone slot is full		Телефон ағытпасы бос емес

Атауы	Сипаттамасы
CONN	ҚОСЫЛУ
Connection Complete	Қосылу аяқталды
Connection Failed	Қосылу қатесі
Pairing Failed	Байланысу қатесі
Priority	Басымдық
DEL PHONE	ТЕЛЕФОНДЫ ЖОЮ
BT ON	BT ҚОСУ
BT OFF	BT ӨШІРУ
Deleted	Жойылды
Listening	Тыңдау
Back	Артқа
Vehicle is moving Not available	Қолжетімді емес — автокөлік жүріп келе жатыр
Call Ended	Қоңырау аяқталды
Active Call	Қосуды қоңырау
Phone Number	Телефон нөмірі
Redial	Қайталау
Pairing Complete	Байланыстыру аяқталды
Select Phone	Телефонды таңдау
Connection Complete	Қосылу аяқталды
Connection Failed	Қосылу қатесі
Connecting	Қосылу
Delete Phone	Телефонды жою
Deleted	Жойылды
Transfer Complete	Тасымалдау аяқталды
Pairing Over	Байланыстыру аяқталды
Pair Phone	Телефонмен байланыстыру
Searching - - - Passkey 0000	Іздеу - - - Кіру коды 0000
Priority	Басымдық
Phone Priority	Телефон басымдығы
Phonebook	Телефон кітапшасы
Bluetooth System ON	Bluetooth жүйесі қосуды
Bluetooth System OFF	Bluetooth жүйесі өшірулі
Downloading Phonebook	Байланыстар тізімін жүктеу
Please say a command	Пәрмен беріңіз
No Phone paired Please pair a phone	Телефон байланыспаған, телефонды қосыңыз

Атауы		Сипаттамасы
Help		Анықтама
Call Transferred		Қоңырауды қайта бағыттау
Please Wait		Күте тұрыңыз
MP3 Play		MP3 ойнату
Mic Mute Off		Микрофон блогын өшіру
Mic Mute On		Микрофон блогын қосу
Mute (AUDIO MUTE)		Дыбысты өшіру (АУДИОНЫ ӨШІРУ)
Volume		Дыбыс қаттылығы
Min		Минимум
Max		Максимум
Incoming Volume		Кіретін дыбыс қаттылығы
Max		Максимум
R		ОҢҒА
L		СОЛҒА
F		АЛДЫҢҒЫ
R		АРТҚЫ
SETUP		БАПТАУ
Text Scroll		Мәтінді айналдыру
On		Қосу
Off		Өшір.
MP3 Play Info.		MP3 ойнату ақпараты
Power Bass		Төмен жиіліктерді күшейту
UK ENGLISH		АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ (UK)
POLISH		ПОЛЯК ТІЛІНДЕ
“Call” Say “By number” or “By name”		Нөмірді теру үшін Нөмірі бойынша немесе Есімі бойынша деп айтыңыз

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы

- PUSH : Басу
- LOCK : Құлыптаулы
- ACC : Қосымша жабдық
- ON : Қосулы
- START : Оталдыру

Автоматты беріліс қорабы

- SHIFT LOCK RELEASE : Беріліс құлпын ағыту
- S/Lock : Беріліс құлпын бекіту

Тұрақ тежегіші (педаль)

- PUSH ON ↔ OFF : Тұрақ тежегішін іске қосу үшін тұрақ тежегіші педалін аяғына дейін басыңыз. Тұрақ тежегішін ағыту үшін педальді қайта басыңыз, одан кейін педаль толық жіберілген қалыпқа автоматты түрде қайтады.


Тұрақ тежегіші (электрлік тұрақ тежегіші (EPB))

- PULL : Тарту


Авт. пневматикалық аспа

- AIR SUSPENSION : Авт. пневматикалық аспа

Круиз-контроль жүйесі

- /CRUISE : Круиз-контроль жүйесін қосады не өшіреді
- ON, OFF : Круиз-контроль жүйесін қосады не өшіреді
- O/CANCEL : Круиз-контроль жүйесінің жұмысын тоқтатады
- RES+/RES ACCEL : Круиз-контроль жылдамдығын қалпына келтіреді немесе арттырады
- SET-/COAST SET : Круиз-контроль жылдамдығын орнатады немесе азайтады
- SCC (Smart cruise control) : Интеллектуалды круиз-контроль

Жылдамдықты реттеу жүйесі

-  : Жылдамдық шектеуін бақылау жүйесін қосады не өшіреді.
- ON, OFF : Жылдамдық шектеуін бақылау жүйесін қосады не өшіреді.
- O/CANCEL : Орнатылған жылдамдық шектеуін алып тастайды
- RES+ : Жүйе бақылап отыратын жылдамдық шектеуін қалпына келтіреді немесе арттырады
- SET- : Жүйе бақылап отыратын жылдамдық шектеуін орнатады немесе азайтады

Автокөлікті қауіпсіз жүргізудің жетілдірілген жүйесі (AVSM)

- AVSM : Автокөлікті қауіпсіз жүргізудің жетілдірілген жүйесі


Қосалқы шина

- OPEN : Ашу
- CLOSE : Жабу
- SPARE TIRE : Қосалқы шина


Қозғалтқыш

- DOHC 16V : Екі жоғарғы үлестіргіш білік 16 клапан
- GDI : Отынды тікелей бүрку жүйесі
- T-GDI : Отынды тікелей турбо-бүрку жүйесі
- CRDI 16V : Тікелей бүркетін «Отын рампасы» жүйесі 16 клапан
- CRDI : Тікелей бүркетін «Отын рампасы» жүйесі
- CRDI 24V : Тікелей бүркетін «Отын рампасы» жүйесі 24 клапан
- V6 : Алты цилиндрлі V тәрізді қозғалтқыш
- V8 : 8 цилиндрлі V тәрізді қозғалтқыш
- 2,5 TCI : Турбоайдауышы бар интеркулер 2,5л
- HOT : Ыстық! Қол тигізбеңіз

Мотор майы

-  : Мотор майы
- ENG OIL : Мотор майы
- OPEN : Ағытулы
- F : Толық.
- L : Төм.

Салқындатқыш сұйықтық

- COOLANT : Салқындатқыш сұйықтық
- ENGINE COOLANT : Қозғалтқыштың салқындату жүйесінің сұйықтығы
- F : Толық.
- L : Төм.
- OPEN : Ағытулы
- CLOSE : Жабық
-  Кеңейткіш бак



Тежегіш сұйықтығы/ілінісу жүйесінің сұйықтығы

- MAX : Максимум
- MIN : Минималды

Гидроқұшейткіш багы

- OPEN : Ағытулы
- CLOSE : Жабық
- COLD : Суық
- HOT : Ыстық
- MAX : Максимум
- MIN : Минималды
- POWER STEERING FLUID: Руль құшейткішінің жұмыс сұйықтығы
- USE ONLY APPROVED POWER STEERING FLUID FILL TO PROPER LEVEL : Тиісті деңгейге дейін толтыру үшін тек бекітілген руль гидрокұшейткіші сұйықтығын пайдаланыңыз

АБАҚ арналған сұйықтығы

- C : Суық
- HOT : Ыстық

Әйнек жуғыш сұйықтығы

- WASHER ONLY : Тек әйнек жуғыш

Аккумулятор батареясы

-  Дұрыс жойылмаған батарея қоршаған орта мен адам денсаулығына зиянды әсерін тигізеді. Батареяны жергілікті заңдар мен нормаларға сай жойыңыз.
-  Батарея құрамында қорғасын бар. Оны пайдаланып болған соң лақтырып тастамаңыз. АКБ-ны HYUNDAI аторландырылған дилеріне қайтарып беріңіз.

Сақтандырғыштар

- OBD : Борттық диагностикалау жүйесі
- FUSE : Сақтандырғыш

Жарықтар

- OPEN : Ашу
- CLOSE : Жабу
- LOCK : Құлыптаулы
- HLLD : Фараның еңкею бұрышын реттегіш
- U : Жоғары
- D : Төмен

және т.б.

- MAX Kgf : Шамадан тыс жүк түсірмеңіз Kgf
- Шамдағы, бампердегі, доңғалақ қабындағы және шашыратқыштағы мәтін осы бөліктер жасалған материалды білдіреді және автокөлікке техникалық қызмет көрсету кезінде қажет.
- Суық агент затбелгісі i30 автокөліктерде қозғалтқыш капотының астында немесе SANTA FE автокөліктерінде радиатордың үстіңгі қақпағында орналасқан. Осы затбелгіде суық агенттің жіктемесі мен мөлшері, сондай-ақ компрессор майының жіктемесі туралы мәлімет бар.

Пәндік көрсеткіш

А

Автокөлік иесі техникалық қызмет көрсетуді жүргізген кездегі сақтық шаралары	9-6
Автокөлік иесі жүргізетін техникалық қызмет көрсету кестесі	9-6
Автокөлік салмағы	6-70
Шамадан артық жүк тиеу	6-70
Автокөліктің артында көлденең бағытта қозғалып бара жатқан объектілермен соқтығысудың алдын алу жүйесі (RCCA)	7-120
Функциялардың параметрлері	7-121
Функцияның ақаулығы және шектеулері	7-126
Функцияның жұмысы	7-122
Автокөліктің артында көлденең бағытта қозғалып бара жатқан объектілер туралы ескерту жүйесі (RCCW).....	7-112
Функциялардың параметрлері	7-113
Функцияның ақаулығы және шектеулері	7-116
Функцияның жұмысы	7-114
Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN)	2-15
Автокөліктің сертификациялық тақтасы.....	2-15
Автокөліктің сыртына күтім жасау.....	9-69
Автокөлікке сыртынан күтім жасау	9-69
Салонға күтім жасау	9-75
Автоматты беріліс қорабы.....	6-23
Автоматты трансмиссияны басқару	6-23
Көлікті дұрыс жүргізу амалдары.....	6-28
Тұраққа қою.....	6-27
Автоматты түрде басқарылатын климат-контроль жүйесі.....	5-74
Ауаны жылыту және баптау жүйесін автоматты басқару	5-75
Ауаны жылыту және баптау жүйесін қолмен басқару	5-76
Жүйеге техникалық қызмет көрсету	5-85
Жүйенің жұмысы	5-83
Айналар	5-26
Сыртқы артқы көрініс айналары.....	5-27
Ішкі артқы көрініс айнасы.....	5-26
Аккумулятор.....	9-35
Аккумуляторды зарядтау	9-37
Аккумулятордың қызмет ету мерзімін ұзарту.....	9-35

Аккумулятордың сыйымдылығы көрсетілген тақтайша	9-37
Құралдардың параметрлерін нөлдеу	9-38
Ақпараттық-ойын-сауық жүйесі.....	5-101
Автокөлік радиостанциясының жұмыс істеу принципі	5-104
Ақпараттық-ойын-сауық жүйесі	5-103
Антенна	5-101
Аудиожүйені рульден басқару	5-102
Дауысты тану жүйесі	5-103
Bluetooth® сымсыз технологиясы негізіндегі гарнитура.....	5-103
USB порты.....	5-101
Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің техникалық сипаттамалары.....	5-135
Bluetooth	5-136
USB	5-135
Алдыңғы/артқы жүріспен тұраққа қою кезіндегі қашықтық туралы ескерту жүйесі (PDW)	7-130
Функциялардың параметрлері.....	7-132
Функцияның ақаулығы және шектеулері.....	7-135
Функцияның жұмысы	7-133
Алдыңғы әйнектегі қырауды және буды кетіру.....	5-87
Автоматты басқарылатын климат-контроль жүйесі	5-88
Автоматты булануды кетіру жүйесі (тек автоматты басқарылатын климат-контроль жүйесі үшін).....	5-90
Алдыңғы әйнектегі буды кетіру жүйесінің жұмыс алгоритмі	5-89
Әйнекті жылытқыш.....	5-91
Қолмен басқарылатын климат-контроль жүйесі	5-87
Апаттық жарық сигналын беру жүйесі.....	8-2
Апаттық жиынтық	8-25
Апаттық аялдау белгісі	8-25
Дәрі қобдишасы.....	8-25
Өртсөндіргіш	8-25
Шина манометрі	8-25
Артқы көрініс монитормы (RVM)	7-108
Функциялардың параметрлері.....	7-109
Функцияның ақаулығы және шектеулері.....	7-111
Функцияның жұмысы	7-109
Аспаптар тақтасы.....	4-5
Аспаптар тақтасын басқару.....	4-6
Берілістерді ауыстыру индикаторы	4-11
Датчиктер мен өлшеу тары.....	4-6

Сигнал шамдары мен индикаторлары.....	4-13
СК дисплейдегі хабарламалар	4-24
Ауа баптағыш компрессорының тақтасы.....	2-16
Ауа тазартқыш	9-30
Сүзгіні ауыстыру.....	9-30
Ауаны баптау жүйесі.....	2-11
Аудиожүйе (сенсорлық экрансыз)	5-107
Аудиожүйені қосу және өшіру	5-111
Дисплейді қосу және өшіру.....	5-111
Жұмыс істеу принципімен танысу	5-112
Жүйе құрылымы — басқару тақтасы	5-107
Жүйе құрылымы — рульден қашықтан басқару.....	5-109

Ә

Әйнек жуғыш сұйықтығы.....	9-29
Жуғыш сұйықтықтың деңгейін тексеру.....	9-29
Әйнек тазалағыштар мен жуғыштар.....	5-60
Алдыңғы әйнекті жуғыш	5-62
Алдыңғы әйнекті тазалағыштар.....	5-60
Әйнек тазалағыштың щеткалары	9-32
Щеткаларды ауыстыру	9-32
Щеткалардың күйін тексеру	9-32

Б

Баланы ұстап тұрушы жүйе (БҰЖ).....	3-29
Баланы ұстап тұрушы жүйені (БҰЖ) орнату	3-31
Баланы ұстап тұрушы жүйені (БҰЖ) таңдау.....	3-30
Біздің кеңесіміз: балаларды тек артқы орындықта ғана тасымалдаңыз.....	3-29

Г

Габариттік өлшемдер	2-8
---------------------------	-----

Д

Доңғалақтың (қосалқы доңғалақтың) желі шығып кетсе	8-14
Домкрат және құрал-саймандар.....	8-14
Домкраттың жапсырмасы.....	8-19

Домкраттың ЕО нормаларына сәйкестігі туралы декларация.....	8-20
Доңғалақты ауыстыру	8-15

Е

Есік құлыптары	5-14
Артқы орындықтағы жолаушы туралы ескерту (ROA)	5-18
Балаға артқы есіктерді ашуға жол бермейтін құлыптарды бұғаттау құрылғысы.....	5-18
Есік құлыптарын автокөлік сыртынан басқару	5-14
Есік құлыптарын автокөлік ішінен басқару	5-16
Есіктерді автоматты түрде құлыптау және құлпын ашу функциялары.....	5-17
Еуропалық шұғыл қоңыраулар жүйесі	5-132
Еуропалық шұғыл қоңыраулар жүйесі	8-26
Дербес деректердің өңделуі туралы ақпарат.....	8-28
Еуропалық шұғыл қоңыраулар жүйесі	8-30

Ж

Жарық	5-48
Қарсы алу жүйесі.....	5-56
Сыртқы жарық аспаптары	5-48
Ішкі жарық	5-57
Жарық шамдарының қуаты.....	2-9
Жарықтандыру шамдары	9-59
Артқы құрамдастырылған шырақтың шамын ауыстыру	9-64
Бұрылыс көрсеткішінің бүйірлік қайталағышының шамын ауыстыру	9-63
Жоғарғы стоп-сигнал шамын ауыстыру.....	9-66
Нөмір белгісін жарықтандыру шамын ауыстыру	9-67
Салонды жарықтандыру шамын ауыстыру.....	9-67
Фаралардың, габарит жарықтарының, бұрылыс көрсеткіштерінің және күндізгі жүріс жарықтарының шамдарын ауыстыру.....	9-60
Жол жүру алдында.....	6-4
Автокөлікке отырмас бұрын.....	6-4
Қозғалтқышты оталдыру алдында	6-4
Жолақты ұстап тұру жүйесі (LKA)	7-32
Функциялардың параметрлері.....	7-32
Функцияның ақаулығы және шектеулері.....	7-36
Функцияның жұмысы	7-34

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету тармақтарының сипаттамасы	9-20
Жүйе күйінің белгілері.....	5-134
Жүксалғыш	5-41
Жүксалғыш қақпағын интеллектуалды түрде ашу функциясы	5-43
Жүксалғыш қақпағын төтенше ашу	5-42
Жүргізуші орындығының қалпын есте сақтау жүйесі	5-20
Жадта жазылған қалыптарды қалпына келтіру	5-20
Жүргізуші орындығының қалпын есте сақтау жүйесін нөлдеу	5-21
Қалыптарды есте сақтау	5-20
Онай кіру функциясы	5-22

З

Зейінді бақылау жүйесі (DAW)	7-65
Функциялардың параметрлері	7-65
Функцияның ақаулығы және шектеулері	7-68
Функцияның жұмысы	7-66

И

Интеллектуалды круиз-контроль (SCC)	7-75
Функциялардың параметрлері	7-76
Функцияның ақаулығы және шектеулері	7-85
Функцияның жұмысы	7-79
Функцияның көрсетілуі және оны басқару	7-81
Интеллектуалды сатысыз трансмиссия	6-16
Интеллектуалды сатысыз трансмиссияны басқару	6-16
Көлікті дұрыс жүргізу амалдары	6-22
Тұраққа қою	6-21

К

Капот.....	5-39
Көлікті қыста жүргізу	6-56
Көлікті қар мен мұзда жүргізу	6-56
Қыс мезгіліндегі сақтық шаралар	6-58
Климат-контроль жүйесінің ауа сүзгісі	9-31
Сүзгіні ауыстыру	9-31
Сүзгіні қарап тексеру	9-31
Қозғалтқыш қызып кетсе	8-6

Қозғалтқышты оталдыру мүмкін болмаса.....	8-3
Қалыпты айналатын қозғалтқыш оталмаса.....	8-3
Қозғалтқыш механизмі айналмаса не баяу айналса.....	8-3
Қозғалтқыштың ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ	2-8
Қолмен басқарылатын климат-контроль жүйесі.....	5-63
Ауаны жылыту және баптау.....	5-64
Жүйе жұмысы	5-69
Жүйеге техникалық қызмет көрсету.....	5-71

Қ

Қауіпсіз шығысты бақылау жүйесі (SEW)	7-60
Функциялардың параметрлері.....	7-61
Функцияның ақаулығы және шектеулері.....	7-63
Функцияның жұмысы	7-62
Қауіпсіздік белбеулері.....	3-20
Алдын ала керу құрылғысы бар қауіпсіздік белбеулері	3-24
Қауіпсіздік белбеулері жүйесі.....	3-22
Қауіпсіздік белбеулерін қолданған кездегі қосымша сақтық шаралары... ..	3-26
Қауіпсіздік белбеулерін қолданған кездегі сақтық шаралары	3-20
Қауіпсіздік белбеулерін тиісті түрде ұстау	3-28
Қауіпсіздік белбеуінің ескерту сигналы.....	3-21
Қауіпсіздік көпшігі — пассивті қауіпсіздік жүйесі	3-40
Қауіпсіздік көпшіктері ашылғаннан кейін орын алатын жағдай	3-49
Қауіпсіздік көпшіктері жүйесінің жұмыс істеу қағидасы.....	3-46
Қауіпсіздік көпшіктерінің бар екенін ескертетін заттаңбалар	3-57
Қауіпсіздік көпшіктерінің орналасуы.....	3-43
Қосымша сақтық шаралары.....	3-57
Пассивті қауіпсіздік жүйесіне күтім жасау.....	3-56
Соқтығысу кезінде неліктен қауіпсіздік көпшігі ашылмады?.....	3-51
Кезеңдік техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені	9-8
Ауыр пайдалану жағдайларында және жүрілген жол аз болғанда техникалық қызмет көрсету — бензинді қозғалтқыш (Еуропаны қоспағанда)	9-12
Ауыр пайдалану жағдайларында және жүрілген жол аз болғанда техникалық қызмет көрсету — бензинді қозғалтқыш (Еуропаны қоспағанда)	9-18
Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі — бензинді қозғалтқыш	9-9
Штаттық техникалық қызмет көрсету кестесі — бензинді қозғалтқыш (Еуропаны қоспағанда)	9-14

Климат-контроль жүйесінің қосымша функциялары.....	5-92
Автоматты желдету.....	5-92
Жайлылық деңгейін автоматты түрде бақылау (жүргізуші орындығы үшін).....	5-92
Люк жабық тұрғандағы ауа айналымы	5-92
Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру.....	8-4
Қозғалтқыштың нөмірі.....	2-16
Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы.....	9-25
Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығын ауыстыру.....	9-27
Салқындатқыш сұйықтықтың деңгейін тексеру	9-25
Қозғалыс жолағын қадағалау жүйесі (LFA).....	7-98
Функциялардың параметрлері	7-98
Функцияның ақаулығы және шектеулері	7-101
Функцияның жұмысы	7-99
Қозғалыс кезінде күтпеген жағдай туындағанда.....	8-2
Қозғалтқыш жол қиылысында өшіп қалса.....	8-2
Қозғалтқыш қозғалыс кезінде тоқтап қалса	8-2
Қозғалыс кезінде доңғалақтың желі шығып кетсе.....	8-3
Көзден таса аймақта соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі (BCW).....	7-38
Жүйе жұмысы.....	7-41
Функциялардың параметрлері	7-39
Функцияның ақаулығы және шектеулері	7-43
Көзден таса аймақта соқтығысудың алдын алу жүйесі (BCA).....	7-47
Функциялардың параметрлері	7-49
Функцияның ақаулығы және шектеулері	7-56
Функцияның жұмысы.....	7-51
КӨЛЕМ ЖӘНЕ САЛМАҚ	2-11
Көлік жүргізудің ерекше жағдайлары	6-53
Автокөлікті жауында жүргізу	6-54
Автокөлікті тербелту	6-53
Автокөлікті түнгі уақытта жүргізу	6-54
Автомагистральда жүру	6-55
Бірқалыпты бұрылу.....	6-54
Көлік жүргізудің қауіпті жағдайлары	6-53
Су басқан жерлермен жүру	6-55
Көлік құралына кіру.....	5-5
Имобилайзер	5-13
Интеллектуалды кілт	5-8
Қашықтан басқару кілті.....	5-5

Көлікті магистральда жүргізу кезіндегі көмек жүйесі (HDA)	7-102
Функциялардың параметрлері.....	7-103
Функцияның жұмысы	7-104
Круз-контроль (CC)	7-71
Жүйенің жұмысы.....	7-71
Кіріктірілген жүргізу режимін басқару жүйесі (2WD).....	6-48
Бағдар компьютерінде интеллектуалды түрде ауыстыру	6-52
Қозғалыс режимі.....	6-48

М

Мандайлық соқтығысудың алдын алу көмекші функциясы (FCA) (датчиктер жиынтығы)	7-16
Функциялардың параметрлері.....	7-18
Функцияның ақаулығы және шектеулері.....	7-25
Функцияның жұмысы	7-20
Мандайлық соқтығысудың алдын алу көмекші функциясы (FCA) (камерасымен)	7-2
Функцияның ақаулығы және шектеулері.....	7-9
Функциялардың параметрлері.....	7-3
Функцияның жұмысы	7-6
Маңызды сақтық шаралары	3-2
Автокөлікті қауіпсіз күйде ұстау	3-2
Автокөліктің жылдамдығын бақылау.....	3-2
Баланы ұстап тұрушы жүйені қолдану.....	3-2
Жүргізушінің назарын басқа бір нәрсеге аудару	3-2
Қауіпсіздік белбеуін тағу	3-2
Қауіпсіздік жастығының іске қосылу қаупі	3-2
Медиаплеер	5-118
Медиаплеерді қолдану	5-118
USB режимін пайдалану	5-118
Механикалық беріліс қорабы.....	6-13
Көлікті дұрыс жүргізу амалдары	6-15
Механикалық беріліс қорабының жұмысы	6-13
Мотор бөлігі	2-6
Мотор бөлігі	9-3
Мотор майы	9-23
Мотор майын және сүзгіні ауыстыру	9-24
Мотор майының деңгейін тексеру (бензинді қозғалтқыш)	9-23

Н

Навигациясы бар интеллектуалды круиз-контроль жүйесі (NSCC)	7-91
Функция жұмысының шектеулері	7-94
Функциялардың параметрлері	7-91
Функцияның жұмысы	7-92

О

Орындықтар	3-3
Алдыңғы орындық	3-5
Артқы орындықтар	3-10
Бас сүйегіш	3-13
Жылытқышы мен желдеткіші бар орындықтар	3-16
Сақтық шаралары	3-4
Оталдыру жүйесінің құлпы	6-5
Кілті бар оталдыру жүйесінің құлпы	6-5
«Engine Start/Stop» (Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру) түймесі	6-8
Отын бағы құю қылтасының люгі	5-46
Отын туралы ақпарат келтірілген заттаңба	2-17

П

Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі	9-78
Қозғалтқыш қартерінен шығатын пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі	9-78
Отын бағынан шығатын пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі	9-78
Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі	9-79

Р

Руль	5-23
Дыбыс сигналы	5-25
Жылытылатын руль	5-24
Реттелетін / телескопиялық руль бағаны	5-24
Рульдің электрлік күшейткіші (EPS)	5-23

С

Сақтандырғыштар.....	9-48
Аспаптар тақтасының сақтандырғыштар блогындағы сақтандырғыштарды ауыстыру	9-49
Мотор бөлігіндегі тақтаға орнатылған сақтандырғыштарды ауыстыру ...	9-49
Сақтандырғыштар/релелер панелінің сипаттамасы	9-51
Сақтау бөлімі.....	5-93
Орталық консольдегі сақтау бөлімі	5-93
Ұсақ-түйек тартпасы	5-93
Салонның жалпы көрінісі (I).....	2-4
Салонның жалпы көрінісі (II)	2-5
Салонның ішкі әрлеу элементтері	5-94
Киімге арналған ілгек.....	5-100
Күлсалғыш	5-94
Күнқағар.....	5-95
Сағат	5-99
Стақан қойғыш	5-94
Ұялы телефонды сымсыз зарядтау жүйесі.....	5-97
Шылымтұтатқыш	5-99
Электр розеткасы.....	5-96
USB зарядтағыш құрылғысы	5-97
Сәйкестік декларациясы.....	5-137
УкрСЕПРО	5-138
СЕ.....	5-137
ЕАО.....	5-138
STB.....	5-138
Сәйкестік декларациясы.....	2-17
СК дисплей (А типі)	4-31
Бағдар компьютері	4-42
Баптаулар режимі	4-35
СК дисплей режимдері.....	4-32
СК дисплейді басқару	4-31
СК дисплей (В типі).....	4-46
Баптаулар режимі	4-50
Қарау режимдері.....	4-47
Сервистік ақпарат тобы	4-48
СК дисплейді басқару	4-46

Сүйреу	8-21
Автоэвакуациялау қызметі.....	8-21
Алмалы сүйреу ілмегі.....	8-22
Апаттық сүйреу.....	8-23
Сыртқы түрі (I)	2-2
Сыртқы түрі (II)	2-3

Т

Тауарлық белгілер	5-136
Тежеу жүйесі.....	6-29
Автоматты түрде ұстап тұру.....	6-37
Апаттық аялдау туралы ескерту жүйесі (ESS)	6-46
Артқы барабанды тежегіштер.....	6-30
Дискілік тежегіштер тозуының индикаторы	6-29
Еңісте қозғалған кездегі көмек жүйесі (HAC).....	6-46
Көлік құралын тұрақтандыруды басқару жүйесі (VSM).....	6-44
Рұқсат етілген тежеу амалдары.....	6-47
Тежегіш күшейткіші	6-29
Тежеудің бұғатталуға қарсы жүйесі (ABS).....	6-40
Тұрақ тежегіші	6-30
Тұрақтылықты электронды бақылау (ESC).....	6-42
Электрлік тұрақ тежегіші (EPB)	6-32
Тежеу жүйесінің/іліністің гидрожетегіне арналған сұйықтық.....	9-28
Тежеу жүйесінің/ілінісу механизмінің гидрожетегіндегі сұйықтық деңгейін тексеру	9-28
Терезелер.....	5-30
Әйнек көтергіштер.....	5-30
Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені	9-5
Автокөлік иесі техникалық қызмет көрсетуді жүргізген кездегі сақтық шаралары.....	9-5
Автокөлік иесінің жауапкершілігі.....	9-5
Төбедегі люк	5-35
Күннен қорғайтын перде	5-37
Төбедегі люк параметрлерін нөлдеу	5-38
Төбедегі люкті ашу және жабу	5-36
Төбедегі люкті белгілі бір бұрышта орнату.....	5-37
Төбедегі люктің жабылмағаны туралы ескерту	5-38

Тұрақ тежегіші	9-29
Тұрақ тежегішін тексеру	9-29
Тіркемені сүйреу	6-60
Тіркемесі бар автокөлікті жүргізу	6-66
Тіркемені сүйреген кездегі техникалық қызмет көрсету	6-69
Тіркемені сүйрейтін болсаңыз	6-61
Тіркемені сүйреуге арналған жабдық	6-65

Ұ

Ұрлап әкетуден қорғау жүйесі	5-19
Ұсынылатын майлау материалдары және көлемдер туралы ақпарат	2-12
SAE бойынша ұсынылатын тұтқырлық коэффициенті	2-13

Ш

Шиналар және доңғалақтар	2-10
Шиналар және доңғалақтар	9-39
Доңғалақтарды орнату бұрыштарын реттеу және шиналарды теңгеру	9-41
Доңғалақты ауыстыру	9-43
Суық шиналардағы ұсынылатын ауа қысымы	9-39
Төмен профильді шина	9-47
Шиналарға күтім жасау	9-39
Шиналарға техникалық қызмет көрсету	9-43
Шиналардағы ауа қысымын тексеру	9-40
Шиналарды ауыстыру	9-42
Шиналардың айналуы	9-41
Шиналардың жолмен ілінісуі	9-43
Шинаның бүйір жағындағы таңба	9-43
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)	8-8
Қысымы төмен шина мен шиналардағы қысым көрсеткіші	8-10
Шинадағы төмен қысым индикаторы	8-10
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі	8-9
Шиналардағы қысымды тексеру	8-8
TPMS жүйесімен жабдықталған шинаны ауыстыру	8-12
TPMS (шинадағы қысымды бақылау жүйесі) жүйесі ақаулығының индикаторы	8-12

Шиналардағы қысымның техникалық сипаттамаларының/ мәндерінің кестесі	2-15
ШИНАЛАРДЫҢ ЖҮКТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ЖЫЛДАМДЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ	2-11

Э

«ЭРА-ГЛОНАСС» шұғыл қоңырауы.....	5-133
-----------------------------------	-------

В

Bluetooth	5-122
Bluetooth аудиоқұрылғысын пайдалану	5-125
Bluetooth құрылғыларын қосу.....	5-122
Bluetooth технологиясы бар телефонды пайдалану	5-127

Р

Radio (Радио).....	5-113
Қолжетімді радиостанцияларды сканерлеу	5-116
Радионы қосу.....	5-113
Радионың толқындық диапазонын өзгерту	5-116
Радиостанцияларды іздеу.....	5-116
Радиостанцияларды сақтау	5-117
Сақталған радиостанцияларды тыңдау	5-117